Мектепке жасына дейінгі балаларды ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу- мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттердің бірі, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, згілік, имандылық ,мейірімділік сияқты адамгершілік құндылықтардың аясы кеңейіп келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында оқушыларды қазақстандық патристизм шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет...ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік,биік талғам,ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек дегені мәлім». Жас ұрпаққа саналы тәлім-тәрбие беру оларды заман талабына сай, жан-жақты дамып жетілген, жаңашыл көзқарастағы азамат етіп қалыптастыру, кең көлемді және сан тармақты іс дейтін болмақ, осыған жету баспалдағының алғашқы қадамы оның отбасындағы алатын тәрбиесіне байланысты болады. Ал бұл жас ұрпақты әріқарай мектеп табалдырығына жетектеп әкелетін екінші қадам мектепке деінгі мекеме мен ұйымдарда алатын білім мен тәрбие. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Қазақ халқының сонау, көне заманнан бергі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал өсіру, мал басын көбейтуі өндіріс процесінің негізгі мақсаты, сондықтан да «халықтың бар байлығы малда болды». Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе) мал шешуші орын алған. Бүкіл өмірі мал өсірумен өткен қазақ халқының

этнографиялық даму ерекшеліктері, той-думан, қуанышы мен реніші де осы малмен байланысты болды.

Амандасқанда да жан амандығын сұрамай, мал-жан амандығын сұрауы, қазақтың тіршілігінің тірегі, көзі малға деген көзқарасының ерекше бір сезіммен қалыптасуы болды. Оларды халық ауыз әдебиетінде мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі екендігін шабыттана жырлаған.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалық, қуыршақ, асық ойындары. Қазақтың көне жыр- дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Балаларды тәрбиелеуде де ұлттық ойындардың берері мол. «Санамақ», «Жылдам айт», т.б. тартымды ойындарды үйрету, тіл өнеріне негіз салады деп есептелген. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасынан шыққан балалардың мінез-құлқы бірдей емес.

Дана халқымыз, данышпан халқымыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Елдің, халықтың болашағы бала тәрбиесін өте маңызды екенін түсіне отыра, балаға жан-жақты рухани жан-дүниесі таза болсын деп адамдыққа үйреткен. Жас бала жас шыбық секілді, қалай исең солай майысады, қалай айтсаң солай көнеді.

Әдебиеттер

1. Нысанбаев Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: Жазушы, 2001. – 482-б.
2. Жалпы білім беретін мектептерде патриоттық тәрбие беру: Тәрбие құралы. – Алматы, 2007. – 253-б.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 2006. – 314-б.
4. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2008. – 87-б.
5. Сәрсембиева К. Баланы ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу // Отбасы және балабақша. – 2003. - №9. – Б.63.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

УЗБЕКОВА Б.Б., АМАНБЕК Н.

№85 ЖББОМ, Қарағанды қаласы

Елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін әрбір мұғалімнің жаңаша жұмыс істеуін, нақты шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын артыруды талап етеді. Оқушылардың шығармашылығын дамыту деп – балалардың сөздік қорын дамыту, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемнің логикалық және композициялық тұтастығын сақтай отырып жүргізілетін жұмыстарды айтамыз[1]. Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Бастауыш сыныпта балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Әрине, бастауыш сынып оқушыларының зейіні бір келкі емес, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері әртүрлі болады. Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Балалардың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттердің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады. Педагогика ғылымы ешнәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті балалардың қабілетін кеңінен өрістете алатын негізінен мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады.

Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Ал шығармашылық сөзінің мәні неде? «Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенді білдіреді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолдануға болады:

Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру. Біріншіден, бала ұйқас сөз табуға ойланады.

Екіншіден, қызығушылығы артады. Мысалы: Сөздің ішінен басқа сөздерді тауып жаз. Жапырақ сөзінен «жап», «пырақ», «ақ», «ара», «жара», «қап», «арық», «жарық», «қар», «қыр», «қара», «апа», «жак», «жар», «ар», «жақ», «апар», «жыр», т.б.

«Қазақстан» сөзінен де көп сөздер жасауға болады. қазақ, сан, ақ, тана, ана, қаз, қан, сана, қас, саз, қақ, қат, қан, тақ, ас, атан, т.б.

«Буын ұйқас» ойынын ойнатуға болады.

Ақ, -ақ, -ақ,

Секеңдейді лақ.

Аң, -аң, -аң,

Аң патшасы – арыстан.

Аз, аз, аз,

Келді, міне, қаз.

Ас, ас, ас,

Қандай дәмді ананас.

Сол сияқты, «Сиқырлы буындар» ойынын ойнатуға болады: ма – са, ма – та, май, мал, ма – на, мал – та, мал - та, май – мыл, ма – мыр, ма - сақ , т.б[2].

Оқушыларға кез - келген мақал - мәтелдердің бастапқы сөздері беріледі, балалар соңғы сөздерін өздері толықтырады. Мысалы:

Жақсы - _____

Жаман - _____

Балалар өз нұсқаларын жазады:

Жақсы адамнан үйрен,

Жаман адамнан жирен.

Жақсы бала көп ойлайды,

Жаман бала көп ойнайды.

Оқиғаның мазмұнына сай мақал - мәтел айтқызу. Әдебиеттік оқу пәні бойынша өтілген мәтіннің желісінде мақал - мәтел айтқызу. Мысалы: үшінші сыныпта өтілген И.Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалымен танысқанда, осы тақырыпқа байланысты көптеген мысалдарды оқушылар естеріне түсіріп, жұмыс дәптерлеріне жазды:

- Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.
- Қыс арбаңды,
Жаз шанаңды сайла.
- Еріншектің ертеңі бітпес.
- Қыстың қамын жаз ойла.
- Қыс киерін жаз киіп,
Жарлы қайдан байысын.

Тіпті оқушылардың өздері де осы тақырыпты қамтитын мақал мен мәтелдер құрастырып та көрді:

1. Қызықпен жүріп жазды алма,

Қыс қысымы әлі алда.

Балалардың сабақ барысында шығармашылық қабілеттерін дамытуда өлеңді жалғастыр, дыбыс, сөз ұйқастарын құрау көп көмегін тигізеді[3]. Бұл жұмыстар баланың ойын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар тілдерін де дамытады:

Мысалы: Балаларға арналған өлең шумақтарының бастапқы бөліктері ұсынылады:

Астана

Астанам бас қалам,
Сарыарқа бақ далам.

Оқушылар «Астана» туралы төмендегідей өлең шығарыпты:
Астанам бас қалам, Астанам бас қалам,
Сарыарқа бақ далам. Сарыарқа бақ далам.
Көркейіп келеді, Көрікті сен болсаң,
Күн сайын таң қалам. Көркейтер мен болам!

Сабақ барысында ұстаздар оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, оқушының танымдық белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылығын дамытуға ықпал ететін осындай жұмыстарды жиі орындатып отырса, оқушылардың өздеріне деген сенімі артады және қолынан келетін іс бар екендігіне көзі жетеді.

Әдебиеттер:

1. Әмірова Ә.С., Анартаева К.А. Тіл дамыту әдістемелік құрал. «Арман – ПВ » - 2009, бет 3
2. Нұрсұлтанова А.С. // Бастауыш мектеп. –А.:2009 №1, бет 57,58
3. Хурманхан А.Х. Оқушының өзіндік дамуы. - Қ.:2010, бет11

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

ЖҰМАТАЕВА М. А.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті
zhumataeva.makpal@bk.ru

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кезекті жолдауында «XXI ғасыр бәсеке ғасыры, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, әрбір білікті, білімді педагогтардың міндетті» деп айқындап айтып берді.

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміз өркен жайып, кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілу екені белгілі[1].

«Ықылым заманнан бері қазақ атамыз „Білекті бірді, білімді мыңды жығады“ деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», — деп атап өтті Елбасы[2].

Білім беру саласында жаңашыл технологиялардың барлық формалары мен әдістерінің дамуына жағымды әсер ететіні – оның эволюциясы үшін перспективалы болатын әртүрлі бастамалардан туындайтын инновациялардың маңызды және жүйелі түрде ұйымдастырылуы. Қазіргі заманғы білім беруді дамытуға қатысты «инновациялық қызмет» ұғымы білім беру қызметтерінің сапасы мен білім беру мекемелерінің және олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білім алушылардың толық дербестігін және кәсіби дамуын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру процесінің ұйымдастырушылық және технологиялық негіздерін мақсатты түрде өзгерту ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі инновациялар табиғи болып табылады, олардың мазмұны, нысандары мен оларды енгізу әдістері – адам дамуының ғаламдық проблемаларына да, қоғамды реформалаудың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, рухани және саяси процестеріне де байланысты.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі[3].

Әлеуметтік инновацияның негізі – Қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялау және ақпараттандыру. Білім беруді модернизациялаудың басты мақсаты – білім беру жүйесінің орнықты даму механизмін қалыптастыру, оның ХХІ ғасыр қиындықтарына төтеп беріп, ел дамуының әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін, жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады. Білімді жаңғырту – білім берудің барлық салаларында, мекемелерінде, ақпараттық және білім беру ресурстарында студенттердің білім алу қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталған білім берудің бүкіл жүйесін трансформациялаудың инновациялық үдерісі. Сонымен қатар, білім берудің ең заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларын пайдалана отырып, студенттің білім беру ресурстары мен қызметіне деген көзқарасына қарамастан, күтілетін нәтиже болуы тиіс.

Жаңғыртудың нәтижесі – ең алдымен, елдегі қазіргі заманғы және болашақтағы қажеттіліктеріне сай келетіндігі анықталған қазақстандық білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу болуы қажет. Білім беруді ақпараттандыру – оның сапасын арттыру, зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыру, дәстүрлі ақпараттық технологияларды Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіндегі барлық іс-шараларға тиімдірек ауыстыруды көздейді.

Білім беруді ақпараттандырудың маңызды бағыттары:

- мектеп деңгейінде виртуалды ақпараттық ортаны қалыптастыру;
- білім берудегі ақпараттық технологияларды жүйелік интеграциялау, оқу үрдісін, ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық басқаруды қолдау;
- бірыңғай білім беруден ақпараттық кеңістік құру және дамыту;
- жаңа ғылыми, техникалық және әдістемелік ақпаратты үздіксіз қамтамасыз ету;
- компьютерлік инновациялық бағдарламалармен білім беру жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған ақпараттық орталықтардың кең желісін құру.

Білім беру жүйесіне инновацияларды енгізу – заманауи білім беру негізінде жаңа технологияларды қолдануды талап етеді. Білім беру технологиясы – оның кезеңдерін (түлектердің белгілі бір қасиеттері, білім беру мазмұны, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және т.б.) анықтайтын білім беру қорларының мақсатты қолданылуы. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары, ең алдымен, әрбір студенттің шығармашылық дамуы үшін сол салаға бағыттап оқытуы қажет.

Оқу технологиясы кез-келген білім беру үдерісіне (білім беру жүйесін басқару, білім беру мекемесін дамыту, педагогикалық кадрларды қалыптастыру және т.б.) байланысты бірқатар іс-әрекеттерді қамтиды. Білім беру технологиясының құрылымы – мақсаттарды белгілеу, мониторинг және бағалау сияқты компоненттерді қамтиды, ал ақпараттық технологиялар заманауи білім беру жүйесінің негізі болып табылады. Білім берудегі инновациялық технологиялар тек ақпараттық технологиялардың негізінде білім беруді дамытып қана қоймай, сондай-ақ тиісті ақпараттық және білім беру ортасын құруды талап етеді. Осыған сүйене отырып, бағдарламаның мемлекеттік жобасы пайда болды. Оны іске асыру, біріншіден, қашықтықтан және шектеулерден тәуелсіз адамдар арасында қарым-қатынас жасау мүмкіндігін тудырады, екіншіден, әлемдік білім кеңістігіне нақты қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бірыңғай ақпараттық және білім беру ортасы заманауи ақпараттық және білім беру технологияларына негізделген және әрбір адам үшін Ғаламтор-ортаға оқу үрдісін өткізу үшін бірдей технологиялық құралдарды қамтамасыз ететін басқарушы психологиялық-педагогикалық жүйе ретінде анықталуы мүмкін. Білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасы аясында ұйымдастырушылық, педагогикалық және ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген ашық білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда архитектуралық және құрылымдық шешімдердің көмегімен ашық жүйелерді құру арқылы қол жеткізілген ұтқырлықты, тұрақтылықты, тиімділікті және басқа да оң қасиеттерді қамтамасыз ету, ақпарат алмасу үшін интерфейстер, форматтар мен хаттамалар үшін ашық стандарттар қарастырылған. Осылайша, ашық білім беру жүйесі - дидактикалық, техникалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық тәсілдердің үйлесуі болып табылады. Сонымен қатар, ашық білім берудегі оқу үдерісінің негізі – студенттің мақсатты,

бақыланатын, қарқынды өзіндік жұмысы болып табылады. Ол өз бетімен ыңғайлы жерде оқитын, жеке оқу құралдарының жиынтығы бар және мұғаліммен телефонмен, факспен, электрондық поштамен байланысу мүмкіндігін үйлестіре алады немесе әдеттегі пошта арқылы, сонымен бірге жеке контактіні пайдалануға болады.

Ашық білім берудің мақсаты мен қағидалары студенттерді нарықтық ортада қоғамдық және кәсіби салаларға толық және тиімді қатысу үшін дайындауға бағытталған. Білім беру жүйесіне ашық жүйенің қасиеттерін беру білім беруді жоспарлауда, орынды, уақытты және жылдамдығын таңдауда «өмірге білім беру» принципінен өмір арқылы білім беру қағидасына көшу жолында үлкен қасиеттерге ие болу жолында түбегейлі өзгерістерге әкеледі. Іс жүзінде, бұл жүйе желілік технологиялар арқылы жүзеге асырылады. Бастапқыда оқытудың желілік технологиялары әлеуметтік топтардың өкілдеріне кеңінен таратылып, өздерінің жұмысын тоқтатпай, оқытуға артықшылық беруге мәжбүр болды. Бүгінгі күні халық арасындағы барлық топтардың ашық және қашықтықтан оқу, ғаламтор арқылы қосымша білім алуға мүмкіндігі бар.

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында қашықтықтан оқытуды енгізу – білім берудің дәстүрлі түрлерінен өз ерекшеліктері бар, мұғалімге де, студентке де белгілі бір нақты талаптарды ұсынады.

Қашықтықтан оқыту жүйесі ақпараттық-білім порталы арқылы жүзеге асырылады. Білім беру порталы – оқу үдерісінде бақылаушыны қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік және бағдарламалық-техникалық кешен және ғылыми-әдістемелік, ақпараттық ресурстар туралы мемлекеттік білім беру стандарттары және қазіргі заманғы оқыту технологиясына негізделген кез-келген басқа ақпаратты қамтиды.

Құрылымдық жағынан, ашық білім берудің ақпараттық және білім беру ортасы – оның мега-порталында біріктірілген аймақтың немесе саланың, оқу орындарының дербес өкілдіктері тұратын ақпараттық және білім беру ортасын біріктіретін мемлекеттік деңгейдің ажырамас жүйесі.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту және оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру сапасы туралы мәселені көтереді. Қазірдің өзінде көптеген елдер білім берудің сапасы мен тиімділігі мәселелеріне үлкен назар аударып, білім сапасын салыстырмалы зерттеу үшін әдіснаманы, технология мен құралдарды дамытуда өз күш-жігерін біріктіріп, осылайша әлемдегі білім беру сапасын бақылау жүйесін жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасы.
2. <https://kaznmu.kz/press/>
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбындағы 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауы.
4. <https://e-history.kz/kz/contents/view/2057>
5. Еркебаева Г.Ф. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
6. <http://bilimainasy.kz/?p=5640>
7. Мұхамбетжанова С.Т. Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі: Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 жыл

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қоғамдағы білімнің ерекше рөлі бүкіл адамзат өркениетінің эволюциясы арқылы жүзеге асады. Адами капитал - әлеуметтік өндірістегі маңызды элемент және ұлттық байлықтың элементі, инвестициялар өте жоғары табыс әкеледі. Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, оның білім деңгейімен анықталады» деп атап көрсеткен еді. Әлемдік білім беру кеңістігіне толыққанды кіру ұлттық білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді»[1].

Дүниежүзілік экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде оның инновациялық бағыты және жаһандану үдерістерінің кеңеюі жағдайында, дамыған елдер өндіріс саласында емес, білім экономикасы мен технологиялық идеялар саласында бәсекеге түсе бастаған кезде білім беру саласы тұтастай алғанда әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақты жағдайын қамтамасыз ететін сала ретінде танылады. Мемлекет және оның жасаған интеллектуалды капиталы - оның даму болашағы мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын стратегиялық фактор. Осыған орай, біздің мемлекет алдында тұрған міндет - әлемнің 30 елінің арасында бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан кіру, білім беру мен ғылым жүйесіне сапалы жаңа талаптарды енгізіп, білім сапасын өздерінің «капиталдандыру» деңгейіне аудару.

«... заманауи білім беру жүйесінің негізгі міндеті - сыни ойлау қабілеті бар адамдарға және ақпараттық ағындарға жетуге қабілетті болу»[2].

Заманауи білім беру жүйесін дамытудың негізі - интеграцияланған білім жиынтығы, дағдылары мен тәжірибесі, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттілік сипатталатын кәсіптік біліктілікпен қамтылған мамандар даярлау. Жаңа функционалдық талаптар қою: бағдарламаларды жасау, жобалау, шешімдер қабылдау және шығармашылық жұмысты жоспарлау.

Бүгінде білім беру мен ғылым саласындағы инновациялық технологияларды қолдану кешенді шолуды талап ететін өзекті мәселе болып табылады. Қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасының экономикалық өсуінің дамуы, ең алдымен, республикалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі мен білім деңгейінің өсуімен байланысты. «Инновациялық технологиялар» термині инновацияларды енгізу сатыларын қолдайтын әдістер мен құралдар жиынтығы.

Инновациялық оқыту технологияларына: интерактивті оқыту технологиялары, жобалық оқыту технологиясы және компьютерлік технологиялар жатады.

Болашақ мамандықтың мәнін көрсететін, маманның кәсіби қасиеттерін қалыптастыратын инновациялық оқыту технологиялары оқушылардың өздерінің дағдыларын шынайы жағдайларда жақынырақ дамыта алатын сынақ алаңы болып табылады. Инновациялық технологиялар ең озық, жаңа технологиялар. Ғылым мен білім берудегі инновациялар - жаңа тәсілдер, инновациялық оқыту әдістерін қолдану. Яғни, білім беру үдерісіне озық технологияларды қолдану. Инновациялық технологияларды оқытудың мақсаты - шығармашылық ойлау, шығармашылық әлеуетті қалыптастыру және студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Қазіргі уақытта компьютердің ең кең таралған технологиялық бағыттары:

- білім беру мақсатында оқушыларға білім беру материалын ұсыну құралы;
- білім беру үдерістерін ақпараттық қамтамасыз етудің қосымша ақпарат көзі;
- Білім деңгейін анықтау және оқу материалдарын игеруді бақылау құралдары;
- практикалық білімді меңгеру үшін әмбебап тренажер;
- зерттеу тақырыбы бойынша білім беру эксперименттерін және іскерлік ойындар өткізудің құралы.

Жоба бойынша оқыту технологиясы кәсіптік мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың икемді үлгісі болып табылады, ол оқушылардың жаңа зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін, жаңа қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту жолы,

жаңа қызметтерді құру, шығармашылық өзін-өзі дамытуға бағытталған. Жоба жұмысының нәтижесі білім берудің шығармашылық жобалары болып табылады.

Жобаға негізделген оқыту технологиясы болашақ мамандыққа қарамастан, шығармашылық қызметке қажет оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін педагогикалық жағдай жасауға көмектеседі.

Біздің мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- теориялық зерттеулер, конференциялар, семинарлар, дебаттар, проблемаларды шешу,
- бизнес ойындары және т.б.); практикалық сабақтарда (эксперимент жүргізу, өндірістік (жағдайлық) міндеттерді шешу,
- компьютерлік бағдарламаларды құру,
- курстық және дипломдық жобалар (стендтер, модельдер, зертханалық қондырғылар жасау және т.б.) кезінде (пәндік үйірмелер, олимпиадалар, «Мамандығы бойынша үздік» кәсіптік байқаулар).

Зерттеу жұмысының нақты бағыты оқу үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу болып табылады.

Инновациялық оқыту әдістемесі – модульдік және проблемалық оқыту, қашықтықтан оқыту, зерттеу әдістемелік оқыту, жобалық әдіс, әлеуметтік серіктестік және т.б.

Интерактивті әдістер жаңа материалдардың сапалы игерілуіне ықпал етеді. Оларға мыналар жатады:

- шығармашылық жаттығулар;
- топтық тапсырмалар;
- білім беру, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, имитациялық;
- экскурсиялық сабақтар;
- шығармашылық адамдар мен мамандармен сабақ, кездесулер;
- шығармашылық дамуға бағытталған іс-шаралар
- сабақтар, спектакльдер, фильмдер жасау, газеттер шығару;
- бейне, ғаламтор, көру мүмкіндігі;
- күрделі мәселелерді шешу жолында «шешімдер ағашы», «миға шабуыл» әдістердің қолдану.

Білім берудің инновациялық технологиясының басты мақсаты - адамның өзгеріп жатқан әлемде өмірге дайындалуы, инновацияның мақсаты – оқушының жеке басын дәстүрлі жүйеге қарағанда сапалы өзгерту.

Сондықтан, инновациялық оқыту әдістері оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді, зерттелетін материалдарды жүйелеуге және жинақтауға, талқылауға үйретеді. Оқушылар алған білімдерін түсіну және өңдеу, практикада қолдану дағдысын меңгереді және коммуникациядағы тәжірибені жинақтайды. Әрине, инновациялық оқыту әдісінің дәстүрлі әдістен артықшылығы мол, өйткені олар баланың дамуына үлес қосып, оны шешім қабылдауға, тәуелсіздікке үйретеді.

ТЖКБ-ның (техникалық және кәсіби білім беру) қазіргі кезеңдегі негізгі міндеті – әлемдегі өзгерістерге дәстүрлі емес, икемді және уақытылы әрекет етуге қабілетті мамандарды даярлау. Сондықтан, болашақта кәсіби қызметке оқушыларды дайындау үшін ТЖКБ-да инновациялық оқыту әдістері қолданылады. Мұндай әдістер проблемалық оқытуды қамтып, оған қатаң жауап бермейтін проблемалық міндеттерді шешу дағдыларын қалыптастыру кіреді. Материалға қарамастан жұмыс істеп, алынған білімді іс жүзінде қолдану қабілетін дамытады.

Сондай-ақ инновациялық оқыту әдістері онлайн оқытуды қамтиды. Ол зерттелген материалды белсенді және терең меңгеруге, күрделі мәселелерді шешу қабілетін дамытуға бағытталған. Интерактивті әрекеттер имитациялық және рөлдік ойындарды, пікірталастарды, жағдайларды имитациялауды қамтиды.

Қазіргі әдістердің бірі ынтымақтастық арқылы оқыту. Ол әлеуметтік серіктестермен, сондай-ақ шағын топтармен жұмыс істеу үшін қолданылады. Бұл әдіс оқу материалын тиімді меңгеру, әртүрлі көзқарастарды қабылдау қабілетін дамыту, бірлесіп жұмыс істеу барысында қақтығыстардың өзара әрекеттесуін және шешілуін өз міндеті ретінде белгілейді. Қазіргі

заманғы кәсіптік-техникалық білім беруде қолданылатын инновациялық оқыту әдістері адамгершілік құндылық болып табылады. Бұл кәсіби этикаға негізделген жеке моральдық көзқарасты қалыптастыруға, сыни ойлауды дамытуға, өз пікірін білдіруге және қорғауға мүмкіндік береді. Инновациялық әдістер мұғалімнің рөлін өзгертуге мүмкіндік берді, ол тек білім алып жүруші ғана емес, сонымен қатар студенттерге шығармашылық іздестіруді бастайтын тәлімгер.

Осылайша, бүгінгі таңда орта білім берудегі инновацияларды қолдану білім беру, ғылым және тәжірибе (бизнес) интеграциясының тікелей жолы болып табылады. Білім беру саласындағы оқу орындарының инновациялық қызметінің мақсаты оқушылардың жеке басын көп жылдар бойы қолданып келе жатқан дәстүрлі жүйеге қарағанда сапалы түрде өзгерту болып табылады, яғни мұғалімнен оқушыға деген тікелей аударма болып табылады. Жаңашылдық заманауи білім сапасын жақсартудың негізгі құралы болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К. “Жаңа ПЕД-технологияны меңгеру - міндет”. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005 ж. 25-26 б.
2. <http://alashainasy.kz/koshbas/syini-turgyidan-oylau-tehnologiyalaryi-arkyilyi-okyitudyin-timdlg-80712/>
3. Акуленко В.И. Формирование ИКТ-компетентности учителя-предметника в системе повышения квалификации // Применение новых технологий в образовании: материалы XV междунар. конференции. Троицк, Тровант, 2004. - С. 344—346. Горячев А.В. Формирование информационной грамотности в образовательной системе «Школа 2100». Электронный ресурс. URL: www.school2100.ru.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
5. <https://aikyn.kz/2017/05/19/13857.html>
6. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРМЕУШІЛІГІН БОЛДЫРМАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ШУТЕНОВА С.С.

ЖММ «Болашақ» Академия

Email ssjru@mail.ru

БЛЯЛОВА А.А.

№66 Мектеп -лицейі Қарағанды қ.

alua.blyalova@mail.ru

«Егер сіз бір сөз айтудың өзі қиын соғатын сыныпқа кірсеңіз, жұмысыңызды сурет көрсетуден бастаңыз, сонда сынып сөйлей жөнеледі»
Ұлы педагог К.Д.Ушинский

Еліміздің экономикалық, әлеуметтік – мәдени саласы өскен сайын, қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру саласы да өзгеріп жаңару үстінде. Бұрынғы кенестік дәуірде туып – өскен адамдардың түсіне кірмеген ақылы оқу жүйесі пайда болып, мемлекеттік және мемлекеттік емес білім ордалары қатар дамып, өсіп өркендеу үстінде. Олардың барлығы да қоғамның сұранысына сай ақыл-ойы кемелденген іскер де білімді шәкірттер даярлап шығаруға ат салысады.

Осы орайда білім ордасының табалдырығын жаңа ғана аттаған жас бүлдіршіндердің дүние танымын қалыптастыру, жеке тұлға ретінде қасиеттерін шыңдап тәрбиелеу барысында бастауыш білім сатысының орны ерекше екенін айтпасақ та белгілі. Дегенмен, бүгінгі

дәстүрлі білім жүйесі өзінің айтарлықтай нәтижелілігіне қарамастан, қоғамның өте жылдам, тез қарқынмен өзгеріп жатқан үрдістерінің аясында дағдарысқа ұшырап қалатыны да рас.

Бұрынғы қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтар оқытудың негізгі мәні адам тәрбиесі, жеке тұлғаның қалыптасуы екеніне жеке көңіл бөлмегенін де енді аңғарып отырмыз. Себебі дәл қазіргі уақыт, ең алдымен адамның ақыл-ойы мен қабілетіне қойылар талапты өте күшейтіп жіберді. Білім таяз адамдар бұдан былай өмір ағымына ілесе алмайтын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр. Ендеше бұдан шығатын қорытынды: мектепте оқушының жеке тұлға ретінде дамуы мен тәрбиеленуіне тікелей ықпалы тиетін жаңаша көзқарастарды батыл енгізу қажет. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқын көрсеткен: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдайлар жасау» [1].

Көптеген мектептерде мемлекеттік білім стандарттарын енгізумен қатар жана пәндердің көптеп қосылғандығы, авторлық білім беретін және тәрбиелік бағдарламалардың жиі қолданатындығы, халықаралық білім беру бағдарламаларының игеріліп өз нәтижесін беріп жатқандығы кеңінен мәлім. Мұның барлығы шәкірттермен жұмыс істейтін әр типтегі барлық білім беру мекемелеріндегі балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие саласын жетілдіруге бағытталған.

Қазіргі заманғы қоғам дамуының әрекеті, әлемдік және отандық педагогика, психология ғылымдарының жетістіктерін, әсіресе, дамыта оқыту, оқушылардың даму ерекшеліктері туралы проблемалар, ұзақ жылдар бойы екшеліп жинақталған мектептің озық тәжірибесі негізгі мектептің бастауыш сатысында білім беру мақсатының приоритеттерін түбегейлі өзгерту қажеттігін туғызып: бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, білік, дағдыларының белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде оқушылардың жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылды.

Білім беруде оқушының тәрбиесі мен дамуына приоритет берілуі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім Заңы мен Қазақстан Республикасындағы Жалпы білім беретін мектептердің тұжырымдамасына орай мектеп құрылымы мен оның қызметіндегі өзгерістер оқушыларға сапалы білім беруді талап етеді.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Ол алдын-ала жасалған жоспар мен бағдарлама бойынша мұғалімнің басшылығымен жүйелі түрде іске асырылып отырылды. Сондықтан, оқу басқа іс-әрекеттерге қарағанда, оқушылардың таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік көзқарасын бірте-бірте қалыптастырады. Оқу – баланың өзінің танымдық белсенді әрекеті.

П.П.Блонский өзінің «Қиын оқушылар» атты еңбегінде үлгермейтін оқушылардың типтерін физикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты бөліп қарастырған.

Үлгермейтін оқушылардың типологиясы бойынша құнды материал Л.С.Славинаның «Үлгермейтін және тәртіпсіз оқушыларға жеке ықпал ету» кітабында бар. Бұл еңбекте үлгермейтін оқушылардың топтары, үлгермеушіліктің негізгі себебі анықталған.

Б.Г.Ананьев ғылымында педагогикалық процестегі бағаның ролі көп жақты зерттелді.

В.С.Мерли (1959) «Жеке тұлға психологиясының очеркі» еңбегінде кейбір оқушыға, мына жұмысты жақсы орындадың деген жеткілікті. Ал басқаның жұмысын осы түрде бағалағанда, ол жеткіліксіз, оған үлкен баға қажет екені анықтады.

Ғалым-педагог Л.В.Занков: «Оқыту оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет», – дейді.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» – деп тұжырымдайды.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны істей білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабақта оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Философия тұрғысынан танымға мынадай анықтама берілген. «Таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой-

өрісінің күрделі үрдісі». Адам танымы байқаудан нақты аңғарудан заңдарды теория жүзінде ашуға, сонан кейін ол заңдарды теория практикада қолдануға қарай жүріп отырады.

Практика тұрғысынан оқушылардың танымы - өзіне тән ерекшелігі бар күрделі психикалық үрдіс. Оқушылардың нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе себептер болады. Оқушылардың білім алуды ілгері қарай бастауына себепкер болатын негізгі күш түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әр түрлі қиындықтар мен қайшылықтар кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады. Оқыту үрдісіндегі ең негізгі қайшылық, ол – педагогикалық міндет талаптармен оқушылардың мүмкіндіктерінің білімі мен дағдысының және дамуының қазіргі деңгейі арасындағы қайшылық [2].

Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады. Оның алдын алуға әбден болады. Оқушы үлгермеушілігінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзылуында. Үлгермеушіліктің негізгі мыналар:

-жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі;

-мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы;

-тәрбие жұмысындағы олқылықтар оқушылардың тәртібінің төмендігі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақытылы және тиісті шара қолданбауы;

-бағалаудағы біржақтылық ;

-оқыту мен тәрбие үрдісінде сабақтастықтың болмауы;

-сабақ босату, оқушының ауырып қалуы.

Үлгермеушілікті болдырмаудың әдістері мен түрлері;

-бірінші жарты жылдық барысындағы мұғалімнің қойған бағаларын және олардың нормаларға сәйкестігін талдау (бақылау жұмыстарын, оқушылардың дәптерлерін, журналдағы, күнделіктердегі бағаларды таңдау);

-мұғалімнің сабақ барысында үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі жұмысының түрлері (сыныптағы және үй жұмыстарының саралық сипаты, қателердің алдын алу);

-қателермен жұмыс жүйесі және оқушылардың жадынамаларымен саналы түрде жұмыс істей білу;

-оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау жөніндегі әкімшіліктің іс-әрекеті.

Білім негізі - бастауыш сыныпта қаланатыны жұртшылыққа белгілі жағдай. Оқушының бұл сыныптарда алған білімінің тиянақты да саналы болуы - жоғары сыныпқа барғанда жақсы оқуының кепілі болатындығын ешкім жасыра алмайды. Жаңа бағдарламаға көшкен оқушылар ізденгіш, өз бетінше жұмыс істеуге икемді, ішкі сезімге бай, ақыл-ойы өткір болып тәрбиеленуде. Әрине, бұл - мұғалімдер жұртшылығының еңбегі. Мектеп жұмысының алға басуы, оқушылардың алған білімінің тиянақты, сапалы болуы, қорыта келгенде, мұғалімдердің күнделікті дайындығы мен оның педагогикалық шеберлігіне, ізденгіштігіне, жеке басының білімі мен ерекшелігіне байланысты [3].

Болашақ ұрпақтың білікті азамат болып өсіп-өнуі мектептен, ең алдымен, бастауыш білім беруден бастау алатыны анық. Сондықтан да бастауыш мектепте оқу үлгермеуін болдырмау жолында оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру біздерге жүктелер міндет. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының үлгермеушілігін болдырмау әр отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың жауапкершілігіне де байланысты. Әріптестерімізді, туған еліміз Қазақстанның болашағын, өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың жарқын болашағын айқын көру үшін бүгінгі таңнан бірлесіп отырып жұмыс істеуге шақырамыз!

Қорыта келгенде, мақаланы жазу нәтижесінде төмендегідей ұсыныстарды ұсынып отырмыз: Ата-ана үнемі сынып жетекшісімен қарым-қатынаста болу керек. Үлгермеуші оқушылармен жұмыс жүргізуге арналған түрлі жаңа инновациялық әдістер мен тәсілдерді көрсететін әдістемелік-құралдар көптеп басылып шықса.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында. Ақпан 2005 ж.
2. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика. А., 2002 ж.
3. Ыбырай Алтынсарын тағлымы. А., «Жазушы» баспасы, 2013 ж.

БАЛАБАҚШАДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ХУАНБАЙ С., ИЛЬЯШОВА Б.Ф.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Қазақстан әлемдік қауымдастыққа екпіндеп басып келеді және өзінің алдына жоғары даму мақсатын қояды. Әлем барынша әртүрлі және көптілді болып келеді, және көптеген балалар бір тілден артық тіл қолданатын ортаға түседі. Уақыт талабына сай, аясы тар мақсаттағы сапалы білім емес, шет тілдерді үйренуге дәл осындай қырынан қарау керек.

Мектепке дейінгі ұйымның бітірушісін тәрбиелеуде ана тілімен тең және басқа шетелдік тілдерде білім үлкен рөл атқарады. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі».

Еліміз егеменді ел болғалы бері келелі де ауқымды өзгерістер жүруде. Саяси, экономикалық, қаржылық т.б. салалардағы секілді білім беру саласы да мұндай өзгерістерден тыс қалған жоқ. Себебі мемлекетті нығайту, көркейту үшін өмірге жаңаша көзқарастағы, білімді, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындады. Сондықтан қандай халықтың даму стратегиясын алып қараса, онда өскелең жас ұрпақты елін сүйетін отаншыл, саналы, тәрбиелі етіп шығару – оның басты бағдарларының бірі. Қазіргі жас-ертеңгі халық тағдырын шешетін азамат. Білім беру ұйымдарының алдында күрделі міндет тұр. Ол саналы ойлайтын ертеңгі күні қоғамда өз орнын табатын жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Ағылшын тілінде ойын ойната отырып балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру керек және балалар ұжымын топтастыруға күш салу керек. А.С.Макаренко ойынның балалар өмірін ұйымдастырудағы ролін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің ролі туралы былай деп жазды: «Мен де педагог ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен, бәлкім, пайдалы, бірақ жақындығы жоқ бөгде күш қана боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін және мен өзімнің барлық әріптестерімнен осыны талап еттім».

Ағылшын тілін оқытуды мектепке дейінгі мекемелерден басқа, отбасы ортасында да жүзеге асыруға болады. Бұл үшін педагогикалық білімнің болуы міндетті емес, жай ғана үй жағдайында балалармен дидактикалық ойындарды ұйымдастырып өткізу ғана жеткілікті.

Сабактан тыс уақытта ойналатын ойын түрлері оқушылардың қимыл қозғалысқа деген икемділігін арттырып, шығармашылық қабілетін кеңейтеді.

Шетел тілін мектепке дейінгі балаларға оқытудың шарттарын ескере отырып, балалар балабақшадан кейін де шетел тілін оқып, түсіне білу қабілетін қалыптастыруға мән берілуі тиіс. Осыған орай, шетел тілін балабақшада оқытудың практикалық мақсатын жүзеге асырудың алғышарты- оқыту әдіс- тәсіліне, коммуникативтік бағдар беруге назар аударылады.

Ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, грамматикалық материалды, тұрақты сөз тіркестерін пысықтыруға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, ықшам, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін тандап алғаны жөн. Тандап алынған ойындар шәкірттердің сөз байлығына, тілдік қорына сай болуы керек.

Қазіргі балабақшадағы ойынды қолданар алдында ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Microsoft office, Paint бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпындырады. Интернет жүйесінің балаға тәрбие беру барысына қосар үлесі көп.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұны неғұрлым сәйкес алынса, соғұрлым оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Ағылшын тілі сабағында әрбір баланың сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді? деген сұрақтар әрбір педагогты толғандыратыны сөзсіз.

Ойынды мынадай мақсаттар қойып пайдалану керек: лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалдарды есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту, қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады.

Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т.б. түрінде де ойналады.

Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Бұл кезеңде балалардың сабаққа қызығуын жоғалтып алсақ, олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан, сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалы өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі. Осы орайда жалпы баланың қызығушылық деңгейін арттыруға болатын бірнеше ойын түрлеріне тоқталмақпын.

Сабақтың тақырыбы: Танысу

Ертегілер әлемінде қонақта болу. Сабақ ауызша өткізіледі. Саусақ театрының көмегімен My name is... / I am... (My name is Дара, I am Боти т.б.), «Ат ойлап тап» ойыны (Балалардың өздерінің аттарын өзгертіп атау керек «Good morning. My name is Micky»)

1. Буратинода қонақта. Сабақ балалар арасында және Буратиномен диалог ретінде жүреді, «Сиқырлы микрофон» ойыны (Буратино балаларға ойыншық микрофон таратады да, әрқайсысымен жеке-жеке сөйлеседі).

– Hello.

– Hi.

-What is your name?/ Who are you?

– My name is Айым./ I am girl.

– What is your name?/ Who are you?

– My name is Алмас./ I am boy.

– Good bye, friends.

– Bye, Буратино What is it?

2. Қуанышты түлкі.

Балалармен педагог бетіне түлкінің маскасын киіп алып, амандасады. (Педагог барлық балалармен амандасады, балаларда амандасады), «Мынау кім?» ойыны бір бала барлық балаларға теріс қаратып отырғызып қояды. Балалар кезекпе-кезек келіп теріс қарап отырған

баламен амандасады «Hello, Мадияр», теріс қарап отырған бала амандасып тұрған баланы танып, онымен амандасу керек «Hello, Сабина», бала таба алмаса келесі баламен алмастырылады.

3.Сабақтың тақырыбы: Сандар

“What number is it?” Бұл қандай сан?

Мақсаты: “Бұл қандай сан?” ұғымын қалыптастыру.

Қажетті құралдар: Топтағы 10 түрлі ойыншықтар.

Ойын барысы: Тақтаға 10 түрлі ойыншықтар суреті ілінеді. Ортаға бір бала шығып, қатардан бір ойыншықты алады. Балалар қатардан қандай заттың және қай санның алғандығын алақандарын шапалақтау арқылы көрсетеді. Ойыншықтың атын атау керек. Ойын барысында “What number is it?” деген ұғымды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын дамыту, қызығушылығын арттыру.

4.Сабақтың тақырыбы: Түстер - Colors

Мақсаты: Өлең оқып беру арқылы ағылшын тілінде түстер аттарын бекіту.Сөздік қорларын дамыту.

Ойын барысы: Педагог балаларға түстер туралы өлеңді өзі оқып береді. Өлеңдегі түстердің аттарын қайталап айтқызады. Содан соң өлеңді балаларға қайталатып айтқызады:

I see green, I see yellow,

I see that funny fellow.

I see white, I see black,

I see this and that and that.

I see pink, I see brown,

I stand up and I sit down,

I see red, I see blue

I see you and you and you!

Құрастыру ойыны

Өткен тақырыпты қайталау барысында лексикалық сөздерді қолдана отырып аппликациядан «Құрастыру ойынын» жасауға болады.

Ойынның барысы: The window is on the wall, the chimney is on the roof. Who lives (is going to live) in this house? What are the parts of the house? Let’s build a modern building деген сөздерді айтып отыруға аппликациядан үйді жасауға кірісеміз.

Педагог: Микки-Маус сенің үйің қайда? Сенің house қайда?

– Сен менің көз алдымнан жоқ болып кеттің ғой.

– Терезе қараса. Терезе ... window.

– Мұржаны қазір жөндеп береміз.

– Мұржа – chimney.

– Мықты етіп үйдің төбесін жабамыз.

– Шипырды – roof.

– Үйдің баспалдағына алашалар төсейміз.

– Баспалдақтар – stair.

Жасалған суреттері бойынша балалар үйдің құрлысын атап шығады.

Сергіту сәтінде: Бір баланы ортаға шығарамызда, қалған балалар одан ағылшын ша сұрайды:

How are you?

– I am fine. How are you?

– I am good. How are you?

– I am hungry.

Одан 3 рет сұрағанда оның қарны аш екенін білдіріп, балаларды қуалайды.

“Magic glass” ойыны

I see... лексикалық сөзін қайталау үшін «Сыйқырлы көзілдірік» ойынын ойнаймыз. Ол үшін көзілдірікті киіп, балаға қараймыз да, айтамыз: “I see Marat” (баланың атын атаймыз), немесе ойыншыққа қарап “I see Micky Mouse”. Көзілдірікті балаларға беріп, олардан сұрау керек: «Marat, who do you see?»

Атап көрсеткендей ағылшын тілін әр түрлі білім беру саласында пайдалануға болады. Сонымен қатар сергіту сәттерінде де қолдансақ болады. Балаларды қазіргі замандағы оқыту барысында, әсіресе шетел тілін меңгеру мәселелерінің бірі болып табылады. Шетел тілі қоғамдық өмірдегі қамтамасыз етудің құралы болуға, ол тек жоғары оқу орындарында, мектептерде ғана емес, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды оқытатын және тәрбиелейтін мекемелерде білім берудің негізгі міндетті компонентіне айналуға.

Шетел тілін ерте оқыту бүкіл әлемдік көп деңгейлі тілде және мәдениетке деген қызығушылықты туғызу үшін тамаша мүмкіндіктер жасайды, коммуникативтік тіл ерекшелігін дамытуға ықпал етеді, баланың ойлауына, танымына және есте сақтауына жайлы әсерін тигізеді. Бірақ мектеп жасына дейінгі балаларға тән шыдамсыздық, назар аударудағы тұрақсыздық тез қажу, шаршағыштық сияқты кейбір теріс қылықтарын ескере отырып, ағылшын тілін ойын түрде өткізу керек.

Баланы шет тілінде қарым-қатынас жасап, сөйлеуге ерте жастан бастап үйрету қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай тілді меңгертіп, басқа халықтың мәдениеттерін әрі дүниежүзі мәдениетіне жол ашуға мүмкіндік береді.

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Адам уақытпен бірге адымдайды, уақытпен бірге өмір сүреді. Білім туралы заңда педагогтар бас қосуларында сапалы білім, саналы азамат өсіру туралы талай пікірлер айтылады. Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі балалар. Біз оларды қалай тәрбиелесек ертеңгі Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да педагогтарға жүктелер міндет жүгі өте ауыр.

Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана педагогтың тақырып мақсатын ашуына мүмкіндік береді. Ал, дұрыс таңдау үшін балалардың психологиялық және жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін білу керек. Тек қана осы жағдайда ғана, біз күткен нәтижелерімізге қол жеткізе аламыз. Тиімді қолдана білген кез келген технология білім сапасын арттыратыны хақ. Дамыған елу мемлекеттің қатарына кіру үшін білімді ұрпақ тәрбиелейік. Себебі, Қазақстанның болашағы білімді ұрпақтың қолында. Қазіргі жастар – ертеңгі Қазақстанның болашағы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы// Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. – №1
2. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына Елбасының жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» – 2007. – 28 – ақпан
3. Үш тілдегі дидактикалық ойындар жинағы. Әдістемелік құрал. Астана. 2013ж. 3-5 б.
4. Кадыргалиева С.И. Есбергенова Г. Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тіліне оқыту. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. 2011 ж. 10-14 б.
5. Верещагина И.Н., Рогова Г.В. «Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях.»
6. English. Play and Learn. №7\2006 ж.

КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

АЙТЖАНОВА Р.М., ЖҰМАНҚЫЗЫ А.

Е.А. Бөкетов атындағы КарМУ

Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға кәсіптік білім беру, олардың экономикалық ой-өрісінің қалыптасуына, еңбектің жетілдірген жаңа тәжірибелерін игеруге ықпал етеді. Мамандық таңдауға кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психофизиологиялық, жеке қасиеттері, мамандық таңдаудағы басты себептері назардан тыс қалмауы керек. Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып,

өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық жағдайындағы рөліне сай саналы тандалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына кезекті жолдауында былай деген болатын: білім беруді жаңартуды жалғастыру қажет [1]. Осыған байланысты Президент Үкіметке мынадай тапсырма берді:

- білімнің сапасын көтеру және қол жетімділігін кеңейту үшін білім беруді қолдаудың жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу;
- техникалық және жоғарғы білім беру деңгейі үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде ипотекалық құрылысты қазір іске асырылып жатқандай, соған балама жинақтау жүйесін әзірлеу;
- бизнес қоғамдастығы мен жұмыс берушілер қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен кәсіптік-техникалық мамандар даярлау жөнінде Ұлттық кеңес құру.

Кәсіби бағдар беру мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі. Қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі жылдамдап отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өседі және білім деңгейіне, шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талап жоғарылайды. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі ретінде мамандық таңдауға белсенді қарым-қатынасынан көрінеді.

Проблеманың теориялық және практикалық өзектілігі, «оқушылардың жұмыстық мамандықтарға кәсіби бағыттылығын қалыптастыру» деген сауалға жауап табуға итермелейді. Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады. Әр мектептің оқушыларында мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психологтың қосатын үлесі мол болуы тиіс.

Балаларға мамандық таңдату оңай жұмыс емес. Бұл проблеманы зерттеушілер П.П.Блонский, Г.Н.Стычинский, В.А.Сухомлинский, Ю.П.Сокольников, А.П.Сейтешов, Г.А.Уманов, Л.К.Кермов және олардың шәкірттері баланы жас кезінен болашақ мамандығын саналы түрде анықтауға ата-аналар, психологтар мен педагогтар өз үлестерін қосу керек екенін атап көрсеткен [2].

Ал, енді өзімізге келер болсақ, мамандықты дұрыс таңдау-адам өмірінде маңызды мәселе екені белгілі. Бұл ежелден-ақ Шығыстың, Орта Азияның ұлы ойшылдары мен ағартушы ғалымдарын (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашғари, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин) замандастарымыздың, ұлы зиялылары Ж.Аймауытұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, т.б. ерекше тұлғаларды толғандырған. Ұлы бабамыз Әл-Фараби: «Ізгі және қасиетті жұмыс істеген адам басқа адамнан жоғары тұруы керек»-десе, осы ойды «түсіне қарама, ісіне қара»-деп түркі халықтарынан шыққан ғалым М.Қашғари жалғастырады. Халықтың болашағы білімде екендігін Шығыс ғалымдары ертеден түсінген.

Ж. Баласағұн: «Бар ізгілік тек білімнен ашылар, біліммен аспанға жол салынар» - десе, бабаларымыздың асыл мұраларынан сусындаған ұлы Абай: «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» - деп, әрбір адам өз мүмкіндіктері мен білім, қабілеттіліктеріне сай өмірдегі өз орнын табады деген.

Ғасырлар өткен сайын ұрпақ тәрбиесі туралы өзекті ойлар өз жалғасын тауып, ғалымдар еңбектерінде айрықша орын алады.

Қазақстан мектептері мен оқу орындарындағы кәсіптік бағдар беру мәселесіне көңіл аударып, зерттеу жүргізіп, еңбектер жазған ғалымдардың көшбастаушысы, бес арыстың бірі-Ж.Аймауытұлы болса, С.Мұқанов, Т.Тәжібаев, М.А.Құдайқұлова, Л.Х.Мәжитова, Ж.Түрікпенұлы, А.П.Сейтешов сынды ғалымдарымыздың осы саладағы зерттеулері жалпы тұлға құрылымындағы кәсіби бағыттылық, мамандық таңдау мен кәсіби бейімделік мәселелеріне арналған [3]. Аталмыш еңбектердің кәсіби бағыттылық проблемаларын шешуде өзіндік ғылыми және практикалық маңыздылығы жоғары болып табылады.

Қазіргі уақытта мектептерде жүргізіліп жатқан кәсіби ақпарат жұмыстары жақсы нәтиже беріп отыр. Онда оқушылар кәсіби қызметтерінің түрлерімен танысады, оларда материалды өндіріске, қызмет көрсетуге және т.б. кәсіптер саласына деген қатынас

қалыптасады. Кейбір жағдайларда әлеуметтік беделдігіне байланысты кәсіп таңдау тенденциясы әлсірейді. Бірақ, кәсіби ақпарат жұмысы өзіне жүктелген мүмкіндікті толығымен жүзеге асырмайды. Біздің пікірімізше, мұндағы басты кедергі болатын педагогтардың теориялық және әдістемелік қарусыздығы, мектеп жағдайында көбінесе кәсіби ақпарат жұмысының мәнін, мақсаттарын, формаларын, әдістерін іске асыру туралы толық түсініктерінің жоқтығынан бөліп отыр. Мектеп жұмыстарының тәжірибесі көрсеткендей, сабақтарда кәсіби ақпарат әлі күнге дейін қолданыс тапқан жоқ. Кәсіп туралы, негізінен үстірт, толық емес беріледі.

Оқушыларға жақсы ықпал ету үшін ол, өзіндік мазмұны бойынша кәсіби графикалық болып, олардың танымдық қажеттіліктеріне негізделуі керек. Оқушыларға жұмысшы тұлғаның алдына қойылатын талаптардың мазмұнын ашып, кәсіпкердің әлеуметтік-экономикалық мағынасын айтып қана қоймай, оның қысқаша психофизиологиялық сипаттамасын беру қажет.

Бүгінгі таңда орта мектеп оқушыларына барлық жаңа мүмкіншіліктер қарастырылған: бұл қосымша ақпараттар және оқушылардың болашақтарына жұмыс істейтін үлкен әлемге жол ашылған. Мынадай сұрақтар туындайды: «Осының бәрін пайдалана аласың ба және сенің жетістіктерің неге байланысты болады?». Сонда оған берілген жауаптардың бірі былай болуы мүмкін: өзің өскен отбасына, сен алған білім деңгейіне, сенің өзіңе, сенің жауапкершілігіңе байланысты. Осы ойда өзіңе басқа сұрақ қойса: «Сен мектеп түлегі ретінде өзіңнің қандай маман иесі болғың келетінін, қандай мамандықта сенің барлық қабілетің мен ерекшеліктеріңді байқауға болатыны білуге болады». Өз қабілеттілігіңді ертерек байқасаң, уақыттан озасың. Статистика бойынша: ұлы адамдар деп 1000 қазіргі заманғы американдықтардың 160 өз мамандықтарын ауыстыруға мәжбір болған, оның ішінде 37% екі рет оқытылып, қызмет түрін ауыстырған, ал 20% – үшеу және одан көп оқыған, өздерін бұрынғы істерімен айналысуға мүмкіндіктері мен қабілеттіліктері бар екендіктерін сезініп, 40-45 жасқа келгенде жетістікке жеткен. Барлығы да дұрыс жүргізіліп жатса да, мектепте де кеңес беру ұйымдастырылған, жасөспірімдерге көмек көрсету үшін сынып жетекшілері мен психологтар сауалнамалар өткізіп жатады. Сонда да балаларға көмек көрсету қажет болады.

Ең бастысы кәсіп туралы ақпарат оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыратындай және белсендіретіндей болып, шығармашылық емес кәсіпкердің қызметтеріндегі шығармашылық элементтерін көрсете білу керек.

Барлық мамандықтар туралы дұрыс пікір тәрбиелеу, әсіресе халық шаруашылығы қажет етіп отырғандарға, кадрлардағы туындалған қажеттіліктерді және тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты қызығушылық пен кәсіби ниетін дұрыс дәлелдей білуін қалыптастыру.

Жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың теориялық негіздерін қарастыру барысында болашақ маманның тұлғалық құрылымындағы кәсіби бағыттылығының алғышарттық негізі ретінде кәсіби бағдар беру, оқушылардың кәсіби бағыттылығының қалыптасыру мәселелеріне ерекше көңіл аударылады. Жеке адамның кәсіби бағыттылығының проблемасы қазіргі кездегі психология, педагогика ғылымдарының ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Жеке адам құрылысындағы бағыттылық маңызын, оның іс-әрекет деңгейіне әсерін, жеке адамның негізгі қырларының бірі ретіндегі мәні мен динамикасын белсенді зерттеу жалғасуда. Бұл бағыттағы зерттеудің барлығы да өмірлік және кәсіби дұрыс айқындалу мәселесінің маңыздылығынан туындайды.

Қоғамның кәсіби бағыттылықты қалыптастыруға деген тапсырысы мен мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының жеткілікті деңгейде іске асырылмауы және бұл жұмысты ғылыми негізде жүргізу қажеттігі мен ғылыми-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі арасында қарым-қатынастар бар екендігін көруге болады.

Осыған байланысты педагогикалық процесте оқушыларға кәсіптік бағдар беру мен кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың ғылыми негізделген жолдарын қарастыру мәселесі-қазіргі кездегі білім беру жүйесі алдындағы кезек күттірмес өзекті мәселе болып табылады.

Қазақ мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ойдағыдай іске асырылмауы қазақ тілінде бұл мәселеге арналған әдебиеттің тапшылығы мен кейбір мектептерде арнайы маман-психологтардың болмауымен себептелінеді.

Қорыта келгенде, оқушыларды мамандықты дұрыс таңдауға кәсіби бағдарлау үшін оқу-тәрбие процесінде олардың кәсіби бағыттылығының жоғарғы деңгейі қалыптастырып, кәсіптік бағдар беру жұмысын олардың тұлғалық қасиеттерін есепке ала отырып, жүргізу қажет.

Сонымен қатар, оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда мектеп пен жоғарғы оқу орнының білім беру жүйесі кәсіби сабақтастықта жұмыс жасауы қажет. Осындай жағдайда ғана болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыру мәселесі оқушы жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысын табысты жетілдіреді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «2011 жылғы Қазақстан халқына жолдауынан», 2011.
2. Кәсіби білімнің дамуы-мемлекет қамқорлығының нәтижесі // Қазақ тарихы. – Алматы, 2007. - №4. – Б. 123-125.
3. Баширова Ж.Р. Оқушылардың өнімді еңбегі және кәсіптік бағдар. – Алматы, 2000. – 178 бет.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ИЗУЧЕНИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ ПЕДАГОГОВ

ТАЛИКОВА Г.Т.

ЧУ Академия «Болашақ»

talikova_galya@mail.ru

Современное образование предъявляет значительные требования ко всем аспектам деятельности педагога: знаниям, умениям и способам деятельности и, конечно, к личностным особенностям.

В условиях реализации принципов личностно-ориентированного обучения, особую актуальность на наш взгляд приобретает изучение факторов, препятствующих гуманизации отношений в диаде учитель-ученик.

Можно предположить, что синдром эмоционального выгорания, характеризующийся эмоциональной сухостью педагога, расширением сферы экономии эмоций, личностной отстраненностью, игнорированием индивидуальных особенностей учащихся, оказывает достаточно сильное влияние на характер профессионального общения учителя [1].

Данная профессиональная деформация мешает полноценному управлению учебным процессом, оказанию необходимой психологической помощи, становлению профессионального коллектива. Реальная педагогическая практика показывает, что сегодня довольно четко прослеживается факт потери интереса к ученику как к личности, неприятие его таким, какой он есть, упрощение эмоциональной стороны профессионального общения.

Многие педагоги отмечают у себя наличие психических состояний, дестабилизирующих профессиональную деятельность (тревожность, уныние, подавленность, апатия, разочарование, хроническая усталость).

Эмоциональное выгорание – это выработанный личностью механизм психологической защиты в форме полного или частичного исключения эмоций (понижения их энергетики) в ответ на избранные психотравмирующие воздействия.

Эмоциональное выгорание представляет собой приобретенный стереотип эмоционального, чаще всего профессионального, поведения.

«Выгорание» отчасти функциональный стереотип, поскольку позволяет человеку дозировать и экономно расходовать энергетические ресурсы. В то же время, могут возникать его дисфункциональные следствия, когда «выгорание» отрицательно сказывается на исполнении профессиональной деятельности и отношениях с партнерами [2].

Данный симптом проявляется как состояние физического и психического истощения, вызванного эмоциональным перенапряжением, которое снижается за счет формирования личностью стереотипа эмоционального поведения.

Основными признаками синдрома сгорания являются:

- ощущение эмоционального истощения;
- наличие негативных чувств по отношению к клиентам;
- негативная самооценка.

Эти признаки синдрома отмечают большинство клиницистов, изучавших и наблюдавших его проявления [3].

По мнению ученого В.В.Бойко эмоциональное выгорание – это выработанный личностью механизм психологической защиты в форме полного или частичного исключения эмоций в ответ на избранные психотравматические воздействия. Представляет собой приобретенный стереотип эмоционального, чаще – профессионального поведения. С одной стороны оно позволяет человеку дозировать и экономно использовать энергетические ресурсы, с другой – выгорание отрицательно сказывается на выполнении работы и отношениях с людьми.

Синдром профессионального выгорания – самая опасная профессиональная болезнь тех, кто работает с людьми: учителей, социальных работников, психологов, менеджеров, врачей, журналистов, бизнесменов и политиков, – всех, чья деятельность невозможна без общения.

Структура синдрома эмоционального выгорания, по В. В. Бойко, представляет собой последовательность трёх фаз:

Первая фаза это - напряжение. Она включает такие симптомы, как переживание психотравмирующих обстоятельств, неудовлетворённость собой, загнанность в клетку, тревогу и депрессию;

Вторая фаза это – резистенция. Включает симптомы – неадекватное избирательное эмоциональное реагирование, эмоционально-нравственную дезориентацию, расширение сферы экономии эмоций, редукцию профессиональных обязанностей;

Третья фаза это – истощение. В фазу истощения входят симптомы, как эмоциональный дефицит, эмоциональную отстранённость, личностную отстранённость (деперсонализацию), психосоматические и психовегетативные нарушения [4].

С точки зрения А. Пинес и Е. Аронсон синдром эмоционального выгорания выступает как одномерная конструкция. Эмоциональное выгорание – это состояние физического и психического истощения, вызванное длительным пребыванием в эмоционально перегруженных ситуациях.

С позиции А. Чиром эмоциональное выгорание комбинацией физического, эмоционального и когнитивного истощения или утомления. Он полагает, что главный фактор эмоционального выгорания – это эмоциональное истощение, а дополнительные компоненты являются следствием либо поведения (купирования стресса), ведущего к деперсонализации, либо собственно когнитивно- эмоционального выгорания, что выражается в редуцировании личных достижений (деформации субъективной оценки собственных возможностей). И то и другое проявляется в деформации личности и имеет непосредственное значение для её социального здоровья [5].

Проведенные исследования показали, что такие переменные, как возраст, семейное положение, стаж данной работы, никак не влияют на эмоциональное выгорание. Но у женщин в большей степени развивается эмоциональное истощение, чем у мужчин, у них отсутствует связь мотивации (удовлетворенность оплатой труда) и развития синдрома при наличии связи со значимостью работы как мотивом деятельности, удовлетворенностью профессиональным ростом. Испытывающие недостаток автономности («сверхконтролируемые личности») более подвержены «выгоранию» [6].

По мнению В. В. Бойко личностные факторы это – факторы, способствующие развитию синдрома эмоционального выгорания: склонность к эмоциональной холодности, склонность к интенсивному переживанию негативных обстоятельств в профессиональной деятельности, слабая мотивация эмоциональной отдачи в профессиональной деятельности.

Развитие синдрома эмоционального выгорания связано с наличием напряженной психоэмоциональной деятельности: интенсивное общение, подкрепление его эмоциями, интенсивное восприятие, переработка и интерпретация получаемой информации и принятие решений. Другой фактор развития эмоционального выгорания — дестабилизирующая организация деятельности и неблагоприятная психологическая атмосфера.

Это нечеткая организация и планирование труда, недостаточность необходимых средств, наличие бюрократических моментов, многочасовая работа, имеющая трудноизмеримое содержание, наличие конфликтов как в системе «руководитель - подчиненный», так и между коллегами.

Также установлено, что одним из факторов синдрома «выгорания» является продолжительность стрессовой ситуации, ее хронический характер.

На развитие хронического стресса у представителей коммуникативных профессий влияют:

- ограничение свободы действий и использования имеющегося потенциала;
- монотонность работы;
- высокая степень неопределенности в оценке выполняемой работы;
- неудовлетворенность социальным статусом.

Эмоциональное «выгорание» сотрудников может быть обусловлено структурно - организационными особенностями предприятия; характером самой деятельности; личностными особенностями работников, а также характером их межличностных взаимодействий.

В качестве основных характеристик синдрома «выгорания» отмечают:

- неадекватный уровень требований к специалисту;
- недостаточные индивидуальные адаптивные способности к этим требованиям (сниженные ресурсы личности);
- дефицит внешней поддержки;
- ситуационные ограничения, влияющие на профессиональную адаптацию;
- заниженность профессиональной самооценки;
- эмоциональное истощение, приводящее к снижению профессиональной продуктивности;
- деперсонализация (обезличенность и стремление формализовать работу)[7].

Таким образом, синдром эмоционального и профессионального «выгорания» развивается в процессе профессиональной деятельности педагога в форме стереотипа эмоционального поведения, проявляющегося в особенностях профессионального общения.

Список литературы:

1. Форманюк Т. В. Синдром «эмоционального сгорания» как показатель профессиональной дезадаптации учителя / Т. В. Форманюк // Вопросы психологии. – 1994. – №6. - С. 57-63.5.
2. Водопьянова Н.Е. Синдром психического выгорания в коммуникативных профессиях/Н.Е. Водопьянова//Психология здоровья/Под ред. Г. С. Никифорова.– СПб.: Издательство СПб ГУ, 2000. – С. 443–463.
3. Борисова М. В. Психологические детерминанты феномена эмоционального выгорания у педагогов/Борисова М.В. Вопросы психологии. -2005. -№ 2.
- 4.Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других. – М:Информационно-издательский дом «Филинь», 1996. – 472 с.
5. Гордиенко В.Н. Психология удовлетворенности профессионально-педагогической деятельностью / Гордиенко В.Н.- Монография. -Иркутск.- 2009. С.382
6. Аболин Л.М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека/ Аболдин Л.М - Казань: КГУ. - 1987.-240 с.
7. Баранов А. А. Профессиональное «выгорание» и типы низкострессоустойчивых педагогов / А. А. Баранов // Инновации в образовании. - 2005. - № 1. - С. 96-98.

СТРЕСС ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУСУПБАЕВА А.К.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

terlikova89@mail.ru

Санамыздан мықтап орын алған әлеуметтік-психологиялық және экономикалық өзгерістерде көрініс тапқан көкейкестесті мәселелерімізбен бірге ХХІ ғасырға да еніп барамыз. Қазіргі халық денсаулығының жағдайы тек қоғамдық дамудың ғана көрсеткіші емес, сонымен бірге қуатты экономикалық, еңбек, қорғаныс және мәдени-әлеуметтік болып табылады. Осы заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының денсаулығына теріс әсерін тигізуде. Жұмыссыздықтың өршуі, отбасылық қатынастардың тұрақсыздануы, зорлық-зомбылықтың жүгенсіз насихатталуы қоғамның жүйкесін тоздырып, адамдар арасында әртүрлі аурулардың белең алуына жағдай жасап отыр. Бұл өз кезегінде стресстік жағдайды үдете түсуде.

Стресс - қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған алдамның адамның ерекше күйі. Стресс адамның қызметін бұзады, оның мінез-құлқының қалыпты жағдайын бұзады. Стресс, әсіресе жиі және ұзаққа созылған жағдайда, тек психологиялық күйге ғана емес, адамның денсаулығына да кері әсер етеді. Жүрек-қан тамырлары және асқазан-ішек аурулары сияқты аурулардың көрінісі мен өршуінде негізгі «тәуекел факторлары» болып табылады.

Ғылымға ең алғаш ең алғаш осы енгізген канадалық физиолог Ганс Селье. Оның анықтамасы бойынша, стресс - өте жағымсыз әсерлерге жауап ретінде туған организмнің қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жинағы. Адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стрестің бірнеше түрлері байқалады.

Адам стресске ұшыраудың әр түрлі жағдайлары болады. Отбасылық жағдайлары, қоғамдағы жағдайлар және т.б оқиғалар адам бойында стресстің пайда болуына дәнекер болуы әбден мүмкін. Бірақ бұл жағдай стресстің кішкентай себебі бола алама, жоқ па? Стресс пайда болу жағдайы ғана емес, сондай-ақ осы жағдайдағы жеке тұлғаға, оның тәжірибесіне, өзіне деген сеніміне байланысты.

Менің ойымша, стресстің өзінің пайда болуына түрткі болатын себептері бар. Қарастырып кетсек:

Тұлғалық стресстің индивидтің не жасап жатқанына және оған берілген мысалы, ата-ананың, ерінің, қызметкердің ролін және т.б. әлеуметтік ролдерді қалай жүзеге асырады және бұзатын уақытта онымен не болатынына қатынасы бар. Ол денсаулықтың бұзылуы, қартаю, зейнетақыға кету сияқты құбылыстармен байланысты көрінеді.

Жанұялық стресс өзіне жанұя ішіндегі барлық қиындықтарды қосады. Ол - үй ішіндегі жұмыс, тектер арасындағы қарама-қайшылық, жанұядағы ауру немесе өлім, ішімдік, ажырасу және с.с.

Еңбектік стресс көбіне ауыр жұмыс күшімен, жұмыс нәтижесін қадағалаудың жоқтығынан, ролдік анықсыздықтан және ролдік қарама-қайшылықпен байланысты. Жұмыс қауіпсіздігін нашар қамтамасыз ету, еңбекті әділетсіз бағалау, оның ұйымдастырылуының бұзылуы стресс пайда болуының көзі болуы мүмкін.

Қоғамдық стресс адамдардың үлкен топтары бастан кешетін проблемаларға жатады. Мысалы, экономикалық тоқыру, кедейшілік, рассалық қысым, банкрот болу және дискриминация және т.б.

Экологиялық стресс қоршаған ортаның экстремалды жағдайларының ықпал жасауымен негізделеді. Бұндай ықпалды күту немесе оның нәтижесі – ластанған ауа және су, қатал ауа райының жағдайы, нашар көршілер, дыбыстың жоғары деңгейі және т.б.

Қаржылық стресс түсіндіруді қажет етпейді. Есепті төлеу мүмкінсіздігі, қарыз алудағы қиыншылықтар, жұмыс нәтижесінің жалақы деңгейімен сәйкес келмеуі, қосымша қаржылық шығындар, осы және басқа да себептер стресс пайда болуына әсер етеді.

Стрестің сатылары

- | | |
|---------------------|--|
| 1. Үрейлену сатысы | Жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі |
| 2. Қарсыласу сатысы | Жағымсыз тітіркендіргіштер әсеріне беріліп кетпей, соған төтеп беру кезеңі |
| 3. Әлсіреу сатысы | Бейімделу қорының нашарлануы |

Стресстің негізгі белгілері:

- Ұмытшақтық;
- Тұрақты шаршағандық;
- Ақыл-естің төмендеуі;
- Әзіл-оспақты түсіне білуден айырылуы;
- Ас пен ұйқыға зауықтылықтың болмауы.

Стресстің қандай нәрсе екенін, денсаулыққа қалай әсер ететінін білдік. Ендігі жерде одан құтылудың, алдын алудың және жеңудің жолдарын қарастырайық. Стресстен айырылу үшін арнайы психологиялық қағидалар бізге көмек болары сөзсіз.

Стресстен тез арылудың жолдары:

1. Тарақ

Ұзақ күн бойы компьютер алдында отырғаннан кейін адамның көзі шаршап, басы да ауыра бастайды. Оны алдын алудың жолы – 10-15 минут бойы шашты тарақпен тарау. Бұл бастағы қан айналымын жақсартып, бұлшық еттердің босануына көмектеседі.

2. Балмұздақ жеу

Дәмді тағам – пайдалы антистресстік доппинг. Көтеріңкі көңіл-күйді сақтап, стресстен арылуға құрамында жүйке жүйесі үшін пайдалы омега-3 қышқылдары бар балық көмектесе алады. Егер балық ұнатпасаңыз, банан немесе балмұздақ жеңіз. Бұлар да өз алдына антидепрессанттардан еш кем емес.

3. Массаж

Күш-қуаттыңызды сақтап қалу үшін мұрын немесе еріннің астындағы, екі қастың ортасындағы және алақанның ортасындағы нүктелерді уқалаңыз.

4. Алақанды уқалау

Стресстің алдын алудың тағы бір оңай жолы – екі алақанды бар күшпен бір біріне тигізіп уқалау. Қолдарыңыз ысып кеткен кезде бойыңыз сергіп, ойыңызды жинақтай аласыз.

5. Түрлі стресс пен жанжалдарды шайып жіберу

Эмоционалдық негативтен арылуға 15 минуттік жуыну көмектеседі. Иықтарыңыз бен басыңызға бағытталғын жылы судың астында тұрыңыз. Көп уақыт өтпей-ақ су барлық жағымсыз заттарды өзімен алып кеткендей сезінесіз.

6. 27 зат

Шығыс практиктерінің айтуы бойынша қайғы-мұңмен қоштасқыңыз келсе, міндетті түрде үйдегі 27 заттың орнын ауыстыру керек. Бұл энергияның керекті бағытта кедергісіз сырғуы үшін кеңістікті босатады деп санайды олар. Осы тәсілді байқап көріңіз. Шын мәнінде ойыңыз басқа жаққа ауып, проблемаларды ұмытқаныңызды байқайсыз.

7. Баспалдақ

Баспалдақпен 30 секунд жоғары-төмен жүгіріңіз. Аталған жаттығу денедегі эмоционалдық стресске жауап беретін мидың бөліктеріне оттегінің келуін күшейтеді.

8. Бояулар

Психологтардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, күшейген стресс сәтінде 2-3 минут бойы белгілі бір суретті бояу жұмысыңызды уақытында аяқтау мүмкіншілігін 5 есеге арттырады екен. Демек сіз стресстен арылып қана қоймай, сонымен қатар өмірге керемет бір туынды әкелуіңіз де мүмкін.

9. Қолды сермеу

Көп жағдайларда стресстің себебі иық белдеуі, мойын және бел омыртқа бұлшық еттерінің өз серпімділігін жоғалтып, қысылуынан пайда болатын арқа мен бас аурулары болып табылады. Массаж бен жүзу осылардан арылуға үлкен септігін тигізе алады. Үйде немесе жұмыста отырған кезіңізде қолдарыңыз бен аяқтарыңызды жан-жаққа сермеу сияқты қарапайым жаттығулар жасау арқылы сол аурулардың алдын алуға болады.

10. Күлкі

Психикалық күйзелістен айырылудың ең маңызды әдіс - белсенді әзіл. Күлкі күйзелістің түсуіне апарып соқтырады; адам күлгенде қобалжуы мен жүрек соғысы қалып келеді.

Соңында, Г.Селье «Стресс – бұл сіздің басыңызға түскен нәрсе емес, ол түсінігіңіздегі нәрсе» деген болатын. «Стресстен толық құтылу – өліммен бірдей» дегенді де ғалым дәл

тауып айтқан. Өйткені, тірі ағза үнемі тосын жағдайға кезігіп, оған жауап беріп отыруы тиіс, бірақ адамның психологиялық кейпі қандай: қиындықтан қашуға бейім бе, әлде оны жеңуге бейім бе? – бәрі соған байланысты. Өзіңе өзің сенімді болсаң, жеңбейтін қиындық жоқ, кез-келген қиындықтан жол табасың: ең бастысы – түймедейді түйедей етіп көрсетуден, асқан кінәмшілдіктен аулақ бол, ешқандай мұңға берілме, өзінді нық ұстай біл, қандай сәтте де Ибн Сина мысалға келтіргендей қойдың кебін кимей, қорқыныш сезімін жеңуге тырыс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Александрова. Ю. И. Психофизиология. СПб «Питер», 2006
2. Никифорова Г.С. Психология здоровья. СПб «Питер», 2006
3. Носкова О.Г. Психология труда. М., 2004
4. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Изд. «Феникс», 2004
5. Ғаламтор ресурсы

ЦЕРЕБРАЛЬДІ САЛ АУРУЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ОҚУ ДАҒДЫСЫН ТҮЗЕТУ

КУДАРИНОВА А.С., СҰЛТАНҒАЛИ А.Е

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Балалар церебральді сал ауруы (БЦС) - орталық не шеткі жүйке жүйесі қозғалыс орталығының зақымдалуынан қимыл, қозғалыс органдары қызметінің толықтай жойылуы. Осы орталықтардың бұзылу салдары сөйлеу тілінің қалыптасуына да әсерін тигізеді. Бұл бұзулардың себептері мынадай: жұқпалы аурулар, интоксикациялар, ана мен баланың резус факторларының сәйкес келмеуі немесе қан топтарының сәйкес келмеуі болып табылады [1].

Балалар церебральді сал ауруы кезінде 80% - ға жуық жағдайда сөйлеу патологиясы диагностикаланады, бұл ретте сөйлеу бұзылысының деңгейі сал түріне байланысты. Ауызша сөйлеу тілінің бұзылуы - баланың айналасындағылармен қарым-қатынасына кедергі келтіреді, сонымен қатар, мектеп пәндерін меңгеруде көптеген қиындықтарға әкеледі.

Баланың тілін дамыту үшін оңтайлы әлеуметтік жағдай жасау маңызды рөл атқарады. Сөйлеу тілінің барлық осы ерекшеліктерін ескеріп, түзететін логопед - мұғалім болып табылады. Бірақ бұл бұзылыстар тұрақты сипатқа ие болғандықтан, бұл мәселеге кешенді емдік тәсілдер арқылы балаларды оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Оқу процесі ауызша сөйлеу тілінің негізінде қалыптасады және сөйлеу тілінің дамуының ең жоғарғы кезеңі болып есептеледі. Өзіндік психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқу процесі ауызша сөйлеу тіліне қарағанда қиын болады. Оқу - күрделі психофизиологиялық процесс. Оқу әрекетінде көру, есту анализаторлары, сөйлеу аппаратының талдауыштары қатысады.

Оқу әріптерді көріп қабылдаудан, ажыратудан, танудан басталады. Осының негізінде әріптердің тиісті дыбыстармен сәйкестендіру барысында сөз дыбысталады, яғни сөзді оқиды. Дыбыстық сәйкестендіру барысында сөзді оқу оның мағынасымен қатар, оқылып отырған мәтінді түсіну басталады. Демек, оқу процессінің екі жағын атап өтуге болады: техникалық (жазылған сөзді көру арқылы оны дыбыстау) және мағыналық, оқу процессінің басты мақсаты болып табылады. Оқу процесінің осы тараптары арасында тығыз, ажырамас байланыс бар.

Әр дағдының қалыптасуы секілді, оқу процесі де қалыптасу барысында бірқатар кезеңдерден өтеді. Т.Г.Егоров оқу дағдысының қалыптасуының 4 сатысын бөледі:

- 1) дыбыстық-әріптік белгілерді меңгеру;
- 2) буындап оқу;
- 3) синтетикалық оқу тәсілдерінің қалыптасуы;
- 4) синтетикалық оқу сатысы.

Олардың әрқайсысы өзіндік ерекшелігімен, сапалы ерекшеліктерімен, психологиялық құрылымымен, өзінің қиындықтарымен, міндеттерімен және меңгеру тәсілдерімен сипатталады [2].

Церебральді сал ауруында оқу және жазу дағдыларын меңгеру қиындықтары, сонымен қатар, көріп қабылдау жүйесінің бұзылуы, оптикалық-кеңістіктік көріністердің жеткіліксіз дамуы, фонематикалық қабылдау және ұсақ моториканың бұзылуы салдарымен байланыстырады.

Көріп қабылдаудың бұзылуы кезінде бала жазбаша тілді меңгереді, бірақ әріптердің бейнесін есте сақтамайды, оларды оқу және жазу кезінде шатастырады (әсіресе жазуы ұқсас әріптерді), жазудың қатарын әрең ұстап тұрады және тақтадан, кітаптан мәтіндерді қиындықпен, өте баяу, көптеген қателіктермен көшіреді.

Оптикалық-кеңістіктік көріністердің дамуының жеткіліксіздігі, балаларға "жұмыс жолы", "қызыл жол", "сол жақ - оң жақ", "сол жақ жоғарғы бұрыш", "оң жақ төменгі бұрыш" ұғымдарын есте сақтауда қиындықтарға ұшыратады. Яғни, кеңістікті бағдарлауда және парақтың жазықтығында бағдарлауда қиындықтар туындайды. Әріптердің сай емес жазылуы, элементтердің өз өлшемдеріне сәйкес жазылмауы байқалады.

Фонематикалық қабылдаудың бұзылуы оқу кезінде және басқа ауызша пәндерде ауызша нұсқауларды, яғни ауызша айтылған тапсырмаларды толық көлемде түсінбеуі болып табылады. Жазу кезінде де дыбыстардың дыбысталуына ұқсас (б-п, в-ф) әріптерді алмастырып жазу немесе тастап кету, буындарды орындарымен ауыстыру, жоқ дыбысты сөзге қосуда көрінеді.

Әдетте, церебральді сал ауруы бар балаларда қолдың ұсақ моторикасының бұзылуы және дамымауы байқалады. Бұл жазбаша тілді меңгеру барысында көрінеді:

- қол білезік бұлшық еттерінің белгілі бір күйге енуі, кейде қолдың өзі;
- қол білезік бұлшық еттерінің регидтілігі;
- қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстамау;
- ауыр жағдайларда жазбаша сөйлеу тілін меңгерудің мүмкін еместігі.

Логопедиялық жұмыс балалардың жеке мүмкіндіктерін, қиындықтарын есепке алатын түрлі түзету іс-шаралардан тұруы қажет. Сонымен қатар, сөйлеудің психологиялық қалыптасуына (қабылдаудың барлық түрі, назар аудару, есте сақтау, ойлау), дыбысты дұрыс айту, дыбыс және дыбыстық-әріптік талдау, сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жағына ерекше назар аудару қажет.

Түзету жұмыстарының негізгі бағыттары болып: көру және естудің дұрыс қалыптасуы, сөйлеу моторикасының дамуы (тыныс алу, дауыс, артикуляция), дифференциалды қол моторикасы, фонематикалық есту және дыбыстық талдау; кеңістікті бағдарлау және көру-моторлық координациясы, сөйлесуге қажет тілдік мүшелер мен тілдік операциялар; өзін-өзі ұстау, ойлау процесі (анализ, синтез, салыстыру) жатады.

Ресейлік ғалымдардың пікірінше (Б.Г.Ананьев, Т.Г.Егоров, Р.Е.Левина, Н.И.Жинкин және т.б), егер бала дыбыстарды дұрыс айтатын болса, оқу дағдысын үйрету оңай болады, әрі тез қалыптасады. Осыған байланысты логопедиялық түзетудің маңызды бөлігіне сөйлеу моторикасы негізінде дыбысты дұрыс қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу моторикасының дамуы дыбысты дұрыс айтуды түзетуде қимыл-кинетикалық базаны қалыптастырады. Түзету жұмыстарында дыбысты қоюда негізгі орынды артикуляцияның, дауыстың, тыныс алу бұлшықеттерін даяр болуы ескеріледі. Ол үшін әр баланың қимыл-қозғалыстық бұзылысын ескеріп даярланған арнайы логопедиялық жаттығуларды қолдануға болады [3].

Оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін ойындар: "Қандай әріптер жоқ болып қалды?", "Қандай әріптер орындарымен ауысты?", "Қандай әріп қосылды?", "Қай әріп екенін тап", "Қай буын артық?", "Қай буын жоқ болып қалды?", "Қай буын қосылды?", "Сөздің соңын ата", "Буыннан сөз жина", "Артық сөзді тап".

Сонымен қатар, мұндай жаттығулар БЦС-ы бар бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу барысында ойлау белсенділігін жоғарлатады. Балалардың сөздік қоры кеңейіп, нақтыланады, сөз құрау және сөз өзгерту дағдылары қосылады, орфографиялық зеректігі, артикуляциялық аппараттың қозғалуы пысықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Коррекционная работа с детьми с церебральным параличом / Е.Ф.Архипова. - М.: Просвещение, 1989.-79 с.
2. Егоров, Т.Г. Психология овладения навыком чтения / Т.Г.Егоров. - М., 2003.
3. Нарушение речи у детей с церебральным параличом / Мастюкова Е.М, Ипполитова М.В. - М.: Просвещение, 1985. - 192 с.

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ ЕГІЗ

ҚАПАНОВА Ж.Қ.

Қарағанды қаласы

КМҚК «Қарлығаш» бөбекжайы

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады. Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни

ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды.-

Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деп ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби айтқан екен. Балалармен жұмыс жасау - үлкен бақыт, бала ешнәрсеге алаңдамай мейрімділікке сенеді, құпияларын айтып сенім артады. Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ сол өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, балаларымның ыстық ықыласын, үміт толы көздерін, шын жүректен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Осы бір «Балалықтың мекенінде» көзін ашып тұнығына қану үшін, тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және тәрбиешіге тең ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу сезімі болу керек екенін түсіндім. Осындай тынымсыз еңбектің жемісін көру үшін, тәрбиешінің бойынан – жігерлік пен еңбекқорлықты қажет ететінін айқын аңғардым.

Балалар – өмір гүлі. Балалар – періштелер әлемі. Сондықтан бала жүрегіне жылылық ұялатып, қабілетімен дарынын ашу әр тәрбиешінің алдына қойған басты міндеті деп түсінемін. Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Тәлім –тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. «Отан отбасынан басталады» демекші, ата-аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар қауымы болып бірге атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Ал моралдық жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз- адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі – имнадылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға үлкендерге қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жанына сыпайылық, кішіпейілділік қағидаларын үнемі сіңірумен болған. Жастарды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық қалай иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң – мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, отаншыл азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді.Бүгінгі ұрпақ – еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз –қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға өсіру.Жеке тұлғаның өзін қоршаған ортадан тәрбиені бойына сіңіріп өсуін, өсімдіктің күн сәулесі арқылы өскені сияқты қарастыруымызға болады.Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса, тәрбие тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өсіреді. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ.

Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қошаған ортасына, мұғаліміне, ата-анасына, құрбы -құрдастарына, олардың іс-әрекеттеріне

және де басқа да қасиеттеріне байланысты. Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге - өсиетін сабақта ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын. Әке-шешесі жақсы болса, балалары да жақсы тәрбие алып өседі. Бұл сөздерді біз өте жиі естісек те, соншалықты жиі «жақсы әке-шеше» деген сөз қандай мағына беретінін түсіндіре алмаймыз. Әке-шеше болатын адамдар жақсы ата-ана болу үшін арнайы әдебиеттерді оқу немесе тәрбиенің ерекше тәсілдерін үйрену керек деп ойлайды. Әрине педагогикалық және психологиялық білім керек, бірақ бұл әдетте жеткіліксіз болып табылады. Адамның қандай да бір іс-әрекетін бағалағанда көбінесе біз белгілі бір нормалар мен идеалдарға сүйенеміз, тәрбие іс-әрекетінде мұндай нормалар жоқ. Әйел болуды, күйеу болуды үйренген тәрізді немесе қандай да бір жұмыста шеберлікке үйренген тәрізді әке-шеше болуды да үйренеміз. Жақсы әке-шеше болуда қандай да бір әрекет түрінде қателіктер, сенімсіздіктер, сәтсіздіктер, жеңілістер сонымен қатар жеңістер де болуы мүмкін. Отбасындағы тәрбие сол өмірдің өзі болып табылады. Және де біздің жүріс -тұрысымыз, тіпті біздің балаға деген сеніміміздің өзі де күрделі, бірқалыпсыз, кейде қарама-қайшылықта болып келеді. Балалар бір-біріне қаншалықты ұқсамайтын болса, әке мен шеше де бір-біріне соншалықты ұқсас емес. Баламен қарым-қатынас та терең индивидуалды және бір-біріне ұқсамайтын болып келеді. Әке-шешенің көбісі балаға жақсы көретінін білдіртпеу керек деп ойлайды. Олардың ойынша баланы тым жақсы көру олардың ерке болуына, өзімшіл болуына әкеп соғады деп ойлайды. Бұл ойды жоққа шығару керек. Осы жағымсыз тұлғалық қасиеттер керісінше, осы балаға деген махабаттың жетіспеушілігінен пайда болады. Баламен үнемі терең психологиялық байланыс орнату – тәрбиенің әмбебап шарты болып табылады. Бұндай байланыс балаға қай жаста болса да керек. Ата-анасымен байланысты білу, сезіну – балаға әке-шеше махаббатын, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді. Осыған баланы сендіру керек. Тәрбие диалогын қалай құру керек. Оның психологиялық сипаты қандай болу керек. Ондағы басты мақсат – ортақ мақсатқа бірге талпыну, әр түрлі ситуацияларда әке-шеше мен баланың біржақты бағыт ұстануы болып табылады. Бұл көзқарастар мен бағалаудың міндетті түрде бірдей болуы керек деген сөз емес. Көбінесе әке-шеше мен баланың көзқарастары сәйкес келе бермейді. Дегенмен мәселелерді шешуде екі жақ бір бағытты ұстанатын бала әрқашан білуі, түсінуі керек. Бала әке-шешенің тәрбиелеу объектісі емес, ортақ отбасылық өмірдің одақтасы болу керек. Сондықтан отбасылық өмірге, мақсаттар мен жоспарларға ортақтас болғанда ғана біржақты тәрбие жойылып, маңызды диалог құрыла бастайды.

Диалогтық тәрбиелік қарым-қатынастың ең басты сипаты – бала мен ересектің позицияларын тең деңгейде қоюы болып табылады. Тәрбие диалогтан басқа өте бір маңызды ереже бар. Әке –шеше мен бала қатынасының бұл жағы психологиялық тілде – баланы қабылдау деп аталады. Қабылдау сөзінің мағынасы – баланың индивидуалды болуына, басқаға және әке-шешесіне ұқсамайтын болуына деген құқығын қабылдау. Баланы қабылдау – баланың өзіне сай ерекшеліктерін, тұлғалық қасиеттерінің жақсы жақтары мен жаман жақтарын бірдей қабылдай білу. Ең алдымен әке-шешенің баламен қарым-қатынасын бағалауына назар аудару керек. Оның мінезінің ерекшеліктері мен тұлғалық қасиетіне жағымсыз баға беруден міндетті түрде бас тарту керек. Өкінішке орай көптеген әке-шешелерде «Өй, миғұла қолыңнан түк келмейді, басқа балаларға қарашы қандай, а!», «Неге ғана сені өмірге әкелдім екен?» сияқты сөздер әдетке айналып кетті. Отбасында баланың жан-жақты өсіп дамуы үшін қажетті жағдай – еңбек. Бала еңбегінің негізгі түрі – оқу. Баланың жақсы оқып, табиғат пен қоғам өміріндегі заңды құбылыстарды жан-жақты түсінуді – оның болашағына жол ашады. Көп балалы отбасыларында баланы тәрбиелеу үрдісі анағұрлым жеңіл әрі нәтижелі болмақ. Себебі онда балаларды болашақ өмірдің қиындықтарына дайындау қызметі жақсы атқарылады. Балалар бақшасында, мектепте көп баланың ішінен мұндай отбасынан шыққан сәбиді не жасөспірімді ешбір қиындықсыз оңай ажыратуға болады. Бұл балалар биязы, пысық, іске икемді, өз бетімен жұмыс істей алатын, көбінесе оларда жүрек жылылығы, басқаға деген қамқорлық басым, менмендік, өзімшілдік аз. Олардың сабақ үлгерімі де отбасындағы жалғыз балалар үлгерімінен аз да болса ерекшеленіп тұрады. Көптеген зерттеу жұмыстарының нәтижесін қорытындылай келе, көп балалы қазақ

отбасыларында тәрбиелеудің жеңілдігі мынадай төрт бағытта жүзеге асырылады деп тұжырым жасауға болады:

1. Балаларды отбасында ерте кезден үлкенді сыйлауға үйретеді. Олар әртүрлі жолмен жүзеге асырылады. Ең бірінші жолы – ата-аналардың өз өнегелері. Содан соң отбасылық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, әр түрлі нанымдар мен тыйымдар және т.б;
2. Отбасындағы балаларға жүйелі түрде өз бауырларына қамқоршы да көмекші болу керектігін, олардың болашағына жауапкершілікпен қарауды түсіндіріп, сендіріп отырады;
3. Балаларды өз бетінше еңбектенуге, қоршаған ортаға, адамдарға үнемі көмектесуге дайын болуға тәрбиелеп, адамдық қасиеттер негізін қалайды;
4. Жастайынан өнерге баулып, шығармашылық қабілеттілігін (сөз шешендігі, қарым-қатынас мәдениеті, күй, ән т.б.) қалыптастырады.

Кейбір отбасыларында тәрбиелік маңызы бар өзінше қалыптасқан дәстүрді байқауға болады. Осы дәстүр отбасындағы күнделікті еңбек әрекетін жолға салып, тәлім-тәрбие жұмысын жоғарылатып, жақсы сапаға жеткізеді. Баланы жан-жақты дамытып, ынталы, жігерлі болуын жетілдіру мақсатында жүргізілетін жұмыстарда, әсіресе, отбасының рөлі зор.

Қорытындылай келе, тәрбиедегі ең басты ережелер – балаға керекті кезде назар аудару білу, оған деген махаббатты қай жаста да көрсете білу, оның көзқарастарын ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады дегім келеді. Сонымен жаңа ғасырда, қоғам мүддесіне сай лайықты жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру отбасының, балабақшаның, мектептің, барша жұртшылықтың міндеті болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Мұқанов «Ақыл – ой өрісі» - Алматы 1980ж
2. Нысанбаев.Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы Алматы.
3. 2. Мектепке дейінгі білім-тәрбие. 2017ж №6

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

АДИЛОВА Н.С., МАЖИМОВА Ә.Б.

Қарағанды қаласы
КМҚК «Қарлығаш» бөбекжайы

Есептеуді санамақтап айтуды,
Үйрететін жаңа пәннің бар мұнда
Шабыт берер ойың менен санаңа
Талант көзін ашар барлық балаға.
Есептеуге жүйрік болсаң жасыңнан,
Математикаға орын берсең басыңнан
Барлық ғылым соған үйір болады
Досың солар- табылатын қасыңнан.

Балалардың зейінін тұрақтандыру, қабылдауын және танымдық қабілетін жоғарылату. Оқу іс-әрекетіне, ойын әрекетіне белсенді қатысу шығармашылық ізденіске талпындыру жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану. Сабақты қызықты өткізу үшін қосымша материалдар пайдаланамын, сол себепен мен өзімнің тәрбиелеп жүрген балаларыма оқу тәрбие үрдісінде болып жатқан жаңалықтарды пайдаланғым келеді. Мектеп жасына дейінгі балалар кішігірім математикалық терминдер, геометриялық пішіндердің атауларын (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша) және олардың элементтері (қыры, бұрышы) болатынын, қосу, алу тең ұғымдарын үйренеді. Сонымен қатар балалардың математикалық білімге деген қызығушылығы артады, берілген есепті шешуге өз күш (ерік), жігерін жұмсайды. Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне (пішініне, түсі т.б.) қарай талдау, сараптау, салыстыруға, кеңістікті бағдарлап, салыстырмалы түрде ойлай алады.

Әр шаңырақтың үміті болып өсіп келе жатырған алдымдағы әрбір шәкіртімнің бабын таба білу, жүрегіне ел, ұлт деген ұғымды ұялатып, жан шырағын жаға білу. 4-5 жас аралығындағы балалар болғандықтан оң-сол, жоғары -төмен, алыс- жақын деген негізгі ұғымдарды меңгергенімен алыс- жақын, биік- аласа, көп -аз, үлкен- кіші ұғымдарын шатыстырып, 0- ден 5-ке дейінгі сандарды тура санағанымен кері санау және сандарды таңбасына қарай ажырату қиын болды. Өзіме ыңғайлы болу үшін, 1-ші қатарға 3 деңгейді бірдей уақытта орындайтын балаларды отырғызамын, 2-ші қатарға 2 деңгейлі бірдей уақытта орындайтын балаларды, 3-ші қатарға 1 деңгейді ғана орындайтын балаларды отырғызамын. Бұл балалардың тапсырмаларды қызыға, ынталана орындап, кез- келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге болады деп ойлаймын.

Балабақшаның басты міндеттерінің бірі бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын жан-жақты дамыту. Бұл кезең баланың іс әрекетінің қалыптасуымен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгілде балаларға берілетін білім ең алдымен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс. Таным ең алдымен сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну үдерісі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды, Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты, бала заттың санын, затты салыстыру (көлемін) теңістіру, орналасуын, саны мен сыңарын белгілеріне қарай табу тәсілдерін меңгереді.

Баланың ойлауына, бала белсенділігіне, сөздік қорын дамытуға, баланың өзіндік пікірінің қалыптасуына мүмкіндік жасайтындығын айтып жетістікке жетуі. Баланың өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой- өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, бірте - бірте мұғалімнің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығуын танытып, баланың шығармашылық қабілеті ұшталыады. Оның ішінде ерекше бір жағдай: топта көп сөйлемейтін, ойлау дәрежелері төмен балалардың да қызығушылығы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысуы байқалды, сөйтіп жаңа әдіс - тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда ойын технологиясын пайдалану қажет. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болғандықтан, әрбір педагог ойын технологиясын жетік меңгеруі тиіс деп санаймын. Ойын барысында балалар тілдесу ережелерімен танысады. Біз балаларға әр түрлі тапсырмаларды береміз, тапсырмаларды орындау барысында мыналарды үйренеді :

- заттардың белгілерін сипаттау ;
- берілген белгілері бойынша заттарды тану ;
- заттардың бірдей және әр түрлі қасиеттерін анықтау;
- заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай жіктеу дағдыларын қалыптастыру;
- іс -әрекеттердің бірізділігін анықтау;
- өз қызметінде уақытша жақтауларды көру;
- кеңістікте, қағаз бетінде бағдарлау ;
- жалпылау, зейінді болу ;
- есте сақтау қабілетін, қолдың кіші моторикасын дамыту;
- әр түрлі түсініктерге анықтама беру :
- тапқырлықты және ұғымталдықты дамыту.

Мұндай технологияларды қолдану-біріншіден оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы арта түспек деп ойлаймын. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді пайдалану қазіргі заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2008 ж. 7 ақпан.

2 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 2003 ж. 23 желтоқсан

3 Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий: Оқу – әдістемелік құрал, 2014. 32 бет

4 Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде оқыған лекция - Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.

5 Жүнісбек Ә. «Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі-сапалы білім.-// Қазақстан мектебі, 2008, №4 саны. 33бет.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕЙІНГІ БУЫННЫҢ ҚОЛЫНДА КОНАРБАЙ А.А

КТУ «Основная средняя школа №64» г. Караганды

Біз - Тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Елбасының жылдағы халыққа Жолдауын оқып, қолдап отырамыз. Тәуелсіз еліміздің жетекші күші - жастар екендігі ақиқат. Жолдауда жоғары оқу орындарынан мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет етуі мәселесі қоғамда аса маңызды екені айтылған. Жолдауда бүгінгі қоғамның жауапкершілігі мен ертеңгі ұрпақтың тағдыры бар.

Өзім жас ұстаз болған соң Елбасының білім саласына қатысты айтқан сөздеріне үлкен назар аударамын. Жолдауда білім саласы басты назарда екені байқалады. Ұстаз еңбегі жеңіл емес. Еңбегіне қарай жалақысының да жарытымды болғанын кез – келген ұстаз құптар

еді. Жалақының көтерілуі мұғалімдердің жұмысқа деген құлшынысының артуына себепші және жауапкершілік жүктейді. Сондықтан мектептегі ұстаздар еңбекақыны көтеру туралы шешімді жылы қабылдады. Бұл шешім ұстаздардың кәсіби біліктілігін одан әрі жетілдіруге ынталандырады. Елбасы Жолдауында "...оқытудың жаңаша мазмұнын меңгерген ұстаздардың жалақысын 30%-ға көтеру" көзделген. Мұнда әрине, оқытушылардың біліктілігін қажет етеді. Әсіресе, мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты 30 пайыздан 50 пайызға дейін өсетіні туралы хабарды халық ерекше ықыласпен қабылдады.

Жолдауда білім саласының барлық сатылары бойынша нақты міндеттер айқындалған. Мысалы, Президент орта мектеп, колледж, ЖОО үздік оқытушыларының бейнесабақтары мен бейнелекцияларын ғаламторға орналастыру керек екенін атап өтті. Бұл еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұстаздарға қолжетімді болатын еді әрі біз сияқты жас мамандарға тәжірибе жинауға көмектесетін еді. Елбасы сонымен қатар, білім берудің жаңа сапасына тоқталды. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы – өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту екенін жасырмады.

Білім беру саласын өзгерістер мен жаңашылдықтар күтіп тұр. Соның бесеуіне тоқталсам: оқушыларға берілетін тапсырма азаяды. Елбасы оқушылардың жүктемесін төмендетуді тапсырды. Өңірлердегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлер, лабораториялар және 3D-принтерлер секілді барлық қажетті инфрақұрылымы бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісі құрылады.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттары енгізіледі.

2019 жылдан 10-11 сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндері ағылшын тілінде оқытылады.

2021 жылы орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға (мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар) көшу аяқталады.

2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесі әзірленеді.

Болашақтағы жаңалықтардың бәрін тек білімді адамдар жасай алады. Біз жас маманбыз. Мемлекет басшысы жастарға сенім білдірді. Биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялап, жастардың басын қосқан үлкен жиын өткізді. Бұл жиында Президент Н.Назарбаев Үкіметке Жастар жылында жүзеге асуы тиіс нақты тапсырмалар жүктеді. Таратып айтсам: ірі қалаларда жұмыс істейтін жас отбасыларды баспанамен қамту, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға көшіп баратын жастардың жәрдемақысы бұрын 70 айлық көрсеткіш болса, соны 100 айлық есептік көрсеткішке дейін көтеру, алдағы уақытта дәрігер, мәдени саладағы жұмыстар, ұстаздық сияқты мамандықтарды таңдау керектігін, жастардың үлкендерге жанашыр және қамқор болу керектігін айтып, ел келешегіне үлкен сенім артты.

Алдағы уақытта бізде білімімізді жетілдіріп, жан-жақты тәжірибе жинақтап, білім саласына, елімізге теңізге құяр тамшыдай болса да өз үлесімізді қосамыз деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

РОЛЬ ПЕДАГОГА, ВОСПИТАТЕЛЯ, НАСТАВНИКА В РАЗВИТИИ И ДУХОВНОМ САМОСОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ЧЕЛОВЕКА

ИДРИСОВА З.М.

КГКП «Ясли – сад «Бақыт» акимата г.Караганды

ГУ отдела образования г. Караганды

zarina.idrisova.1994@inbox.ru

«Самый лучший учитель для ребенка тот, кто, духовно общаясь с ним, забывает, что он учитель, и видит в своем ученике друга, единомышленника. Такой учитель знает самые сокровенные уголки сердца своего воспитанника, и слово в его устах становится могучим орудием воздействия на молодую, формирующуюся личность. От чуткости учителя к духовному миру воспитанников как раз и зависит создание обстановки, побуждающей к нравственному поведению, нравственным поступкам». Вопросы духовно-нравственного развития, воспитания, совершенствования человека волновали общество всегда и во все времена. Особенно сейчас, в наш стремительно развивающийся технически и инновационно век. Я не буду окунаюсь глубоко в историю педагогики, рассмотрю лишь ближайшее столетие. В начале 19 века учителя пользуются безусловным авторитетом. К ним идут за советом, их мнение самое правильное, принимаемое безоговорочно. С приходом советской власти меняются идеалы и приоритеты, но профессия «учитель» остается по-прежнему одной из престижных и уважаемых. В 90-е годы прошлого века, с расколом СССР, почти полностью происходит распад системы образования. Теряются духовно-нравственные идеалы, а на первое место выходят материальные ценности. Это связано не только с реалиями социальной жизни, но прежде всего с утратой прежних основ и ценностей воспитания. Профессия «педагог» потеряла свою актуальность и престиж. Но очень отрадно отметить, что именно 21 век стал той точкой отсчета и возрождения духовно-нравственного воспитания. Обращение государства и системы образования к идее духовно-нравственного воспитания как основного условия возрождения современного общества и человека не случайно. Нравственная деградация, прагматизм, утрата смысла жизни и культ потребления, подростковая наркомания и алкоголизм - вот те характеристики состояния современного общества и человека, которые свидетельствуют о духовном кризисе общества и утрате духовного здоровья личности. С одной стороны, духовный кризис - глобальное явление, которое связывают с преобладающим характером развития человеческой цивилизации. «Современное постиндустриальное общество, ориентированное на максимальное потребление материальных благ и преобразование окружающего мира для более полного их удовлетворения, породило особый тип технократической личности - «кибернетического человека» (Э.Фромм), интеллектуально развитого и технически образованного, но неспособного к подлинно человеческим отношениям и духовно отчужденного от мира природы и человеческой культуры». В настоящее время все еще обучение и воспитание осуществляется в разных направлениях (трудовое, физическое, культурное, эстетическое, интеллектуальное), разделив его на части, как будто личность состоит из отдельных частей, которые можно по отдельности обучать и воспитывать. В чем же заключается сущность духовно нравственного воспитания?. И почему мы настаиваем на единстве духовного и нравственного, а не обращаемся к одному этих понятий?. В воспитании своих учеников я придерживаюсь следующего правила из: «Истинная нравственность растёт из сердца при плодотворном содействии светлых лучей разума. Её мерило - не слова, а практическая деятельность» (В. Белинский). Каждый человек - это уникальное творение. Он неповторим, индивидуален и имеет своё предназначение. Одной из своих педагогических задач считаю помощь в поиске каждым ребёнком своего личного предназначения в жизни. «Что такое нравственность? В чём должна состоять нравственность? В твёрдом, глубоком убеждении, в пламенной, непоколебимой вере в достоинство человека, в его высокое назначение.

Это убеждение, эта вера есть источник всех человеческих добродетелей, всех действий», - писал В. Белинский. Сегодня эти мудрые мысли особенно актуальны.

Духовность, на мой взгляд, - качественная характеристика сознания и самосознания личности, отражающая целостность и гармонию ее внутреннего мира, способность выходить за пределы себя и гармонизировать свои отношения с окружающим миром.

Она определяется не столько образованностью, широтой и глубиной культурных запросов и интересов, сколько предполагает постоянный и непрекращающийся труд души, осмысление мира и себя в этом мире, стремление к совершенствованию себя, преобразованию пространства собственного внутреннего мира, расширению своего сознания. Это и особый эмоциональный строй личности, проявляющийся в тонких

движениях души, обостренном восприятии всего, что окружает человека, в способности к высоким духовным состояниям и установлению тонких духовных связей между людьми, в основе которых -чуткое отношение к человеку, забота о его духовном росте и благополучии. Недаром значение слова «дух» -(лат. spiritus) -дуновение, тончайший воздух, дыхание. По мнению русских философов (И. Ильина, В. Соловьева, Г. Федотова и др.), истинная духовность не существует вне нравственности. Высшая духовность невозможна без душевности -эмоциональной чуткости, отзывчивости, способности к эмоциональному отклику: жалости, состраданию, любви к ближнему. Я считаю, что каждый ребёнок вправе выбирать краски и кисти в созидании своей судьбы. Но ему нельзя позволить «хватать» первое попавшееся. Он должен увидеть всё. Задача педагога: направить ребёнка к краскам и кистям -Доброго, Вечного, Прекрасного, а какие оттенки им будут выбраны -решать только ему. В заключении хочу подчеркнуть свою конечную цель: заложенные мудро, ненавязчиво духовно-нравственные принципы станут фундаментом личности творческой, думающей, созидательной, будут потребностью и неотъемлемой частью достойного человека. В духовно-нравственном воспитании школьников первостепенное значение имеет духовная атмосфера школы, а не чрезмерное наличие правил и требований. Бездуховный учитель, владеющий самыми современными методиками, не сможет раскрыть духовно-нравственные начала у своих воспитанников. Следует не только передавать нашим юным согражданам знания, но и формировать высокую внутреннюю культуру, светлые, добрые, нравственные человеческие качества. Как пишет в журнале «Педагогика» магистр богословия А.Е. Лихачев, «духовный заряд», наличие или отсутствие которого, в конечном итоге, и определяет процесс духовного воспитания, можно сравнить с вдохновением. «В его пламени преображаются все прежние движения души, весь накопленный опыт».Вдохновение, духовный заряд -явления, не управляемые ни самим учеником, ни его педагогом. Поэтому процесс духовного воспитания, по сути, не технологизируется. При этом, однако, реальность не должна пониматься как сиюминутная данность. Учет глубин исторического опыта, построение (а не сжигание) мостов от прежних поколений к нынешним и наличие, пропаганда, проповедь вечных ценностей, носителем которых является учитель. «Все человеческое в человеке должно быть воспитано» А.С.Макаренко. В процессе воспитания духовности у детей важную роль играет личность учителя, а потому и учитель должен быть высоконравственным и духовным человеком, верящим в своего ученика и любящим его. Он должен быть не просто педагогом, но и психологом, другом, старшим товарищем. Считаю, что основой духовно-нравственного воспитания, прежде всего, является духовная культура той среды, в которой ребёнок живет, в которой происходит его становление и развитие -это духовная культура семьи, детского сада, школы. Тот дух, который царит в семье и детском саду, школе, дух которым живут родители и педагоги - люди,составляющие ближайшее социальное окружение ребенка,-оказывается определяющим в формировании внутреннего мира ребенка.

Жизнь современной школы невозможна без деятельного участия родителей. Заинтересованность, увлечённость детей пробуждает интерес и у них, и это необходимо использовать, устанавливается неразрывная связь поколений.

Как классный руководитель ставлю перед собой задачи по воспитанию духовно-нравственных ценностей: изучение личности учащихся, их склонностей, интересов с целью оказания помощи и поддержки в духовно-нравственном саморазвитии и самоопределении. Считаю, что только в комфортных условиях ребёнок может проявить себя, выразить свою индивидуальность и раскрыть свои возможности. Определяющие моего видения воспитания -уважение к личности юного человека, его мнению, желаниям, интересам, сотрудничество в достижении познаний, ненавязчивое ведение в нужном направлении на основе чести и справедливости, терпения и милосердия, долга и патриотизма. В выражении своей я-концепции для меня важнейшим средством является любовь. «Вот мой секрет, он очень прост: зорко одно лишь сердце. Самого главного глазами не увидишь» эти слова Экзюпери так чётко дают понять, что нужно учиться любить самому и учить детей любить то, что нас окружает: дом и улицу, где рос, родителей и друзей, утренний рассвет и вечерний закат, «жалобный стон» улетающих журавлей, запах сосновой смолы и скошенной травы. Только человек любящий, умеющий «видеть сердцем», даже если не будет слышать этого слова,

понимать его значение, вырастает патриотом своей Родины. Личный пример учителя - вот главное, чему верят дети. Только через личный духовно-нравственный пример учитель может раскрыть в своих учениках духовно-нравственные качества. Многому я научился у своих наставников, еще большему - у своих товарищей, но больше всего - у своих учеников. Талмуд. Самым важным явлением в школе, самым поучительным предметом, самым живым примером для ученика является сам учитель. Он - олицетворенный метод обучения, само воплощение принципа воспитания. Адольф Дистервег. Через систему духовно-нравственного образования и воспитания в школе уже закладывается прочная основа духовности и нравственности у учащихся, которая подготовит почву для становления их личности. «Духовный учитель» притча Р.Э.Наджеми

Духовный Учитель не должен становиться костылем, транквилизатором или необходимостью - тем, что подтачивает наши внутренние силы.

Духовный Учитель должен стать зарядным устройством, к которому мы подключаем свои аккумуляторы, когда они подсаживаются. Но когда аккумулятор заряжен и автомобиль заведен, мы отсоединяем зарядное устройство и существуем на собственной энергии.

Или же Духовный Учитель подобен человеку, который помогает нам, толкая машину, чтобы завести двигатель, после чего мы можем двигаться самостоятельно.

Духовный Учитель незаменим в начале. Поначалу двигаться вперед самостоятельно будет довольно трудно. Позднее он становится помехой, потому что нам нужно испытать свои собственные силы, свою мудрость и свою прямую связь с Божественным.

Высший показатель работы учителя, так мне кажется - когда ученик превзошел своего учителя. Самой важной на мой взгляд задачей в духовно-нравственном образовании и воспитании является помощь своим ученикам в раскрытии общечеловеческих ценностей с Любовью со стороны учителя.

Подводя итог своим рассуждениям о роли учителя в духовно-нравственном воспитании личности ученика, хотелось бы еще раз отметить, что воспитание направлено на "возвышение сердца" ребенка как центра духовной жизни (И.-Г. Песталоцци). Оно, - по мнению Т.И. Петраковой, - представляет собой процесс организованного, целенаправленного как внешнего, так и внутреннего (эмоционально-сердечного) воздействия педагога на духовно-нравственную сферу личности, являющуюся системообразующей ее внутреннего мира». Где главным является вдохновляющий пример учителя.

Используемая литература:

1. Научный журнал «Молодой ученый» 2011. - №3. Т.2. - С. 110-115. <http://moluch.ru/archive/26/2776/>
2. Учительский портал <http://www.uchportal.ru/publ/26-1-0-5208> «Коллеги» - педагогический журнал Казахстана <http://collegu.ucoz.ru/publ/28-1-0-17451>
3. Цитаты и афоризмы об учителях и учениках <http://msosh.edusite.ru/p44aa1.html>
4. Петракова Т. И. Духовные основы нравственного воспитания <http://razom.znaimo.com.ua/docs/1105/index-42304..ru/html>
5. Современные притчи http://pritchi.in/pritchi_elias_hajemi/pritch
6. История педагогики: Н.А.Константинов, Е.Н.Медынский, М.Ф.Шабаева. - "Просвещение", Москва, 1982 г. <http://www.detskiysad>

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ

МАХАМБЕТӘЛИЕВА Р. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

ТАБЫНБАЙ Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті

Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

Білім алу – адамзат әрекетінің ең маңызды бір түрі. Ол білім мен тәрбиенің негізін қалайды. Білім алуда адамның ішкі мүмкіндігі мен қабілетінің дамуы, қалыптасу үрдісі

байқалады. Қабілет, бір жағынан, адамның білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудағы саналы әрекетінің нәтижесі болса, екінші жағынан, адамның табиғи – генетикалық ерекшелігімен тікелей байланысты. Осыған орай, қазіргі білім беру пирамидасында білім алушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарауға үлкен мән беріп отыр. Өйткені, әрекет дегеніміз – саналы мақсатқа тәуелді үрдіс. Демек, мақсатқа жетудің басты жалпы білім беруші мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті болып табылады. Осыған орай оқытуды екі жақты әрекетке, субъект – субъектілік, диалогтық қарым-қатынасқа құру мәселесі шешімін табуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді. Қазіргі уақыттағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшелігі баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқу технологияларын ұтымды қолданысқа алуы.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтылған өндірістері үшін кадрлар қорын жасауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз», - деп атап көрсетті. Бұл талаптар білім саласы қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді. Себебі әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады.

Қазіргі білім пирамидасы мен философиясының өзгеруі – білім беру жүйесі қызметкерлерін оқытудың ақпараттық және компьютерлік технологияларға негізделген сапасымен қарқындылығын қамтамасыз ету қажеттілігін талап етуде. Білім беру ұйымдары іс-әрекетінің негізгі нәтижесі тек білім, іскерлік және дағды жүйесі ғана емес, керісінше зиялы саяси қоғамдық, коммуникациялық, ақпараттық және басқа салаларындағы мемлекет тапсырыс беріп отырған негізгі құзыреттіліктердің жиынтығы.

Әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Мектептегі білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеті – оқушылардың жан-жақты танымдылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай алатын әр оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту. Әр мектеп білім беруді жоғары деңгейге көтеру мәселесін қолға алып, білім беру үрдісін басқару мәселесін жүзеге асыруда. Білім беру үрдісін басқару жүйесінің құрылымы жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Білім беру жүйесі – әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым.

Қазіргі таңда егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күн мектеп алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі өзгені де бағалай білуге үйретеді. Бұл

технологияның бір ерекшелігі сабақтың негізгі кезеңдерінің бәріне де оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Оқушының белсенділігін оның ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жадысы мен зейінін дамытып, қызығушылығын арттырады. Сабақ формаларының өзгеріп отыруы, әсіресе, топтық формалар оқушылар арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді. Оқушының тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуіне жетелейді.

Модульдік оқыту технологиясының негізі – модуль. Осы технологияны басшылыққа ала отырып, бағдарламада берілген тақырыптар логикалық бір жүйеге келтіріліп, модульдерге бөлінеді. Нақтылап айтсақ, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогына, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқаларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Қорыта айтқанда, модульдік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

САДЫКОВА З.С., ЖЕЛТАУОВА А.Т., АЙНАБЕКОВА Г.М.

Қарағанды қаласы, №68 мектеп-интернат
zarina_sadykova2013@mail.ru

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «ұстаздарды өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткеншектерді даярлау міндеттері күтіп тұр.[1] Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

Қазіргі таңда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде еруге батыл қадамдар жасалынууда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсат үйрете жүріп, үйрену.

Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үрдісіне енгізудің маңызы ерекше. Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады. Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шыңдай түседі.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті

мойынымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз-білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды.

Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез-келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан алдыма мынадай мақсаттар қойылады:

- жаңа технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- біздің еліміздегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды пайдалану.
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру және т.б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген [2].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз ұстаздың шығармашылығында ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, оқушының жүрегіне жол таба білуі. Нарық жағдайында ұстазға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Ұстаз үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Ұстаздың әрбір сөзі мен ісі қимылы, аяқ алысы, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегіне үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдану қажет етеді.

Қазақстан әлемдік қауымдастық қатарында басқа елдермен терезесі тең дәрежеге қол жеткізу үшін, жас ұрпақтың нұрлы болашағы үшін осындай қадамдарға бару қажет. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Бұрын оқу барысы ұстаздың басшылығымен ғана жүргізілетін болса, ал жаңа үлгідегі оқыту жүйесінде бұл тәсіл біршама өзгерді. Өз беттерінше ізденіп, топта, жұпта

ортақ шешімге келіп, қорытынды шығара біледі. Сондықтан қазіргі таңда әрбір ұстаздың да, оқушының да іс-әрекеті ерекше шығармашылық мәнге ие болуға тиіс.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық–коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз-оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Қазіргі ұстаздар алдында тұрған негізгі міндет: білімі терең ойлау қабілеті жетік, әлемдік стандарт негізінде жұмыс істей алатындай білімді тұлға даярлау. Мұндай талаптарға сай дәрежеде тұлға қалыптастыру үшін, ұстаздың өзі де кәсіби білімді маман болу керек. [3]

Мұғалім шеберлігі - ізденіс нәтижесі. Сондықтан, педагог-ғалым К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген. Бұл «Ұстаз» атты ұлы сұрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Қазіргі кезеңде елімізде білім мен тәрбие берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталауда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Сондықтан ұстаздардың оқу-тәрбие процесінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу, әрбір тұлғаның білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылықпен еңбек етуіне жол ашу әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзі Елбасы Н.Ә.Назарбаев, 2017 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.
3. Қазақстан мектебі №10, қараша 2018 жыл.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАСТАР

МЕНДИБАЕВА М. Б.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты оқытушысы, магистр

**ДІЛІМБЕТ ӘЙГЕРІМ АСЫЛЖАНҚЫЗЫ, ҚОНЫСБАЙ ГҮЛЖАМИЛА
ҚОНЫСБЕКҚЫЗЫ**

Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенттері

Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойы тыңдаушыға ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады.

А.Байтұрсынұлы

Қазіргі заман талабына сай «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда білім беруді жаңашаландыру – оқу-тәрбие үдерісін даралау, демократияландыру – жаңа тақырыпты оқушылардың өздері меңгере алатындай білім беру, ізгілендіру, түрлендіру тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. «Өркениеттің мақсаты – адамды ойлауға үйрету» деп атақты ғалым Т.А.Эдисон айтқандай, мектептің де, оқылатын пәндердің де басты мақсаты - оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Кез келген пәнді оқытудағы мақсатқа жету үшін мұғалім мен оқушының өзара байланыстары белгілі бір әрекет түрлері арқылы іске асырылуы керек. Әдебиет сабағында оқушының тілін дамытуға арналған жұмыс түрлеріне көбірек көңіл бөлінеді. Бұдан күтілетін нәтиже оқушылар бойында коммуникативтік және әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешу құзыреттіліктері және бірте-бірте оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Біз «Қазақ тілі мен әдебиеті» біліктілігі бойынша білім аламыз. Колледж қабырғасында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын дәріптеу түрлі жолдармен жүзеге асады. Осы мамандыққа қарасты «Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл-танымдық» кабинеті жұмыс жасайды. Кабинетте «Лингвист» үйірмесінің белді мүшелері түрлі шаралар ұйымдастырып, ғалымның еңбектері талқыланады. Дәстүрлі «Ахмет оқулары» өткізіліп тұрады. Ғылыми жобалар, зерттеу жұмыстары, баяндамаларды жазу жұмыстары автордың зерттеушілік еңбектерін негізге ала отырып жүзеге асып келеді.

Мамандығымыз бойынша мектеп қабырғасында өндірістік тәжірибеден өту барысында ақын шығармаларын оқытудың жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқытудың түрлі тәсілдерін қолданудамыз. Мектеп оқушысы танымдық белсенділігі жоғары, пікірін нақты жеткізе алатын, түрлі жағдайларда сыни көзқарас таныта алатын бірден бір тұлға.

Заманауи әдістерді дұрыс әрі тиімді қолдану – ұстаз шеберлігінде. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты - оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу болса, Ахмет шығармалары арқылы жас ұрпақты оқу-білімге шақыру, үндеу болып табылады. Жаңа педагогиканың ерекшелігі сабақтың мақсатына оқушылар жетеді, өздері бағалайды, егер сабақтың мақсатына барлық оқушы жетпесе, онда мұғалімнің өз қатесін дұрыстауына және барлық оқушыларға мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін стратегияны әзірлеуге мүмкіндігі мол.

Ақын шығармалары тарихымыздағы салмағы ауыр, маңызы зор еңбектер екені айқын. Оқу-ағарту идеясы – қайраткердің қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. Ахмет – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух деген – ұлттық намыс қой, қазақ екенін сезіну. Соны бастап берген, сары маса болып ызындап, бүкіл халықты «қазақпын» деп көтерілуге шақырғаны ерлік.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша тұлға. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақ халқының «рухани көсемі» болған А.Байтұрсыновтың ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді.

Халық санасын ояту жолын іздеген ақын ұлы Абай салған соқпақтан аударма жасау дәстүрін қолданады. Жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі халықтың білетін жан – жануарлар өмірінен алатын шығармаларды И.А.Крыловтың мысалдарын аудару арқылы қазақ халқының тұрмысына ыңғайлап, халықтың төл дүниесіне айналдырады. Өлең - мақалалары, бғылыми зерттеу еңбектері халық ағарту ісінде бірден – бір қажетті, өнегелі жолдың басы болған дүниелер. Ғалымды зерттеушілер қазақ елінің дамуына үлес қосқан ірі қайраткер ретінде танып түрлі пікірлер білдіреді. Мәселен, Р.Сыздықтың «Ахмет – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы» деген ғылыми мақаласы, А.Байжұманованың құрастырған «Ұлттың ұлы ұстазы» А.Байтұрсынұлының 130 жылдығына арналған әдістемелік құралы және т.б. осы тәріздес еңбектер жаңаша көзқарастардың қалыптасуына өз үлестерін қосуда.

А.Байтұрсынов қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Жас ұрпақтың сауатын ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұқты.

Ол – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіндіктер туғызған бірегей ғалым. Ағартушының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта-қайта басылуы сол кезеңдегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажеттілікке айналғанынан. Автордың ғылыми зерттеулер ғана емес, сол кезеңдегі сұранысты өтейтін өміршең оқулықтарының қалың бұқара игілігіне айналуы – білім беру саласындағы іскерліктің үлгісі.

«Жазу тәртібі» мақаласы оқу-ағарту ісіне арналған, ғылыми әрі тәжірибелік мәні зор еңбек. Мұнда қазаққа керек: «бірі – мұсылманша оқу, бірі – русша оқуды» басты мәселе етіп қояды. Ғалым араб таңбасының қажеттілігін былай дәлелдейді: «Арап әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байланысқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб дыбыстарын қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Мұның амалы менің ойлауымша мынау» дейді де, өзі түрлеген әліпбидің негізгі мазмұнын түсіндіреді.

«Орысша оқушылар» мақаласында қазақ еліндегі оқу-ағарту мәселесі туралы пікірін жазған. Негізгі тақырыбы – Орынбордағы Қазақ мұғалімдер мектебі туралы. Мақала мәтіндегі ғибратты сөздер: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?», «Балам деген жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» т.б. әлі күнге жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты кітабы әдебиет қисынына арналғанымен, онда қазақ фольклоры алғаш рет оқулық көлемінде зерттеліп, сипатталды. Зерттеу еңбегі «Көрнек өнерінің тараулары», «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн түрлері», «Сөз өнерінің ғылымы», «Тіл қисыны», «Сөз талғау», «Тіл әуезділігі», «Өлең шығару», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Қара сөз», «Дарынды сөз», «Ауыз әдебиеті», «Жазба әдебиеті» тәрізді бөліктерге бөлінген.

Сонымен қатар, зерттеу еңбегінде қазақ фольклорының эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді жанрлары алғаш рет іштей жіктеліп, олардың өзіндік ерекшеліктері, анықтамалары бірге берілді. А. Байтұрсынов оқулықтағы фольклорды тек мәтін ретінде ғана қолданбаған, сондай-ақ фольклорлық мәтінді өзінің тұжырымына, анықтамасына мысал ретінде алған.

Фольклортанушы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабының «Ауыз әдебиеті» атты тарауында тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрлық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы, фольклордағы тарих пен шындықтың арақатынасы т.б. - бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған.

«Аңдату» бөлігінде «Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе... Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді. Тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды» деп адам қолынан келетін түрлі істі өнерге теңейді.

Ахмет Байтұрсыновтың әдебиет саласындағы мұрасы ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының тарихында құрметті орын алады. Қазақ әдебиетінің сан түрлі тарауларына талдау жүргізуде, ізденуде – «Әдебиет танытқыш» еңбегінің маңызы өте зор.

Қазіргі кезде Ахметтану ғылымының іргетасын кеңейтіп, оның мұраларын халқымыздың, әсіресе, жас ұрпақтың игілігіне айналдыру-қазіргі таңда басты мақсат болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынұлы Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.
2. А.Байтұрсынұлы Маса: өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005.
3. А.Байтұрсынұлы Шығармалары. Алматы: «Өлке» баспасы, 2013.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА И ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

ЛОГОВСКАЯ Е.Ф., МОТОРЫГИНА И.Н.
КГУ «СОШ № 52 имени академика Е.А.Букетова»
E-mail: leiman.olga@mail.ru

Произошедшие в последние годы изменения в рамках обновления содержания среднего образования не оставили без изменений ни одну сторону школьной жизни. Пробивающие себе дорогу новые принципы личностно-ориентированного образования, индивидуального подхода, субъективности в обучении потребовали в первую очередь новых методов обучения. Цель проектного обучения состоит в том, чтобы создать условия, при которых учащиеся самостоятельно и охотно приобретают недостающие знания из разных источников. Инновационный поиск новых технологий приводит к пониманию того, что нужны деятельностные, групповые, игровые, ролевые, практико-ориентированные, проблемные, рефлексивные и прочие формы и методы обучения.

Одно из ведущих мест среди таких методов принадлежит сегодня методу поисково-проектной деятельности. Современные процессы образования ориентируют педагогов на создание условий, обеспечивающих индивидуальное развитие младших школьников. В основу применения метода проектов положена идея о направленности учебно-познавательной деятельности школьников на результат, который получается при решении той или иной практически или теоретически значимой проблемы. Внешний результат можно увидеть, осмыслить, применить в реальной практической деятельности. Внутренний результат – опыт деятельности – становится бесценным достоянием обучающегося, соединяя в себе знания и умения, компетенции и ценности. Темы проектов предлагаем учащимся из окружающей действительности, из жизни, а так же различные виды проектов:

- Игровые-ролевые проекты;
- Информативно-исследовательские- тематические презентации;
- Творческие проекты-сочинение загадок, ребусов, викторин..

В процессе проектной деятельности формируются следующие общеучебные умения и навыки:

1.Рефлексивные умения: умение осмыслить задачу, для решения которой недостаточно знаний; умение отвечать на вопрос: чему нужно научиться для решения поставленной задачи.

2.Поисковые (исследовательские) умения: умение самостоятельно генерировать идеи, т.е. изобретать способ действия, привлекая знания из различных областей; умение самостоятельно найти недостающую информацию в информационном поле; умение запросить недостающую информацию у эксперта (учителя, консультанта, специалиста); умение находить несколько вариантов решения проблемы; умение выдвигать гипотезы; умение устанавливать причинно- следственные связи.

3. Навыки оценочной самостоятельности.

4.Умения и навыки работы в сотрудничестве: умение коллективного планирования; умение взаимодействовать с любым партнером; умения взаимопомощи в группе в решении общих задач; навыки делового партнерского общения; умение находить и исправлять ошибки в работе других участников группы.

5.Коммуникативные умения: умение инициировать учебное взаимодействие со взрослыми – вступать в диалог, задавать вопросы и т.д.; умение вести дискуссию; умение отстаивать свою точку зрения; умение находить компромисс, навыки интервьюирования, устного опроса и т.п.

6.Презентационные умения и навыки: навыки монологической речи; умение уверенно держать себя во время выступления; артистические умения; умение использовать различные средства наглядности при выступлении; умение отвечать на не запланированные вопросы.

Для работы над проектом отводим часть урока, или внеурочное время школьников. Небольшое количество урочного времени целесообразно использовать для того, чтобы познакомить всех детей с новой темой, обменяться мнениями, обсудить возможные аспекты темы, дать детям возможность выбрать интересующий их предмет исследования. В процессе работы над темой и реализацией проектов дети представляют промежуточные презентации своей деятельности, решаем организационные вопросы. Результаты собственной исследовательской работы ученики представляют на мини конференции. Доминирующая деятельность в этом проекте – исследовательская, выполнение творческих заданий позволяет использовать разнообразные источники информации, в том числе и собственные наблюдения. Работа по исследованию проблемы, находящейся в центре внимания данного проекта, проводится учениками самостоятельно либо с участием родителей и руководителя.

Выполненные работы рецензируются учителем, где ученик получает совет для улучшения работы. Для оценки результатов формируется жюри. В его состав могут входить учитель, родители, дети. В работе оценивается познавательная ценность темы, оригинальность и ценность собранного материала, структура и логика, язык и стиль изложения, ответы на вопросы. Ученики, принявшие участие в Республиканском проекте «Зерде», награждаются Дипломами.

Опыт работы показывает, что использование проектного метода на уроках окружающего мира не вытесняет классно-урочную систему в начальных классах. При этом учебный процесс, организованный на основе метода проектов, конечно же, отличается от традиционного обучения. Это путь формирования особого стиля детской жизни и учебной деятельности. Он позволяет трансформировать обучение в самообучение, реально запускает механизм саморазвития. Главное отличие детей, способных принимать участие в исследовательской работе – наличие познавательного интереса. В первом классе это наличие только ситуативного интереса, но уже во втором, третьем, четвертых классах отмечается рост устойчивого и обобщенного интереса к исследовательской деятельности.

Метод проектов реализует принцип сотрудничества детей и взрослых, позволяет сочетать коллективное и индивидуальное в педагогическом процессе, обеспечивает рост личности ребенка, позволяет фиксировать этот рост, вести ребенка по ступеням роста – от проекта к проекту.

Общие рекомендации к урокам, содержащим проектную деятельность

Рассмотрим основные особенности уроков, содержащих проектную деятельность. Структура уроков такова.

Первый этап включает в себя *организационный момент*. На этом этапе дети знакомятся со спецификой проектной деятельности вообще и конкретной деятельности на данном уроке. В ходе этого же этапа происходит распределение детей на инициативные группы. Это могут быть такие группы: аналитики, экспериментаторы, иллюстраторы, испытатели. Для создания оптимальных условий осуществления совместной деятельности необходимо детей пересадить в соответствии с образовавшимися группами. Состав групп следует продумать заранее с учетом дифференцированного подхода. Наиболее сильные дети объединяются в группы «аналитиков» и «испытателей».

Второй этап на *формулирование темы и целей* деятельности. Он строится по-разному в зависимости от содержания урока.

Третий этап является *подготовительным*. В ходе его на первом уроке цикла подготавливаются общий план деятельности по разработке проекта. На дальнейших уроках этот план лишь корректируется при необходимости. Третий этап также необходим для определения основных разделов проекта.

Четвертый этап представляет собой этап собственно *проектной деятельности*. В ходе этого этапа осуществляется разработка основных разделов проекта. Работа проводится в группах. Причем работа может быть организована по-разному. Каждый раздел может разрабатываться каждой группой по очереди. Тогда результат оформления каждого раздела будет складываться из промежуточных продуктов деятельности групп. В дальнейшем можно каждой группе поручить разработку своего раздела и повысить этим степень самостоятельности детей. На четвертом этапе урока очень важно ролевое участие детей в

проекте. Именно здесь каждый ученик должен внести свой вклад в соответствии с выбранной им ролью. Начинают работу «экспериментаторы». Они выполняют наблюдения, позволяющие «аналитикам» сделать выводы и систематизировать их в виде правил, схем, рисунков и т.д. Наглядное подкрепление каждого раздела проекта осуществляют «иллюстраторы». За практическое применение, апробирование отдельных частей и всего проекта в целом отвечают «испытатели».

Пятый этап – это этап *практического применения* разработанного проекта. На этом этапе главная роль отводится «испытателям». Но это не умаляет значения остальных групп, так как каждая из них следит за «работой» своей части проекта и при необходимости может внести коррективы.

Шестой этап представляет собой *самоанализ* проектной деятельности. Это в основном обучающий этап, в ходе которого дети приучаются анализировать положительные и отрицательные стороны своей деятельности.

Седьмой этап заключается в подведении *итогов* всей работы в целом.

Таким образом, использование творческо-проектной деятельности, способствует развитию речи, расширению кругозора, позволяет не только сделать урок интересным, но и добиться развития функциональной грамотности, а так же высоких результатов при написании СОРов и СОЧей.

Литература

1. Бычков А.В. Метод проектов в современной школе. – М., 2000.
2. Васильев В. Проектно-исследовательская технология: развитие мотивации. – Народное образование. – М., 2000, № 9.
3. Матяш Н.В., Симоненко В.Д. Проектная деятельность младших школьников: Книга для учителя начальных классов. – М.: Вентана-Граф, 2004.
4. Концепция модернизации российского образования на период до 2010 года. – М.: АПКИПРО, 2002.
5. Поливанова К.Н. проектная деятельность школьников: пособие для учителя/ К.Н.Поливанова. – М.: Просвещение, 2008.

ВЛИЯНИЕ РАЗНООБРАЗНЫХ ПРИЁМОВ И МЕТОДОВ РАБОТЫ НА РАЗВИТИЕ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ

АРЗЯМОВА Н.В., ШАТАЛОВА Л.И., ЧУМАЧЕНКО Н.Г.

КГУ «СОШ № 52 имени академика Е.А.Букетова»

Lada1776@mail.ru

Это упражнение упоминается в работах многих западных и отечественных психологов (Е.Е. Кравцова, К. Виттакер). Оно позволяет установить контакт с замкнутым ребенком, постепенно разговаривать его, включить механизмы использования речи [2, с.63].

Логопед или воспитатель просят ребенка нарисовать на чистом листе бумаги любую линию, и затем дорисовывает ее до чего-нибудь осмысленного. Потом они предлагают ребенку рисовать друг другу разные закорючки и без слов продолжать их, а затем описывать рисунки друг друга. Важно использовать два карандаша разного цвета, чтобы видеть исходную линию и то, что дорисовывает партнер по игре. Условия можно варьировать.

Проведя сравнительный анализ работы до и после использования рисуночных методик, наблюдается их результативность в речевом развитии дошкольников.

Включение в логопедические занятия, а так же в организованную учебную деятельность рисуночных методик - это увлекательные и доступные форма работы с детьми, оптимальная возможность коррекции поведения, гармонизации личности детей с проблемами через развитие способностей самовыражения и самопознания, что так необходимо для правильной, грамматически оформленной, выразительной речи, а также для развития и нормализации мелкой артикуляционной моторики.

Рисуночные методики можно использовать в практике с разными целями: для установления контакта с ребёнком; для пробуждения интереса к себе и к взаимодействию; для сплочения группы детей, участвующих в занятии для изучения динамики коррекционного процесса.

Развиваются разнообразные действия рук, координация обеих рук, координация действий руки и глаза, зрительный контроль. Интерес детей к работе помогают поддерживать разнообразные методы и приемы, нетрадиционные техники, придающие занятиям увлекательную форму: рисование пальчиками, ладошкой, техника «обрывание бумаги», создание художественных образов с помощью «кляксографии», граттаж, методика тычка, «набрызг» и многое др. [3, с.75].

Список литературы

1. Зорин, С. С. ИЗО – терапия – средство психической гармонизации и развития человека/ С. С. Зорин // Изобразительное искусство в детском саду. – 2006. – №5. – С. 54 – 57.
2. Рахманова, А. В. Терапия изобразительной деятельностью эмоциональной сферы у детей с нарушениями психического развития / А. В. Рахманова //– 2008. – № 2 – С. 63-72

ҮШ ТІЛ БІЛУ – МЕМЛЕКЕТТІК СҰРАНЫС

ТАНАБАЕВ С. Н.

«Шахтинск қаласы әкімдігінің № 1 гимназиясы»КММ

«Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекетік тіл – мемлекет құрушы ұлттық тілі, ал орыс тілін білуі – ұлы байлық. Ағылшын тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан біз оны үйренуге тиіспіз. Ал қазақ тілі барлық Қазақстанды біріктіріп, жақындастырып өзара түсіністік пен сүйіспеншілікке жетелейді»

Н.Назарбаев

Бүгінгі күні Қазақстанның Білім тұжырымдамасы жан-жақты, өрелі шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан - 2050" Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Жолдауында білім беру мен ғылымға да ерекше көңіл бөліп, "Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды", - деп атап көрсетті. Елбасының елімізде білім беру саласын дамыту туралы көтерген мәселелері негізінен педагог мамандарға жаңа міндет жүктейді. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді, сондай-ақ білім негізі мектепте беріледі де, жоғары оқу орнында одан әрі мамандық бағытында қалана түседі. Қазіргі заман талабының бірі - жас ұрпақты көп тіл білуге баулу. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік [1].

Үш тіл білу – мемлекеттік сұранысқа айналды. Бірнеше тілдерді еркін меңгерген, бәсекеге қабілетті тұлға Қазақстанның жемісті болашағының кепілі ретінде анықталады. Тілдерді үйренуде тек қана баланың интеллектуалдық қабілетін дамытумен ғана шектелмейді және де өзге ұлт тілін, мәдениетін құрметтей білу сезімі дамыған дара тұлға тәрбиеленеді. Өзге тілдерді білу көптеген жаңа мүмкіншіліктерді ашады.

Шет тілдерін не үшін үйрену керек? деген сұраққа жауап іздесек: «Британдық ғалымдардың ұйғарымы бойынша, шет тілдерін үйрену мидағы сұр заттың санын көбейтуге себеп болады. Зерттеуде ағылшын және итальян тілдерінде сөйлейтін 58 адам қатысты (олардың 25-і екі тілді жастайынан білетін, ал 33-і екінші тілді ұлғайған кезінде үйренген.). Сонымен қатар тек қана бір тілді білетін 25 адам зерттелді», - деп ВВС хабарлайды. Сканерлердің көмегі бойынша ғалымдар мидағы сұр заттың (нейронның) тығыздылығын анықтады. Олардың ұйғарымы бойынша, дене шынықтыру жаттығулары бұлшық еттерді дамытқандай, соншалық тілдерді үйрену мидағы сұр заттың тығыздылығын өзгертеді. Шет тілдерін жастайынан үйренген адамдардың нейронының тығыздылығы ең үлкен болып шықты [2].

«Он жасынан кейін шет тілін оқығандардың, жастайынан оқығандарға қарағанда, шет тілінде сөйлеуге мүмкіншілігі азаяды», - деп белгілейді неврология Институтының бас зерттеушісі Андреа Мичелли. Сонымен, шет тілдерін үйрену адамның қабілеттерін және интеллектуалды дамуын арттырады. Соған байланысты, Мичеллидің айтуы бойынша, шет тілдерін жастайынан үйрену өте маңызды. Қазіргі Қазақстан қоғамында қазақ, орыс және шет тілдерін меңгеру, әр адамның жеке және кәсіби қызметінде ажыратылмайтын компонент болып табылады.

Және де қазіргі кезеңде бала-бақша және мектептегі көптілді білімнің сабақтастығын қамтамасыз ету өте қажет.

Осы және басқа факторлар 2009 жылы «Қазіргі көптілді білім» бала-бақша-мектеп кешенін құруға ой келтірді. Тәжірибелі-эксперименталды жұмыстардың міндеттерін іске асыру үшін, кешенді оқу үрдісін ұйымдастыруда жаңа жол, әдістер табу қажет болды. Біздің ойымызша, осы жолдың бір түрі интегралды /кіріктірілген/ сабақтар, іс-шаралар және оқу бағдарламалары. Ағылшын тілі мұғалімі Юцевичутене С.А. бірге оқушылардың шығармашылық әрекеті арқылы «Тілдерді оқуда» атты интегралды бағдарлама құрастырдық. Берілген эксперименталды бағдарлама 1 жылға есептелді. (34 сағат-аптасына 1 сағат). Бағдарламаның мақсаты: өзара шығармашылық әрекет арқылы оқушылардың көптілді және көпмәдениетті біліктіліктерінің дамуына жағдай жасау[3].

Оқушылардың шығармашылық әрекеті әр сабақта іске асырылды және тоқсанда бір рет ата-аналардың қатысуымен бірлескен интегралды сабақтар өткізілді.

Интеграция дегеніміз – пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіреді, бір сабаққа бірнеше оқу пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның басқа бағдарламалардан айырмашылығы, қазіргі кезге дейін шығармашылық қызмет бөлек пән болып айрықшаланған жоқ, ал бағдарламаның түп нұсқасы көптілді білім контекстіндегі оқушылардың өзара қызметінің белсенділігімен анықталады.

Балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы оқыту үрдісіндегі ең маңызды кез. Ол мұғалімнің өзіне байланысты. Ол өз жұмысына қалай қарайды? Егер мұғалімнің өзі шығармашылық тұлға болса, онда балаларды оқыту ол үшін жұмыс емес, ол «өмір салты», ол басқаларға қуаныш, әсіресе балаларға қуаныш әкелу. Шығармашылық әрекетке оқыту кезінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру маңызды. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқушының қабілетін дамыту – қоғам талабынан туындайды. Қоғам қашанда тәрбиелі, дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж болып келген [4].

Бұл жұмыстың жақсы нәтижелері көрініп келеді. Оқушылардың айтуы бойынша, сабақтардағы тақырыптардың, лексиканың ұқсастығы тілдерді меңгеруге көп көмек тигізеді. Балалар басқа да интегралды сабақтарға, шараларға сәтті қатысады, бұл олардың өз күшіне сенім тудырады. Осы уақыт ішінде тек қана оқушылар ғана емес, біз де командада жұмыс істеуді үйрендік. Оқушылардың тілдік біліктілігі жыл ішінде 3 рет тексеріліп отырады: жыл басында, ортасында, аяғында. 4 – ші сынып оқушылары жыл аяғында 3 тілден тестілеу өтеді.

Осы көптілді білім беру мәселесін әрі де іске асыру мақсатында №1 гимназияның тіл мамандары оқу жылындағы жұмыспен ғана шектелмей, жазғы мерзімде, маусым айында мектепте «Аналар мектебі», «Керемет диалог» атты лингвистикалық алаңды өткізуді қолға алды. «Аналар мектебі» 1 сыныпқа келетін оқушылармен үш тілде дайындық өткізуде. Алаң бойынша жұмыс бағыты бірнеше арнада өтеді. Бұл: «Шығармашылық», «Сау өмір сүру жолы», «Шығармашылық жобалар» атты іс-шаралар. Интегративті ойын сабақтарда, шығармашылық жоба қорғауда, таза ауада ұлттық ойындар ойнауда, қызықты сыйлықтар жасауда, логикалық турларда, үйірмелік жұмыстарда, «Халық ертегілері» - театр студиясында оқушылар өз талаптарын, шығармашылық, тілдік қабілеттерін көрсете алады. Әр тілде сөйлеуге, қызықты түрде тілдік жұмыс жасауға мүмкіндік алады. Оқушыларға өз шығармашылықтары қаншалықты әсер, қуаныш әкелетіні сөзсіз. Алдағы кезде мұндай мазмұнды жұмыстар жақсы нәтижеге, тілдік жетістікке әкеледі деген үміттеміз[5].

Өзге тілді оқушыны қазақ тіліне деген дұрыс көзқарасын қалыптастырып, болашақта мемлекеттік қызмет саласында, білім беру жүйесінде жұмыс істей алатындай маман болуына жол ашу, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, ел ұлт мүддесін қорғайтындай азамат етіп тәрбиелеу - ұстаздар парызы. Ағылшын ғалымдарының сенсациялық мәліметімен аяқтағым келеді: екі немесе одан көп тілді меңгерген адамдар, қартайғанда байсалдылықпен, ашық ақылмен, бойындағы өзімшілдігі жоқ және оптимизмға толы болып келеді. Бұл өте әсерлі дәлелдеме

Танабаев С.Н., Каукенова Б.Х., Лях Т.М.

Сабақтың түрі: Кіріктірілген. Сөз қоры арқылы кіріктіру. Қайталау сабағы.

Пәндер: орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі.

Тақырып: Етістік сөз табы ретінде.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: зияткерлік, көп мәдениетті, танымдық, ақпараттық, коммуникативті, өздігінен білім беретін және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру; оқушыларға етістіктің жасалу жолдарын таныстыру, ауызекі сөйлеуде етістікті дұрыс қолдану; орыс және қазақ тілінде етістіктің шағы мен райларын қарастырып, ұқсастығы мен айырмашылығын қарастыру.

Тәрбиелік: шағын топтағы еңбек мәдениетін қалыптастыру, басқалардың пікірлерін сыйлау, құрметтеу; спортқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Дамытушылық: практикалық тұрғыда алған білімдерін қолдану; оқушылардың өз білімдерін тереңдете талпыныс жасауға көмектесу; қиялын, шығармашылық ойы мен алға қойылған міндеттерін, ойын дамыту.

Сабақтың барысы:

I. Организационная часть - формирование социальной компетентности.

II. Актуализация знаний - формирование информационной компетентности.

- Ребята, сегодня наш урок пройдет не совсем обычной обстановке, так как сегодня у нас много гостей. От вас нам необходимы ваши знания, умения, улыбки и хорошее настроение.

Учитель казахского языка.

Жағдаят туғызу.

Барлығымыз қол шапалақтаймыз

Тек қана қыздар...

Тек қана ұлдар...

Сабаққа кешігетін балалар...

Жақсы оқитын балалар....

Қыста туғандар...

Сырғанақ тебуді ұнататындар...

Көңіл- күйі жақсы балалар...

Денсаулығы мықты балалар...

III. Поэтапное закрепление материала - формирование интеллектуальной, самообразовательной и коммуникативной компетентностей.

1 этап. Ал, енді ойланыңдаршы!

Адамға-Отан

Аңға –орман

Құсқа-ауа

Ал денсаулық үшін не қажет?/спортпен шұғылдану, дене шынықтыру, дұрыс тамақтану

- Ребята, как вы уже догадались, говорить мы будем о спорте. И говоря о спорте, мы будем в своей речи использовать глаголы, как на русском, так и на казахском языке, а также правильно писать безударные личные окончания глаголов, определять число и время глаголов.

- А что вам известно о глаголе?

- Как изменяются глаголы? (по временам и числам)

- Как называется изменение глаголов по временам и числам? (спряжением)

- Какие глаголы относятся ко второму спряжению, К первому спряжению?

Ал, енді етістікті қайталаймыз.

• Қазақ тілінде етістік қандай сұрақтарға жауап береді?

• Қазақ тілінде етістіктің қандай райлары бар?

• Ал, енді етістікті дұрыс райларына қойыңдар.

2 этап. Задание на формирование самообразовательной компетентности:

Дети разделены на 3 команды

(Учитель выбирает тренера каждой команды).

Каждый тренер подходит к столу и выбирает карточку, на которой записаны глаголы. Обратите внимание, что у вас на столах лежат оценочные листы, куда будут выставляться отметки за вашу работу.

- У вас на карточках записаны слова. Какой частью речи они являются?

Вставьте в глаголах пропущенные окончания и определите спряжения глаголов.

Тренер проверяет работу учащихся и выставляет «+» за правильно выполненную работу, и «_» - за неправильно выполненную работу.

- Вы не случайно получили карточки с этими словами. Так как, сейчас по этим словам - глаголам вы определите вид спорта.

1 команда «Футбол» - бегают, защищает, забивает, нападает, передаёт, выигрывает.

2 команда – «Гязёлая атлетика» - подходит, поднимает, опускает, удерживает, толкает, побеждает.

3 команда – «Лёгкая атлетика» - бегают, прыгает, догоняет, разбегается, приседает, готовится.

- Каждая команда на месте покажите движениями вид спорта, который вы определили.

3 этап. Учитель каз. языка.

Спорттың түрлері әрине көп. Ал қазақша күресі рингте өтеді. Қазір бізде де ринг болады. Бұл сөздік ринг бір-біріне сұрақ қойып, жауап бересіңдер. Бағалар парағына бағаларыңды қоюды ұмытпаңдар.

- We can name different kinds of sport. And Kazakh kures goes on the ring. And now we will conduct our brain ring. To do this you will ask each other on the chain and answer the questions. Rate each response on the score sheet.

What kind of sport do you like? – Какой вид спорта тебе нравится?

What kinds of sports are popular in our country? – Какой вид спорта популярен в нашей стране?

Can you name 3 sports which are done indoors? - Можешь ли ты назвать три вида спорта, которыми занимаются внутри помещения?

What sport games do you know which are played with a ball? – Какие виды спорта ты знаешь, где играют мячом?

Does your mother/father do any sport? What kind of sport? - Твоя мама/папа занимаются спортом? Каким?

5. Сергіту сәті.

4 этап. Ребята, я знаю, что многие из вас занимаются в спортивных секциях. Вы уже достигли хороших результатов и побед. И я предлагаю вам сочинить, придумать свой спортивный девиз, используя глаголы, которые записаны на доске. Глаголы поставьте в нужную форму.

Прыгать бегать заниматься увлекаться закаляться поднимать забивать улучшать укреплять. (Задание выполняет каждый ученик).

- Определите число глаголов. (Тренер проверят работу и выставляет отметку в оценочный лист. Выберите в группе лучший девиз и проскандируйте его хором)

5 этап. Ну, а мы продолжаем. (қазақ тілі мұғалімі)

- Бізге мәтінді түзету керек.

- Ол үшін жетіспеген етістіктерді орнына қою қажет. (Тапсырма орындалған соң, тренер бағалау парағына бағаласын)

Спорт.

Денсаулық - табиғаттың ең қымбат сыйы. Спортпен айналысу денсаулықты Спорттың түрі көп. Спорт ең алдымен – күшті болуға, екіншісі – жылдамдыққа, үшіншісі – табанды болуға , ойлауға Қалада көптеген спорт үйірмелері жұмыс істейді. Оқушылар өз қалауы бойынша осы үйірмелерге қатысады.

- Ал, енді тексеріп көрейік. Дұрыс-бұрыс құрылғанын тексерейік.

IV. Общее закрепление материала - формирование самообразовательной компетентности.

- Мы продолжаем наш урок. Сейчас я предлагаю составить режим дня.

- Ребята, перед вами лежат листочки со стихотворениями. Глаголы в этих стихотворениях стоят в неопределённой форме. Поставьте их в форму настоящего времени и запишите.

- Составьте в группе постер. Определите, к какому времени суток относится ваш постер и презентуйте нам его в нужном порядке. Начните с раннего времени суток.

- Проверить. Выставить оценки в оценочные листы.

V. Итоги урока - формирование коммуникативной компетентности.

9. Подведение итогов урока. Оценивание.

Вот и подошёл к концу наш урок. Какое задание для вас было лёгким? Почему? А какое трудным? Почему? В чём сходство у глаголов в казахском и русском языке? А в чём различие?

Чем схожи и различны глаголы казахского и русского языка. В казахском языке глагол стоит на последнем месте. В русском языке глагол может стоять на любом месте.

- И сейчас время подвести итоги по оценочным листам. У кого 5 плюсов в оценочном листе – получают оценку «5», 4 «+» оценка - 4, 3 «+» оценка - 3

10. Рефлексия. Сегодня вы активно поработали на уроке, выполнили много заданий, а теперь подумайте, насколько успешной была ваша работа? На каком месте вы себя видите? (Прикрепить фигурку спортсмена на нужное место 1, 2 или 3.) Почему вы поставили себя на это место?

- И в заключении урока хочется сказать следующее: Кто крепок телом, тот богат и здоровьем и делом.

Денсаулық – зор байлық. A sound mind in a sound body.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы А. 2007ж.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. А., 2003.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. А., 2004.

4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 2000.

5. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика, Дарын-2004.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

КУСАИНОВ Б.М., ҚАЛИЕВ С.С., ӘСЕМБАЙ Е.А., КУСАИНОВА Р.С.

№ 23 Жалпы білім беретін орта мектеп
Балабақша «Алтын бесік»

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спорт — азаматтарға тәрбие берудің, денсаулықты нығайтудың, республика халқының еңбекке деген ынтасын және отаншылдық сезімін дамытудағы маңызды құрал болып табылады. Ел экономикасының дамуы, ертеңімізге деген ел сенімі - отанымыздың келешегі болып саналатын жастармен тығыз байланысты. Сол себепті де бүгінгі оқушыларымыз үшін мәдениетті, білімді болумен бірге денсаулығы мықты, ерік-жігері жоғары, рухы биік азамат болу басты парыз. Ал әрбір оқушының тұлға болып қалыптасуы үшін аса қажетті мұндай қасиеттерді қалыптастыруда дене тәрбиесі мен спорт үлкен мәнге ие. Қазақстан мектептерінде дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, оқушылар арасында салауатты өмір салтын дамыту — еліміздегі дене тәрбиесінің дамуы мен спорт мамандарының өсуінің кепілі.

Мектеп мұғалімдері, ата-аналар оқушылардың спортпен айналысуына көмектесіп, оларды спортқа тарту азаматтық борышы болып саналады. Дені сау ұрпақ «Ұлт болашағы десек, сол ұрпағымыздың рухы күшті, дені сау болып өсуінің басты шарты — жастарымыздың дене шынықтыру мен спортпен айналысуына күш салу, жастар арасында салауатты өмір салтын нығайту. Бұл мәселе әсіресе дене шынықтыру пәнінің оқытушыларына үлкен міндет жүктейтіні ақиқат [1].

Дене тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі - оқушылар арасындағы салауатты өмір салтына деген қажеттілікті қалыптастыру. Салауатты өмір салты дегеніміз - денсаулықты

нығайту деген сөз. Салауатты өмір салтын нығайтудың бір көзі - жастар арасында спорттық-көпшілік шараларды кең түрде насихаттау және өткізу.

Кейінгі кезде жалпы орта білім беретін орындарына түскен оқушылардың денсаулық жағдайының жыл сайын төмендеу тенденциясының орын алуы ойланатын мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасының балалар мен жастар дене шынықтыру бағдарламасында, білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесін дамыту тұжырымдамасында салауатты өмір салтын күшейту керектігі атап көрсетілген.

Кейде жастарға басқа тәрбиемен қатар спорт тәрбиесінің де жеткілікті дәрежеде жүргізілмеуі салауатты өмір салтының дұрыс жолға қойылмауы да жоғарыдағы көрсеткіштің туындауының басты себебі болып отыр. Біздің, яғни спорт мамандарының басты міндеті, ең бірінші; - салауатты өмір салтының дамуына өзіндік үлесін қосу, яғни оқушылардың дене тәрбиесін дамыту, спортпен шұғылдануға, түрлі көпшілік-спорттық жарыстарға тарту. Жалпы спортпен шұғылдану — адам мінез-құлқының жақсы дамуына ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Қолынан келсе әрбір жеткіншек жас кезінен бастап спортпен айналысу керек - ол дегеніміз өмірлік мақсаттың тұрақталуына негіз болады. Ал спорттық-көпшілік шаралардың көптеп және де сапалы ұйымдастырылуы оған қатысушылар қатарының арта түсуіне ықпал етеді. Ал қатысушылардың қатарының көбеюі - оқушылардың спортқа деген ынтасының артуына, дене тәрбиесіне деген сүйіспеншілігінің оянуына әсер етілу факторлардың біріне айналады.

Бұл арада сонымен бірге, өзіміздің ұлттық спорт түрлері бойынша салауатты өмір салтын дамытуды басты назарда ұстағанымыз жөн.

Түрлі оқу орындарындағы дене шынықтыру пәнінің әдістемесін жетілдіру де салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен мәнге ие. Сабаққа деген бала қызығушылығын арттыруды мұғалімдеріміз үнемі есте ұстап, оны үнемі жаңартып отыруы керек. Дене шынықтыру сабақтары салауатты өмір салтының басы екендігін түсіндіру, түрлі дене шынықтыру - сауықтыру шараларына оқушылардың қатысуына көмектесуді не әрбір оқытушы үнемі назарда ұстауы керек [2].

Салауатты өмір салты мен дене тәрбиесі процесін қалыптастырудың мәнін оқушылардың танып-білуінің әдістемелік негіздері сан алуан. Дене тәрбиесінің жаратылыстану ғылыми негіздерін тануға бағытталған дене туралы білімді қажетті деңгейге қою керек:

- адам ағзасы өзінен-өзі реттелетін және өзінен-өзі дамитын күрделі биологиялық жүйе;
- дене жаттығулары және спортпен жүйелі түрде айналысуда адам ағзасында жүретін функционалдық өзгерістердің ерекшелігі.

Осындай басты шарттарды қазіргі кезеңде дене тәрбиесі білімінде пайдалану жоғары жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулығын нығайту – заманауи мектептің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты болып табылады.

Балалар денсаулығының төмендеуіне айтарлықтай деңгейде мектептің де кінәсі бар деуге негіз бар. Ғалымдар мектеп оқушыларының денсаулығына кері әсер ететін факторларға: оқушыларға оқу жүктемесінің шамадан тыс көп берілуін, педагог пен оқушы қарым-қатынасындағы авторитарлық стильді, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жас және дербес ерекшеліктерінің жеткілікті ескерілмеуін, гиподинамияны және т.б. жатқызады.

Бүгінгі күнге дейін бізде өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын қалыптастыру процесі дене тәрбиесімен теңестірілді. Алайда мәңгіру (стресс) мен невроз, агрессивтілік пен немқұрайдылық, әлеуметтік дерт пен экологиялық нашар жағдайларда өмір сүру ғасырында оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру бойынша қойылған міндеттерді шешуде дене тәрбиесінің шамасы жетпейтінін өмір көрсетті.

Балаларға ерте жастан бастап денсаулық сақтау саласындағы білім, білік және әдеттерді сіңіру мүмкін, олар соңынан адамның жалпы мәдениетінің маңызды құрамдасына айналады және барлық қоғам өмірінің салауатты өмір салтын қалыптастыруына ықпал етеді.

Салауатты өмір салтына үйрету – мақсатты, жүйелі және ұйымдасқан процесс. Оқытуды дәл осылай ұйымдастыру ғана балаларда денсаулық сақтау туралы түсінік қалыптастыруға

ықпал етеді және оларды салауатты өмірді зиянды қылықтардан ажыратуды үйретеді, алдағы уақытта өзінің және өзгелердің денсаулығын сақтауда көмектеседі [3].

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін басты үш мақсатты бөліп көрсетуге болады:

а) ғаламдық – өскелең ұрпақтың дене және психикалық денсаулығын қамтамасыз ету;

ә) дидактикалық – денсаулық сақтау саласында балаларға жарақаттанудың алдын алуда мектеп оқушыларын қажет білімдермен қаруландыруға мүмкіндік беретін білік, дағдылар мен әдеттерді меңгерту арқылы денсаулығын, еңбекке қабілетін және ұзақ өмір сүруін сақтауына ықпал ету;

б) әдістемелік – оқушыларды адам өмір сүру процесінің физиологиялық негіздері, жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау, соматикалық аурулардың, психикалық ауытқулардың, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу білімдерімен, сол сияқты ағзаға психотроптық заттардың зиянды әрекеті туралы білімдермен қаруландыру.

Салауатты өмір салтының осы ережелерін қалыптастыру жауапкершілігі, ең алдымен, мектепке жүктеледі, себебі мектеп – тек білім беру мекемесі ғана емес, бұл – бала өз өмірінің көп бөлігін өткізетін, балалықтың ерекше әлемі. Осыдан барып, балалық экологиясы көзқарасынан, заманауи мектептің білім беру ортасына қарау қажеттілігі туындайды. Бұл орайда жаратылыстану, биология, химия сияқты пәндердің рөлі ерекше. Алайда, көбінесе оқушылардың мектепте осы пәндер бойынша алған білімдері өмірден алшақ жатыр.

Денсаулықты нығайтудың негізгі құралы ретінде дене тәрбиесі мен спорт жас ұрпақтың адамгершілік және әлеуметтік жағынан қалыптасуына ықпал етеді, олардың бойына салауатты өмір салтының берік дағдыларының дәнін егеді [4].

Әдетте, мектептерде жекелеген сауықтыру шаралары ұйымдастырылады, өкінішке орай, олар көп жағдайда оң нәтиже бермей жатады. Сондықтан денсаулық шығармашылығы бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балалық – адам өміріндегі ерекше бірегей кезең, ол өмірге даярлық емес, белгілі бір, тек соған ғана тән қажеттіліктер мен мүмкіндіктер шеңбері бар өмір деген қорытынды жасалды.

Әдебиет талдаулары көрсеткендей, салауатты өмір салтын рухани-адамгершілік саулық, оңтайлы қозғалыс тәртіптемесі, жеке гигиена, құнарлы тамақтану, жақсы көңіл-күй, бейәлеуметтік әдеттерден (темекі шегу, алкогольдік сусындар мен еліткіш заттарды қолдану) аулақ болу және т.б. ерекшеліктер сипаттайды.

Жоғары сынып оқушыларында салауатты өмір салтын қалыптастыру жоғары сыныптардағы оқу курстарының мазмұнын жанартуды талап етеді. Балалардың денсаулығы туралы құжаттардың талдауы, ғылыми түпнұсқалар мен Қазақстан мектептерінің педагогикалық тәжірибелерін жүйелеу және қорытындылау жоғары сынып оқушыларында салауатты өмір салтын қалыптастырудың келесі міндеттерін құрастыруға мүмкіндік берді:

– өзінің және айналасындағылардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауды дамыту;

– дене және адамгершілік тұрғыдан жетілгендіктің маңызын ұғыну; денсаулық сақтау маңыздылығындағы сенімді қалыптастыру;

– санитарлық-гигиеналық мінез құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру; адамгершілік орнықтылық, бейәлеуметтік әдеттерге қарсы тұру біліктерін тәрбиелеу;

– салауатты өмір салтын қалыптастырумен байланысты өздігімен білім алу мен өзін-өзі кемелдендіру біліктерін және дағдыларын дамыту;

– көпшілік қорғау және санитарлық-гигиеналық ұйымдарында белсенді қоғамдық пайдалы қызметке ұмтылуын дамыту;

– шаршағандық аясында ой жұмысына қабілеті мен психикалық күш салу біліктілігіне төселу.

Сонымен, мектеп балаға өз денсаулығы туралы ойлау қажеттігін үйрете алады және үйретуі тиіс. Оны салауатты өмір салтын ұстануына не ынталандыруы мүмкін? «Бұл маған қажет» - міне, тек осындай мотивация ғана іс-әрекетке қозғау салады және тұлға үшін мәні мен мақсаты болады. Оқушылардың бойында салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу, денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну, дене тұрғысынан жетілуіне қол жеткізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Е.Е.Лунина. Жастарды салауатты өмір салтына халықтың педагогикалық құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра тәрбиелеу. Автореф.канд. дис. Қарағанды, 2000.
2. Э.И.Вайнер Жасөспірімдерді дене шынықтыру сабақтары арқылы салауатты өмір салтын ұстануға қалыптастыру/ Қарағанды академиясы хабаршысы = Вестник Карагандинской академии.-2014.- № 4.- 50-53 б.
3. Н.Б.Закарович Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі. //Биология және салауаттылық негізі, №3-2005
4. Нұридинов Г.Салауатты өмір салтына құрылымдық моделі. //Биология және салауаттылық негізі.№3-2003.

МЕКТЕПТЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПӘНІНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АБУГАЛИЕВ Б.Н., БӨЖИГ Ж., ДҮЙСЕБАЕВ Б.Т., ҚҰРМАЖАН Н.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы

Соңғы онжылдықтардағы балалар мен оқып жүрген жастардың денсаулық жағдайын, дене қасиеттерінің дамуы мен дене қасиеттерінің даярлығы параметрлерін талдау осы бір өсіп келе жатқан ағза үшін өмірлік маңызды құрамдас бөліктердің рас бұзылуын көрсетіп отыр. Осы кезде ерекше орын жастарға арналған, қоғамның өсіп келе жатқан ұрпаққа қойылу қажеттігіне ерекше қараған. Жас ұрпақ салауатты өмір салты идеясының ізбасары және жаратушысы болып, өзінің денесін жетілдірумен белсенді шұғылдануы керек.

Бұл бағдарламаның міндеттеріне мектеп оқушыларының дене тәрбиесін ұйымдастыруда жаңа технологияларды енгізу, олардың шешілуіне мектептерді, жанұя мүшелерін қатыстыру, жастардың дене дайындығын жетілдіруге қатысын өзгерту кіреді.

Мектептің материалдық жағдайына және еліміздің қай аймағында тұруларына байланысты оқулықтағы талаптардың орындалуы да түрлі болуы мүмкін. Бірақ жеңіл атлетика мен гимнастика сабақтары барлық жерде де міндетті түрде жүргізіледі. Оқулықта жалпы дамыту мақсатын көздейтін құралсыз және құралмен орындалатын жаттығулар, қимыл-қозғалыс ойындары көптеп беріледі. Оларды өздері жаттыққан кезде, таңертеңгі гимнастаны орындау кезінде және сабақ арасындағы үзілістерді пайдалануға болады.

Дене тәрбиесі сабақтарының пайдалы, тиімді болуы үшін сабақта да, сабақтан тыс кезде де үзбей, ұдайы шұғылдануы керек [1].

Өскелең ұрпақ пен жалпы жұртшылықтың дене даярлығының деңгейі дене тәрбие жүйесінің тиімді көрсеткіші болып табылады. Ел тұрғындарының дене даярлығы Президент сынамаларында көрсетілген және ол еліміздегі дене тәрбиесінің негізін құрайды.

Халықтың «Ердің саулығы – ел байлығы» дейтін қанатты сөзі әрдайым жадымызда жүргені жөн. Себебі, біздің қоғамдағы әр адамның денсаулығы өзінің ғана игілігі емес, өзі өмір сүріп отырған қоғамның да байлығы. Денсаулықтың қадірін жастан білу, салауатты өмір сүру азаматтық борышы екенін түсінген жұртшылық дене тәрбиесі арқылы өздерін жетілдіруге дұрыс бағыт ұстауда.

Денені шынықтыру оқушылардың ағзаларының жұмысына жағымды әсер етеді, ақыл-ой қызметін жақсартады, ақырында денсаулығын нығайтуға жәрдемдеседі. Денені шынықтыру үшін өзімізді қоршаған табиғи ортаның таза ауасын, күн сәулесін, сумен шынығу сияқты факторларын үнемі пайдалану қажет. Шынығу – денсаулықты нығайтудың қолайлы түрі. Шыныға білу, яғни денсаулықты нығайту өздеріне ғана байланысты.

Күн көзі, ауа, суға шомылу, сауықтыру ретінде пайдаланылады. Табиғат сыртқы күш факторларын балалардың сауықтыру жұмысы кезеңінде пайдалану өте тиімді болады. Қала жағдайында балалар үшін алаңдар жасалады, парктер, стадиондар, бассейндер, туристік-

экскурсиялық базалар пайдаланылады. Қала сыртында балалардың жақсы демалуы және денсаулығын нығайтуы үшін кәсіподақ, спорттық, туристік, жас техниктер және жас натуралистер лагерьлері ұйымдастырылады, Олар табиғаты қолайлы жерлерге орналастырылады.

Жоғарыда айтылғанның өзектілігі дене дайындығының қанағатсыздық деңгейін, мектеп оқушыларының денесінің дамуы мен денсаулығының ең төменгі көрсеткіштері туралы белгілі мәліметтермен дәлелденеді. Зерттеу жұмыстарының мәліметі бойынша мектеп оқушыларының 50% пайызында денсаулығы нашар, ал қауіп-қатер тобын 30% құрайды [2].

Шынында, мектеп оқушыларының дене дайындығының деңгейі жылына 3,5-5% жоғарлайды, сонда төменгі және жоғары сыныптағы оқушылардың денсаулығының деңгейі 15-20%-ға қалай төмендейді [3,4].

Бұл байланыста, дене тәрбиесінің барлық құраушыларын жетілдіруде ерекше мәнге ие болады, ол тұлғаның жан-жақты дамуының ұтымды факторы болуға арналған, сонымен қатар мектеп оқушыларының денсаулығы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру құралы болып табылады.

Қазіргі мектептерде негізгі педагогикалық міндеттердің базалық дене мәдениетінің білім беру құраушысының нәтижелігін оқытушылардың кәсіптік дайындығын жоғарлату деп білу, оқытушылар бағдарын мектеп оқушыларын қызығушылығын «Дене тәрбиесі» пәніне тәрбиелеу және дене шынықтыру мен спорт сабағына талабының орнықты болуы деп тану.

Көптеген спорт қызметкерлері мектептегі дене шынықтырумен байланысты, дене шынықтыру сабағы балалардың қозғалысын тәуліктік қажеттілігін қанағаттандырмайды деп есептейді. Оларды қозғалтқыш белсенділігін жоғарлату құралы ретінде емес, ең дұрысы дене шынықтыру сабағының оқыту қызметін орындауға қызықтыру ретінде қарастыру керек.

Он жыл ішінде «Дене шынықтыру қандай болу керек?» деген сұрақ бойынша дене тәрбиесі аумағында мектеп оқытушыларының маманы мен оқып жатқан жастар арасындағы талқылау қызуы төмендемейді. Егер жариялау қатары бойынша жорамалдаса, онда қазіргі уақытта жалпы білім беретін оқу орындарында дене мәдениеті сабағы мазмұнының мақсатын, міндетін және мәнін қайта бағалауға келесі негізгі тәсілдер көрсетеді.

Біріншіден, мектептегі дене мәдениетінің жоғары құндылығы оқушылардың денсаулығы, дене дамуы мен дене дайындығының жоғары деңгейі болып табылғанда, олардың сауықтыру мақсатына жаңа мағына беріледі. Екіншіден, мектептегі міндетті сабақтардың көлемінің ұлғайуы нәтижесінде бастысы – маңызды дайындық нәтижесі кезінде экстенсивті тәсіл туралы айтуға болады. Үшіншіден, дене мәдениеті және спорт сабағының сынып-мерзімді және секциялы түрлерімен (мерзімді-дайындық тип) орынды үйлесуінде негізделген спорттық – бағдарланған тәсілді бөліп көрсетеді.

Бірақ та ұсынылған тәсілдердің кез келгенінде дене мәдениеті және спорт сабағының нәтижелігі өз бетінше дене тәрбиесінің басты құраушылары болып табылатын, талаптық-мотивациялық өрістің қалыптасуына және арнайы білім деңгейіне тікелей тәуелді екенін мойындайды.

В.П.Лукияненконың ойынша, мамандардың ең сенерлік дәлелдері белгілі зерттеулер болып табылады, ол мектеп жасындағы балалар ағзасының қажетті ұжымдасқан қозғалтқыш белсенділігі аптасына 12-16 сағаттан аспайтындығын дәлелдейді. Мектептің оқу жоспарына дене мәдениетінің күнделікті сабағын қосқанда бұл мәселенің жартысын да шеше алмауына көз жеткізу қиын емес, жүйесі түрде, сабақ сайын аптасына 3 рет дәстүрлі әдістеме бойынша арнайы зерттеулерді жүргізу оң нәтиже беретінін дәлелдейді. Сонда 4-5 рет болған сабақтың нәтижелігі 3 реттілікпен салыстырған болар-болмас көтерілген. Сірә, сабақ санын өздігінен көбейту олардың нәтижелігін шеше алмайды, себебі сұрақ оның санында емес, олар қалай қолданатынында, олардың негізгі мазмұнының мақсаттылығы қандай екенін қорытындылауға болады.

Дене шынықтыру сабағының жалпы оқыту кестесінде дұрыс орналасуының маңызы зор. Дене шынықтыру сабағы жалпы сабақтың алдында не орта кезінде өткізіледі, оқушылар денесіне түсетін ауырлық аз деңгейде болады, себебі, балалар келесі сабаққа жуынып, таза киініп баруы үшін жағдай туғызады, ал дене шынықтыру пәні соңғы сабақ болып өтсе, онда берілген уақыт толығымен пайдаланылып ауырлық түсіру деңгейі жоғары болады. Келесі бір

жағдай мұғалімнің өз басының үлгі боларлық қимыл-қозғалысынан бастап, спорттық киіміне, сөйлеген сөзіне, оқушыларды мәдениеттілікке үйретуде мінез-құлық істеріне көңіл бөлуі қажет. Осы аталған жағдайлар міндетті түрде орындалғанда оқыту мен тәрбие жұмысының игілікті мақсатқа жетуіне мүмкіншілік туады.

Дене шынықтыру сабағындағы денеге түсетін ауырлықты оқушылар дайындығының деңгейі, жынысы, жасы, денсаулығы, күш шамасының көрсеткіштеріне байланысты бағдарлы түрдегі жоспарланған жаттығулар құрастырылады. Жаттығуларды орындағанда олардың қайталануы мен соған бөлінен уақыт мөлшері анықталады. Себебі, жаттығулардың денеге тигізетін әсері әр түрлі болып келеді. Сондықтан, денеге түскен ауырлықты реттей отыруда дәрігерлік тексеру жолдары қолданылады. Олар: қан қысымын, дененің ыстығын өлшеу, қан тамырларының соғуы, қанның құрамын тексеру...

Бұдан басқа мұғалімнің байқағыштық қабілеті мен іс-тәжірибесі үлкен орын алады, атап айтқанда ауырлықты шектен тыс түсірудің нәтижесінде қол мен аяқтың дірілдеуі, беттің шаршағандығы, кескіні, денесін тік ұстай алмауы, белсенділіктің төмендеуі сияқты белгілермен анықталады. Мұндай жағдайларды болдырмауды негізгі орындалатын жаттығулардың жалпы көлемі мен орындалу қарқынын реттеп отыру қажет.

Сонымен қоса практикалық тәжірибе, эксперименттік зерттеулер белсенді қозғалтқыш қызмет әдеттегі дене дамуын ынталандыратынын, балалар және жасөспірімдердің дене дайындығының және денсаулық ресурсының жоғарлауына ықпал ететінін дәлелдейді.

Тұлғаны үндестіру қатарындағы факторлар жетекші орында, дене мәдениетінің, қозғалтқыш белсенділігін жоғарлатудың алуан түрлі тәсілдері бар. Мектеп кезіндегі балалар мектеп өмірінің шартымен қаншалықты қарапайым екені, дамуы және денсаулығы болатындай, табиғи талап қозғалтқыштан шектеулі. Күнделікті қозғалтқыш белсенділігін денсаулық қорының табиғи жиналуының негізі сияқты қарастыру керек.

Мектеп оқушыларының денесін өз бетімен жетілдіру және дене тәрбиесінің білім беру компонентінің тиімділігін жоғарлату, дене жаттығуының жүйелік сабақтарына ниеттенетін, олардың дене мәдениеті және спорт құндылықтарын меңгеруде орнықты талаптың қалыптасуын талап етеді, қазіргі мектептерде басты педагогикалық міндет болып қойылады.

Сондықтан ашық алаңда немесе жабық орында пайдаланылатын оқу материалдары нақтылы мақсаттарды жүзеге асыру есебімен жасалуы керек. Бұл негізінен мына мәселелерге қатысты: мүсіннің өсіп дамуына жоспарлы ықпал ету, әртүрлі жаттығу түрлерін жүріспен, жүгіріспен, секірумен байланыстыра отырып, шыдамдылық көрсеткішін жақсарту. Мұндай педагогикалық міндеттерді орындауға жалпы дамытатын және арнайы дамытатын жаттығуларды шебер ұштастыру үлкен мүмкіндік береді. Бұлай ұштастыру оқушыларды спорттық мінез-құлық жағдайына үйретеді, еркін қозғалысты іске асыруда олардың ерік-жігерін нығайтады.

Орта мектептерде оқытылатын негізгі пәндердің бірі -дене шынықтыру. Болашақ ұстаздар бұл пәнді өз деңгейінде жүргізу үшін, ғалымдар мен әдіскер ұстаздар ұсынған оқу құралдары мен оқыту әдістемелік кешендерін басшылыққа алғандары абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Вавилов Ю.Н. Концептуальные предпосылки перестройки школьной системы воспитания с СССР//Теор. и практ.физической культуры. -1990. -№10. -С.2-9.

2 Артыков М.А., Артыков Н.М. Комплексная оценка физического развития и уровня здоровья учащихся старших классов/Матер.Международ.науч.-практ.конф. «Актуальные проблемы теории и практики физкультуры». –Алматы, 2001. –С. 197-200.

3 Мендекеева А.Н.Формирование здорового образа жизни подрастающего поколения средствами физической культуры/ Матер.Международ.науч.-практ.конф. «Актуальные проблемы теории и практики физкультуры». –Алматы, 2001. –С.240-242.

4 Зобков В.Н. К вопросу о перестройке системы физического воспитания в учебном заведении//Теор. и практ.физ.культ. – 1993.-№7.-С.15-17.

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОГО ЭТИКЕТА ДОШКОЛЬНИКА

Все мы знаем, что дошкольный возраст – это период интенсивного овладения ребёнком родной речью. За небольшой период жизни, который продолжается всего несколько лет, ребёнок проходит удивительный по своей стремительности путь от первого неоформленного лепета младенца до свободного владения богатым набором слов, грамматическим строем речи. Речь детей к концу дошкольного возраста становится внятной, они правильно произносят практически все звуки родной речи. Уже к трём годам в активном словаре ребёнка до полутора тысячи слов. Ребёнок может логично построить не только простое предложение, но и сложное, в том числе и сложноподчинённое предложение, что позволяет ему высказывать различного рода суждения. К шести годам активный словарь ребёнка составляет уже около трёх с половиной тысячи слов. Подавляющее большинство детей в этом возрасте свободно владеют родной речью.

Её успешному развитию способствуют целенаправленные воздействия семьи и детского сада. В помощь им издаётся большое количество методической литературы и различного вида пособий.

Однако одна важная сторона речевого развития ребёнка – дошкольника, как нам кажется, не привлекает достаточного внимания родителей и семьи в целом. Это культура речевого поведения детей – речевой этикет. Как, например, ребёнку обратиться к взрослому? В каких случаях говорить «вы», а в каких – «ты»? какие выражения необходимо употреблять, когда надо попросить о чём-либо или если совершил неловкость? Эти и многие другие элементы культуры речевого поведения составляют часть общего языкового развития детей дошкольного возраста. К сожалению, взрослые чаще всего обращают внимание на эту сторону воспитания лишь тогда, когда в той или иной жизненной ситуации проявляется невоспитанность ребёнка. Правда, некоторые родители считают, что ребёнок может называть всё «своими именами», но они не правы. У ребёнка с малых лет должно быть воспитано чувство стыдливости, не позволяющее использовать такие речевые обороты.

Ребёнок усваивает родную речь, подражая близким, поэтому очень важно, чтобы ребёнок слышал не только правильную, но и вежливую речь, соответствующую правилам речевого этикета. Необходимо избавить ребёнка от грубостей, исключить из семейного обихода бранные, и тем более нецензурные слова. Понаблюдайте, как разговаривают между собой дошкольники во дворе, в детском саду, на игровой площадке. Вы заметите таких детей, кто не говорит, а кричит, безусловно подражая кому-то из взрослого окружения. А часто ли вы обращаетесь к своему ребёнку не в форме приказа, а просьбы, употребляя слово «пожалуйста», благодарите его, высказываете своё родительское одобрение по поводу проявленной ребёнком вежливости? Признаемся себе, что очень часто мы спешим отметить дурное в его поведении, а ведь малыш, ещё только познающий, «что такое хорошо и что такое плохо», очень нуждается в одобрении, в примере правильной вежливой речи.

Выражения «доброе утро», «спокойной ночи» являются неотъемлемыми составными речевого этикета ребёнка, как и слова «здравствуйте», «до свидания», произносимые приветливо с улыбкой. Ведь мимика и интонация имеют порой больший смысл, чем само содержание высказывания. Так, сердито сказанное приветствие может быть воспринято как проявление неприязни. С четырёх лет дошкольники должны приветливо здороваться входя в группу, в квартиру соседей, а уходя, так же приветливо говорить «до свидания». Такие выражения как – «здорово», «пока» и тому подобные, сейчас распространены среди подростков и молодых людей, могут проникнуть и в лексикон дошкольников. Учить ребёнка таким способам приветствия и прощания вы, конечно, не станете, но уж если ваш ребёнок их перенял, объясните ему, что эти выражения можно использовать только в общении со сверстниками, но не с взрослыми. Приучите своего ребёнка всякий раз, когда ему понадобится вещь, принадлежащая другому члену семьи или товарищу, спрашивать разрешения. Спрашивая разрешения, ребёнок тем самым выражает уважение к правам

другого человека. А вежливая форма всегда гарантирует успех. Сколько детских конфликтов можно избежать, если вовремя воспитать у ребёнка привычку спрашивать разрешения.

Речевой этикет предписывает внимательно слушать говорящего, не перебивать, усиленно не жестикулировать, рассказывая о чём - либо, не говорить с набитым пищей ртом. Всеми этому тоже надо учить дошкольников. Очень меткое выражение, которое известно нашим детям – «Волшебное слово». Но все ли им пользуются? Напоминайте вашему ребёнку, чтобы он не забывал о «волшебной силе» слова «пожалуйста», когда он обращается с той или иной просьбой к взрослым или сверстникам. С самого раннего детства приучайте своих детей выражать благодарность словом «спасибо». К двум годам ребёнок может научиться регулярно благодарить после еды, произнося «спасибо». Но иногда даже старшим дошкольникам, к сожалению, приходится порой напоминать об этом. Если двухлетний малыш говорит взрослому «ты», из его уст это звучит даже мило. Но с четырёх дети могут и должны, обращаясь к взрослому, говорить ему «вы» и называть по имени отчеству.

Речевой этикет тесно связан с характером человека. Освоение ребёнком правил речевого поведения способствует формированию положительных качеств личности. Сначала малышу объясняют, как надо выразиться в том или ином случае, что надо сказать, и он поступает именно таким образом, выполняя указание взрослого или подражая ему. Постепенно у ребёнка вырабатывается привычка, благодаря которой он может поступать в соответствии с правилами речевого этикета задолго до того, как сможет осмыслить их значение. Так ненавязчиво формируется вежливость в общении как черта характера. В старшем дошкольном возрасте ребёнок проявляет вежливость в своём речевом поведении вполне осмысленно. Но не менее важна и обратная зависимость: речевого поведения от качеств характера. Например, для того, чтобы ребёнок приветствовал при встрече взрослых, сверстников и выполнял другие правила речевого этикета в общении с ними, надо воспитывать у него доброжелательность, уважительное отношение к старшим и к сверстникам.

Несмотря на взаимозависимость речевого поведения ребёнка и характера, не всегда можно судить о чертах его характера на основе одной только речи. Очень часто дети, легко перенимая услышанные слова и выражения, не всегда могут оценить их с точки зрения благопристойности. И, к сожалению, это могут быть бранные слова, услышанные где-нибудь на улице. В таком случае следует спокойно, не теряя самообладания, объяснить ребёнку, что это плохое слово, которое не следует повторять. И если не акцентировать на нём внимание, малыш вскоре забудет его.

В высказываниях некоторых детей слишком часто звучит слово «хочу», за которым очень часто кроются эгоистические начала: «Хочу эту куклу», «Хочу самокат» - только и слышишь из уст некоторых малышей. Конечно, не в словах дело, но стоит призадуматься над этим и ни в коем случае не потакать бесконечным «хочу» и «не хочу». Если вы считаете нужным сделать ребёнку замечание, постарайтесь выбрать тактичные выражения и не выговаривайте ему на людях. Лучше это сделать наедине с ним.

Обратите внимание ребёнка на то, что не следует поправлять говорящего взрослого, указывать на речевые ошибки, неточную передачу событий или какие-то другие промахи.

Очень эффективным средством воспитания речевого этикета является рассказывание ребёнку сказок, чтение доступных его пониманию произведений детской художественной литературы. Беседуя с ребёнком о прочитанном, подчёркивайте особенности речевого поведения персонажей.

Освоение ребёнком речевого этикета в доступных его возрасту пределах повышает культуру его речи, а также и языковое чутьё.

Литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения на 2018 – 2019 год.
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения / – Астана, 2016. – 147 с.

3. Локтева Е. В. Особенности формирования навыков общения у дошкольников / Перспективы развития специального образования: сборник научных трудов (под ред. Л. С. Сековец). - Н. Новгород, 2012.
4. Гольдин В. В. Речь и этикет.- М., 2010.
5. Акишина А. А. Русский речевого этикет.- М.: Просвещение. 2008.

АСӨСПІРІМДЕР АҒЗАСЫНА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖҮКТЕМЕ ӘСЕРІНЕН БАЙҚАЛАТЫН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

МУЗДЫБАЕВА Н.Д.

Балқаш көпсалалы колледжі

NAZNAZERKE@MAIL.RU

Жиырма бірінші ғасыр- үлкен жаңалықтар мен жаңа технологиялар ғасыры. Бұл ғасырда дүниеге келген балалардың да ой-қабілеті өзгеше секілді. Бәрімізге белгілі технологиясы мықты дамыған заманда білімсіз адам – адам емес. Білім - болашақтың есігін ашатын кілт. «Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп Аристотель айтқандай, білім, өнер және мәдениет біздің өркениетті дамытады. Ұлағатты ой тудырып, қанатты сөздерді қалдырады. Қазіргі онжылдықтың жасөспірім студенттері білім жағына келгенде біршама бәсең. Психозэмоционалдық жүктеме әсерінен байқалатын физиологиялық өзгерістер сабақ барысында айқын көрінеді. Жасөспірімдердің интернет жүйесін белсенді қолдануы, әлеуметтік желілерде көп уақыт отыруы, заманауи гаджеттерді пайдалануы әсерінен білім алуға құштарлық төмен. Жасөспірімдердің психологиялық жағдайын, көңіл-күйін анықтау үшін тәжірибе негізінде әртүрлі тесттер қолданылады. Бұл психологиялық зерттеудің бір бөлімі болып табылады. Тұлғалық тестілеу арқылы жасөспірімдердің темпераментін, көңіл-күйін, эмоционалдық ортасын, күш-жігерін анықтайды[1]. Балқаш көпсалалы колледжінің бір топ студенттері тұлғалық тестілеуден өтті. «Төтенше жағдайдағы қорғау» және «Өрт қауіпсіздігі» мамандықтарының 1 курс студенттері 15-16 жастағы жасөспірімдер тапсырды. ОПЖ-09-17к (қазақ) және ОЧС-09-17р (орыс) топтары тестілеуге қатысты. ОЧС-09-17р 17 студент. Бәрі орыс ұлты. Техникалық мамандық болғандықтан, топта 4 қыз бала, 13 ұл бала оқиды. Тестке дейін ОЧС-09-17р тобы 1 апта бақылауда болды. Топтың ішінде өзара агрессия байқалған болатын. Сабаққа деген талпыныс топтан аса байқалмады. Тест тапсыру кезінде жасөспірімдер арасында қобалжу, тітіркену байқалды. Мұғаліммен ашылып сөйлеспейтіні көрінді. Орыс мектебінен келген жасөспірімдер өз істеріне жауапты екенін көрсетті. Олар тестілеуді дер кезінде аяқтап, ОЧС-09-17р тобы орташа нәтижеге қол жеткізді. Қазақ тобы ОПЖ-09-17к тобы тестілеуге дейін сабырлы, сабаққа тиянақты болды. ОПЖ-09-17к тобында 14 бала. Оның ішінде 2 қыз бала және 12 ұл бала. Топтың балалары мұғалімдермен ашық сөйлеседі. Топ кураторымен тығыз байланыста. Тестілеу кезінде топтың балалары біршама қобалжыды. Орыс тобына қарағанда қазақ тобы көптеген сұрақ қойып отырды. Тестілеуді 1 сағат көлемінде бітірді. ОПЖ-09-17к тобының нәтижесі біршама төмендеу болды.

Бағалау шкаласы: Физикалық агрессия-басқа біреуге бағытталған физикалық күшті пайдалану. Жанама агрессия-бұрмаланған жолмен басқаға бағытталған немесе ешкімге де бағытталмаған агрессия түрі. Тітіркенушілік- (дөрекілік, шамданғыштық) кішігірім тітіркенушілікке жауап қайтаруға дайын тұрған негативті сезімдер. Негативизм-тоқтатылған дәстүрлер мен заңдарға қарсы, пассивті қарсылықтан белсенді күреске дейінгі тәртібіндегі оппозициялық әдеті (өз көзқарасын басқа көзқарасқа қарсы қою). Өкпелегіштік-жанындағыларының нақты және ойластырылған әрекеттерін қызғану және жек көру. Күдіктенушілік- адамдарға қатысты басқалар жоспар жасап және зиян келтіреді деген тұжырымдарымен сенбеушілік пен сақтықтың өріс алуы. Жауаптар сегіз шкала бойынша бағаланады: 1. Физикалық агрессия: ия – 1, жоқ – 0. Келесі тұжырымдарға: 1, 25, 31, 41, 48, 55, 62, 68. Жоқ – 1, ия – 0, келесілерге – 9, 7.2. Жанама агрессия: ия – 1, жоқ – 0. 2, 10, 18, 34, 42, 56, 63, 3. Жоқ – 1, ия – 0: 26, 49. 3. Тітіркенушілік: ия – 1, жоқ – 0: 3, 19, 27, 43, 50, 57, 64, 72.

4. Дмитриев А.А. «О некоторых проблемах интегрированного обучения детей с особыми образовательными потребностями» Дефектология №4. 2005.
5. Никитина Е. «Сенсорные уголки для диагностики». Обруч №2 – 2006.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДАҒЫ ДЫБЫС АЙТУ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ЖОЮ БАРЫСЫНДА ЗАМАНАУИ МИОФУНКЦИОНАЛДЫ ТҮЗЕТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

КУДАРИНОВА А.С., КЕРІМБАЙ А.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Әлемдік статистика деректері бойынша тілдік бұзылулар саны өсуде, осыған байланысты балалар мен жасөспірімдерде тілдік бұзылулардың алдын алу мәселесінің өзектілігі жаһандық сипатқа ие. Ортодонттардың, балалар стоматологтарының, сондай-ақ

мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі логопедтер мен педагогтардың бірлескен жұмысы ерте жастағы балаларда сөйлеу патологиясының пайда болуына ықпал ететін қауіп факторларын анықтауға және миофункционалды бұзылыстарды ерте түзетудің қазіргі тиімді құралдарының көмегімен бұзылыстардың алдын-алуға және жоюға мүмкіндік береді.

Сөйлеу бұзылыстары жақ-бет қаңқасының дамуымен, тыныс алу органдарының құрылысы мен жұмыс істеуімен байланысты, демек, стоматология және оториноларингология сияқты медицина салаларымен тікелей байланысты. Көп жағдайда сөйлеу патологиясы, басқаша айтқанда, сөйлеу мүшелері құрылысының ерекшеліктерінен туындаған функционалды бұзылулармен байланысты. Қатты және жұмсақ таңдай құрылысындағы ауытқулар кезінде, ауыз және мұрын резонаторларының қалыпты өзара әрекеттесуі бұзылысында, бұл дыбыстардың айтылу ақауларынан басқа дауыстық функцияның бұзылуына әкеледі. Балалар педагогикалық мекемелерінде ортодонт-дәрігерлердің, стоматологтардың және педагогтардың бірлескен жұмысы балалардың денсаулық жағдайынан осындай ауытқуларды, сөйлеудің дамуына әсер ететін немесе сөйлеу патологиясының пайда болуына ықпал ететін туа біткен және жүре пайда болған ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді [1, б.45].

Көбінесе логопед миофункционалды бұзылыстары бар балалардың ата-аналары көмекке жүгінетін бірінші маман болып табылады, себебі сөйлеу бұзылыстары ата-аналар мен оқытушылар үшін ең маңызды мәселе болып табылады. Мұндай бұзылулар кезінде балаға дер кезінде дұрыс диагноз қою және ата-аналарға тек сөйлеу бұзылысын ғана емес, кешенді бұзылуларды түсіндіру өте маңызды. Жиі басқа мамандардың - отоларинголог, стоматолог немесе ортодонттың консультациясы қажет болуы мүмкін.

Өкінішке орай, тіпті бірнеше дұрыс айтылмаған дыбыстар сөзімізді бұзып және түсініксіз етеді. Сөйлеудің ең көп таралған және қиын жойылатын ақауларының бірі - тіс аралық және бүйірлік сигматизм. Әдетте бұл бұзылулар созылмалы дизартрия кезінде немесе ұзақ ему, саусақты сору нәтижесінде пайда болады және тілді тіс қатарлары арасында болуымен немесе тілдің шетке қарай ауытқуымен қатар жүреді. Мұндай балаларда ауыз бұлшық ет функциясы бұзылған және ауыздың шеңберлі бұлшық етінің тонусы әлсіреген, ауыздың тыныштық жағдайында үнемі жартылай ашық болуы, бұл әдетте ауызбен тыныстаудың пайда болуына, төменгі жақтың дамымауына және соның салдарынан тістің әртүрлі ауытқуларына әкеп соқтырады. Ал бұл өз кезегінде дыбыстардың қалыптасуын қиындатады.


Тіс-жақ жүйенің даму аномалиялары сүт тістеуі кезінде пайда болған бұзылыстарды миофункционалды трейнерлер немесе вестибулярлы пластинкалардың көмегімен өзін-өзі реттеу процесін ынталандыруға, тіс-жақ жүйенің дамуын қалыпқа келтіруге және сөйлеу бұзылыстарын түзетуге мүмкіндік береді. Сөйлеу және ортодонттық бұзылыстарды түзету үшін трейнерлерді тиімді қолдануды бала емді саналы түрде қабылдаған кезде үш жастан бастап мүмкін болады, бұл ретте емдік шаралардың тәртібі мен реттілігіне ерекше назар аударылуы тиіс. Сөйлеу патологияларын табысты емдеу үшін ортодонттың, логопедтің және ата-аналардың тығыз өзара әрекеттесуі қажет [2, б.232].

Бұл «әмбебап құралдар»

Жиі тележүргізуші немесе отандық киножұлдыздардың сөздерінде тіс аралық және бүйірлі сигматизмдер түрінде сыбырлылық тыңдалады. Осы кезге дейін, мұндай ақауларды түзету қиын болды, бірақ қазір жоғарыда аталған бұзылыстарды түзетуге көмектесетін құралдарды пайдалануға мүмкіндігіміз бар. Мұндай инновациялық құрал, атап айтқанда, миофункционалды түзету трейнерлері – гипоалерген силиконынан жасалған серпімді миофункционалды тренажер.

Трейнер бірнеше мөлшерде шығарылады; 6-9 жастағы балалармен жұмыс істеу үшін компьютерлік 3-D үлгілеу көмегімен есептелген T4k әмбебап моделі оңтайлы, оның мөлшері осы жас тобындағы барлық балаларға жарамды. 3-тен 5-ке дейінгі балалар үшін шағын құрылымдық айырмашылықтары бар Infant моделі ұсынылады.

Трейнерлердің барлық модельдерінде конструкцияның келесі элементтері бар:



Сурет 1. - Трейнер

1. Маркерлік «тіл» тіл дұрыс таңдай қалпында тыныштықта және жұту кезіндегі орнын жаттықтыру үшін - тілдің күйін автоматтандыруға және балада таңдайдың алдыңғы үштен бір бөлігіне тіреліп, жұтудың дұрыс түрін жасауға көмектеседі, бұл дайын таңдай күмбезін түзетуге ықпал етеді.

2. Тілдің «шектегіш» - тіс қатарлары арасында тілдің салынуын болдырмайды. Әдетте, тіс аралық және бүйірлік сигматизмде тіл тиісінше тіс қатарлары арасында бүйір немесе фронтальды түрде жасалады, бұл ашық тістеу тудырады және «с» және «з» дыбыстарын қоюды қиындатады.

3. Ауыздың бұлшық еттерін жаттықтыратын және иек бұлшық етінің артық қысымын алып тастайтын арнайы силиконды бүріккіштер.

Бұл «әмбебап құралдар» қалай көмектеседі?

1. Тілдің тыныштықта және жұтқан кездегі дұрыс жағдайын жасайды.
2. Тіс қатарлары арасында тіл төсеуден арылуға үйретеді.
3. Артикуляциялық және сөйлеу жаттығулары кезіндегі тіс аралық және бүйірлік дыбыстауды жояды.
4. Жоғарыда аталған артикуляциялық қалыптарды ғана емес, сонымен қатар басқа да дыбыстарды түзетуге көмектеседі.
5. Сөйлеу аппаратының құрысуын азайтады (тұтығу кезінде қолданылады).
6. Еріннің жанасуы мен тыныс алудың мұрын түрін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.
7. Дыбыстарды қою және автоматтандыру кезінде бала мен логопед уақытын үнемдейді [3, б.57].

Осы «әмбебап құралдардың» бірнеше түріне тоқталып өтсек. Логопедтердің тәжірибесінде кездесетін өте кең таралған бұзылыстардың бірі-ауыз бұлшықеті қызметінің бұзылуымен және ауыздың шеңберлі бұлшықетінің әлсіреуімен еріп жүретін жұтыну мен сөйлеу кезінде тіс қатарлары арасына тіл салумен туындаған тісаралық сигматизм. Мұндай балаларда аузын тыныштықта үнемі жартылай ашық болуы, бұл әдетте ауызбен тыныс алудың пайда болуына, төменгі жақтың дамымауына және соның салдарынан тістеудің әртүрлі ауытқуларына әкеліп соғады. Жақ жүйесінің дамуына тыныштықта және жұту кезінде тілдің жағдайы, зиянды әдеттер мен тыныс алудың ауыздық түрі үлкен әсер ететіні белгілі, ал тіс-жақ дамуының ауытқулары балада артикуляцияның бұзылуымен бірге жүреді. 4-8 жас аралығындағы балалардың трейнерлерді тұрақты пайдалануы (сүт және ерте ауысымды тістеу) таңдай пішінінің, мұрын қалқанының да қалыпқа келуіне мүмкіндік береді – мұрын қуысының түбі түсіріледі және қатты таңдай аймағы күмбез тәрізді түрге ие болады. Екінші тістеу сатысында мұндай әсер байқалмайды. Бұл тілдің дұрыс орналасуының нәтижесінде орын алады, оның қысымы іштен бұлшық ет дисбалансын жоюға мүмкіндік береді – таңдайға қарай, тіл оның пішіні мен енін қалыпқа келтіріп, жоғарғы жақ жиынтығын қолдайды. Сондықтан тыныс алу түрін мүмкіндігінше ертерек түзету қажет, бүгінгі күні трейнерлер сүт тістеу үшін әзірленген түрлері де бар [4, б.16].

6-10 жастағы балаларға арналған трейнерлер (Т4К моделі) миофункционалды бұзылыстарды, соның ішінде сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған. Трейнердің

конструкциясында ауыз қуысындағы тілдің жағдайын түзету үшін арнайы Тіл (3) қарастырылған, ол балаға оның дұрыс ұстанымы туралы "еске салады" - оның тілін ауыз қуысында физиологиялық дұрыс таңдай қалпын ұстап тұрады. Тіл жағдайының шектегіші (4) балаға зиянды әдеттен құтылуға көмектеседі. Т4к тренерлері тыныс алу мен жұту түрін қайта құруға, бұлшық еттердің артық қысымын азайтуға және тіс-жақ жүйесінің өсуін қалыпқа келтіруге көмектеседі. Бұлшықет "есте сақтау" әсерінің арқасында белсенді күндізгі миофункционалды түзету нәтижелері аппаратты түнде кию кезінде бекітіледі [5, б.32].

Логопедтің ортодонтпен, баламен және оның ата-аналарымен тренерлерді қолдана отырып түзету жұмысы процесінде өзара іс-қимылы.

Тиімділігі жоғары болу үшін логопедтің, ата-аналардың, ортодонттың және баланың өзінің қатысуымен кешенді тәсіл қажет. Логопед артикуляциялық аппаратты мұқият тексергеннен кейін және патологияны анықтағаннан кейін ата-аналармен әңгіме өткізеді, онда бұзылудың проблемасын, себептері мен салдарын түсіндіреді, сонымен бірге көрнекі бейне материалдарды пайдаланады, тренерлер, олармен жұмыс істеу принциптері және оларды қолдану тиімділігінің шарттары туралы айтады. Осы әңгімелесуден кейін бала ортодонтқа консультацияға жіберіледі, онда оған тренер тағайындалады және оны пайдалану режимі нақтыланады.

Бұдан әрі ортодонт пен логопед баламен дәлелді әңгіме өткізеді. Тренерді логопедпен пайдаланудың барлық уақыты бойы аппаратты пайдалану ережелерін және оны кию тәртібін сақтауға тұрақты бақылау жүргізіледі (тренермен жұмыс істеу үшін арнайы күнделік әзірленеді), сондай-ақ артикуляциялық және сөйлеу жаттығулары қосымша жүргізіледі. Ата-аналар түзету нәтижелері туралы үнемі хабардар етіледі.

Тренерлер жүйесі периоральді бұлшық етті жаттықтыру, жақ-бет аймағының миодинамикалық тепе-теңдігін қалпына келтіру мақсатында парафункциялар мен зиянды әдеттерді жою жолымен тістеу аномалияларын алдын алу және ерте емдеу үшін миофункционалды терапия құралы ретінде ортодонттармен жасалғанын атап өткен жөн, бұл бірінші кезекте тілдің көктегі позициясын тұрақтандыруға және тыныс алудың мұрын типін қалпына келтіруге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Архипова Е. Ф. Стёртая дизартрия у детей // - ООО «Издательство Астрель», М., 2007.- 45с.
2. Филичева Т. Б., Н. А. Чевелёва, Г В. Чиркина. Основы логопедии // - М.: Просвещение, 1989. – 232с.
3. Костина Я. В., Чапала В.М. Коррекция речи у детей: взгляд ортодонта // - ООО «ТЦ Сфера», М., 2008. – 57с.
4. Архипова Е.В. Роль миофункционального тренера «Infant» в коррекции и профилактики речевых нарушений у детей 3 – 4 лет // Ж. Логопед. – 2017. - № 7. – С.16-18.
5. Барсенева М.К. Использование миофункциональных тренеров для коррекции межзубного и бокового сигматизма у детей 6 – 9 лет // Ж. Логопед. – 2015. - № 3. – С.32-35.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

БЕЙСЕНБАЕВА П. А.

Экономика, бизнес және құқық колледжі
perizat_beysenbayeva.80@mail.ru

«Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында»

Н. Ә. Назарбаев

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазіргі кезеңдегі басты мәселелердің бірі – жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында

ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында», - деп атап көрсеткен болатын.

Сонымен бірге, *«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр»* деген еді. Сондықтан да қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Жалпы білім беру ордаларындағы педагогикалық технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау немесе ой қозғай отырып, баланың өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Ал мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы **3 кезеңнен** (ERR) тұрады:

1.Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау). Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Қызығушылығын ояту: Болжау кестесі, Тірек сөздер, Венн диаграммасы, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Блум таксаномиясы, Миға шабуыл, Топтастыру жатады.

2.Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) — Реализация – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Мағынаны тану кезеңі: Т кестесі, Пікір — талас, Аквариум, INSERT, RAFT, ДЖИК СО, Куббизм, Геометриялық фигуралар, Бір айналым сұхбат, Түртіп алу, Жұпта талқылау, Бағытталған оқу, Талдау картасы, Топтастырудан тұрады.

3. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) – Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді.

Ой толғаныс кезеңі: Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат т.б тұрады. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сын тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткізіледі. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктеріне тоқталайын:

RAFT. Бұл стратегияны «жейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс –тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады.

ДЖИК СО стратегиясы — ұжымдық оқыту әдісі. *Мақсаты:* жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. *Қолданылуы:* Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады –

бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе жанұя топтарын құрады, яғни эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1 – бөлігін бірлер, 2 — бөлігін екілер, 3 — бөлігін үшіншілер, 4, 5- бөліктерін — бесінші және төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы — түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» — білмеймін, «-» — мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды — деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Куббизм стратегиясы – Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды. 1, 2 – сыныптарда үш жағын ғана пайдалануға болады. Сонымен қатар Кубизм стратегиясында – кубик жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі тапсырма жазылады. Мұғалім кубті ортаға тастап, қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы тапсырмаға жауап береді.

Sinkiein немесе бес жолды өлең стратегиясы – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады.

Кластер (топтастыру). Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру. Мысалы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдерін кластер түрінде былай келтіруге болады. Бұл тәсілді қызығушылықты ояту және ой толғау кезеңдерінде қолдануға болады.

Инсерт (түртіп алу) жүйесі. Бұл тәсіл бойынша оқу материалы дайын күйінде беріледі, мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде жазылады:

«V» - білемін «+» мен үшін жаңа «-» басқаша ойлаймын «?» - түсінбедім, тереңірек білгім келеді

Кестені мәтіннің фрагменттері немесе толық абзац түрінде толтырады. Сонан соң оқушылар жұп болып немесе топпен өзара пікір алмасады. Түсініксіз болған ұғымдарды мұғалім түсіндіреді немесе басқа ақпарат көздерінен іздеуге үйге тапсырма беріледі.

Білемін. Үйрендім. Білгім келеді. Бұл стратегияны 1984 жылы Чикаго университетінің профессоры Донна Огл шығарған. Оның мақсаты – таным үрдісінде рефлексивтілікті дамыту.

Венн диаграммасы – екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру.

Эссе стратегиясын ой толғау кезеңінде қолданған тиімді. Мұнда оқушылар тақырыптық ішкі сырын терең түсініп, өз пікірін, өз ойын дұрыс жеткізіп, оқу материалының негізін анықтап, сол арқылы оларды өмірмен байланысын жазады.

«Эссе» стратегиясы бойынша өз ойынан әр түрлі пікірлер құрастырып, оны дәлелдеуге үйренеді.

«Сауалнама-интервью» стратегиясы да жаңа білімді меңгертуге үлкен септігін тигізеді. «Сауалнама-интервью» стратегиясы бойынша өтілген тақырыпқа талдау, салыстыру, зерттеу жұмыстары бойынша оқушы білімін жинақы түрде қорытындылауға болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттармен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.
- Негізгі сабақтың үш құрылымын сақтаудан тұрады:
- ой қозғау;
- мағынаны ажырату;

- ой толғаныс.

Сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет. Ол үшін тақырып бойынша оқытушы – оқушыларға тапсырманы орындауға уақыт белгілеуі, сенім көрсетуі, қолдауы және бағыт беріп көмектесуі қажет.

СТО бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және уақыт үнемдеуге өте ыңғайлы. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады.

Нәтижесінде:

- оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді;
- жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;
- бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді;
- жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру стандарты – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетуі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді. Демек, заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, оқушыларға қажетті білімді меңгерудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті.

«Адам өзін - өзі жетілдіруге де, жоюға да қабілетті. Адамның өз болмысын тануға, ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамытуға тиіс. Сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады»- деп көрсетілген Қазақстан Республикасы білімді дамыту тұжырымдамасында. Мен ұстаз ретінде әр баланы болашақ азамат ретінде бағалап, осы тұжырымдаманы өз қызметімде басшылыққа аламын. Қазіргі жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеруі үшін жан-жақты білім беру – ең басты міндетім.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» // Егемен Қазақстан. – 2010, наурыз – 19.
3. Хмель Н.Д Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: оқу құралы. – Алматы, 2005. - 139 б.
4. Көшімбетова С.А. Оқыту- тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары., Алматы, 2004.140 б
5. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Қ.Сарбасова.(2006 ж)
6. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», Н. Қошқарбаев, 2010 жыл.
7. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері » С. Мирсеитова, 2011 жыл.
8. Р.Қ.Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АБИЛЬДИНОВА М.К.

Экономика, бизнес және құқық колледжі

makpal_abildinova79@mail.ru

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет».

Н.Ә.Назарбаев

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

«Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті» деп көрсетілген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы- жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан- жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. Мақсаты- мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, бабалардың жан дүниесіне терең үніліп оны ұғына білуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни оның нәтижесінің жоғарғы деңгейде болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технология» терминін енгізді. Бұл жаңашыл педагогтардың мақсаты- оқушылардың алатын білімдерін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болу. Осыған орай қазірде педагогикалық технологиялар көптеп саналады. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы».

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір- бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мердит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе- теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір- бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Сын тұрғысынан ойлауды үйретудің өзіндік қажет ұстанымдары бар.

Сурет 1 - Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін қажет әрекеттер

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға ат салысатын бірден- бір тиімді бағдарлама деп есептеймін. Сын тұрғысынан ойлау- сынау емес, шындалған, бірін- бірі толықтырған ойлау десек қателеспейміз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің үлгісі. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Технология бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны ашу;
- ойтолғаныс.

Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

Кезеңнің мақсаттары:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- оқушының белсенділігін ояту;

Екінші кезең «Мағынаны ашу» кезеңнің мақсаты:

— жаңа ақпаратпен танысу;

— жаңа ақпараттар мен өз білімімен ара- қатынас белгілеу.

Жеке тұлғаның іс- әрекеті қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер

— мұғалім ұсынған белсенді оқыту әдістерін қолданып, жаңа тақырып

Материалдарын тыңдайды, оқиды;

— жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды

Немесе жазып алады;

қарастырылған материалдар мен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді. Белсенді оқу әдістерін қолдану:

— екі жақты күнделік;

— қосымша журнал;

— сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап

Іздеу және т. б.

Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлар мен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе — эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі.

Үшінші кезең «Ой толғау» кезеңнің мақсаты:

— қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.

— оқылған материалды талдау және қорытындылау.

— тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.

— Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады.

— Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңатақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады. — өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.

— Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады. — кластер құру — әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады. — түйін сөздерге қайта оралу.

— дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу.

— рефлексивті сұрақтар

— пікір алмасу.

— шығармашылық жұмыстар

Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша жүргізіледі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану балалардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқytудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы стратегияларды білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Қорыта келе, сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың сабақ сапасына әсері өте мол. Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Баланың логикалық ойлау қабілеті дамып, сабақтың сапасын артады. Ізденушілігін арттырып, өз ісіне сенімін нығайтады. Сабаққа қызығушылығын арттырып, белсенділігі күшейеді. Оқушылар сабаққа зор ынтамен қатысады, сабақ та сапалы өтеді. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету, мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері »

С. Мирсеитова, 2011 жыл. 2. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары»
Н. Қошқарбаев, 2010 жыл. 3. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару»

Ж.А. Жартынова, В.Н. Ким, Н.О. Қойлық, А.Ш. Орақова, 2009 жыл.

Қасенова С.А.«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты», Алматы қ.,

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА Ә.ТӘЖІБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

ҚЫЛЫШБАЕВА С.К., МЕНДИБАЕВА М.Б.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары

Биылғы жаңа жылымыздың 4 ақпанда әдебиет зерттеуші ғалым, ақын, драматург, филология ғылымдарының докторы, профессор, халық жазушысы Әбділдә Тәжібаевтың 110 жылдық мерейтойы аталып өтіледі.

Қазақ әдебиетінің тарихында көрнекті орынға ие болған ақын-жазушының бірі – Әбділда Тәжібаев. Ол - ақын, драматург, сыншы, әдебиеттанушы, театр зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, толағай ақын, толастамас жыр иесі, сыр елінің ардақты ұлы.

Ол Қазақстан оқушы жұртшылығына көптен мәлім. Оның шығармалары идеялық мәні мен тақырыптарының күнделік, кеңестік құрылысқа аса жақын қабысқан өткірлігімен жұртшылық бағасын ерте алады. Ақындығы шеберлене бастаған кезде де Әбділда кеңес халқының ұлы құрылысын және өзіне де бақыт берген Отанын жыр етеді. Оның алғашқы кездегі қысқа өлеңдері күнделік іс пенен науқандарға қолма-қол байланысты болатын. Ол газет бетінде тез жарыққа шығып, шапшаң тарап отыратын саясаттық, үгіт өлеңдер еді. Кейін оның орнына көлемді, терең сезімді толғау жырлар жазды. Бұлары әрі күнделік тақырыптық жағынан, әрі идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан сай келген, өскен өлеңдер болады.

Әбділда шығармаларының негізгі үлгісі, жанры – поэзия. Бұл жанрдың ішінде айқын ерекшелігі оның сыршыл, лирик ақын болуында. Ақын еңбектері әуелі қысқа, көбінше саяси лирикадан басталады да, кейін лирикалық толғауларға, лирика сарыны мол романтикалық поэмаларға да ауысады. [4]

Ақын поэзиясы – тың ізденістің, жоғары мәдениеттің, шебердің поэзиясы. Оның қаламынан туған поэмалар мен өлеңдері сыршылдық, ойшылдығы мен шыншылдық оттылығымен ерекшеленеді.

Лирикалық қысқа шығармаларынан бұрын Әбділда жазып жүрген өлеңдерден басқаша шыққан жаңа өрнекті, сырлы, күйлі өлеңі «Сырдариядан» басталады деуге болады. Бұл ақынның өзі туған өлке, өзеніне – Сыр бойына арналған өлең. Ақынның Қызылордаға, туған жеріне арнап жазған өлеңдерінің бәрі де шуақты сезімнің, нәзік жүректің мөлдір әуендер секілді, қуаныштан жаралатын көздің мөлдір жасы секілді. **Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр..**

Білем сені, сүйем сені
Сырдың суы қарт анам,
Сенсің мені әлдилеген,
Туған сенен мен балаң.
Сүйсе Гейне анам десе,
Сүйген суы Рейнесін,
Сырдың суы туған ол да
Өз ақынын Гейнесін.
Жазса Тарас Днепрді,

Жазса Пушкин Еділді,
Неге маған жырламасқа
Сырда туған елімді. [3]

Сыр өңірінде ақынға өзіне лайық құрмет әрдайым көрсетіліп жүр. Соның дәлелі ретінде қала орталығында орналасқан Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы - аймақ кітапханаларының әдістемелік орталығы және республикадағы байырғы ірі мәдени ошақтардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, көшеге есімі берілген.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша ақынның шығармалары жаңартылған білім беру негізінде жүргізіліп келеді. «Ө.Қоңыратбаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі» кабинеті мен «Жас толқын» жас ақындар үйірмесінің жылдық жоспарларына ақын шығармаларын оқыту, поэзиясына зерттеу жұмысы дәстүрлі түрде жүргізіледі.

Ө.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы 2010 жылдан бері дәстүрлі түрде «Тәжібаев оқуларын» өткізіп келеді. Кітапхана өткізген шаралардың барлығына колледж оқытушылары мен студенттері белсенді қатысып келеді.

Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес сыршыл поэзия өкілінің қазіргі жағдайда оқытылуы да өз дәрежесінде деп ойлаймын. Колледждегі барлық мамандықтарда жүргізілетін «Қазақ әдебиеті» пәнінде оқытушылар тақырыпқа сай түрлі тапсырмалар, зерттеу жұмыстарын, тілдік тапдауларын жүргізеді. Лирикасының ерекшелігіне қарай поэтикалық талдау жасауға бейімдеуде лирикалық қаһарман, тіл бедері, көркемдегіш құралдар, ақын жаңашылдығы, өлең құрылысын меңгертуде жанаша әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып келеміз.

Жаңартылған білім беру жүйесі – оқушының өзіндік ойлауы мен қорытынды шығара алуына, пікірін нақты жеткізе алуына жетелейтін аса маңызды үдеріс. Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Сондықтан, қазақ әдебиеті пәні мұғалімдеріне қойылар талап жоғары. Колледждің «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығының болашақ түлектері өндірістік тәжірибеде машықтану барысында ақын шығармаларын ашық сабақтарға арқау етіп алады. Әдістемелік тұрғыдан жан-жақты қолдау ала отырып, ақын шығармаларын тақырыптық ерекшеліктеріне қарай жұмыстар жүргізеді.

Б.Қапалбек, С.Жантасов, Т.Мадиеваның Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулығында автордың «Қазақстан» өлеңі берілген. Тапсырма негізінде оқушылар үзіндіні мәнерлеп оқып, оқыған кезде ерін үндестігі заңын ескеруі қажет.

Қазақстан өлкесінің кеңдігін,
Өлшеп жатпай өзгелерше, мен бүгін
Оңай ғана ұғындырып байқайын,
Болмашы бір белгілерін айтайын.
Дастарханнан нарттай қызыл алманың,
Қол созғанда таңдап бірін алғалы.
«Қазақстан!» дей көріңіз, бауырым,
Өсіруші алманың ең тәуірін... [1]

Бастауыштың 4-сыныбында «Жарық түнде жайлауда» шығармасы оқытылады.
Жарық түнде, жазық дала, жайлауда,
Шаршамаймыз атқанша таң ойнауға.

Ай астында алтыбақан тербеліп,
Үйренгенбіз толқынды жыр толғауға.
Жарық түнде, жазық дала, жайлауда,
Жалықпаймыз атқанша таң сайрауға.
Ай астында алтыбақан тербеліп,
Үйренгенбіз толқынды жыр толғауға.

Берілген шығарма бойынша:

- ✚ Қайталанған өлең жолдарын тауып оқы.
- ✚ Автор бұл өлең жолдарын неліктен қайталап отыр деп ойлайсың?
- ✚ Өлеңнің соңғы шумағындағы сөздерді пайдаланып, берілген сөзжұмбақты шеш.
- ✚ Сөзжұмбақтан шыққан сөз бойынша шағын әңгіме құра. [2]

Теңіздің тереңінен тартылғандай ақынның сыршыл, өміршең жырлары бүгінгі күн биігінен де өлең сүйер қауымның жүрек төрінен орын алары сөзсіз.

Сырдың толағай ақыны Әбділда Тәжібаев туралы мағлұмат беру, дарынды жерлес ақынымыздың өрісті ой, өшпес көркем мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, отаншылдыққа, адамгершілікке, елінің өнерін сүюге тәрбиелеу – әдебиетке жанашыр әр қазақтың міндеті,

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Б.Қапалбек, С.Жантасов, Т.Мадиева Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017. – 304 б.
2. Ә.Тәжібаев Өмірім менің... Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 288 б.
3. С.Рахметова: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық – Алматы: Атамұра, 2015. – 264б.
4. Adebiportal@gmail.com 8 (7172) 79 82 06 (ішкі – 112) © adebiportal.kz <https://adebiportal.kz/kz/news/view/1450>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

ШАЛГИНБАЕВА А.А.

Қарағанды «Volashaq» жоғарғы
колледжі

Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру атап көрсетілген. Қазақстан Республиканың «Білім туралы» Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымдарының бірі. [1] Сол себепте қазіргі заманауи талаптардың бірі – білімді, логикалық ойлауы дамыған, жанашыл, дарынды, жеке дара ойлай алатын шығармашыл, бәсекеге қабілетті жеке дара тұлға тәрбиелеу. Сол себептен баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, оларды оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың басты құралы – логикалық тапсырмалар. Бірақ, логикалық тапсырмалар тек қана балаларды қызықтырып қана қоймай балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес логикалық тапсырмаларды ойын түрінде ұйымдастыру қажет. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытудағы біздің негізгі міндетіміз - баланың логикалық ойлау қабілеттің арттыруға жағдай жасау.

Ойындар балалардың негізгі іс әрекеті ретінде психологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Балалар ойын барысында қоршаған ортаның сырын танып біледі, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Кеңес үкіметінің жазушы және педагог А.С. Макаренко ойынның бала тәрбиесіне маңыздылығы туралы былай деп жазды: Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің,

жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен сон жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешекте жақсы адам тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. [2] Осыған орай, логикалық тапсырмаларды ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмаларды өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, тіл байлығы жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.

Мектепке дейінгі жас – баланың ойлау қабілетінің қарқынды даму кезеңі. Баланың ойлау қабілеті – оқиғалар мен мәліметтерді жадында сақтау үшін өте маңызды. Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тілдің дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру арқылы дамиды. Баланың дұрыс қалыптасқан психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлауды зерттеуде көптеген психологтар «детерминизм» принципін басшылыққа алады. Ол сыртқы құбылысты тану ішкі шартты рефлекс арқылы жүзеге асады деген ережеге сүйенеді. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау – 5-6 жасар бала ойлауының негізгі түрі.

Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың есте сақтауы еріксіз жақсы дамиды. Сондықтан қоршаған ортадағы жақсы қабылдап алған заттарды есінде жақсы сақтайды. Мысал ретінде баланың ойлау қабілетін тәрбиелеу мақсатында өткізілетін «**Санамақтар**» ойының көрсетейік. Бұл мектепке дейінгі жастағы және жасөспірім балалар үшін ұсынылады. Мұндай ойын түрі – ойынға қатысушылардың лидерлік (озаттық) қабілеттерін айқындауға игі әсер етеді. Ойынға қатысушылар көздерін жұмады. Ойын жүргізуші бұларға, мысалы, оңға дейін санауды ұсынады (сан кез келген де болуы мүмкін).[3] Санамақ тәртібі төмендегідей:

— санау кезінде сандардан басқа заттарды айтуға болмайды;

— топқа бөлінген балалардың тек біреуі ғана сандарды атауы тиіс, егер балалардың екеуі бірдей бір уақытта бір түрлі санды атайтын болса, ойын қайта басталады. Ойыншылар көздерін жұмып отырғандықтан, бұлар кімнің бұдан әрі санауға дайындалып отырғанын біле алмайды. Және бір-бірлеріне нендей де бір белгі де бере алмайды. Ақыр соңында, бәлкім, бәрінен сандарды көп айтқан ойыншы дараланып қалады. Міне, серіктестер ішінен озып шыққан ойыншы, осылайша, лидер (озат) атанады. Осындай логикалық ойындар мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің танымдық белсенділіктерін дамытудың басты бағыты болып саналады.

Танымдық белсенділікті психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс-әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық - денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық әрекетті қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктерін анықтайды. Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінде ойлау ең басты жетекші үрдіс болып табылады. Демек оқыту үрдісінде ынталандыру - бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады. Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет. Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл-ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар

ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс - әрекетін ұйымдастырудың келесі логикалық ойын түрлерін айтуға болады. [4]

«Бір, екі» ойыны. Бұл ойын, негізінен, мектеп оқушыларына арналған. Ойын түрі де ойыншылар тобынан ерекшеленген озаттарды анықтауда ерекше маңызды. Ойын басталмас бұрын, команда бойынша көрсетілетін қозғалыстарды ойыншылардың бір уақытта жасаулары ескертіледі. «Бір де!» ойын басқарушының командасы бойынша ойыншы балалар өз орындықтарын жоғары көтереді. Бұдан соң, ойын жүргізуші ешқандай команда бермейтінін хабарлайды. Бұл тұста, оқушылардың (ойынға қатынасушылардың) алғашқысының «Орындықтарыңды түсіріңдер!» деген командасын ескеру ғана маңызды. Бұдан әрі ойын жүргізушінің «Екі де!» командасы бойынша балалар өз орындықтарын айналып жүгіреді. Ойыншылардың біреуінің: «Орындықтарыңа отырыңдар!» бәрі де бір уақытта орындықтарына отырулары тиіс. Ойыншылар арасынан бірінші және екінші жағдайларда команданы бір ғана оқушы берсе, бұл ойыншы бойында лидерлік (озаттық) қабілеттің бары анықталады.

«Кактустар шөл далада өседі» ойыны. Бұл ойын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Ойынға қатысушылар қол ұстасып, шеңбер бойымен жүріп, бәрі бірдей: — кактустар шөл далада өседі, кактустар шөл далада өседі,- дейді. Ойын басқарушысы шеңбер ортасында тұрып, тосыннан бұрыла кетеді. Осы кезде лезде шеңбер ішінен бір ойыншы секіріп шығады: ой – деп айқай салады. Мұны ол ойын басқарушы міндетті түрде көре алмайтын кезде жасауы тиіс. Көршілес тұрған ойыншылар айқайлаған ойыншының іле қолынан ұстай алады. Егер ойын басқарушы шеңберден секіріп шығуға ыңғайланған ойыншыны байқап қалса, ол сол ойыншының иығынан қағуы керек. Ойыншы бұл кезде көпшілік тұрған шеңберде қалуы тиіс. Саған не болды ? дейді ойын жүргізуші шеңбер ішінен секіріп шыққан «науқасқа». Ойыншы кактусқа байланысты кез келген жауапты ойлап табады (мысалы: «Мен дәмі тым ащы кактусты жеп едім». «Мен кактусты басып кетіп едім», т.б.). Бұдан кейін ойыншы шеңберге қайта кіреді. Осы тәртіппен ойынды басқалары жалғастырады. Ойыншылар басқарушының сұрақтарына жауап беру кезінде бұрын айтылған жауаптарды (ойыншылардың жауаптарын) қайталамауы тиіс. Шеңбер сыртына көбірек шығып, белсенділік танытқан ойыншы озаттық қабілеті бар деп бағаланады. Сол ойыншы жеңеді.

«Мен сенімен келіспеймін» ойыны. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларына арналған. Бүлдіршіндер екі топқа бөлінеді. Бірінші топ мүшелері екінші топқа бірнеше сұрақ қояды. Екінші топ мүшелері бұл сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар, негізінен, әр ойыншының белгілі бір іс-әрекетке құмарлығы төңірегінде өрбиді. Мәселен: «Соңғы кезде қандай кітап оқыдың?», «Спорттың қандай түрімен айналысасың?», «Қандай спорт түрімен айналысасың?», т.б. Мұндай сұрақтар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әр алуан болып келеді. Сұрақтарға жауап беруші жақтың да жауаптары мазмұнды, мағыналы, ойға қонымды болуы қажет. Ойыншылардың сұрақ және жауаптарындағы ой-өрістеріне қаншалықты әсер ететінін де байқап. Бірінші топ мүшелерінің сұрақтарына екінші топтың – жауап беруші жақтың – бағасы он ұпай мөлшерде беріледі. Бұдан әрі екінші топ сұрақ қоюға көшеді де, бірінші топ мүшелері жауап қайтарады. Көбірек сұрақ қойған ойыншылар да, сұрақтарға дұрыс жауап қайтарған оқушылар да 10 баллдық шкаламен бағаланып, ең жоғары ұпайға ие болғандар – озаттық сапаға ие болып, ойын басқарушыдан немесе әділқазылар алқасынан дәріптеліп, марапатталуы да мүмкін.[5]

Лидерлік сапа – қабілет – кез келген оқушы бойынан табыла бермейтін қасиет. Десек те, шәкірттерді озаттыққа тәрбиелеу – тәжірибелі ұстаздар мен мектеп психологтарының педагогтік қызметтегі басты міндеттерінің бірі деуіміз қажет. Бала бойына туа біткен дарын педагог еңбегімен ғана қалыптасып, дариды да дамиды.

«Біз екеуіміз ғана» ойыны. Бұл қызықты ойынды сегіз бен - он бес жас аралығындағы балалар ойнайды. Ойыншылар саны шектелмейді. Бірақ сегіз адамнан кем болмауы да керек.

Топ ішінен екі ойын басқарушы тағайындалады. Басқалары – ойыншылар. Бұлар жұп санды құрауы қажет. Радиусы 4 метрлік шеңбер жасап, балалар ойынға әзір тұрады. Ойыншы жүргізуші екеуі қарама-қарсы жаққа тарап, біріне-бірі қарама-қарсы тұрады. Музыканың әуенімен бәрі шеңбер жасап, қол ұстаса көңілді қозғалыспен ойынды бастап кетеді.

Арада бірер минут өткен соң, жүргізушілердің бірі жұптанған ойыншылардың бірінің қолынан ұстай алады. Осы кезде шетте қалған екінші ойыншы қаша жөнеледі. Ойын басқарушы оны қайткенде ұстап алуы керек. Ойын басқарушылар да, ойыншылар да бірі – ұстауға, екіншісі – ұстатпауға тырысады. Басқарушы шеңбер жасап қашқан ойыншыны ұстап алса, ойыншының орнына басқарушы тұрады да, ұсталған ойыншы басқарушының рөлін орындайды.

«Мен бәрінен жақсымын, ал сен ше?» ойыны. Бұл ойын да мектеп жасына дейінгі балаларға арналған. Ойынға қатысушы балалар бұл ойын түрінен бірлікті, сергектікті, ұнатушылықты, т.б. қасиеттерді мақұлдауды сезінуге тәрбиелене беруге, жақсы көңіл күйде болуға, біраз уақытқа болса да дағды алады. Күнделікті ойындарында кездесетін қорқыныштарды, күдіктерді аз уақыт болса да ұмытатын болады. Ойын үш, бес баланың қатынасуымен шектелуі тиіс. Балалардың бірі көпшіліктің мақұлдауы, қолдауымен орындыққа отырғызылып, үстін жұмсақ, бірақ салмағы бар заттармен жабады. Бұл тұста баланың жасы және салмағы қатаң ескеріледі. Бұдан әрі орындықтағы баланың үстінде үйілген заттарымен сахнаға әкелінеді. Жиналған ата-ана, мектеп оқушылары бұл көріністі ерекше қошеметпен, ду қол шапалақтап қарсы алады. Ойынға қатысқан үш, төрт бала орындықтағы балаларды қоршап алып, қол шапалақтайды. Бұл секілді «құрметті» орындыққа қалған балаларда кезегімен отырып, өз өнерлерін көрсетуі тиіс. Жеңіске жеткендер – ең көп қол шапалаққа ие болғандар, көпшіліктің ризашылығына бөленгендер болса керек. Жеңімпаз бала сый-сияпатпен құрметке ие болады.

«Мұғалім және оқушы» ойыны. Бұл ойын кіші жастағы мектеп оқушыларына арналған. Бұл қызықты ойынды өткізу үшін бірнеше қарындаш пен қағаз ғана қажет. Әуелі, ойын жүргізуші тағайындалады. Бұл – мұғалім рөлінде ойнайды. Қалған ойыншылар – оқушылар. Әр парақ қағазға «мұғалім» бір заттың суретін салады. Бұл сурет оңай да, бәлкім, қиын да салынуы мүмкін. «Мұғалім» кезекпен әр парақтағы суретті «оқушыларға» (ойыншыларға) бірнеше секунд ішінде көрсетеді де, «мұғалім» «оқушысына»: — Суреттердің қалай салынатынын есіңе сақта да, салып шық, — дейді. Бұдан әрі «оқушылар» суреттерді сала бастайды. Көрсетілген заттарды ұқсата салған «оқушылардың» жұмыстары белгіленген ұпай бойынша бағаланады. Кім неғұрлым көп ұпай жинақтаса, сол жүлдегер атанады.

Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді. Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану - бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түйсіне отырып қабылдайды. Мектепалды даярлық, балаларының логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты – бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды. Сондықтан мектепалды даярлықта балалардың ой-өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлануға сүйенеді – дейді белгілі психолог Ғ.Жолтаева. [6] Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз. Оны жүйелі түрде шыңдау тәрбиешінің басты міндеті. Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл-ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды.

Қорытындылай келе әр педагогтың парызы баланың жеке қабілетін анықтап, оны белгілі бір бағытқа жетелеу. Әр топтың жас ерекшелігіне қарай логикалық - математикалық ойындарды пайдалана отырып, мектепке дейінгі балалармен тәуелсіз және жеке логикалық ойлау қабілетін қарапайым математикалық ұғымдар арқылы дамытамыз. Мен балалардың логикалық - математикалық ұғымдардың өзін - өзі тану жолдарын меңгеруге көмектесеміз.

Логикалық тапсырмалар балалардан тек қана математикадан білім емес күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты білімді талап ететін тапсырмалар. Балалардың байқағыштығын дамытуға негізделген логикалық ойлауды дамыта оқытуды негіздеу үшін логикалық ойлау ұғымын терең түсіну керек. Бала бойында логикалық танымдық қызығушылықты арттыру үшін келесі ұстанымдарды есте сақтау керек. Олар: алдын-ала дұрыс мәлімет беру, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру, баланы психологиялық тұрғыда дайындау, педагогтың пәнге дұрыс көзқарасы.

Әдебиеттер:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы
2. Макаренко А. С. Книга для родителей. — Pubmix.com, 2012. — С. 161. — 284 с. — ISBN 978-5-45-803680-1.
3. Т. Кенжебаев, М. Абдиров «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы, 1985ж
4. «Бала мен балабақша» журналы №1, 2011ж
5. «Отбасы және балабақша» №1, 2005ж
6. Мектепалды даярлық журнал №1, №2, №3 2004ж

СОВРЕМЕННЫЕ КОМПЬЮТЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ РЕЧИ

МАНЖОСОВА – ВОЛОСАТОВА., В.Г.БАЙМУРУНОВА Г.Н.

КГКП «Думан», г. Караганда

E-mail: nica_888@mail.ru

В контексте происходящих инновационных изменений в обществе, вызванных повсеместным внедрением компьютерных технологий, одной из актуальнейших задач является осознание того, что необходимы существенные перемены в традиционных образовательных системах и технологиях, и соответственно разработка новых путей их развития. Новые информационные технологии изменяют не только структуру любой деятельности, но и приводят к интеграции различных видов деятельности.

Наше электронное учебное пособие «Развитие мелкой моторики у детей старшего дошкольного возраста с нарушениями речи» позволяет понять способы организации деятельности детей, необходимой для решения поставленных развивающих и коррекционных задач обучения. Структура данного учебного пособия представлена на рисунке 1.

Рисунок 1 - Структура программы для ЭВМ – электронного учебного пособия " Развитие мелкой моторики у детей старшего дошкольного возраста с нарушениями речи "



Стартовая страница включает в себя: данные об авторах-разработчиках.

Галерея работ включает в себя наглядный материал в виде картинок.

Раздел «Календарный план» включает в себя 170 занятий, разделенных на учебные недели. Каждая неделя состоит из 5 занятий (Понедельник – Рисование, Вторник – Аппликация, Среда – Ручной труд, Четверг – Лепка, Пятница - Рисование). Недели сгруппированы в месяцы (с сентября по май). К занятиям прилагается наглядный материал в виде картинок.

Раздел «Пальчиковая гимнастика» включает в себя 4 подтемы: «Пальчиковая гимнастика»; «Поиграем с мамой»; «Комплекс мер, способствующих развитию движений рук и ручной умелости); «Развиваем ручную умелость (упражнения)». Всего 55 заданий.

Раздел «Сделаем вместе» состоит из 4 подтем (Рисование, Аппликация, Ручной труд, Лепка). Каждая подтема содержит иллюстрированные руководства для совместной работы детей и взрослых. Всего 36 занятий.

Раздел «Готовимся к школе» состоит из 6 подтем: «Что нужно знать о навыках письма»; «Виды и причины неправильного навыка письма»; «Комплекс мер, способствующих развитию тонких движений рук»; «Графические упражнения»; «Дополнительные упражнения» (12 упражнений); «Диагностические задания для определения уровня развития мелкой моторики и координации движений рук» (5 тестов).

Раздел «Педагогический сундучок» включает в себя 3 раздела. 1 раздел включает в себя 1 подтему: «Психогимнастика, утренний сбор»; 2 раздел включает в себя 6 подтем: «Дидактические и подвижные игры», «Игры на формирование красивой осанки», «Комплекс для снятия утомления и расслабления глазных мышц», «Комплекс упражнений дыхательной гимнастики», «Динамические упражнения для языка»; 3 раздел включает в себя 2 подтемы: «Упражнения на релаксацию, аутотренинг», «Методика для релаксации детей школьного возраста». Всего 59 упражнений.

Какие специалисты могут использовать электронное учебное пособие «Развитие мелкой моторики у детей старшего дошкольного возраста с нарушениями речи»?

Эта программа может быть использована практическими логопедами, тифлопедагогами, дефектологами, психологами, воспитателями, педагогами, а также родителями детей, желающими помочь детям с особыми образовательными потребностями найти пути развивающего и коррекционно-направленного обучения. Сопровождающее программу разделы: «Календарный план»; «Пальчиковая гимнастика»; «Сделаем вместе»; «Готовимся к школе»; «Педагогический сундучок» позволяет понять способы организации деятельности детей, необходимой для решения поставленных развивающих и коррекционных задач обучения.

Программа может быть использована в малогрупповых и индивидуальных занятиях с детьми. Программа устроена так, что взрослый сможет подобрать каждому ребенку необходимый именно ему набор упражнений и, таким образом, добиться качественной индивидуализации процесса обучения.

Каким детям и в каком возрасте может быть полезна программа?

Эта программа необходима детям старшего дошкольного и младшего школьного возраста с нарушением речи, нарушениями слуха, зрения. Она может быть полезна и другим категориям детей с отклонениями в развитии.

Программа может помочь и тем детям, которые не страдают первичными

нарушениями развития, но в силу иных, социокультурных причин испытывают выраженные трудности в обучении. Эта программа может быть очень полезна и обычным детям в процессе подготовки к школе.

Не трудно ли ребенку будет работать с компьютерными упражнениями?

Это справедливый вопрос, ведь ребенок, возможно, никогда раньше не имел дела с компьютером и не знает, как управлять им. Компьютер не должен являться для проблемного ребенка предметом изучения, он должен стать для ребенка помощником инструментом деятельности, отвечающей его возрасту, интересам, уровню развития. Ребенок должен с самого начала осваивать компьютер как средство решения интересных и важных для него задач. Вот почему так важно было добиться простоты управления. При работе с компьютерной программой все внимание и силы ребенка должны уходить на решение содержательных учебных задач, а не на освоение компьютера.

Список использованных источников

1 Ковригина Л. В. Использование элементов ИКТ при подготовке учителей-логопедов к логопедической работе с детьми старшего дошкольного возраста / Л. В. Ковригина // *Фундаментальные исследования*. - 2008. - № 3

2 Кутепова Е. Н. Оптимизация процесса школьного обучения с помощью программно-методических средств / Е. Н. Кутепова // *Логопедия: методические традиции и новаторство*. - М., 2003.

3 Лынская М. И. Организация логопедической помощи с использованием компьютерных программ / М. И. Лынская // *Логопед в детском саду*. - 2006. - №6.

4 Степанова М. Ребенок и компьютер / М. Степанова // *Директор школы*. - 2000.-№5 .
Обечение грамоте детей с нарушениями речи.

5 Ремезова Л. А. Коррекционные подходы к формированию у дошкольников с косоглазием и амблиопией знаний, умений и навыков на общеобразовательных занятиях и в строительно-конструктивных играх // *Коррекционная педагогика*. - 2004 г. - №4 (6), С. 40-45.

6 Ришман Л. Н. Новые подходы к организации деятельности дошкольников с нарушением зрения // *Коррекционная педагогика*. - 2007 г. - №4 (22), С. 44 - 47.

7 Жарикова М. И., Медова Н. А. Современные компьютерные технологии обучение как средство адаптации детей с нарушением зрения // *Коррекционная педагогика*. - 2006 г. - №4 (16), С. 60 - 65.

8

СРЕДСТВА ЭТНОПЕДАГОГИКИ НА ЛОГОПЕДИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ

БАЙМУРУНОВА Г.Н., МАНЖОСОВА-ВОЛОСАТОВА В.Г.

КГКП я/с «Думан»
E-mail: b_gumi@mail.ru

Дошкольный возраст является важным периодом для развития речи ребёнка. В ходе своего развития речь детей тесно связана с характером их деятельности и общения. Развитие речи идет в нескольких направлениях: совершенствуется её практическое употребление в общении с другими людьми, вместе с тем речь становится основой перестройки психических процессов, орудием мышления.

У детей старшего дошкольного возраста речь достигает высокого уровня, накапливается значительный запас слов, возрастает удельный вес простых распространённых и сложных предложений; у детей вырабатываются критическое отношение к грамматическим ошибкам, умение контролировать свою речь. Развитие речи тесным образом связано с познанием окружающего мира, развитием личности в целом.

Важным моментом в развитии речи детей старшего дошкольного возраста является увеличение количества обобщающих слов и рост придаточных предложений. Это свидетельствует о развитии у старших дошкольников отвлеченного мышления. Эти достижения в речевом развитии детей так значительны, что можно говорить не только о

формировании фонетики, лексики, грамматики, но и о развитии связной речи, в частности правильности, точности и выразительности высказываний. Исследования психологов и педагогов, показывают, что к старшему дошкольному возрасту у детей развивается осмысленное восприятие, проявляющееся в понимании содержания и нравственного смысла произведения, в способности выделять и замечать средства художественной выразительности, т.е. у детей развивается понимание образной стороны речи.

В современной жизни широкое распространение получило массовое искусство, которое оставляет в стороне устное народное творчество. От детей ускользают точность, выразительность и красота родного языка. Сегодняшнему дошкольнику не понятен смысл многих слов, составляющих структуру фольклора, он утрачивает важные моменты для развития познавательной деятельности. Но ведь только знание прошлого позволяет полноценно овладеть настоящим.

Различные этапы исторического пути народов мира имеют общие формы выражения в пословицах и поговорках – кладези мудрости. Пословицы и поговорки доходят до глубины души человека любой национальности, ведь устное творчество всех народностей прошло одинаковый путь развития. Проникновение в культуру народа означает приобщение к истории этого народа, его образу жизни, обычаям и традициям. Народ без мудрости – тело без души!

О развитии казахского устного народного творчества дают представление многочисленные пословицы и поговорки, в которых отражены народная мудрость, культура и жизненный опыт трудового народа. В лаконичных изречениях даны назидания и советы, высмеиваются людские пороки.

Пословицы и поговорки, отражающие жизненный опыт народа, дают ценную информацию детям для более глубокого понимания народной истории и души, являются великолепным средством обучения и воспитания.

Мы считаем, что ребенок, постигший красоту, величие, мудрость своего народа, впитавший дух интернационализма, которым проникнуто фольклорное наследие разных народов, воспитанный на лучших образцах народного творчества будет с уважением относиться к истории и культуре других национальностей.

Пословицы и поговорки оказывают воспитательное воздействие не сами по себе, а при условии, если родители личным примером соблюдают, поддерживают принципы, выраженные в них. Каждая пословица и поговорка, каждое любимое изречение, если они разумны и к месту звучат, соответствуют духу и традициям семьи, выражают её истинные стремления, если они понятны и близки к сердцу детей, становятся прекрасным, поучительным нравственным уроком в семье. Как примеры кратких и метких выражений поговорки и пословицы можно использовать и в целях развития речи детей, приучая их запоминать и использовать в логических доказательствах.

Общедоступность – характерная черта поговорок и пословиц. Недаром в пословице говорится, что «без углов дом не строится, без пословиц речь не молвится».

Знакомясь с пословицами и поговорками, ребенок вслушивается в речь, улавливает ритм, отдельные звукосочетания и постепенно проникает в их смысл, таким образом, развивается фонематический слух малыша. Пословицы развивают логическое мышление, приучают к образному меткому слову. У дошкольников с ОНР изначально бедный словарный запас, не сформирована грамматическая система, неразвита связная речь. Необходимо, не нарушая естественного хода коррекционно-воспитательного процесса, обогатить детский словарь понятиями из устного народного творчества (не только казахского, но и других народов), познакомить с обозначениями предметов, оставшимися в прошлом. Многие пословицы выстраивают базу для успешного формирования словообразования, для усвоения антонимов, синонимов; создают основу для развития таких мыслительных операций, как сравнение и обобщение. Большинство поговорок – готовый дидактический материал для развития фонематического слуха и формирования правильного звукопроизношения.

Приобщение детей к золотому фонду народной культуры решит не только проблемы обогащения речи детей, но и позволит совершенствовать их внутренний мир.

Примерный речевой материал для логопедических занятий:

Обогащение словаря словами с противоположным значением, развитие вербально-логического мышления:

- Герой однажды жизнь теряет, трус в каждой битве умирает.
 - Когда беда грозит, когда бывает туго,
 - Мудрец себя винит, глупец ругает друга.
 - Где молодость оборвалась, в том месте старость началась.
 - Побеждённый снова рвётся с победителем бороться.
 - Мы друзьями были, а пошли торги, всё мы позабыли и теперь враги.
 - Куда едут передние колеса арбы, туда едут и задние.
 - Трудолюбивый ест, что нравится ему, ленивый – что достанется ему.
 - И бедный дом отца родного милее нам дворца чужого.
 - Беспомощным бывает два раза человек: когда он начинает и завершает век.
 - Если ты богат – стремись, чтоб душа не очерствела,
 - Если беден – не ленись, не сиди без дела.
 - Хоть ворон каркает сто дней – а лето не идёт,
Лишь раз засвищет соловей – и лето настаёт.
- Автоматизация и дифференциация заднеязычных звуков:
- Если плох и тонок стебелёк, то от колоса велик ли прок?
 - Кукушка лишь по скудости ума готова окликать себя сама.
 - Хотя хромой хромее всех, но он, когда спешит,
Обгонит скороходов тех, кто на кошме лежит.
 - Два воина лихих, что дружно скачут в бой,
Побьют десятерых, не дружных меж собой.
 - Рога быка его ушей длиннее, хоть появляются рога позднее.
 - Если вдруг столкнутся два верблюда, мухе будет между ними худо.
- Автоматизация и дифференциация переднеязычных звуков:
- Коль чтить себя батыром закалённым, то своего врага считай драконом.
 - Топор творит сто или тысячу бед, но топора без топорища нет.
 - Дорогу одолеет только тот, кто хоть неторопливо, но идёт.
 - Чем наполнена посуда, то и выльется оттуда.
 - Молчит о подвигах джигит, хоть ими и гордится.
А тот, кто много говорит, для битвы не годится.
 - Человек, который скуповат, раб всего того, чем он богат.
 - Что дорожишь своим добром, нет ничего плохого.
Но всё-таки при всём при том ты не хватай добра чужого.
- Автоматизация и дифференциация свистящих звуков:
- Сердце матери - в ребенке, сердце ребенка - в степи.
 - Даже хлев пустой, где вовсе нет скота, лучше головы, которая пуста.
 - То, что не любят змеи с давних пор, всё вырастает у змеиных нор.
 - У молодого на уме забава, а у седого на уме забота.
 - Испуганный змеёю на летовке, пугается зимою и верёвки.
 - Видят глаза, а стыдится лицо.
 - Когда не повезёт, так зуб сломаешь об ячменный суп.
 - Язык острее клинка.
 - Оттого что пошутила львица, умерла пугливая лисица.
 - Битвы – испытанье храбреца, споры – испытанье мудреца.
 - Одолеет одного храбрец, одолеет тысячу мудрец.
- Автоматизация и дифференциация шипящих звуков:
- Кошке – еда, мышке – беда.
 - Хоть щепка и суха, а всё ж, когда одна, костра не разожжёшь.
 - Герой однажды жизнь теряет, трус в каждой битве умирает.
 - Что видно, то не далеко, что поднято, то и легко.
 - Людская речь – острее, чем меч.
 - Ты роешь яму, рой получше, хоть роешь не себе, а всё ж

- Песочек разрыхли на случай, вдруг сам ты в яму упадёшь.
- У драчливого петушка есть болячки, но нет жирка.
 - Вовек воды не ценит тот, у чьих ворот она течёт.
 - Кто просит пищи – обретёт, кто счастье ищет – тот найдёт.
 - Сегодняшнее яйцо лучше завтрашней курицы.
 - Острый нож враг ножнам, лживое слово - враг души
 - Воды ручья не пожалей, и грязь от рук отмоется.
 - Ты выплачь боль беды своей, и сердце успокоится.
 - Нет соперников у клячи, то быть может, мнится ей,
 - Что она скакун горячий, скачет в поле всех быстрей.
 - Жизнь стекла, коль суждено, может и столетья длиться.
 - Но мгновение одно надо, чтоб ему разбиться.
 - Выдают глаза подчас, то, что на душе у нас.
 - Человек, будь схож с землёю, все невзгоды с ней дели.
 - Человек, будь схож с водою, что смывает грязь с земли.
 - Автоматизация и дифференциация сонорных звуков
 - Что положишь к себе в котел, то будет и на ложке
 - В землю зерно упало – знаком стало, в пламя зерно упало – прахом стало.
 - Чем меньше у муллы ума, тем больше у него чалма.
 - У последнего верблюда кладь тяжелее.
 - Хоть яблоня не высоко растёт, а всё ж даёт порою сладкий плод.
 - Была бы голова цела, а шапка будет как была.
 - Сколько бы сорока ни клевала, всё ей мало.
 - Даже тот, кто еле-еле, но шагал, одолел в конце недели перевал.
 - Оттого, что вьюк не столь тяжёл, стал ещё ленивее осёл.
 - Что ни навьючишь на осла, в верблюда он не превратится.
 - Какой корова б ни была, она не станет кобылицей.
 - Ясно, как тавро на стригуне.
 - Хороший враг лучше плохого родственника.
 - Впадает в море и река, рождённая от ручейка
 - Правда с солнцем схожа, ибо велика, и её не может закрыть ничья рука.
 - Пора придёт, пора настанет, и вечный лёд в горах растает.
 - Собака лает, глотку рвёт, а караван идёт, идёт.
 - Ворона силилась немало во всём павлину подражать.
 - Красивою она не стала, но разучилась летать.
 - Что ни навьючишь на осла, в верблюда он не превратится.
 - Какой корова б ни была, она не станет кобылицей.
 - Коль сотрёт золотая сбруя спину лошади твоей,
 - Сбрую выброси такую, золота не пожалей.

Литература:

1. «Казахские пословицы и поговорки», «Алматыкітап», 2012
2. Сальникова М.И. «Караван мудрости», Астана, 2008
3. Жусупова Д.З., Исхакова Ф.К., Омаргалиева Т.Ж., Ногайбекова Б.Ж. «Тіл дамытудың ғажайып әлемі», Хрестоматия, «Аруна» баспасы, Алматы, 2006

МАТЕМАТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

РАХЫМЖАНОВА А.Қ.

Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі

Түсінуге қиын кейбір заттар бар. Мысалы, сіз бос тұрған ұзын орындыққа келіп отырсыз, қалай ойлайсыз: Тура ортасына отырсыз ба: Әлде, ең шетіне келіп отырсызба: Мұның екеуі де емес. Сіздің денеңізге қатысты орындықтың бір бөлігінің екінші бөлігіне қатынасы жуық шамамен 1,62 болатындай, орынға отырсыз. Бұл қарапайым жағдай. Орындыққа отырған кезде сіз алтын қима әдісімен отырдыңыз. «Алтын қима» туралы ежелгі Египет пен Вавилон, ежелгі Индия мен Қытайда білген. Ұлы Пифагор «Алтын қиманың» мистикалық мағынасын оқытатын жасырын мектеп құрды. Евклид оны пайдаланып өз геометриясын құрастырды, ал Ридий өзінің ғажап мүсіндерін жасады. Платон бүкіл әлем «Алтын қимамен келісіліп құрастырылған»- деп есептейді. Леонардо да Винчи мен Мекеланджело «Алтын қиманың» жоғарғы үйлесімділігін насихаттады. Бұл уақытта Пачолиден Энштенға дейінгі ғалымдар «Алтын қиманың» дәл мағынасын іздеп табуға күш салады. 1,6180339887... – үтірден кейін шексіз қатар ғажап жұмбақ, түсініксіз осы зат мистикалық түрде бүкіл тіршілікке араласады. Сіз бұл пропорцияны теңіз иірімдерінен, гүл пішіндерінен, қоңыздардың бет - әлпетінен және адамның әдемі дене бітімінен көре аласыз. Сонымен, «Алтын қима» дегеніміз не? Мүмкін бұл сұлулық заңдылығы ма, әлде, мистикалық жұмбақ па? Ғылыми финомин, әлде, этикалық принцип пе? «Алтын қима» осылардың барлығы, тек жеке – жеке емес бір уақытта. Оның жұмбақ сыры осында.

Мақсаты: математиканың әр түрлі салада қолданылуы туралы түсінікті кеңейту, математиканың негізгі заңдылықтарының өнерде, бейнелеуде, қолданылуын көрсету.

Міндеттері:

1. Алтын пропорция және оған қатысты қатынаспен таныстыру;
2. Математиканың тек жаратылыстану ғылымдарында ғана емес, сонымен қатар өнерде де кең қолданылатыны туралы білімді кеңейту.
3. Зерттеу жүргізу адамның негізгі аспектілерінің бірі «Алтын қиманың» қолданылуы.
4. Алған білімдердің қолдану мүмкіндіктерін көрсету. Математикадағы «Алтын қима» әдісінің ашылмаған сырлары әлі де көп. Мен өз зерттеуімде осы әдістің ашылмаған құпияларына аз да болса үңіліп, оның қолдану мүмкіндіктеріне көз жеткіздім. «Алтын қиманың» гармониялық үйлесімі, өмірдің әр саласында, математикада, сурет және сәулет өнерінде, биологияда, фотографияда алатын орны зор. Осыдан бірнеше ғасырлар бұрын ашылған бұл әдіс біздің заманымызға дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

«Алтын қима» тарихы

Алтын бөлік туралы ежелде философ және математик Пифагор өз күнделігіне енгізген. Пифагор алтын бөлікті мысырлықтар мен вавилондықтардан алды деген жорамал бар. Бұған Хеопс пирамидасының пропорциясы, храмдардың, бетмүсіндердің, Тутонхомон моласындағы әдемілеу куә. Египеттік шеберлер пирамида жасағанда да алтын бөлуді қолданған. Француз сәулеткері Ле Корбүзе Сети 1 Абидос фараонының храмындағы рельефтен және Ремсес фараоның бейнелеуші рельефтен пішіндердің прапорциялары алтын бөлудің шамаларына сәйкес екенін анықтаған.

Ертеде қайта жаңару дәуірінде қандай да болмасын бір суретте айқын нүктелер бар екенін ашқан. Оларды көру орталықтары деп аталған. Суретте көлденең немесе ұзындық форматы маңызды емес. Ондай нүктелер төртеу – ақ, олар бейненің шамасын көлденең немесе ұзындықтарын алтын қимамен бөледі, яғни олар жазықтықтың сәйкес шеттерінен шамамен $3/8$ және $5/8$ қашықтықта орналасқан. Сол замандағы атақты суретшілер бейнелеу түрін алтын қима деп атаған. Ежелгі грек геометриялары $= x/(r-x)$ пропорциясын орындалатын ұзындығы r кесіндісі x $r-x$ бөліктеріне бөлу туралы есептерге мән берген.

Есеп орта және шеткі қатынастарына бөлу деген атауға ие болды. Бізге жеткен көне әдбиеттерде шеткі және орта қатынасында кесіндіні бөлу туралы алғашқы рет Евклид бастауларында б.з.д үш жыл шамасында, ол оны дұрыс бесбұрышты салу барысында қолданды. Италияндық математик Леонардо До Винчидің досы әрі замандасы – Лука Пачоли, осы бөлуді ғажайып пропорция деп атаған. Леонардо До Винчи бұған алтын қима деген атау берген. Алтын пропорция кесіндісінің құрылу шкаласы.

Кейінгі ғасырларда алтын пропорция ережесі академиялық қағидаға айналды. 19 ғ-дың ортасын жаңа алтын қиманы зерттейтін неміс профессоры Цейзинг «Эстетические исследования» атты еңбегін жариялады. Ол алтын қима пропорциясы табиғаттың барлық

құбылыстарына және өнерге әмбебап арнап, оны абсолюттеген. Цейзингтің көптеген ізбасарлары және қарсыластары болды. Ол пропорция туралы ғылымын «Математикалық эстетика» деп жариялаған.

Кесіндіні алтын қима қатынасында бөлу. $BC = 1/2AB$; $CD=BC$

Кесіндіні алтын қима пропорциясымен бөлетін Е нүктесі жүргізіледі. В нүктесінен АВ кесіндісінің қақ ортасынан бөлінетін перпендикуляр жүргізіледі. Алынған С нүктесі А сызығымен қосылады. Алынған кесіндіден Д нүктесінен аяқталатын ВС кесіндісі кейінге қалады. АД кесіндісі тікелей АВ кесіндісіне теңгеріледі. Осыдан алынған Е нүктесі АВ кесіндісін алтын пропорция арақатынасында бөледі. Дәл осы кесінділерді Евклид өзінің дұрыс бесбұрыш жасауында қолданылды.

Осыған байланысты жұлдызды бесбұрышта сонымен қатар «алтын қима» қолданылады. Бір қызықтысы бесбұрыштың ішінен бесбұрыш жасап жалғастырсаң, оның қатынастары сақтала береді. Сайып келгенде, жұлдызды бесбұрышта сонымен қатар «алтын қима» қолданылған. Алтын қатынас (шамамен 1.6180339887)

«Алтын қима» — гармониялық бөлу, шеткі және орта қатынаста бөлу – берілген АВ кесіндісін оның үлкен бөлігі (АС) сол кесінді (АВ) мен оның кіші бөлігінің (СВ) пропорционал ортасы болатындай етіп екі бөлікке бөлу. Ал $AB = a$ кесіндісінің Алтын қимасын алгебралық жолмен табу $a : x = x : (a - x)$ теңдеуін (мұндағы $x = AC$) шешуге келіп тіреледі. Бұдан $x = (\sqrt{5} - 1)a / 2 \approx 0,62 a$ болады. x -тың a -ға қатынасын шамамен $2/3, 3/5, 5/8, 8/13, 13/21, \dots$ т.б. бөлшектер арқылы өрнектеуге болады, мұндағы 2, 3, 5, 8, 13, 21, ... – Фибоначчи сандары. Алтын қима ертедегі грек ғалымдарына белгілі болған. Евклидтің «Негіздерінің» 2-кітабында алтын қиманы геометриялық салу жолы $x(a+x) = a^2$ квадрат теңдеуін шешумен пара-пар екендігі көрсетілген. Евклидтен кейін алтын қиманы Гипсикл (біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасыр), Папп Александрийский (біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасыр), т.б. зерттеген. Алтын қима немесе оған жақын пропорционал қатынастар көптеген әлемдік өнер туындыларының композициялық құрылымына негіз болған. Сондықтан алтын қима 15 – 16 ғасырларда өнерде, әсіресе сәулет өнерінде, т.б. кеңінен қолданыла бастады. Алтын қима терминін 15 ғасырдың аяғында Леонардо да Винчи енгізген. Табиғатта жиі кездеседі. a және b екі саны $(a+b)/a = a/b$ өрнегін қанағаттандырса, онда олар алтын қатынасты сақтайтын болады, бұл жағдайда a/b алтын қатынасына тең болады. Бұл шама тікелей Фибоначчи сандарына байланысты. Бұл құрылымды Леонардо да Винчи өз өнерінде пайдаланған. Бұл құрылым табиғатта кеңінен кездеседі: гүлдер спиралынан адам денесінің симметриясына дейін.

Әдетте бұл пропорцияны юнанның φ (сонымен бірге τ деп те) әрпімен белгіленіп мынаған тең болады:

$$\varphi = \frac{1 + \sqrt{5}}{2} \approx 1.61803398874989484 \dots$$

Ғаламшардың жалпы заңдылықтарының ішіндегі негізгісі болып келетін «алтын қиманың» табиғаттағы, адамның өміріндегі тәжірибелік қолдануының маңыздылығын анықтауда жасаған тәжірибелер. Леонардо да Винчи «алтын қиманы» оқып үйрену үшін көп көңіл бөлген. Ол дұрыс бесбұрыштардан құрылған стереометриялық фигураларда қима жүргізгенде әр уақытта қабырғаларының қатынасы алтын бөлудегі тік төртбұрыштар шығып отырды. Сондықтан, мұндай бөлуді алтын қима деп атады. Бұл атау әлі күнге шейін қолданыста. Алтын қиманың тарихымен итальян математигі Пизадағы Леонардо атымен байланысты. 1202 жылы оның «Книга об абаке» математикалық кітабы жарық көрді, ал оның ішінде сол кезде белгілі болған есептер жиналған. Есептің шартында: бір көжектің жұбынан бір жыл ішінде неше жұп көжек дүниеге келеді». Фибоначчи ойлана келе бұл тақырып бойынша келесі цифрлар қатарын жасады 0, 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21, 34, 55... сандар қатары Фибоначчи қатары деп белгілі. Бұл қатардың ерекшелігі әрбір осы қатардың мүшесі үшінден бастасақ алдыңғы екі мүшенің қосындысына тең болады $2+3=5, 3+5=8, 5+8=13, 8+13=21, 13+21=34$ т.с.с., ал сыбайлас сандар қатынасы алтын бөлудегі қатынасқа жуық.

Фибоначчи сандары: 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21, 34, 55, 89, 144, 233...

1 – басы, жүрек және т.т. 2 – қолдары, аяқтары, көздері, бүйректері 3- бөліктен аяқтары, қолдары, саусақтары 5 – қол, аяқтарының саусақтар саны, 8 саусақтарымен санағандағы қолдың бөліктері, 32 – тіс саны, 34 – омыртқа бунақтары, 233 – қақпаның жалпы сүйектерінің саны.

Алтын қима өсімдіктерде: Күнбағыстың шемішкелері оңнан солға солдан оңға қарай спирал ретінде орналасқаны айқын көреміз. Күнбағыстың бір жағында 13, ал екіншісінде 21 спирал бар. 13:21 қатынасы 0,62. Осындай спиралдар шыршаның бүрлерінің орналасуы немесе ананастың қабығы: Фибоначчи сандарына тәуелді. «Алтын қима» кескіндемесінің мысалдарына сүйене өз назарымызды Леонардо да Винчидің шығармаларына тоқтамай болмайды. Оның жеке өмірі тарихи бір жұмбақ. Оның өзі айтқандай: «Ешкім математик бола алмай менің еңбектерімді оқуға батылданбайды». Леонардо да Винчи ұлы суретші екеніне ешбір күмән жоқ, бұны оның замандастары да мақұлдады, бірақ оның жеке өмірі және қызметі бізге құпия болып қалмақ. Ол өзінің ұрпақтарына өз ойлары байланыспайтын баяндама қалдырды, ол барлық әлемде айтылған тек қана көп санды қолжазба нобайларын қалдырды. Леонардо да Винчидің Мона Лиза атты картинасы алтын қима қатынасында бөлінуі. Мона Лизаның портреті көптеген жылдар бойы зерттеушілердің назарын аударуда, суреттің композициясы алтын үшбұрыштарға негізделген, жұлдызды бесбұрыштың дұрыс бөліктері болған. Сонымен қатар алтын қима пропорциясы Шишкиннің картиналарынан көруге болады. И.И.Шишкиннің бұл өте атақты картинасында алтын қиманың көріністері айқын көрінеді. Рафаэльдiң «Избиение младенцев» атты картинасында алтын қиманың басқа элементі – алтын серіппе көрінеді. Ертеде Қайтажанару дәуірінде суретшілер қандай да болмасын суретте айқын нүктелер бар екенін ашқан. Оларды көру орталықтары деп атаған. Суреттің көлденең немесе ұзындық форматы маңызды емес. Ондай нүктелер барлығы төртеу – ақ, олар бейненің шамасын көлденең немесе ұзындығынан алтын қимамен бөледі, яғни олар жазықтықтың сәйкес шеттерінен шамамен $\frac{3}{8}$ және $\frac{5}{8}$ қашықтықта орналасқан. Сол замандағы суретшілерде бұл жаңалық суреттің «алтын қимасы» деп аталған

Қорытынды. Айта кететін болсақ, алтын қима біздің өмірімізде өте үлкен қолданыста болады. Адамның денесі алтын қима пропорциясында белдік сызықпен бөлінетіні дәлелденген. Алтын қиманың арқасында Марс пен Юпитердің арасындағы астероидтердің белі ашылған – пропорцияда ол жерде бір планета орналасу делінген. Нүктеде ішек қыздыруы, оны бөлетін алтын бөлулер, ішек тербеулерін шақырмайды, яғни бұл өтем нүктесі. Ұшатын аппараттарда энергияның электромагниттік қайнарларымен тік бұрышты алтын қима пропорциясымен жасалады. Джоконда алтын үшбұрыштарда салынған, алтын серіппе Рафаэльдiң «Избиение младенцев» атты картинасында кездеседі. Пропорция Сандро Боттичеллидің ««Рождение Венеры» атты картинасында табылған. Алтын қима пропорциясымен жасалғандар, соның ішінде Пантеон мен Парфенон Афинада, Баженава мен Малевича сәулет ғимараттары сәулет өнерінің көптеген ескерткіштерінен белгілі. Осыдан бес ғасыр бұрын жасалған Иоган Кеплер былай деген:

«Геометрия екі ұлы қазынаға ие. Оның бірі – Пифагор теоремасы, екіншісі – кесіндіні шеткі және орта қатынаста бөлу.» Осыдан біз алтын қима пропорциясын Пифагор теоремасынан кейінгі ең ұлы қазына деп білеміз.

Барлығы атайтындай, әлемнің сегізінші таңғажайыбы биіктігі 62 метр және негізіндегі ені де сондай түзу пирамида пошымында салынған. Ғимарат өзі жасанды он бесметрлік үйінді үстінде орналасқан. Сарай 2006 жылы «Бейбітшілік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезін» өткізу үшін арнайы салынған. Ғимарат негізінде — шаршы бір жағымен 61,80339887 метр, биіктігі — 61,80339887 метр, бұл «Фибоначчи кесіндінің теп-тең етіп екіге бөліну» принципіне сәйкес келеді.

Атақты ағылшын сәулетшісі Норман Фостер өзінің жобасы үшін діни жаққа қатысы жоқ пошымды арнайы таңдап алды. Тек осы жер ғана барлық әлемдік дәстүрлі діндер өкілдерінің конфессиялар арасындағы қатынасына қызмет етеді. Бейбітшілік және келісім сарайы – бұл толеранттық идеясының өзі іспеттес, Қазақстан халықтары бірлігіне ескерткіш, оның үйлесімдік пен гуманитарлық құндылықтарға ұмтылуы. Дәстүрлі дін және конфессия басшыларының бас қосуларын өткізу үшін пирамиданың жоғарғы жағында, Қазақстан

байрағының ұлттық түсімен әшекейленген 200 орындықты зал орналасқан. Жалпы ауданы 25,5 мың шаршы метр. Сарайда 1,5 мың орындық опера залы, қысқы бак, көрме залдары, баспасөз орыны, діни конфессия кеңселері, мұражай, кітапхана, ал жоғарғы залы Конференция залы бар. Бейбітшілік және келісім сарайының ең биігіндегі Бесік залында әлемдік көшбасшыларының конференциясы өткізілді. Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдерінің әйнек мұнараағы 130 көгершін бейнелейді. Мұнара жобасының авторы- ағылшын суретшісі Б.Кларк. Бейбітшілік және Келісім сарайы әлемнің сегізінші кереметі атанды

Әлемде барлығы уақыттан қорықса, тек уақыт қана пирамидадан қорқады. Ежелгі мысырлықтар солай деп айтқан және өздерінің жұмбаққа толы пирамидаларын тұрғызған, перғауындарының аттарын уақыт және кеңістік аралығында мәңгіге аттарын қалдырған. Пирамида, қатты және қырлы, бізге мәңгіліктің мызғымас символы ретінде жетіп отыр. Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайына ұқсас архитектуралық культті нысан бүкіл әлемде жоқ. Әрине, әртүрлі діни дәстүрлерді өз шаңырағы астына жинайтын ғимараттар баршылық, бірақ қазақстандық ғибадатхана – бұның олардан өзгешелігі құрылымдық диалогқа арналған бір үлкен алаңның болуы. Әртүрлі әлемдік дәстүрлі діндер өкілдері жиналатын жерде Мәдениет мұражайы, Өркениет университеті, 1500 орындық Опера театры орналастырылғандығы өте орынды. Болат, алюминий, көптеген арнайы шыны құрылымдар, бірегей техникалық идеялар, архитектуралық жаңашылдық – ғимарат шынында да таңғажайыпқа ұқсайды. Бейбітшілік және келісім сарайы — Астананың назар аударарлық орны. Пирамида әртүрлі діндердің, этностар мен мәдениеттің бірлік белгісі, халық пен елдің ашықтық белгісі болды. Мен – Қазақстанның патриотымын. Іргетасы дүниенің төрт бұрышына бірдей қарап, ұшар басы күллі адамзатқа мейір-шапағатын төккен күнге қарай ұмтылған пирамиданың кескін-келбеті бар әлемге айқара есік ашып, ортақ мақсат жолына күш-қуатын жұмылдырған бүгінгі біздің көп ұлтты қазақстандықтарды елестетпей ме?!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Геометрия 10 – 11 сынып. Л.С. Атанасян
2. Энциклопедиялық сөздік «жас математик».
3. [Http://www.yandex.ru/fotprir.narod.ru](http://www.yandex.ru/fotprir.narod.ru)
4. [Http://www.yandex.ru/informphoto.ru](http://www.yandex.ru/informphoto.ru)

ОЮ- ӨРНЕКТЕГІ ГЕОМЕТРИЯ

РАХЫМЖАНОВА А.Қ.

Қарағанды «Bolashak» жоғарғы колледжі

Қазақ оюы, қазақтың ою-өрнегі — үй-жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылатын өрнектер. Жаппай дамыған кезеңінде (19 ғасырдан кейін) қазақтардың үй жиһаздарын әшекейлеуге кең көлемде қолданған ою-өрнектерді, негізінен: зооморфтық, өсімдік сипатты, геометриялық, космогониялық түрлерге жіктеуге болады.

Үй жиһаздарында геометриялық ою-өрнек түрі жиі кездеседі. Ол барлық дерлік бұйымдарда орын алады, көбінесе, жалпы композиция құру барысында негізгі күрделі ою-өрнектерді жалғастырушы, толықтырушы рөлін атқарады. Кейде әр қилы орындалған сызықшалар 40 – 50° көлбеу орналасса, бір тұстарда қосарласа тартылады. Ол үй жиһазының жиектеріне, бүйірлеріне, қапталдарына нақышталады. Көбінесе, кебеже, әбдіренің орта тұсында шеңбер, сызық түрінде бедерленеді. Үй бұйымдарында геометриялық ою өрнектердің үшбұрыш, төртбұрыш, сүйір бұрыш, айқышты, сопақша түрлері де кездеседі. Геометриялық фигуралардың адам өмірінде алатын орны ерекше. Геометриялық дене, бір жағынан, бізді қоршаған нақты объектілерден туындаған абстракциялар болса, екінші жағынан, адамның өз қолымен жасаған нысан бейнесі, үлгісі болып табылады. Сондықтан геометрия мен адамдар арасындағы байланыс ғасырлар бойы жалғасып келеді. Геометрия және ұлттық өрнектер тарихы мен олардың пайда болуы. Міндеттері толтыру жолдарын зерттеу. Геометрия және ұлттық өрнектер арасындағы байланысты ашып көрсету, ұлттық

өрнектердің ерекшеліктерін анықтау және геометриялық фигуралармен ұқсастығын айқындау, теориялық тұрғыда негіздеу. Берілген мақсатқа сәйкес осы жұмыстың орындалуында келесі міндеттерді қарастыруға болады. Осы аталған мәселеге қатысты ғылыми теориялық әдебиеттерді оқып талдау арқылы теориялық тұрғыда дәлелдеу. Геометриялық денелердің бет аудандары мен көлемдерінің формулаларын қолданып ұлттық өрнектердің ерекшеліктерін зерттеу. Егер біз осы ғылыми жобаны зерттеп, аяқтаған соң, геометрияның бір тарауын немесе бірнеше тақырыптарын ою-өрнектерді геометрияда қолдануға арнасақ, онда қазақтың ұлттық өнерінің геометриямен байланысын ашып көрсетуге болар еді. Симметрияның қолданысы барлық саланы қамтиды десек артық айтпаған болар едік. Симметрия ұғымы адамзаттың көп ғасырлық тарихынан таныс деуге болады. Математиканың, физиканың, тіпті табиғаттың заңдары да симметрия принциптеріне бағынады.

Қазіргі уақытта әлемдік ғылымдар дамыған кезде симметрия мен оның қасиеттерінің әртүрлі құбылыстарда байқалуы қызығушылықтар тудыруда. 1989 жылы (ISIS – Symmetry) Халықаралық симметрияны зерттеу қоғамы құрылды. Бұл дүниежүзінде интеллектуалдардың даму сатысының алғашқы баспалдағы болды.

Бұл жұмыстың мақсаты симметрия қағидаларының қазақтың өшпес мұрасы – қолөнері мен сәулет өнерінде қандай көрініс беретінін анықтау.

Бүгінгі таңда халық қолөнеріне мән берілуде. Отаншыл рухтағы білімді қазақ жастары Егемен еліміздің іргетасын нығайту үшін білімге терең бойлап, ұмыт болып бара жатқан халық қолөнерін жандандыру мақсатында шығармашылықпен айналысса деген тілек.

«... Керемет болу — симметриялы және тең өлшемді болу» — деп атақты философ Платон айтқан екен. «Симметрия» грек сөзінен алынған «гармония» — бірдей өлшемді, белгілі бір реттілікпен орналасқан деген ұғымды білдіреді. Симметрияның құрылыста және өнерде қолдану тәжірибесінен симметрия жайлы ғылым пайда болды. Симметрия жайлы Рим инженері Витрувий (б. э. д. I ғ.) өзінің «Архитектура туралы 10 кітап» атты трактатында жазды, оны архитекторлар мен суретшілер қолданды. Геометрияға симметрия туралы ғылыми элементті енгізген француз математигі А. М. Лежандр (1752-1833).

XX ғасырдың ірі математиктерінің бірі Герман Вейльдің (1885 – 1955) 1951 жылы басылып шыққан «Симметрия» деген кітабында «Күнделікті тілімізде симметрия деген сөз екі мағынада қолданылады. Бір мағынасында симметриялы деген сөз тұтас бір дененің әр бөлігінің бірімен бірінің өзара дұрыс пропорциялық ара қатынасын, теңдестірілуін білдірсе, симметрия тұтас дененің жеке бөліктері үйлесімділігінің екінші түрін көрсетеді». Симметрияның төрт түрін атап кетуге болады: айнадағы немесе айналық симметрия, бұру немесе бұрылмалы симметрия, аударылған симметрия, орнаменттік (оюлы) симметрия.

Италияның ұлы суретшісі әрі математигі Леонардо да Винчи (1452 – 1519) өзінің сурет өнеріне орнаменттік симметрияны пайдаланды.

Неліктен біздің айналамызда, қоршаған ортамыз симметрия арқылы беріледі? Табиғаттағы, техникада және тұрмыста кейбір денелердің бөліктері өзара ұқсас, үйлесімді орналасады. Насекомдарды, ою-өрнектерді, әшекейлік бұйымдарды т.б. мысалға келтіруге болады.

Симметрия әр түрлі болады. Шындығында симметрияның екі тобы бар: бірінші тобына орналасу, құрылым, пішін симметриясы жатады. Бұл симметрияны көзімізбен көреміз және оны геометриялық симметрия деп атайды. Симметрияның негізгі ұғымдары: симметрия осі, симметрия центрі және симметрия жазықтығы. Симметрияның ең қарапайым түрі — түзуге қатысты симметрия.

Егер түзу бойымен бүктегенде жазықтықтағы фигуралар бір – бірімен беттесетін болса, ондай фигуралар түзуге қатысты симметриялы фигуралар деп аталады. Осьтік және центрлік симметрия сәйкес нүктелердің ара қашықтығын өзгертпейді. Мысалы, параллелограмм центрлік симметриялы фигура болып табылады, оның симметрия центрі – диагональдарының қиылысу нүктесі. Сандар осіндегі оң сандар мен теріс сандардың О нүктесіне қатысты симметриялы орналасады, яғни 0 саны симметрия центрі болады.

1) Фигуралардың симметриялығы. Бұрыштың симметрия осі – биссектрисасы, тең бүйірлі үшбұрыштың симметрия осі – төбесі мен табанының ортасы арқылы өтетін түзу, тең

бүйірлі трапецияның симметрия осі – оның табандарының ортасы арқылы өтетін түзу болып табылады. Тік төртбұрыштың симметрия осьтері қабырғаларының ортасы арқылы өтетін түзулер, ал ромб осьтері оның қарама қарсы төбелерінен жүргізілген түзулер болып табылады. Екіден артық осьтік симметриялары бар фигураларға тең қабырғалы үшбұрыш, шаршы, шеңберді жатқызуға болады.

2) Өнерде симметрияның қолданысы. Ерте кезден бастап көптеген халықтар симметрияны кең мағынада түсініп, оны тепе-теңдік және гармония деп ұсынған. Тіпті адамдардың шығармашылығының қалыптасуының өзі симметрияға байланысты деуге болады. Сәулетте ең көп таралған стиль — айналы симметрия. Осы стиль бойынша салынған Мысыр пирамидалары және Грецияның мазарлары, амфитеатрлар, термдер, базиликалар және римдіктердің триумфальды қақпалары, сарайлар және Ренессанстың шіркеулерінің, қазіргі сәулетті ғимараттарға тән түрлері көп. Мысалға қазіргі заманғы сәулет өнерінің бірегей туындысы Бәйтерек Астанадағы архитектуралық құрылыс кешені, Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі. Астана қаласында Сәулетшілер одағының халықаралық қауымдастығы өткізген 10-байқауда халықаралық қазылар алқасының шешімімен 2002 жылғы ең таңдаулы жоба және құрылыс ретінде “Бәйтерек” кешеніне Гран-при үздік айырым белгісі берілді.

Симметрияның сурет өнерінде алатын орны туралы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Кескіндеме және мүсін» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Дизайнерлер Одағының мүшесі, «Мәдениет саласының үздігі», «Академиялық кескіндеме. Натюрморт» оқу құралының авторы Маханбетжанова Гульнар Маханбетхалиқызымен сұхбатын оқыдым. Оның ойы былай: композициялық орталық кеңістікте әртүрлі орын алып жатады. Туындының сызықтық және түстік тізбегі соған байланысты. Ортаға қойылған топ, қойылымды геометриялық өлшемдестік, симметрия үрдісімен шешуді талап етеді. Бұл жағдайда әртүрлі қырлы үшбұрыш схемасымен заттарды қатаң симметрияда орналастырады. Шарденнің «Бөтелке мен жемістер натюрморты» туындысының композициялық орталығында, күңгірт бөтелке, оны айнала қоршап басқа бөліктер орналасқан: сол жағында алшасы бар ыдыс, баклажан оң жақта. Алдыңғы қатарда суы бар стақан. Тақырып орталығының, орталық осьтен шетке қарай ауысуы жиі кездеседі. П. Кластың «Танертеңгі ас» натюрморттың шарабы бар бокал – ең биік зат болып табылады. Ол туындының сол жағында орналасқан. Бұл жағдайда басқа заттар болса, натюрморттың оң жақ бөлігін алған. Сөйтіп, композицияның тепе-теңдігін құрады. Сол және оң жақ ауданның көру тепе-теңдігін сақтау. Егер композицияның орталығы сол жақта орналасса, оң жақ бөліктегі заттар өңділік, түстік қарама-қарсылықтарымен бір қалыптылықты туғызуы керек.

Өнердегі симметрия шынайы құбылыспен байланысты, айналамызға қарасақ, симметриялы пішіндер сан-алуан, сіздер соны зерттеулеріңіз керек. Мысалы, адам денесі, көбелектер, құмыра және т.б.

Ал, Гульнар Маханбетхалиқызы симметрияны портрет, табиғат жазғанда және натюрморт қойылымын жазғанда қолданады екен. Натюрмортты жазғанда, заттардың конструкциялық қойылымын зерттегенде симметрия қолданылады. Онда заттың тура ортасын тауып, екі жағын соған қатысты бірдей бейнелейді. Ол құмыра, шыны ыдыстар және т.б. пішіндерді жазғанда кездеседі. Онда симметрияның туындыны жазу барысында суретшілердің қалай пайдаланғаны жайында айтады.

Маханбетжанова ханымның ойынша симметрияны қолданбайтын суретші жоқ. Симметрия композицияның негізгі тәсілдерінің бірі. Туындының симметриялы құрылымын әр дәуір суретшілері қолданған. Ежелгі мозайкалардың барлығы симметриялы болып келеді. Қайта Өрлеу дәуірінің кескіндемешілері симметрия заңдылығы бойынша өз композицияларын құрған. Онда ұлылықты, ерекше салтанаттылықты, құбылыстың маңыздылығын байқауға болады. Симметрия композиция, ось бойынша бірдей пішінді орналасқан денелерде — адам денесі, тұрмыстық заттарда кездеседі.

4) Әріптер мен сөздердегі айналық симметрия

Симметрия түрлері. Тік бағытта симметриялы. Көлденең симметрия. Тік және көлденең. Әріптер.

А, Ж, Л, М, Н, О, І, Ө, П, Т, Ф, Х, Ш, Ү, Ұ, Д

В, Е, З, К, Н, О, І, Ө, С, Э, Х, Ф, Ю
Ж, Н, О, Ф, Х, І, Ө

Қасиеттері. Әріптердің вертикаль бір ғана симметрия осі бар. Әріптердің горизонталь бір ғана симметрия осі бар. Әріптердің горизонталь, әрі вертикаль екі симметрия осі

Симметриялық сөздер- сол және оң жақтардан бірдей оқылатын сөздерді білеміз. Мұндай сөздер палиндромдар деп аталады. Қазақ, кебек, кесек, қабақ, азиза, ара, ала, ана, ата, апа, тат, нан, шаш т.б. сөздерін мысалға алайық. Бұлардың арасынан кесек, ала, ана, ата, апа, тат, нан, шаш сөздерінің айнадағы кескіндерін оқуға болады. Симметрияның адам өміріндегі алатын орнын зерттей отырып, математика заңдылығының өнер мен табиғаттағы көрінісін байқап, бақыладық. «Дизайн» дегеніміз – адамға қажетті заттар мен бұйымдарды ыңғайлы үйлесімді етіп жобалау, жасау десек, бүгінгі күні қаламыздың дизайнында қала келбетін ерекшелендіруге болашақта өз үлесімізді қосамыз деген ойдамыз. Симметрияның әсерінің негізінде адам тәртіпті, сұлулықты және нақтылықты орнатуға тырысады деп тұжырымдауға болады. Берілген оюдан байқаған геометриялық фигураларды анықтап түсіндіру: сынықмүйіз – сынық жасап барып мүйізді бейнелейтін өрнек. Ол көбінесе шым шиде, терме бауда, алашада жиі қолданылады. Қошқармүйіз – қошқардың екі шекесіне иіріліп кеткен қос мүйізіне ұқсайды. Ол ұлттық киімдерде және текемет, сырмақ, аяққап, т. б. киіз бұйымдарында кездеседі. Бұл оюдың ерекшеліктерін қарастырайық. Қошқардың екі шекесінің орта нүктесінен ара қашықтығы бірдей мысалы 5см, ал иіріліп кеткен қос мүйіздердің ара қашықтығы 7,5см. Бұл ою симметрияның айқын көрінісі. Төменгі бөліктерінің орналасуы да симметрияға негізделген. Геометрия мен ұлттық өрнектердің байланысы. Бұл оюдың жасалу үлгісі. Оюда тіктөртбұрыштың және үшбұрыштың қасиеттері пайдаланған. Тік төртбұрыш - барлық бұрыштары тік болып келетін параллелограммды тік төртбұрыш деп атайды. Үшбұрыш деп-бір түзудің бойында жатпайтың үш нүктеден және оларды қосатын үш кесіндіден құралатын тұйық геометрикалық фигураны атайды. Жұлдыз өрнегі – аспандағы жұлдыз көрінісіне ұқсайды. Ол көбінесе кілемдерде жиі қолданылады. Бұл өрнек 8 өзара тең тікбұрышты үшбұрыштан, 4 өзара тең тіктөртбұрыштан тұрады. Әрбір екі үшбұрыш бір-бірімен симметриялы болады. Балта – атына сай балтаға ұқсас немесе баспа “Г” әрпі тәріздес өрнек. Кестеде жиі кездестіруге болады. Ою-өрнек – ежелгі халық өнерінің бір түрі. Бұл өнердің пайда болу бастаулары ежелден бері келе жатыр. Ою-өрнектердің сюжеттік мазмұны және атауы халықтың әрбір жаңа дәуіріндегі өмірлік бағдарлардың ерекшеліктеріне сәйкес ауысып отырды және жетілдірілді. Оқу, сызу, жазу өнерін білмеген қазақ халқы геометриялық фигуралардың қасиеттерін ой-қиялмен байланыстырды. Бүгінгі күні ою-өрнектерді жасау өнері сапалы жаңа бай мазмұнға және жаңашылдыққа ие бола отырып, қазақ халқының рухани және материалдық қазынасына айналды. Шығармашылық қызметтің өзге түрлері секілді, ою-өрнекті жасау өнері игерілген білімді жетілдіруге көмек көрсете отырып, интеллектуалдық деңгейді арттыруға ықпал етеді. Осы геометриялық фигуралар мен ұлттық өрнектерді құрастыру орын ауыстыру симметрия идеясын түсінуге көмектесті. Бұл идеялар үнемі бізбен бірге, өнерде, күнделікті тұрмыста, ғылымда тек оны көре білу керек. Геометрия пәнінің бір тарауына ою-өрнектердің геометриямен байланысы енгізілсе, қазақ халқының ұлттық өнерін насихаттар едік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет желісі e-history сайтынан.
2. 7 сыныпқа арналған геометрия оқулығы.
3. Математика және физика. Ғылыми-әдістемелік журналы. №3. 2009жыл.
4. algorifm@mail.kz

ГЕОМЕТРИЯ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕ

РАХЫМЖАНОВА А.Қ.

Қарағанды «Bolashak» жоғарғы колледжі

Астана, Қазақстан Республикасының жас елордасы, әлемнің ең әдемі қалаларының бірі. Елорда кең даңғылдармен ғажайып әдемі ғимараттардың, сарайлардың, сауда –ойын–сауықтың орталықтары мен заманауи әкімшілік және тұрғын үй кешендерінің шаһары. Олардың көпшілігі әледік сәулет өнерінің теңдесізүлгілері екені сайқын. Астана келген қонақтарды да, қала тұрғындарының өздеріне де қайталанбас сәулеттік сән-салтанатымен қуантады. «Бізді қор шаған орта – көз алдымыздағы дүниенің шынайы, мінсіз геометриясы. Айналаның бәрі – үйлесімді геометрия». Жиырмасыншы ғасырдағы француздың көрнекті сәулетшісі Ле Корбюзенің бұл сөзі Астана көшелері мен даңғылдарын аралаған кезде еріксіз ойыңа оралады. Сәулет – өнер, ол геометриямен тығыз байланысты. Біздің жобамызда ғажайып қаламыздың сәулет геометрия тұрғысында қаралады. Оның «абстракты» геометриядан айырмашылығы «сәулеттік» геометрия өзіндік эстетикалық мазмұнмен толығы түседі. «Сәулеттік» геометрияның ажары айшықты, ол жер бедерінің аясында өрбиді. Геометриялық фигуралардың сәулет өнерінде алатын орны ерекше. Қазіргі заманға сай сәулет нысандарын салуда маңызды рөл атқарады. Геометриялық дене, бір жағынан, бізді қоршаған нақты объектілерден туындаған абстракциялар болса, екінші жағынан, адамның өз қолымен жасаған нысан бейнесі, үлгісі болып табылады. Сондықтан геометрия мен сәулет өнерінің арасындағы байланыс ғасырлар бойы жалғасып келеді.

Жұмыстың ғылыми – зерттеу мақсаты – геометрия және сәулет өнері арасындағы байланысты ашып көрсету, Астана ғимараттарының ерекшеліктерін анықтау және геометриялық фигуралармен ұқсастығын айқындау, теориялық тұрғыда негіздеу.

Берілген мақсатқа сәйкес осы жұмыстың орындалуында келесі міндеттерді қарастыруға болады.

- Осы аталған мәселеге қатысты ғылыми теориялық әдебиеттерді оқып талдау арқылы геометрия мен сәулет өнерінің байланысын теориялық тұрғыда дәлелдеу.

- Геометриялық денелердің бет аудандары мен көлемдерінің формулаларын қолданып Астана ғимараттарының өлшемдерін есептеу және байланысын зерттеу.

Сфера (грекше *sphaîra* – шар), математикада барлық нүктелер бір нүктеден (сфера центрінен) бірдей қашықтықта болатын тұйық бет. Сфера центрі оның кез келген бір нүктесі мен қосатын кесінді сфераның радиусы деп аталады. Біз өз жұмысымызда кейбір Астана ғимараттарының сәулет ерекшеліктеріне тоқталамыз солардың бірі «Астана – Бәйтерек» монументі. Бәйтерек монументінің ұшар басы сфера тәрізді.

«Бәйтерек» монументі 2002 жылы 29 тамызда ашылды. Аңыздарға сүйенсек, Бәйтерек – дүниенің ортасында өсетін өмір ағашы дегенді білділерді. Оның басында мифологиялық Самұрық құс алтын жұмыртқа салады. Бәйтеректің құрылысын салуда күрделі техникалық шешімдер қабылданды. Табанының бағаналары темір бетонды тіріктерге бекітілуі тосын жаңалық болды. Ағаштың ұшар басындағы алтын жұмыртқаның ертегідегідей бейнесі әдетте сегменттерден емес, иілген шынылардың жасалған. Осы иілген шынылар арнайы компьютерлік бағдарламалармен кезде бес жүз түрлі шұғыла шашып, таңғаларлық әсер береді. Арнайы шыны пакеттерден әйнектеген мұнараның салмағы 70 тонна. Төменгі және жоғарғы табандары параллель жазықтықтарда орналасқан бүйір жақтары трапециялар болатын көпжақ қиық пирамида деп аталады.

Тәуелсіздік сарайының елорданың архитектуралық ансамблінде алар орны ерекше. 60000 астам шаршы метр ауданда Конгресс залы, Салтанат залы, электрондық кітапхана, этнография, археология және антропология галереялары мен қазіргі заманғы өнер галереясын тамашалауға болады. Ал үшінші қабатта Астананың тарихи мұражайы орналасқан.

Цилиндр «цилиндр» латынның «цилиндрус» сөзінен шыққан, грек сөзінің латын формасы «колиндрус», «валик», «каток» деген мағынаны білдіреді. Шекаралары шеңберлі

болатын екі дөңгелек пен және цилиндрлік бетпен шектелген дене цилиндр деп аталады. Цилиндрлік бет цилиндрдің бүйір беті ал дөңгелектер цилиндрдің табандары деп аталады.

Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы табанындағы шеңбердің ұзындығы мен цилиндр биіктігінің көбейтіндісіне тең. $S_{б.б.} = 2\pi r h$ «Мұхит аралы» (Океанариум) Қазақстандағы тұңғыш әрі бірден-бір нысан. Бұл әлемдегі мұхиттан 3мың шақырымға жуық қашықтықта жатқан бірден бір- «Мұхит аралы». «Мұхит аралында» 3 миллион литр су бар. Қалыңдығы сантиметрлік акрил шынысынан жасалған. 70 метрлік дәліз бен түрлі мөлшердегі 11 аквариуммен тұратын екі үлкен көрме аумағындағы түрлі-түрлі балық тардыткішіліктеріне жақыннан қарауға болады. Туннельдің жоғарғы жағындағы шыны радиусы жарты цилиндр. Осы екі жарты цилиндрді құрастырғанда толық цилиндр құрай алады.

Центрі О нүктесі болатын L шеңберін және осы шеңбер жазықтығына перпендикуляр ОР түзуін қарастырайық. Шеңбердің әрбір нүктесін Р нүктесі мен кесінділер арқылы қосамыз. Осы кесінділерден құралған бет конустық бет, ал кесінділердің өздері конустық беттің жасаушылары деп аталады. Әлемде теңдесі жоқ «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығының авторы-атақты британ сәулетшісі Лорд Норман Фостер. Хан Шатыр – елорданың сәулет өнеріндегі тосын жаңалық.

Ғимараттың алып шатырының ұзындығы 150 м (шатырұш), мөлдір полиметрлі ETFE жабынмен қапталған болат кермелер желісімен құралған. Өзінің ерекше химиялық құрамына байланысты кешеннің ішкі кеңістігін температуралық ауытқулардан қорғап, оның ішкі ахуалына қолайлы жағдай туғызады.

Біз кейбір Астана ғимараттарының геометриялық фигуралармен байланысын зерттеп есептеу жұмыстарын жүргіздік. Мысалы: Океанариум екі үлкен аквариумнан және әртүрлі шамалы 11 аквариумы бар екі көрмеден тұрады. Океанариумның ең қызықтысы – үлкен аквариум. Оның табаны 70 м туннельі бар акрилді шыныдан жасалған қозғалмалы төсеніштен тұрады. Шынының қалыңдығы 7 см. Туннельдің ені 2 м, биіктігі 3 м. Жартылай дөңгелек арканың диаметрі 2 м. Туннель үшін қанша текше метр акрилдік шыны қажет болады? Туннельдің перпендикуляр қимасы қабырғасы 2 м екі шаршыдан (MNLK) және радиусы 1 м (NUL) жарты дөңгелектен тұрады. Туннельдің жалпы ұзындығы 70 м. Туннельдің астындағы шынының көлемін есептейміз: $V_1 = 2 \cdot 70 \cdot 2 \cdot 0,07 = 19,6 \text{ м}^3$

Туннельдің жоғарғы жағындағы шыны радиусы 1 м және 1,07 м болатын жарты цилиндр. Осы екі жарты цилиндрді құрастырғанда биіктігі 35 м болатын толық цилиндр құрай алады. Туннельдің жоғарғы жағына кеткен шынының көлемін табамыз. $V_2 = \pi (1,07^2 - 1) \cdot 35 \approx 15,9 \text{ м}^3$

$$\text{Жалпы көлемі } V = V_1 + V_2$$

$$V \approx 19,6 + 15,9 = 35,5 \text{ м}^3$$

$$\text{Сонда шынының көлемі } 35,5 \text{ м}^3$$

«Астана-Бәйтерек» монументтің биіктігі 97 м, ал шармен қоса алғанда 105 м - ді құрайды. Шардың диаметрі 22 м. 2010 жылдың 27 мамырында Өскеменде осы монументтің кішірейтілген көшірмесі орнатылды. Конструкциясының биіктігі 21 м. Конструкцияның диаметрі 4 м болатын алтындай жарқыраған шар көмкеріліп тұр.

а) Бұл көшірме дәл көшірмесі бола ала ма?

б) Көшірмемен жұмыс жасағанда есептеулердің салыстырмалы қателігі қандай?

Бұл құрылыс түпнұсқасының дәл көшірмесі болу үшін, оның сәйкес сызықты өлшемдері пропорционал болуы керек. Түпнұсқа мен көшірмедегі шаралардың диаметрлерінің қатынасы оларға сәйкес металл конструкциялар биіктіктерінің қатынасына тең болуы керек. Мысалы, металл конструкцияның берілген биіктігі бойынша шар көшірмесінің өлшемдерін анықтайық: $d = (21 \cdot 22) : 97 = 4,76$

Жуық шаманың абсолюттік қателігі нақты және жуық мәндерінің айырмасының модуліне тең: $d = 14,76 - 41 = 0,76 \text{ м}$

Салыстырмалы қателік абсолюттік қателіктің жуық мәнің модулінің қатынасына тең: демек, $0,76 : 4 = 0,19 = 19\%$


Тәуелсіздік сарайы үш қабаттан тұрады және қиық пирамида пішінді. Оның осьтік қимасы болып табылтын ABCD төртбұрышын қарастырайық, ол тең бүйірлі трапеция болып

табылады. Оның бірінші қабатының қабырғасының ұзындығы ($CD=142\text{м}$) және табаны ($AB=131\text{ м}$). Екінші және үшінші қабат қабарғаларының ұзындығын табамыз.



М мен F нүктелері AD қабырғасын, ал N мен H нүктесі – BC қабырғасын тең үш бөлікке бөледі. B нүктесі арқылы AD-ға параллель болатындай BE кесіндісін жүргіземіз,

$NK \parallel BE, HL \parallel BE$. Фалес теоремасы бойынша BEC үшбұрышынан $PN = \frac{1}{2} RH = \frac{1}{3} EC$



$EC = 11\text{ м}$ болғандықтан (үлкен табаннан кіші табанды азайтамыз), сонда.

$$PN = \frac{11}{3} = 3\frac{2}{3}\text{ м}, RH = 7\frac{1}{3}\text{ м}.$$

Осыдан шығады:


$$FH = FR + RH = 131 + 7\frac{1}{3} = 138\frac{1}{3} \approx 138\text{ м};$$

$$MH = MR + RM = 131 + 3\frac{2}{3} = 134\frac{2}{3} \approx 135\text{ м}$$

Осы есептеулерді жүргізіп мындай жауап алдық:

Екінші қабаттың ұзындығы 138 м , ал үшінші қабаттың ұзындығы 135 м .

«Хан Шатыр» ойын-сауық орталығының бірінші қабатында тең бүйірлі екі трапеция түрінде біріккен павильон бар (ABCD және EKLМ). Алғашқы трапецияның табандары: $AD = 13\text{ м}$, $BC = 14,8$ және биіктігі $h = 6\text{ м}$, ал екінші трапецияның табандары: $EM = 7,8$ және $KL = 4,3\text{ м}$, биіктігі $h = 13\text{ м}$. Павильонның ауданын табамыз.



Әр трапецияның ауданын табамыз:

$$S_{ABCD} = (14,8 + 13) : 2 \cdot 6 \approx 83 \text{ м}^2,$$

$$S_{EKLM} = (7,8 + 4,3) : 2 \cdot 17 \approx 103 \text{ м}^2$$

$$\text{Онда ізделетін павильонның ауданы } S = S_{ABCD} + S_{EKLM} \approx 83 + 103 = 186 \text{ м}^2$$

Біздің келесі зерттеу объектіміз «Думан» ойын –сауық орталығы.50 метрлік биіктіктен «Думан» ойын – сауық орталығының шеңбер түріндегі диаметрі 4,5 см, ал цирктің шеңбер түріндегі диаметрі 5 см болып көрінеді. «Думан» орталығының ең үлкен ішкі диаметрі 90 м,екендігін ескеріп,цирктің ең үлкен ішкі диаметрін есептеу қажет.

Есептің шешімін табу үшін пропорция құрамыз:

$$4,5 : 5 = 90 : x.$$

$$4,5 \cdot x = 90 \cdot 5$$

$$x = 900 : 4,5$$

$$x = 200 \text{ Сонда цирк диаметрі } 200 \text{ метрге тең.}$$

Бәйтерек монументінің төменгі деңгейінде аквариум орналасқан,оның табан дары радиустары 10м және 9.3м болатын концентрлі шеңберлерден жасалынған сақина бөлігі болып табылады. Кіші шеңбер доғасының ұзындығы 8м ал аквариум биіктігі 1.86 м. Аквариумның көлемін табу үшін біз мынандай есептеулер жүргіздік:

R – үлкен шеңбер радиусы,


r – кіші шеңбер радиусы,

l – кіші шеңбердің доғасының ұзындығы,

α – доғаны керіп тұрған центрлік бұрыштың өлшемі,

h – аквариум биіктігі,

α –ны арқылы өрнектейік: $\alpha = (t \cdot 180^\circ) / (\pi r)$



Онда аквариумның табанының ауданы

$$S = \pi(R^2 - r^2) \cdot \alpha / 360^\circ = (t \cdot (R^2 - r^2)) / (2r) \text{ болады.}$$

Аквариум көлемін табамыз:

$$V = (t \cdot (R^2 - r^2)) / (2r) \cdot h;$$

$$V = 10,8 \text{ м.}$$

Біз геометрияның сәулет өнерінде қандай маңызды қызмет атқаратынын көреміз. Геометрияның заңдарын пайдаланбай сәулетшілер өздерінің туындыларын жасай алмас еді. Ғасырлар өтеді, бірақ геометрияның рөлі өзгермейді. Ол сол күй «грамматикалық сәулетші» болып қалады. Тек бүгінгі таңда, жаңа құрылыс материалдары мен құрылысқа арналған техникалардың көптеп шығуына байланысты, сәулетшілер кең ауқымды геометриялық заңдарға сүйене алады. Бұл сәулетшілердің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді және жаңа құрылыстар, жаңа сәулет нысандары пайда болады.Сәулет құрылымдары кеңістікте

өмір сүріп, оның бөлігі болып табылады және белгілі бір геометриялық фигуралар ішінен орын алады. Сонымен қатар олар жеке бөліктерден тұрады, сондай-ақ олардың әрқайсысы белгілі бір геометриялық дененің негізінде салынған. Геометриялық кескіндер жиі әр түрлі геометриялық денелердің қосындысынан тұрады.

Сөйтіп келесі қорытындыны шығаруға болады: Сәулетшілер өз жұмысында қолдана алмайтын геометриялық кескіндер болмайды;

Әр түрлі геометриялық кескіндерді қолдану арқылы Астана қаласының сәулет өнерін өзгертуге мүмкіндік болады. Астана қала құрылысын салуда, жаңа заманға зай жобалау оны қонақтарға тартымдырақ етіп көрсетеді. Ғимараттарды салуда геометрияның заңдарын пайдаланбай салу мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Геометрия 10 – 11 сынып. Л.С. Атанасян
2. Энциклопедиялық сөздік «жас математик».
3. [Http://www.yandex.ru/fotprir.narod.ru](http://www.yandex.ru/fotprir.narod.ru)
4. [Http://www.yandex.ru/informphoto.ru](http://www.yandex.ru/informphoto.ru)

ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОРТАСЫ: ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ТӘЖІРИБЕ, КЕЛЕШЕК

ЖАРКЕНОВА С.Е.

Бастауыш білім беру мамандығының 4-курс студенті

ғылыми жетекші:

ИЛЬЯШОВА Б. Ф.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

«Сапа тұжырымдамасын мұғалім қалай түсінсе, оқушының да солай түсінуі, жұмыс нәтижелерінің сапасын үздіксіз бақылау мүмкіндігі және кез келген сәтте пайдалануға болатын баламалы адымдар мен стратегияларға қол жеткізу оқытуды жақсартудың міндетті шарттары болып табылады».

Ройс Сэдлер

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - әрбір білім алушының қандай да бір іс-әрекетке күзiреттiлiгiн дамыту, арттыру, қалыптастыру. Бiз оқушының бiлiмiн, бiлiктiлiгiн, дағдысын бағалаудан оның құзыреттiлiк қасиетiнiң қалыптасуын бағалауымыз керек. Қазiргi кезде оқушылардың бiлiмдiлiгi ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзыреттiлiгiн, оның жеке тұлғалық қасиеттерiн дамыту мен қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзiн-өзi дамыту және өзiндiк бiлiмiн көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгерiп отыр, оқыту нәтижесiн бағалауда да жаңа бағытқа ие болуда.

Елiмiздiң бiлiм беру жүйесiне енгiзiлiп жатқан оқытудың Кембридждiк Бағдарламасы Оқыту үшiн бағалау және оқуды бағалау модулiн ұсынады. Бұл модуль бағалауды екi түрде қарастырады: суммативтi (жиынтық) бағалау және формативтi (қалыптастырушы) бағалау. Яғни мұғалiмдер оқуды бағалаумен қатар оқыту үшiн бағалауды пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады.

Жиынтық (суммативтi) бағалау бұл бiлiмдi жалпылау, қорытындылау кезiнде, тараудың немесе модульдiң соңында, немесе таным үрдiсiнiң қандай да бiр сатысында оқушының жетiстiктерiн бағалау үшiн қолданылады. Әрбiр бөлiм соңында өткiзiледi (бақылау жұмысы немесе қорытынды сынақ жұмысы), оқушыларға әрбiр бөлiм бойынша өз бiлiм деңгейлерiн көрсетуге көмектесiп, мұғалiмге оқушылардың жетiстiктерi туралы қорытынды пiкiр жасауға және қорытынды бағаны қоюға мүмкiндiк бередi. Бағалаудың бұл түрi қалыптастырушы бағалаумен салыстырғанда оқушының қызығушылығын оята қоймайды және баланы алға жетелеудi көздемейдi.

Қалыптастырушы (формативті) бағалау күнделікті оқу үрдісінде оқушылардың ағымдағы білім деңгейлерін анықтау үшін және мұғалім мен оқушы арасында өзара байланысты орнату үшін қолданылады. Ол бағалау күнделікті оқу үрдісі кезінде жүргізіледі, оқушыға өз жұмыстарын өңдеуге және жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі, мұғалімге оқушының материалды меңгергені туралы ақпарат жинақтауға, талдауға және жоспарлауға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалауды көбінесе «оқушының дүниені тануын бағалау және білім беруді жақсарту үшін бағалау» деп атайды, себебі, ол оқушының жеке басының дамуы мен қалыптасуына көмектеседі. Бұл бағалау жүйесі мұғалімнің әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді, оқушының материалды меңгермегендігін басынан-ақ байқауына, оқушы білімін диагностикалауына мүмкіндік беріп, мұғалімге оқу үрдісін басқаша ұйымдастыруға көмектеседі, ал оқушыға – өзінің білім алуына деген үлкен жаупкершілікті сезінуді жүктейді. Бағалау – бұл оқушының ілгерілеу дәрежесін анықтаудан гөрі кең ауқымды нәрсе. Бағалау оқушының өзінің таным үрдісіне қызығушылығын арттырып, оны алға жетелейді. Осы орайда қалыптастырушы бағалау басқа бағалау әдістерімен салыстырғанда оқушыға материалды тереңірек түсінуіне көмектеседі, сонымен қатар сол материалды сараптап, өмірде қалай қолдануға болатындығы туралы ойлануын оятады. Қалыптастырушы бағалау жиынтық бағалаумен салыстырғанда оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл бағалау шеңберінде мұғалімдерге оқушылардың жетістік деңгейін тексеріп отыратындай, қандай да бір қабілетін айқындайтын қалыптастырушы тестілеу және қолданылып жүрген түрлі әдістер мен формалар ұсынылады.[1]

Кембридждік Бағдарлама бағалау үрдісіне мұғаліммен қатар оқушының өзін қатыстыруды талап етеді. Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау түрлерін қолдануды, тиімді керібайланыс жасауды, ол үшін сұрақты дұрыс құруды, бағалау үшін критерий қолдануды ұсынады. Бұл ретте оқушылар өздерінің білімін қандай дәрежеде екенін айтып, алда нені жетілдіру керектігін тұжырымдайды. Осындай рефлексия кезінде алған білімдерді бекіту жүзеге асады, жаңа ұғымдарды енгізумен бірге белсенді қайта құруды елестету, «менімен сәйкес келетін» білімді меншіктеу сияқты жаңа мағына туындайды, ұзақ мерзімді білімдер қалыптасады. Оқушылар өз ойларын сөзбен жеткізуге тырысады немесе графикалық түрде еркін дәйектілейді, өз пікірлері мен идеяларын басқа оқушылармен бөліседі, өз жеке бастарының ойлану операциясын сараптайды. Қалыптастырушы бағалау әдістемесін қолдану қазіргі таңда мұғалім жұмысын бағалаудың жаңа жүйесінің маңызды критерийлері болып табылады.

Қазіргі оқыту тұрғысы бойынша оқушылар оқыту үдерісінің белсенді қатысушылары болғандықтан оларды оқу үдерісіне тарту үшін алдымен олар сабақта не істейтінін, олардан не талап етілетінін білуі тиіс. Сол себептен мұғалімнің жаңа сабақты ұйымдастырудағы алғашқы қадамы – сабақтың мақсатымен, табыс критерийлерімен таныстыруы. Сабақтың мақсаты мен табысқа критерийлері түсінікті болу үшін мұғалімнің көмегімен оқушылардың өздері құрылымдағаны дұрыс. Мұғалім әр оқушының сабақ мақсатын түсінгенін және әр оқушының алдына мақсат пен табыс критерийлерін белгілегенін қадағалап, сабақты қорытындылау кезеңінде мұғалім сабақтың мақсатына қайта оралып, оқушылармен бірге белгіленген критерийлерге әр оқушының қаншалықты жеткенін айқындайды. Тізбектелген сабақтар топтамасындағы әр сабақты жоспарлауда осы үдерісті қалай жүретіндігінің тәсілін жоспарлау керек.

Оқыту мен оқу процесі аясында мұғалім оқушылардың жетістіктері мен пәнді түсіну деңгейін формативті бағалауда үздіксіз бақылап отырады. Нақтырақ айтқанда, қалыптастырушы бағалау қалыпты оқытудың құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асуы керек. Сондықтан қалыптастырушы бағалау аясында мұғалімдер оқушылардың мақсатқа қаншалықты қол жеткізіп жатқандығын бақылауға алуы тиіс. [2]

Топтық жұмысты бағалау

Бірқатар дағдыларды дамытып, бағалауда топтық жұмыс бірден-бір қолайлы тәсіл. Өзге формалардағыдай бұл жағдайда да оқушылар табыс критерийімен алдын-ала таныстырылуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім сынып ішінде жүріп, барлық топтарды тыңдап үлгеруі тиіс. Топтардағы кейбір оқушылар табыс критерийі талаптарына тез қол

жеткізуі мүмкін. Мұғалім сол оқушылардың есімдерін өзінің арнайы дәптеріне жазып алады. Әрі қарай мұғалім басқа оқушыларға назар аударуы тиіс. Оқушы ұяң немесе ұялшақ болған жағдайда мұғалім қосымша сұрақтар қойғаны дұрыс (*Сен осы мәселе туралы не ойлайсың? Өз тобыңның осы мәселені қаншалықты дәрежеде талдағандығы туралы айтып бере аласың ба?*). Кейде оқушы талдау тақырыбы туралы теріс түсінік немесе теріс жауап беруі мүмкін. Мұндай жағдайда оқушының өз жауабымен нені айтқысы келгендігін сұраған жөн.

Топтық жұмыс жасау кезінде мұғалім барлық оқушыларды бақылап шығуы керек. Барлық топтарды бір рет аралап, бағалап шыққаннан кейін мұғалім оқу мақсатына жетуге талпынатын оқушылары бар топқа қайта оралады және олардың оқу мақсатына қайтадан қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Кей жағдайда әдетте оқушыларға өз қабілеттерін бірнеше сабақтар барысында дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әрекеттер оқушылардың бойында алуан түрлі дағдылардың қалыптасуына түрткі болады. Қалыптастырушы бағалаудың өзге түрлеріндегідей бұл жағдайда да оқушылар жетістік критерийімен алдын-ала таныстырылуы тиіс. Оқушыларға жетістік критерийлері туралы әр сабақтың басында ескерту айтып отырған да тиімді. Кей жағдайларда оқушылар жобаның соңына қарай белгілі бір оқу мақсаттары бойынша жетістік деңгейін көрсетуге тиіс болады. Мұндай жағдайда оқушының аяқтаған жұмысы оның оқу мақсатына жеткендігінің күәсі бола алады.

Өзге оқу мақсаттары оқушылардың өздеріне берілген кері байланыстарға сәйкес жетістіктерін не жұмыс нәтижесін көрсетуді қажет етеді. Мұндай оқу мақсаттарын бір сабақ барысында бағалап үлгеру мүмкін емес. Алғашқы сабақта мұғалім әр оқушының бастапқы дәрежесін анықтап алуы қажет. Ол әр оқушы жоспарға сәйкес жұмысын атқаруға дайын екендігіне және өз мақсатын жете түсінгендігіне көз жеткізуі тиіс. Кейінгі сабақтарда мұғалім осы жетістіктерді оқушының әрекеттерінен бақылап отырады. Әр оқу мақсатына негізделген жетістік критерийі мұғалімнің бақылауын қажет ететін тұстар туралы жан-жақты ақпарат береді. Бұл көлемді әрекет түрлерінің оқу барысында маңызы өте жоғары. Сол әрекеттерді орындау барысында мұғалім әр оқушыға жекелеген қолдау көрсетіп, кері байланыс беріп отыруы міндетті.

Оқушыларды бағалауға қатыстыру, өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау.

Оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана олар оқу мақсатына қол жеткізеді. Сондықтан оқу барысында өзін-өзі бағалаудың маңызы зор. Оқушыларының бойында өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға талпынған көптеген мұғалімдердің аңғарғаны: бұл реттегі ең бірінші және ең күрделі мәселе – оқушыларды өз жұмысы туралы мақсат қою тұрғысынан ойлануға үйрету. Олар бұны қалай істеу керек екенін түсінгенде ғана өз жұмыстарына шолу жасай бастайды, сол арқылы оны өздері орындап, өздері бақылай алады.

Құрбы-құрдастарын бағалау өзін-өзі бағалаудың маңызды бөлігі болып табылады. Құрбы-құрдастарын бағалау өте пайдалы, себебі оқушылар өз жұмысына қатысты айтылған құрбыларының пікіріне құлақ асады. Ал оны мұғалім айтқан болса, олар оқушыға сондай әсер етпеуі мүмкін. Құрбы-құрдастарымен бірге жұмыс істеу де маңызды, себебі пікір алмасу оқушы күнделікті өмірінде қолданатын тілде жүреді, сонымен қатар оқушылар мұғалімнің рөлін ойнай отырып білім алады. Оқушылар түсініктемені түсінбеген кезде, олар мұғалімнен емес, өзінің құрбысынан сұрайды. Оның үстіне, бұл тәжірибе құрбы-құрдастарын бағалау ауыртпалығын оқушыға салуға болатындығымен құнды. Сондықтан тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауда әр сабақта өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың әдістері көрсетіледі және әр сабақта түрлендіріп отырған дұрыс. [3]

Қалыптастырушы бағалау кезінде қолданылатын негізгі стратегиялар

- Сыныпта барлық оқушылар қабілеттілікті тұрақты емес, өспелі ұғым ретінде қарастыратын орта құру.
- Оқушыларды сабақтың мазмұнын, сондай-ақ оның не мақсатпен жүргізілетінін көрсететін жоспарлау үдерісіне тарту.
- Оқу мақсаттарын түсіндіру және оқушылардың табыс критерийлерін белгілеуі.
- Сыныпта тиімді әңгімелесу және мақсатты жауап алу тәсілдерін пайдалану және жоспарлау.

- Оқушыларды оқуда табысты болу туралы сараптамалық пікірталасқа тарту – табыс критерийлеріне сәйкес болып қана қоймай, осы критерийлерге қалайша сәйкес болу қажеттілігін білу.

- Оқушыларға өзара және өзін өзі бағалау жөніндегі жақсы сарапшы болуға мүмкіндік беру.

- Жетістік пен жетілдірудің неден тұратынын анықтауға, түсініктемелерге сәйкес жұмыс істеуге уақыт беруге баса назар аударып отырып, оқушылар мен мұғалімдерге уақытында шолу жасап, кері байланыс орнатуға үздіксіз мүмкіндік беру.

Қалыптастырушы бағалаудың осы стратегиялары мұғалімдерге де, оқушыларға да міндеттер мен әдістерге қатысты қабылданатын шешімдерді реттеуге болатын құрылым ұсынады. Әдістер өзгеріп отырады және стратегияларды орындауда қолдануға болатын көптеген тәсілдер баршылық, бірақ қағидаттар тұрақты әрі негізді болуы қажет. Әртүрлі мұғалімдер әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істегенде қолданатын әдістер алуан түрлі болып келеді, бірақ тиімді тәжірибе үшін соңғы критерийлер жүйесін құрастыратын стратегиялар мен қағидаттар үнемі бір. [4]

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асырып, пайдаға асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі — «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Пилоттық жоба ретінде тандалған мектептегі бірінші сынып оқушыларын жалпы мектептің ортасына бейімдеу жүргізіліп, оқытуда әріп тануға, оқу мен жазуға үйрету, ана тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пәндерінен айтылым-тыңдалым дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Кохаева Е.Н. Қалыптастырушы бағалау: әдістемелік құрал\ Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014ж. [1]

2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» ІІІ деңгей, үшінші басылым\ «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.[2]

3. Пит Дадли «Оқытудың белсенді әдістері»\ «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013ж. [3]

4. Р.Х.Шакиров, А.А.Буркитова, О.И.Дудкина Оқушы жетістіктерін бағалау.[4]

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАЗІРГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

БАЙСЕЙТОВА А.Б., ТЕТАЕВА А.Б., ИЛЬЯШОВА Б. Ф.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

«Адамды бір нәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі, оған жаңалық ашуға көмектескен жөн».

Г. Галилей

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлесі қалыптасуда. Бұл процес білім бағдарламасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол балаға өзін-өзі өзектендіруге, өзін толықтыруға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Рене Декарттың трактатында: «Өзін-өзі тану жолындағы еңбек – ең құнды еңбек», - деп көрсетілген. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қамтып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне енгізу. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Ресейде, т.б. мемлекеттерде жүргізілген зерттеулерде оқытудың технологиялық тәсілінің тиімділігі дәлелденді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының ІІІ-тарауының 11-бабында осылай айтылған:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпы білім беру Мемлекеттік стандартының 4-бөлімінің 4, 6-тарауында: «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім мекемелері стандарт бойынша берілген оқушылардың дайындық деңгейіне жету үшін тәрбиелеудің, оқытудың, дамытудың денсаулық сақтау ортасын қамтитын әр түрлі әдіс-тәсілдер мен педагогикалық технологияларды қолдануға болады», - деп жазылған.

Осыған сүйене отырып, біз оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру мақсатында жаңа технологияларды үйреніп, олардың сабаққа берер пайдасы және оқушы білімін кеңейту, ой-өрісін жетілдіру, тілдерін дамыту, шығармашылықтарын арттыру, оқуға деген ынтасын жоғарылатудың оңтайлы жолдарын табуды көздедік. Қазіргі кездегі кеңінен қолданылып жүрген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы мен модульдік оқыту технологиясын осы жұмыста барынша көрсетіп, олардың сабақтың тиімділігін арттырудағы әсері мол екенін айтқымыз келеді.[1]

Білім беру – табиғат пен қоғам жайында жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуі.

Білім беру ұғымын педагогикаға тұңғыш енгізген Иоганн Генрих Песталоцци.

Білім беру оқыту мен тәрбие жұмысын біріктіретін және жеке бастың дамуына ықпал жасайтын процесс.[2]

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды. [3]

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Оқушыларды диалогқа түсіру арқылы сыни ойлауына және зерттей біліп, бір шешімге келе білулеріне ұстаздың шеберлігі жоғары болу керек екенін бәріміз де білеміз.

Қазіргі кездегі білім беру саласындағы заман талабына сай инновациялық оқыту технологиялары мен оқытудың әр түрлі техникалық құралдары мен заманауи әдістерін қолдану арқылы келер ұрпаққа сапалы білім беру ұстаздардың басты мақсаты.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағы. Еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы – ұстаздардың ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде. Шындығында, мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Жаңаша оқытудың білім беру жүйесіндегі маңызы: білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру. Келешекте ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан- жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн деп ойлаймыз. [4]

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету.

Инновациялық процессіз мектептің дамуы мүмкін емес. Мектептің тарихында оқыту мен тәрбиенің ескі түрлері, құралдарының орнына жаңа, озық үлгілер келген кездер көп болды.

70-80 жылдары Ш.А.Амонашвили, И.П.Волков, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталовтардың жаңашылдық іс-тәжірибесі сол кездегі ұстаздар қауымының тарапынан үлкен қолдауға ие болды.

Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі:

- Білім мазмұнындағы инновация;
- Оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация;
- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы инновация;
- Мектептегі басқару жүйесіндегі инновация.

Жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновациялардың түрлері:

- Жеке, бір-бірімен байланысы жоқ;
- Модульдық, бір-біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;

Жүйелі: барлық мектептерде болатын өзгерістер. Инновацияның түрлері: модификациялық, комбинаторлық, түбірлі.

Модификациялық инновация – педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру. Мысалы: А.С. Макаренконың қиын балаларды тәрбиелеу әдістерін А. Ысқақов осы заманға лайықтап қолданды.

Комбинаторлық инновация – белгілі әдістердің элементтерін бір-біріне қосу. Инновацияның бұл түрін қазіргі кезде тілдерді оқыту әдістемесімен айналысатын ғалымдар қолданды.

ИННОВАЦИЯ			
Ұғым	Түрлері	Топтары	Кезеңдері
	Модификациялық	Білім мазмұнындағы инновация	Инновация түрлерін анықтау
	Комбинаторлық	Оқу-тәрбие процесінің формаларындағы инновация	Жаңалықты жобалау
	Түбірлі	Әдістеріндегі инновация	Жаңа жобаны іске асыру
		Құралдарындағы инновация	
		Мектепті басқарудағы инновация	

Түбірлі инновация – мектепке білімнің мемлекеттік стандарттарының енгізілуі.

[5].

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең озық, тиімді, ізденістерін, тәжірибелерін жалғасытырып, тың жолдарын іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. «Педагогикалық технология» дегеніміз не? *Технология* – *tehné* (шеберлік, өнер, білім) деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Академик В.М. Монаховтың айтуы бойынша: технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі. Ал педагог-ғалым Беспалько өзінің «Слагаемые педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «Оқу тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы – белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы».

Президентіміз Н.А. Назарбаев айтқандай, сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялануының негізіне айналуы тиіс. Бұл мәселе жалпы

білім беретін мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толыққанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген баладан, яғни, оқушыдан шығары анық, өйткені ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы.

Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруы қажет. Сонда ғана жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Жаңа педагогикалық технологиялар педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады.

Инновацияны қолдану дегеніміз – инновацияны шаблон, трафарет ретінде пайдалану емес, өйткені әр мұғалімнің өз іс тәжірибесі бар. Бірақ, инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз іс тәжірибесін байытып, еңбегін жеңілдетіп, белгілі бір нәтижеге жету – педагогиканың ең асыл заты болып табылады. К.Д. Ушинский айтқандай, іс-тәжірибе толық көшіріліп алынбайды, тек оның негізгі ойы ғана алыну мүмкін. Осы негізгі ойды түсініп оларға шығармашылық көзқараспен қараған мұғалім технология бойынша жұмыс атқара алады.

Сонымен қатар, педагогикалық технологияны құрудың алғашқы сатысы мынандай баптардан тұрады:

1. Мұғалімді әдістемелік қамтамасыз ету.
2. Мектеп оқулықтарын дайындау жүйесі.
3. Мұғалімнің кәсіпкерлік дайындық жүйесі.
4. Оқу үрдісін жобалау.
5. Оқушының жалпы және оқу жүктемелері.

Нәтижесінде оқу технологиясы осы мақсаттарға жетуі тиіс:

1. Оқушыны илеуге көне қоятын объект деп қарамай, табиғат берген қасиетін, күш қуатын шыңдайтын, қабілетін дамытатын жеке тұлға деп мойындау.
2. Жеке тұлғаның мемлекеттік және жергілікті жердің мүддесін ұштастыруы.
3. Оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне, бейімділігіне, қабілетіне қарай білім мазмұнын міндетті түрде игеретін деңгейлерін анықтау.
4. Оқушыға «Білім туралы» Заңға сәкес өз бағасын тандауға мүмкіндік беру.
5. Жалпы білім беру мекемелерінің көп түрлігін қамтамасыз ететін білім мазмұнын құрылымын нақтылау.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Бастауыш мектепте қазіргі педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі оқушылардың білімін арттыруда, іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің қыр-сырын әр түрлі салада қарастырған ауқымды зерттеу еңбектері баршылық. Мәселен, қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалануда оқушы білімін арттыру, қызығушылығын қалыптастыру, бастауыш мектеп оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мәселелері қазақстандық ғалымдар - Н.Д. Хмель, С.А. Ұзақбаева, Л.К. Керімов,

Б.Әбдікәрімұлы, М.А. Құдайқұлов, А.Е. Әбілқасымова, М.Ж. Жадрин, Г.Ж. Меңлібекова, Б.С. Имандосова және т.б. еңбектерінде қарастырған.

Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында педагогикалық технологияларды ұсынған Н.П.Гузиктің, В.М. Монаховтың, Ф.Шаталовтың, Т.Галиевтың, Л.Бектұрғановалардың еңбектері және т.б. ғылыми тұрғыдан практикалық мәні зор еңбектері біздің зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынды. Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік- педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қызметтігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технология пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отыра мүмкіндік деңгейіне жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. [6]

Психолог С. Выготскийдің айтуынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы». Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Президент жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен анықталады» - деген байламы жеке адамның құндылықтарын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білу тиіс.

Жаңа технологияларды еңгізу барысында мұғалімнің даярлығы мен жаңаға оқыту мазмұны жайында білгені жөн:

- Мұғалім нені білу керек?
 - Мұғалім не істей алуы керек?
 - Мұғалім қандай іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру керек?
- 1) Жаңа технология көмегімен шешілетін мәселелерді;
 - 2) Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;
 - 3) Жаңа технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
 - 4) Жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс-тәсілдерді;
 - 5) Оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін;

Қоғамның білім беру жүйесінің алдына қойған талабы: оқыту барысында баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін шешу.

Жалпы, біздің оқытудағы басты мәселе оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақтың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі бөлігінің бірі - әр мұғалім сабақ жоспарын құрастырған кезде нақты мақсаттар қойып, соған жету жолдарын ізденушілік, жауапкершілік көзқараспен қарауы. Жан-жақты дайындалуы, өз білімін өзі шыңдау, шығармашыл қабілеттерін үнемі арттырып отыру қажет.

Оқушының танымдық белсенділігін қалай дамытуға болады? Сабақтың тиімділігін қалай арттыруға болады? Жаңа технологиялардың осы мақсаттарға жетудегі пайдасы қаншалықты? деген сұрақтарға өз жұмысымда жауап беруге тырыстым. Бұрын бастауыш мектеп мұғалімінің басты міндеті баланы оқуға, санауға үйрету болса, қазір бастауыш мектеп – оқушының тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану – мұғалімнен үлкен шеберлікті, ізденушілікті, шығармашылықты талап етеді. [7]

Қорыта келгенде, бастауыш сыныпта қолданылатын қазіргі жаңа технологиялардың түрлері өте көп. Барлық технологиялар оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауға, өз ойын толық әрі жүйелі түрде жеткізе алуына, сонымен қатар өз білімдерін одан әрі жетілдіруіне мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдердің міндеті осы технологияларды оқушыларға тиімді әрі түсінікті етіп өз тәжірибесінде қолдану. Біз – болашақ маман иелері ретінде оқушыларды оқытып, тәрбиелеуде өз білімімізді жүйелі түрде жетілдіріп, ізденіс үстінде болуға, дұрыс бағыт-бағдар беруге тырысамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://infourok.ru/na-temu-azirgi-kezdegi-oitudi-pedagogikali-tehnologiyalari-945588.html>
2. Педагогика, Ш.Х. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р.К. Ильясова, 37-бет.
3. <https://martebe.kz/zhanartylgan-bilim-beru-mazmuny-bojynsha-okhytudagy-zhana-adis-tasilder/>
4. <https://bilinger.kz/жаңаша-оқытудың-білім-беру-жүйесінде/>
5. Педагогика, Ш.Х. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р.К. Ильясова, 570-571 бет.
6. <https://bsh.kz/news/2231>
7. <https://infourok.ru/na-temu-azirgi-kezdegi-oitudi-pedagogikali-tehnologiyalari-945588.html>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТИІМДІЛІГІН ҚАРАСТЫРАДЫ

«Бастауыш білім беру» мамандығының 4-курс студенті

ЖУКУШЕВА А.

Ғылыми жетекші:

ИЛЬЯШОВА Б.Ф.

Қарағанды жоғарғы «Bolashaq» колледжі

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсеке басы білім, ел басқаратын болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігінде» деген. Ендеше, ұстаздар қауымы ел басқаратын болашақ жастардың білімін қамтамасыз ету керек. Сондықтан да мектептегі оқу үрдісінің барысы әр түрлі педагогикалық әдіс - тәсілдермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойларын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін арттырады.

Еліміздің ертеңгі болашағы - бүгінгі мектеп қабырғасынан алған білім нәрімен сусындаған оқушы. Ал білім негізі бастауыш сыныптан бастап қаланатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оқушылардың өз - өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілетін сабақтың оқу - материалдарын терең ұғына білуге баулыу, ой - өрісін дамытатындай логикалық ой тастау - мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс - әрекетке қабілетті, озық ойлы, тапқыр да нәзік, сезімтал, еркін және жан - жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта - жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту - бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жеке тұлға, яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие

берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру - тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. [1]

Бастауыш білім беру мақсаты - келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзыреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру деген түсіндірме берілген.Тұлға құзыреттілігін дамыту – ұстаздың құзыретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы. Америка ғалымдары Чарлз Темпл, Куртис Мередит, Джинни Стилл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының оқушы құзыреттілігін дамытуда маңызы зор. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Бұл жобаның тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, пәнге деген қызығушылығы артып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятқан әдістер арқылы өз ойларын топта, ұжымда талдай біледі. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.Оқытудың тиімді әдістерін меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда мектептерде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын тандап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына мұғалім тарпынан көңіл бөлінуі тиіс.

Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір барлық мектептерде оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Инновациялық (озық) білім беру дегеніміз - тұлғаның бағдарлы көзқарасы, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады. Сол себепті біздің мектеп мұғалімдерінің басым бөлігі де инновациялық жүйе негізінде өз біліктіліктерін арттырып отыр. Мұғалімдер оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді.

Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде сапалы білім алудың қажеттілігі үдемелі артуда. Уақыт талабына сай өмір сүру үшін бәсекелестік күшейген кезде басқаша болуы мүмкін де емес. Оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, этнопедагогиканың озық үлгілерін қайта жаңғыртып, қолдану, педагог мамандардың сапасын көтеру, оқушылардың функцияналдық сауаттылығын көтерумен қатар, тәрбие жұмысын жақсарту – күн тәртібінен түспейтін мәселелерге айналды. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалды сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби күзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Олай болса қоғам – жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстаздарға мұқтаж.

Оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын білу арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Біздің өзекті мәселеміз: жаңа оқыту әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту. Біздің ұстанымымыз: Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтағыдыры ұстаздың қолында деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың талантынашу – біздің күн тәртібіміздегі өзекті мәселелердің бірі. Тәуелсіз Қазақстанда орта білімнің дамуына функционалды сауаттылықты арттырудың маңызы аса зор. Функционалды сауаттылық – оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қолдану (түрлі құжаттармен жұмыс, банкте сауалнама толтыру, түрлі ақпараттармен танысу), сыртқы ортамен тығыз байланысты орнату және оқушыларды тез әлеуметтенуіне бейімдеу. Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде,

адам баласы ой-санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесі де қатар жетіліп байып отыр. Өйткені, озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады.

Озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер дамулар мектептің оқыту процесіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында білім берудің жаңа мазмұны ұсынылуда. Оның басты мақсатының бірі – баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінде шешім қабылдауға дағдыландыру.

Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдылармен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, қалыптасатын күзiретiлiктермен анықталады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа білім алушының өз әрекетінің иесі – Субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту – қазіргі заман талабы, өмірлік зор маңызы бар өзекті іс болып отыр.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың қазақ халқының көркем әдебиет туындыларымен, әдебиет теориясымен жүйелі түрде таныстырып, сол негізде оқушыларға жан-жақты тәрбие бере отырып, әдебиетіміздің үздік туындыларымен, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру. Әдебиет арқылы оқушы бойында өмір туралы дұрыс талғам, түсінік қалыптастырамыз. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылар арқылы қалаған мамандықты игеріп, өмірден өз орнын табуларына, қалаулы азамат болып өсулеріне тигізетін әсері көп. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін, біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз керек. Біз өз тәжірибиемізде көбінесе оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлемін. Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Оқушыларсыртқы ортада адамдармен, құрбыларымен, жанұясымен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдысын қолданады, яғни ақпарат алмасу үшін, ақпарат беру үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой- толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. PISA және PIRLS зерттеулерінде оқу сауаттылығы жазба мәтіндерді түсіну мен рефлексиялау болып ұйғарылады. Мәтін мазмұнын белгілі бір мақсатта қолдануды игеруін және де оны әлеуметтік ортада белсенді пайдалана алу қабілетін бақылайды. Сауаттылық сөзі оқушылардың алдарына қойған мақсаттарын жүзеге асырумен байланысты: құрдастарымен қарым-қатынас жасау, туыстарымен жүздесу, білім алу, қызметке орналасу, ортаға бейімделу. PISA зерттеулерін оқу сауаттылығы мәтіннен қажет ақпаратты табумен бағаланады: 1. Мәтіннен қажет болатын көп ақпарат алу; 2. Мәтіннен ең қажетті ақпаратты табу; 3. Мәтіндегі ақпараттарды жіктеу; 4. Терең мазмұнды ақпаратты табу; 5. Күрделі мәтінді қорытындылау; 6. Мәтіннен ой түйю.

Әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық, секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады. Олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі. Дәрекілікке, бойкүйездікке, жамандыққа аяқ баспайды. Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін

сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, канспекттері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қыса әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.
4. БҰҰ «Білім бәріне ортақ» атты бағдарламасы, 2001. – Б.5-9.
5. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі»// Өрлеу – Шымкент №1 (7) 02.2014ж.
6. Функциональная грамотность выпускников школ // Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д
7. Оразахынова Нұрша, Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі //Қазақстан Республикасы химия және биология мұғалімдерінің съезінің материалдары. – Өскемен: 2012 (28-29 маусым). – Б.21-23.
8. Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні //«Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2009. – Б.237-243.

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

ЖАРКИМБЕКОВА А.Т., ЕСМАГАМБЕТОВА А.А.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

E-mail altushka_62@mail.ru

E-mail Aiken55@mail.ru

«Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқа да өзгезістер білім беру жүйесіне әсер тигізіп жатыр. Бұл өзгерістер еліміздің мектептерінде тек жаңа пәндерді

енгізіп қана қоймай, сонымен бірге оқыту әдісін өзгертуді де талап етеді. Еліміз тәуелсіз мемлекет болып даму жолында, қоғамның назарын аудару үшін шешім қабылдау маңызды. Бұл әсіресе сынып жұмысына қатысты: сабақ барысында студенттер белсенді болулары керек. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы студенттердің білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты.

Біздің ел дамудың демократиялық жол таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамда шешім қабылдауға маңызы арта түсті. Осы бағытта студенттердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталып жүр. «Интерактив» ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталады» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге сапалы білім алудың алғы шарттары болып танылатын таным белсенділігі һәм ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Студенттердің оқуы сонымен білім сапасы оқу барысында студенттің өзі сабаққа тікелей қатысуы, сабақ барысында тек мұғалімнің айтқанын ғана жазып, сызып қоймай өз бетінше білім алуға жағдай жасалғанда ғана студент білімге өзі ұмтылатыны және алған білімін одан әрі дамытуға қызығатыны анық. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Оқудың белсенді әдістеріне: диалогтық оқыту түрлері: әңгіме –дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме, рефлексивтік оқыту негізіндегі кері байланыс, ролдік ойын, сұрақ-жауап, жағдаяттарды талдау, тренингтер, өзін-өзі бағалау, тест құру және бірін –бірін тексеру жатады.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде студенттердің өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Бұл бағыт мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен студенттерге шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі студенттер білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім студенттердің білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалім сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын студент тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін, сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Сонымен қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс. Осы кезде мұғалімнің талапқа сай студенттің білім алу белсенділігін жоғарылату мақсатында жаңа технологиялар менгеруі қажеттілігі туындап отыр.

Жоғары технологиялар заманында адамға жан-жақтан түрлі ақпарат келіп түседі, сондықтан қазіргі заман адамы ақпараттармен жұмыс жасай біліп, қажетін алып қолдана алу бейімділігін қажет етеді.

Студенттердің танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған технологияларға сын тұрғасынан ойлау, жобалау, проблема туғызу, ұжымдық қарым-қатынаста оқыту. Қызығушылық деп студенттің бір нәрсеге зейін қоюға, кейбір заттар мен құбылыстарды танып білуге ұмтылуын айтамыз.

Қазір білім саласындағы болып жатқан мемлекетаралық бақылау, ұлттық бірыңғай тест, 12 жылдық оқуға көшу барлығы Қазақстандық білім сапасын көтеруді және халықаралық деңгейге жеткізуді көздейді. Осы проблемалар мектептегі химия пәнінің оқытылуына да тікелей қатысты.

Химияда студенттерді қызықтыратын құбылыстар аз емес. Қызығушылық адамның рухани және дене күшінің дамуының аса маңызды шарттары болып, ой-өрісін кеңейтіп білім алуға итермелейді. Студенттер қызықты сабақты зор ынтамен қабылдайды және жақсы оқиды.

Жаңа заманауи технологиялар даму заманында мұғалімнің күнделікті сабақта компьютер, интерактивті тақта қолдануы сабақ кезеңі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Химия пәнінің ерекшелігі сабақ барысында химиялық эксперименттер болуы, бірақ көптеген себептер (реактивтер тапшылығы, кейбір реактивтер белсенділігі, тәжірибе уақыт көп алуы)

болғандықтан кейбір зертхана жұмыстары сабақ барысында өткізілмейді. Осындай кездерде электрондық оқулықтар, бейнетәжірибелер қолданылады. Электрондық бейнетәжірибелердің бір тиімділігі тәжірибені қайта көрсетіп қайталау мүмкіндігі, жақсы көрінуі, қауіпсіздігі болып табылады. Сабақта интерактивті тақта қолдану сабақ үрдісін тиімді қолданумен қатар студенттердің сабақты жақсы меңгеруіне, үнемделген уақыт студенттердің өз бетінше білім алуына себеп болады.

Өз бетінше білім алу – білім сапасын көтерудің бірден бір жолы екенін естен кетірмеу қажет. Белгілі ағылшын ақыны Ричард Олдингтон былай деген екен: «Білу керек маңызды нәрсеге үйрету мүмкін емес және болмайды, мұғалім тек үйрену жолын көрсету керек» сондықтан да білімді беру емес білімді алу жолын көрсетіп бағыт-бағдар берген тиімді. Қазіргі студенттер - көп білімді: «мен оны білемін», «мен оны естігенмін», «мен оны оқығанмын». Қазіргі заманда студенттерде ақпарат көздері көп, сол себептен қазіргі мұғалім студенттер үшін білімнің бірінші көзі емес, студенттерге білетінін қайта айтудың қажеті жоқ, алған, білгенін ары қарай дамыту жолын іздестіру, бағдар беру қажеттілігі туындайды, олай болмаған жағдайда басқа жағдайлармен қоса студенттердің оқуға деген ынтасын түсуінің бірден-бір себебі болып табылады. Мұғалімнің алдындағы мақсат студенттің оқуға деген ынтасын көтеру, қызығушылығын арттыру, ал бұл білім сапасын көтеру болып табылады.

Сабақты жоспарлау негізі - студенттердің жұмысын тиімді ұйымдастыру. Дұрыс жоспарланған сабақ барысында мұғалім студенттерге тек тақырыпты түсіндіріп қана қоймайды, олардың игеруге деген ынтасын, танымдық қызығушылығын ұйымдастырады. Сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде студенттердің жеке қабілеттерін, білім алу деңгейін тыс қалдырмау қажет. Қиын шығармашылық тапсырмаларды тек қабілеті жоғары студенттерге беру керек. Шығармашылық деңгейі жоғары тапсырмаларды орта деңгейлі қабілеті бар студенттерге беру олардың өзі-өзіне деген сенімін түсіріп, келе-келе сабаққа деген ынтасын жоғалтуының себебі болады.

Студенттер сабақ меңгеру барысында әртүрлі іс-әрекет жасайды: мұғалімді тыңдайды, оқулықты оқып қосымша әдебиетпен жұмыс жасайды, есеп шығарады, зертханалық тапсырмаларды орындайды. Осы әр іс-әрекеттер әр-түрлі психикалық үрдіске жатады: жады, қабылдау, ойлау, ойша бейнелеу. Аталған процестер ішінде ойлау ең негізгі болып табылады. Ойлау мен жады арасында тығыз байланыс бар. Ой елегінен өткен материал жадыда жақсы сақталады. Ойлау басқа да танымдық әрекеттерге әсерін тигізеді. Студенттер танымдық іс-әрекетін белсендіру дегеніміз- ойлау қабілетін белсендіру деп айтуға болады.

Студенттерге оқу барысында тек берілген танымдық тапсырмаларды орындау әдістерін үйрету ғана емес, сол тапсырмаларды өздігінен орындауға ынталандыру қажет.

Химия сабақтарында мен сабақтың тақырыбын айтпас бұрын заттардың күнделікті өмірде және тұрмыста қолданылуы туралы айтып, сүреттерін, материал үлгілерін көрсетемін, мысалы «Көмірсутектердің табиғи қорлары» тақырыпты өткенде бензин, мазут үлгілерін әуелі көрсетіп, оның түрін, түсін, иісін қарастырып талдай келе сабақ тақырыбына келтіремін, одан кейін ғана мұнайдың құрамы мен химиялық қасиеттеріне тоқталамын. Мұндай әдіс тақырыпқа деген орнықты немесе терең қызығушылық оятады. Химия – ерекше пән, оны химиялық тілді меңгермей меңгеру мүмкін емес. Студенттер көбіне ойларын қазақ тілінен химия тіліне аударуда қиындықтармен кездеседі. Сондықтан мен студенттер ойын дұрыс жеткізе білу үшін сабақты түсіндіргенде ойларын бірнеше әдіспен жеткізуіне жағдай жасауға ұмтыламын, мысалы судың сутекпен оттектен тұратынын сызбанұсқа, сүрет түрінде көрсетіп химиялық формуласына көшемін. (М.Ф. Шаталов әдісі) C_2H_6 – сутек + оттегі

Химиялық элементтер — $\text{H} + \text{O}$ $\text{H}_2 + \text{O}_2$ – жай заттар; H_2O -су. Осындай әдіс қандай болмасын студенттердің анықтама жасауына қызығушылығын арттырады сонымен қатар жақсы меңгеруіне де себеп болады. Студенттердің есінде қалу үшін М.Ф. Шаталовтың блок-конспектілерін қолданамын, бұл блок-конспектілер тақырыпты жинақтап көрсетіп студенттердің есінде қалады. $\text{Na} - e$ – берген, тотықсыздандырғыш; $\text{O} + e$ – сараң, тотықтырғыш.

«Органикалық химия» курсында органикалық заттардың гомологтық қатарын бойынша заттардың формулаларын әр тақырыпты оқу барысында үйренеді. Осы формулаларды тез

үйреніп жаттату үшін мен бірінші сабақта оларға кесте толтыруды ұсынамын. Осы қосылыстардың ұқсастығын және айырмашылығын анықтай отырып, органикалық заттардың химиялық құрылысының ерешеліктерін меңгереді.

Кесте толтыру барысында студенттер ізденеді, салыстырады, білімін талдайды, толықтырады. Сандық есептер шығару сабақтарында топтастырамын, осындай бөлу студенттердің қабілетін арттырады және мұғалім мен студенттердің арасындағы қарым-қатынасты нығайта түседі. Топпен жұмыс барысында топтың әр студенті берілген тапсырмаларды орындау барысында өз үлесін қосуға тырысады және студенттердің интеллектуалды қабілеттері айқындалады. Топтастырғанда әр студенттің қабілетін еске ұстаған жөн. Бір топқа шығармашылығы жоғары, сын тұрғасынан ойлайтын студенттерді, ал келесі топқа ойлауы дұрыс, бірақ сенімсіздіктері басымырақ студенттер, үшінші топ алгоритмдік деңгейлі студенттерді бөлемін. Мысалы «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» тақырыбын өткенде сыныпты төрт топқа бөліп тапсырмалар беремін.

Мысалы:

1. Қалып кеткен сөзді жазу:

1 моль күкірт қышқылында: моль атом S; моль атом H; моль атом O

2. Үш сынауықта ерітінді берілген, қайсысында қышқыл бар?

3. Лакмусты ерітіндіден қалай «кетіру» керек?

4. Қышқылмен жұмыс жасалғаның дәлелде.

Қайталау сабақтарын эстафета түрінде өткіземін, мысалы жоғарыда аталған тақырыпты өту барысында мен сыныпты үш топқа бөліп әр топқа тапсырмалар жазылған карточкалар үлестіремін: берілген теңдеулерді толықтырып қалпына келтір – ... + ... = $ZnCl_2 + 2 H_2O$; ... = $CaO + CO_2$; $HCl + ... = AgCl + ...$; $Cu(OH)_2 = ... +$

Бір теңдеуді бір студент орындап болған соң, тапсырма парағын келесі студентке береді. Жеңімпаз болып ең бірінші болып және дұрыс орындаған топ болады. Эстафета түрінде өткізілгендіктен әр студент тапсырманы тезірек, әрі дұрыс орындауға тырысады, студент өз тобы үшін жаны ашып, қайтсе де жеңіске жетуге ұмтылады, осындай сабақтар да студенттердің сабақ барысында белсенділігін жоғарылатумен қатар білімге, пәнге деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

«Электролиттік диссоциация, электролиттер» тақырыбын оқыған кезде бейнетәжірибе арқылы заттардың электр тоғын өткізуі туралы сабақта тәжірибені дыбыссыз тыңдап сосын ғана түсініктерін талдау арқылы игергеннен кейін анықтамасын өздері береді. Қолда арнайы құрал бар жағдайда әуелі сынауыққа тұз салып ерітіп тоқ өткізетіне көз жеткізіміз, одан кейін спирттің ерітіндісіне электродты салып тоқ өткізгіштігі қандай екенін байқап, заттардың тоқ өткізетіндері-электролиттер; өткізбейтіндері –бейэлектролиттер деп түсінік қалыптастырамыз. Осыдан «неге?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап алу үшін, студенттер заттардың құрылысы мен химиялық байланысын талдап, оның сызбанұсқасын құру арқылы жауабын табады. Студенттер сабақтың тақырыбын талдау, туындаған сұрақтарға өз беттерінше жауап іздеу арқылы түсінеді және естерінде сақтайды. Өздігінен ізденіс жұмыстары студенттердің оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттырып білімін тереңдетеді. Күнделікті сабақта үй тапсырмасын тексеруде, жаңа тақырыпты талдауда тест, проблемалық ситуация, ізденіске итермелейтін сұрақтар, деңгейлік тапсырмалар, химиялық диктанттар, оқулықпен жұмыс, есептер шығару арқылы студенттердің пәнге деген көзқарастарын, қызығушылығын қалыптастырамын. Сонымен бірге студенттер зертханалық, сарамандық жұмыстарды орындауда белсенділік танытады. Үй тапсырмалары жүйелі түрде жазбаша, ауызша тексеріледі және бағаланады. Студенттерді жаңа тақырыпты талдауда, өз пікірін айтуға, қосымша материалмен жұмыс жасауда мүмкіндігі мол. Нәтижесінде студенттердің сабаққа дайындықтары жүйелі түрде қалыптасып, білім сапасының артуына септігін тигізеді.

Сабақ барысында студенттерді біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін студенттердің шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өткізілген сыныптан тыс жұмыстар: «Білгір химик», «Жүзден жүйрік», «Кім жылдам?», сияқты танымдық ойындарын қолданамын. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала

отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра, студенттердің білім сапасын көтеремін, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп студенттер құзырлығын дамытамын. Осындай тәжірибем арқылы студенттердің білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жеттім. Мысалы: Ақпарат құралдарын пайдаланып деңгейлік тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілген «Атом құрылысы, Атом ядросының құрамы» сабағында өткен тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін тест ретінде үй тапсырмасын сұрадым, жаңа сабақ барысында «миға шабуыл», «кім жылдам?», «біліміңді байқап көр» ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттырдым. Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Студенттердің химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, студенттерді қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет. Әр тарауды өткен соң, химиялық диктант, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған студенттермен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығарып отырамын. «Азот», «Атом құрылысы», «Хлордың қолданылуы», «Күрделі эфирлер», «Қышқылдар», «Негіздер», тақырыптарына арналған сабақтарымда слайд материалдарын кең қолдандым.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматшасы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы студенттер бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
2. «Химик анықтамалығы» журналдары. №1 (15),2010 жыл, №2 (16), 2010 жыл.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
- 4.Құрманова Ж.С. Оқушының шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы жеке тұлға қалыптастыру жолдары, Өскемен 2014 ж
- 5.Интербелсенді әдіс-тәсілдер Өскемен қаласы, 2014 ж
6. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту» Ғылыми- әдістемелік журнал, №5-2009 ж
7. Интернет материалдары №72 «Google» және №65 «Mail.ru» сайттары 2009 ж.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

ЖАРКИМБЕКОВА А.Т., ЕСМАГАМБЕТОВА А.А.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

E-mail altushka_62@mail.ru

E-mail Aiken55@mail.ru

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы

кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. [1]

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру, оқу жоспарларына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттандырудан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігін баса айтты.

Ал өткен жылғы Жолдауында Үкіметке, мемлекеттік холдингтерге облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып кәсіптік-техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды тапсырды. Бұл бағдарлама ел экономикасы үшін барынша қызығушылық тудырып отырған тиісті білім салаларына шетел ғалымдары мен оқытушыларын тартуды көздеуді, жұмыс берушілер мен олардың қауымдастықтары, яғни бірінші кезекте осындай кадрларға зәрулік танытқан бизнес өкілдері белсенді түрде тартылуды қажет деген болатын. [3]

Бүгінгі күннің басты талабы еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі артып отыр. Оның мақсаты - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті дағдылары бар және білім алуды жалғастыру үшін жеткілікті әлеуеті бар экономика салалары мен жұмыс берушілерді техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету. [4]

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде.

Кәсіптік білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Үшінші мыңжылдық кезінде қоғамның даму көрсеткіші ретінде ақпараттық қоғамға өту ісі алынады да, ал оның ең анықтаушы ролін ақпарат түсінігі атқарады. Ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады.

Оқытушылар үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- студенттің өз бетімен жұмысына;
- уақытын үнемдеуге;
- білім – білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;

- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбегі, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- студенттің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.
- «Инновациялық» деген сөз — латының «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «Жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б, тіркестермен тығыз байланысты. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан — жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту Оқытушылар зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани т. б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін — өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытушылар алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін көрсетеді.

«Ақпараттық компьютерлік технологиялар»- бұл термин бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар ролін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құрамына айналды.

Ақпараттық технология тақырып көлемінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Білім деген бір — бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орындарында отырып қол жеткізуге болады. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуымен оқу материалының сапасын арттырады.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде студент үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену — бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан, ұстаз – қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, сабақ өткізген кезде сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, студенттің қызығушылығы арта түсері анық.

Студенттің қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі — оқытудың компьютерлік технологиясы. Оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану оқу процесін жаңа оқу — әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және студенттің шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

- Шығармашылық іс — әрекет
- Зейін
- Есте сақтауы
- Интеллектісі
- Ойлауы

Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.: — дәстүрлі (оқулық, көрнекілік құралдар, электронды оқулықтар). — компьютерлік (презентация, дисктер, мультимедиа құралдар).— Интернет — технология (интернет дербес ақпарат көзі ретінде, е — mail — ақпарат алмасу құралы ретінде, т. б.). Компьютерлік оқыту технологиясы – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол оқытушыны алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Дидактиканың негізгі принципі — білім беру кезінде көрнекіліктерді пайдалану, осы себепті компьютерлік технологияны пайдалану оқу барысында қойған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді... Қорытынды диагностика: тестілеу, жобаны қорғау. Оқытушы араласпай — ақ, студенттер өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық — анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың бір неше бағыттары бар,

- солардың ішінде негізгілері мыналар:
- компьютер –білім бағалау құралы;
- компьютерлік модельдеуді қолданатын электронды оқулықтар;
- мультимедиа — технология, жаңа материалды түсіндірудегі құрал;
- Дербес компьютер, білім жетілдіру құралы;

1.Компьютер — білім бағалау құралы; Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд — фильмдер) қолданылады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация жасауға болады. Компьютердің көмегімен студент өз бетінше, сондай — ақ өзге студенттермен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады. «Компьютер көрнекі – бейнелі ойлауды, қозғалыстық және ауызша қарым — қатынас машықтарын, мақсатты әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызады» 2.Электрондық оқулық — студентті осы оқулықпен таныстыру. Тәжірибелік тұрғыдан студенттің назарын туындаған проблемаларға аудару 3. Сабаққа деген шығармашылық қабілетінің деңгейін көрсететін, күнделікті сабақ барысында пайдалануға болатын құрал. Microsoft Power Point презентация арқылы әр тақырыпты қажетті көрнекілік құралдарымен безендіріп, тартымды әрі қызықты етіп көрсетуге болады. Осы уақытта студенттің есте сақтау мүмкіндіктері жүзеге асады. Презентация уақытты үнемдеуге және студент принтер арқылы қажетті ақпаратты шығарып алуға мүмкіндік береді. 4. Интернет желісімен жұмыс жасағанда:

- Жобалардың презентацияларын дайындау.
- Ғылыми журналдардың сайттарына кіру.
- Еркін әңгімелесу.
- Электрондық поштаны пайдалану мүмкіндігі.
- Өзін — өзі бағалау.

5. Интерактивті тақтаны пайдалану:

– Интерактивті тақта – басқаруға мүмкіндік беретін экран, көп функциональды, сабақ барысында қолданатын қажетті құралдардың бәрі кіреді, атап айтқанда;

– Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі – түсті, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.

– Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.

– Сабақта Aktiv Vote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.

– Aktiv Wand указкасының көмегімен тышқанның қызметін атқару және кішкентайларға да тақтаның жоғарғы бөлігіне қол жеткізу мүмкіндігі туады.

Бүгінгі шәкірт ертеңгі күнгі әр түрлі саланың маман иесі. Мұндай сабақтарда оқушылардың тапсырылған жұмыстарға іскерлігі қалыптасады. Болашақ өмірінде белгілі бір кәсіби мамандықты таңдап алуға септігін тигізеді. Оқытушы— ақпараттанушы емес, жеке

тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл оқытушыдан ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Компьютерді пайдалану пәндер бойынша терең танып білуіне ғана емес сондай — ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру — уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. Кез келген сабақтарда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану студенттің қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін одан әрі дамыту бағытындағы басты екі мәселе ретінде оның, біріншіден, мазмұны жағынан және екіншіден, құрылымдық жағынан жетілдірілулерін айтуға болады. Білім берудің бүгінгі таңдағы басты мақсаты – әрбір адамның практикалық қызметіне ауадай қажетті болатын басты (маңызды) құзіреттіліктерді қалыптастыру. Қазіргі заманғы оқытушылар өз қызметінің барысында шәкірттерінің белгілі бір тақырыптар бойынша еркін әңгімелесе алулары, өз ойларын тыңдаушы адамға дәл жеткізе алулары, ақпараттық технологияларды еркін меңгерулері, алдарына мақсат қоя алулары және білімдерін өз беттерінше жетілдіруге қабілетті болулары бағытында. Студенттер үшін асты құзіреттіліктер санатына меңгерген білімдері мен біліктіліктерін, дағдылары мен қызмет тәсілдерін нақты өмірде кездесіп отыратын нақты практикалық мәселелерді шешуде қолдануға дайындықтарын жатқызуға болады. Басты құзіреттіліктерді меңгерген адам қоғамға қажет болады және ол адам қоғамда өзін еркін ұстайтын болады.

Ақпараттық технологиялар қоғамның ажырамас бөлігіне айналды және оқыту процесіне мен жалпы білім беру жүйесіне әсер етеді. Бүгінгі таңда еліміздің оқу орындарының деңгейін әлемдік деңгейге көтерудің бірден-бір тиімді жолы білім беру саласын толықтай ақпараттандыру екендігі еш күмән туғызбайды. Ақпараттандыру дегеніміз жеке адамдардың және заңды тұлғалардың ақпараттарға қойып отырған талаптарын қанағаттандыру мақсатында ақпараттық мәселелерді шешу құзыреттілігін коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық қорларды және жүйелерді қалыптастыруға, сонымен қатар, дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды математика сабағында қолдану, біріншіден, студенттің танымдық ұмтылыстарын күшейтеді, екіншіден, олардың ойлау қабілеттерін, математикалық логикаларын дамытады, үшіншіден, студенттің ойлау қызметтерін ізденіс және зерттеушілік салаларға бағыттайды. , студенттің есте сақтау қабілеттерін әлемдік деңгейдегі зерттеулердің нәтижелері естіген материалдың 25 %-ы, көрген материалдың 33 %-ы, көрген және естіген материалдың 50 %-ы, ал оқу процесіне тікелей қатысқан жағдайда материалдың 75 %-ы оқушының есінде қалады деген мәліметтерді беріп отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдарын пән бойынша оқытуда қолдану баяндап отырған материалдың оқушыларға қолжетімді болуын, көрнекі болуын, осы құралдарды басқарып отырған оқытушының қызметін, компьютердің интерактивті қасиеттері арқылы оқушылардың бойында пайда болатын оқуға деген құлшыныстары мен белсенділіктеріне жағдай жасау үшін компьютердің мүмкіндіктерін пайдалануға негізделеді. Компьютерлік графика оқушыларға компьютер дисплейінің экранындағы әртүрлі нысандарға әртүрлі әрекеттерді қолдану арқылы, мысалы, олардың өлшемдерін, түстерін, қозғалыс жылдамдықтарын, орналасқан жерлерін және т.с.с. өзгертулер арқылы қарастырылып отырған оқу материалдарын «байқаусыз» меңгеруге мүмкіндік береді. Компьютерді оқытудың барлық сатысында қолдануға болады: жаңа материалды түсіндіргенде, материалды бекітуде, өтілген материалдарды қайталауда, білім деңгейін қадағалау мен тексеруде; және осылардың барлығында оқушы әртүрлі қызметтерді атқара алады: зерттеу нысанының қызметі, оқытушының қызметі, жұмыс құралының қызметі, ұжым мүшесінің қызметі. Математика сабағында компьютерді қолданудың пайдасы зор. Әрине, математика сабағындағы негізгі құралдар тақта мен бор екендігін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі заманда математика сабағында классикалық тәсілмен қатар компьютерлік технологияның жетістіктерін қолдану өз жемісін беретіндігі сөзсіз. Белсенді диалог арқылы,

ақпараттың әртүрлілігі мен әдемілігі (мәтін, сурет, дыбыс, түс, бейнематериал) арқылы, жетістікке бағыттау арқылы (қажетті көмекті бере отырып, кез келген мәселені шешуді аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік береді), электронды-есептегіш машинаның адаммен байланысын ойын бағытына аудару арқылы және машина мен студенттің бірқалыпты тыныш және достық қарым-қатынасы арқылы компьютер оқуға, білімге деген құлшыныстарын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007
3. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014
4. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМДІЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АЙДАРБЕК Г.Е.

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала - біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол - үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты - баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы - мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себебін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруінде болып табылады.

“Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық педагогикалық технологиялар” диагностикасын жүргізу материалдарына дайындау, қолданылатын технологиялар жұмысының ерекшеліктерін анықтау және әртүрлі жас топтарында туындайтын қиындықтарды, мәселелерді шешу жолдарын айқындау;

- мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасаудың заманауи интерактивті нысандары туралы біртұтас білім қалыптастыру;

- мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісінде интерактивті нысандарын (диалогтық технологиялар, ТРИЗ технологиялары, денсаулық сақтау технологиялары және т.б) қолдану дағдыларын дамыту;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарында мектеп жасына дейінгі балалармен интерактивті өзара әрекет ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қабілетін қалыптастыру;

- мектепке дейінгі білім берудің жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарында өзіндік білім алу қажеттілігін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңашыл орта құру үшін инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады:

- 1) оқып үйрену

- 2) меңгеру
- 3) тәжірбиеге енгізу
- 4) дамыту

Қазіргі таңдағы білім беру технологияларының қатарына мыналар кіреді:

- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (АКТ)
- Денсаулық сақтау технологиясы
- Ойын технологиясы
- Дамыта оқыту технологиясы
- ТРИЗ технологиясы

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар. Қазіргі таңда компьютерлік технологияны қолдану мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де өзекті болып саналады. Көптеген балабақшалар балаларды жаңашыл инновациялық әлемге бағыттайтын компьютерлік бөлмелермен жабдықталған. Мектепке дейінгі білім берудегі информатика ұйымдастырылған оқу қызметі қосымша “Менің досым - Компьютер” бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Компьютерлік технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникативтік қабілеттерді дамыту, “ақпараттық қоғам” тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады. Балабақша сабақтарында АКТ-ны пайдалану педагогқа бірден бірнеше педагогикалық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- фонематикалық есту қабілетін дамытады;
- лексикалық сөздік қорын дамытады;
- қарапайым сөйлеу дағдыларын дамытады;

3. Оқу үдерісін тақырып жағынан жобалау;
4. Баланың дұрыс дамуы;
5. Кертартпа іс -әрекеттер мен шектеулерді жоя отырып, дәстүрлі мектеп қорын дұрыс пайдалана білу
6. Оқу үдерісінде студент пен мұғалімнің бірлескен жұмысын дамыту;
7. Мұғалімнің өзін жайлы сезінуі және студенттің өзін жайлы сезінуі;
8. Оқыту технологиясын жобалауда мазмұны мен жүйелілігінің бірлігінің болуы;
9. Әрбір студенттің жалпы білім беру стандартының базалық деңгейін міндетті түрде меңгеруі;
10. Оқу технологиясын жобалауда міндетті нормалардың сақталуы педагогикалық технологияларда басты назар студенттің дамуына аударылады.

Зерттеу барысында студенттің бойында жұмысына қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай алады; алдына қойған міндетіне қарай жұмыстың мазмұнына өз бетінше талдау жасай алады;
- өз бетінше алдына қойған мақсатына жету және жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;
- мүмкіндіктері мен мүмкіндіктер шегін тексеруге және дамытуға жағдай жасайды;
- мәліметтерді жинап, жүйелеп және сыни ойлауға үйренеді;
- әдістерді талдау, салыстыру арқылы жұмысына тиімді әдісті таңдай алады;
- аудиторияның алдында сөйлеуге, ойын дәлелді және логикалық жүйелілікпен жеткізуге, аудиторияны өзіне қарата білуге дағдыланады;
- өзгелерді тыңдап, айтқандарын ой елегінен өткізуге дағдыланады;
- шешімі қиын сұрақтарды өз бетінше шеше біледі;
- өз көзқарасын дәлелдеп, шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге тырысады.

Жобалау технологиясы негізінде - студенттер жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр. Студенттердің жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жоғарғыда айтылғандай, оны жоспарлай білу қажет.

1. Дайындық кезеңі.

Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топтағы әрбір студенттің пікірін ескере отырып жұмысты жоспарлауға үйретеді. Әр студент өмірлік

тәжірибесіне (егер ол болса) , сүйене отырып, өз ойын ортаға салады, бірігіп жобаның мақсаты анықтайды.

2. Жоспарлау

Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету. Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау.

Студенттерді өз бетімен ақпарат жинауды бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі.

Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап , бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. "Қоғамдық " тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді.

3. Зерттеу жұмысы.

Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұқбат, анкета бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау.

Студент күнделігін бақылап, әрбір жетекшісімен топ мүшелерімен жеке - жеке сөйлесу , талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру.

Жеке және жұптық жұмыс , анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценари жазу, қоғамдық ұйымдар мен қарым қатынас қалыптастыру. Білімін әр пәндік салада кеңейтеді, түрлі қоғамдық жұмыстармен танысады, шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін бойында қалыптастырады.

4. Нәтижені талқылау.

Ақпаратты талдау , шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау.

Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке студенттердің еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтымаққа бір-біріне деген сыйластыққа шақырады, қажетті аудио- видео техниканы жабдықтайды.

Топ арасындағы әркімнің рөлін анықтап, алынған ақпараттың арасынан ең негізгіні белгілеп жазады. Проблемаларды сұрақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады.

5. Жұмыстың тұсау-кесері .

Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, студенттерді сөйлетуге мүмкіндік жасайды. Алынған нәтиже туралы есеп береді. Бір-бірін мұқият тыңдай отырып, сөйлеу мәнерін ескере отырып, бір-бірінің ойларын жалғастырып отырады.

6. Бағалау және жоспарлау.

Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдыңғы үлкен мақсаттарға жетелейді. Ұжымды талқылай отырып бір-біріне, өздеріне баға береді.

Осындай жобалау жұмыстарымен айналыстыру арқылы студенттің интеллектуалды эмоционалды контексті сөйлесуі іштей басқа әрекеттермен бірлікте жүреді. Басқа әрекеттер деп отырғанымыз, жоспарын жүзеге асыру үшін құжаттар, анкета, кесте бейнеролик т.б. дайындалады. Жобамен жұмыс істеу – шығармашылық процесс. Студенттер өздері үшін маңызды болып саналатын мәселені анықтау үшін өз беттерінше немесе оқытушының жетекшілігімен ізденуге кіріседі. Бұл студенттердің өз бетінше білімдерін, дағдыларын және біліктерін жаңа контексте пайдалануға көмектеседі. Бұлай іздену олардың қазақша кәсіби сөйлеуіне, табиғи және еркін түрде үйренуіне ықпал етеді. Әрине, мұндай жағдайда жобаға қатысушылардың өздерінің ынтымақын тілдік сауаттылығына емес, айтылатын ойдың мазмұнына аударған дұрыс. Жобалау кезінде студент өте белсенді болады, ол өзінің шығармашылықпен жұмыс істей алатынын көрсетеді. Жобамен жұмыс істеу барысында қазақша сөйлеу жағынан нашарлау және психологиялық жағынан белсенділігі төмендеу студенттің өзі де өзінің қиялдауына, белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуіне мүмкіндіктері өте мол.

Сонымен, жобалау жұмысы қазіргі оқытудың талабына сай жеке тұлғаға бағытталғанымен сипатталады. Кәсіби сөйлеуге үйрену процесінің негізгі сипаты тілді аутентті тілдік контексте табиғи түрде меңгеруге жақындайды. Жобалау жұмыстарын бір сабаққа немесе бір аптаға арналған шағын жобалау жұмыстары және бір-екі айға немесе бір семестрге арналған үлкен көлемді жобалау жұмыстары деп бөлуге болады. Бұлай бөлу студенттердің жоспарлаған жұмыстарына байланысты.

Егер студент жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса, ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдыққа, ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелейді. Жобалау технологиясының негізінде оқушының жұппен, топпен бірігіп шығармашылық жұмыстарды орындауы жатыр, ал бұл ерекшелік оқушының қоғаммен жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Жоғарыда қарастырылып отырған оқыту технологиялары бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енгізудің негізі болып саналады. Мұғалімдер мен оқушылардың жан – жақтылығын дамытуға, оқу сапасын арттыруға, есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларын қолдануға әсерін тигізеді. Үнемі ізденіс істінде жұмыс істейтін оқушының білім деңгейінің жоғарылауына, оқуға деген қызығушылығының артуына, шығармашылық қабілетінің дамуына, ғылым мен білімді толық дәрежеде меңгеруіне септігін тигізеді.

Қорыта келе айтарым, жаңа оқыту технологиялардың көмегімен оның ішінде жобалау әдісі студенттердің білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға, олардың дайын өнімді қабылдайтыны ғана емес, өз бетімен ізденіп, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – жоғарыда аталған технологиялардың негізі болып табылады. Сонымен қатар кәсіби сөйлеуге үйрену үшін және оны дамыта отырып, кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қоса жүргізілетін пайдалы әдістің бірі. Себебі, студент дайын материалды меңгеруге ғана дағдыланбайды, ол өз бетінше ізденіп, болашақ мамандығы рөліне ену арқылы әр түрлі қақтығыс ситуациялардан шыға білуге, сөйлеу үлгілерін дұрыс пайдалануға қалыптасады. Жобаны қорғау кезінде студент өз әрекетін ұйымдастырып бағалай алатын жеке тұлға ретінде ғана емес, өз бойындағы кемшіліктерді жеңуге де үйренеді. Сол сияқты, жобалау әдісі студенттердің бойында мынадай қасиеттерді қалыптастырады: іскерлік кәсіби жағдайда тез жол таба білу, ұжым мүшелерімен арадағы сыйластық, топпен жұмыс істей білу, жұмысқа шығармашылықпен қарау және т.б.

Нақты тақырып төңірегінде оқушының алдына әр кезеңде мақсат қоя біліп, сол мақсатқа қол жеткізудегі іс-әрекеті алдын-ала нақтылы жоспарлануы керек.

Жоғары да көрсетілген Конфуцийдің *«Естігенімді – ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өзім істегенімді меңгеремін»* дегенін осы технологияның негізгі ұстанымы ретінде алсақ та, қателеспейміз деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Буга П.И., Карпов А.В. Технология обучения в высшей школе // Альма-матер. 1991. - №3. - С. 34-17.
2. Сакамото Т. Систематизированное обучение на основе системного способа мышления. Систематизированное обучение. Япония, 1974. – С.122-14.
3. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі - Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005. – С.469-45
4. Килпатрик У.Х. «Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе» (1928) /Спец. прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. четвертый, 2003 – С.26-6.
5. Е.Г. Сатарова "Метод проектов в трудовой школе" (1926) - цит. по Педагогическая логия. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе " /Спец.прилож. к журналу "Лицейское и гимназическое образование" , вып. 4, 2003-с. 12.
6. Килпатрик У.Х "Метод проектов . Применение целевой установки в педагогическом процессе" (1928)-цит по Педагогическая логия. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе " /Спец.прилож. к журналу "Лицейское и гимназическое образование" , вып-4 , 2003-с

7. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования/ под. ред. Е.С. Полат - М.:2000
8. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение-что это?// Методист, №1, 2004-с. 42.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ КӘСІБИ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

МАКЕТОВА М.Р., АХАТОВА А.А.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Еңбек және білім саласында қатар жүретін ойын – бұл адамзаттың ең негізгі қызметінің түрі, біздің өміріміздің қызықты феномені.

Іскерлік ойынының тарихына тоқталсақ, бұрынғы КСРО-да 30-шы жылдары пайда болған. Олардың аттары мен нысандары қазіргілерге қарағанда шамалы өзгешелеу, ал бірақ-та концепцияларының негізі бір.

Іскерлік ойынның алғашқы авторы – ленинградтық жас экономист М. М. Бирштейн. Ол 1932 жылы баспа машиналарын шығаруымен айналысатын Ленинградтық зауытта, сонан 1936 жылы «Қызыл тігінші» атты Ленинградтық фабрикада, ойын эксперименттерінің сериясын ұйымдастырған және оларды «өндірістік сынақты ұйымдастыру» деп атады.

50-ші жылдары іскерлік ойындар АҚШ-қа да жетті. Ондағы іскерлік ойындар экономист студенттерін, немесе фирмалардың болашақ басшыларын оқытуда қолданылды. Біртіндеп имитациялық ойындар психологтар мен әлеуметтанушыларда қызығушылық таныта бастады. Жастарды әлеуметтік ортамен таныстыру ойын түрінде жүргізеле басталды.

Іскерлік ойын (Business Game, Management Game) – имитация, үлгілеу, ойын түрінде нақты экономикалық ситуацияларды жеңіл түрде жаңғырту. Іскерлік ойында әр қатысушы ойын тәртібін ескере отырып адамдардың өмірдегі іс-әрекетіне тиісті өз рөлін ойнайды. Іскерлік ойындар экономикалық тәртіптің мөлшерін анықтау, экономикалық шешімдерді қабылдау үрдістерін игеру, экономика мен бизнесті тәжірибелік оқыту құралы мен әдістемесі ретінде қолданылады.

Теориялық мәліметке сүйенсек, сабақты жүргізудегі ойындардың сан алуан түрлері болады. Мысалы, аз уақытта ойналып аяқталатын ойындар эксперименттік жаттығулар деп аталады. Олар әдетте, лекция оқу барысында немесе әр-түрлі зерттеулерді жүргізген кезде иллюстрация ретінде қолданылады.

Компьютерлік іскерлік ойындар - бұл компьютер көмегімен жүргізілетін ойындар. Бұл тиісті ереже тәртіппен шынайы, нақты ситуацияларға жақын, математикалық модель негізінде құрастырылған үрдісті сипаттайтын оқыту-тренингтік компьютерлік жүйе.

Іскерлік қарым-қатынастың толық ұйымдастырушылығын, сонымен қатар стратегияны таңдауды үлгілік ойындар, кәсіпкерлік ойындар деп аталады. Оқушылар іскерлік ойындарға қатысу барысында теориялық материалдарды нәтижелі игереді. Ойын арқылы оқушыларды оқытып қана қоймай, сонымен қатар ол білім алушылардың теориялық білімдерін бақылауға мүмкіндік береді. Іскерлік ойындар оқу жоспарына сәйкес практикалық сағатын есепке ала отырып, экономикалық пәндердің лекция курстарын құрастыру әдістемесіне және топтағы студенттер санына негізделіп жасалынады.

Оқыту үрдісі нәтижесінде, іскерлік ойындарды пайдалану мүмкіндігін - білім алушыларға теориялық материалдарды түсіндіргеннен кейін, сонымен қатар түсіндіргенге дейін де қолдануға болатындығы анықталды.

Іскерлік ойындарды дайындаудың жалпы әдістемесі төмендегідей:

- ✓ Ойынның сценарийін дайындау кезінде топтың барлық оқушыларының қатысуын қадағалау;
- ✓ Ойынның динамикалық сипаты. Оқушылардың теориялық білімді игерудегі қызығушылығын арттыру.
- ✓ Іскерлік ойындарды жүргізу барысында оқушылар активтік және пассивтік рөлдерді ойнай алады. Соңғы жағдайда кейбір оқушылар бақылау-есептік функцияларын орындап, ойынның нәтижесін шығару үшін ақпараттық база құрастыра отырып, байқаушы рөлін ойнайды.

- ✓ Оқытушының рөлі іскерлік ойындарды жүргізу барысында келесідей:
- ✓ Тақырып таңдау және ойынның мақсатын анықтау;
- ✓ Іскерлік ойынның сценарийін және «әрекеттегі» тұлғалар тізімін әзірлеу;
- ✓ Әр қатысушының «рөлін» сипаттау;
- ✓ Қажетті реквезиттерді дайындау: мысалы, секундомер немесе құмсағат, зерттеу картасы, серіктес туралы мәлімет беру т.б.;
- ✓ Ойынның сценарийімен таныстыру және топ арасында рөлдерді үлестіру;
- ✓ Іскерлік ойынды жүргізу барысында оның жүргізілу тәртібін қадағалау (темпін ұлғайту немесе баяулату, байқаушының қызметін байқау т.б.);
- ✓ Ойынның соңында қорытынды жасау, барлық оң және теріс сәттерін анықтау, әр қатысушының немесе бөлінген топ бойынша рейтингін айқындау.

Айта кететін жай, рөлдерді үлестіру барысында оқытушы әр қатысушының жас ерекшелігін ескеруі қажет, бірақ тәжірибеде көрсеткендей, ойынға қатысушылар әр кезеңде рөлдерін алмастырып отырса, ойын тиімді және қызықты өтеді. Іскерлік ойындарда рөлдерді жеребе тарту арқылы да үлестіруге болады. Бұл жағдайда оқытушының мақсаты, ойынға қатысушының бір рөлді бірнеше рет ойнамауын қадағалау.

Ойын үрдісінде нақты ситуацияларда жеткіліксіз болатын уақыт пен ауқымды кеңістікті еркін ұстануға болады.

«Өз бизнесінді баста және жетілдір» атты іскерлік ойын барысында оқушылар өз ой-өрістері мен дағдыларын қалыптастыратын келесі сұрақтарға жауап бере алады:

- ✓ Күрделі бизнесті жоспарлау және оны басқару
- ✓ Тәуекелді басқару
- ✓ Өнімнің сапасы және тиімді технологиялар
- ✓ Маркетинг және сатудың тиімді стратегиялары
- ✓ Баға белгілеу
- ✓ Сұраныс пен ұсыныс
- ✓ Бизнес жоспар және есеп беру
- ✓ Қаражат қозғалысының қаржылық шешімі және жоспарлануы
- ✓ Негізгі бизнес айналым /цикл/.

Жоғарыдағы аталмыш ойын жеке кәсіпкерлікті алға басуға бағытталған оқыту курстарының бір бөлігі болып саналады.

Қорытындылай келе ойын бір-бірінен ажырамас бірнеше элементтерден тұрады:



Кәсіби ойын жеті элементтен тұрады:

1. Оқу немесе оқыту
2. Өндірістік

3. Ғылыми-зерттеулік
4. Логикалық
5. Психологиялық
6. Әлеуметтік
7. Интегралдық

Іскерлік ойын арқылы көптеген салаларда келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік болады:

- Білім, мәдениет тағы да басқа салаларда мәліметтерді дайындау, сынау және ең тиімді басқару жүйесін таңдау;
- Басқарушы, басқа мамандарды аттестациялау және таңдау;
- Жақсы қарым-қатынас, тез тіл табысу, ынтымақтастыққа келу, қызметтес болу;
- Жаңаша ойлауға бет бұру;
- Әр түрлі саяси мәселелерді шешу.

Ойын технологиясы арқылы алған білімді нығайту мен оларды тәжірибеде пайдалануымен қатар, оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіншілік береді.

Қазіргі уақытта елімізде және ТМД елдерінде болып жатқан глобальдық реформаларға байланысты іскерлік ойындар нарықтық экономикаға, табиғаттық ресурстарды тиімді пайдалану, экономикалық проблемаларды, әлеуметтік психологиялық, құқықтық сұрақтарға жауап беретін тақырыптарға сәйкес өзгеріп отырады және ұдайы қолданыста болып отыр.

Білімдерді қалыптастыру мақсатында, қазіргі жаңаша оқу шартындағы білім беру жүйесінде ойын элементтерін пайдалана отырып оқытудың педогогикалық шартын айқындау, теориялық тұрғыдан негіздеу және оны педагогикалық эксперимент арқылы дәйектендіру мәселелері көтерілді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер мен жаңартулар енгізілуде. Әлемнің жаһандану мен ақпараттандырылуына байланысты арнайы мамандандырылған қызметкерлерді дайындау жоғарғы талаптарды қажет етеді.

Осыған байланысты білім беру жүйесінде орта білім беру саласындағы мамандар үшін ең негізгісі тәжірибиелік оқыту болып табылады.

Тәжірибеде көрсетіп отырғандай жобалық технологиялар, күрделі тапсырмалар мен ойын элементтері тәжірибиелік оқытудың мәселелерін тиімді шешуге негіз болады. Студенттердің келешектегі кәсіби шеберліктерін дамытуда іскерлік ойындар үлкен рөл атқарады.

Мамандықтарына жақын мәселелер туындаған жағдайда, олар қалыптасқан білімдерін іс жүзінде қолдануға, шешімдерді қабылдауға, ұжымда жұмыс атқаруға, шығармашылық тұрғыда ойлануға мүмкіндік туады. Ойын түрінде өткізілетін сабақ барысы, негізінен теориялық мәліметтерді қалыптастыруға, нәтижелі игеруге арналады, яғни сабақ тәжірибиелік сабақ түрінде өткізіледі. Іскерлік ойындар оқу жоспарына сәйкес тәжірибиелік сағаттарды есепке ала отырып, экономикалық пәндердің лекция курстарын құрастыру әдістемесіне және топтағы студенттер санына негізделіп жасалынады. Оқыту үрдісі нәтижесінде, іскерлік ойындарды пайдалану мүмкіндігін – білім алушыларға теориялық материалдарды түсіндіргеннен кейін, сонымен қатар түсіндіргенге дейін де қолдануға болады.

Тәжірибиелік сабақта ойын элементтерінің әр түрлі нұсқаларын қолдануға болады. Мысалы, аз уақытта ойналып аяқталатын ойындар эксперименттік жаттығулар деп аталады. Олар әдетте, лекция оқу барысында немесе әр-түрлі зерттеулерді жүргізген кезде иллюстрация ретінде қолданылады. Іскерлік қарым-қатынастың толық ұйымдастырушылығын сонымен қатар стратегияны таңдауды үлгілік ойындар, кәсіпкерлік ойындар деп атайды.

Тәжірибиелік сабақтар сан алуан болғанымен, оның жоспарын құрастыру барысында бірдей талаптар қойылады. Тәжірибиелік сабақ алдында өткен тақырыпты қорытындылаушы болып табылады, сол себептен талқыланатын сұрақтар алдында қарастырылған дәріс тақырыбымен байланысты болуы тиіс. Студенттерді ынталандыру үшін сабақ барысы қызықты өткізілгені дұрыс. Қызығушылықты тудыру үшін, шым шытырыққа толы, заманауи мәселелерді қамтитын тапсырмалар арқылы шағын топтар арасында жарыс өткізуге болады.

Мысалы, олар бір-біріне бәсекелес фирма қызметкерлері немесе өздері ұнатқан кейіпкерлер рөлін орындауларына болады. Айта кететін жай, рөлдерді үлестіру барысында оқытушы әр қатысушының жеке ерекшелігін ескеруі қажет, бірақ тәжірибеде көрсеткендей, ойынға қатысушылар әр кезеңде рөлдерін алмастырып отырса, студенттердің қызығушылығы арта түседі. Іскерлік ойындарда рөлдерді жеребе тарту арқылы да үлестіруге болады. Бұл жағдайда оқытушының мақсаты, ойынға қатысушының бір рөлді бірнеше рет ойнамауын қадағалау.

Шағын топтарға бөліну студенттерді ұжымда жұмыс атқаруға машықтандырады.

Тәжірибиелік сабақ барысында мамандықтарына жақын мәселелер қарастырылғаны дұрыс. Сонымен қатар, студенттердің әр сабаққа деген қызығушылығын тиімді арттыру үшін тәжірибиелік сабақтың түрлері мен формаларын алуан-түрлі деңгейде ұйымдастырған қолайлы.

Сабақтың ең негізгі қызықты сәті ол бағалау болып табылады. Іскерлік ойынды бастамас бұрын бағалау талаптарымен таныстыру керек. Әділеттілік сақталуы үшін әр кезеңдерге арналған талаптар таныстырылып, кезең соңында нәтижелері көрсетілуі тиіс. Әр студент жеке бағаланатындығын ескере отырып, екі түрдегі кесте толтыруға болады. Бірінші кесте жеке топ мүшелерін және топтың қорытынды бағаларын айқындау үшін керек болса, екіншісі жалпы қатысушы топтарды бағалауға арналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы , 27 шілде 2007 жыл № 319-III ҚРЗ
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы: Жоба //География және табиғат. – 2010. - N1. - С. С.3-16;
3. Білімнің деңгейін-халықаралық дәрежеге! //Орталық Қазақстан. - 2005. - 24 ақпан (ИЗ9-40);
4. Беркімбаева, Ш. К Бәсекелестік білім деңгейінің сапалылығында/ Беркімбаева, Ш.К //Қазақстан Zaman. - 2011. - С. 21 мамыр(N21);
5. Тайбогаров С. З. Методологические основы и реализация комплексно-интегративного подхода к управлению развитием учреждения профессионального образования: региональный аспект/ С. З. Тайбогаров. - Усть-Каменогорск: ВКГУ им. С. Аманжолова, 2006. - 351 с.
6. В. Я. Платов. Деловые игры: Разработка, организация, проведение: Учебник. – М.: Профиздат, 1991.
7. Максимовская М. В. Специфика тренинга в инновационной игре. - Сб. Активные методы обучения.

БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ МАКЕТОВА А.Р., МАКЕТОВА М.Р.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Бүгін әлемдік деңгейдегі білім беру - қазіргі білім берудегі басты бағыт. Яғни, оқытудағы білім алушыны жеке тұлға болып қалыптастыру, оқытудың заманауи әдістерін қолдану арқылы бәсекеге қабілетті тұлғаны жетілдіру, тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып табылады.

Елбасы өз сөзінде, "Бүгін Қазақстанның *әлеуметтік-экономикалық гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен инновациялық әдістерді дұрыс қолдануына тікелей байланысты*". Яки, ел болашағы үшін еліміздің әрбір азаматы мемлекеттің дамуына өз үлесін қосу керек. Міне, осындай мақсатта білім беру жүйесіне де айырықша мән беріліп отыр. Яғни, ХХІ ғасыр деңгейіне сай білім беру. Ол дегеніміз ұстаздар қауымынан инновациялық білім беру, өз тәжірибесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді және технологияларды қолдану болып табылады. Бұл заңды процесс, себебі елде болып жатқан

саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да өзгерістер білім жүйесін сол өзгерістер тұрғысында дамытуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті жолдауында "Бізге *оқыту әдістемелерін жаңғырту* және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады".

Бүгінгі білім мен тәрбие технологиясында «жеке тұлға» тәрбиелейтін мұғалімнің де өзіндік жеке тұлға ретінде шығармашылығының орны ерекше. Инновациялық технологияларды пайдалану бүгінде сапалы білім беру негізгі шарттың бірі. Ал осы басты міндеті атқаруда әрбір ұстаздың бойында мынадай проблема бірден қалыптасады: қатысушылардың танымдық қабілеттерін, оқу процесінде жүретін (есту, көру және т.б.) негізгі әрекеттерін дамыту бүгінде заман сұранысына сай қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің аздығы. Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет. Оны шешу үшін білім берудің мазмұнын жаңартып, озық әдіс-тәсілдерді өңдеп шығару қажет. Сол себептен, өткен жылдан бастап, республика бойынша заманауи талапқа сай қазақстандық педогог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсы бойынша көп деңгейлік курстар ұйымдастырылды. Бұл курстар Кембридж тәсілінің теориялық негіздеріне орай өтті. Бағдарлама мазмұнына сәйкес тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бағдарламаның мазмұның орындауда инновациялық технологиялардың ішінен «Білім беру барысындағы интерактивті әдісті» өз тәжірибемде қолдануды жөн деп санадым.

«Интербелсенді» деген термин соңғы кезде жиі қолданылып жүр. Бұл қатысушылардың белсенділігінің артуына ықпал ететін әдістер мен тәсілдердің жиынтығы деп қарай аламыз. Кеңірек айтсақ, сабақ барысында қатысушылардың өз арасындағы және оқытушы мен оқушылар арасындағы кез келген мәселенің шешу жолын және бұл шешімнің қаншалықты дәрежеде тиімді екенін талқылау түрінде жүргізілетін жоғары деңгейде өтілетін өзара әрекеттестікпен өтетін оқытуды интербелсенді деп атай аламыз. Мұндайда қойылған проблеманың жауабынан гөрі, оны шешу үдерісіндегі әрекеттің маңызды екенін түсіну керек. Интербелсенді әдістің мақсаты тек ақпарат беру ғана емес, қатысушылардың өздігінен жауап іздеу дағдыларын қалыптастыру. Интербелсенді әдіс өзара әрекеттестіктің алуан түрлері мен міндеттерін қамтиды. Бірақ, қандай әдістер мен тәсілдер қолданылса да, қатысушылардың өмір тәжірибесі мен бұрын меңгерген ұғымдары негізгі білім көзі болып табылады.

«Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интербелсенді әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, шәкірттердің “қалай” және “қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу жүйесінде болады. Демек, интеринтербелседі оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Осы жерде қатысушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. **Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты** – қатысушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал оқытушының міндеті – қатысушыны неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда оқытушының шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады. Өз сабақтарым интербелсенді әдісті сабақ барысында диалог тәсілі көмегімен және топқа бөлу жұмысына негізделген. Нәтижесі жинақталған білімін сырта пайдалана алады. Интерактивті әдістің ерекшелігі - оқушыға жаттанды білім беру емес, керсінше әр қатысушының танымдылық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни қойылған сұраққа бірнеше нұсқалы жауап беру, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін, сөздің қорын белсенді түрде дамыту болып табылады.

Жалпы интерактивті әдісті заманауи белсенді әдістердің бірі ретінде қарастыруға болады. Интерактивті әдістерге келесі түрлерін жатқызуға болады: пікір талас, эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», рөлдік, «іскерлік» ойындар, тренингтер, кейс-әдіс, жобалар әдісі, көрнекілік мәліметтермен топтық жұмыс, бейне фильмдерді талқылау және т.б. Негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру көзқарасы бойынша, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту кезінде интербелсенді әдістер ең маңыздысы болып табылады.

1. Жобалар әдісі. Қазіргі заманауи педагогикалық технологиялар арасында білім алушылар жобалық іс-әрекеттері негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруда білім алу-ең маңызды адекватты мақсат болып табылады. Жобалар әдісі жеке дамып келе жатқан дамушы технологиялар ретінде, әсіресе жеке іс-әрекеттердің нәтижелерін бағалау және жобалай алу, мәселелерді табу және шешу, өз бетінше ойлай білуге, шығармашылық бастамалары, білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту негізін жатқызуға болады. Жобалар әдісі білім алушылардың өз бетінше іс-әрекеттеріне, әсіресе белгілі уақыт аралығында жеке, жұптық, топтық орындайтын іс-әрекеттеріне үнемі бағытталған.

2. Кейс-әдіс. Кейс-әдіс (Case study) – экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық немесе басқа да күрделі жағдайлардың сипаттамаларында қолданылатын білім берудің техникасы. Білім алушылар кейспен жұмыс жасау кезінде болашақ мамандықтарына байланысты іздеу, әртүрлі білім салаларында қосымша ақпараттарды талдау жұмыстарын жүзеге асырады. Кейс әдісті басқа техникаларға қарағанда құрамына өзге күрделі емес таным әдістері кіретінін көрсетуге болады. Оған кіреді: моделдеу, жүйелік талдау, күрделі әдіс, ой тәжірибесі, сипаттау әдістері, классификациялары, пікір талас, ойын әдістері және т.б.

3. Зерттеу әдістері. Зерттеу әдісі кезінде білім алушылардан ең жоғарғы толық дербестікті талап етеді. Дегенмен, пәнді оқытудың алғашқы кезінде, оқытушының белсенді қатысуымен эвристикалық әдістерді топтағы әртүрлі дейгейдегі білім алушыларға қолданатынын ескеру қажет. Эвристикалық әдістерге білім алушылардың жаңа білімді өз бетінше іздеу мақсатында жүргізілетін әңгімелер, зертханалық жұмыс тапсырмалары жатады. Іс-әрекеттің бұл түрі ұжымдық талқылау жоспарынан кейінгі білім алушылардың өз бетімен оқытушының нұсқауынсыз тәжірибелік тапсырмаларды орындайтынын болжайды.

4. Пікір таластар. Оқу пікір таластары білім алушылардың тәртіп бойынша немесе өз пікірлерін, ойларын, оқу мәселесі бойынша жорамалдарын өзара алмастыратынын көрсетеді. Пікір таластар субъектілердің өзара әрекеттесу формасы ретінде мамандандырылған білім мекемелерінде оқытушылардың тәжірибелік қызметінде соңғы уақытта қолданысқа көп ие. Оқытушы үйренуші үйренуші Оқытушы үйренуші үйренуші үйренуші үйренуші.

5. Ойын әдістері. Ойын- әсіресе ересектер мен балаларға тән іс-әрекет түрі, сондықтан білім үрдісінде бұл іс-әрекет түрін пайдалану ертеректен белгілі, дегенмен жаратылыстану ғылымдарының негізін тануда еріксіз қызығушылығын арттыруы мүмкін, әсіресе іс-әрекеттің бұл түрін қолдану маңызды болып отыр. Ойынның іскерлік, еліктеушілік, рөлдік әртүрлі түрлерін пайдаланып, білім үрдісінде пәндік ағымында әртүрлілікті енгізуде оқу мәселесін шешуде берілген пәнді оқытуда жағымды мотивацияларын қалыптастырады. Ойын білім үрдісінде білім алушылардың белсенділігін жігерлендіреді және тіпті ең пассивтілерді тартады.

6. «Миға шабуыл» әдісі. Берілген әдіс, күрделі мәселелерді шешу бойынша ой туындауға бағытталған, күрделі тапсырмаларға пікір таластар ұйымдастыру барысында қойылған тапсырмаларды бірігіп шешу үрдісіне негізделген. Тапсырмада пәнаралық сұрақ немесе кәсіби маңызы бар тапсырма болуы мүмкін. «Миға шабуыл» әдісі білім алушылардың жоғарғы белсенді санының тартылып қатысуына мүмкін береді. Берілген әдісті сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға: жаңа білімді енгізу үшін, білімдерін аралық бақылауда сапалы меңгеруге, алған білімдерін шыңдауға мүмкіндік береді [5].

Қарастырылған интербелсенді әдістерде құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін жоғары кәсіби білім, алғашқы сондай-ақ, орта кәсіби білім беретін мекемелерде әртүрлі пәндерді оқыту барысында қолданылуы мүмкін. Интербелсенді әдістер қазіргі білім беру үрдісінде кең қолданысқа ие болып отыр. Бұл әдістерді жан-жақты меңгерген маман, сонымен қатар әртүрлі болашақ маман иелері және қазіргі білім алушылар үшін өте маңызды. Интербелсенді әдістерді меңгеру барысында негізгі құзіреттіліктерін шыңдап, дамытып


қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті еліміздің дамуына үлес қосатын маман болып шығуына мүмкіндік береді.

Қолданып жатқан әдістің нәтижесінде оқу процесінің барысында қатысушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Оқытушымен-қатысушы арасындағы қарым-қатынас (оқытушының сұрақтарына жауап бергенде);
2. Сабаққа қатысып отырған өзге адамдармен арадағы қарым-қатынас;
3. Басқа оқушылармен (жұптасқан жұмыс барысында) қарым-қатынас;
4. Шағын топтармен арадағы қарым-қатынас (3-5 оқушы арасында);
5. Үлкен топтармен арадағы (рөлдік ойындар, дебат, тақырыптық талқылаулар т.б.) қарым-қатынас;
6. Оқушылар және жұртшылық топтарымен (әлеуметтік сауалнама жүргізгенде) қарым-қатынас;
7. Техника түрлерімен (компьютер, кинофильм т.б.) жұмыс істей білу дағдылары.

Интербелсенді оқуда білім алушыларда қалыптасады



2. Интерактивті әдіс  пікір айту; жұмыс түрлерімен бірлесе оқу; өз қолымен жасау; жүзеге асады ойын арқылы

Мұндай әрекеттестік негізінде қатысушылар оқу дағдыларын меңгеруге мүмкіндік алады өз шешімдерінің дұрыстығына көз жеткізеді, тіпті болмағанда оның басқа жобалардан гөрі артықшылығын байқауға логикалық түрде түсінеді. Сонымен қатар оқушы өз пікірін тереңірек қарастыруға тырысады. Жүйесіз құрылған шешім бағыты жұмыс барысында, пікір алмасу кезінде байқалып қалады. Мұның өзі оқушының ізденуіне негіз салады. қатысушылар мәселені шешу кезінде пікірлескендіктер, бір-бірінен үйреніп, бірінің тәжірибесін бірі қабылдайды. Жаңа бағыт, жаңа ұғым алады.

Жұптасып және шағын топтарда жұмыс істеу барысында әрекеттесу арқылы оқушы қысылмай өз ойын айтуға қысылатын оқушылар осы шағын топта не жұптасу кезінде ойын айтып, ашылып сөйлеп үйренеді де, біртіндеп белсенділік көрсетуге дейін көтеріледі. Осы арқылы оқушының ақыл ой белсенділігінің дәрежесі де көтеріледі.

Жаңа технологияны қолданудың нәтижесінде қол жететін іскерлік, білімділік және практикалық дағдыларға мыналар жатады:

- фактілерді еске сақтау;
- жаңа материалды саналы ұғыну;
- алған білімдерін жаңа жағдаяттар барысында қолдана алу;
- жеке ойларды біріктіру, яғни жинақтау;
- бағалау (бір заттың сапасына пікір білдіру).

Интербелсенді әдісті қолдануға мұғалім бірден көше алмайды. Оны қолдану кезеңінен бұрын біраз дайындық жұмыстары жүргізіліп, сынып қатысушылардың белсенділігін күшейтіп алу керек. Ол үшін сабақтар барысында түрлі жаттығулар кешендері ұйымдастырылады. қатысушыларға берілетін тапсырманы таңдау, берілген тапсырмалардың сынып оқушыларының мүмкіндігіне сәйкестігін анықтау, тапсырманың қалай орындалатындығын және оған беретін қатысушылардың жауабын алдын ала жоспарлау,

қатысушыға қиын соғатын ұғымдарды алдын ала түсіндіру, қатысушыларға нұсқау беру (жұмыстың мақсатын, қалай орындау әдісін), топтың құрамын анықтау (кімнің кіммен отыратынын, үлгерімі әр түрлі қатысушыларды араластырып отырғызу). Осы дайындықтардан кейін жұмыстың барысы мен нәтижесін қадағалауға мүмкіндік туады.

Жұмыстың барысын қадағалау кезінде мұғалім әр топтың жұмыс істеуінде қатысушылардың түгел қатысуын байқауға тиіс, себебі, бір немесе екі оқушы ғана сөйлеп қалғандары оның пікірін тыңдаушы есебінде қалса, қолданған әдісті интербелсенді мақсатқа жету деу қиын. Шағын топтарда қатысушылардың пікір алмасуы, бір-бірін тыңдауы, жолдастарының пікірімен санаса білуінің маңызы зор. Сондықтан да оқу үдерісінің үстінде мұғалім үнемі топтардың арасында болуға, олардың пікірталастарын тыңдауға тырысуға тиіс. Әр қатысушының өз көзқарасын айтуына жағдай жасалғанда ғана олар жасқанбай өз тұжырымдарын айта алады. Кейбір қатысушылардың үстемдік жасауына жол бермеуге тырысу. Сонда ғана олар бір-біріне көмектесе алады. Кейбір қатысушылардың үстемдік жасауына жол бермеуге тырысу. Сонда ғана олар бір-біріне көмектесе алады және ортақ қорытындыға келеді. Қорытынды кезінде әсіресе, тұйық балаларды сөйлетуге көңіл бөлгені дұрыс, олардың пікірлерін қолдап, отыру керек.

Интербелсенді әдісті қолдану оңай емес. Себебі, бұл мұғалімнің өте мұқият дайындығын керек етеді. Өйткені орындауға ұсынатын тапсырманың шарттарын алдын ала анықтау; қиындыққа соғатын жерде көмекке келу әдісін анықтау; қатысушылардың пікір алмасуына жағдай туғызу жолдарын айқындау т.б. мұғалім алдын ала дайындайды.

Ұлы ғалым Д.И.Менделеев: «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана қатысушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген.

Қорытындылай келе интербелсенді әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде қатысушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі. Біз әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Болашақ ұрпақты бәсекеге қабілеті жеке тұлға қалыптастыру - қазіргі заман талабы.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті–Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2013 жыл.
2. Қазақ тілі. 7-сынып. Т.Артықова, Г.Ермекбаева. «Атамұра» 2012 ж.
3. "Кәсіби қазақ тілін оқыту" атты Халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел материалдары.
4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
5. "Жаңа идеядан жаңа тәжірибеге" атты әдістемелік жинақ. Кембридж бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курс материалдарынан. 2013.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАПСЫРМАЛАР- ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ ӘЗМАХАН Д. Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің магистранты

2018 жыл 10- қаңтар Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртуда алға қойылған бағыттар бойынша жетінші міндетте «Адами капитал-жаңғыру негізінде» табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін атап өтті. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді делінген.

Оқытушының міндеті білімді көбейту ғана емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету және оқушының жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық

қажеттіліктерін қалыптастыру. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жоғарлатуды көздейді.

Оқушылар мен студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру өмір-тұрмыс жағдайының ықпалында, ғылыми білімді игеру үрдісінде және тәрбие жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асады. Осыдан оқушылардың қоршаған ортасы, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары туралы ғылыми көзқарасы қалыптасады.

Жаратылыстану циклы пәндерін эксперименттік тәжірибелерді пайдалана отырып оқыту негізінде білім алушылар табиғат құбылыстарының өзара байланыстарын, олардың пайда болу мен даму себептерін, табиғатта болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерді бірте-бірте ұғына бастайды, табиғат заңдарын меңгеру арқылы өсімдіктер мен жануарлар ағзаларын дамытуды басқаруға мүмкіндік туатынын және оның заңдылықтарына сүйене отырып, табиғатқа адамның өктемдігі жүретінін түсіне алады.

Эксперимент- ғылыми тәжірибе. Эксперименттік әдісті барлық дерлік ғылым салаларында, сонымен бірге психология жөнінде ғылыми-зерттеу жүргізуде де кеңінен қолданылады. Эксперименттік тапсырмалардың артықшылығы, бізге керекті үрдіс пен құбылыс қашан көрінеді деп күтіп отырудың қажеті жоқ. Эксперименттік тапсырмаларды жасағанда биологиялық өзгерістер мен дәлелдемелерді неғұрлым дәлме-дәл көрсететін олардың уақытын, өту шапшаңдығын т.б. өлшейтін арнаулы аспаптар, аппараттар қолданылады. Эксперименттің екі түрі бар: лабораториялық және табиғи. Лабораториялық экспериментті алғашқы рет В. Вундт, Лейпциг қаласында 1879 жылы жүргізді. Лабораториялық эксперимент, мысалы, балалар зейінінің қасиеттерін, сезгіштік қасиеттерін, ақыл-ойының даму деңгейін, белгілі мамандыққа икемділігін анықтайтын құрал-жабдықтарды қолдана отырып, арнайы жабдықталған орындарда өткізіледі. Табиғи эксперимент бойынша далалық зерттеулер қоршаған ортаның өмір тіршілігіндегі үйреншікті жағдайына сәйкес жүргізіледі.

Биология курсы жүйелі оқып-үйрену барысында оқушылар мен студенттерде айналадағы әлемнің материалдығын және оны танып-білуге болатындығы жөнінде, наным-сенім қалыптастыруда биологиялық эксперименттік тапсырмалардың ерекше маңызы бар.

Осыған байланысты білім алушыны дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мақсаты мынадай мынадай бағыттарда болуы тиіс:

- Білім алушылардың өзгермелі қоғамда қорықпай, еркін өмір сүруге бағыттау;
- Білімі мен білігіне сай келетін бағдар тандап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, дамыту;
- Аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік терең өзгерістер білім беруді дамытудың жаңа жолдары мен әдістемені өзгерту мен жетілдіруді талап етеді. Білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуі барысында белсенді түрде «ақиқатты ашу» басталады. Сарамандық, зертханалық жұмыстар білім алушыларды өмірдің материалдық негізі мен оның пайда болу формаларының күрделілігіне иландырады.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, сабақтың көрнекілігі түрлі қызықты тапсырмалармен толықтырылып, жаңарып, білім алушылардың қызығушылығын, ізденімпаздығын арттырса, оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Сондықтан, суретті, кестелі, тестілік, белсенді ақпараттық, визуалды, тәжірибелік жұмыстар білім алушылардың өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік туғызатын эксперименттік тапсырмаларды оқыту үрдісінде кең пайдалану-оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Атап айтқанда:

-білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, тақырыпты тереңірек меңгереді;

-материалды терең де тиянақты түсініп, фактілерді өз бетімен талдап, тиісті қорытынды жасай білуге қалыптасады;

-білім алушылардың өз беттерінше білім алу ебдейліктерінің пайда болуын, оны іс жүзінде қолдану дағдысын қалыптастырады.

Оқытудағы заттық немесе табиғи көрнекілік биологиялық заттар мен құбылыстардың сезімдік, нақтылы білімдік жақтарын қамтамасыз етеді. Оқыту мақсатында пайдаланылатын

табиғи заттар мен объектілер тек көру арқылы ғана емес, есту, иіс сезу және т.б. анализаторлар арқылы танылады.

Заттық көрнекілік сабақта оқытушының оқу материалдарын табиғи объектілер мен тәжірибелерді көрсете отырып, баяндау немесе әңгіме әдісімен түсіндіруі кезінде де, сол сияқты білім алушылардың өзіндік жұмыс істеуі-таратпа материалдармен, микроскоппен жұмыс, тәжірибе қойып, класта немесе аудиторияда, тірі табиғат мүйісінде өсімдік тіршілігін бақылау, оқу-тәжірибе алаңында өсімдіктерді өсіру жұмысы кезінде де жүзеге асырылады.

Биологияны оқыту кезіндегі бақылау әдісі білім алушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау тәрізді тәсілдерінің дамуына себепші болады. Сонымен бірге білім алушылар практикалық іскерлік пен дағдыларды (өлшеу, сурет салу, жазбалар, фотоға түсіру, гербарий жасау, т.б.) меңгереді. Бақылауды сыныптағы немесе аудиториядағы кәдімгі сабақтарда да, табиғатқа жасалатын саяхаттарда да, ауылшаруашылық өндірісінде де, тірі табиғат мүйісінде де және үй жағдайында да өткізуге болады. Өткізілетін заттар мен құбылыстардың күрделілігіне, алатын орнына және сипатына байланысты өздігінен орындалатын эксперименттік тапсырмалардың бағдарламасы мен жоспарлары, әдістері алдын-ала дайындалады.

Бақылау жиынтығы бойынша материалдардың (өсіп тұрған өсімдіктер, гербарийлер, кескіндер мен суреттер, фотосуреттер, т.б.) барлығын оқытушы тексеріп, бағалайды.

Білім алушылардың өздігінен орындаған эксперименттік тапсырмалар олардың биологиялық ұғымдарының қалыптасуы мен дамуына, танымдық және іс-әрекетке жұмылдыруда зор роль атқаратын биологияны оқытудағы ең күрделі, көп еңбектенуді қажет ететін маңызды әдістердің бірі.

Егер білім алушылар бақылау арқылы ең алдымен анықталатын заттың формасы мен құбылыстарын сипаттауға мүмкіндік алса, тәжірибе қойып, оны өткізген кезде байқалатын процестердің негізгі мәнін қарапайым түсіндіре білуге мүмкіндік алады.

Білім алушылардың өздігінен жұмыс істеу әдісі ретіндегі эксперименттің бақ немесе саябақтарда, оқу-тәжірибе алаңдарында орындаудың мәні зор.

Сонымен қорыта айтқанда, биологиядан білім алушылардың өз бетінше жұмыс жүргізуі жаңа материалды меңгеруге мүмкіндік жасайды, оқылған материалдарды меңгеруге бағыттайды және білгенін тексеру мақсатын көздейді.

Эксперименттік тапсырмаларды биологияны оқытуда жүйелі түрде орындап отыру-білім алушыларды байқампаздыққа, оқылған материалды талдай білуге, салыстыру жасауға, негізгіні аша білуге, жинақтап қорытынды жасауға дағдыландырып, білімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy_a2518877 сілтемесі
2. А.М.Розенштейн «Самостоятельные работы учащихся по ботанике», Алматы, «Рауан», 1990
3. В.А.Тетюрев «Методика эксперимента по физиологии растений», Изд.3, Учпедгиз, 1955
4. М. Барбер, М. Муршед. Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах – 2008.

МАТЕМАТИКА – ЭТО ИНТЕРЕСНО

КУШНЕР Е. Ю.

КГУ «СОШ №85»

E-mail: kushner72@inbox.ru

Предмет математики столь серьезен,
что не следует упускать ни одной
возможности сделать его более
занимательным.

В математике главное – научить мыслить, логически рассуждать, находить скрытые для непосредственного восприятия математические взаимосвязи и взаимозависимости и т.д. Именно поэтому, по мнению авторов программы, начинать надо не со счета, а с понимания математических отношений: больше, меньше, поровну. Это так называемый дочисловой период обучения, когда младший школьник, не знакомый еще с числами, постигает уже количественные отношения, сравнивая предметы по величине (длина, ширина, высота), сопоставляя две группы предметов сначала непосредственно, а потом опосредованно, с помощью наглядных моделей, позволяющих дать ребенку не только конкретные, но и обобщенные знания.

Поскольку мышление младших школьников является наглядно-действенным и наглядно-образным, то при формировании готовности к урокам математики основной упор делается на наблюдение, эксперимент и собственную продуктивность детей на уроках математики. Большое значение для формирования готовности к обучению математики имеет воспитание культуры мышления, т.е. формирования умения пользоваться уникальной способностью человеческого мозга самопроизвольно увеличивать объем содержащейся в нем информации, приобретать новые знания путем логических рассуждений.

Как показали исследования психологов, у младших школьников преобладает непроизвольное внимание, оно неустойчиво, и однообразная работа даже в течение непродолжительного времени приводит к утомляемости детей. Эта особенность определяет необходимость частой смены видов деятельности ребенка и включения игры в учебный процесс.

Таким образом, переход на обучение детей с шести лет вынуждает учителя пересмотреть методы работы, применяемые ранее, искать новые формы обучения и воспитания личности ученика.

Для учащихся каждый урок должен быть интересным открытием, увлекательным путешествием, должен нести неиссякаемую радость познания. Чтобы активизировать учащихся на протяжении всего урока, применяются разнообразные формы и методы обучения, вводятся элементы новизны, но новый вид работы всегда вытекает из предыдущего, являясь его продолжением, поднятием на следующую ступеньку. Игра, элементы занимательности и неожиданности в сочетании с другими приемами способствует формированию прочных знаний и умений, направленных на развитие детей начального звена обучения в процессе формирования готовности к обучению в школе, снимают напряжение, делают уроки интересными и эмоциональными.

Дополнительный материал играет немаловажную роль при формировании готовности к обучению математики в школе. Он расширяет кругозор, углубляет знания по изученной теме. Дополнительный материал, представленный в виде сказок, стихотворений, физминуток облегчает его восприятие.

Например, при изучении тем «Точка, луч, отрезок, прямая»

Жил в лесу зайчонок с мамой-зайчихой. Каждое утро зайчонок делал зарядку. Летом он любил прыгать по травке, зимой по снежку. После его прыжков на снегу оставались такие следы

На что они похожи? Конечно это точки. Где мы встречаемся с точками?

На небе сияло яркое солнышко. Ему очень нравилось смотреть на озорного и веселого зайчонка. И оно посылало ему свои лучики, которые попадали то на крышу домика, то на цветы, то на зайчонка. Лучики имели такой вид:



Что о них можно сказать? Верно, у луча есть начало, которое отмечается точкой, но нет конца. Луч нельзя измерить.

Очень любил зайчонок играть в прыгалки, но не было у него хорошей скакалки. Однажды мама-зайчиха нашла в лесу большой кусок веревки и принесла домой. Оставив кусок нужной длины, лишнее мама отрезала, и получилась такая скакалка:

—
Как можно назвать такую «скакалку»?

Да это отрезок, слово образовалось от слова отрезать. У отрезка есть начало и конец. Его можно измерить.



Однажды зайчишка не на шутку расшалился и нечаянно разбил мамину любимую вазу. За это мама поставила его в угол.

Но зайчик попросил у мамы прощения и сказал, что больше так не будет шалить. Мама была доброй и его простила.

При изучении темы «Угол» детям были рассказаны сказки, раскрывающие данные понятия, в которых «оживали» данные понятия.


Самый прилежный – прямой угол. Он сидит на уроках ровненько, не качается. (Дети показывают руками).



Тупой угол ничего не хочет знать, поэтому и оправдывает свое настроение. Он постоянно откидывает спину назад и приговаривает: «Ничего не хочу» (Дети показывают руками).



Острый угол – хулиган. Он всем грозит и любит пугать: «Заколю, заколю. Я – острый угол. Он низко наклоняется и поэтому у него некрасивая осанка. (Дети показывают руками).



Самый добрый и щедрый угол – развернутый угол. Он всех приветствует и говорит: «Милости прошу. Добро пожаловать. (Дети показывают руками).




Важное место в обучении дошкольников занимает игровой метод. Создание игровых ситуаций позволяет привлечь произвольное внимание детей. В процессе интересных игровых действий (прятанья, поиска, подражания и пр.) формирование у ребенка знаний и умений осуществляется эффективнее, чем при прямом обучении. Организация деятельности в таких условиях в наибольшей степени соответствует возможностям и особенностям дошкольников. В условиях игры учителю легче активизировать внимание детей, удерживать его на предлагаемом содержании, формировать интерес к занятиям, работе в условиях коллектива.

При обучении началам математики широко используются дидактические игры, такие как «Справа на лево», «Путаница», «В какой руке сколько», «Молчанка», «Кто в домике живет» и многие другие. С их помощью формируются, уточняются и закрепляются представления детей о последовательных числах, об отношениях между ними, о составе каждого из чисел, знание цифр, представление о геометрических фигурах, временные и пространственные представления. Игры способствуют развитию памяти, наблюдательности, внимания, памяти, мышления, речи.

Игры математического содержания помогают воспитывать у детей познавательный интерес, способность к исследовательскому и творческому поиску, желание и умение учиться.

Любая математическая задача на смекалку, для какого возраста она ни предназначалась, несет в себе определенную умственную нагрузку, которая чаще всего замаскирована занимательным сюжетом, внешними данными, условием задачи и т. д.

Дети очень активны в восприятии головоломок, таких как:



и логических упражнений. Например:

Два числа 1 и 3, быстро их сложите и ответ скажите.

На дереве сидят 4 птицы: 2 воробья, остальные вороны. Сколько ворон?

Купил на 1 копейку, заплатил 2 копейки. Сколько дадут сдачи?

На столе лежало 4 яблока. Одно из них разделили пополам и положили на стол. Сколько яблок на столе?

Как можно одним мешком пшеницы наполнить 2 пустых мешка, таких же, как и мешок, в котором находится пшеница? (Надо один из пустых мешков вложить в другой, а затем насыпать в него смолотую пшеницу).

У бабушки Даши внучка Маша, кот Пушек, собака Дружок. Сколько у бабушки внуков?

Оқыту үрдісінде жаңалықтар пайда болуда, оларды зерделеп, талдап, нәтижелі болса іс – тәжірибеде қолданады. Білім беруде инновациялық бағыт пайда болып, оқу – тәрбие үрдісінде енуде. Инновация өздігінен пайда болмайды және ұжымның шығармашылықпен зерттеулері мен ізденістерінің озық педагогикалық тәжірибелерінің нәтижелері. Инновация ағылшын тілінде жаңаны енгізу, жаңаша бастау деген мағынаны білдіреді. Сөздің ауқымды мағынасында ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибеге негізделген техника мен технологияларды және еңбекті ұжымдастыру мен басқару салаларындағы жаңалықтарды өмірге енгізу болып есептеледі. Ал, информатика пәнін оқытуда үнемі оқу материалдарын – теориялық және іс – тәжірибелік материалдарын аудио, видео үрдісте түсіндіруді, игеруге қатысты, нәтижелі дәрежеге жетуге қажетті жаңа оқыту әдістерін ойлап табуды, көрсетудегі жаңа элементті, жаңа қосымша мәліметтерді, заман талабына сай интерактивті тақтаны тиімді пайдалану және интернет желісіндегі білім сайттарын пайдаланып, L-earning бағдарламаларын пайдалануды, жаңа түрлендірулерді қысыңқы пайдалану, сабақ бекіту, қорытындылау барысында KAHOOT, PLICERS онлайн тестілеуші бағдарламаларында тест жасап, осының бәрін біртекті құрылғы интерактивті тақтада оңтайлы, түсінікті, көрнекі түрде пайдалана білуді қажет етеді. Инновациялық қызмет сөзіне «елдегі жинақталған білімді, технологияларды, құрал — жабдықтарды түрлі келісім – шарттық жолдармен табыстар табу бағытына шоғырландыру» деп білсек, информатика пәнінде инновациялық қызмет дегеніміз елдегі жинақталған білім, оқыту әдістемелері, тәсілдері, оқыту технологиялары, оқытудың түрлі техникалық құралдарын оңтайлы, ұтымды, мақсатты ойластыра, орынды, мерзімінде пайдалану, оқу процесін тиімді қайталау, пысықтау, басқаруды жетілдіру болып есептеледі. Инновациялық жүйе ұстаздардың білімі мен біліктілігін, тәжірибесі мен әдістемесін, оқу орнының материалдық – техникалық базасын,

болашақ мамандардың білімдерін, талаптарын, жалынды бастамаларын, асқақ армандарын жетілдіріп пайдалану, әріптестердің ынтымақтастығы, ата-аналардың қолдау-қуаттарын және басқа да көптеген мәселелерді қамтитын тұтасқан бір дүние. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабактары мен видеолекцияларын интернетте орналастыру керек. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады» делінген ой үлкен мәнді және жауапкершілікті нақтылайды [2].

Бұл интернет және басқа да инновациялық бағдарламаларды қолдану арқылы сабақтарды қызықты өткізіп, интернетке салу арқылы бір-бірімен әдіс-тәсілдер алмасу дегенді білдіреді.

Елбасымыз айтқандай «Жалындаған жастар – еліміздің ертеңі». Сол себепті, ел ертеңін еңсеген, болашақ маман даярлауда өзіндік ізі өшпес оқытушылар қауымы әрқашанда жаңа заман талабына сай, заманауи ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы шеберлігі жоғары мамандар тәрбиелеуге талмай еңбек етуден жалықпайық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. “Жастар жылы” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2019 [1]
2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 [2]
3. Демеуова Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. "Қазақстан мектебі" №12 Алматы, 2003-3 бет.
4. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп - ел еңсесі. "Қазақстан мектебі", №12, 2003-13 бет.
5. Қоянбаева Сәуле. Танымдық қызығуды белсендіру. "Қазақстан мектебі" №6, 2003

РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ ИГРОВУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Л. Н. ЧЕРНЫШЕВА, С.Р. РАССКАЗОВА

КГКП ясли сад «Айгерім»

Dashka_12_22@bk.ru

Дошкольный возраст является уникальным и решающим периодом развития ребёнка, когда возникают основы личности, складывается воля и произвольное поведение, активно развивается воображение, творчество, общая инициативность. Однако все эти важнейшие качества формируются не на учебных занятиях, а в ведущей и главной деятельности дошкольника - в игре.

Самое существенное изменение, которое отмечают не только психологи, но и большинство опытных дошкольных педагогов, заключается в том, что дети в детских садах стали меньше и хуже играть, особенно сократились (и по количеству и по продолжительности) сюжетно-ролевые игры.

Дошкольники практически не знают традиционных детских игр и не умеют играть. В качестве главной причины обычно называют недостаток времени на игру. Действительно, в большинстве детских садов режим дня перегружен различными занятиями и на свободную игру остаётся менее часа.

Однако и этот час дети, по наблюдениям педагогов, не могут содержательно и спокойно играть - они возятся, дерутся, толкаются - поэтому воспитатели стремятся заполнить свободное время детей спокойными занятиями или прибегать к дисциплинарным воздействиям. При этом они констатируют, что дошкольники не умеют и не хотят играть.

Преимущество игры перед любой другой детской деятельностью заключается в том, что в ней ребёнок сам, добровольно подчиняется определённым правилам, причём именно выполнение правил доставляет максимальное удовольствие. Это делает поведение ребёнка осмысленным и осознанным, превращает его из полевого в волевое. Поэтому игра - это

практически единственная область, где дошкольник может проявить свою инициативу и творческую активность.

И в то же время, именно в игре дети учатся контролировать и оценивать себя, понимать, что они делают, и хотеть действовать правильно. Отношение современных дошкольников к игре (а значит и сама игровая деятельность) существенно изменились. Несмотря на сохранение и популярность некоторых игровых сюжетов (прятки, салочки, дочка-матери), дети в большинстве случаев не знают правил игры и не считают обязательным их выполнение. Они перестают соотносить своё поведение и свои желания с образом идеального взрослого или образом правильного поведения.

А ведь именно это самостоятельное регулирование своих действий превращает ребёнка в сознательного субъекта своей жизни, делает его поведение осознанным и произвольным.

А ведь произвольность - это не только действия по правилам, это осознанность, независимость, ответственность, самоконтроль, внутренняя свобода. Лишившись игры, дети не приобретают всего этого. В результате их поведение остаётся ситуативным, произвольным, зависимым от окружающих взрослых.

Наблюдения показывают, что современные дошкольники не умеют сами организовать свою деятельность, наполнить её смыслом: они слоняются, толкаются, перебирают игрушки и пр. У большинства из них не развито воображение, отсутствует творческая инициатива и самостоятельность мышления. А поскольку дошкольный возраст является оптимальным периодом для формирования этих важнейших качеств, трудно питать иллюзии, что все эти способности возникнут сами собой потом, в более зрелом возрасте. Между тем и родителей, как правило, мало волнуют эти проблемы.

Главным показателем эффективности работы детского сада и благополучия ребёнка считается степень готовности к школе, которая выражается в умении считать, читать, писать и выполнять инструкции взрослого. Такая «готовность» не только не способствует, но и препятствует нормальному школьному обучению: пресытившись принудительными учебными занятиями в детском саду, дети часто не хотят в школу, или теряют интерес к учёбе уже в младших классах.

Преимущества раннего обучения сказываются только в первые 2-3 месяца школьной жизни - таких «готовых» детей уже не надо учить читать и считать. Но как только нужно проявить самостоятельность, любознательность, способность решать и думать - эти дети пасуют и ждут указаний взрослого. Надо ли говорить, что такая пассивность, отсутствие интересов и самостоятельности, внутренняя пустота будет иметь весьма печальные результаты не только в школе

Игра - один из тех видов детской деятельности, которые используются взрослыми в целях воспитания дошкольников, обучения их различным действиям с предметами, способами и средствами общения.

Теоретические представления о сущности детской игры, развитые в отечественной психологии, в основном сводятся к следующему:

-игра занимает свое место в ряду других воспроизводящих деятельности, являясь ведущей в дошкольном возрасте. Именно в процессе игры как ведущей деятельности возникают основные психические новообразования данного возраста;

-игра является особой, социальной по происхождению, содержанию и структуре деятельностью;

-развитие игры происходит не спонтанно, а зависит от условий воспитания ребенка, т.е. социальных явлений.

Общественность в жизни ребенка - это тот коллектив детей, в котором он живет и развивается. Основной вид его деятельности - это игра.

Значительный опыт накапливается ребенком в игре. Из своего игрового опыта ребенок черпает представления, которые он связывает со словом. Игра и труд являются сильнейшими стимулами для проявления детской самостоятельности в области языка; они должны быть в первую очередь использованы в интересах развития речи детей.

Среди многих важных задач воспитания и обучения детей дошкольного возраста в детском саду, развитие речи - одна из главных. Это общая задача состоит из ряда

специальных, частных задач: воспитания звуковой культуры речи; обогащения, закрепления и активации словаря; совершенствование грамматической правильности речи; формирования разговорной (*диалогической*) речи; развития связной речи; воспитания интереса к художественному слову; подготовки к обучению грамоте.

Важными условиями для выполнения этой задачи и для улучшения качества воспитательной – образовательной работы в детском саду является совершенствование процесса обучения. Хорошо известно, что развитие речи, реализуемое только в форме фронтальных занятий, не даст желаемого результата. Работу по речевому развитию необходимо активно проводить в повседневной жизни детей в детском саду и семье.

Игра в дошкольном возрасте – ведущая деятельность детей. Она пронизывает всю их жизнь, является источником обширной информации, методом обучения и воспитания ребят. Существует прямая связь между эмоциональным состоянием ребенка и интенсивностью протекания его психических процессов: мышления, речи, внимания, памяти.

Игры, в которые обычно играют дети дошкольного возраста можно разделить на три основные группы:

Первая группа – это подвижные игры.

Вторая группа – это дидактические игры.

Третья группа – это творческие ролевые игры, игры драматизации.

У всех видов игр есть единая задача – умение самостоятельно организовывать разнообразные игры, договариваться, выполнять установленные правила игры. Здесь развитие речи играет главную, основную роль.

Подвижные игры.

Подвижные игры способствуют воспитанию сообразительности, наблюдательности, внимания, воображения, быстроте мысли. Подвижные игры положительно влияют не только на двигательную деятельность детей, но и на развитие чувств и эмоций, поскольку радость движений усиливается наличием веселых комических ситуаций, юмора, шуток, возможности самовыражения. Азарт задают детям считалки, зачины, жеребьевки.

В младших группах детям нравятся игры, сопровождающиеся рифмованным текстом и ритмичными движениями. Например: «*Курочка – хохлатка*», «*Лохматый пес*», «*Зайка*».

Более старшие дети очень любят хороводные игры, эмоционально воспринимают всевозможные присказки и другой текст, предваряющий игру, являющийся как бы завязкой ее.

Например: «*Гуси – гуси...*», «*Теремок*», «*Мышеловка*». Применение считалок в распределение ролей, в подвижных играх, хорошо влияет на динамику постановки дикции.

Что должен знать воспитатель о методике проведения подвижных игр с целью воспитания развития речи детей:

1. Нужно хорошо знать текст и соответствующие движения.
2. Воспитатель произносит слова отчетливо, выразительно, выделяя ритмический рисунок, но не утрируя его, ни в коем случае не переходя на чтение по слогам.
3. Потешки и прибаутки родственны песне, но это не значит, что их надо произносить на распев. Важно добиться некоторой певучести, напевности.
4. Предварительно разучивать текст с детьми не следует, они постепенно запоминают его в процессе игры. Вначале они будут проговаривать отдельные слова, затем усвоят весь текст. Не надо только, чтобы дети сразу говорили полным голосом. Позднее, когда дети освоятся с движениями, следует обращать внимание на чистое и выразительное произнесение ими текста, не допускать крика в тех случаях, когда возрастает эмоциональный подъем.
5. Произносить текст нужно звонким, достаточно высоким голосом, так как это более естественно для детей. Однако не следует допускать, чтобы дети говорили утрированно высоким, писклявым голосом или крикливо.

Во всех возрастных группах подвижные игры, организуемые воспитателем со всей группой или с небольшой подгруппой, должны быть интересными для детей, проходить живо, эмоционально, непринужденно.

Дидактические игры.

Дидактические игры играют большую роль в развитии речи дошкольников – это пополнение и активизация словаря, воспитание правильного звукопроизношения; развитие связной речи. Среди всего многообразия дидактических игр особое внимание надо уделить словесным играм.

Преимущество словесных игр в том, что они не требуют особой подготовки, наглядного материала, оформления; могут проводиться в любые режимные моменты. И помимо развития связной речи учат детей взаимодействовать в коллективе, общаться друг с другом в различных игровых ситуациях.

Теперь давайте коснёмся методики проведения словесных игр. Можно выделить общие советы:

- 1.Прежде всего воспитатель должен быть хорошо подготовлен, ознакомлен с целью игры, её ходом, сопровождающим речевым материалом.
- 2.Перед началом необходимо настроить детей на игровой лад. Возможно использование сюрпризных моментов, считалок, вводных хороводов и пр.
- 3.Особое внимание нужно уделить объяснению правил данной игры детям.
- 4.Обязательно поощрять детей по ходу игры. А если в игре есть соревновательный момент, то можно заранее подготовить приятные детям награды.
- 5.Желательно, чтобы игры были интересны и занимательны, отличались от занятий и дидактических упражнений, соответствовали возрасту.
- 6.Необходимо отслеживать, чтобы все дети были вовлечены в процесс игры.
- 7.При использовании одной и той же игры неоднократно, возможно вводить варианты с усложнением задач.
- 8.Словесные игры могут проводиться в различные моменты педагогического процесса. Их можно использовать как часть занятия, в развлечениях, в свободной деятельности, на прогулке и пр.

Теперь остановимся непосредственно на особенностях проведения словесных игр для каждой возрастной группы.

- Для младших групп важен непосредственный контакт воспитателя и детей, а также опора на зрительные изображения. Воспитатель является руководителем игры. Основные игры для этого возраста – это рифмованные потешки. Например: «Ладушки», «Коза рогатая», «Гуси».

Учим детей слушать, повторять, участвовать в совместной деятельности.

Перед началом игры воспитатель должен познакомить детей с наглядным изображением героев игры. Например, если это «Коза рогатая», то сначала знакомим детей с изображением козы. В ходе проведения игры желательно, чтобы воспитатель находился на одном уровне с детьми, так называемый эффект «Глаза в глаза». Текст воспитатель должен произносить наизусть. Воспитателю нужно активно использовать мимику, жесты, но только не стоит пугать детей, изображая волка или медведя. Всё должно быть хорошо продумано. Так же в младшем дошкольном возрасте можно использовать такие игры как: «Про кого я говорю?», «Назови части целого», «Угадай игрушку», «Играем в прятки с мишкой», «Угадай кто позвал».

- Средний дошкольный возраст ещё называют возрастом «почемучек». Дети более активно интересуются окружающим миром, более открыты к усвоению новых знаний. В этом возрасте добавляются словесные игры, в которых используются сравнения предметов («Что бывает широкое, высокое, низкое», «Назови лишнее слово»), описательные признаки («Что подарили Наташе», «Чудесный мешочек»), формирование элементарных обобщений («Что сажают в огороде», так же можно использовать договаривание детьми слов, недосказанных воспитателем) и пр.

Учим детей сравнивать предметы, описывать их опираясь на накопленный личный опыт, расширяем активный словарь, развиваем лидерские качества, ответственность.

В средней группе воспитатель ещё руководит ходом игры, но уже возможно вовлечение на роль ведущих в известных играх и самих детей.

- У детей старшего дошкольного возраста активно развивается логическое мышление. Детям присуща любознательность, пытливость, наблюдательность, возрастает интерес к познанию нового, интересного. Дошкольникам уже доступны более сложные речевые задачи – самому

отгадать загадку, обобщить группы предметов, возможность самостоятельно придумать рассказ или его часть и пр.

Учим детей правильно использовать словесные конструкции, пользоваться накопленным опытом. Обогащаем активный словарь. Развиваем связную речь. Учим взаимодействовать внутри коллектива, правильно распределять роли в ходе игры.

В данном возрасте меняется и роль воспитателя. При проведении словесных игр он отходит от роли руководителя, оставляя детям возможность самостоятельно участвовать в проведении игры. Чаще наблюдает, направляет, большее внимание уделяет индивидуальной работе с детьми более замкнутыми, стеснительными.

Словесные игры для старших дошкольников можно условно разделить на 4 группы:

1. Игры, воспитывающие умение выделять главные, существенные признаки предметов, явлений («Магазин», «Угадай-ка», «Что это за игрушка?», «Отгадай предмет по названию его частей»)

2. Игры, развивающие у детей умение сравнивать, анализировать, выделять алогизмы. («Похож – не похож», Путаница, Придумай небылицу», Логический поезд»).

3. Игры, с помощью которых развивается умение обобщать и классифицировать предметы по различным признакам («Кому что нужно», «Вершки-корешки», «4-й лишний», «Кто больше назовёт»)

4. Игры, развивающие внимание, сообразительность, быстроту мышления, воспитывающие самообладание («Испорченный телефон», Краски», Где мы были, мы не скажем...», «Скажи наоборот», Было – будет», «Один много»).

Таким образом, речевые игры являются одним из средств формирования словаря детей дошкольного возраста.

Творческие ролевые игры и игры – драматизации.

Творческие ролевые игры и игры – драматизации, театрализованные игры тесно связаны между собой. В основе тех и других лежит отображение событий, действий и отношений между людьми. Однако театрализованные игры основаны на драматизации литературных произведений. Театрально – игровая деятельность обогащает детей новыми впечатлениями, знаниями, умениями, развивает интерес к литературным произведениям и театру, формирует диалогическую речь, активизирует словарь, способствует нравственно – этическому воспитанию каждого ребенка.

В младших группах воспитатель разыгрывает знакомые детям сказки, стихотворения, небольшие рассказы с помощью настольного театра или фланелеграфа. Например, сказка «Репка» иллюстрируется с помощью плоскостных кукол. А с веселым Петрушкой, даже не прячущимся за ширмой, дети охотно здороваются за руку, отвечают на его вопросы.

С детьми третьего и четвертого годов жизни, воспитатель разыгрывает простейшие сюжеты знакомых сказок, призывая детей повторять отдельные фразы главных героев или коротенькие песенки. Например, показывая детям настольный театр «Колобок», воспитатель предлагает детям вместе с колобком спеть песенку.

Дети пятого и шестого годов жизни уже, как правило, знают и любят изменять голос, проговаривать слова в заданном темпе, хорошо запоминают текст. Простой, короткий, выразительный текст помогает ребенку поставить себя на место изображаемого героя.

Сюжетно – ролевые игры занимают ведущее место в самостоятельной деятельности детей. Дети дошкольного возраста отличаются большой эмоциональностью. Содержательная и эмоциональная сторона взаимоотношений детей находит свое выражение в жестах, в мимике и в совершенствовании речи.

Уровень развития речи во многом определяет умение вступать в контакт с детьми и поддерживать его.

Все дети без исключения любят играть, а в игре у детей активизируется речь при общении и решении спорных вопросов. При этом у них развивается способность аргументировать свои утверждения, доводы.

Заканчивая любую из игр, воспитатель, должен поддержать интерес к дальнейшей игре : «А в следующей раз, мы будем играть еще интереснее...».

Список литературы

1. Алексеева М.М. Яшина В.И. Речевое развитие дошкольников. - М.: Академия, 2000
2. Арушанова А.Г. Речь и речевое общение детей: Книга для воспитателей детского сада. -- М.: Мозаика-Синтез, 2000.
3. Бондаренко А.К., Матусик А.И. Воспитание детей в игре. - М.: Просвещение, 2002.

СИҒЫРЛЫ ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ
КАСЫМОВА Г. Б., КИКЫМОВА А. А.
«Айгерім» бөбекжайы» КМҚК. Қарағанды қаласы

Баланың ой-өрісін шыңдап, қиялына қанат бітіретін ғажайып құрал – ол ертегілер. Балабақша өмірі, ондағы сан қилы білім және тәрбие беру мақсаттарының бірегейі – балаларды қазақ халқының, әлем халықтарының ертегілермен таныстыру болып табылады. Сонымен бірге, жас ұрпақ бойына адамгершілік-рухани тәрбиені қалыптастыруда да ертегілер әлемінің маңызы аса зор. Ең алдымен ол ертегілердегі кейіпкерлердің өмірі, мінез-құлықтары арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез-құлықтарынан, өзгелермен, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуін жетілдіруінен көрініс табады. Ертегілерді слайдтар арқылы түсінікті тілмен баяндай отырып, ондағы түрлі кейіпкерлерді бүлдіршіндердің өздерінің сомдап, сахналық көріністерге айналдыра алуына қол жеткізу қажет. Сол кезде біз балалардың бойына адамгершілік-рухани байлықтың қайнарын сіңіріп, оларды нағыз азамат ретінде тәрбиелеп шығару үшін жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен бір-біріне өзара көмек көрсете білулерін дамытуға жол аша аламыз. Өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың болашағына балабақшада жүргізілетін сан-салалы шаралардың ықпалымен жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Балаларды сиқырлы ертегілер әлеміне жетелей отырып, олардың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырамыз. Өйткені балаға бұл өмірдегі ең бір қызық оқиғалар осы ертегілерден табылады. Оның балабақша өміріне қызығушылығын арттыратын да осы ертегілер.

Мысалы, балабақшада «Шалқан» ертегісін оқытудың мақсаты - ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге үйретумен бірге балаларға ұжымдық тәрбие бере отырып, бірігіп, ұжымдасып әрекет етсе, істің нәтижелі болатынын ұғындыру. Бірінші кезекте, суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету керек. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету аса маңызды. Сөздерді анық айтуға дағдыландыру, есте сақтау қабілетін дамыту да естен шықпағаны абзал. Достыққа, қайырымдылыққа, өзара сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу осы ертегіні балалардың өздерін қатыстыра отырып сахналау арқылы, нәтижесін сұрақ-жауап әдісімен бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Құрал - жабдықтарына «Шалқан» ертегісіне арналған костюмдер, «Шалқан» муляжі, ертегі мазмұнына сәйкес сурет – таблицаларды алуға болады. «Шалқан» ертегісінің мазмұнын толық меңгерген, ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін киген балалар ертегіні өз беттерімен сахналай алады.

Ал «Бауырсақ» ертегісін өтерде сабақтың мақсаты - ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру болып табылады. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету қажет.

Ертегі өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге қызғанып қарамауға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелейді. Ертегі мазмұнын балалардың қызығушылығын арттыра отырып, қойылымның кейіпкерлері: шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкіні балалардың өздеріне сахналату арқылы ашуға болады. Көрнекілікке тақта, орман, орманды мекендеген аңдар, ағаштарды да орынды пайдаланған жөн. Балалар осындай үйлесімді әрекеттер арқылы ертегі әлеміне еніп кететіндей болуы тиіс.

Қорытындысында неліктен аю, қасқыр, жағымды кейіпкерлерге жатады? – деген тәрбиешінің сұрағына: -өйткені олар бауырсақты жеген жоқ, -деп өздері ойланып жауап

беретін болады. – Ал түлкіні айлакер, қу деп ұғады. Осылайша ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді балалардың өздері танып алады. Сонымен бірге бауырсақтың неден жасалатаны, түр-түсі, пішіні қандай болатыны жөнінде де түсініктер алады.

«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту - педагог шеберлігінің бір қыры болып табылады. Ертегіні түсіндіре отырып, сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып бүлдіршіндердің сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту басты орын алады. Алдымен, суретін көрсете отырып қасқыр туралы, оның жабайы жануар екені, қауіпті аңдар қатарына жататыны туралы түсінік беру қажет. Ал ешкі мен лақтың үй жануары екені, қандай қасиеттері бар екені туралы балалармен бірге ой бөлісу қажет. Сонымен бірге ертегі мазмұны балаларды батылдыққа, сергектікке, қиын кезе абыржымай өз беттерімен шешім қабылдай алуға да тәрбиелейді. Айтқан тапсырманы бүлжытпай орындауға, ұсақ-түйек нәрселерге көңіл бөле білуге, зеректікке тәрбиелеуде де аталған ертегінің маңызы аса зор. Ертегіні сахналатып, балаларға рөлдерді сомдатуда тіл байлығы мен ой ұшқырлығын дамыту басты мақсаттың бірі. Балалар ертегі мазмұнынан қызығу, ойлану, әрекет ету арқылы рухани-адамгершілік қағидаларын да ұғынатын болады. Айналасындағылардың бәрін ертегідей қабылдаған баланың бойында өшпес ізгілік қалыптасады. Мағжан Жұмабаев: «Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін, жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды.» — десе, атақты педагог Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта — әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.» — дейді.

Жер бетіндегі барлық халық ертегілерінің мазмұны мен мақсаты бір деуге болады. Оның себебі Ұлы Табиғат балалармен ертегі арқылы сөйлеседі, ертегі арқылы сырласады, ертегі арқылы өнеге, білім, тәрбие береді. Ертегілердің барлығы да бір-ақ тілде сөйлейді. Ертегі – баланы рухани- парасатқа тәриелеудің бірден-бір құралы.

Ертегілер арқылы рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ертегі балаға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіреді, жас баланың рухының өсіп жетілуінің бірден-бір төте жолы. Бұл - балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық 949 педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ол бүлдіршіндердің адамгершілік санасын қалыптастырып, оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "100 нақты қадам – Ұлт жоспарының" негізгі бағыттарының бірі қазақстандық білім мазмұнын жаңарту, қазақстандық қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағды алу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Сол себепті қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Ол үшін, әрине, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынастың пайда болуы алдыңғы орынға шығады. Ал балаға білім теңізінің қайнар бұлағы болып табылатын балабақшада бұл ретте әрбір педагогтың жаңаша жұмыс істеуі, батыл шығармашылық ізденісі, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыра білуі аса қажет. Бұл мақсатты орындауда мектепке дейінгі мекемелерде ертегілердің сиқырлы әлемін орнымен, молынан пайдалана білген абзал.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында да өскелең ұрпақты сапалы біліммен қамтамасыз етуге үлкен мән берілген. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі балабақшадағы педагогтердің біліктілік деңгейіне байланысты деп білемін.

Мен өзім еңбек ететін балабақшада бүлдіршіндердің алған білімін бағалау мен оны бақылауға аса мән беремін. Көркем әдебиет бойынша қазақ халқының ертегілерімен бірге баланың ой ұшқырлығын дамытуға септігін тигізетін шетел ертегілерін де кеңінен пайдалануға тырысамын. Сабақтың қызықты да мазмұнды өтуі үшін ертегі кейіпкерлерін балалардың өздері сомдап, сахналық көріністерге айналдыра білуі қажет. Ертегі кейіпкерлерінің бойындағы мейірімділік, татулық қасиеттерін балалар бойына сіңіре білу – сабақтың басты мақсаты болуы тиіс. Ал ертегілерде кездесетін қатігездік, іштарлық, өзіншілдік сияқты теріс мінез-құлықтардан жирендіре білу – келешек саналы азаматты тәрбиелеп шығарудың бастамасы болып табылады. Сонымен бірге, балалардың ертегі-аңыздар бойынша ойын жинақтап, сауатты әңгімелей білуі және қандай тапсырманы болсын ұқыпты, жинақы орындауына көңіл бөлу керек. Ал тіл дамыту жұмысында ертегілер сюжетіндегі дидактикалық ойындарды жиі пайдалану – балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда, сөздік қорын молайтуда таптырмас құрал болып табылады. Ойын барысын қоршаған орта құбылыстарымен байланыстырып отыру да аса маңызды. Сұрақ-жауап әдісі арқылы қатесіз, дұрыс сөйлей білуге дағдыландыру жұмысы жүргізіледі. Ең бастысы – баланың өз бетімен ойланып жауап беруіне, өз бетімен әрекет етуіне жол ашылады.

Сонымен бірге табиғаттағы өзгерістерді түйсініп-түсінуі, жан-жануарларға қамқорлық жасауы, балалардың логикалық ойларын, зейінін, тіл байлығын дамыту білім беру мазмұнын арттыра түседі.

Ал мұның бәрін еліміздің ертеңі – саналы да, ойлы, заман ағымына тез бейімделгіш жас ұрпақты тәрбиелеп шығаруда балаларға қазақстандық білім беру мазмұнының бір бұтағы деп қараймын.

Қорыта айтқанда, Отанымыздың алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылуы оның болашақ азаматтарының тұлғалық-кәсіби әлеуетіне тікелей байланысты екенін естен шығармау керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ ертегілері» Алматы «Балауса», 2014ж.
2. Қалиев С. «Халық ертегілері» // Тәрбие 2016ж.
3. Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері Алматы «Ғылым» 2013ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕНІҢ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНЕ КӨПТІЛДІЛІК БІЛІМДІ ЕНГІЗУ

ТОРШАЕВА Ш.М, АҚТАЙ С.О.

«Айгерім» бөбекжайы» КМҚК

Қарағанды қаласы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім бірлесе қабылдауға тиіспіз, балаларымыздың ағылшын тілі мен ғаламтор тілін жетік игеруіне, ең бастысы қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп атап көрсеткен бағыты негізінде мектепке дейінгі ұйымда үш тілді қатар оқыту мәселесі туындады.

Мектеп жасына дейінгі кезең тілдерді үйренуге ең қолайлы кезең, өйткені осы жастағы балалардың зейін аударуы икемді, есте сақтауы мен логикалық ойлау қабілеті жоғары болады, сондықтан үш тілде оқытуды мектепке дейінгі ерте жастан бастау қажеттілігі туындады және тілдерді ары қарай үйренуде сөздердің лексикалық қорын құруға мүмкіндік береді.

«Тілдердің үштұғырлығының» өзектілігі практикалық маңыздылығымен де ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалар алған білімдерін мектепте оқыған кезде де қолдана алады. Мектепке алғашқы барған кезде балалар үшін ең бастысы – екінші тілді әрі қарай үйренуге деген қызығушылықтарының қалыптасуы, белгілі білім көлемінің жинақталуы тиіс, бұл балаларға бастауыш мектепте тілдердің үштұғырлығы бағдарламасын жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді. Дәл осы ерте жастан шет тілінде қарым-қатынас жасауға деген

қызығушылық көріне бастайды, ал мектеп жасына дейінгі кезеңнен жинақталған тілдік база артынша кейбір оқушыларда шет тілін меңгеру барысында туындайтын қорқыныш пен кедергіні жоюға көмектеседі. Осылайша, шет тілін мектепте барынша жоғары деңгейде үйренуге деген қызығушылық пен негіз қалыптасады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі үрдісіне тілдің үштұғырлығын енгізудің негізгі мақсаты қазақ тіліне басымдық бере отырып, орыс және ағылшын тілдерін кіріктіре оқыту негізінде тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Білім беруді жаңғырту үрдісін мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастаған қажет, өйткені бұл кезеңде тұлғаның қалыптасу негізі қаланады. Қазақстандағы көптілді білім беру моделі, үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қарқынды түрде меңгерту, әр білім алушының мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап, ел дамуының игілігі үшін бойындағы тұлғалық қабілеттерін толық ашуға бағытталған.

Тілдерді меңгеру үшін ең қолайлы кезең ретінде 4-5 жас аралық екендігін мамандар атап көрсетуде. Психологтар (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.А. Леонтьев, Б. Уайт, Дж. Брунер, В. Пенфильд, Р.Робертс, Т. Элиот) бала төрт жасынан бастап ересек адамға қарағанда шет тілдерін оңай меңгере алатынын пайымдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың негізгі технологиясы – сөздік әдісі, ойын әдісі, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мультимедиялық оқыту құралдары сияқты оқыту әдістемелерінің үйлесімді байланысына негізделген. Оқыту барысында жүргізілетін жұмыстардың формалары мен түрлерінің бірлігі сақталады, осы ретте, көрнекілік және бейнелілік әдісі басым болмақ, себебі бала сөзді дара лексикалық бірліктердің жиынтығы ретінде емес, біртұтас ұғым, бейне ретінде қабылдайды.

Тілдердің үштұғырлығы аясында мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту мен танымын кеңейтудің әдістемелік негіздері. Олар: ойын әдістемесі балаларды да, педагогтарды да қызықтырады. Ол қарапайымдылығымен тиімді. Оқытушы тілді үйрету және жетілдіру бойынша оқу-қызметін ойын түрінде жүргізеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті – ойын болып табылады. Ойын – балалардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан да мектепке дейінгі балалар іс-әрекет үстінде ойынды көп қажет етеді. Оқу қызметі барысында мазмұнды суреттер, ойыншықтар қолданған дұрыс. Ойын- балалардың іс-әрекетке деген қызығушылықтарын арттырады.

Оқу қызмет ортасында балалар сергітуге арналған жаттығуды қажет етеді. Себебі, бұл жастағы балалар тез шаршайды. Сергіту сәтіне ән, сергіту жаттығуларын пайдалану керек. Біздің балабақшамызда қазақ тілді топ балалары орыс тілін музыкадан ұйымдастырылған оқу қызметінде, мерекелер мен ойын-сауықтарда да қолданады. Өз кезегінде балабақшада өткізілетін тақырыптық, күнтізбелік мерекелер мен ойын – сауықтардың да мектепке дейінгі балалардың көптілділікті меңгеруіне тигізетін әсері орасан зор.

Мектепке дейінгі шақ – бала дамуының іргетасын қалайтын, барлық адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын маңызды кезең. Ән, әуен арқылы баланы әсемдікке баулу-Отанға деген сүйіспеншіліктің негізін қалайды. Қазақстан-көпұлтты мемлекет. Басқа халықтың тілін, ән-биін, салт-дәстүрін, ойындарына деген балалардың қызығушылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен бала өз халқын сүйетін ұлтжанды, Отансүйгіш болуы керек.

Сонымен қатар туған үйіне деген махаббат, табиғатқа қамқорлықпен қарау, ұйымшылдық сияқты қасиеттер музыкалық іс- әрекеттер кезінде қалыптасады. Отансүйгіштік тәрбиенің негізі- бала бойына туған жеріне, туған табиғатқа, туған үйі мен отбасына, туған елінің тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік дәнін егіп, оны аялап өсіру, дамыту.

Сонымен қатар туған үйіне деген махаббат, табиғатқа қамқорлықпен қарау, ұйымшылдық сияқты қасиеттер музыкалық іс- әрекеттер кезінде қалыптасады. Отансүйгіштік тәрбиенің негізі- бала бойына туған жеріне, туған табиғатқа, туған үйі мен отбасына, туған елінің тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік дәнін егіп, оны аялап өсіру, дамыту.

Өзі тұратын жеріне деген сүйіспеншілігін, сезімін білдіруде балабақшадағы ертеңгіліктер мен ойын- сауықтардың маңызы өте зор. Балалар бүкілхалықтық мерекелер негізінде жатқан үлкен идеяларды барынша түсінікті түрде, көркем образдар арқылы одан

әрі қабылдауға дайындалады; салтанатты жағдай, көркем безендіру, тақырыпқа сай музыка патриоттық сезімдердің дамуына белсенді ықпал етеді, балалардың өз Отанына деген мақтаныш сезімдерін арттыруға, Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың ән, биіне, ойындарын салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелейді. Атап айтсақ; Қазақстанда тұратын ұлттардың тіл мерекесі, Тәуелсіздік күні, Ұлыстың ұлы күні- Наурыз, 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі т.б. Балалардың ертеңгіліктегі салтанатты көркемдік қызметтері сан түрлі: салтанатты щеру, қайта құрылу, ән айту, ойындар, билер. Мәнерлеп оқу, сахналық көрініс, музыка бөлмесін безендіру балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, эстетикалық сезімдерін оятады. Қазақстанда тұратын ұлттардың тіл мерекесі барысында балалар әр ұлт тілінде тақпақтар оқып, ән айтып, би билейді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесінде балалар Отан туралы әндер шырқап, салтанатты марштарда, ойындарда, өлеңдерде Отанымыздың жарқын жетістігін, еркіндігін үш тілде жырласа, 1- мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесінде әртүрлі халықтар балаларының достығы тақырыбы орын алады. Балалар Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің бірлігін, достығын әндерімен, билерімен бейнелейді. Мерекелік ертеңгіліктерде орыс тілінде тәрбиеленуші балалар қазақ тілінде әндерді мәнеріне келтіріп шырқайды. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктің бала бойында – өз халқына деген сүйіспеншілік қалыптастырары сөзсіз. Себебі бұл мерекеде балалар қазақ халқының салт- дәстүрлерімен кеңінен танысады, бір дастарханнан Наурыз көже ішіп, достыққа ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Өзге ұлт өкілдерінің балалары да осы мерекеде қазақ халқының салт-дәстүрімен, ән, биімен, ұлттық ойындары мен ұлттық тағамдарымен кеңінен танысуға мүмкіндік алады.

Сонымен бірге фольклордың барлық түрін – ертегілер, мақал- мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтарды жүйелі түрде үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) қолдану көздеген мақсатымызға жете аламыз. Өзге халық ертегілерімен танысып, сахналай отырып балалар сол халықтың әдет-ғұрпын, мәдениетін танып біледі.

Күнделікті музыкалық оқу қызметіндегі балалардың дербес қызметінің бір түрі- музыка тыңдау. Әр халықтың музыкасын тыңдату, түсіндіру арқылы бала бойында басқа халықтардың музыкасына, әніне, тіліне деген қызығушылығын қалыптастыруға болады.

Сөз соңында айтарымыз, жаңа қоғамның тізгінін берік ұстайтын еркін елдің ертеңгі кемеңгерлерін оқыту, тәрбиелеу-бесіктен, баланың нәрестелік шағынан, яғни мектепке дейінгі білім ошағынан басталып, ұдайы үздіксіз даму барысында ғана қалыптасады.

Қазіргі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологиялары қолданылуда. Жас ұрпаққа келешек ел тізгіні мен халық үмітінің мемлекет дамуының тізгінін ұстап көшбасшыларға білім беру барысында ұдайы бір ғана технологиямен дәріс жүргізу, сол арқылы оларды білім нәрімен сусындату мүмкін емес. Өйткені бұл жаңа заманның жаңашыл ұрпақтарын тәрбиелеу мен оларға білім берудегі қоғамның ең басты міндеті болып саналады. Сондай-ақ бұл мәселе педагогтың әрқашан да үздіксіз еңбек етуі мен ізденуін талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Балабақшада музыкалық тәрбие беру әдістемесі»

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН, ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

ТОЛЕНДИНА А.А, ТОРШАЕВА Ш.М.

«Айгерім» бөбекжайы» КМҚК

Өзінің ана тілін жетік меңгеріп, таза сөйлеуді үйрену- мектеп жасына дейінгі балалардың ең үлкен жетістігі болып табылады. Баланың тілі шығып, сөйлей бастағаннан оның тілінің дамып, дұрыс сөйлеуін қалыптастыру- ата- ана мен мектепке дейінгі ұйымның міндеті. Қазіргі кезеңде ауызекі сөйлеу барысында ауытқушылықтар көптеп кездесетін мектеп жасына дейінгі балалар саны артып келеді. Неліктен?

Күнделікті жұмыстан қолдары босамайтын ата-аналар бала тілінің дамуына көңіл бөле бермейді. Үйде болған жағдайда да, ересектер баламен сөйлесе бермейді, өзінің бос уақытын бала компьютерде, ұялы телефонда немесе жалғыз өзі ойыншықтарымен ойнап өткізеді. Міне, мәселенің барлығы осыдан басталады. Дені сау, физикалық дамуы қалыпты, тілі дамыған, сөзі анық, сөздік қоры мол бала келешекте мектеп бағдарламасын оңай игереді.

Мектепке дейінгі ұйым- халыққа білім беру саласындағы ең алғашқы және ең жауапты ұйым. Сондықтан- баланың тілін дамыту заманауи мектепке дейінгі ұйымның оқыту мен тәрбие процесінің негізі болып саналады. Д.Б. Эльконин, Р.Е. Левина сияқты психологтардың сөздеріне сүйенсек, бала өзінің ана тілін қоршаған ортадағы жандардың сөйлеу тіліне еліктеп, меңгереді екен. Олай болса, дұрыс сөйлеуді отбасы мен балабақшадан бастау керек десек артық айтпаймыз.

Бала тілін дамытудың көптеген әдіс- тәсілдері бар. Біз бүгін- солардың бірі- театрландырылған қызмет түріне тоқталсақ. Театрландырылған қызмет түрі- балалардың қызығушылығын арттырып, ойнай жүріп оқытуға болатын тиімді әдіс түрі. Бұл қызмет түріндегі ойындар, балалардың байланыстыра сөйлеуін дамытудың ынталандырушы факторлары болып табылады. Себебі, баланың сөздік қоры молаяды, туған тілінің байлығын меңгереді, артикуляциялық аппарат жетіледі. Өзі сомдайтын кейіпкердің мінез- құлқы мен іс- әрекеттерін көрсету үшін, бала анық, таза сөйлеуге тырысады. Театрлық ойындар кезінде, балалардың диалог түрінде сөйлеуі қалыптасады. Балалар ертегі немесе оқиға желісін есте сақтап, танымы, ой- қиялы дамиды. Сонымен бірге театрлық ойындар кезінде балалар ауызекі сөйлеудің (мимика, дауыс ырғағы, дауыс модуляциясы) сияқты элементтерін меңгереді. Бала білімі молайып, көркем әдебиетке деген қызығушылығы арта түседі.

Көкейкестілігі: Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын.

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез рольмен ойнар еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді.

Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ✓ театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;
- ✓ сөздік қорларын байыту;
- ✓ ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- ✓ кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- ✓ байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету;
- ✓ **Алдын-ала жасалатын жұмыстар :**
- ✓ балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- ✓ қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- ✓ қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдар т.б.)
- ✓ ата-аналармен жұмыс: қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру, газеттер, жылжымалы папкалар шығару, қажетті жабдықтар дайындауға көмектесу.

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады. Кезіндегі орыстың ұлы ақыны сахнаны «сиқырлы өлке» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр- адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері- тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна \театр\ ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сахналандырылған ойындар ойын- қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен- дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Мектепке ересек жастағы балалардың өзі театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылығын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналау ойындары арттырады.

Егер де I сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса, II сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Мұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады. Барлық балалар театрды тамашалағанды жақсы көреді. Бала тәрбиесінде әр түрлі театрдың алатын орны ерекше.

Қуыршақ театры баланың дүние танымын қалыптастыруда, үлкен рөл атқарады. Балалар әртістермен бірге күліп бірге жылап отырып, өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелердің шешімін табады. Бүгінде бөбектердің дамуына үлкен ықпал ететін қуыршақ театрының құпияларын айтатын болсақ;

-Тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуі мен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар. Ең көп тараған түрі –**қуыршақ театры**. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезіне бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі. Театр түрлері: Қуыршақ театры, саусақ театры, көлеңке театры, ойыншықтар театры. Саусақ театры: театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі, қол жетімдісі.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар .Ең көп тараған түрі-ойыншықтар театры .Мұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – маринеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айкастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында– саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Үстел үстіндегі театры -Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мочалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);

·ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымково ойыншықтары).

Суреттер (картиналар) театры -Декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Стенд-кітапша театры -Бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялық оқиғалар көрсетіледі. Стенд-кітапшаның беттерін ашу арқылы жүргізуші әр түрлі сюжеттерді көрсетеді (оқиғалар, кездесулер).

Фланелеграф театры -Суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Трафарет театры -Трафарет театры арқылы сөз құрамының байлығын, диалог, монологты дамытуға болады. Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Ұжымдасып жұмыс істеу үрдісінде әрбір бала өзіне берілген бейненің түр-тұлғасын, қимыл- қозғалысын өзгерте алады.

Көлеңкелі театр -Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың қағаздан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жұқа картоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол

көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістерін дамытады.

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті кішкентайлар тобынан тобынан бастап-ақ тақпақпен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналы қойылымдар көрсетуді қолдана берген жөн.

-Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады.

-Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлері үшін оқып шығу бір балаға ғана ұсынады.

-Үшінші кезеңде балалар бір неше шығармашылық тапсырмаларды орындайды. \қорқыныш, қуаныш сезімдерін көрсете білу және т.с.с\

-Төртінші кезеңде рөлдерге бөлініп, ертегіні оқу жүзеге асырылады.

Жұмыстың нәтижесі:

Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі:

- ✓ балалардың тілі дамиды;
- ✓ сөздік қорлары толығады;
- ✓ байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;
- ✓ дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- ✓ театр өнеріне деген қызығушылықтары артады.

Қорыта келгенде, театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр- балалар үшін мереке, демалыс орны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, тәрбиешілер үшін үлкен табыс.

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап топталмағандығы. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез рөлімен ойнар еді, тіл байлықтары да тез дамитын еді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Акулова О. «Театрализованные игры», // Дошкольное воспитание.-№4 -2005ж ,24- бет.
2. Антипина Е.А. «Театрализованная деятельность в детском саду: Игры, упражнения, сценарии». – Москва, 2006ж.128- бет.
3. Артемова Л.В. «Театрализованные игры дошкольников». – Москва: Просвещение, 1991 ж.
4. Губанова Н.Ф. «Театральная деятельность дошкольников». Әдістемелік нұсқаулық. Москва. 2007 ж .

БАЛАБАҚШАДА АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

АБДИЛЬДИНА М.К. , ИСКАКОВА А.С.

«Айгерім» бөбекжайы КМҚК

Қарағанды қаласы

Ата-ана баланың бірінші ұстазы және тәрбиешісі. Жаңа туған нәрестеге отбасының ықпалы, күші орасан зор. Ата –ананың балаға әсері, оларды перзентіне деген қалтқсыз сүйіспеншілігі, талапкершілікпен ұштасқан қамқорлығы болып табылады. Ата-аналар тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асырудың жолдары мен амалдарын айқын түсінгенде жанұядағы бала тәрбиесі ойдағыдай болуы мүмкін. Отбасының балаларға

тәрбие берушілік қызметінің мақсаты баланың жасын, жеке ерекшелігін психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Ұлы педагог А.С.Макаренко «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата-ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата-ана баршылық. Мұндай жолмен келген бедел баланың санасы жетілгенде өздігімен жойылады» деген.

Отбасы – барлығының басы, жан-жақты дамудың негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынас нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық тәрбиенің алғашқы үлгілері қалыптасады. Әсіресе бұл жерде тәрбиеші мен отбасының бірлігі керек. Өйткені, бала тәрбиесінде отбасы басты роль атқаратыны белгілі. Кішкентай бала отбасына өте жақын да тәуелді және ата-анамен тығыз байланыста өмір сүреді. Сондықтан осы оқыту – тәрбие жұмысымда отбасылардың тікелей қатысып, атсалысуын қамтамасыз етуге тырыстық.

Бүгінгі таңда болып жатқан өмірдегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата-анамен қарым-қатынас жасауда түрлі

әдістерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса ата-ананың балабақшаға,

ұстазға деген көзқарасы өзгеріп және баланың жан-жақты болып өсуіне ықпалын тигізер еді.

Баланы тәрбиелеу, дамыту мен білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымы өзара тығыз байланыста болуы қажет. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бала тәрбиелеуді іске асырушылар – балабақша мен отбасы. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым-қатынасын талап етеді. Ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруларына ықпал етеміз. Ата-аналардың өз балаларының балабақшадағы өмірін, қалай өсіп жетілетіндігі интеллектуалдық жеке қабілетінің қалыптасатынын көріп, біліп отырғаны абзал. Ата-ана мен балабақша атқаратын істер әрқилы болады да, бірінің жұмысын екіншісі атқара алмайды, сондықтан олардың қарым-қатынасы бірін-бірі толықтыруы, бір-бірімен түсінісуі, бір-бірінің бағытында құрылуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу-оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, оларды қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік бере отыра, ата-аналарға «Ашық есік» күн өткізіп, топтарға саяхат жасап, балабақша жұмысынан көрініс көрсетіп, ата-аналармен әңгімелесіп, олардың алған әсерлерімен бөлісе отырып, туындаған сұрақтарға жауап бердік. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде өткізілетін жиналыс ата-аналар қатынасының бірлігінің міндетті түрі. Мұндай жиналыстарда жалпы талаптар ұсынылады, балалармен отбасында: еңбек, адамгершілік, дене тәрбиесін ұйымдастыруға, балабақша өміріне бейімделуіне нұсқау беріледі. Балабақшаның ата-аналармен жұмыс жоспарында оларға психологиялық-педагогикалық білімді дамыту жағы көзделуі қажет. Олар үшін сұрақ-жауап кештері, «дөңгелек үстелдер», іскерлік ойындарды өткізу жұмыстары ұйымдастырылады. Ата-аналарға кеңес беру баланың даму мен тәрбиеленуінің, денсаулығын сақтауының нақты жағдайларын талдауға көмектеседі. Кеңес беруді өткізгенде сенімді мағлұматтар жинап, белгілі бір отбасының баланы тәрбиелеудегі тәжірибесін пайдалануға болады. Кеңес беруді ұйымдастыруда ата-аналардың дайындық деңгейін ескеру маңызды. Бұл кеңес берудің түрін анықтайды. Жекелей кеңес беру екі жақтың да белсенділігіне байланысты болу керек. Мұндай кеңес ақыл, тілек, нұсқау беру түрінде өткізіледі. Топтық кеңес беру ата-аналармен арналған жұмыстардың түрі. Олар бірнеше отбасында бірдей қиыншылықтар туындаса немесе бірдей қызығушылықтары болса жүргізіледі. Топтық кеңес берудің мынадай тақырыптарын алуға болады: «Балалар ойынына талаптар», «Баланың дамуының көрсеткіштері», «Тіл дамыту негіздері». Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заман талабына сай ата-аналар өзекті мәселелерді, әртүрлі тақырыптарды өздері ұсына алады.

Бүгінгі жас отбасылар - еліміздің ертеңгі - рухани кемелдену дәрежесіне жету үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше. Қазақстан мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының тарихын, діні мен мәдениетін, жеке тұлға тәрбиелеу - жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына арналған жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып, балабақшада ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз елім – Қазақстаным» атты ұлттық тәрбие жұмысын жүргіздік. Мұндай шаралар аналардың және баланың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырады.

Отбасында өсіп келе жатқан ұл-қызға тәлім-тәрбие беру мақсатымен арнайы ата-аналарды балаларымен балабақша ауласын көгалдандыру іс-шараларына қатыстыра отырып, қоршаған ортаға, табиғатты сүйуге, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттырдық.

Абай атамиздың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деген мақсатымен ата-аналарды балаларымен спорттық ойындар кешендеріне қатысуы жиі жоспарланып отырады. Себебі, ойындардың басты тәжірибелік мәні - болашақ ұрпақты жан-жақты дамытып, ой-өрісін өрбітеді. «Әкем анам және мен» атты спорттық жарыс өткізіліп, ата-аналармен балабақшаны бір-біріне жақындастырып, қиыншылықты бірге жеңіп, табысқа жетуге баулиды.

Отбасы педагогикалық процеске тарту, тәрбиеші жеке басына құрметпен, сеніммен қарауға итермелейді. Тәрбиешінің отбасына баруы, ата-аналарда тәрбиешінің жеке басы туралы көзқарастарын, оның балаларының қарым-қатынас тәсілдері мен әдістері жайлы түсініктерін қалыптастырады. Тәрбиеші сонымен қатар ата-аналардың нені қадірлейтінін, өмір жағдайы, психологиялық ахуалы туралы мәлімет алады. Осы мақсатта ата-аналарды топ өміріне тартып, әртүрлі бірлескен іс-әрекеттер түрлерін, мерекелер мен сауық кештерінің ұйымдастырылуы қажет.

Толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға ата-аналардың толық мүмкіншіліктері жетпей жатқанда, қаржы мәселесін тұрмыстық мәселенің шешуін таба алмай, еңселері түсіп жүрген ата-аналарға психологиялық тұрғыдан көмек болатындай баяндамалар, кеңестер ұсынамыз. Бұл отбасылардың өмірдің бастарына түсірген тауқыметіне қарсы тұра алатындай өмірге тез бейімделіп кетуіне себеп болады. Отбасы мен балабақша - бұл екі тәрбиелік феномен. Әрқайсының әлеуметтік тәжірибесі балаға берері бөлек. Алайда, екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге енуіне ыңғайлы ықпал жасайды. Ата-аналар және балабақшаның өзара қарым-қатынасының бірден қалыптасуы сирек кездеседі. Бұл ұзақ мерзімді процесс, тандалған мақсатты ұдайы зерттеуі, шыдамдылықты талап етуші, ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек. Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте қиын жұмыс. Оның нәтижесі педагогтің шыдамдылығы және талапшылдығымен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігімен анықталады. Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдық қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін, ең басты, оны жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Біз мектепке барамыз» (5-6 жас) балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы Астана 2009ж
2. Родительские собрания в ДОУ. О.Л. Зверева, Т.В.Кротова Москва 2007г
3. Отбасы және балабақша № 4 2009ж.

ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ.

АГАБАБОВА Е. А.

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 85»

liz.ok280686@mail.ru

На сегодняшний день в современном образовании всё чаще говорят о функциональной грамотности школьников. И новыми главными качествами личности нового школьника являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, которые формируются в условиях школы. В настоящее время в обществе сложилось новое понимание основной цели образования. Это, когда учитель должен в первую очередь заботиться о формировании у ребёнка определённого набора компетенций, способности к саморазвитию, которые обеспечат интеграцию личности в национальную и мировую культуру.

Основы грамотности закладываются в начальной школе, где идёт интенсивное обучение различным видам речевой деятельности – письму, чтению, рассказыванию, слушанию, счёту, поэтому развитие общеучебных умений (организационных, интеллектуальных, коммуникативных и оценочных) – путь к функциональной грамотной личности.

Что же такое «функциональная грамотность»?

Функциональная грамотность - способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней. В отличие от элементарной грамотности как способности личности читать, понимать, составлять простые короткие тексты и осуществлять простейшие арифметические действия, функциональная грамотность есть такой уровень знаний, умений и навыков, который обеспечивает нормальное функционирование личности в системе социальных отношений, который считается минимально необходимым для осуществления жизнедеятельности личности в конкретной культурной среде.

Основы функциональной грамотности закладываются еще в начальной школе. А забота о формировании у ребенка определенного набора компетенций, способности к саморазвитию, обеспечивающих интеграцию личности в национальную и мировую культуру ложится на плечи учителя. Все формы и методы работы, используемые педагогом на своих уроках, должны быть направлены на развитие познавательной, мыслительной активности, которая в свою очередь направлена на отработку, обогащение знаний каждого учащегося, развитие его функциональной грамотности.

Каждая образовательная область участвует в развитии всех видов функциональной грамотности (грамотность в чтении и письме, грамотность в естественных науках, математическая грамотность, компьютерная грамотность, грамотность в вопросах семейной жизни, грамотность в вопросах здоровья, юридическая грамотность).

Математическая грамотность - способность человека определять и понимать роль математики в мире, в котором он живет, высказывать хорошо обоснованные математические суждения и использовать математику так, чтобы удовлетворять в настоящем и будущем потребности, присущие созидательному, заинтересованному и мыслящему гражданину.

Компоненты математической грамотности:

- А) Воспроизведение математических фактов, методов и выполнение вычислений;
- Б) Установление связей и интеграции материала из разных математических тем, необходимых для решения поставленной задачи;
- В) Математические размышления, требующие обобщения и интуиции.

Средства развития математической грамотности, применимы через:

- А) практико-ориентированный подход;
- Б) дифференцированный подход;
- В) развивающий и системно-деятельностный подходы.

Функциональная грамотность учащихся на уроках математики формируется с помощью компетентностно-ориентированных заданий, интегрированных заданий и информационных технологий.

Компетентностные задания (задачи международного исследования PISA) способны привить интерес ученика к изучению математики, изменяют организацию традиционного урока. Они базируются на знаниях и умениях, и требуют умения применять накопленные знания в практической деятельности.

Текст задания: Серёжа собрался в кино посмотреть новый мультфильм. Начало сеанса в 13.30. Чтобы доехать до кинотеатра ему нужно 25 минут и 10 минут купить билет. Во сколько Серёжа должен выйти из дома, чтобы успеть на киносеанс?


СТИМУЛ: для того чтобы успеть к началу сеанса необходимо рассчитать точное время выхода из дома.

Интегрированные задания – это задания, объединяющие математику с другими предметами. (математика-русский язык, экономика-математика, математика-литература, математика- познание мира)

Соедини последовательно точки по ответам.

Что получилось?

- | | | |
|-------------------|------------------|------------------|
| 1. $(71 - 19):13$ | 6. $42*2-25*3$ | 11. $(58+26):14$ |
| 2. $(19 + 9)*3$ | 7. $15*5+50:2$ | 12. $24:6+36$ |
| 3. $100 - 16:4$ | 8. $(75-74)*5*9$ | 13. $91:13*8:14$ |
| 4. $(44+33):7$ | 9. $6*10:2$ | 14. $80:16*9:15$ |
| 5. $(36+48):12$ | 10. $32+48:8*3$ | 15. $72:12*9:27$ |



Раскрась полученный предмет.

Образуй от данного слова и запиши всевозможные однокоренные слова. Выдели корень.

Кроме того, одним из главных средств развития функциональной грамотности в начальной школе являются информационные технологии.

Важным аспектом в формировании функциональной грамотности младших школьников является формирование логической грамотности.

В 1-х и 2-х классах, обучение проводится по следующей тематике:

- «Смысл слов: «и», «или», «все», «некоторые», «каждый»
- «Прием сравнения, выделение свойств предметов».
- «Прием сравнения, существенные и несущественные свойства».
- «Высказывания» (истинные, ложные).
- «Прием классификации».
- «Прием анализа и синтеза».
- «Прием обобщения».

Примеры:

Разбей числа на группы, чтобы в каждой группе были числа, похожие между собой:

53, 33, 84, 75, 22, 13, 11, 44

По какому правилу записан каждый ряд чисел?

Продолжи его:

10, 30, 50, 70 ...

14, 34, 54, 74 ...

На каждом уроке математики отводится 5 - 10 минут на работу с заданиями, развивающими логическое и абстрактное мышление. Применение приема классификации на уроках математики способствует формированию положительных мотивов в учебной деятельности, так как подобная работа содержит элементы игры и элементы поисковой деятельности, что повышает активность учащихся и обеспечивает самостоятельное выполнение работы.

Такая система работы по развитию логического мышления учащихся направлена на формирование умственной деятельности детей. Дети учатся выявлять математические закономерности и отношения, выполнять посильное обобщение, делать выводы.

Основной целью математического образования должно быть развитие умения математически, логично и осознанно исследовать явления реального мира. Реализации этой цели может и должно способствовать решение на уроках математики разного рода нестандартных логических задач. Поэтому использование учителем школы этих задач на уроках математики является не только желаемым, но даже необходимым элементом обучения математике.

Нестандартные задачи требуют повышенного внимания к анализу условия и построения цепочки взаимосвязанных логических рассуждений. Примеры таких задач, ответ на которые необходимо логически обосновать:

В коробке лежат 5 карандашей: 2 красных и 3 синих. Сколько карандашей надо взять из коробки, не заглядывая в нее, чтобы среди них был хотя бы 1 синий карандаш?

Использование таких задач расширяет математический кругозор младших школьников, способствует математическому развитию и повышает качество математической подготовленности.

Предлагая учащимся нестандартные задачи, мы формируем у них способность выполнять логические операции и одновременно развиваем их.

При решении занимательных задач преследуются следующие цели:

формирование и развитие мыслительных операций: анализа и синтеза; сравнения, аналогии, обобщения и т.д.;

развитие и тренинг мышления вообще и творческого в частности;

поддержание интереса к предмету, к учебной деятельности (уникальность занимательной задачи служит мотивом к учебной деятельности);

развитие качеств творческой личности, таких, как познавательная активность, усидчивость, упорство в достижении цели, самостоятельность;

подготовка учащихся к творческой деятельности (творческое усвоение знаний, способов действий, умение переносить знания и способы действий в незнакомые ситуации и видеть новые функции объекта).

1 класс:

1. Расставить 6 книг на две полки так, чтобы на одной было на 2 книги больше, чем на другой. (4 и 2)

2. В люстре 5 лампочек. Через некоторое время 3 лампочки перегорели. Сколько лампочек придется заменить?

2 класс:

1. В коробке умещается 10 красных и 6 синих бусинок. Какие бусинки мельче: красные или синие? (красные)

2. В парке 4 зеленых и коричневые скамейки. Зеленых скамеек больше. Сколько скамеек каждого цвета? (3 зеленые и 1 коричневая)

Для развития логического мышления можно использовать различные задания: логические цепочки, магические квадраты, задачи в стихах, головоломки, математические загадки, кроссворды, геометрические задания со счётными палочками, логические задачи со временем, весом, комбинаторные задачи. Формирование логического мышления – это важная составная часть педагогического процесса. Помочь в полной мере проявить свои способности, развить инициативу, самостоятельность, творческий потенциал - одна из основных задач современной школы.

Все учителя начальных классов на своих уроках используют коллективные виды работ. Они делают урок более интересным, живым, воспитывают у детей сознательное отношение к учебному труду, активизируют мыслительную деятельность, дают возможность многократно повторять материал, помогают учителю объяснять и постоянно контролировать знания, умения и навыки у ребят всего класса. У детей повышается уровень развития, обучения и воспитания. А учитель получает возможность реально осуществить индивидуальный подход к обучающимся.

При организации работы в парах и группах каждый ученик мыслит, не просто сидит на уроке, предлагает своё мнение, пусть оно и неверное, в группах рождаются споры, обсуждаются разные варианты решения, идёт взаимообучение детей в процессе учебной дискуссии, учебного диалога.

Используемые на уроках формы и методы работы способствуют развитию информационно-образовательной среды, направленной на повышение функциональной грамотности учащихся, обеспечивающей личное саморазвитие, самостоятельность в приобретении знаний, формирующей коммуникативные навыки, умения использовать информацию и технологии, решать проблемы, предприимчивость и креативность.

Учитель должен увлечь и «заразить» детей, показать им значимость их деятельности и вселить уверенность в своих силах. При условии успешности решения поставленных задач мы выполним главную цель формирования функционально-грамотной личности т.е. формирование в общеобразовательных школах интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина РК.

Литература

1. «Национальный план действий на 2012-2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников»;
2. Педагогический журнал Казахстана «Коллеги» «Формирование функциональной грамотности как основа развития учебно-познавательной компетентности школьников» (collegu.ucoz.ru);
3. Республиканский журнал «12-летнее образование» № 6, № 8 2010 г, 2011 г;
4. Видеоуроки в сети интернет [<http://videouroki.net/filecom.php?fileid=98680669>]

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБИЛОВ Д. К.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ЖУРГЕМБАЕВА Ж.Н.

№18 жалпы білім беретін орта мектебі

Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады.

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар; мигранттар мен оралмандар отбасыларының, аз ұлттар балалары; қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады.

Кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру дегеніміз кедергілерді жою мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру

процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Көптеген теориялық деректерді талдау барысында біздің тарапымыздан қазіргі жағдайда мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға көмек көрсету жүйесінде мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар тәрбиеленетін мекемелер қызметінің бірнеше жұмыс бағыттары айқындалды. Мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар тұлғалық әлеуметтенуіне бағытталған әлеуметтік алғы шарттар жасалуы және теориялық тұрғыдан жүйеге келтірілуі, әдістемелік тұрғыдан нақты қарастыру, кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады.

Еліміздің «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттің ең басты принципі- әрбір азаматтың сапалы білім алу құқығының жүзеге асуына қолайлы жағдай жасау деп көрсетілген. Елімізде ғылыми жаңа технологияның қарқынды дамуымен қатар, үздіксіз өзгерістерге бейімделген жаңа заманның жаңа тұлғасын қалыптастыратын кез келді. Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізілді

Арнайы және инклюзивті білім беру барлық оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарын ескере отырып әзірленген арнайы және жалпы білім беретін оқу бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күні білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және еңбек қабілеті шектелген адамның қоғамға интеграциясы (бейімделуі, қатысуы, сініп кетуі), оған дамуындағы ауытқулармен мүмкіндіктерінің шектелуін толықтыратын (компенсациялау) жағдайларда, әлеуметтік өмірдің барлық түрлері мен формаларына (білім алуды да кіргізеді) қоғамның басқа мүшелерімен бірге және бірдей қатысуына құқық пен шынайы мүмкіндіктің берілу процесі мен нәтижесін білдіреді. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жүйесіндегі интеграция минималды шектейтін альтернативаның (б.а. тандаудың) мүмкіншілігін білдіреді: білімді арнайы (түзеу) білім беру мекемесінде немесе, бірдей мүмкіншілігі болса, жалпы білім беру мекемелерінде (мектепке дейінгі білім беру мекемесі, мектеп және т.б.) алады.

Инклюзивті білім беру- қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе. Инклюзивті білім беру-мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы болып табылады. Ол барлық мүмкіндігі шектеулі балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға, оқушылардың тең құқығын анықтап, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беруді даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Бала және оның ата-анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерде мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру оларды ұзақ мерзімге мектеп-интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қазақстанда мүмкіншілігі шектелген балалардың туғанынан әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық амалдары, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексерілуді және білім алуды ақысыз пайдалану құқығы еліміздің бас Конституциясында «Білім туралы», «Мүмкіншілігі шектелген балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» заңдарда бекітілген.

Баланың әлеуметтік тәжірибесінің болмауы қоршаған ортадағы адамдардың тәртібінде қарама-қайшылықтарды туындатады. Егер отбасы бұндай баланы қабылдайтын болса, бұндай жағдайда ол көп нәрсені өздігімен үйреніп тәртіп ережесінің қарапайым нормаларын игереді. Ата-аналардың маңызды қасиетін атап өту қажет, мамандар бұл қасиеттерді ата-аналардың бойында қалыптастырғандары жөн.

Мүмкіндігі шектелген баланы тәрбиелеп отырған отбасылардың өмірлік кезеңінің негізгі баспалдақтарын қарастырып өтейік:

1. Баланың дүниеге келуі: птологиясы туралы мәлімет алу, берілген мәселені эмоционалды қабылдау және төзе білу, отбасының өзге мүшелерімен жақын адамдарды хабардар ету.

2. Баланың мектепке дейінгі кезеңі: мамандармен өзара әрекеттестік, өмірлік іс-әрекеттер бойынша шешім қабылдау, емделуді ұйымдастыру, сауықтыру, баланы оқыту және тәрбиелеу.

3. Баланың мектептегі шағы: мамандармен өзара әрекеттестік, мектептік оқыту формасы туралы шешім қабылдау, оқытуды ұйымдастыру, баламен қарым-қатынастағы ересектермен құрбы-құрдастарының арасындағы мәселелерді шешу.

4. Жеткіншек жас: мамандармен өзара әрекеттестік, баланың табиғи, созылмалы ауруына дағдылану, құрбы-құрдастарының бөлектеу мәселелерін шешу, баланың болашақ кәсібін жоспарлау.

5. Ересектік өмірге қадам басу кезеңі: мамандармен өзара әрекеттестік, отбасылық жауапкершілікке ие болу, баланың болашақ өмірін жоспарлау.

6. Ата-аналық кезең: жұбайымен отбасын құру және мамандармен өзара әрекеттестік.

Инклюзивті білім беру оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету пен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, балалардың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін ескерген жөн. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа және толеранттылыққа тәрбиелей аламыз. Қазіргі таңда түзете білім беру ұйымдарының желісін сақтап, жетілдіру және инклюзивті білім беру жүйесін қатар дамыту ең тиімді болып табылады.

Мұндай жағдайда түзету ұйымдары жалпы білім беру мекемелерінде қызмет жасайтын педагогтарға әдістемелік көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орталық, білім тұлғалар және олардың ата-аналарына кеңес және психологиялық педагогикалық түзете көмек көрсету қызметін атқарады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қажетті психологиялық-медициналық- педагогикалық көмек уақытылы көрсетілген жағдайда баланың дамуындағы негізгі кемшіліктерді оқытудың бастапқы кезеңіне түзету, жалпы білім беру мекемелерінде оқытуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында баланың психофизиологиялық және танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін ескеретін, оқытудың нұсқауларын қарастыратын білім берудің арнайы типтік оқу бағдарламалары құрастырылып, бекітілген. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіре (инклюзивті) оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар дайындалды.

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады.

Инклюзивті білім беру құқығын тану барлық педагогтар, оқушылар мен олардың ата-аналары ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың жалпы білім беретін мектептерде оқуға құқығы бар екенін түсінулеріне және ол үшін қосымша ресурстар қажет екеніне негізделген. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жеке бағытталған жүйе бола тұра, осы санаттағы оқушыларды дамытуға және олардың құқықтарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу нәтижелері мектептік білім берудің барлық кезеңдерінде білім, білік және дағдылармен шектеле алмайды, оқыту мақсаты тұлғаның білімі, тәжірибесі мен құндылығына негізделген жалпы қабілет сияқты құзыреттіліктің қалыптасуы болуы тиіс.

Білім беру мекемесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру моделін құру, барлық оқушыларға соның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға да білім беру мекемесі ұжымының өміріне толық көлемде араласуына көмектеседі.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың білімділік жетістіктерін анықтауда бағалау жүйесі олардың оқудағы жетістіктерін ғана объективті көрсетіп қоймай, оларды білім беру процесінде қолдау бойынша келесі әрекеттердің жоспарын құру үшін негіз болуы

тиіс. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеудің қажеттілігін негіздейді.

Қорыта айтқанда, жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, балаға тиісті көңіл бөліп, қажеттілігімен санасып жұмыс жасауымыз қажет. Балалардың бойындағы ерекше қасиетті, шығармашылық қабілетті ашу, болашаққа деген ұмтылыстары, алған асулары мен ойлаған мақсаттарына жету жолында жұмыс жасау біздің міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметі жөніндегі Типтік ережелер (ҚР БҒМ № 258 бұйрығымен 2013 жылы 4 шілдеде бекітілген).
2. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (15 сәуір 2017 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
3. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық- педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
4. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТПЕН ТАНЫСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ИМАШЕВА С.Т.

«Тілек» бөбекжайы» КМҚК, Карағанды қ.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.

Көркем әдебиет шығармалары балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады.

Әрине, мектеп жасына дейінгі сәбилердің әдеби шығармаларды оқи алмайтыны мәлім. Олар әдеби шығармаларды тәрбиешінің мәнерлеп оқып беруі бойынша ғана сөз сырын санасына ұялатады.

Ертегі, шағын әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ сияқты балаларға лайықты көркем сөз жанрларының ежелден-ақ тәрбие ісінде зор көмекші екені белгілі. Балабақшада тәрбиеленбеген, әлі мектеп жасына жетпеген ауылдық жерлердің сәбилері кішкентай күнінен өз әже-аталары мен әке-шешелерінен естіген халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан нәр алып өсетіні белгілі. Мұндай шығармаларды сәбилер қызыға тыңдайды, жылдам жаттап алады. Мысалы: «Торғай», «Бақа-бақа балпак», «Қарғалар», «Санамақ», тағы басқалар сияқты халық өлеңдері ойнақы тілімен, қайталама сөзімен, музыкалық үнімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды.

Көркем шығарма кейіпкерлерімен бірге қуану-қайғыруды үйрене отырып, балалар өзінің төңірегіндегілердің, жақын адамдарының көңіл күйін байқай бастайды. Оларда адамгершілік сезім - қайырымдылық қасиет, әділетсіздікке қарсы тұру қабілеті ояна бастайды. Бұл - принципшілдік, адалдық, нағыз, азаматтық қасиеттердің қалыптасу негізі. «Сезім-білімге жол ашушы, шындықты сезбеген адам оны түсінбейді және оны тани білмейді де», -деген болатын В.Г.Белинский.

Баланың көркем әдебиетпен таныстығы халық шығармасының ең кішкене түрлері-тақпақ, өлең, халық ертегілерінен басталады. Асқан адамгершілік, барынша дәл рухани бағыттылық, өткір мысқыл, тілінің көркемдігі-шағын көлемдегі фольклорлық

шығармалардың ерекшеліктері. Бұдан кейін сәбиге авторы бар ертегілер, өлеңдер, әңгімелер оқылады.

Балаларды сөйлеу тіліне үйретуде ең үздік оқытушы - халық. Халықтың шығарма тіліндегі басқа шығармалардың ешқайсысында кездеспейтін, естілуі жөнінен бір-біріне ұқсас, ажыратып айтуға қиын сөздердің тамаша орналастырылуының өзі балалар ұғымына өте жеңіл тиеді. Сондай-ақ жеңіл қалжыңды тақпақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар – педагогикалық әсер берудің ең тиімді құралы, жалқаулық, қорқақтық, эгоистік сияқты жағымсыз қылықтарға қарсы жақсы «дәру».

Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздері ойдан шығару қабылетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінен адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілер мен әңгімелерде де өздерін әділетті көрсетіп әлсіздер мен жәбірлегендерді қорғап, жауыздарды жазалауға тырысады.

Эстетикалық, әсіресе адамгершілік (этикалық) жайындағы түсінікті балалар тәрбиешілердің оқылған шығармалар бойынаш айтқан ақыл-ой пікірлерінен емес, нақ осы көркем шығарманың өзінен алуға тиіс. «Педагог оқылған шығармалардан орынды-орынсыз моральдарына беру үлкен, көбіне түзетуге келмейтін зиян келтіретінін есіне сақтауы тиіс. Көптеген сұрақтар қоюмен «бөлшектеніп» кеткен шығарма балалардың көз алдында барлық әсемдігін жояды, оған ынта кемиді. Көркем тексттің тәрбиелік мәніне толық сеніммен қарау керек[1].

Сөздің пәрменділігі туралы К. Д. Ушинский былай деп жазған болатын. «Бала ана тілін үйрене отырып, шартты дыбыстарды ғана үйреніп қана қоймайды, сонымен қатар ана тілінің қайнар бұлағынан рухани тіршілік пен күш алады. Ана тілі оған табиғатты түсіндіреді, ал мұндай дәрежеде бірде-бір жаратылыс зерттеуші түсіндіре алмас еді; ана тілі баланы төңірегіндегі адамдардың мінез-құлқымен, өзі өмір сүріп отырған қоғаммен оның тарихымен және алға ұмтылыстарымен таныстырады, ал мұндай дәрежеде бірде-бір тарихшы таныстыра алмаған болар еді: ақырында, ол бірде –бір философ балаға айтып жеткізе алмайтын логикалық түсініктер мен философиялық көзқарастарды бере алады». Ұлы педагогтің бұл айтқан сөзінде ана тілін үйренуден шығатын нәтиже ғана емес, оны оқып үйренудің әдістері де көрсетілген: бұл «көп нәрсеге үйретіп қана қоймай, сонымен бірге, соны аса жеңіл әлдеқандай әдіс арқылы оп-оңай үйрететін» «тіл -ұстазға» деген сенім.

Көркем шығарманы талдаудың ғылымға негізделген жүйесін қалыптастыру, оны оқу процесінде тиімді пайдалану баланың көркем шығарманы оқып үйренуіне ықпалын тигізери анық.

Көркем шығарманың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, олармен жұмыс жүргізудің түрлерін таңдап алу қажет. Сонан кейін балалардың әдеби шығарманы тыңдау барысында қызығушылығын арттыру үшін тиісті іс-шаралар атқарылуы тиіс. Сондай-ақ іс-әрекеттерінің бірі – балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Бұл талаптарды орындатуда баланың жас ерекшелігін ескерген жөн.

Көркем шығарманы талдап оқуға және пікір алысуға ұсынылған шығармаларды өзбетінше оқып, тәрбиеші басшылығымен зерделеп меңгеруі және дұрыс түсіне білуі тиіс.

Өлеңдер мен ертегілерді жатқа айта білуі ескеріледі. Шығарманың тегі, жанры әртүрлі туындыларды, оларда бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлерге өзіндік қарым-қатынасын білдіре отырып, мәнерлеп оқи білуге үйрету қажет. Өзіне бұрын таныс емес кез келген мәтінді немесе шығарманы дауыстап та, іштей де дұрыс оқуға көңіл бөледі.

Тәрбиеші басшылығымен жылына талдап оқуға және пікір алмасуға ұсынылған ауыз әдебиетінің, ертегілер мен өлеңдердің өзбетінше кемінде онға жуық көркем туындыны оқуын қадағалауы тиіс. Оқып зерделенген туындының тектік, жанрлық сипатын білуге де көңіл бөлінеді. Көркем шығарманы оқытуда әдебиет және фольклор туралы жалпы ұғымдарды, олардың негізгі сипаттарын ұғындыру көзделеді. Қазақ ауыз әдебиетінің басты жанрларының (тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдері, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар) негізгі сипаттарын және әдебиеттің тектерін (эпос, драма, лирика) білуін басты назарда ұстау.

Сонымен, берілген көркем шығарманың тілін меңгеруге көмектесе отырып, тәрбиеші балаларға тәрбие беру міндетін де орындайды.

Баланың сезімі тәрбиеші таныстырған шығарманың тілін түсініп, оны ұғу процесінде дамиды. Көркем шығарма сөзі балаға ана тілінің әдемілігін түсінуге көмектеседі, қоршаған ортаны эстетика тұрғысынан қабылдауға, сонымен бірге адамгершілік түсінігінің қалыптасуына көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен, үш салаға бөлінеді:

- 1) Ауыз әдебиеті нұсқалары;
- 2) Классик жазушылардың шығармалары;
- 3) Қазақ жазушыларының шығармалары[2].

Осы саладағы шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық материалда нақты жүйеге бөліп берілген.

Әдеби шығармаларды оқу мен сабақты жоспарлауда мына жағдайларды өте мұқият ескеру керек:

1. Әрбір шығарманы оқып берерде баланың жас ерекшелігі, осыған байланысты тәрбие жұмысының мақсаты мұқият ескерілуі шарт. Шығарманың лайықтысын ғана алу керек. Мысалы, сәбилер (3 - 4 жасар балалар) алғаш рет балабақшаға келді делік. Олардың көпшілігі әлі дұрыс сөйлей алмайды, балабақшада болатын жайттармен, ойыншықтармен әлі таныс емес. Сондықтан алғашқы үш-төрт айда тәрбие жұмысының бәрі, оның ішінде әдеби шығарманы оқып, тыңдату, көбінесе ойын түрінде өтіледі. Ол үшін ойынға негіз боларлық, суретті (суреті өте күрделі болмасын) шығармалар керек. Көлемді шығарманың лайықты бөлімінен кейбір үзінді ғана алынады.

2. Ана тіліне арналған жоспар 14-15 күнге лайықталады. Жоспарда қандай шығарма оқылуы керек, оған байланысты бақылау жұмысы, суреттер, ойындар нақты көрсетіледі. Әрбір ойынның мақсаты белгіленеді (білімін бекіту немесе сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға жаттықтыру сияқты).

3. Оқылатын шығарма тәрбие жұмысының әр саласын қамтитын болсын. Мысалы: жануарлар, жыл мезгілдері, еңбек, мерекелер туралы және тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулитын шығармалар.

4. Сәбилер тобында (3-4 жас) тәрбиеші шығарманы мәнерлеп жатқа айтып беруі керек. Бұл тұста тәрбиеші балаларды түгел бақылап отыратын болады. Тәрбиешінің шығарманы жатқа айтып беруі балаларға қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені бала тәрбиешіні тыңдай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге тақпақты арнайы жаттату қиын. Сондықтан тәрбиеші өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын ретінде қайталау кезінде біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйретеді.

5. Көркем шығарманы оқығанда шығарманың мазмұнына лайықты суреттерді пайдаланған жөн. Өйткені бұл жастағы балалар өз беттерімен оқи алмайды. Ал шығарманың мазмұнын сурет арқылы жылдам түсінеді. Бала кейде кітаптың бетін ашып отырып, суреттің астына жазылған өлең жолдарын дәл тауып, өз бетімен оқып отырғандай әңгімелеп береді[3].

Сондықтан тәрбиеші қажетті шығарманы оқудан бұрын, суретті көрсету арқылы (сәбилер үшін) әңгімелеседі. Соңынан шығарманы оқып береді. Ересек балаларға шығармаға байланысты қажетті суретті шығарма оқылған соң берген дұрыс. Өйткені шығарманы оқудан бұрын сурет көрсетілсе, балалардың бар ынтасы сол суретке ауады да, тәрбиеші оқығанда зейін қойматын болады.

Оқылған шығарманы әңгімелеп айтуға үйрету сабағының үлгі жоспарын төмендегіше құруға болады:

1. Тәрбиешінің кіріспе әңгімесі.
2. Тәрбиешінің әңгімені оқып беруі.
3. Оқылған әңгіме, ертегі мазмұнын көмекші сұрақтар қоя отырып айтқызу.
4. Шығарманы қайталап оқу, шығарма мазмұнын балаларға айтқызу[4].

Мұндайда қысқа әңгіме, ертегі мазмұнын бір балаға, көлемді шығармалардың мазмұнын бірнеше балаға айтқызуға болады. Егер әр алуан жастағы балалар аралас болса, алдымен ересек, естияр балалар әңгімелеп айтады, сәбилер тындап отырады.

Әдеби шығармаларды оқып, тыңдату (ересек топта), әңгімелеп беру, әңгімелету, жаттату сияқты сабақ түрлері экскурсия, бақылау, санау, музыка, бейнелеу өнері сабақтарымен

байланыстыра жүргізілгені жөн. Бұл сабақтар бірінің мазмұнын бірі толықтырып отырса, тіпті жақсы.

Мектепке дейінгі кезеңде бала тілінің, қалыптасуына ересектердің сөзінің әсері өте күшті екендігі белгілі. Бала оларға үнемі еліктеп, сөз арқылы қарым-қатынас жасауға талпынады. Өз бетінше сөз шығарып, басқа балалардың тіпті үлкендердің сөзінде байқалатын қателіктерді көргің келеді, яғни баланың тіл сезімі күшті болады.

Балабақша балаларын қазақ әдеби тіл нормаларын игерту тілдік тәжірибе (практикалық) сабақтарында жүргізіледі. Тіл дамытуға арналған көрнекі құралдардың маңызды қызметінің бірі - белгілі бір тілдік материалдарды пайдаланып сөйлеуге (не жазуға) итермелейтін түрткі болуында яғни тілдік ситуация туғызуында. Тілдік көрнекі құралдарды сабақтарда пайдалану тіл дамытудың психологиялық негіздеріне сәйкес келеді, ұзақ мерзімдік естің дамуын жеңілдетеді, өйткені белгілі бір оқу кезеңінде актив сөздік қорына енетін лексикалық материалмен жүйелі түрде жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Көркем шығарманың қыр-сырын танытып білдіру үшін әр сынып көлемінде бірізділікпен жүргізілетін жұмыстар арқылы балаларды шығарманы талдаудың қалыптасқан жүйесін меңгеруге алып келеміз. Біріншіден, мазмұндық-тақырыптық талдау, шығарманы тұтастай ала отырып, бөлім бойынша мазмұнын, тақырыбын таныта отырып талдау. Екіншіден, тілдік эстетикалық талдауға көңіл бөлу. Шығарманың тілдік ерекшелігін, сөз өрнегін, суреттемелік шеберлігін, көркемдігін, сөздер табиғатын, стильдік айырмашылықтарын таныту. Үшіншіден, кейіпкерлік-бейнелік талдау.

Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің міндеті балаға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі дағдылар қалыптастыру болып табылады. Дағды адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше маңыз алады. Ол іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді. Дағдының нәтижесінде адам санасы қызметті түпкілікті, шешуші кезеңдерінде жұмылдырылады. Бұл жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, мектепке дейінгі кезеңде бала тілінің, қалыптасуына ересектердің сөзінің әсері өте күшті екендігі белгілі. Бала оларға үнемі еліктеп, сөз арқылы қарым-қатынас жасауға талпынады. Өз бетінше сөз шығарып, басқа балалардың тіпті үлкендердің сөзінде байқалатын қателіктерді көрігісі келеді, яғни баланың тіл сезімі күшті болады.

Ендеше баланы мектепке даярлау мәселесінде әдеби шығармалармен таныстыру ерекше орынға ие екенін ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Омарбекова А.И. «Тәрбие — тал бесіктен басталады» әдістемелік құралы. - Астана, 2010. - 117 бет.
2. Сабулатова С «Балалардың сөздік қорын, тіл байлықтарын дамыту», // Отбасы және балабақша, №6 2006 ж.
3. Абдуллина Г. «Тіл мен сөйлеу» //Бастауыш мектеп, №11 – 2005 ж.
4. Ғылыми әдістемелік педагогтік журнал // Отбасы және балабақша, №3. 2015 ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БАЛАБЕКОВА Л.Г., АЛЬЖАНОВА А. Ж., АМАНБАЕВА Д.С., КӨПДАУЛЕТ Б.М.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Әлеуметтік педагогика - ғылымның бір өзегі ретінде белсенді дамып келе жатқан, балалық шақта туындаған мәселелерді шешуге бағытталған, жаңа әлеуметтік-мамандандырылған сфера үшін берік ғылыми іргетас қалауымен ерекшеленетін әлеуметтік-педагогикалық ғылымдар жүйесінің белді бір саласы.

Қазіргі кезең – жеке тұлға мен қоршаған орта арасындағы қарама-қайшылықтар мен өзара қарым – қатынастар заманы. Тұлғаның отбасылық, азаматтық, құқықтық әлеуметтенуі белсенді түрде іске асырылып отырған кезең. Адам тұлғасына осылайша мақсатты түрде

әсер ету - әлеуметтік тәрбие деп аталады. Ал, әлеуметтік педагогика тәрбие процесін, тұлғаның әлеуметтенуін теориялық және қолданбалы тұрғыдан алып қарастырады.

Қазіргі заманғы әлеуметтік педагогиканың ерекшелігі – оның ізгіліктілік бағыттылығында, яғни, балаға деген бірыңғай талаптармен қатар тәрбиеші мен бала арасындағы өзара құрмет, бірігіп қызмет ету, шығармашылықпен бірге айналысу, достық қарым-қатынас және теңдік. Әлеуметтік педагогиканың қоғамдық мәні – қиын жағдайға душар болған адамдарға – отбасына, балаларға көмек көрсету; оларға өмірден өз орнын табуға, өз мүмкіндіктері мен қабілет-ынтасы негізінде одан әрі дамуына жәрдем ету.

Әлеуметтік- педагогикалық қызмет – баланың, жасөспірімнің отбасында, мектепте, қоғамда қалыпты қарым-қатынасқа түсуі үшін өзін-өзі ұйымдастыра білу, психологиялық ұстамдылық, сабырлық сақтай алуы үшін көмек көрсетуге бағытталған педагогикалық қызметті де қамтитын әлеуметтік жұмыс. Балаға шағын ұжым ішінде өзін-өзі көрсете білуі үшін де, өтірікке, жаманшылықтарға, яғни қылмыстық ортаға, маскүнемдікке, нашакорлыққа, ата-аналар тарапынан болатын қатыгездікке қарсы тұра білуі үшін де ересектердің жәрдемі керек.

Қазіргі заманғы әлеуметтік педагогика саласындағы маман-ғалымдардың ойынша, әлеуметтік педагог – бұл, ең алдымен, тұлғаны, адам мен оның отбасын қамқорлыққа алатын мемлекеттік-қоғамдық қызметтер, ұйымдар мен мекемелер арасын байланыстырушы делдал. Сонымен бірге ол жеке, нақты адамның мүдделерін қорғаушы. Әлеуметтік педагогтың функцияларына - қиын жағдайға тап болған балаға, жасөспірімге қиын жағдайлардан шығу жолдарын меңзеп қана қоймай оған қиын кезеңде сүйеніш бола білуі, құқын қорғауы, жасөспірімнің іс-әрекетін өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өз өмірін өз бетімен жоспарлай алуға, жағымды жаққа қарай бұра білуге үйретуі, бағыттауы да жатады.

Сондай-ақ, әлеуметтік педагог бала проблемаларын жан-жақты шешуге құзырлы түрлі мамандардың күшін біріктірумен және олардың қызметіне координация жасаумен де айналысады. Әлеуметтік салада қызмет ететін педагог әлеуметтік тәрбиенің түрлі проблемаларын зерттеу істерін де ұйымдастырып, сонымен бірге әлеуметтік педагогтар, ұжымдар мен түрлі педагогикалық орталықтардың жұмыстарына талдау жасауға да міндетті.

Әлеуметтік педагогика - педагогиканың әлеуметтік, тәрбиелік және білім берушілік тұрғыдан өзіндік ерекше әдістері бар дербес саласы. Әлеуметтік педагогиканың әдістері тұлғаның өзін-өзі жетілуіне, өзін-өзі тәрбиелеуі мен дамуына бағытталған. Бала тәрбиелеу жүйесінің маңызды элементтерінің бірі - бала үшін маңызды мәселелерді шешуге әлеуметтік педагог тарапынан көмек көрсету. Бала тұлғасының дамуына педагогикалық ықпал етуі жетістікке әкелу үшін, педагог проблемалық жағдайды дұрыс шешуге және дер кезінде байқай алу қабілетін иелену керек[1].

Әлеуметтік педагог проблеманың не екендігі, оның шешілуіне қандай шарттардың әсер ететіні, тәрбиеленушілерге қалай педагогикалық көмек көрсету жайында хабардар болуы және педагог әрекеті балалардың проблемалық жағдайларын нәтижелі шешуіне ықпал етуі тиіс

According to D. Gradol, the process of expanding the use of English should be considered in the wider context of changing the entire language system. Because of the increasing role of “big” languages, a situation will occur where each of them will have its own field of influence. In this case, it is hardly possible to talk about a universal global language.

Currently, English is used in 113 territories. Some of its varieties, such as the Scottish dialect of English language and Tok Pisin (the state language of Papua New Guinea) are recognized as independent languages. Despite the fact that Spanglish (Spanish with excessive borrowing from English) in the United States and Kamtok in Cameroon did were not officially recognized, they are completely different versions. If not to take into account small areas, the total number of English varieties equals to 80.

On the analogy of Latin language, T. MacArthur shows how different one can relate to this phenomenon. Proponents of a pessimistic view fear that English awaits the fate of Latin. The occurrence of mutually incomprehensible languages is unacceptable for them, and the only possible option is Standard English. Optimists, on the contrary, accept any scenario of language development. For them, the death of a Latin is hardly a tragedy especially that it remained the language of science until the end of XVII century. They consider Normative English as a convenient means, but not an object of worship. The pragmatist aims to find out what really happened to Latin and for what reason. Solving such questions helps to understand what trends underlie the development of prestigious languages and how safe it is to draw parallels with the present and the future.

The works of D. Crystal, D. Gradol and T. MacArthur relate to the same social phenomenon: the spread of the English language globally. None of the researchers doubt that in the near future, English will retain its dominant position in the world. However, on the issue of a longer perspective, they do not show such unanimity.

According to D. Crystal, English has gone beyond any forms of social control. A key role in the future of the global English will be played by a state of affairs within the United States. In making a long-term forecast, he considers two ways of development. According to the optimistic scenario, English will become part of the rich multilingual experience of future generations, while a pessimistic scenario assumes that the world will become completely English speaking.

David Gradol marks that a further increase in the number people using English as a second or foreign language may destroy the existing language hierarchy. Language selection is defined by a complicated system of factors such as demographics changes, urbanization, new forms of communication, international division of labor, etc. At present, all of them are undergoing significant changes that will certainly affect the status of the global English.

Tom MacArthur draws a geopolitical parallel between modern English and historical Latin. He shows that once unified, monolithic model of English in recent years is becoming more pluralistic. A significant amount of new varieties of English that have emerged over the past fifty years, in future may lead to the formation of a language family.

Apparently, one can agree with the opinion of D. Graddol about the possibility of the occurrence of a new language hierarchy, in which English will take more modest place.

The situation with the English language in the XXI century is unique. Never before any of the languages spread in such a short time. Social the economic situation is also unique, against which this phenomenon occurs. In modern Western society, there are processes aimed at destroying understanding of any identity: religious, national, gender. The idea of freedom lies in foundation of these processes. There is nothing bad in the idea itself; however, by crowding out all other values, it becomes destructive and dangerous. The degradation of major social institutions for example, institution of family, is occurred.

Notwithstanding the foregoing, it should be noted that the countries of the East are striving to preserve their identity. Such a desire favorably affects the demographic situation in these states, and, and as it is known, the demographic factor plays an essential role in determining of language status.

List of references:

1. Encyclopaedia Britannica. Britannica Book of the Year. Chicago: Encyclopaedia Britannica, 2002.
2. Language and Electronics: the coming global tongue // The Economist. 1996. 21 December.
3. Graddol D. The Future of English? London: The British Council, 1997.
4. Graddol D. English Next. London: The British Council, 2006.
5. McArthur T. The English languages. Cambridge: Cambridge University Press, 1998. 247 p.
6. Crystal D. English as a Global Language. Cambridge. Cambridge University Press, 2003.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҮРДІСІ

ҚАСЫМОВА Г.Қ.

Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Қазақстанда қашықтықтан оқытудың дамып келе жатқандығына байланысты және оны ұйымдастыру проблемаларын шешуді талап етеді. Мақаланың мақсаты –Қазақстандағы қашықтықтан оқыту процесін зерттеу. Мақаланың негізгі нәтижелері - еліміздегі қашықтықтан оқытудың жалпы көрінісі: даму бағыттары, реттеуші аспектілері және проблемалары. Мақала материалдары анықталған проблемаларды шешу жолымен қашықтықтан білім беруді әрі қарай жетілдіру және оны дұрыс жетілдіруі пайдалы болуы мүмкін.

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім

беруге жаңа технологиялар енгізеді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту.

Қашықтықтан оқыту - ол оқу процесі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі оқыту білім түрлері білікті білім арудың ең негізгі түрі. Соңғы он-он бес жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына шектеу қойып, кедергілер туғыздан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату курсы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.

Әзірленген және дамып келе жатқан ақпараттық және коммуникациялық технологиялар адам қызметінің барлық салаларына енеді. Әрбір адам осы технологияларды жұмысқа да, үйге де қолдана алады. Әрине, ақпараттық-коммуник-технологтар білім беру саласын айналып өтпеді және білім беру процесінің жақсаруына әкелді. Білім берудегі инновациялық белсенділік оның сапасы мен тиімділігін арттыру факторы ретінде ғана емес, сондай-ақ білім беру қызметтеріне деген сұраныстың өсу факторы және халықтың өмір бойы оқытуға мотивациялық дайындығын өзгерту факторы ретінде қарастырылады.

Бұл мәселенің барлығы оқытушы аудиторияда компьютерлерді қолданудан басталды: үйренген пән бойынша бейне көрсету, жаңа теориялық материалдарды, әртүрлі оқу бағдарламаларын, тестілеу бағдарламаларын, ғаламторда қажетті ақпаратты табуға және т.б. түсіндіруге арналған презентациялардан құралды. Компьютерді сыныпта пайдалану оқу үрдісінің тиімділігін арттырады және білім алушылардың оқу іс-әрекетін ынталандырады, дидактикалық оқыту қағидаларын іске асырады. Оқу процесін даралау және саралау; біртіндеп оқыту мүмкіндігі; кері байланыспен басқару, қателерді диагностикалау; өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзетуді енгізу; компьютерлік қарқынды есептеулерді немесе үлгілік операцияларды жүзеге асыруға байланысты оқыту уақытын босату; білім алушылардың оқу материалын меңгеруі және өзін-өзі оқыту процесінде оқытуды жүзеге асыру.

Қашықтан оқыту тұжырымдамасының түрлі анықтамалары бар. Е.С. Полат келесі түсіндірмені береді: «Қашықтықтан оқыту - бұл күндізгі, сырттай оқу түрлерімен қатар жүретін оқытудың жаңа формасы. Бұл - оқытушы мен білімалушының ғаламтор технологиялары арқылы өзара қашықтықта өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін оқыту жүйесі. Қашықтан оқытудағы технологиялық компонент - бұл педагогикалық тапсырмаларды шешетін құрал, А.В. Хуторский қашықтықтан оқытуды осылайша анықтайды: «Сырттай оқыту, сырттай білім беру, сыртқы зерттеулер. Білім берудің қалыптасуы шалғай болуды талап етеді, себебі олар қашықтықтан оқытуды білдіреді.

Бүгінде олар кеңінен таралғанымен, қашықтықтан оқытудың қазіргі замаңғы тұжырымдамасы негізінен ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларға және техникалық құралдарға негізделген. Қашықтықтан оқытуға мүмкіндік беретін технологияларды талдау білімнің осы түрінің артықшылықтарын көрсетті: ол тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан қол жетімді; барлық білім беру материалдарына бір мезгілде қол жеткізу мүмкіндігін, жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді, сондай-ақ жұмыстан қолын бос кезде оқып білім алуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар таңдаулы дәрістер, семинарлар, тренингтер, кеңестер және емтихандар оқытушымен қарым-қатынастың бір бөлігі, мысалы кеңес беру, электронды кітапханадан және университеттердің деректер қорынан ақпарат алу Ғаламтор арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Желілік технологиялар - университеттің ғаламтор-серверлерінде орналасқан компьютерлік оқу бағдарламаларын және электронды оқулықтарды пайдалану.

Ғаламтор арқылы сіз мұғаліммен байланыса аласыз, аралық қорытынды сынақтарды аласыз. Бір қатар университеттер нақты уақытта дәрістер мен семинарлар өткізеді.

Қазақстанда білім берудің мұндай түрі республиканың географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, маңызды болып табылады, себебі ол оқу орнына баруға мүмкіндігі жоқ адамдарды оқытуға мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін білім алудың қолайлы тәсілі болып табылады.

Бүгінгі күні жауап беруге қиын болатын көптеген сұрақтар бар. Мысалы оқытушы бар, бағдарламашы-әзірлеуші бар, бірақ олар бір-бірінен бөлек жұмыс істесе, онда қашықтықтан оқыту мүмкін емес, өйткені оқытушы оқу бағдарламаларының кейбір тұстарын өз бетінше түсінуге қабілетсіз болады (прогресті тексеріп, тапсырманы білім алушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес өзгертіңіз), ал егер бағдарлама әзірлеуші болмаса, оқу технологиясын ескере отырып, қашықтықтан оқыту жолын дамыта алмайды. Білім алушылардың компьютерлерінде бағдарламаларды орнату, жұмыс барысында пайда болған жағдайда ақаулықтарды жою үшін, керекті мамандар қажет.

Көптеген оқытушылар үшін желілік проблема: ресурстарды және құралдармен жұмыс істеуді үйрену керек, сонымен қатар, бұл жүйе оларды жұмысынан айыра алады деп санайды. Бұдан басқа, білім алушыларды өз бетімен жұмыс істеуге ынталандыру қажет. Осылайша, Қазақстанда қашықтықтан оқыту басқа елдермен салыстырғанда баяу дамып келеді. Кадр саясаты мен кадрларды даярлау мәселелерін шешу үшін ең алдымен осындай мәселелерді шешу қажет. Барлық проблемаларға қарамастан, қашықтықтан білім беру дамуы керек. Себебі қашықтан білім беру технологиялары жеке біліктілікті арттыру курстарын және жоғары білім алу үшін қолданылады. Сол үшін ғаламторда оқыту бірнеше маңызды артықшылықтарға ие деп санаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Методика и технологии дистанционного обучения» сайтынан алынған материалдар. ido.tsu.ru/bank.php/course.
2. «Системы дистанционного обучения «Прометей»» сайтынан алынған материалдар. www.prometeus.ru/products/.
3. Тихомиров В.П. Дистанционное образование в России // Дистанционное образование. 2012

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

АБЕНОВА Г. С.

КМҚК «Тілек» бөбекжайы

Балаларды шығармашылыққа баулу

Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады.
(Уильям Уорд)

Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу ел қатарына ену стратегиясы мен әлеуметтік – экономикалық жаңартудың жаңа кезеңі білім беру жүйесін одан әрі дамыту қажеттілігін анықтайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, үздіксіз білім беру, жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде өзгермелі өмірге табысты бейімделуге қабілетті жеке тұлғаға жағдай жасайды. Дер кезінде берілген мектепке дейінгі білім әрбір бала үшін қандай маңызды болса, елдің өркендеуі үшін де сондай құнды.

Баланы ерте сәбилік кезеңнен бастап іс-әрекетке бейімдеу ата-ананың тікелей борышы, соның ішінде бейнелеу өнерімен айналасу баланың сүйікті де қызықты әрекеттерінің бірі. Сурет салу, мүсіндеу, қиып жапсыру арқылы баланың шығармашылық белсенділігі артып ой-қиялы дамиды. Баланы жан-жақты дамытудың қажеттілігі тек балабақшада ғана емес үйде, отбасы тәрбиесінде жүйелі жүргізілгенде ғана өз жемісін бермек. Оны өмір де,

тәжірибие де дәлелдеп отыр. Баланың ашатыны – субъективті жаңалық. Ол тек баланың өзі үшін ғана жаңалық болып табылады. Халқымыздың ұлы ұстазы Абай өзінің қара сөздерінде баланың өмірге келгендегі қабілеттерін әрі қарай дамыту, шындау қажет. Егер, ол қабілеттер, назардан тыс қалса, қабілеттер бара-бара жойылып жоқ болады деп көрсеткен.

Ал, аса көрнекті психолог В.С. Выготский шығармашылық деп – жаңалық ойлап табатын іс-әрекетті атаған. Білім берудің мақсатында көрсетілгендей құзыреттілікті, қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны қалыптастыру мен дамыту, дәл қазірге уақытта жаңа заманның талабы болып отыр. Сол талапты орындауда біздер оқу – тәрбие үлгісін құра отырып, балалардың шығармашылықпен жұмыс жасауына алуан түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекет етуіміз қажет. Сонымен қатар балалар ойлау қабілетін және орындау дағдыларын игере бастайды, ал түрлі билерді орындағанда түрлі би қимылдарын, музыкалық ойын образдарын өздерінше беруге талпынады. Балалардың осындай шығармашылығын ұйымдастыра отырып, өмір сүруге қабілетті өзіндік дамуға даяр, өзін таныта ойлайтын және өзі үшін де қоғамы үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын тұлғаны тәрбиелеуге талпынудамыз.

Жаңа заман талабына сай жаңаша білім беру мазмұнын құру кезінде тұлғаға бағдарланған сапалы білім беруді іске асыру үшін, балаларды шығармашылыққа баули отырып, құзіреттілікке жеткізудің бір жолы – баланың жеке дамуын қалыптастыру, Диагностикалау арқылы нәтижеге жету жүйесін құру. Дәл қазіргі уақытта балалардың танымдық іс-әрекетін тереңдете отырып, оларды шығармашылық құзіретке баулуға біздің іс-тәжірибелерімізде әлі де қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер, жаңа технологияларды қолдана тұлғаға бағдарланған сапалы білім беруге шығармашылыққа баулу үлкен орын алатынын біле отырып, өз болашақ жұмыс жүйемізді жүзеге асырудамыз. Балаларды дамыту үшін сезімдік эмоцияналық орта мен эстетикалық талғамын шығармашылықтарын ойлау мәдинетін қалыптастыру қажет.

Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бойындағы шығармашылық құндылықтарын дамыту арқылы сапалы білімге жету.

Міндеттері шығармашылыққа апаратын әдіс тәсілдер жүйесін анықтау. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Шығармашылық қабілеті бар баланың ата-аналармен жұмыс жүргізу. Бала дамыуын психологиялық тұрғыда зерттеу, зерделеу. Шығармашылыққа баулитын пәндік дамытушы ортаны құру. Кіріктірілген, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жаңаша құру. Балаларды шығармашылыққа баули отырып оқыту процессін ұйымдастыру. Шығармашылыққа апаратын әдіс – тәсілдер жүйесін тиімді орындау. Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда психодиагностикалық зерттеулер жүргізу арқылы анықтап алып, жұмыстар жүргізу. Шығармашылыққа қабілеті бар балалардың ата-аналарымен ынтымақтастық жүйесін құрып тығыз байланыста болу.. Балаларды шығармашылық қабілетін дамытуға ыңғайлы дамытушы пәндік орта, ыңғайлы жағдайлар жасау тиімді болады. Егер, балаларды шығармашылыққа баулудың жолдарын жаңаша құра отырып, қандай да бір нәтижеге жететін болсақ, онда біз баланың шығармашылық белсенділігін арттыра отырып, бала бойында болу керек барлық құзыреттіліктерді қалыптастыруға қол жеткізер едік. Шығармашылық - білім саласының базалық мазмұны, ұйымдастырылған оқу қызметі, сурет, мүсіндеу, жапсыру, музыка, т.б пәндер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтап, олардың шығармашылық қабілеттерін іс тәжірибе жүзінде дамыта аламыз. Сурет салу – кез келген баланың сүйікті әрекетінің бірі, бала сурет салу арқылы өзін қоршаған орта туралы түсініктері тереңдеп, онымен өзі тікелей тілдескендей болады. Түстер мен сызықтар, заттар мен құбылыстардың бейнесін көз алдарына елестетіп, кеңістікті бағдарлауға үйренеді. Ең бастысы бейнелеу өнеріне алғашқы қадам жасалады. Мүсіндеу жұмыстарымен айналысу арқылы балада қуанышты көңіл-күй сезімдері пайда болып, көз мөлшері, саусақ бұлшық еттері жетіледі, қолдың қимыл қозғалысының үйлесімділігі дамиды. Күні бойы балабақшада болғанмен де бағдарлама мазмұнын толық меңгеру, оның талаптарын толық қанағаттандыру әртүрлі объективті және субъективті себептерге байланысты толық мақсатқа жете бермейді, сондықтан баланың балабақшада үйренгеніне ата – аналар назар аударып, оның дербес іспен шұғылдануына, мүсіндеуіне бағыт беріп, көмектесулері керек.

Түрлі ойын тәсілдерін қолдана отырып, баланы саз балшықтан түрлі мүсіндер жасауға қызықтыру қажет. Жапсыруда қағаз бетіне кеңістікті дұрыс бағдарлай орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Қиылған кесінділерді түстеріне, пішініне, көлеміне қарай таңдай білуіне үйрету. Түстердің үйлесімділігін және әшекейлеуге әсемдікті сезіндіре білуге баулу. Желімдеудің тәсілдерін меңгертіп, ұқыпты жұмыс істеуге машықтандыру. Қиылған пішіндерді түсіне және көлеміне қарай үйлестіре білуге, біртектес бірнеше пішіндерден белгілі бір заттың белгісін жапсыруға үйрету. Жапсыру барысында әсемдік пен сұлулықты сезіне білуге, ұнатқан түстерді таңдауға сонымен қатар өз қабілеттеріне қарай шығармашылық ой - өрісін кеңейтіп, алдын ала қиып дайындалған қағаздардан жұмыс істеуге үйренеді. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа баулып, бастаған жұмысын аяқтап, нәтижесіне жетіп қуануға тәрбиелеу. Музыка балабақшада балаға музыканы тыңдау, түсіну, есте сақтау, ажырата білу, ән салу, би билеу, композиторларды, аспаптарды, ұлттық аспаптарды тану қабілеттері қалыптасқан. Баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру музыка жетекшісінің алдына қойылған аумақты да жауапты іс. Көркем әдебиет сабақтарында балаларды ертегі, шығармалардың мазмұнына аса қызыға мән беріп, жақсы мен жаманды ажыратып, қойылымдарды актерлік шеберлілік пен сомдау арқылы шығармашылық қабілеттері қалыптаса бастайды. Белгілі ақын, жазушылардың туынды өлең шумақтарын мазмұнын жете түсініп жатқа айту шығармашылық шеберліктеріне балаларды баулу.

Эстетикалық бағытта бейнелеу іс - әрекеті сурет, мүсіндеу, жапсыру түрлері, еңбек тәрбиесі, құрастыру және музыка сабақтары арқылы балалар, эстетикалық қабылдауын, сезімін, көркемдік талғамын дамыту іскерлік – дағдыларды меңгеруге, ұлттық қол өнер ерекшеліктерін оның әсемдігін сезінуге көңіл бөледі. Баланың белсенділік құзыреттілігі – даму деңгейі баланың пайда болған танымдық қажеттіліктерін, мәселелерін өз бетінше жеңуі үшін керек, өзінің бағытын анықтау, қоғамдық өмір нормалары мен ережелерін тең дәрежеде орындау үшін, баланың дамуы – ұйымдастырылған және ұзаққа созылатын процесс, тәжірибе жұмыс барысында бала қозғалыстың түрлеріне, ойлау, сөйлеу, қабылдау және қарым-қатнасты үйренеді. Инновациялық процесс – жаңа технологияларды, жаңалықтарды енгізуге бағытталған шаралар кешенділігі, интеграция – жеке дифференциаланған бөліктердің байланысқан қалпы және жүйенің тұтастық қызметі. Балалар мен шығармашылыққа баулуда нәтиженің түсінікті нақты бейнесі, оған жетуге адамның әрекеті бағыттала отырып жүзеге асады.

Мектепке дейінгі білім – ерте және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейі, ол мектепке дейінгі білім бағдармаларының сабақтық өзара әрекеттесу жиынын құрайды, олар мектепке дейінгі ұйымдар желісінде, мектепалды сыныптарында, мектепке дейінгі топтарда жүзеге асады;

Отбасы – тәрбиенің әлеуметтік институты онда ұрпақтардың сабақтастығы, балалардың әлеуметтенуі, отбасылық құндылықтар мен мінезқұлық стереотиптерін беру іске асырылады. Педагогикадағы тәрбие – тұлғаның дамуына әсер ететін арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын процесс.

Педагогикадағы процесс – өсіп келе жатқан ұрпақты білімді, мәдениетті, жан-жақты дамыған адамдар қылып даярлау мақсатындағы тәрбиелеу мен оқыту процесі. Дамымалы қоғам үстінде отырған өзгермелі заманда тұлғаға бағдарланған нәтижелі білім беруде балаларды шығармашылық құзыреттілікке апару білім беру жүйесінде қызмет етіп жүрген барлық педагогтардың міндеті. Балаларды шығармашылыққа баулу іске асырылатын болса, кезеңдік мониторинг жүйелі жасалып отырса, сапалы білімге қол жеткізетінімізге күман жоқ. Болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектену білетін рухани ойлау дәрежесі биік, отан сүйгіш, еңбекқор, іздемпаз, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу – балабақша мен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп осы жұмысты меңгерсе өз үйлесімін табады. Бүгінгі таңда балабақшалардың ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру екені анық. Әр баланың қабілетін бағамдап, дарынының ашылуына, өзіне-өзі сенімін нығайтуына себепкер болу – ұстаз бен тәрбиешінің рухани деңгейде өзі ғана сезінер міндеті. Педагогиканың барлық түрлерін меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын, шығармашыл тұлға ретінде білімділігімен, шеберлігімен,

ұлағатты сөзімен шәкіртін өз пәніне қызықтырып, ұшқыр ойлы баланың бойынан шығармашылық қабілетті аша білу де оның міндеті! Жан Жак Руссо «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау» деген. Өзінің баласымен қатар өзгенің баласының да жай-күйін ойлап, алас ұратын – Тәрбиеші -ұлағат.

Тәрбиеші – Ұлылық. Ұлылығы сол емес пе, оның алдынан өтпейтін ешбір мамандық жоқ. Ана да, бала да, дана да, аға да тәрбиеші алдына жайнаң қағып келіп, ерекше бір құрметке бөлейді, бөленеді де. Қиянатқа жол бермес әділдіктің, жамандыққа жол бермес адалдықтың, жалқаулыққа жол бермес, жауапкершіліктің, қатыгездікке жол бермес асқан мейірбандылықтың, ақымақтыққа жол бермес, парасаттылықтың, қараңғылыққа жол бермес білімпаздықтың асқан үлгісін танытатын да – Тәрбиеші. «Қыран түлегіне қайрылмас қанат сыйлайды, ұстаз түлегіне алға бастар талап сыйлайды» деген халық сөзі рас. Себебі баланы тәрбиелеп оқытады, өзі де өмір бойы оқиды.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген, «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «Ана тәрбиесін алған», «Ана сүтін еміп өскен» деген сөздермен мағыналық жағынан сондай бір жағымды ой беретін, көрегенділік танытатын секілді. Тәрбиешінің бар байлығы, бағы - оның шәкірті. Оның дәлелі – кезінде тәрбиеленуші болған өзіммін, әрі бүгінде сондай тәрбиеленуші іздеп жолға шыққан тәрбиешімін. «Жүз есе тырыссаң да мезгілі жетпей іс бітпейді» депті дана Құтып. Бала жанының бағбаны болуға ұмтылған талабымның қанатында атқарар біраз шаруа бар. Тәрбиешінің қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір баласына асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі балаға да, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Білім мен тәрбие беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті. Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасады. Ол үшін бүгінгі тәрбие үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отырғандықтан тәрбиешілерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Ал тәрбиеші жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр – сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызады. Өйткені жаңа заман баласы – бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық қазынасы. Егеменді еліміздің ертеңін ойлап, білімді де саналы Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты жас бүлдіршіндерді тәрбиелеуде өзіндік үлесімді қосып басқаларға үлгі болып, ізбасарларым менен өнеге алса екен деймін.

Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан- жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балабақшада балалардың ой- өрісін дамыту үшін сабақты ойын арқылы өткізудің маңызы зор. Ұстаз балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізу. Балабақшада тек баланы ойын арқылы тілін, ойын дамыту. Ойын кез- келген баланың пәнге қызығушылығын оятып, болжау қабілетін дамытады. Баланы балабақшадан бастап жақсы мінез- құлыққа, мейірімділікке, инабаттылыққа, жасы үлкенді және бірін- бірі сыйлауға үйрету ата- аналар, ұстаздар мен тәрбиешінің міндеті. Балалармен жұмыс тәрбиешіден көп күш пен қуатты талап етеді.

Балабақшада бала тілінің дұрыс дамуына аса назар аударған жөн. Қазақ халқы арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ т.б. арқылы тәрбиелеп отырған. Тәрбие басы, біріншіден әдептілікке үйретуден бастаған. Екіншіден баланы қайырымды, мейірімді болуға баулыған. Үшіншіден тіл алғыш, шыншыл, ата- ананы, үлкенді

сыйлап, кішіні құрметтеуге, сонымен қатар ел қорғаған батыр болып, халық алдында қызымет етуге тәрбиелеген. Баланың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы мектепке дейінгі жас шағында қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, естігенін, қиялын, ойын тіл арқылы білдіреді. Балабақшада да тәрбиеші баланың ойын, тілін, сурет арқылы сөйлету немесе сөйлем құрау арқылы дамытады. Балабақшаларда балалардың жан- жақты тәрбие және білім алуына жағдай жасалып топ бөлмелерін қажетті көрнекіліктермен жабдықтау арқылы баланың қызығушылығын ояту керек. Тәрбиеші тек қана тіл білетін адамды тәрбиелеу емес, сонымен бірге алған білімін іс жүзінде орындау, еңбек ету, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі қатар жүру болып саналады. Қазіргі кезде білім беруге деген көзқарас түбегейлі өзгерген. Соңғы жылдардғы зерттеулер, барысында, мұнда бірінші орынға білімді қабылдауға деген балапалардың көзқарасы қойылып отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуымен ақыл ойының дамуы және танымдық белсенділігін арттыру мәселесі баланың ерте балалық шағынан басталады. Бұл кезде баланың ойлау қабілеті белсенді түрде қалыптаса бастайды. Баланың алғашқы салыстыру, жалпылау, жүйелеу сияқты біліктері оның сөйлемді дұрыс, логикалық тұрғыдан айқын құрастыра білуіне байланысты. Керісінше, егер бала ауызекі тілді дұрыс меңгермесе, онда оның жоғарыда айтылған қабілеттері баяу дамиды. Баланы көп қырлы іс - әрекеттен босату үшін математика сабақтарында ауызша жаттығуларды көбірек қолданған дұрыс.

Шығармашылық жұмысының өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту. Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И. Кант . Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды В.С.Соловьев, В.Н.Лосский. Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді. Белгілі ғалым Л.С. Выготский былай деп жазған: «Қызығушылық-бала қылығын итермелеуші күш. Баланың іс-әрекеті оның органикалық қажеттілігімен сәйкестілігін көрсететін инстинктивті ұмтылыс. Тұлғаны қандай да бір іс-әрекетке шақырғыңыз келсе, ең алдымен оның қызығушылығын тудыру қажет. Оның сол іс-әрекетке дайын екеніне және оны орындауға барлық күшін бағыттайтынына көз жеткізу керек. Сонда ғана тұлғаның іс-әрекетті өз бетінше істей алады, ал тәрбиеші тек қана оның іс-әрекетін басқарып және бағдарлап отырады».

Ал, тәрбиешіге психологиялық білім өзіне-өзі белгілі талап қоя білу үшін де және балаларды білу, білім беру және тәрбиелеу үшін де қажетті өзіндік жеке адамдық қасиеттерді дамытуға да керек. Ал баланың оқуға қызығушылығын тудыру тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі мен қабілетіне байланысты болады. Бұл негіз ең біріншіден педагогтың жеке қасиетіне, қабілетіне, баламен қарым-қатынасына, олардың әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруына қарай құрылады. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты, балаларды заманымызға сай етіп оқытып-тәрбиелеу үшін педагогтарға кәсіби және жеке тұлғасына талаптар қойылады, ізденімпаз, жаңашыл, креативті және т.б. Педагогтың жұмысы табысты болуы үшін әрбір баланың психологиясын жақсы білуі тиіс. Баланы тәрбиелеп, оған білім беру, ақыл айту – кішкентай ағашты күтіп-баптап, қисық өспей, түзу өсуіне, айналасына пайдасы тиетіндей деңгейге апарумен пара-пар игі іс. Қазақ әдебиетінің ірі өкілі Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін «Ұстаз – шәкірттерге сабақ берумен, білім үйретумен шектелген маман иесі емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, келешекте жазатайым аяғын шалыс басып, өмірден соққы жеп, өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы» деп бағалаған. Сондықтан «Тәрбиеші» атты жанға білімділікпен қатар асқан шеберлік керек. Әрине, бұл оңай іс емес, алайда оған да қол жеткізуге болады. Техниканың дамыған заманында, дамытып отырған сенің өзің, сенің шәкіртің. Оның тетігі өз қолыңда! Тек бұл орайда тәрбиешіге бала жүрегіне, санасына жол салатын біліктілік, іскерлік, ізденімпаздық керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «2.3. Тілдерді дамыту» 28 қаңтар, 2011 ж.
2. «Балабақшада мектепке дейінгі балаларды дайындау» М.Сансызбайқызы, Ф. Ниязбекқызы, Ә.Сләмханқызы. 15.08.2000 жыл.
3. «Отбасы мен балабақша» 2005- №5, 2008- №7,8. Е. Арын, С. Бейсенбаева.
4. «Отбасында мектепке дейінгі балаларды дайындау» Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы. Алматы 2000 жыл.
5. «Бала тәрбиесі» З. Ахметова, С. Ғаббасов, Ә. Қасымова. 2009 жыл.
6. «Отбасы мен балабақша» С. Әбішқызы, С. Бәтебаева, Ф. Жұмабекова. №5 2009 жыл.

"ФИЗИКА МҰҒАЛІМІ" БІЛІКТІЛІГІ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРГЕ КӘСІПТІК БАҒЫТТАЛҒАН ЛЕКСИКАСЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

САЙРАМБЕК Д., ГАБДУЛЛИНА Б.А.
Қарағанды “Bolashaq” жоғарғы
колледжі

Үштүғырлы тіл – өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтін отырған. Бірнеше тілде сөйлей де жаза да білетін азамат өз елінде де, шет елдерінде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналары сөзсіз.

Әлемдік экономиканы жаһандандырудың қазіргі заманғы процестері білімнің түрлі салаларында шет тілдерінде тиімді кәсіби өзара іс-қимылды талап етеді. Шетелдік әріптестермен қарым-қатынас үлкен кәсіби құндылыққа ие болады, маманның бәсекеге қабілеттілігін едәуір дәрежеде қамтамасыз ете отырып, негіз қалаушы, кәсіби қасиеттерді тұрақтандыруға және дамытуға әсер етеді.

Халықаралық қарым-қатынас барысында өзінің кәсіби қызметін сапалы жүзеге асыру үшін колледж түлектеріне қолданыстағы білім беру стандарттарына сәйкес оқытуды жалғастыруға және өзге тілді ортада кәсіби қызметін жүргізуге қабілетті болу қажет. Орта-кәсіби, жоғары, кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарттары оқытудың жаңа технологияларын әзірлеуді міндеттеп отыр, оларды қолдану қазіргі заманғы тез өзгеретін жағдайларда бейімделуге қабілетті жоғары білікті және кәсіби мобильді мамандарға әлеуметтік тапсырысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Колледж түлектері отандық және халықаралық инновациялық жобаларға қатысуға, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік ғалымдардың алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктерін пайдалануға дайын болуы тиіс.

Тілдік емес топтар студенттерінің шет тілді даярлық деңгейіне қойылатын талаптардың өсуі мамандардың біліктілігіне және оларды оқыту жағдайларына байланысты өзгерістерді ескеретін оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу қажеттілігін негіздейді. Жаңа талаптар туралы мәселені қарастыра отырып, шет тілін жалпы меңгерген мамандарға, сондай-ақ кәсіби дәлме-дәл терминологияны меңгерген мамандарға деген қажеттіліктен шығу қажет, бұл жалпыға бірдей әлемдік компьютерлендіру мен ақпараттандыру аясында үлкен өзектілікке ие болады [1].

Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес студент-физиктер бейресми және ресми қарым-қатынастың негізгі коммуникативтік жағдайларындағы ең көп қолданылатын және салыстырмалы қарапайым лексика-грамматикалық құралдарды пайдалана отырып, диалогтық және монологиялық сөйлеуді, сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу негіздерін (ауызша хабарлама, баяндама) меңгеруі тиіс [2].

Халықаралық экономикалық байланыстарды кеңейтудің қазіргі жағдайында шет тілдерін меңгерудің осындай деңгейі бар жоғары білікті мамандар даярлау қажеттілігі бар, яғни ол дегеніміз шетелдік әріптестермен кәсіби қызметте тікелей қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маман. Кәсіби білім беру мекемелерінің тілдік емес мамандықтары

студенттерінің ағылшын тілін оқыту контекстінде өзекті міндет олардың мамандық терминдерін білуін меңгеру, сонымен қатар одан әрі қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін кәсіби бағытталған оқу тапсырмаларын орындау үшін тар мамандандырылған лексиканы қолдану дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру болып табылады.

Ағылшын тілін білу құнды дағды болса да, физика пәні бойынша ағылшын терминологиясын білмей сөздер мен сөз тіркестерді түсіне алмайды, өйткені физиктер үшін ағылшын дәстүрлі ағылшын тілінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Бұл феноменді "тіл ішіндегі тіл" деп атауға болады. Физика-математикалық ағылшын тілін білу кәсіби физикаға арналған жеке дағды болып табылады.

Қазіргі заманғы әдістемеді кәсіби бағытталған лексиканы оқыту мәселесі кеңінен баяндалады. Алайда, физик-студенттерде кәсіби бағытталған лексикалық құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері толық көлемде шешілген жоқ. Осыған байланысты оқытушылар ортасында физика-математика мамандықтары студенттерінің кәсіби бағытталған лексикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін одан әрі жетілдіру қажет [3].

Негізгі мәселе студенттерге қысқа мерзім ішінде арнайы лексиканың көп санын игеру, көптеген мәтіндерді пысықтау, кәсіби лексикада грамматикалық ережелерді қолдануды үйрену, сонымен қатар басқа да барлық сұрақтарға жауап беру, басты мамандандырылған терминдерінің негіздерін түсіну ұсынылады, өйткені фондық білімсіз арнайы әдебиетті түсіну мүмкін емес [2].

Ағылшын тілін оқытудың шетелдік әдістемесінің классигі Майкл Уэст ауызша сөйлеуге арналған өз жұмыстарында нақты сөйлесу жағдайларын жасау қажеттігін және диалогтың маңыздылығын, сөздік минимумын меңгерудің қажеттілігін көрсетеді. Уэст ең табысты тіл саналық және шет тілін меңгеріп, осы іс-әрекеттерді орындау арқылы үйренуге болатынын атап өтті.

Қазіргі ағылшын әдіскері Скотт Фэрнбэри сөйлеудің нақты уақытта орын алатынын атап өтеді, сонымен қатар сөйлеушінің сөйлеуге үйренгенде сөйлеу автоматтарын қалыптастыру өте маңызды [4].

Шет тілі оқытушыларының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – физика-математика мамандықтарының студенттерін кәсіби мәтіндерді шет тілінен ана тіліне аударуға үйрету.

Әр түрлі жанрдағы физика-математикалық мәтіндерді жазбаша және ауызша түрде дәл аудару алатын мамандарды дайындаудың маңызды қажеттілігі бар. Арнайы оқулықтар мен сөздіктерсіз мұндай міндет өте күрделі болып табылады, өйткені қазіргі уақытта студенттерге физика-математикалық аударма бойынша жеке терминдердің аудармалы баламалары мен терминологиялық сөз тіркестерін қамтитын құралдар ұсынылады.

Кәсіби қарым-қатынас тек әлеуметтік байланыстар шегінде шет тілін еркін меңгеруді ғана емес, сонымен қатар мамандық бойынша әдебиетті оқу барысында студент меңгеретін кәсіби бағытталған лексиканы еркін меңгеруді білдіреді.

Уақыт жетіспеу және лингвистикалық дайындық жеткіліксіз болған жағдайда, физик-студенттердің ағылшын тілді коммуникациясын оқытудың ең тиімді тәсілі мамандық бойынша мағыналық жүктеме алатын және болашақта талап етілетін физикалық ұғымдарды қамтитын жалпы физика бойынша қазіргі дәлме-дәл мәтіндерді оқу болып табылады. Мұндай оқыту сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастырады, бұл болашақта кәсіби ортада қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Ол үшін монологиялық сөз сөйлеумен қатар конференция форматында диалогтар мен талқылауларды жүргізуге үйрету қажет [6].

Физик-студенттерді оқытудың мұндай тәсілі оларға кәсіби ағылшын тілді коммуникация дағдыларын үйретуге және сөйлеудің ғылыми стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біздің колледж қабырғасында оқытын физика-математика мамандықтарының студенттеріне шет тілін кәсіби бағдарлы оқытудың реті алғы шарттары және шет тілді оқытушылардың сабақта қолданатын материал үлгілері ұсынылады:

- білім алушыларды жалпы және физика-математикалық терминологиямен таныстыру қажеттілігі
- дәлме-дәл мәтіндерді оқу

- жеке сөздікті құру бойынша өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру және кәсіби қарым-қатынасқа қажетті күнделікті қарым-қатынастың ең кең таралған жағдайларының сценарийі ретінде өтетін ауызша кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгеру [7].

Физика-математика мамандығының болашақ студентін оның кәсіби дайындығының мазмұнын құрайтын мәселелерді талқылауға дайындау үшін, оның мамандығы бойынша студентке әдебиетте бағдарлауға мүмкіндік беретін прагматикалық сипаттағы іскерлікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін мәтіндерді таңдау қажет.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайы студенттерді рецептті, репродуктивті емес, сонымен қатар сөйлеу қызметінің жемісті шығармашылық түрлерін тез және сапалы оқытуға мүмкіндік беретін шет тілін оқытудың жаңа моделін талап етеді.

Әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялау процесі маманның өз кәсіби қызметін басқа социумдар өкілдерімен тілдік ынтымақтастық арқылы жүзеге асыруға дайындығын бірінші дәрежелі қалыптастыруды талап етеді. Маманның өз мамандығының кәсіби шет тілін білуінсіз мұндай ынтымақтастық жүзеге асырылмаған болып табылады. Еңбек нарығындағы қазіргі заманғы жағдайлар білім беру мекемелерінен кәсіби шет тілін меңгерген, өз тәжірибесін үнемі жетілдіруге, өзінің даралығын дамытуға қабілетті, оның ішінде шет тілінің көмегімен – осы тілдегі кәсіби коммуникацияға баулу арқылы білікті мамандарды даярлау қажеттілігін талап етеді.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар жол десек, үш тұғырлы тіл-бәсекеге қабілетті ұлт болудың игі бастамасы. Үштілді меңгерген жас ұрпақтың болашағы жарқын, алар асуы мен бағындырар белесі мол болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Касимова Р.Н. Шет тілін оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану ерекшелігі. — Астана, — 16, 17-б.
2. Бегазова М.Ж. Шетел тілі сабағында білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // Мектептегі шет тілі. — 2011. — № 4. — 28–31-б.
3. Жұмаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. — Қызылорда: Санат, 2012. — 20–24-б.
4. Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі // Мектептегі шет тілі. — 2011. — № 4. — 23–25-б.
5. West M. Teaching English in Difficult Circumstances. London, 1960.
6. Ибрагимова С.Е. Тындап-түсіну, сөйлеу дағдысын арттыру шеберханасы. // Респ. пед. журн. «Мастер-класс». — 2009. — № 11. — 46-б.
7. Мадиева С.С. Benefits of extracurricular activities for students // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. — № 1. — 4, 5-б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН БІЛЕТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІ БІЛІКТІЛІГІ БОЙЫНША ТІЛДІК ЕМЕС СТУДЕНТТЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ЖАЗБА ТІЛІН ДАМУЫ

САЙРАМБЕК Д.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы
колледжі

Қазіргі уақытта шет тілінің қазіргі қоғамдағы маңызын асыра бағалауға болмайды. Колледж әрқашан қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындап, оқыту процесін, оның мақсаты мен міндеттерін де осы тапсырысқа сай өзгертеді. Атап айтқанда, оқытудың практикалық мақсаты мынадай: шетел тілін үйрету – шетелдік сөйлеуді үйрету – шетел тілінің сөйлеу қызметін үйрету – шетел тілімен қарым-қатынас жасауға үйрету.

Жазу тілін оқыту кезінде шешілетін міндеттер жазу тілінің оқыту мазмұнын меңгеру үшін жасалған жағдаймен байланысты. Аталған міндеттергестуденттердің қажетті графикалық белгілерді қалыптастыру, жазбаша стильге сәйкес ой тұжырымдау, білім мен ой-өрісін кеңейту, сөйлеу шығармасының мазмұнын жасау, мәдениет пен интеллектуалдық дайындықты меңгеру, жазбаша мәтіннің мазмұны, сөйлеу стилі мен графикалық нысаны туралы дәлме-дәл түсініктерді қалыптастыру дағдылары кіреді.

Жазбаша тіл қызметі – жазбаша сөзде ойды мақсатқа сай бағытталған және шығармашылық тұрғыда аяқтау, ал жазба тілі – жазбаша тілдік белгілерде ойды қалыптастыру және тұжырымдау тәсілі (Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, Tricia Hedge) [1].

Н. Ю Вторушинаның пікірінше, шетел тілін, жалпы кез келген тілді үйренуде немесе үйретуде жаза білудің, жазбаша тілдің маңызы зор. Өйткені жазбаша тіл – бұл жазбаша сөздегі ойдың мақсатты және шығармашылық іске асуы, ал жазбаша сөз – ойды жазбаша тілдік белгілерде қалыптастыру мен тұжырымдау тәсілі. Студенттердің жазбаша дағдылары көпжағдайда сөйлеу қызметінің басқа түрлеріне үйрену деңгейінен елеулі қалып қояды [2].

Біздің заманымызда шет тілін меңгеру заман талабына айналғандықтан, біз ағылшын тілін халықаралық қатынас тілі ретінде деп санаймыз, яғни ол дегеніміз тілді оқытудың ендігі мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Шын мәнінде ол интегративті және бірнеше негізгі компоненттерді қамтиды:

- коммуникативтік, тыңдалым, оқылым және жазу дағдылары;
- ақпаратты құру және тану үшін тілдік білім және тілдік материалды меңгеру дағдылары;
- коммуникативтік құзыреттілікті толыққанды қалыптастыруға мүмкіндік беретін әрі әлеуметтік-мәдени білімді қамтамасыз ету үшін лингвистикалық елтану және елтанушылық білім.[3].

Қазіргі заманғы әлемде жазу тілінің рөлі тым жоғары деген пікірмен әр сауатты азамат келісе алады. Жазу бізге шексіз, бірақ сенімді қызмет етеді. Сөйлеу түрі және жазу өнімді әрі сапалы қызмет түрі болып табылады, бірақ жазба тілдік нұсқалардың жағдайымен байланысты бірқатар міндеттер пайда болады.

Бұл қандай міндеттер және осыдан туындайтын жазба тілінің сапасы қандай деген сұрақ туындауы мүмкін. Сөйлеу мен жазудың арасында психологиялық және лингвистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық бар. Профессор А.И.Гальперин: «бәрінен бұрын, ең алдымен, тікелей реципиент пен аралық кері байланыстың болмауын атап көрсету керек» дейді. Сөйлеп тұрған адам тыңдап тұрған адамның әрбір фразаны мұқият тыңдап, соған сай реакциясын тікелей көре алады, бұл оның сөзін реттілікпен сөйлеуіне әсер етеді; жазатын адам бұл реакцияны алдын ала болжауы мүмкін, сондықтан оның сөзі неғұрлым негізделген, толық баяндалады. Жазатын адам ең алдымен тиісті оқиғаға сәйкес реципиентті көрсетіп, сосын өз пікірін айта алады. Бұл жазатын адамға болған оқиғаны неғұрлым толық сипаттауға мәжбүрлейді, әйтпесе қате бұрмаланып кетуі мүмкін [4].

Жазба тілді оқытуға қойылатын талаптар:

- шетел тілін меңгерудің қол жеткізілген бағдарламалық деңгейіне сәйкес тілдесу
- танып білу және шығармашылық тәсілі ретінде шетел тіліндегі жазумен қалай практикалық жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Жазба тілді үш жазықтықта: мазмұны (ойлау), бейнелеу (сөз) және орындау (графикаларды) қарастыруға болады. Жазба тілдің мазмұны оның қызметтік мақсаты және міндеттерімен анықталады [2].

Жазу да сөйлеу сияқты үш жиілікті құрылыммен сипатталады: түрткі салу-мотивациялық, аналитикалық-синтетикалық және орындаушылық. Түрткі салу-мотивациялық бөлігінде мотив пайда болады, қажеттілік түрінде сөйлесуге деген ниетінің болуына, жазбаша түрде бірнәрсені беруге, қандай да бір ақпаратты хабарлауға байланысты. Жазатын адам өзінің түпкі ойын айтқысы келеді. Аналитикалық-синтетикалық бөлігінде сөйлеудің өзі қалыптасады, іске асырылады: мәтінді құрастыру үшін қажетті сөздерді іріктеу, тақырыптық белгілерді ұсыныстар тобына бөлу, сөйлемдер арасындағы

байланыстарды мағыналық ұйымдастыруда предикатты немесе өзекті бөлігін атап көрсету. Жазба тілінің орындаушылық бөлігі қызмет түрі ретінде жазбаша мәтіннің графикалық белгілерінің көмегімен өнімді көрсетумен іске асырылады [5].

Жазу оқумен тығыз байланысты, себебі,оның негізінде тілдің бірдей графикалық жүйесінің бар болуында. Екеуінде де графемно-фонемдік сәйкестік белгіленеді. Дегенмен де бұл тек әр түрлі бағытта болады, яғни, әріптерден бастап дыбыстарға дейін оқу кезінде, ал дыбыстардан әріптерге дейін жазу кезіндегі бағыттар.

Сонымен жазу студенттердің білімі мен дағдыларын жүйелендіру, оларды өзіндік бақылау мен өзіндік түзетуді жүйелендіру үшін қажет. Жазу үлкен маңызға ие, біздің қалай ойлайтынымызға және қалай оқитынымызға, сонымен қатар біздің жеке дамуымызға және басқа адамдарға деген қатынасымызға әсер етеді. Аталған қызмет түріне оқыту қажеттілігінің 5 себебін атап көрсетуге болады:

1. жазу адамның қалай ойлайтынына байланысты әсер етеді. Ол бізге тыңғылықты болуға үйретеді, ой қызметін логикалық тұрғыдан тұжырымдауға көмектеседі.

2. жазу біздің оқуымызға көмектеседі. Ол ақпаратты іріктеуге, сұрыптауға, ең негізгісін атап көрсетуге, нақты айқындауға көмектеседі. Біздің не оқығанымызды есте сақтауға көмектеседі.

3. жазу табысты қамтамасыз етеді, өйткені біздің қалай ойлайтынымызға және оқитынымызға әсер етеді.

4. жазу жеке тұлғалық дамуға әсер етеді. Біз жазу арқылы ойлауды үйренеміз, біздің жеке тәжірибемізге терең әсер етеді.

5. Жазу әлеммен байланыс құралы болып табылатыны мәлім.

Зерттеушілер жазуды үйренуде 3 затты білу қажеттігін айтады: қалай жазуды, жазу процесі кезінде не болады, өзінің жұмысын қалай сындарлы бағалау керек [6].

Біз жазу туралы қызметтің дербес түрі ретінде айтқан кезде, әңгіме жазба тілі туралы екендігінде естен шығармауымыз қажет. Бұл жағдайда жазуды оқыту мақсаты тілдік емес пәндердің студенттерін кез келген сауатты адам өз тілінде жаза алатын мәтіндерді жазуға үйрету. Бұлар:

- ✓ сауалнаманы толтыру
- ✓ ресми және жеке хаттарды қоса алғанда, әртүрлі хаттар мен оларға жауаптар жазу
- ✓ резюме, өмірбаяндар, өмірбаяндар жасау
- ✓ түрлі өтініштер жазу
- ✓ пікір жазу
- ✓ аннотацияларды жазу
- ✓ баяндамаларды жазу
- ✓ шығарма жазу, эссе
- ✓ құттықтау ашық хаттарын жазу
- ✓ жазбаларды жазу және т. б.

Аталған мәтіндерде мазмұны мен құрылымдық жүйесіне ерекше көңіл бөлінеді. Алайда, жазу осы міндеттерді шешу үшін бірден пайдаланылмайды, бастапқыда ол оқу мәнінің жекеленген, жеңіл міндеттерін шешеді. Лексиканы, грамматиканы, фонетиканы оқыту кезінде сөздерді жазусыз, құрылымдарды, ережелерді және т.б. білусіз мүмкін емес. Жазу шет тілін оқытудың барлық кезеңдерінде орын алады. Жазбаша өзіндік және бақылау жұмыстары лексика мен грамматиканы игеруде кеңінен қолданылады.

Оқыту кезеңдері келесі:

1. Графיקаны оқыту;
2. Емлені оқыту;
3. Жазудың әр түрлі формаларына оқыту (негізгі идеяларды, негізгі ұсыныстарды жазу, жоспар құру, тірек сөздерді жазу, мәтіндерді кеңейту немесе қысқарту, тезистерді құру);
4. Әр түрлі жазбаша мәтіндерді жазуға үйрету (резюме, түрлі сипаттағы хаттар жазу, бланкілерді толтыру, мақалаларды жазу, кітаптар, фильмдер мен көрмелерге рецензиялар

жазу, сурет бойынша әр түрлі әңгімелер жазу, жеке өміріндегі оқиғалар туралы, нұсқаулықтар, репортаждар жазу және т. б.) [7].

Сіздердің назарларыңызға осы оқыту кезеңдерге тоқталып, ағылшын тілін білетін бастауыш сынып мұғалімі біліктілігі бойынша студенттер жазба тілін дамыту үшін кейбір идеяларды, сондай-ақ олардың жалпы қызметтің осы түріне деген қызығушылығын қалыптастыру жолдарын ұсынғымыз келеді.

Творческий труд на зимнем участке увлекает детей. Когда выпадет снег, можно предложить очертить палочками границы зимнего участка в соответствии с его планом и сделать снежные валы, снег расчищается до разметок, затем подравнивается. С этого дня надо договориться с ребятами, что они не будут разрушать снежные валы и ходить за ними, объяснить, что там пройдет лыжня, надо будет устроить кормушки для птиц, строить снежную комнату, лабиринт и другие сооружения. Следующий снегопад используется для украшения валов. Детям надо предложить тазы и ведра, объяснить, как быстрее смастерить, например, грибки. Снег накладывается в ведро, утрамбовывается, опрокидывается – получается ножка, а при помощи таза таким же образом формируется шляпка. Грибки устанавливаются на снежные валы. Шляпки можно украсить кусочками ткани, бумаги, смоченными в воде. Снежные валы можно украсить снежными пирамидками, башенками, елочками, которые делаются из нескольких разных по величине форм, установленных друг на друга.

Следующий этап работы – строительство горы. Дети скатывают снежные комья и перекатывают их к месту сооружения. Сначала воспитатель, устанавливает комья друг на друга, сооружает самое высокое место – намечает будущую постройку горы. Затем предлагает детям установить комья с двух сторон – скат и ступеньки. После этого ребята засыпают сооружения снегом и устанавливают его. Затем горе придают форму, подравнивают, вырезают ступеньки. Для безопасности катания с горки нужны оградительные валы. Их можно вырезать или слепить из снега. Воспитатель помогает установить на краю горки сначала с одной стороны две доски, параллельно на расстоянии 20 сантиметров друг от друга. С двух сторон дети их поддерживают, а несколько ребят накладывают снег в образовавшийся желоб и



утрамбовывают. После этого доски убирают и валу дают замерзнуть. Таким же образом делают другой оградительный вал. Затем горку поливают водой.

Для самостоятельной художественной деятельности детей на зимнем участке можно выделить места для создания различных снежных картин.

Увлекательное занятие для детей – создание различных миниатюрных снежных композиций. Можно научить детей делать гирлянды из ледяных цветов, фонариков, украшать ими веранду постройки. Для этого нужно разложить на снегу на одинаковом расстоянии формочки, затем к ним приложить шнур или тесьму, слегка вдавливая их в формочки. Потом залить цветной водой. Аналогично делаются льдинки только формочки вмораживаются петельки.



Для украшения зимнего участка широко используются поделки, изготовленные детьми из разных материалов.

Из снежных кирпичей можно построить крепости, башни и другие постройки. Дети старших групп можно привлечь к постройкам на участках малышей.



КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қоғамның алдына мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын арттыру жолдарын табу міндеті қойылған. Қазіргі уақытта 500 млн-нан астам адам (яғни әлемдегі әрбір оныншы адам) мүмкіндігі шектеулі адамдар қатарына жатады. Олардың ішінде 150 млн-нан астамы балалар. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қоғамның қамқорлығы, оның денсаулығының, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі болып табылады. Осыған орай көптеген елдердің мамандары мүмкіндігі шектеулі адамдардың, әсіресе балалардың денсаулығын нығайтудың, олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтірудің, әлеуметтік оңалтудың, бейімделудің және өмірге белсенді қатысуының тиімді бағдарламаларын іздестіруде. Бұл міндет өте күрделі болғандықтан, оны шешу үшін кешенді ғылыми зерттеулерді, медицина қызметкерлерінің, педагогтардың, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың күш-жігерін біріктіруді қажет етеді.

«Жүз рет естігенше бір рет көрген жақсы» - дейді халық даналығы. Көру адамның онтогенетикалық дамуында үлкен рөл атқарады. Сыртқы әлемді қабылдаудың 90% көру анализаторының көмегімен жүзеге асырылады.

Көру қабілеті бұзылған балаларға диагностика және зерттеу жүргізу, офтальмологтардың, психологтардың, педагогтардың кешенді зерттеуін талап етеді. Көру қабілеті бұзылған балалар көру жағдайының сипаттамасы бойынша және бұзылыстың шығу тегі мен әлеуметтік даму жағдайларына байланысты үлкен және әр түрлі топтарға бөлінеді.

Көру қабілеті зақымдалған балаларды психологиялық тексеру қалыпты дамудың негізгі заңдылықтарын ескере отырып, тифлопсихологтар әзірлеген теорияның негізінде жүзеге асырылады. Дамуында ауытқулары бар балаларды зерттеу барысында қалыпты баланың дамуының жалпы заңдылықтары осы балаларда да байқалады. Оларға психиканың даму сатысының белгілі бір реттілігі, психикалық функциялардың дамуындағы сензитивті кезеңдердің болуы, психикалық үдерістердің даму дәйектілігі, жоғары психикалық үдерістерді қалыптастырудағы психикалық дамудағы, сөйлеудегі қызметтің рөлі және психикалық дамудағы оқытудың жетекші рөлі жатады.

Л. С. Выготский, әртүрлі бұзылулар түрлерінде балалардың психикалық даму заңдылықтарын зерттей отырып, онда пайда болатын жалпы ерекше заңдылықтарды атап көрсетті. Ол бұзылысты тудыратын себептер бастапқы кезде психикалық іс - әрекеттегі негізгі бұзылыстың туындауына алып келеді, соның салдарынан баланың психикалық дамуының өзіндік өзгерістері пайда болады. Бұл психикалық іс-әрекеттің екінші, үшінші және т.б. бұзылуларының қалыптасуында көрінеді. Сондай-ақ даму бұзылыстары бар барлық балалар үшін ортақ заңдылық бар, олар: әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесудегі қиындықтар, қоршаған ортамен байланыстардың бұзылуы [1].

Аномальді балалардың барлық санаттарының дамуына тән жалпы заңдылықтар, сондай-ақ бұзылыстың түріне байланысты әр түрлі формада байқалатын сөйлеу қарым-қатынасының және қимыл-қозғалыс бұзылуының ерекшеліктерінен көрінеді. В.И. Лубовский мен Ж.И. Шиф бастапқы және қайталама бұзылыстардың болуы балалардың сыртқы әлемнен алатын ақпараттың айтарлықтай қысқартатынын көрсетті.

Көру қабілетінің терең бұзылуының даму үдерісіне әсері, танымдық қызметтің барлық түрлерінде ауытқулардың пайда болуымен байланысты және баланың тұлғалық және эмоциялық-ерік сферасының қалыптасуына да әсер етеді. Көрудің неғұрлым күрт бұзылуы сырттан алынатын ақпараттың жалпы санының төмендеуінен, оның сапасының өзгеруінен көрінеді. Сезімдік таным саласындағы көру сезімдерінің, қабылдауларының, елестетулерінің едәуір қысқаруы немесе толық болмауы қиялдың, жадының, сондай-ақ психологиялық жүйелердің, олардың құрылымдарының, байланыстарының, функциялары мен осы жүйелердің ішіндегі қарым-қатынастардың қалыптасу мүмкіндігін шектейді. Талдағыштардың өзара қарым-қатынастары жүйесінің сапалық өзгерістері орын алады, бейнелерді, ұғымдарды, сөйлеуді қалыптастыруда, ойлау қызметіндегі бейнелік және ұғымдық арақатынаста және кеңістікте бағдарлануда арнайы ерекшеліктер пайда болады.

Физикалық дамуында да елеулі өзгерістер орын алады - қозғалыс дәлдігі, олардың қарқындылығы бұзылады, ерекше жүру және басқа да қозғалыс белгілері болады. Демек, балада қалыпты дамып келе жатқан баланың бір де бір жүйесіне сапалық және құрылымдық жағынан ұқсамайтын өзіндік психологиялық жүйе қалыптасады, өйткені ол бастапқы кемістіктің ықпалына, сондай-ақ дамудың орнын толтырушы жолдарын құру негізінде оны түзетуге байланысты дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі үрдістерді қамтиды. Бұл көру қабілеті бұзылған балалардың функционалды байланыстарының басқаша жүзеге асырылатынын көрсетеді [2].

Сондықтан көру қабілеті бұзылған балалардың психологиялық жүйесін қалыптастыру және дамыту, олармен жүргізілетін түзету жұмысымен және ерте жастан бастап компенсаторлық үдерістерін қалыптастырумен тікелей байланысты. Медициналық-педагогикалық және психологиялық құралдармен бастапқы ішінара бұзылысты түзету компенсаторлық мүмкіндіктерді арттырады. Осылайша, көру жетіспеушілігінің орнын толтыру өзінің мәні бойынша бір қызметті басқалардың жай алмастыруы болып табылмайды, ол бала дамуының әрбір кезеңінде өмір мен қызмет жағдайларына, әлеуметтік және моральдық талаптарға сәйкес көрінісі мен мінез-құлқы үшін сыртқы әлемнен ақпаратты қабылдауға және зерттеуге мүмкіндік беретін сенсорлық, моторлы, логикалық құрылымдардың байланыстары мен өзара қарым-қатынасының жаңа күрделі жүйелерін құру болып табылады [3].

Көру қабілеті бұзылған мектепке дейінгі жастағы баланың дамуында үш ерекшелікті атап өтуге болады.

Біріншіден, бала дамуының жалпы артта қалуы, бұл қоршаған ортаны тану кезінде белсенділіктің аз болуымен байланысты. Ол физикалық және ақыл-ой дамуы саласында да көрінеді. Көптеген педагогтар көру қабілеті бұзылған баланың енжар болатынын атап өтті. Көру қабілеті кейінірек жоғалса, психологиялық жарақат соғұрлым күшті. Көрудің болмауы немесе бұзылуы қоғамдық өмірге ғана емес, жеке өмірге де әсерін тигізеді.

Көру қабілеті бұзылған бала дамуының екінші ерекшелігі, соқыр балалардың даму кезеңдері қалыпты балалардың даму кезеңдеріне сәйкес келмейді. Дамуында бұзылысы бар бала соқырлықты қалпына келтіру тәсілдерін, олардың сыртқы әлемнен алған түсініктерін әзірлемейінше, толық емес, үзбелі болады және бала баяу дамиды болады.

Баланың дамуының үшінші ерекшелігі сәйкессіздік болып табылады. Ол көру қабілетінің болмауынан аз зардап шегетін (сөйлеу, ойлау және т.б.) жеке тұлғаның функциялары мен жақтары жылдам, бірақ керісінше, басқалары баяу (қозғалыс, кеңістікті меңгеру) дамидынын көрсетеді. Айта кету керек, соқыр баланың бірқалыпты дамуы мектепке қарағанда мектепке дейінгі жаста күрт байқалады [4].

Қазіргі уақытта көру қабілеті бұзылған адамдардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі тифлопсихологияның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Жабық кеңістік жағдайында ұзақ уақыт өмір сүре отырып (көбінесе арнайы мектеп немесе интернат болып табылады), көзі көрмейтін және нашар көретін балалар өз бетінше және толыққанды әлеуметтік өмірге қосылу мүмкіндігінен айырылады. Жоғарыда көрсетілгендей, туа біткен немесе ерте пайда болған соқырлық әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастың қалыптасуын қиындатады, ал қоғамдық мінез-құлықтың қалыптасқан дағдысы бар адамда ақаудың пайда болуы олардың үзілуіне, ығысуына алып келеді.

Осыған байланысты көру қабілеті бұзылған балаларды қоғамға бейімдеу мақсатында оңалту жұмысының негізгі міндеті - әлеуметтік байланыстар орнату, яғни әлеуметтік-психологиялық бейімдеу болып табылады. Бұл балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеу бойынша оңалту жұмысы процесінде арнайы мекемелердің (мектептердің, қалпына келтіру орталықтарының, оңалту кабинеттерінің) тәжірибелік қызметкерлерінің алдында белгілі бір қиындықтар туындайды.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің бірінші кезеңі көру қабілеті бұзылған балалар өздеріндегі ақаулықты түсінуінен пайда болатын күйзелісті еңсеруді санау керек. Көптеген көру қабілеті бұзылған және нашар көретін балалар үшін әлеуметтік топқа кірудің алғашқы тәжірибесі мектепке келу болып табылады. Мамандардың пікірінше, көзі көрмейтін баланың болашақта қоғамға кірігуі, оның мектепте қалыптасуының қаншалықты табысты өтуіне

байланысты. Осыған байланысты көзі көрмейтін және нашар көретін балаларды мектепке келген сәттен бастап мақсатты психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру өзектілігі артады, оның шеңберінде психолог және тифлопедагогтар бала тұлғасының дамуының барлық кезеңдерінде әлеуметтік-психологиялық бейімделудегі қиындықтарды азайту бойынша жұмыстарды жүзеге асырады [5].

А. В. Петровский ауыспалы әлеуметтік ортада тұлғаның дамуын анықтай отырып, былай деп жазады: «егер индивид салыстырмалы түрде тұрақты әлеуметтік қауымдастыққа кірген жағдайда, ол өзінің жеке тұлға ретінде қалыптасуының үш фазасы заңды түрде өтеді». А. В. Петровский тұжырымдамасына сәйкес жеке тұлғаның қалыптасуының бірінші фазасы ортада қолданылатын қағидаларын және қызметтің тиісті нысандары мен құралдарын меңгеруді болжайды және бейімделу кезеңі ретінде белгіленеді. Тұлғаландыру ретінде белгіленетін екінші фаза «бейімделудің қол жеткізілген нәтижесі арасындағы шиеленіскен қарама – қайшылыққа, бірінші кезеңде индивидтің барынша дербестендіруге деген қажеттігіне қанағаттанбауына» байланысты. А. В. Петровскийдің түсіндіруінше үшінші фаза интеграцияның фазасы ретінде белгіленеді. «Осы фазаның шеңберінде топтық қызметте индивидте жеке тұлғаның білімі қалыптасады, ол адамда, топтың басқа да мүшелерінде де болмаған, бірақ топтық дамудың қажеттілігі мен индивидтің жеке қажеттіліктеріне жауап беретін маңызды «салымдарды» топ өміріне жүзеге асыруға деген жеке қажеттіліктеріне жауап береді [6].

Осы теорияға сәйкес аталған фазалардың әрқайсысы оның маңызды көріністері мен сапаларында тұлғаның қалыптасу кезеңі ретінде әрекет етеді. Осылайша, егер адам бірінші, бейімделу кезеңінің қиындықтарын еңсере алмаса және дамудың екінші кезеңіне кірісе алмаса, онда ол, ең алдымен, қолайсыздықтың, тәуелділіктің, төзімділіктің сапасы қалыптасады, өзіне және өз мүмкіндіктеріне деген сенімсіздік пайда болады.

Бұл жағдай зағип және нашар көретін балаларды психологиялық сүйемелдеудің қажеттілігін тағы да дәлелдейді, өйткені әлеуметтік-психологиялық бейімделудің қиындықтарын табысты еңсеру көбінесе даму бұзылыстары бар балалардың қоғамға кірігуінің одан әрі барысын анықтайды.

Көру қабілеті бұзылған балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің маңызды міндеті баланың өзін қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде сезінуі, оның қорқынышын, тәуелділігін жеңу болып табылады. Жеке тұлғалық өзгерістерге, көру қабілеті бұзылған балалардың жеке қалыптасуына үлкен назар аударылуы тиіс. Бейімделудің табыстылығы көп жағдайда көру қабілетінің терең бұзылуы бар балаларда олардың дербес өмірге шығу сәтінде қандай жеке қасиеттер қалыптасатынына байланысты. Бірінші кезекте мұнда:

- 1) өзі туралы түсінік, өзінің ақауына көзқарасы, басқа адамдарға көзқарасы;
- 2) өмірлік мақсаттарға деген көзқарасы, өткен және болашаққа деген көзқарасы, өмірлік құндылықтарға деген көзқарасы;
- 3) тікелей әлеуметтік ортаға қарым-қатынасы.

Зағиптар мен нашар көретін балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің соңғы мақсаты - адам өзінің көру кемістігін өзінің қасиеттерінің бірі ретінде, яғни оны басқалардан ерекшеленетін, бірақ белгілі бір жеке мінездеме ретінде қабылдаған психологиялық жағдайға қол жеткізу болып табылады. Мұндай жағдайға жеке тұлғамен белгілі бір психологиялық жұмыс, сонымен қатар оған әлеуметтік орта жағынан сәйкес қарым-қатынас жасау арқылы, яғни адамдардың кең ауқымын белгілі психологиялық қолдау кезінде ғана қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Вопросы обучения и воспитания слепых и слабовидящих. А.Г. Литвак., Л., 1981.
2. Воспитание слепых детей дошкольного возраста в семье. В. А. Феоктистова. М.: Логос, 1993.
3. Психолого-педагогические вопросы обучения детей с нарушением зрения. Л.И. Солнцева., М., 1995.
4. Психология слепых и слабовидящих., Литвак А.Г., 1998.
- 5.. Воспитание и обучение слепоглухонемых детей в семье, Мареева Р.А., М., 1979.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЖАҢА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС

МАДЕШОВА А.А., БАЙБОЛОВА Д.Ж.

«Тілек» бөбекжайы, Қарағанды қаласы

*«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседен бір жаңалық болу керек»
Ж.Аймауытов*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртуға баса назар аударып: «Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту одан әрі жалғасуы тиіс, мектепке дейінгі оқытудың қазіргі кездегі әдістері инновациялық және креативтік болуы тиіс» деген болатын.

Қазіргі кезде толғандыратын мәселелердің ең негізгісі -еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайып кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі.

Балабақша -келешек ел басқарар, жер суына иелік етер, ел -халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. «Ауылына қарап, азаматын таны» дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иман жүзді білімдар азамат болып өсуі, ең алдымен ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша-бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі.

Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Елбасымыздың жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» деген. Баланы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайынтайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиясын таңдауға көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану, педагогтен үлкен шеберлікті талап етеді. Сол себептен, балабақша педагогтарының кәсіби дамып өсуі жаңа техниканы меңгеру, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқада көптеген адами қабілеттің қалыптасуы, өзін-өзі дамытатын оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруда басты мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Елбасымыздың кезекті жолдауында «XXI ғасыр бәсеке ғасыры, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, әрбір білікті, білімді педагогтардың міндетті» деп айқындап айтып берді. Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі білім берудің әдіс - тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Ал технологиялық білім дегеніміз - білім, біліктілік, интеллектуалдық кәсіптік әдіс - тәсілдерді қолдану. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Республикамыздың мектепке дейінгі ұйымдарында жаңа педагогикалық технологиялар бүгінде құбылыс қана емес, сонымен бірге оның дамуының, негізгі себебі, көзі болып табылады.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны қалыптастыруда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күшейе түсті. Сол талаптардың бірі – баланың дүниетанымын қалыптастыру, елеулі ықпал жасайтын білім мазмұнын жетілдіру. Білім – дүниетанымның кәусар бұлағы. Білім неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып тұрақтанады. Сондықтан әдістемелік құралдар мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен жаңа әдіс-тәсілдердің мәні ашылады.

Қазіргі таңда білімді ұрпақ келешек кепілі демекші, жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзиреттілігін дамытып, жан-жақты біліммен

қаруланған ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланысы күшейеді. Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білім құмарлыққа баулуы тиіс. Білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқарастар, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру. Бала құзіреттілігінің белсенді дамуы балабақшадан бастау алады. Бұл бастаманың негізгі міндеті балаларды заман талабына сай, әлемді шынайы қабылдауға дайындау. Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, шешім қабылдауы тиіс. Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік, үйретейік. Өйткені оқыту технологиясы педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді. Адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамдардың ең басты шаттығы болып саналатын баланың өсіп, өмір сүретін орыны. Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым - қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестікпен жоғарғы технологияның, ғылым мен білімнің заманы болғандықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір тәрбиешінің міндеті деп ойлаймын [2].

Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі жеке тұлғаға бағдарланған инновациялық оқыту технологиясының кең қолданысқа енуі.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. ХХІ ғасырда білім мен ғылымды жаңа инновациялық технология бағытында дамыту маңызды мәселелердің бірі. Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» стратегиялық жолдауында «Біз білім -ғылым-инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз, біріншіден, бұл -уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры» деп атап көрсеткен болатын.

Зерттеуші ғалым Ф.Янушкевич «Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз әдісін жаңартуға арналған емес, баланың пайдасына , қажеттіліне арналу қажет, сонда ғана сапа болады» -дейді.

Ұлы ойшыл ғұлама Әл-Фараби «...адам бойындағы ең үлкен қасиет-қабілет, өмірді түсіну, қанағат тұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» деген. Ғұламаның осы өмірлік ұстанымы бүгінгі білімнің басты үйлесімділігінде екеніне көз жеткізуге болады.

Академик Т.Тәжібаев «Адамның жеке қасиеті-қабілет, қабілет-іс әрекеттің түпкі нәтижесі» деп жазады. Ендеше, жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясының мәні - нәтижеге бағытталған білім үлгісі. Нәтижеге бағытталған білім-белгілі бір мақсатқа құрылған тәрбие, оқыту, білім беру, даму және қалыптасу арқылы жүзеге асады. Инновациялық үрдістің негізгі-жаңалықтары қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай ақ, уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс.

Жаңа инновациялық технологияны меңгеруге тәрбиешінің жан-жақты, білімі қажет.

Ол үшін қазіргі тәрбиеші;

-Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

-Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;

-Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;

-Балалармен ортақ тіл табыса алатын;

-Білімді, іскер, шебер болуы керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялары мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Осындай жаңа инновациялық технологияларды толық меңгерген тәрбиешіден білім алған қазіргі жаңашыл бала:

-Дүниетанымы, қабілеті жоғары;

-Дарынды, өнерпаз;

-Іздемпаз, талапты;

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техникада оның басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі, осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктер қажеттігі туындайды. Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісінде жаңа технологияларды пайдалану жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностика үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.

Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы.- Астана, 2010ж.
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру
3. бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық – Астана, 2013 – 32 б
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық. Тараз. ТарМУ, 2003.

НАШАР КӨРЕТІН МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МІНДЕТТЕРІ, ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

БЕКМЫРЗА М.Ғ., КУЛОВ А.Б, М.Ғ.К., ДОЦЕНТ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Мектепке дейінгі педагогика тарихында, оның дамуының барлық кезеңдерінде балаларды сенсорлық тәрбиелеу өзекті мәселенің бірі. Бала өмірде әр түрлі пішіндер, бояулар және нысандардың басқа да қасиеттеріне, атап айтқанда, ойыншықтар мен үй тұрмысындағы заттарға тап болады. Ол өнер туындыларымен танысады: кескіндеме, музыка, мүсін. Баланы барлық сенсорлық белгілері – көп түстілік, иістер, шулар бар табиғат қоршайды. Әрине, әрбір бала, тіпті мақсатты сенсорлық тәрбие алмаған болса да, мұның бәрін қабылдайды. Бірақ егер меңгеру ересектердің тарапынан сауатты педагогикалық басшылықсыз болса, ол дұрыс қалыптаспаған, толық емес болады. Әрине, сезім мен қабылдауды мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде дамытуға, жетілдіруге болады. Сол кезде сенсорлық тәрбие көмекке келеді. Сенсорлық аймақты мақсатты түрде қалыптастыру дамуында ерекшеліктері бар – көру, есту, тірек-қимыл аппараты, ақыл-ойдың бұзылуы бар бар балалар үшін аса маңызды [1].

Мектепке дейінгі педагогика саласындағы көрнекті шетелдік ғалымдар (Ф. Фребель, М. Монтессори, О. Декорли) толық сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі болып табылады деп тұжырымдаған.

Көру қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың көру қабілетін дамыту зерттеулеріне Л. В. Фомичева, А. М. Витковская, Л. И. Плаксина, Л. А. Дружинина, А. П. Григорьева және т. б. өз еңбектерін арнаған [2].

Баланың мектепте оқуға дайындығы оның сенсорлық дамуына байланысты. Отандық психологтар жүргізген зерттеулер бастауышта оқыту барысында (әсіресе 1 сыныпта) балалардың алдында туындайтын қиындықтардың едәуір бөлігі қабылдаудың жеткіліксіз дәлдігімен және икемділігімен байланысты екенін көрсетті. Нәтижесінде әріптер жазуда, сурет салуда бұрмалаулар, қол еңбегі сабақтарында қолдан жасалған бұйымдар жасауда дәлсіздіктер пайда болды. Бала дене шынықтыру сабақтарында қозғалыс үлгілерін дұрыс орындай алмайды [3].

Әрбір жас аралығында сенсорлық тәрбие алдында өз міндеттері мен сенсорлық мәдениеттің белгілі бір буыны қалыптасады. Туғаннан 6 жасқа дейінгі балаларды сенсорлық тәрбиелеуде негізгі міндеттерді бөліп көрсетуге болады.

Өмірдің бірінші жылы бұл баланың әсерімен байытылған. Балаға жарқын ойыншықтарды бақылауға, ұстауға, әртүрлі пішіндегі және өлшемдегі заттарды жинауға мүмкіндік беру үшін жағдай жасау керек.

Өмірдің екінші немесе үшінші жылында балалар түс, пішін мен өлшемін нысандардың ерекше белгілері ретінде анықтауға, түстердің негізгі түрлеріне қатысты түсініктерді жинақтауға және екі нысанның арасындағы қатынастарға қатысты мөлшерін анықтауға үйретуі керек.

Төртінші жыл өмірінен бастап, балалар сенсорлық стандарттарды қалыптастырады: тұрақты түстер, геометриялық пішіндер және бірнеше нысандар арасындағы өлшемдері анықтау. Кейінірек оларды түстердің реңдері, геометриялық фигуралардың нұсқаларымен таныстыру қажет.

Стандарттарды қалыптастырумен қатар, балаларды объектілерді қалай қарауға үйрету керек: оларды стандартты үлгілерге түсі мен формасы бойынша топтастыру, дәйектілікпен қарау және пішін сипаттамасы және көбірек күрделі визуальды өлшеулерді орындау.

Ақыр соңында, балалардағы аналитикалық қабылдауды дамытудың ерекше міндеті: түс комбинацияларын түсіну, заттарды бөліктерге ажырату және шаманың жеке өлшемдерін бөліп көрсету [4].

Сенсорлы білімнің мақсаты қалыпты және көру қабілеті төмен балалардың сезімтал қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды тексеру (пальпация, сараптау) жүйесінде сауалнама жүргізу;
- сенсорлық стандарттар жүйесін қалыптастыру, яғни қасиеттері, қарым-қатынасы, объектілері туралы жалпыланған идеялар;
- тәжірибелік қызметтегі сезімдік және сенсорлық стандарттар жүйесін дербес қолдану қабілетін қалыптастыру;
- сенсорлық тәрбие іс-шаралар мазмұны мен оқыту үдерісінде жүзеге асырылады;
- моторлық кемшіліктерді түзету, қолмен шеберлігін дамыту, объектілер мен құбылыстарды қабылдауда енгізілген моторлық әрекеттер әдістері;
- бағдарлау әдістерін әзірлеу;
- қоршаған объективті әлемде дұрыс бағдар қалыптастыру;

Сенсорлық тәрбие – бұл баланың қабылдауын дамыту және заттардың сыртқы қасиеттері мен қасиеттері: пішіні, түсі, өлшемі, кеңістіктегі жағдайы, иісі, дәмі және т.б. туралы түсініктерді қалыптастыру.

Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды қабылдау арқылы баланың тану қабілеті басталады. Қабылдау мен сезімнің дамуы мақсатты, мазмұнды қызмет жағдайында ғана табысты болады: сурет салу – мүсіндеу – аппликация – құрастыру. Бұл сезім мен

қабылдауды дамыту үшін қолайлы жағдай туғызып қана қоймай, қағаз бетінде пішін, түс, кеңістіктік бағдарды игеру қажеттілігін тудырады. Ал сенсорлық қабілеттердің қайнар көздері мектеп дейінгі жастағы сенсорлық дамудың жалпы деңгейінде жатыр. Алғашқы үш жыл кезеңі-балалардың аса қарқынды физикалық және психикалық даму кезеңі болып табылады. Бұл жаста тиісті жағдайларда балада әртүрлі қабілеттер дамиды: сөйлеу, қимыл-қозғалысты жетілдіру. Адамгершілік қасиеттер, мінез-құлық белгілері қалыптасады. Баланың тану, сипап сезу, көру арқылы сенсорлық тәжірибесі байытылады. Баланы дидактикалық ойындар арқылы заттың шамасын, пішінін және түсін ажыратуға үйретеді. Объектіні қарастыра отырып, бала, әдетте, осы жаста, біреуі-ең жарқын белгіні бөліп алады және оған бағдарлана отырып, заттың бейнесін түс гаммасы арқылы бейнелейді, құрастыруда, мүсіндеуде – пішін, түсі арқылы береді. Бұл музыканттардың, суретшілердің, сәулетшілердің жетістіктерін қамтамасыз ететін маңызды қабілеттердің негізі – сенсорлық қабілеттерде жатыр. Осы жас сезім мүшелерінің қызметін жетілдіру, қоршаған орта туралы түсініктерді жинақтау үшін ең қолайлы. Үнемі қызығушылық нәтижесінде заттардың сыртқы қасиеттеріне назар аударылады. Дидактикалық ойындар жүйесінде кіші топтың балалары ойын мен оқу-жаттығуда өнімді іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінің негізгі іскерліктері мен дағдыларын меңгереді: сурет салу, мүсіндеу, құрастыру. Сабақтан тыс өткізілетін дидактикалық ойындар жүйелі түрде оқытады, білімдерін ойын түрінде бекітеді. Дидактикалық ойындар оның қабылдауын, сезімталдығын және тактильді сезімдерін дамытуға мүмкіндік береді [5].

Дидактикалық ойындардың негізгі ерекшелігі – оқытуға бағыттылығы. Дидактикалық ойындарда оқыту міндеттерін біріктіру, дайын мазмұны мен ережелерінің болуы тәрбиешіге осы ойындарды балалардың эстетикалық тәрбиесі үшін жоспарлы түрде қолдануға мүмкіндік береді. Олар балаларды тәрбиелеу және оқыту мақсатында ересектермен құрылады, бірақ ашық емес, ойын тапсырмасы арқылы іске асырылады. Формалармен, көлемдермен, кеңістіктік көріністермен, дыбыстармен таныстырады. Алайда, зерттеулерде анықталғандай, сабақта сенсорлық тәрбиенің барлық міндеттерін жүзеге асыруға болмайды. Арнайы ұйымдастырылған дидактикалық ойындар-жалпылама көріністермен, жалпылама орнатылған сенсорлық эталондармен: геометриялық фигуралармен, күн спектрінің түстерімен танысу. Дидактикалық ойыншықтардың мазмұнында табиғат, тұрмыс, өзге халықтың, ұлттық сипаттағы ерекшеліктері көрсетілген. [6].

Дидактикалық ойындардың түрлері:

- көңілді ойындар;
- үстелде ойнатылатын;
- сөздік;
- музыкалық.

Дидактикалық ойындардың міндетті элементтері: оқу материалының көрінісі, ойын міндеттерін бөлу, ережелердің болуы, ойнау әрекеттері, ойындарды қорытындылау.

Ойындар классификациясы:

- балалардың бастамасы бойынша ойналатын ойындар – өздік, режиссерлік.
- үлкендердің бастамасы бойынша ойнатылатын ойындар – ұйымдастырылған ойындар.
- халықтың тарихи қалыптасқан дәстүрлеріне негізделген ойындар – халықтық.

Балалар ойындарын ұйымдастыруды мұғалім үш бағыт бойынша жүзеге асырады:

- дидактикалық ойынды өткізуге дайындық;
- дидактикалық ойынды қолдану;
- дидактикалық ойынды талдау;

Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктері:

- «Мен - өзім» деп мәлімдеуге деген ұмтылыс;
- тұрақсыз көңіл-күй.

Балалармен дидактикалық ойын өткізген кезде, мұғалім ойын ережелерін түсіндіреді. Мектеп жасына дейінгі балалармен өткізілген ойынды қорытындылай келе, мұғалім, әдетте, дидактикалық ойын кезінде балалардың тек оң мінезін атап өтеді. [7].

Қорытындылай келе, балалардың сенсорлық қабілетін дамытудың маңызды шарттарының бірі – балалардың мазмұнды іс-әрекеті үдерісінде жүзеге асыру болып

табылады. Дәл осы мазмұнды, нәтижелі іс-әрекет жағдайында балалардың назарының мәнімен, меңгеру затымен ерекшеліктерін, қарым-қатынасын, қасиеттерін жасау мүмкіндігі қалыптасады. Баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда көркем – шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлері баға жетпес маңызға ие: сурет салу, мүсіндеу, қағаздан фигураларды кесу және оларды жапсыру, табиғи материалдардан жасалған әртүрлі құрылымдарды жасау. Бұл жастағы бейнелеу қызметі үшін бейнелеу үдерісінің ойынға тез ауысуы тән, бұл қиялдың қозғалысымен, олардың жалпы белсенділігімен түсіндіріледі.

Ойын – бұл әрқашан шығармашылық сипатқа ие, мектепке дейінгі баланың іс-әрекетінің ерекше түрі. Баланы дидактикалық ойынға оқыту сипаты емес, белсенділік танытуға, ойын әрекетін орындауға, нәтижеге жетуге, жеңіске жетуге мүмкіндігі қызықтыратынды. Кішкентай балаларды белсенді, қызықты іс – әрекет арқылы үйрету мүмкіндігі – дидактикалық ойындардың басты ерекшелігі. Сабақтан тыс өткізілетін және сабақтың құрамдас бөлігі болып табылатын дидактикалық ойындар білімді ойын түрінде үйретеді және бекітеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Башаева Т. В. Развитие восприятия. Дети 3-7 лет.— Ярославль: Академия развития, 2001.
2. Фомичева Л. В. Клинико-педагогические основы обучения и воспитания детей с нарушением зрения: Офтальмологические и гигиенические аспекты охраны и развития зрения: Оқыту-әдістемелік құрал. — СПб: КАРО, 2007.
3. Григорьева А.П. Развитие зрительного восприятия. – М.: «Школа-Пресс», 2001.
4. Мазерина Т. Б. Развитие познавательных процессов ребенка в играх, тренингах, тестах. – Ростов-на-Дону, 2002.
5. Ольшанская Е.В. Развитие мышления, внимания, памяти, восприятия, воображения, речи: Игровые задания. – М.: Баспа«Первое сентября», 2004.
6. Тихомирова, Л. Ф. Познавательные способности. Дети 5-7 лет. – Ярославль: Академия развития, 2000.
7. Агранович З. Е. Дидактический материал по развитию зрительного восприятия и узнавания (зрительного гнозиса) у старших дошкольников и младших школьников. — СПб: ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2003

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ФОЛЬКЛОРИСТ-ҒАЛЫМ

АХУНОВ Б. К., КАЮПОВА Д. С.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары

Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ сөз өнерінде ұлттың биік рухынан нәр алған ұлт-азаттық бағыттың негізін қалады. Шығармаларында халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» еңбегі – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеу. Ол «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» баса назар аударып айтты.

Қай халықтың болса да өзінің бастапқы әдеби мұралары ауыз әдебиеті үлгілерінен басталатыны белгілі. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің де өзіне тән көркемдік ерекшеліктері мен жиналу заңдылықтары, даму тарихы бар. Осындай әдеби мұралардың жиналуында біз Ахмет Байтұрсыновтың да еңбегінің ерекше екендігін атап өтуіміз керек. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ауыз әдебиеті үлгілерінен көптеп мысалдар келтіреді, негізгі түрлерін жіктеп көрсетіп берген.

Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, терме – бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр – бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр.

Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан. Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына ғасырға жуық уақыт өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз. Жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді. Сондықтан жоқтау ақын лұғатты келеді» деп түсініктеме береді. [3, 134 б]

Қазақ фольклорын алғаш зерттеуші қазақ ғалымдарының бірі А.Байтұрсынұлы болатын. Ғалым жалпы фольклорды «Сауықтама» және «Сарындама» деп екіге бөліп қараған. «Сарындама» терминін «Жұрттағы келе жатқан салт – сарынды сөздер» деп түсіндіреді. Ал, «Салт» терминін «Обряд» мағынасында қолданған. Сөйтіп сарындаманы «салт сөзі», «ғұрып сөзі» деп жіктейді. [3, 110 б]

Алайда А.Байтұрсынұлы салт сөзіне жатқызған мысал, тақпақ, мақал жанрлары біздіңше көркем фольклорға, яғни «Сауықтамаға» жатады. Ауыз әдебиетінің жанрлық құрамы, көркемдік – эстетикалық бітімі, сюжеті, қоры, образдар жүйесі, өзіне тән қас белгілері - көркемдігі, құрылысы бойынша көп ұғымдарды аңғартары сөзсіз.

Сонымен қатар, аталса да қатарға кірмей күні бүгінге дейін халық жадында сақталып келген ондаған жанрлар мен жанрлық түрлердің не зерттеушілер, не жинаушылар тарапынан мән берілмей келгенін немен түсіндіруге болады. Олардың ішінде шежіре, мысал, нақыл, бата, алғыс, жылау-жоқтау, қарғыс, наным-сенімге байланысты өлең жырлар, сол сияқты дінге қатысты фольклор үлгілері әлі күнге дейін өз алдына енші алған емес.

А.Байтұрсынұлының жинаған бай рухани мұрасының ішінде 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан (ресми аты – «Кеңестер Одағындағы елдердің кіндік баспасы») шыққан «23 жоқтау» атты жинағы ерекше көзге түседі. Оның бірінші себебі, алақайлап «социализм құрамыз», «бай тұқымын тап ретінде жоямыз» деп жатқан кезеңде сұлтан мен батыр, би мен қожа – жалпы бұрынғының игі жақсылары туралы жоқтаулар жинағын шығару – ерекше қадам болды. Екіншіден, өткеннен безіп (бұрынғыны біржақты сызып), бәрін жаңадан бастаймыз деген кезеңде А.Байтұрсынұлы еңбектің беташар парағына «қазақ тарихының төрт жүз жылын алады» деп жазуы – таңғаларлық тарихи шешім, көзсіз ерлік. Әрі сондай тар заманда, қиын кезеңде мұра ретінде насихатталған жоқтаулардың астарында өз алдына тәуелсіз ел болуды көздегендік, азаттықты аңсау ұғымы тұрғанын да жақсы түсінеміз.

Осындай ертеден келе жатқан салт өлеңдерінің бір түрі - жоқтауды А.Байтұрсынов жинап, құрастырып қайта түзеткен еңбек мазмұнын терең ұғына отырып меңгеру қажет. Оның «Жиырма үш жоқтау» жинағы өз ішіне қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитыны да жинаушының әдебиет теңізіне терең сүңгіп, қазақ халқының өткен дәуірін парақтап архив қорына таусылмас қазына етіп тапсырғандығы бүгінгі күнге ұлттың рухани ұстазының тұла бойына біткен ұлы қасиеттерін және бір танытып отыр. Ал, енді фольклорист ғалымның жинақтаған асыл мұраларының қаншалықты құнды екендігін халыққа жеткізу кезі келді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде көтерілген мәселелерді жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеу жұмыстарын бірнеше ірі жобалар арқылы бастауға болады дей келе алты жоба ұсынады. Соның бірі «ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» жоба аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау міндеті тұрғаны айтылған. Қазіргі уақытта колледждерде 2015-2016 оқу жылынан бастап «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курсында 40 сағат «Халық ауыз әдебиеті» пәні оқытылады және 3-курста 72 сағаттық «Фольклорлық практикаға» шығады. Мақалада көрсетілген негізгі міндеттерді басшылыққа ала отырып, алдағы уақытта ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, баспа бетінде жариялаумен шектелмей, жинақталған материалдардың заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуына ат салысамыз. «Ауыз әдебиеті үлгілерінің қазіргі заманғы аудиторияға жақын әрі түсінікті форматта болуы үшін көнерген сөздер мен мәтіндерді суреттерімен қоса беруге, айқын видеоматериалдар формасында ұсынуға болады» деген ұсыныс та көкейге қонымды, әрі іс жүзінде алдағы уақытта қолданып, тәжірибе жинақтау барысында ізденімпаз жастар қолынан келетін дүние екендігін атап айтуға болады.

«ТАРИХТЫҢ КИНО ӨНЕРІ МЕН ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ КӨРІНІСІ» жобасы аясында «Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет ететін өскелең ұрпақтың да талғамына ерекше назар аудару керек. Осы мақсатпен Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалануға болады» [5, 26] деген жерде ауыз әдебиеті үлгілерінің інжу-маржандарын пайдаланып, балабақшадан бастап бала санасына ұлттық рухани байлықтың дәнін егу қажеттілігін байқаймыз. Күні бүгінге дейін «Жеті лақ», «Шалқан», «Бауырсақ», «Үйшік» («Теремок») сияқты табиғаты жат туындыларға телмірмей, өзіміздің сонау «әлімсақтан» бастап жалғасын тапқан әрбір жан-жануар, құрт-құмырсқа, бүкіл жеміс-жидектер мен барша жаратылыстың сырын ашып көрсететін аңыз-әңгімелерін қойылымдар қоюда, мультфильм түрінде танытар болсақ балалар түгілі кейбір ересектерімізге де керек құнды дүние болатыны сөзсіз.

Сонымен қатар фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлері мен өзге елдерге бірнеше іздеу-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да өзінің нәтижесін беріп, түбі бір туысқан түркі жұртының басын қосу бағытындағы игілікті бастама болады деп ойлаймын.

«Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» деген ескертпені де дұрыс түсініп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратындай» ынтымақ-бірліктің үлгісін көрсетуіміз керек.

Қорытындылай айтқанда, рухы мықты ел ғана өзінің тәуелсіздігін, мемлекеттігін мәңгілік сақтап қала алады. Туған жеріміздегі рухани қазынамызды әлі де егжей-тегжейлі зерттеп, әлемге таныту, сол арқылы қазақы дүниетанымызды дәлелдеудің негізгі бағыттарын айқындап берген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының лайықты жалғасы болып саналатын Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын оқу-тәрбие үдерісінде үнемі басшылыққа алып, пәннің негізгі мақсаттарымен ұштастырып отыру – ұстаздар қауымы алдындағы негізгі міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы. «Жалын», 1991 жыл. 464 бет.
2. Байтұрсынов Ахмет. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992 жыл, 448 бет

3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.-208 бет.
4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, «Егемен Қазақстан», №70, 12 сәуір, 2017 жыл.
5. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, «Егемен Қазақстан», №223, 21 қараша, 2018 жыл.

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

АЛИЛЕНОВА Н. Қ., АБУОВА А. А.
КМҚК «Айгерім» бөбекжайы

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Әрине мұндайда педагогикалық технологияға анықтама берген ғалымдардың бірін атап өтсек те болады. Олар: В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.М.Кларин, П.И.Третьчков, И.П.Сенновский, Г.А.Монахова, М.А.Чошанов т.б. өз еңбектерінде қарастырып өткен. Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты-мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үніліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Проблемалық оқыту технологиясы-баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен даму технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі.мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады.М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды. Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі.Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табууда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.Бала бақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады.Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат- баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық

құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға тқойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Әдебиеттер

1. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық оқулық. Тараз. ТарМУ. 2003.

2. А.К.Ахметов. Принципы технологии и содержание образовательной программы. Алматы. 1995.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТЫН АРДАҚТАҒАН ҰЛТЖАНДЫ ТҮЛҒА

ШЕРІМБЕТОВА А. Б., ЖАНКАНОВА А. Д.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары

Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарару. Ұлттың сақталуына да, жогоалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл.

Ахмет Байтұрсынов

Алаштың үш арысының бірі – Ахмет Байтұрсынов. ХХ ғасырдың басында қазақ халқының тағдырына алаңдаған, ағартушы – демократтық бағыттағы ақын – жазушылардың, зиялы қауымның ішінен ұлт санасын оятуға, елдің көзін ашуға ұмтылған азаматтардың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ахмет өмір сүрген кезең қиыншылығы мен азабы бір басына жетерлік кезең еді. Соған қарамастан соңғы демі қалғанша халқы үшін аянбай, жан-тәнімен қызмет етті. Ахмет халқын оқу білімге, тәрбиеге, рухани баюға, тәуелділіктен арылуға, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, басқа елдермен теңесуге шақырды. Бұл мақсатын артына қалдырған бай мұралары, оның еңбектерінен аңғарамыз. Қазақ халқын «жалқау халық», - деп жатады, бірақ мен оған келісе алмаймын. Егерде дәл сондай болатын болса, халқы үшін күрескен батырлар, алаш азаматтары қай халықтан болғаны? Білімнің жоқтығынан, рухани жұтаң болғандықтан қазақ халқы малдың айналасынан шыға алмады. Алаш арысының артына қалдырған баға жетпес еңбектері, білім мен тәрбиенің тұңғығы іспеттес. Ол тұңғыққа сұңгіп шыққан жан еш жерде, еш нәрседен мұқалмасы анық.

Ғасырлар бойы халықтың «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныштығын, бейбітшілігін ұрлаған жауға қарсы аттанар сол елдің азаматтары бүтіндей бір мемлекеттің амандығын арқалап, асу-асу белдерден де асқан, түпсіз тұңғық теңіздерден де терең жауапкершілікті мойындарына алып халқы үшін күрескен алаш азаматтарының есімдері ешқашан ұмытылмақ емес.

А.Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынов ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық, мән маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық, әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады. Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады. Байтұрсынов тілші ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. Ол қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп

күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен ғылыми еңбектер ұсынды. А.Байтұрсынов қазақ тіл білімін 20-ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазауының реформаторы болды. Байтұрсынов қалдырған бай мұраның тағы бір саласы көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты.

А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» (1992ж) «Ана тілі» баспасынан жарық көрген еңбегінде автордың өмір жолы, әліппелер, оқулықтар, жазу, емле, терминология мәселелері және оқу-ағарту мәселелеріне қатысты дүниелер жүйелі түсіндірілген. Әліппелер тарауында қай әріп қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар жазбай тұрып дыбыспен қалай жаттығу керектігі айтылады. Бұл тарау – «Оқу құралы», «Әліп-би», «Жаңа құрал», «Сауат ашқыш» атты бөлімдерден тұрады. «Оқу құралы» бөлімінде балаға төте жазудағы әрбір дыбыстардың қалай айтылу және жазылу керектігін мысалдарымен анықтап көрсетіп берген. Мыс: (з) ز - (р) ر - (а) ا (зар) زار, (азар) ازار, (араз) اراز бұл үш әріпті балаларға үйрету үшін әуелі әрбірін бөлек-бөлек бірбір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң А – дан бастап әрбірін балаларға бөлек – бөлек көрсету. Балалар әрбірін жаңылмайтын болып білген соң, сөздерге қаратып оқыту. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, әрбірін бөлек-бөлек тақтайға жазып көрсетсе де болады, - деген. Бұл да бастауыш сынып оқушыларына әріптерді үйретудің тиімді әдістерінің бірі. Қазіргі таңда балаларға дыбыстарды үйретудің оңтайлы әдіс-тәсілдері өте көп. Келесі бір әріп (л) ل (зарла) لار ал, ала, алар, ар, ара, арал, арла, аз, аза, азар т.б. Бұл жерде айту керек: кей әріптер келесі әріптермен жалғасады, кей әріптер жалғаспайды. «а», «р», «з»-жалғаспайтын әріптер. «Л» - жалғасатын әріп. Бұған әріп жалғарда құйрығын кесіп қысқартамыз. Мұнан басқа кейінгі жалғасатын әріптер турасында да осыны айтарға керек, - деген. Яғни мұнда төте жазудың орфографиясы бойынша мысалдар келтіріліп отыр. Қазіргі таңда латын графикасына көшу жолында да кейбір сөздерде мағынасы өзгеру, өзгермеуіне байланысты дыбыстарымыздың кей жағдайда, түсіріліп немесе түсірілмей жазылуы секілді өзгеріп отырса керекті. (о) و (тор) تور, (торла) تورلا, (толар) تولا, (олар) اولار т.б. Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Ораз осал т.б. «О» сөз басында келсе алдына таяқ қойылады, бұл таяқ оқылмайды, сүйеу болу үшін қойылады демек керек. Демек осы секілді басқа да көптеген дыбыстарға айтылуы мен жазылуына қатысты анықтамалар беріп өткен. Дәл осы секілді қазіргі уақытта біз қолданып жүрген кирил жазуындағы дыбыстарды балаларға әр түрлі методикамен мектеп бағдарламасында үйретіп келеді. Ахмет халықты жазуға сауаттандыру мақсатында әрбір дыбыстарды бүге-шүгесіне дейін ашып көрсетіп берген.

Келесі бір бөлімі «Әліп-би» деп аталады. Мұнда балаларды оқу-білімге, даналық жолына, жарық жолға, рухани байлық жинауға, сол жолға бірге барайық деп шақырады. Бұл бөлімде автор оқушыларға жаңылтпаштарды, әңгімелерді, ертегілерді, өлеңдерді балаларды қызықтыру мақсатында әр түрлі әдіс-тәсілдермен үйретуге болатындығын көрсеткен.

Мысалы: **«Жарлы-жалаңаш тойы»**

Қалада алғаш болғаным сол. Қала жайына шорқақпын. Шайға қанып алып, қаланы карауға шықтым. Қаланың тауығы шулап, арбалары салдырлап жатты. Қақпаларында қызыл жалау, Азырақ тұрған соң-ақ айрықша мынадай салдырды құлағым шалды:

«Тат-тыра-раттам, тат-тыра-раттам, тат-тыра-раттам, тат-тыра-раттам». Оның ар жағында жырлаған балалар даусы шыға бастады. Банағы салдыр да, жырлаған дауыс та жақындаған сайын зорайды. Қаланы жаңғырдықтырды.

Қарасам жалаң аяқ, жалаң бас, қол-борбайы жалаңаш ылғи жас балалар. Қолдарында қызыл жалау, алдарында қызыл ту. Барабан қағып, жыр жырлап бара жатыр. Манағы айрықша салдыр барабанның салдыры болып шықты.

Аң-таң болып азырақ тұрдым. Сонан соң қабырғалап қалмастан қаладан шығарып салып қайттым.

Мақал: Ылғи қойшы болсаңдар, құл боларсың.

Ылғи тойшы болсаңдар, қу боларсың.

(«Қу» - кедей мағынасында)

Қарапайым ғана мысал, бірақ астарында терең мағына жатыр. Жәй түсінігінен бастасақ балалар алдымен қаладағы тіршілік жайын білді, барабанның не екенін, оның қандай дыбыс шығаратынын білді, қаладағы балалардың алаңсыз у да шу асыр салып жүргенін түсінді. Артынан мақал қылып оқушыларға сұрақ тастады. Ақаңның мақсаты балаларға қаладағы аз ғана көріністі айтып беру емес, осы мақалдың астарын ұғындыру еді. Әрдайым оқу-біліміз мал бағып жүре берсеңдер, өмірлерің құлдыққа өтеді, ал аз тойғаныңа мастанып жүре берсеңдер кедейліктен арылмайсыңдар дегені еді.

«Оқулықтар» тарауы «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы» қазақ мұғалімдері үшін, «Тіл жұмсар», «Жалқылау-жалпылау әдіс», «Дыбыстарды жіктеу туралы» атты бөлімдерден тұрады. Бұл тарауда автор әрбір дыбыстардың жасалу жолдарын һәм олардың жазу белгілерін, буын түрлерін, тасымалдау жолдарын, сөйлем түрлерін, сөз таптарын, сөйлемдердің талдану жолдарын т.б.туралы жік-жігімен ашып әрі анық түсіндіріп өткен. Келесі тарау «Жазу, емле, терминология мәселелері». Мұнда сөйлемдердің жазылу тәртібі, мәселесі қозғалған. Сонымен қатар А.Байтұрсыновтың араб әліп-биін жақтаған баяндамасыда бар. Бұл баяндамада автордың латын әрпін қоламайтындығын бірнеше мысалдар кетіру арқылы, қолайлы және қолайсыз жағын өз пайым, тұжырымымен ашып айтып береді.

Соңғы тарау «Оқу-ағрту мәселелері» деп аталады. Мұнда оқу жайы, орысша-қазақша білім алу жайы, мектептер, қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек? деген кең, ауқымды, сол кездегі маңызды мәселелер жайына тоталады. «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі – ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес...

Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келегенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді, теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ атына жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», - дейді А.Байтұрсынов. Осы кітапты қайта қарап оқығанның өзінеде А.Байтұрсыновтың халқына еткен еңбегі көз алдыңнан тізбектеліп өтеді. Қазіргі таңда қазақ жастарына Ахметтің өмір жолы, шығармашылық және қызмет жолы үлкен үлгі, өнеге десек артық айтқандық болмас еді. Ахметтей арыстардың орны қазақ елі үшін қашанда биікте.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы «Ана тілі» 1992ж
2. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра» 2003ж
3. Байтұрсынұлы А. «Қазақ тіл білімінің мәселелері» Алматы «Абзал-ай» 2013ж

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫНА ТҮСКЕН БІЛІМ ОРДАСЫ БАХАДУРОВА Г. У., МЕНДИБАЕВА М.Б.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Тәуелсіздігіміздің ең негізгі тірегі – білім мен тәрбие екені сөзсіз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», деп мұның негізінде білім жатқанын «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы

шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», деп мақсатымызды айқындап берді. [1]

Осы тұрғыда, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі – жылдар тоғысында тербеліп, 90 жылдық тарихында түрлі кезеңдерді бастан кешіріп, Сыр бойы ғана емес, барлық Қазақстан Республикасындағы іргелі оқу орындарының көш басынан көрінген білімнің қара шаңырағы. Тарихы тереңге тараған білім ордасы жалындаған жастарды өмірге қанат қақтырып, тұлға болып қалыптасуына, азамат ретінде танылуына ерекше еңбегі сіңген.

Білім ордасының мол тарихымен тұстас маңызды оқиға – оқу орны есімін еншілеген Шығыстың қос шынарының бірі, айбынды батыр М.Мәметованың туғанына – 97 жыл.

Қазақ елінің тарихына көз жіберсек, елі үшін жанын аямай ерлік көрсеткен қажырлы, қайратты, рухты жандар жеткілікті. Ерлік – қазақ халқының қанына сіңген. Ұлы Отан соғысында Әлия мен Мәншүктің дараланып шығуы – осы қанмен келген қасиеттің арқасы, - деп ақын Ақұштап Бақтыгереева айтып өткендей, Мәншүк есімі бүгінге дейін қандай аяулы болса, қазіргі және келер ұрпақ үшін де қымбат болмақ. Өмір жолын, ерлік жолын қанша айтып, қанша жазсақ та артық емес, себебі Мәншүк есімі бізге керек ұран. Осы сәтте, В.Гюгоның мынадай қанатты сөздерін алуымызға болады: «Ерлік өнегелері тарихты нұрландыра түседі және ол өнегелер – адамдарды алға жетелейтін жарығы мол шамшырақтардың бірі».

Мәншүк ерлігі – ұлы ерлік. Ерлік – оның Отанға деген махаббаты мен мейірімділігінде, адалдығы мен адамгершілігінде, парасаты мен ерекше пайымында, өршілдігі мен асқақ рухтығында жатыр. Біз қай уақытта болмасын Мәншүк ерлігімен мақтана да, шаттана да аламыз және оның өмір, ерлік жолын жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбиесін беруде үнемі үлгі етеміз. Себебі, Мәншүк Отанын қорғау арқылы өзінің шексіз патриоттық сезімін таныта білді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан елдік пен ерлік дәстүрлерін жалғастыра және келер ұрпаққа аманаттай білді.

Мәншүк есіміндегі киелі білім ұясы оны ардақтауды бір сәт те ұмытқан емес, қайта осынау сұрапыл оқиға тарих қойнауында қалып, алыстаған сайын, Отан үшін от кешкен аяулы жандардың ерлік рухы жанымызға жақындай түсетіні ақиқат.

Батыр қыз атындағы оқу орнының шежірелі тарихының тағы бір жаңа беті ашылды. Қызылорда облысының білім басқармасы мен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледж ұйымдастырған «Ұлы дала ұрпақтарын тәрбиелеуде «Мәңгілік Ел» идеясының алар орны» тақырыбындағы облыстық патриоттық форум іргелі оқу орнында Мәншүк есімін ұлықтау мақсатында, өткен жылдың қазан айының 20-да Жастық жалыным – мәңгілік еліме!» митингі және «Мәншүк маршы» өтті. Бұл шараның ерекшелігі – қыздардан құралған қыздар маршы. Осы маршқа қатысушы әр студент өзін бақытты сезінді. Өз халқының қаһармандарын мақтаныш ету, ерлігіне тағзым жасау әрбір елін сүйген, ұлтын сүйген азаматтың парызы болып саналады.



Мәншүк есімін болашақ ұрпаққа дәріптеудің бірден бір жолы тек мерейтойлар, мерекелерде ғана емес, күнделікті өмірде, сабақтарда, өнеге сағаттарында еске алып отыру деп ойлаймын. Осы тұрғыда колледждің барлық бөлімдерінде ерлік сабақтары жүргізіліп отырады. Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде «Қазіргі заман әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы, туған жер, ұлтжандылық тақырыптары», Қ.Қайсеновтың «Жау тылындағы бала», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалар әдебиеті», «Жай сөйлем зерттелуі, түрлері. Мәншүк ерлігі – мәңгі тақырып», «Аңыз қыз, ару қыз – Мәншүк!», «Сөз – тілдік қатынастағы басты тұлға. Ерлікті дәріптеу - ұрпаққа аманат» деген сабақ тақырыптарда ашық сабақтар мен

тәрбие сағаттары өткізілді. Сабақ мазмұнында батыр қыздың ерлігі, Отаны, елі, жері үшін жанын аямай күрескені туралы айтылып, қорытындысында колледж ауласында орналасқан Мәншүк ескерткішіне гүл қойып, құрмет көрсетумен жалғасын тапты. [4]

Мәншүк атын қастерлеу, уақыт ағымы мен жылдар жалғасында есімін есте сақтап қана қоймай, бүгінгі ұрпаққа ұлағаттап, келер толқынға аманаттау – колледж ұжымының басты парызы екендігіне оқу орнының ұзақ жылдар бойғы қол жеткен табыстары, жетістіктері, патриоттық істері куә. Колледж әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатымен халықаралық жобаларды оқыту процесіне енгізіп, болашақ мамандардың кәсіби құзыретті болуына ықпал етуде. Нәтижесінде колледж түлектері жұмыспен қамтылып, жоғары оқу орнының мемлекеттік грантын жеңіп алуда.

Білімнің сапалы болуы – ең алдымен, оқытушыға, оның білім дәрежесімен ізденіс шеберлігіне байланысты.

Үстіміздегі жылы колледждің барлық оқу үдерісі E-college автоматтандырылған басқару жүйесіне көшті. Оқу орнына түсетін талапкерден бастап, ата-ана, студент осы электронды порталында барлық мәліметтерге еркін қол жеткізе алады.

Сапалы білім мен саналы тәрбие беруде «Мәңгілік Ел идеясы құндылықтары негізінде өздігінен шешім қабылдап, сыни ойлай алатын тұлға, интеллектуалды құзырлы маман даярлау» ұстанымымен жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Колледж ұстаздарының құрамында Ғылым кандидаттары, Білім магистрлері, Мәдениет қайраткерлері, Білім беру ісінің үздіктері бар. Бұл – болашақ мамандардың кәсіби құзырлы болуының нақты көрсеткіші.

Әр сабақ кезеңінде жаңартылған білім мазмұнына сай барлық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланыла отырып, болашақ мамандар даярлаудың жаңа белесіне аяқ басты.

Сонымен қатар, елде болып жатқан әр өзгерісті қуана қарсы алады. Соңғы өзгерістердің бірі – латын қарпіне көшу. Республикалық жалпыұлттық диктант жазу шарасында да колледж қызметкерлері мен білім алушылары белсенділік танытты.

Латын әліпбиін болашақ колледж түлектеріне колледж басшылығы тарапынан қолдау көрсетіліп, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», «Бастауыш білім беру», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарында «Латын графикасы және оның емлесі» атты арнайы және факультатив пәндері жүргізілуде. Күнделікті сабақтарда, біз, латын қарпіндегі халық ауыз әдебиеті үлгілерінен мәтіндерді жылдамдыққа оқысақ, аудио жазбалар арқылы тыңдалым тапсырмаларын тыңдап, диктант жазамыз. Арнайы құрастырылған жұмыс дәптерлері арқылы жазылым және айтылым дағдысын жетілдіре отырып, түрлі қызықты тапсырмалар орындап, латын графикасын жылдам, әрі сауатты меңгеріп келеді.

2019 жылдың «Жастар жылы» болып жариялануына орай колледж студенттерінің басым көпшілігі «SANALY URPAQ» жобасы аясында құрылған клуб мүшелігіне өтіп, түрлі акциялар, жиындар өткізіп тұрады. Облыс көлеміндегі қайырымдылық шараларына да белсенді қатысып келеді.

Кеше ғана болып өткен Елбасы мен ел жастарының кездесуінен туындаған барлық міндеттер алдағы уақытта білім алушыларымыздың арқасында жүзеге асатындығы айқын. Еліміздің гүлденуі – болашақ жастардың қолынды болса, олардың бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуы – оқу орнымыздың үлесінде.

Бүкіл азаматтың келешегі – жас жеткіншектердің қандай идеал негізінде тәрбиеленіп, қалай өсуіне, кемелденуіне байланысты. Елбасы Жастар форумында сөйлеген сөзінде: «Сіздер қазіргі заманғы Қазақстанның идеалында тәрбиелендіңіздер. Өз еңбектеріңізбен, білімге деген ұмтылыстарыңызбен және нақты істеріңізбен сіздер мәңгілік Отанымыз – Мәңгілік Елдің даңқын асырасыздар» деп сенім білдірді. Сол сеніммен біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 2017жыл.
2. Ә.Ж.Әбдіхалықова, С.Ш.Малимова Ерлік шамшырағы. Тарихи, әдеби-танымдық жинақ. – Алматы: Атамұра, 2012. – 216 бет.

3. А.Мәметова, Т.Әліпқали Мәңгілікке маздаған қыршын ғұмыр. Орал, 2002.
4. М.Мендибаева, Қ.Әбілдаева Мәншүк есімі - ұрпаққа аманат. Кәсіптік білім көкжиегі

БАСШЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

КАРАШОЛАКОВА Б. Р.

«Бақыт» бөбекжайы КМҚК директоры

E-mail: bachita0808@mail.ru

ДЖУМАЖАНОВА Д.О.

«Бақыт» бөбекжайы КМҚК әдіскері

E-mail: dinara198518@bk.ru

Қазіргі таңда әлеуметтік және экономикалық өзгерістер жағдайында қоғам адамгершілікті, рухани бай және шығармашылықты, кәсіби және тұлғалық мәдениеттің жоғары деңгейіне ие, Қазақстанды қайта құру үдерісіне қатысуға белсенді қызығушылығы бар адамдарға өткір қажеттілік пісіп жетілді. Отбасы мен мектеп жас тұлғаның тұлғалық өзіндік ерекшелігінің негізін қалайды және оның болашақтағы мінез-құлқының стереотиптерін қалыптастырады, дегенмен, тұлғаның төбегейлі қалыптасуы кәсіби мамандар арасында көптеп орын алады. Педагог мамандар – жастардың неғұрлым белсенді, ықпал етуге шалдыққыш және болашаққа бағдарланатын бөлігі. Сондықтан, жоғары кәсіптік білім жүйесіне бірқатар мемлекеттік құжаттарда белгіленген ерекше талаптар қойылады. Мысалы, ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды»- деп әр жыл сайын сауаттылығы жоғары бәсекеге қабілетті, белсенді, яғни лидерлер қалыптастыру міндетін қойып отырғандығын байқаймыз. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы нәтижесінде бірнеше әлеуметтік - экономикалық тиімділіктер қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Соның бірі: «Жаңа формациядағы педагогтардың қажетті санда және тиісті біліктілікте қалыптастыру». Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келетін, азаматтардың кәсіби, қызмет жолында және жеке өсуіне ықпал ететін адами сапаларын дамыту қажет» делінген. Яғни, оқытушылар алдына қоғам талабына сай жоғары интеллектуалды және коммуникативтік қабілетке ие, нарықтық бәсекеде басқаруға бейім, қойылған мақсатқа топтың қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, әр түрлі жолмен жетуге қабілетті азаматтар тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Осы жайында 2013 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы Жолдауында: «Мемлекеттің міндеттемесі – азаматтарға олардың іскерлік белсенділігін жүзеге асыруға барынша мүмкіндік беру... Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс... Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек»- деген.

Қазіргі қоғам жоғары интеллектуалды және коммуникативтік қабілетке ие, нарықтық бәсекеде басқаруға бейім, қойылған мақсатқа топтың қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, әр түрлі жолмен жетуге қабілетті азаматтарға мұқтаж, заманауи жастар қиын мәселелердің шешімін табуда өзіне жауапкершілік алып, бастама жасауда белсенділік көрсете алмай жатады, сондықтан білім беру ісі жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге

лайықты өмір сүруге, қызмет жасаудағы тұлғалық қабілеттерді дамыту шараларын да іске асыруды ойластыруы қажет.

Көшбасшылық әлеует ұғымына сипаттама.

Көптеген ғалымдар лидер мен ізбасарлардың мақсаты мен қажеттілігіне байланысты ортақ мақсатқа жету жолында, лидер феноменін өзара қарқынды әрекет ретінде қарастырады. Аталған мәселені шешуге бағытталған басқа мектеп теориялары да бар. Мысалы: күту – өзара әрекет (ожидание – взаимодействие) теориясын атауға болады. Бұл теория өкілдері Дж.Хоманс, Дж.Хемфилл, С.Эванс, Ф.Фидлер, Р.Стогдилл. Америкалық психолог Р.Стогдилл, Ф.Фидлер еңбектеріне талдау жасай келе, лидердің ықпал етуі және жағдаяттардан шешім табуы (лидер мен ізбасарларының арасындағы қатынас, лидердің билік дәрежесі, мақсаттың мәнділігі жағдайындағы) «тиімді лидерлік модель мүмкіндігін» ұсынғандығын анықтаған. Сонымен қатар, практикалық барлық жағдайда лидерлік топтық үдерістегі фокус ретінде, немесе келісімге шақыру өнері ретінде, немесе билік ұстанымы тұрғысынан рольдік әрекет ретінде көрініс беретіндігін анықтаған. 1948ж. Ральф Стогдилл лидердің жеке қасиетін анықтауға бағытталған 50 зерттеу жұмыстарды салыстырып, ортақ модель шығаруға бағытталған жұмысын жүргізді. Ақыр аяғында бұл мұндай модель құру мүмкін емес деген пікірге келеді. Бірақ «trait theory» жойылмады, керісінше дами түсті. Бұған сан алуан лидерлікке арналған әртүрлі мінездеме тізімдері ұсынылған кітаптардың көптеген түрлері дәлел бола алады. Зерттеулерге сүйенсек, тұлғалық сипаттамалар теориясын кейіннен лидерліктің жағдайлық теориялары алмастырды. Бұл теориялардың үйлесімділігі лидерліктің қалыптасуында орын, уақыт, жағдайдың орны ерекше екендігін айқындайды. Топ құрамының әртүрлі нақты жағдаяттарда белгілі бір қабілеттің басқалардан артықшылығы жеке мүшелерді айқындайды, бірақ дәл осы қабілет кей жағдайда қажетсіз болып жатады. Дегенмен жағдаяттан шыға білу қабілетіне ие болу адамның лидер болып қалыптасуына жол ашады. Осы мағынада А.И.Давлетова өз еңбегінде келтірген америкалық зерттеуші Дж.Шнейдердің пікірі қызықты «Бір кездері Англиядағы әскери лидерлердің даудамайға үйлесімді шек қоюы мемлекетті қиын жағдайдан азат етті. Бұл сол немесе басқа кезеңдегі елдегі саяси әлеуметтік жағдайдағы лидерлердің жол таба білуі, жағдаяттық фактордың лидерлікке жол ашар пайдалы ықпал етуші қабілет екендігін көрсетеді. Лидерліктің жағдаяттық теориясы лидерлікке тән салыстырмалы сипатын айқындайды және әртүрлі сапалы жағдайлар мен сапалы қабілетке ие лидерлерді талап етуі мүмкін деп болжайды. Сонымен қатар А.И.Давлетова лидерлікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, Э.Хартлидің лидерлік жайында ұсынған моделіне тоқталады. Америкалық ғалым Э.Хартли лидер тұлғасының неліктен белгілі бір адамдар лидер болады, неліктен оларды белгілі бір жағдаяттар ғана анықтайды деген сауалдарға байланысты туындаған теорияның төрт «моделін» ұсынды. Біріншіден, егер адам алғашқы жағдайда лидерлік танытса, келесі екінші жағдайда да лидерлік танытуы мүмкін. Екіншіден, «жалпы лидер» лидерлердің бір жағдайды стереотипті қабылдауы нәтижесінде лидерлік қабілет топта көрінуі мүмкін. Үшіншіден, кейде белгілі жағдайда лидер болып, екінші жолы да ол адам лидер ретінде таңдауына мүмкіндік беретін өзіндік беделге ие болуы мүмкін. Төртіншіден, көбінесе лидер ретінде мақсатқа жетуге деген мотивациясы басым адамды таңдайды. Осылайша әдебиеттерге талдау жасай отырып, лидер үшін кез –келген жағдаяттан дұрыс шешім тауып, шыға алу қабілетінің қалыптасуы маңызды екендігін және бұл аталған қабілет лидер болуға жол ашатындығын анықтай отырып, лидерлікке тән қабілеттің түрінің сандық жағынан көп екендігіне, лидердің топта танылуы әр түрлі көрініске ие екендігіне көз жеткіздік. 1950 жылдан кейін 30 жыл бойы лидерлік теориялары бихевиоризм ұстанымының қарқынды дамуына байланысты екінші жолға ысырылып қалды. Зерттеушілер лидер әрекетін және оның ізбасарларымен қарым – қатынасын зерттеуге көп көңіл бөле бастады. Бұл теорияның тұжырымдардың бір жақтылығы азды көпті үшінші теорияларға, нақты айтқанда тұлғалық – жағдайлық теорияларға жол берді. Әдебиеттерге жасалған талдаулардың мәліметтеріне сүйенсек, А.Н.Омаркожаева еңбегінде бұл тұлғалық-жағдайлық теориялар нұсқасын 1952 жылы Г.Герт және С.Милз ұсынғандығы жайлы айтылған. Олар лидерлік феноменін төмендегі төрт факторда қарастырған: 1.Лидердің адам ретіндегі сипаттамаларын; 2.Оның мотивтерін; 3.Лидердің әлеуметтік рөліндегі тұлғалық сипаттамаларын; 4.Лидер және

мотивтер бейнелерін (лидердің артынан еретін адамдардың бейнесі) лидердің атқарып жатқан жұмысы және өзі мен оның ізбасарларының қызығушылығына бағытталған институционалды контекст, ресми және құқықтық параметрлерін ескеру қажет деп көрсетеді. Гуманистік бағыт өкілдері лидерлік теориясына басқаша көзқараспен қарайды. Олардың пікірінше адам табиғаты - қиын мотивацияланған организм, ал ұйым әрқашан басқару қағидасына сүйенеді. Сондықтан лидер пайымда қажеттілігі мен өзіндік мақсатын еркін жүзеге асыруға бағытталған және пайым мақсатына жетуге ұмтылуда ынтымақтастықта өз үлесін қосатындай болуы тиіс. Лидерлікті түсіну жалпы қоғам менталитетін айқындайды, сонымен қатар, заңдылықтарының өзгеруі мен адамдардың өзара қабылдауын айқындайтын теорияларды алты топқа бөліп қарастыруға болады. Көптеген бұрын қалыптасқан идеялар осы кезеңге дейін қолданысын жоймаған (1 кесте). Кесте 1 –Лидерлік теориясының эволюциясы (А.Н.Омаркожаева бойынша)

Теориялар	Анықтама
Ұлы пайымдаулар	ХІХ ғ.аяғы мен ХХ ғ.басындағы лидерлік теориясының көне теориясы. Алғашқы зерттеулерде, лидерге (ер адамға) туыла берілген «батылдық» мінезі адамдарға ықпал етуіне мүмкіндік береді деп есептелді. Бұл адам өзіне бағындыра алатын, әлеуметтік, саяси діни қозғалыстарда, билікте, әскерде «ұлы адам» деп саналатын адам туа берілген қасиеттері арқасында лидер болып есептеледі.
Тұлғалық сипаттамалар теориясы	Келесі зерттеулер лидер қалыптастыратын жеке қабілеттерге назар аудара бастады. Ғалымдар лидердің бойында өзгелерден ерекшелейтін әлдебір (мысалы, жоғары интеллект немесе ерекше алғырлық (энергичность)) қабілеттер болатындығын анықтауға тырысты. «Айрықша» қабілетті бөліп көрсету болашақта лидер қалыптастыруға, лидерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді деп жорамалдады. Бұл бағыттағы зерттеулер әлі күнге дейін қызығушылық туғызып отыр
Тәртіптік пайымдаулар	Әмбебап, әрсалалы қабілеттерді анықтаудағы сәтсіздік 1950 жылы ғалымдарды лидерлердің әрекетіне назар аудартты. Бір кездердегі зерттеу бағыты ұйымдардағы лидерлер әрекетінен: олар қандай орын алады, өздеріне қандай жауапкершілік алады, менеджменттің қандай қызметтерді қолданатындығын бақылаған. Бұл зерттеулер барысынан лидердің тиімді және тиімсіз тәртіптерін, өзара қатынастарын анықтауға тырысты. Қарым – қатынас жасау стильдері және топпен қатынас орнату әрекеттері тәртіптік жағдайда қарастырылды
Лидерліктің жағдайлық теориялары	Бұл кезеңде лидерлікке ықпал ететін жағдаяттық және контекстілік өзгерістер қарастырыла бастады. Мұндағы негізгі идея лидерлер жағдаятты бағалап, өз әрекетін жағдайға сай бейімдей алады дегенді білдіреді. Басты жағдайлық өзгерістер қоршаған адамдар мінезі мен қоғамдық орта және жұмыс тапсырмаларына қатынасынан көрінеді деп саналады. Бұл теория бойынша лидерлікті топ мінезінің және жағдаяттың үзіндісінен түсіну мүмкін емес деп саналды.
Ықпал ету пайымдауы	Бұл теория лидерлердің топқа немесе топтың лидерге ықпалын зерттейді. Зерттеу орталығы ерекше қабілеті бар харизматикалық лидер болып табылады. Лауазымды жағдайы немесе жеке қабілеті қаншалықты басым болса, соншалықты ықпал етуі басым болады деп саналады. Бұл теория шеңберінде өзгеріске әкелуге негізделген құзырлылық құрылымы (болашақ бейнесі) мәселелері аздап қарастырылып, дамытыла бастады.
Жағдайлық тұлғалық теориялар	Бұл теория бойынша лидерлікті қарым- қатынас, топ пен лидер қатынасы, олардың өзара ықпал ету мәселелері төңірегінде

карастырылды. Бұл теория лидер қызметі емес, ортақ мақсатқа жетуге үлес қосуға бағытталған топ құрамындағы мүшелерінің өзара қарым - қатынасын қарастырады. Тұлғааралық қатынас лидерліктің басты факторы ретінде қарастырылады.
--

Бұл теориялардың ерекшелігі лидерге қажетті тұлғааралық қатынас орнатуға мүмкіндік беретін, лидердің тұлғалық қабілеттерін қарастыруда маңызды болып саналады. Бұл қабілеттерге интеллектінің эмоционалды аймағы, ақыл, шыншылдық, жоғары моральдық құндылық, батылдық және лидерлердің адамдармен қарым – қатынасын ынталандыра отырып, оларға билік құруға мүмкіндік беріп, әр түрлі жолдармен топтарға қолдау көрсетіп, жетілдіруге болады десе, соңғы кезде ғалымдар назарын эмоционалды интеллект аймағына аударуда. Д.Гоулмен «Эмоциональное лидерство» еңбегінде Питер Салоуэй және Дж.Майер эмоционалды интеллектіні: «Зияткерлік үдеріс негізінде эмоциямен басқару, эмоция көрсету, жеке тұлғаны қабылдай және тнсіне білу қабілеті» - деп көрсеткендігін айтады. Басқаша айтқанда, эмоционалды интеллектте ғалымдар төрт сапаны біріктіреді: - адамдармен қарым – қатынаста қабылдау және сезіне білу қабілеті (дәл өзінікі тәрізді, басқа адамды қабылдауы); - ақылға сүйеніп эмоцияны бағыттай білу қабілеттілігі; - адамдарды түсініп, эмоцияны дұрыс көрсете білу қабілеттілігі; - өз эмоциясын басқара білу қабілеттілігі; Гарвард университетінің психологы Дэвид Макклелланд «эмоционалды интеллектіде» дамыған лидер қандайда бір сапаларсыз - ақ басқаруға қабілетті болып келеді деп атап көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - Егемен Қазақстан 2013 жыл 28 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы- интернет ресурс, www.edu.gov.kz/.../bilim_berudi_damytudy_2011_2020_hy_ara_ar_a.
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдеде бекітілген N 319 Білім туралы Заңы - Егемен Қазақстан 2007 жыл 15 тамыз 4. Руководство и лидерство/сб.науч.тр. ред.Б.Д.Парыгин,- Л.,1973. 5. Чернышев А.С., Лунев Ю.А., Лобков Ю.Л., Сарычев С.В. Психологическая школа молодёжных лидеров. – М., 2005.- с.275 6. Жеребова Н.С.К вопросу о выдвижении лидеров в студенческих группах/личность и группа.ученые записи том,- 468.:1971- 139-с.157 7. КричевскийР.Л. Лидерство в малых группах как объект социально-психологического исследование.-Л.: изд-во ЛГПИ им.Герцена,1973.-с.54 8. Кудряшова Е.В. Суханов В.Р. Особенности лидерства как элементы социального управления/ Философия и образование- пространство диалога/.Архангельск,2000.- с.25

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

АЛДОНГАРОВА З. Ж.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әр жылдардағы халыққа жолдау - әр адамның жан-жақты дамуына мол мүмкіндік жасайтын мемлекеттік құжаттың бірі. Бұл жолдаудың негізіне түрлі реформалармен қатар білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру, әлемдік білім кеңестігіне толығымен кірігу және қоғамымыздың басты байлығы-жас ұрпақты дамыту үшін қажетті жағдай жасау жолымен оның ой-өрісін кеңейтіп, жан-дүниесін байыту, жалпы және кәсіптік білім алуы үшін мүмкіндіктер жасау туралы мәселелер қойылып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам. Ал туғаннан мектепке барғанға дейінгі аралық - баланың психикалық және физиологиялық дамуының ең қарқынды жүретін әрі адамның бүкіл өміріне қажетті қасиеттер мен сапалардың қалыптасатын кезеңі. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың даму, қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін жанжақты зеттеген әйгілі психолог, физиолог, педагог ғалымдардың (Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, В.В.Давыдов, Н.М.Поддьяков, В.А.Сохин, Д.Н.Узнадзе, Е.А.Флерица, Н.А.Ветлугина және т.б.) еңбектерінде ғылыми негізде дәйектелген. Бұл ғалымдар мектепке дейінгі жас кезеңіндегі балалардың өмірді танып білуге құштарлығы басым, өзіндік қарапайым әлеуеттік мүмкіндіктері жеткілікті екенін делелдейді.

Бала – біздің болашағымыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі қазіргі уақытта бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі қоғамда ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Жаңа білім беру жүйесін дамыту негізіне оқытудың заманауи технологиясы жатады: Интернет-технология, электронды пошта технологиясы, компьютерлік оқыту бағдарламалары, Web-технологиялары, «кейс-стади» (аналитикалық және сыни ойлауды, сонымен қатар креативті дамыту үшін үздік әдістемелердің бірі ретінде саналады, кейс-әдіс, практикалық мысалдарда оқыту, нақты жағдайлар әдісі, жағдайлық оқыту, жағдайлық тапсырмалар), рефлексия өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау әдісі ретінде, тренингтік технологиялар, жобалар әдісін қолданумен оқыту технологиясы. Қазіргі кезде сабақтар мен сыныптан тыс шараларды өткізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданбай елестету мүмкін емес.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды - есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық – коммуникациялық технология құралдарын қолданудағы мақсат - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, заманауи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен органы моделдеуге болады.[1] Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу қызметін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген

психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында ел дамуындағы маңызды мәселелерге тоқтала отырып, білім берудің бәсекеге қабілетті болуына ерекше басымдық береді. Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор. Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру.[2]

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды.

Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялары мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді.

Халықаралық тәжірибе зерттеуі көрсеткендей, заманауи білім берудің өзекті міндетінің бірі мектеп жасына дейінгі интеллектуалды дамыған балаларды ерте жастан анықтау, оқыту және тәрбиелеу болып табылады

Мектепке дейінгі білім мазмұнына байланысты шетелдердегі ғалымдар ойпікірлерін зерделейтін болсақ, оқу-тәрбие үдерісі педагогикалық, дидактикалық қағидаларға негізделіп тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттыруға, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға және қарапайым білім негіздерімен қаруландыруға бағытталғандығы анықталды. Шетелдерде педагогикалық білім беруді реформалау 70 жылдарда басталып, білім беру сапасын арттыруға басым көңіл бөліп, қарқынды даму жолын таңдады. Олардың ішінде Ресейдегі мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнының қалыптасуы мен дамуы қуатты педагогикалық және психологиялық бірлескен идеялардың ғылыми әлеуетіне негізделген жоғары деңгейде дамыған қағидалары мен тұжырымдамалары, белгіленген жүйесі, сол елдің мәдени тарихи тамырларына бағытталған мазмұны және технологиялары бар. Мұнда балабақша-балалар үшін өздерінің талаптілектерін жүзеге асыратын, үлкен адамдармен қарым-қатынас жасайтын, өмір сүретін арнайы жабдықталған кеңістік орта болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдар әлеуметтік қамсыздандыру министрілігіне қарайтын елдерде (Австрия, Англия) ата-аналар қалауымен балаға күндізгі қамқорлық түрінде ұйымдастырылуы басым болса, Білім министрілігіне қарайтын елдерде (Ирландия, Қытай) ерте жастан оқыту үрдісі басым. Ал кейбір елдер де мектепке дейінгі білім беру енді-енді министріліктер қарамағына еніп отыр (Түркия, Жапония).

"...тәрбиеші өзін өткен мен болашақтың арасында тірі дәнекермін, шындық пен жақсылықтың құдіретті жауынгерімін деп біледі және ол өз ісінің сырт қарағанда қарапайым екендігін,бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін,бұл істен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсіндіреді" деп жазады К.Д.Ушинский. Мектепке дейінгі мекемелерде оқу қызметінің сапалы өтуі тікелей тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Бір ұйымдастырылған оқу қызметінің түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы жетуге болады.

Инновация құрал мен үдеріс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді.

Мысалы бала тұлғасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «Жеке бағытталған оқыту, жеке бағытталған тәрбие, жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап,

олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды. Жеке бағытталған технологиялар:

Топтық оқыту технологиясы,
Амонашвилидің ізгілік технологиясы,
Интерактивті оқыту
Ойын технологиялары,
М.Монтессори технологиясы
Дамыта оқыту технологиясы,

Мәселелік оқыту технологиясы және Триз шығармашылық технологиясы. Бұл технологиялар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда тиімді болып есептеледі.

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі білім мазмұнын дамытудың әлемдік тәжірибедегі мәні мен маңызын саралауда мектепке дейінгі білім беруге тән жалпы әлемдік үрдістерді жинақтап айтқанда, ол мынаған саяды: тәрбиешілер баланың қоршаған ортамен қуанышты және алаңсыз айналысуын, мейілінше дербестігін, білуге құмарлығын, түрлі тәсілдермен өзін таныта алуын ынталандыратын жағдай, орта жасалатындығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.К.Ю. Белая «Инновационная деятельность в ДОУ» әдістемелік құралы. М. 2005ж.
- Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар». – Алматы, 2001.[1]
- 2.ФН Жұмабекова «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық - әдіснамалық негіздері» - Астана, 2010
- 3.Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту жұмысында инновациялық технологияларды енгізудің талаптары Әдістемелік ұсыным Астана 2014 [2]
- 4.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» Республикалық педагогикалық журнал №5-2018

УЧИМСЯ, ИГРАЯ!

ВАСИЛЬЕВА Г.Л., СОБОЛЕВА Н.В.

КГУ «ОСШ №20» г.Караганда
natasha72kz@mail.ru

В условиях обновления содержания образования в РК и изменения подходов к изучению русского языка можно с уверенностью сказать, что игра как способ формирования познавательной активности учащихся на уроке актуальна и эффективна. Ребенок учится языку, играя в детском саду, в начальной и основной школе. Цель нашего обучения – функционально грамотная личность. А игра в процессе обучения способствует безболезненному усвоению информации. Еще древние греки говорили, корень учения горек. Но зачем учить с горькими и бесполезными словами тому, чему можно научиться с улыбкой. Если интересно построить урок, если попытаться вызвать в глазах детей удивительное любопытство, азарт, восторг, радость, то корень учения может замелить свой вкус и стать сладким. В этом учителю поможет занимательная наука - занимательное языкознание.

Не столь легко науку о языке сделать занимательной, хотя в жизни любого человека, любого народа язык занимает главное место - это важнейшее средство человеческого общения. Но как к нему относятся? Для одних язык - нечто само собой разумеющееся, они пользуются им, владеют им, но не задумываются над его сущностью, свойствами.

Другие, наоборот, интересуются его устройством, происхождением отдельных слов, спецификой их образования, употребления. Порой они ищут ответы на вопросы в школьных учебниках. Но там ответа нет. В специальных справочниках ответы есть, но, зачастую, для не лингвиста, они столь мудрены, что понять невозможно. И тогда на помощь приходит занимательная грамматика.

Родной язык в школе - это инструмент познания, мышления, развития. Он обладает богатыми возможностями творческого обогащения.

Через язык ученик овладевает традициями своего народа, его мировоззрением, эстетическими ценностями. Через язык он приобщается к сокровищам мировой литературы. Через язык он выражает свои мысли, чувства, волеизъявления. Язык вводит ребенка в общественную жизнь, дает ему возможность общаться со взрослыми, друзьями. Через слово усваиваются и основные понятия. А так, как мы знаем, что имя существительное и глагол составляют более 70% наших слов, то основное обучение языку и падает на эти части речи. Причем существительное составляет приблизительно 44% всех слов, употребляемых человеком. Игра заложена в человеке на уровне инстинкта. В любом- возрасте человек любит играть. У ребенка игра играет важную роль, пожалуй, главную роль в его развитии, т.к. именно в процессе игры формируется его представление об окружающем мире, о социальных взаимоотношениях и формируется понятие о том месте, которое он занимает в обществе.

Всегда нужно понимать золотое правило, выработанное психодидактами: знания, усвоенные без интереса, не окрашены собственным положительным отношением, эмоциями, не становятся полезными - это мертвый груз. [Волина, с. 7]

А.С. Макаренко придавал большое значение игре детей и сравнивал ее с работой взрослых. «Хороша игра, - говорил он, - похожа на хорошую работу, и плохая игра похожа на плохую работу. В каждой игре есть, прежде всего рабочее усилие мыслей». [Макаренко, с. 374]

В языковых играх, несомненно должно быть «усилие мыслей». Игры должны способствовать расширению и укреплению навыков устной речи, они должны быть не только занимательными, но и обучающими.

В дидактических познавательных играх на первый план выступает наличие знаний, учебных навыков.

Сущность дидактических игр заключается в решении познавательных задач, поставленных в занимательной форме. Усваивая или уточняя в дидактической игре тот или иной программный материал, дети учатся наблюдать, сравнивать, проявлять сообразительность, находчивость, а главное - развивать коммуникативную активность.

Каждая дидактическая игра имеет свою структуру:

цель игры - обучающая;

правило игры - пути решения задачи;

игровые действия - реализация поставленной задачи;

окончание игры;

итог игры и оценка учителем деятельности участников игры - оценки корректные, даже либеральные, мягкие.

Успех игры зависит от четкого объяснения правил.

Занимательность может проявляться в различных формах:

- в неожиданной постановке вопроса;

- в создании проблемной ситуации;

- в необычной форме проведения урока (виде интервью, путешествия, инсценировки и пр.).

К занимательности, используемой на уроках русского языка, предъявляются следующие требования:

1. задания должны соответствовать психофизическим возрастным особенностям школьника;

2. задания должны быть доступны в исполнении;

3. задания должны соответствовать изучаемой грамматической теме;

4. игра не должна быть самоцелью;

5. учитель не должен вмешиваться в игру, но только корректировать ее;

Балабақшадағы сыртқы безендіруі таза табиғи және құнсыз заттардан жасалынып төңірегімізді көркейтіп тұр. Тәрбиеленушілердің табиғатты танып білуге және оның тылысым тынысының өздік ерекшеліктерін түсінуге арнайы таза ауадағы экологиялық кабинет жасалды. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуға үйреніп табиғатпен етене байланыста болады.

3-4 жасар балаларға арналған экологиялық жол салынған. Ол жолда балалар құмырсқа иілеуімен, шағын тоғанмен, аралардың еңбегімен, жәндіктер әлемімен танысады.

5-6 жасар балаларға арналған экология жолында, балалар бақша ішінде тәрбиешілермен еңбек жасайды, көкеңістердің өсіп-жетілуін бақылайды және әлемнің қызықты жерлерімен танысуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін «мысыр елінің пирамидасы» жайғасқан, «кактустар әлемі», «орыс халық ертегілері» және «қазақтың жайлауы» сияқты бұрыштар бар[5, 36б.].

Балабақшаның ішіндегі безендіру экологиялық бағытқа сай келеді, яғни экология бөлмесі, экологиялық бұрыштар балалармен жұмыс жасауға және балалардың жан-жақты дамуына ықпал жасайды.

Тәрбиелеу мен білім беру ісіне отбасын тарту, ата-аналарды педагогикалық үрдістерге, жоспарлау мен ұйымдастыруға қатыстыру, ата-аналардың балабақшамен тығыз байланыста болуы.

Әдебиеттер:

1. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалыбілім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.

БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

РАИМБЕКОВА Д.А, ИСИНА Ж.

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланы тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында білім беру жүйесін жаңғыртудың бағыттары төмендегідей қарастырылған[1, 35 б].

Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды:

1. білім беру мекемелерін оңтайландыру;
2. оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту;
3. білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру.

Ол үшін білім беру үдерісінде бала тұлғасының дене бітімі және зияткерлік аспектілерін ғана емес, баланың жоғары рухани-адамгершілік табиғатын ашу қажет. Осы орайда жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарға негізделген «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының ролі ерекше.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды,

жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт[2, 21б.]. Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

- тәрбие үрдісі балалардың рухани адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;
- балалар рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;
- балалар жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетіне көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім педагогтарға өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. В.Г.Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Біздің мақсатымыз–балаларымызды мүмкіндігінше жан-жақты тәрбиелеу. Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра, педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады[3, 34]. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б./Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», деп атап көрсеткен. Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге,

мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. Рухани бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Егер жабайы аңдар Адамға мейірімділік көрсетсе, адамдар неге бірін-бірі тәрбиелемеске? Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Я.А.Коменский «Тәрбиені мойындамау – адамдардың, жанұяның, мемлекеттік және бүкіл әлемнің құруы» деген болатын[4,16].

Адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы үшін жүйелілік және тұлғалық мүшелерінің ара салмағын дұрыс айқындаудың маңызы зор. Жеке адамды әлеуметтік қатынастардың жемісі деп қарастыру, адамды бағаламауға әкеп соғады. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар адам болмысының әртүрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар – өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттәләктерді өтеу үдерісіндегі қалыпты нәрселер. Қалыпты мәнге қайырымдылық, сұлулық, әділеттілік идеялары ие болуы мүмкін. Құндылықтар—қасиеттер. Қасиетсіз адам жануарға айналып кетеді. Оларға деген табынушылық қатынас бала кезден, ана сүтімен бірге,өзінің ана тілі арқылы,мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі.

Рухани дүниесі бай, құндылығы мол, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, балаларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты.

Қорыта келе айтарым, тұлға рухани-адамгершілік тәрбие арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әмірәлиев Ш. «Рухани байлық-өмірден». – Қазақстан мектебі,№11-12.1992ж
2. Құрманбаева М. «Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу». Бастауыш мектеп, №1.2005ж.
3. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
4. Утебаева А. «Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат». Бастауыш мектеп, №9.2005ж.

**ҮШТІЛДІЛІК ЗАМАН ТАЛАБЫ
НАСЫПХАНҚЫЗЫ А., АБУГАЛИЕВА Г**

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал, ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолдан байынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың. Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына

жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру керек. «Елу жылда ел жаңа...» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс жасап келеді. Бұл қатынастардың оң нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтастығы, өзара түсіністігі, яғни тіл білуінен. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассемблеясында айтқан. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлығы» «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды. Тілдердің үштұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Елбасының 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты жолдауында 2020 жылға дейінгі еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуының нақты жоспарын айқындап берді[4]. Елбасының бұл жоспары Қазақстанның әлемдік дағдарыстың қашан аяқталуын күтпей өзіндік даму стратегиясын алдын ала белгілеуі деп айтар едім. Президентіміз тек экономиканы ғана емес, сонымен қатар ғылым мен білім, денсаулық сақтау салаларын барынша дамытуға көп көңіл бөлгендігін ерекше атап өтті. Осы жолдауда білім мен ғылымның модернизациясын жалғастыру қажеттігін меңзеді. Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс[1, 5б.].

Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: “Мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет” - деп етекше атап көрсеткен. Білім министрі 2019 жылға дейін елімізде үш тілді білім беруге көшуде еш кедергі болмауы керек деп санайды. 2019 жылға дейін жоғары сыныптарды осы жүйеге көшіретінін айтты. Бір айта кететіні, мектепте жоғары сыныптарға техникалық мамандықтар пәнін (химия, физика, биология, информатика) ағылшын тілінде өткізе отырып, оқушының әлемдік оқудағы үдерістерге ықпалдасуына жағдай жасайтынын тілге тиек етті. Ал, еліміздегі орыс мектептеріндегі «Қазақстан тарихы» пәні қазақ тілінде және де қазақ мектептеріндегі «Дүниежүзі тарихы» пәнінің орыс тілінде жүргізілетінін айтып өткен болатын. Бұл Қазақстанның барлық мектептерінде де осылай жүретінін меңзеген болатын. Осылайша еліміздің білім алушы әр перзенті үш тілді еркін меңгеретін болады. «Бұндай ықпалдасу оқушы үшін міндетті. Осылайша, ол жоғары оқу орындарында да ағылшын тілінде оқытылатын техникалық пәндерге бейімделе бастайды», - деген болатын министр Е. Сағадиев[2, 12б.].

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды[3, 3б.]. Ағылшын тілін оқып – үйренемін деушілердің саны күннен – күнге көбеюде. Бұл сайып келгенде, шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінің жаңа бетбұрыстарды қажет екендігін тудырады. Қазіргі уақытта, ағылшын тілін меңгерудің талабы жоғары болғандықтан, ағылшын тілін тереңдетіп үйренуге арналған арнайы мектептер, гимназиялар, колледждер көптеп ашылууда. Бүгінде осы үштілділікті қолдау, қолдану мақсатында біз, мұғалімдер өз үлесімізді қосуға, оқушыларға аталған жаңа талаптарға сай білім беруге бір кісідей ат салысамыз. Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақиқат. 2011 жыл, №5. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі
2. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
3. Жарықбаев Қ. Аталы сөз.– Алматы: Жалын, 1980.
4. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 2007

ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ

МАГРУПОВА К.Ж, ДҮЙСЕКЕЕВА Д.Н.

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Интерактивті әдістер қазіргі білім беру үрдісінде кең қолданысқа ие болып отыр. Бұл ХХІ ғасыр - ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет пен интерактивті ресурстармен жұмыс жасайтын ғасыр. Білім беру үрдісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану ғасыры. Сол білімді мықты тұғырлы етіп ұйымдастырумен қалыптастыру үшін интерактивті оқытудың білім беру ісіне тигізер ықпалы мол. Сондықтан ұстаздар оқытудың қазіргі педагогикалық технологиялардың мән- мағынасын терең түсініп, өз тәжірибесінде қолданудың маңызы өте зор. Қазіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой - өрісінің шындалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде [1, 23б.]. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын», - деген қанатты сөзді еске түсіреді.

Ж.Аймауытов «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»- деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, балалардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойды. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында бала екі жақты білім алады: біріншісі-пәндік білім, екіншісі-компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану баланың өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді [3, 5б.]. Электронды оқулыққа оқу технологиялары жинақталған. Мысалы: ойын арқылы оқыту, блокты оқыту, тірек- сигналдар арқылы оқыту, т.с.с. Электронды оқулық арқылы бала көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі болып табылады. Оқытудың интерактивті әдістері: интерактивті сабақ, видео-аудио материалдарды қолдану, компьютерлік оқыту, рольдік ойындар (оның ішінде бейнежазбаға талдау жасату арқылы), тренингтер, кейс-стади (case-study – нақты, практикалық жағдаяттарға талдау жасату), (нақты жағдаяттарды (Fullstudies), іскери ойындар, шағын топтардағы жұмыс, топтық дискуссия, миға шабуыл жасау, жағдаяттық ойындар, жобалау әдісі, портфолио, проблемалық тапсырмалар, жарыстар, әркім-әркімді оқытады, мозайка, бағаланатын дискуссия, деңгейлік тапсырмалар т.б.

Әрине, бұл әдістерді қолдану баланың жай дәрісінен гөрі көп уақытты талап етеді.

Алайда, «оқыту пирамидасына» байланысты, нақ осы кезде ғана білімді жетік меңгеру жүзеге асады. Интерактивті әдістерінің мақсаттары:

1. Ақпаратты қабылдап, бағалай алуы;
2. Ақпаратты талқылауға қатыса алуы;
3. Шешім қабылдай алуы;
4. Өз пікірлерін топтың басқа мүшелеріне жеткізе алулары;
5. Ортақ мақсаттарға жету үшін топ мүшелерімен бірлесе әрекет ете алулары қажет.

Жағымды атмосфера тудыратын, қатысымдықты ұйымдастыратын интерактивті әдістердің үдерісі ұстаз тарапынан өзге тілді ортаға енгізу кезеңінде жүзеге асырылатын «коммуникативтік шабуыл» өзара әрекеті арқылы сипатталады[2, 86.]. Ондай әдістерге «Сұхбат», «Дөңгелек үстел» (дискуссияға үйрету кезінде), «Ассоциациялар», «Сөйлеу минутасы», «Рефлексивті шеңбер», «Тірек сызба», «Сергіту жаттығулар», «Фразаны аяқта», т.б. жатады.

Интерактивті оқыту – адамдар қарым-қатынасының ынтымақтастықты негізіне құрылады. Жұпқа, топқа, ұжымға бөлініп бір мақсатқа жету үшін бір-бірімен түсінісіп, ортақ сөйлеу әрекеті іске асырылады. Оқытудың өзара әрекетінің түрлері мен тәсілдері тіл үйренушілердің қарым-қатынас жасауға, ақпаратпен алмасуға белсенді және үздіксіз жұмылуын қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр ұстаз алдында отырған баланың жас ерекшелігін ескеріп, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Міне, осындай оқытудың жаңа технологияларының бірі интерактивті оқыту әдісі [5, 186.].

Әдетте мұндай қарым-қатынас балалар әлдебір мәселені талқылап соның шешімін табуға талпынған маңызды. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі - балалардың өз бетінше ой қорытып жауап табуға үйрету. Интерактивті технология өзара қарым -қатынастың мол ауқымын қамтиды. Білім берудегі интерактивті технология мұндағы интерактивті сөзі - «inter» - бірлесу, «act» - әрекет жасау ұғымын білдіреді. Сабақ барысында баланың топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бірі толықтыратын, сабақ барысында барлық балалардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту әдісі.

Интерактивті әдісімен оқытқанда, баланың:

- ақыл-ойы дамиды,
- еркін ойлауға мүмкіндік береді,
- шығармашылық белсенділігі артады,
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиеленеді,
- тіл байлығы жетілдіріледі,
- жан-жақты ізденушілігі артады.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр ұстаз алдында отырған баланың жас ерекшелігін ескеріп, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Міне, осындай оқытудың жаңа технологияларының бірі интерактивті оқыту әдісін мен өз тәжірибемде қолданып келемін. Мысалы «Құрманғазы» тақырыбында өткен сабақта «Адай» жүйін көз жұмдыра тыңдатып, баланың ойын, түсінігін сұрап, басқа жолдастарының жауаптарымен салыстырып, содан соң бейнеклипті көрсеттім. Сабақтың жаңа ақпаратты қабылдау бөлімінде оқушылар тақтада берілген тапсырманы көріп, түсініп, жауабын тауып, тапсырманы толық, дұрыс орындауға тырысады. Тапсырманы орындауға барлық бала қатысады. Әсіресе тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу балалардың өздері жазбаша жұмысты қызыға орындайды. Өйткені интерактивті тақтаның келесі бетінде ол тапсырманың дұрыс жауабы беріледі, сол арқылы бала өзінің жауабын салыстыра тексеріп, өзін-өзі бағалайды. Топпен жұмыстану барысында белсенділік көрсете отырып, топтау, Венн диаграммасына түсіру, сәйкестендіру әдістерін интерактивті тақтада орындап, уақытты үнемдеуге болатынын көруге болады. Сабақты бекіту бөлімінде активпультті пайдаланып, уақытты үнемдеу, оқушының шапшаңдық қабілетін, өз білімінің нәтижесін көруді дағдыландыруға болады[4, 126.].

Біз осы әдісті пайдалана отырып, балалардаң білімін жетілдіре алдық. Топпен жұмыстану барысында белсенділік көрсете отырып топтау, Венн диаграммасына түсіру, сәйкестендіру әдістерін интерактивті тақтада орындап, уақытты үнемдеуге болатынын

көруге болады.Сабақты бекіту бөлімінде активпультті пайдаланып,уақытты үнемдеу, баланың шапшаңдық қабілетін, өз білімінің нәтижесін көруді дағдыландыруға болады. Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа сапалы білім беру барысында осы аталмыш технология нәтижелі жетістік, балалар бірінші болып интерактивті тақтаның педагогикалық мүмкіншіліктерін аса жоғары бағалап, оны іс жүзінде тиімді қолдану тәсілдерін үздіксіз зерттеу үстінде. Шынында да, интерактивтік тақта сабақты түрлендіруге көмегін тигізіп, яғни оқытудың барлық кезеңінде, әсіресе балабақшада оқытуды қызықты да әсерлі өткізуге ықпалын тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Г.Кертаев.Оқытудың кейбір әдістері. Алматы,1991.
2. Б.Р.Айтмамбетова . Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы,1991.
- 3.Абраменко Н.К. Подготовка ребенка к школе. Минск, 1972.
- 4.Джеральдина Чейпи. Готовность к школе. М., 1992.
- 5.Оспанбекова Н.Ж.,Чанбаева М.Қ. Болашақ мұғалімдерді дайындауда ақпараттық технологияларды пайдалану. Алматы. 2013.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

КЫЗДАРКУЛОВА К.Ж, НАКИНА Г.И.

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше. Бүлдіршіндердің білім берудің кейінгі сатыларында нәтижелі дамуын анықтайтын негіз – балабақшадан қаланатындығы баршамаызға мәлім.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын.

Осы иновациялық технологияларды балаларға этномәдени білім беруде қолдану қазіргі таңда тәрбиешілердің алдында тұрған міндеттердің бірі.

Этникалық-мәдени сәйкестілік жағдайына халықтың өзі тудырған әлеуметтік-жүйе арқылы қол жетеді. Оған отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, журналдар мен газеттер, көркем және ғылыми әдебиет, ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады»[2, 17 б.] деп Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәденибілім тұжырымдамасында атап көрсетті.

Этномәдени білім беру дегеніміз мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер, ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеу. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз» [1, 78 б.].

Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірбиесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірбиеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық- үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов «.....өз халқының және басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибиесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді» [3, 376.] -дейді. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады.

Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық Әр мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ерте жас тобынан бастап мектепке дейін шығарып салуға дейін этномәдени компонент элементтері кездеседі. Күн тәртібінің барлық сәттерінде қандай да болсын элемент болуы мүмкін - халық ертегілері, халық педагогикасының бөлімдері, фольклор, мақал - мәтелдер, әдет - ғұрыптар мен салт - дәстүрлер, халық ойындары және т. б. Балаларға әрдайым жомарт қазақ халқымыздың бойындағы бар жақсы қасиеттер мысалға келтіріліп, тәрбие және оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Соның арқасында тәрбиеленушілердің қоршаған ортаны сезіну, қоғамдану, өзіндік бағалау, тұлға ретінде даму сияқты маңызды қасиеттері дамып қалыптасады.

Этномәдени компонент – бұл танымдық белсенділікті, өзбетінше, шығармашылық дамуды, халықтардың өзіндік тұрмыстық ерекшеліктеріне және жалпы сұлулыққа араласуын оятатын құрал. Бұл жалпы халықтық мәдениетке, қатынасу мәдениетіне апаратын жол. Халық тұрғындарының арқасында балаларда мейірбандылыққа, тілектестік сезімдеріне тәрбиеленеді.

Мектепке дейінгі қоғамдық білім беру жүйесіне этномәдени компоненттің енгізілуінің негізгі шарты – мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың эмоционалдық дамуын және аман - саулығын қадағалау. Эмоциялар тәртіпке тікелей әсер етіп, қоғамдық арақатынас пен тартымдылықты қалыптастырады. Олар бағалау рөлін атқарып, баланы әрекеттерге итермелейді, тәжірибені белсендетіп, жинақталуына ықпал етеді.

Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды қолданып ғана қоймай, қазіргі заманғы техникалық құралдардың көмегімен авторлық бағдарламалар жасап, тек ғана мектепке дейінгі ұйымдарда ғана пайдаланбай отбасында да пайдалану септігін тигізеді. Ата-аналары қолданылатын ұялы телефондарға, планшеттерге балаларға қызық болатын арнайы бағдарламалар жасау. Мысалға «Қуыршақты ұлттық киімге киіндір». Бұл бағдарламаларда ұлттық киімдердің үлгісі тұрады, балалар киімді таңдайды, таңдалған соң ол киімнің атауы қазақша және ағылшынша айтылады. Бала қуыршақты киіндіріп ғана қоймай, ұлттық киім түрлерін ғана емес, сонымен қатар тіл үйренеді. Сонымен қатар осындай мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды,

ертегілерді, салт-дәстүрлерді, қазақ халқының бай халық ауыз әдебиетін осылай үйретуге болады деп ойлаймын.

Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

21 ғасыр ғылым мен білімнің дамыған кезінде балаларды жан-жақты, ұлтын сүйетін, мәдениетін білетін, қазақ тілінің барлық қыр сыраларын көрсете алатын, өз этномәдениетімізді басқа тілдеде еркін таныстыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге, баланың одан әрі қызығушылығын арттыруға көп септігін тигізеді деп ойлаймын.

«Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» [4] деп Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында атап көрсеткендей бізге білімді ұрпақ қажет. Сондай ұрпақ тәрбиелеп шығару ол біздің міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Адам қайраты 1981жыл
2. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәденибілім тұжырымдамасы 1996 жыл
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
4. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана 2014 жыл

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

КАЛИАКПАРОВА Н.А, НАЗЫРОВА А.Е

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Әлем күннен күнде түрлене келе, көптеген тілдердің алуандығымен таң қалдырады; сол себептен бала бір тілден аса, яғни бірнеше тілдік ортаға тап болатын жағдайлар көбеюде. Қоғам қазіргі білім беру жүйесіне түпкілікті айрықша мақсат қоюда. Бүгінгі күні мектепке дейінгі мекемеде уақыт өте келе бөбекжайдан жоғарғы оқу орны мен ғылымға интеграцияланатын білім берудің инновациялық моделі қалыптастырылуы қажет.

Мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық технологиялар мен жаңашыл білім беру технологияларын енгізу баланың ары қарай мектепте, колледжда, ЖОО-да оқуын сапалы және сәтті білімін жалғастыруда потенциал қалыптастырады. Бұл өз кезегінде қазіргі заманғы ұрпақтың бүтіндей болашағына әсер етеді.

Мектепке дейінгі мекеменің жалпыға бірдей білім беру стандарты күтілетін нәтиже ретінде баланы мектепке дайындығымен қатар, оқуға деген дайындығын қарастырады. Соның ішінде «Коммуникация» саласы баланы көптілділікке, тіл білуге деген құштарлыққа, ана тілінде немесе шет тілінде әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа түсуге, айналадағы адамдармен вербалды немесе вербалды емес құралдар арқылы сөйлесуге деген құштарлығын дамытуды көздейді. Мектепке дейінгі жас тіл үйретуді бастаудың ең қолайлы кезі, себебі бұл

кезде баланың назарының концентрациясы тиімді, логикалық ойлау қабілеті жоғарырақ, және есте сақтауға арналған жады әлдеқайда көлемдірек.

«Гауһар» бөбекжайында ағылшын тілі оқу қызметі стандартқа, оқу кестесіне сай өткізіледі. Оқу қызметі кезінде түрлі әдіс–тәсілдер қолданылады. Бөбекжайда тіл үйренуде ақпараттық және коммуникациялық әдістер кеңінен қолданылады, оның ішінде компьютерлік құрылғылар, мультимедиялық құралдар, аудиолар және т.б. Оқу қызметінде АКТ қолдану мотивацияның 2 түрін дамытады: өзіндік мотивация, яғни берілген материал баланың қызығушылығын тудырады, және бала осы тілді біліп, үйреніп түсіне алатынын көрсету арқылы баланы мотивациялау. Бұл баланың өзінің жетістіктеріне қанағаттануын, өз күшіне сенімділігін тудырып, баланы әрі қарай сол жетістіктерін жетілдіріп, жоғары сатыға көтеруге ынталандырады. Менің пайымдауымша, ертегіні не болмаса әңгімені тыңдау, немесе танымдық фильмдер көру оқытатын бағдарламалардан анағұрлым қызығырақ. Балалар тілдің мағыналық (семантикалық) негізін тез ұғып, өздері сөйлей бастайды. Әсіресе оқытуда баланы тілдік ортаға толық жайғастыру әдісі қолданылса бұл тиімдірек болады. Бұл әдісте ағылшын тілімен жиі және терең байланыста болу көзделеді. Оқыту құралдары жайлы сөз қозғағанда, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған компьютерлік ойындар туралы айтып кеткен де жөн. Олар балаға жеңіл әрі қызықты формада ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде сөздерді, сөз тіркестерін, есте сақтауға ақыл-ойын және компьютерлік біліктерін дамытуға көмектеседі. Баланың соқыр сезімі өте алғыр, қазір нәтижесі айқын білінбесе де, бір-екі жыл ішінде баланың ерекше дамыған тілдік (лингвистикалық) қабілеттерін көретінімізге кәміл сенімдімін. Сол себепті «Гауһар» бөбекжайында осы тақырыпта жоба бастадым. Осы жоба аясында балалармен АКТ көмегімен ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізіліп басталды. Ағылшын тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында балаларға ұнтаспалар, видеолар, оның ішінде мультфильмдер көрсетілу көзделуде.

Баланың сөздік қоры бірнеше ондық сөзге жеткенде ұйымдастырылған іс-әрекетті ағылшын тіліндегі аудиоертегілермен түрлендіруге болады. Бастапқы кезеңде кішкентай әңгімелер тыңдатылған жөн. Бұл әңгімелер балаға түсінікті болуы шарт. Өйткені бала материалды түсінбесе, оның қызығушылығы төмендейді. Ал қызығушылықсыз өткен іс-әрекет құнды әрі тиімді болуы екіталай. Аудиоертегілерді тыңдау барысында балаларға көрнекілік құралдар көрсетіп, сонымен қатар сөздерді қайталау ұсынылады. Аудиоертегілерді тыңдауды неғұрлым қызықты ету үшін тағы бір әдісті қолдану-балаларға ертегінің суретін салғызу. Бірақ ертегіні тыңдау барысында сол ертегіні бірден салу тек бала сол ертегінің сюжетін білген жағдайда ғана мүмкін. Бала ертегіні бұрын естімеген болса, сол ертегіні екінші немесе үшінші рет тыңдалуында ғана балаларға қарындаштар мен қағаз берген жөн. Өйткені ертегіні тыңдау барысында бала сурет салу баланың түпкілікті біліктеріне әсер ететін үдеріс. Бұл түпкілікті біліктіліктеріне бір уақытта ақпаратты қабылдау мен сол ақпаратты өңдеп шығару жатады. Сурет салу кезінде балада естіген- білгенімен ассоциативті байланысы пайда болады[2, 14б.]. Суреттегі сюжетпен ассоциацияланып, ағылшын тіліндегі сөздер ерікті, тіпті еріксіз түрде де баланың есінде қалады. Мұндай ағылшын тілі іс-әрекеті кезінде әр балаға көңіл бөліп, бір уақытта тыңдауды әрі сурет салуды білетіндігіне көз жеткізген абзал. Төрт-бес жастағы балада тыңдалған ақпаратты өңдеу, яғни сол сәтте сурет салу біліктілігі болмайды. Бірақ ертегілерді үнемі тыңдап, оларды лезде өңдеуге бейімделген бала бір уақытта естіп, оны тыңдап-түсініп әрі естіген ақпаратын түрлендіруді үйренеді.

Видеофильмдердің басты мақсаты- мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті оқыту әдісі арқылы ағылшын тілін үйрету болып табылады. [3, 5б.]. Сөздік қор (лексика) мен грамматикалық материал ойын түрінде енгізіледі. Тек сөздер ғана емес, сонымен қатар бұл сөздің қай жерде қолданылатынын, қандай әрекет орындауға болатыны айқын көрсетіледі, бұл баланың сөзді тез жаттап, баланың ағылшын тілінде сөйлеу біліктілігін арттырады[1, 21б.].

Фонетикалық материал (дыбыстар, екпін, ритм, интонация) еліктеу, яғни имитация арқылы жаттықтырылады. Ағылшын тілі өз ана тілі болып табылатын адамның ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысқаны фонетикалық материалдың жақсы меңгерілуіне септігін тигізеді. Бірақ бөбекжайда мұндай мүмкіндіктің болмауын ағылшын тілінде мультфильмдер көрсетумен алмастырылады. Балалар мультфильм көруді өте ұнатады және

сол мультфильмды бірнеше рет көруден жалықпайды. Балада «бұл сөздерді не үшін жаттаймын» деген сұрақ туындамайды[4, 17 б.]. Оған мультфильм көру өте қызықты болғандықтан, ол кейіпкерлердің фразаларын қызығушылықпен қайталайды. Бұл балаға жаңа сөздерді үйренуге ғана көмектеспейді, сонымен қатар ағылшын тіліне тән дыбыстарды игеруге көмектеседі. Балаға мультфильм ұнаған жағдайда бірнеше рет қайталап көру бірте-бірте оның жатталуына септігін тигізеді. Ағылшын тілін үйретуге қажетті роликтер ретінде 2-3 жастағы балаларға арналған арнайы анимацияланған өлеңдер мен мультфильмдер тандаған жөн(мысалы Мэйзи тышқаны-Maisy Mouse туралы роликтер), өйткені бұл мультфильмдердің тақырыптары балаға түсінікті, яғни санау, жануарлар аттары және тағы да басқа.

Тіл үйретуде дәстүрден тыс әдістердің бірі – театралды-ойындық қызмет. Бұл баланы ешбір қысымсыз диалогтық сөйлеуін дамытуға, мимика, жест, қозғалыс арқылы ипровизациялауына, коммуникативтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Мұндай әдіс «Гауһар» бөбекжайында ағылшын тілі вариативтік бөлімінде кеңінен қолданылады. Баланың мультимедиялық құралдар арқылы көрген ертегілерін сахналау оқу қызметі мен вариативтік бөлімнің байланысын ұштастырады.

Театр қызметі –сөйлеудің ең нақты моделі. Театрды диалогтық сөйлесуге үйретудің формасы ретінде де қарастыруға болады. Сонымен қатар, бұл ойын, ал ойын – баланың тұлғалық даму механизмінің басты құралы. Ертегі қойылымын балалар ойын ретінде қабылдап, бір-біріне әлдебір кейіпкерді қалай дұрыс ойнау керектігін көрсетіп, бір-бірінің сөздерін жаттап та алады. Театрдың маңызды аспектәсенәі бірі – балаларды түрлі эмоцияға бөлеуінде. Осындай тәсілмен берілген ақпарат жылдамырақ қабылданып, шет тілдерін үйренуге деген құлшынысын ұлғайтады. Оған қоса, бала оқу қызметінде көрген ертегілерін театр арқылы өзі ойнап шығады.Образды сомдау шығармашылық шеберлікті қажет етеді. Шынайы орта жасалынады. Мысалы, тәрбиеленуші әнші рөлін сомдаса топқа микрофон әкелу т.б. Артықшылығы тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен ынтасын арттырады, ұялшак, тұйық балалардың өзіне деген сенімділігін қалыптастырады. Себебі балалар мұндай әрекет кезінде өздерінің емес басқаның рөліне енетіндіктен жауапкершілікті сезінбейді және еркін болады.

Тіл білу –әлемдік үрдіс, яғни ол мәдениетаралық тіл табысудың бірден бір көзі. Біздің бүгінгі мектепке дейінгі жастағы балалар – ертеңгі күнгі еліміздің басқарушылары, иелері. Бала бойында азаматшылдық пен патриоттық сезімдерді қалыптастыру ана тілге деген сүйіспеншілік пен өзге тілдерге деген құрметтен басталады. Жақсы жағдай жасалған ортада бала жасы неғұрлым кіші болса, соғұрлым шет тілдерді жақсы игеру мүмкіндігі көбірек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Земченкова Т.В. Английский для дошкольников.-М.:ВАКО, 2008г.
2. Коньшева А.В., Английский для малышей. – СП. КАРО, 2010г.
3. Шишкова И.А., Вербовская М.Е., Английский для самых маленьких: Учебник. – М.: ЗАО «РОСМЭН-ПРЕСС», 2008г.
4. Губанова Н.Ф., Театрализованная деятельность дошкольников: 2–5 лет. Методические рекомендации, конспекты занятий, сценарии игр и спектаклей. - М.:ВАКО, 2011

АДАМНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК -ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ӘЛМЕНОВА М.Б., КИСТАУБАЕВА А.Б.

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі.

Ыбырай Алтынсарин

Болашақ ұрпақ тәрбиесі-ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Себебі, артта қалған із қандай болса, ұрпағының болашағы сондай. Сондықтан бала тәрбиесі, әсіресе бүгінгі күнде, балабақшаларда саны көбейіп, халықтың экономикалық жағдайы көтеріліп келе жатқан кезде, өте өзекті мәселенің бірі болып табылады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жаң-жақты терең білумен қатар, өркінетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланған дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ.

Қазақтың белгілі ақыны М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты кітабында: «Жалпы педагогика екі нәрсе жайынан сөйлейді: 1/ дене тәрбиесі, 2/ жан тәрбиесі жайынан»-деген. Сондықтан менің бүгінгі өрбіткелі отырған тақырыбым, ол баланың алдағы уақытта үлкен әріппен жазылатын Адам болып шығуы үшін «Жан тәрбиесінің» өтте қажеттігі туралы.

«Жан тәрбиесінің» бір көрінісі-адамгершілік тәрбиесі туралы болмақ.

Адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Осы ойымыздың дәлелі үшін бір мысал келтіре кетейін. Кезекті аялдамада автобусқа жетегінде кішкентай баласы бар бір келіншек мінді. Бала кірген бойда «Менің орным қайда? Мен отырамын.»-деп айғай салады. Сасқанынан бір егделеу адам тұрып орын береді. Ал, бала болса қуана-қуана отырып алып, шешесіне жолда кетіп бара жатқан көліктерді көрсетіп, мәз болады. Ал жолаушылар да, баланың шешесі де, осыған назар аударар қоймады, үйреншікті нәрседей күйінде қалды. Міне осы жерде біз-үлкендер, өзіміздің мұндай көрініске немқұрайдылықпен қарауымыздың арқасында бала бойында адамгершілік, инабаттылық қасиетінің дамуына тосқауыл қойғанымызды етең-әттең сезбедік. Енді бастапқы ойымызға қайта оралар болсақ, тәрбие ісінде тәрбиешінің ролі, орны қандай дегенге жүгінуге тура келеді. Балабақшаға таңертең ата-анасы баласын әкеліп тастайды да, кешке бір-ақ алады. Осы таңертеңгі 7-ден бастап кешкі 7-ге дейін бала тәрбиешінің қарауында. Бала тәрбиешінің әр сөзін қалт жібермей естіп, қабылдауға тырысып отырады. Жақсы сөз айтсаңда келеңсіз сөз айтсаң да- бала назарынан тыс қалмайды. Себебі сіз-тәрбиеші, балаға үлгісіз. Сондықтан әр тәрбиеші өзі тәрбиелі, ақыл-ойы жоғары, парасатты болуы тиіс. Ересектердің осындай сәттерде баланың әрбір іс-әрекетіне назар аударып, дұрыс жолға салып отырудың нәтижесі зор екені белгілі.

Ал менің ұсынғалы отырғаным, осы адамгершілік тақырыбына әр тәрбиеші күнделікті жұмысында жоспарлап, алдына белгілі мақсат қойып, жүзеге асырып орындап отырса, біздің қоғамның келешек ұрпағы рухани бай, адамгершілігі мол, өз елінің нағыз азаматы болып шығады. Сондықтан ересек, мектепке дайарлық топтарда көркем әдебиеттерде, тіл дамыту сабақтарына мына тақырыптарды еңгізіп оларға нақты мақсаттар қойып, өткізсе, сол мақсатпен өткізілген сабақтардың тақырыптары мынандай.

Тіл дамыту «Қонақ келді ауылға», «Досым менің.», «Табиғат және мен.», «Жақсылыққа-жақсылық», « Адам болсаң-асыл бол».

Көркем әдебиет. «Меірімді бала (Ы.Алтынсарин),» «Төрт мезгіл», «Екі дос», «Бүркіттің досы сұңқар», «Мақтаншақ жолбарыс».

Оқу жылының басында жылдық жоспар жобасы жасалғанда, осы тақырыптарды ескеріп, ересек топтарда жоспарланса, сонмен қатар әр тәрбиеші сабағында өзінің шығармашылық ізденіс пен іскерлігін қолданып берілген тақырыпты өткізсе, мақсаты

орындалады деген сөз, себебі бұл сабақтардың ең бірінші және негізгі мақсаты-баланы адамгершілікке тәрбиелеу.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Бөбек» қорының президенті Сара Алпыс қызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы біздің балабақшада эксперименттік пән ретінде жүргізіліп келеді. «Өзін-өзі тану» пәні-баланы жастайынан отаншылдыққа, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді. Балабақша тәрбиешісіне арналған әдістемелік құрал, көркем шығармалар, хрестоматиясы және балалардың дәптерінен тұратын оқу-әдістемелік кешен. «Өзін-өзі тану» пәнінің негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің негізгі құрлымдары. «Амандасу рәсімі», «Шаттық шеңбер», «Көңіл күйді көтеру», «Сергіту сәті», «Ойын», «Шығармашылық тапсырма», ұжымдық жұмыс, жүректен жүрекке шеңберінен тұрады. Адамгершілік-құндылық ол мәңгілік ешқашан ескірмек емес.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамғатән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында ұлы мұрат міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын

Салауатты, сана ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиес-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-балабақшамыздыңқоғам алдындағы борышымыз. Қазақта «Сүтпен сінген сүйекпен кетеді» деген мақал бар Демек біз балабақша табалдырығынан аттаған бала бойына адамгершілік қасиетті сүттеі сіңіре білсек, бұл мақал текке айтылмаған.Атамыздан қалған мұра-адамгершілік қасиетті ұрпағымыздың санасына жеткізуге тырысып бағайық, әріптестер.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» журналы №4.2013ж (6-7)бет
2. «Отбасы және балабақшасы» №5.2013ж (17-18бет)
3. «Ғаламтор сайттарынан алынған
4. «Отбасы және Балабақшасы» №5 2006ж

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС- БІЛІМДІ ҰРПАҚ КЕПІЛІ ДЮСЕКЕЕВА А.Н, АНАРБЕКОВА Н.Т.

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

«Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болшағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті» [1, 17 б.] деп көрсетілген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы-жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет. Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым.Ұлы данышпан Әл-Фараби «Тәрбиесіз берген білімнің күні қаран» [3, 78 б.]деген сөзі осынын дәлелдесе керек. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «Әр адам - өз заманының баласы», сәбиді есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір парызы.Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет-мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр. «Инновация» термині латын тілінен алынған, ол — «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік ХІХ ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің

тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, педагог пен бала бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді

Әлемдік ақпараттық білім деңгейін көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Елбасы Н. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі жас ұрпақ, ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан педагогқа жүктелетін міндет ауыр»[2,] деген болатын. Заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істейтін, оқу мен тәрбие ісіне белсене қатысатын, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген, білігі мен білімі жоғары педагог бола алады. Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі-қоғамды ақпараттан -дыру болатын жаңа кезеңге енді. Оқытудың ақпараттық технологиясы- бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар мен кешендер (кино, аудио және видеоқұралдар, телекоммуникациялық желілер және т.б) Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактив- ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлға -аралық қарым-қатынасқа негізделе отырып, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Сонымен бірге сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс белсенділігін қалыптастырып қана қоймай, әрі қарай дамытады. Теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екені даусыз. Қазіргі қоғамда ақпараттық мәдениет пен ақпараттық білім беруді ұйымдастыру аса маңызды. Оқу тәрбие үрдісінде балалар -дың танымдық белсенділіктерін ақпараттық технология арқылы дамыту. Ұйымдастырылған оқу қызметінің бір сарындылығы баланы тез шаршатады. Сондықтан іс-әрекет формаларын түрлендіріп отырған дұрыс. Жаңа тақырыпты меңгерту кезеңінде балаға өтілетін материал төңірегінде ақпарат беру, оның практикалық бағыттылығын түсіндіру, тақырып бойынша бақылау мен диагности -калау формалары жүзеге асады. Тәжірибелік іс-әрекетте кейбір зертханалық жұмыстар көрсету мүмкін болмайды.

Тығырықтан шығу үшін виртуалды зертхананы пайдалануға тура келеді. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі –мультимедиалық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттің жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әрбір оқу іс-әрекеттерін өтер алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиалық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын. Мультимедиалық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады. Екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік береді., сонымен қатар білім алу кезеңінде баланың белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиалық оқулықтар балаларға таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге яғни әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін педагогтың үздіксіз ізденуі, шыңдалуы, шығармашылықпен айналысуы, білімін жетілдіруі қажет. Сондықтан ғалымдар жаңа технологияны ойлап табуда. Өйткені, жаңа оқыту технологиялары заман талабына сай білім беру бағытын өзгертеді. Өздігінен білім алуға, логикалық пайымдауға талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. «Күрделі заманда жас ұрпаққа ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»- деп, Елбасы атап көрсеткендей, білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы, негізгі қозғаушы күші- адам, сол себепті білімнің негізгі ұстанымдары іске асырылады. Осыған байланысты адамның шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы керек. Мектепке дейінгі білім беру үрдісінде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсатымыз баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Біздің заманымыз жаңа технология мен компьютер заманы. Соңғы жылдары біздің өмірімізге түбегейлі өзгеріс енгізді. Сонымен бірге педагогтың де рөлі өзгерді. Ол енді

жоғарғы деңгейдегі жаңашыл ұстаз болуы тиіс. Оған қойылатын талап та жоғарғы деңгейде болады. Жаңа технологияның дамуының арқасында балалардың дамуына да үлкен үлес қосылды. Балада танымдық қызығушылықтың болуы- олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаңа технология үрдісінің талабы-балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Біздің балабақшамыздың негізгі мақсаты- балаларға сапалы білім саналы тәрбие беру арқылы, денсаулығы мен физиологиялық дамуын қорғау және нығайту. Тәуелсіз еліміздің ертеңі-жас ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ойлау қабілеті мен біліміне байланысты болады. Осы орайда егенменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдес-тәсілдерін қолдана біліп, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды, және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі- білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Ал технологиялық білім дегеніміз-білім, біліктілік, интеллектуалдық кәсіптік әдіс -тәсілдерді қолдану. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Біз күнделікті оқу қызметін Тәй-тәй технологиясының элементтерін пайдалана отырып, орталықтарға бөліп ұйымдастырамыз, бұл технологияның тиімділігі балалардың қай салаға жақын екендігі айқындалып, ата-анамен байланыс нығаяды.

Сонымен қатар түрлендіріп қойылым ойындарын көптеп қолданамыз, бұл ойынның мақсаты бала белгілі –бір бейнені орындай отырып, өзіне деген сенімділік пайда болады. Баланың жан-жақты дамуында дамытушы ортаның маңызы зор. Монтессори технологиясын қолдану арқылы балалардың қол моторикасын дамытып, өз беттерінше жұмыстар атқарып, қиыншылықтарды жеңе білуге, еркін ойлауға тәрбиелейміз. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану және оны ұйымдастыруға ақпарат құралдары да, талапқа сай болу қажет. Қазіргі таңда ешбір жас ұрпақ білімсіз болып қалмауы тиіс. Міне, жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты күзірет- тілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында
2. Елбасының білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде
3. Педагогиканы оқыту әдістемесі — 2011 жылы Алматы қаласы Ә. Мұханбетжанова. Б— 356.

МЕТОДЫ ПРИМЕНЕНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

АХМЕТОВА Г.Б., ИДИРИСОВА А.А.

КГКП я/с «Гауһар» Караганда

Gauhar_134@mail.ru

Чтобы добиться максимальной эффективности на занятиях русского языка в детском саду, необходимо использовать различные методы работы. Поэтому, для педагога очень важно использовать методы и средства, которые помогают сделать классическое занятие более интересным и увлекательным в современных условиях дошкольного образования.

Материал для занятия должен подбираться с учетом логической последовательности и его усложнения. На всех этапах занятия должна активизироваться речевая и умственная деятельность детей. Постепенная смена деятельности позволит избежать переутомления детей. На занятиях должна прослеживаться четкая структура построения, соответствия теме и задачи занятия, логичность и последовательность. Реализация цели занятия должны способствовать применению различных групп методов: наглядного, словесного, практического, которые отображают одну тематику и взаимосвязаны. Данный комплекс методов позволит повысить освоение материала детьми. Использование разнообразного приема: образец речи учителя, вопросы, речевые пояснения к действиям, приемы мнемотехники, тоже способствует освоению материала. Для получения более высоких результатов деятельности детей можно применить разнообразные материалы: наглядные пособия, дидактические игры и т.д.

Детей дошкольного возраста пытаемся обучать по-новому, ставя во главе обучения игру. Следуя новым образовательным требованиям необходимо вносить свои новые идеи. Очень важно создавать комфортные условия для детей. Начинать занятия с динамических упражнений (Улыбнулись друг другу, рассердились, удивились) – позволит снять напряжение у детей. И ребенок, после таких упражнений готов к восприятию информации.

В системе современного дошкольного образования игре отводится ключевое место. Задача: разбудить в ребенке такие качества, как активность, любознательность, общительность, эмоциональность, отзывчивость.

Одна из любимых игр детей – это пальчиковый театр. Можно театральных кукол сделать без лица, т.е. персонажи не имеют эмоции, чтобы настроение задумывали дети сами. Таким образом развивается эмоциональное воображение. Такая работа учит детей распознавать свои эмоции и эмоции сверстников, чтобы было легче общаться с другими. Воображение, мышление, речь – все это в детях развивается комплексно. Необходимо создавать инструменты, которыми можно учить детей. Нужно дать детям возможность стать самостоятельным. Развивая детскую инициативность, дать возможность детям учиться рассуждать, планировать и оценивать свои действия. Используемые методы должны позволять каждому ребенку индивидуально развивать свои особенности и проявлять стремление к получению новых знаний. Какие цели и задачи не ставил бы перед собой педагог, главным критерием успешности деятельности является заинтересованный рассказ воспитанника о том, что нового он узнал на занятии.

Литература

1. К.Ю. Белая. Инновационная деятельность в ДОУ. Методическое пособие.
2. Н.В. Микляева. Инновации в детском саду. Пособие для воспитателей.
3. Инновационный процесс в образовании: теория и практика. Сборник научных статей. Москва - 2003

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ 5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҒ АЛАҢДАУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АХАНОВА М.Т, КАУБАЕВА А.Р.

КМҚК «Гауһар» бөбекжайы

Gauhar_134@mail.ru

Адамның практикалық іс- әрекетінде туындайтын ең маңызды мәселелердің ішінде психикалық күймен байланысты мәселелер ерекше орын алады. Ғылыми зерттеулердің «мазасызданушылықты», «алаңдаушылықты» білдіреді. З.Фрейд алғашқы болып мазасызданушылыққа, алаңдаушылыққа түсінік беріп, оған көңіл аудартады. Ол, аталған жайды дәрменсіздік сезімі деп, белгісіздіктен, уайымдаудан тұратын, эмоционалдық күй ретінде суреттейді.

Психологиялық әдебиеттерде алаңдаушылыққа байланысты көптеген анықтамалар берілген. С.Л.Рубинштейн өз анықтамасында адамның беймәлім жағдайда үнемі қобалжуға деген бейімділігі, эмоционалдық күйі – алаңдаушылық деп білген. [1, 109 б.].

А.М.Прихожан, С.С.Степанова алаңдаушылық – бұл сәтсіздікті күтумен, қауып - қатерді сезінумен байланысты эмоционалдық жағдайсыз сезіну деген.[2, 156].

Р.С.Немовтің айтуы бойынша алаңдаушылық – адамның бойындағы ерекше әлеуметтік жағдайларда үнемі, жағдайға байланысты жоғары мазасыздық, қорқыныш сезімін сезіну қасиеті. [3, 601б].

А.М.Прихожан алаңдаушылық мәселесін түсіндіру бойынша отандық психологияға маңызды үлес қосқан. Ол бала жастағы алаңдаушылық ұзақ уақыт бойы сақталатын болса, тұрақты тұлғалық ерекшелік болып қалыптасуы мүмкін деген.

Алаңдаушылықты эмоционалдық күй ретінде көптеген шетелдік зерттеулерде үрей, қорқыныш реакциясына жуық (мысалы, Х.Маузер, Д.Льюис) немесе үрей (қорқыныш) реакциясымен пара-пар делінген (Б.Босселман). Алайда Н.Д.Левитов, К.Э.Изард үрейді алаңдаушылықпен салыстыруға болмайтындығын атап көрсетіп, үрейді К.Э.Изард жеке санатқа шығарады: алаңдаушылық- бұл эмоциялар жиынтығы, ал үрей тек сол эмоциялардың бірі деген.

Е.А. Савинаның айтуы бойынша – отбасында дұрыс тәрбие бермеу, ата-аналармен дұрыс қарым-қатынастың болмауы, әсіресе анасының мейірімінің жеткіліксіздігі, баланы алаңдаушылыққа алып келеді. «Қабыл алмау, ананың балаға деген мейірімінің жеткіліксіздігі, аялы алақанның жылуын сезінбеуі, өзін қорғансыз сезінуі бала бойында алаңдаушылық тудырады». Мұндай жағдайда үрей пайда болады: бала ана махабатының пәні болып табылатын әр түрлі психикалық күйлердің қатарында ағылшын тілінде «anxiety» терминімен белгіленетін күйге ерекше назар аударылады, ол шартты түрде екендігін сезеді, сол себептен ана махаббатына деген қажеттігін қанағаттандырмауы оны кез келген тәсілмен қанағаттандыруға итермелейді. Ал кей жағдайда балада алаңдаушылықтың туындауының жоғары мүмкіндігі ретінде тәрбиенің «гиперпротекция» типі болып табылады.

Л.И.Бажович пен М.С. Неймарк алаңдаушылық өз күшіне сенімділіктің жеткіліксіздігін көрсететін эмоциялық жағдай деп есептейді. Мектепке дейінгі жаста өзін-өзі бағалаудың негіздері туындай бастайды. Өзін-өзі бағалау мен алаңдаушылық деңгейінің байланысын зерттегенде, алаңдаушылығы бар балалар өзін өзі төмен бағалайтыны анықталды. Э.В.Гилязованың зерттеулерінің нәтижесі бойынша өзін-өзі бағалаудың балалардың психикалық жағдайларымен байланысты екендіктері туралы қорытынды жасалды. Басқа авторлар да өзін -өзі бағалаудың алаңдаушылық деңгейіне тәуелді екендігін көрсетеді.

Мазасыздығымен, сенімсіздігімен, эмоциялық тұрақсыздығымен ерекшеленетін алаңдаушылығы жоғары балалардың саны өсіп келе жатқанын көптеген зерттеушілер дәлелдеуде. Олар алаңдаушылықтың жоғары деңгейі бала дамуына кері әсерін тигізетіне бірауызды баға бере отырып, балалық алаңдаушылық мәселесі, атап өтсек оны түзету, қазіргі кезеңде өте маңызды болып отырғанын айтып кетеді. Яғни қорыта келгенде алаңдаушылықтың жоғары деңгейінің қалыптасу себебі болып екі фактор табылады: баланың табиғи, генетикалық даму факторлары мен әлеуметтік факторлар. Алаңдаушылықтың бірінші факторын түзету қиындыққа алып келуі мүмкін, себебі ол туа біткен фактор, ал әлеуметтік факторларды балалық шақта түзету барысында барлық мүмкіндіктер жасалатын болса, балалардың алаңдаушылығын төмендетуге қол жеткізе аламыз. Себебі мектепке дейінгі балалардың алаңдаушылығы мінез-құлықтың әлі де тұрақты қасиеті емес. Осы орайда біз балабақшада алаңдаушылығы жоғары балалар үшін қажетті психологиялық-педагогикалық іс-шаралар, түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыру

арқылы осы мәселені шешудеміз. Алаңдаушылығы жоғары балалармен түзету жұмыстары үш бағытта жүргізіледі: біріншіден өзіне деген сенімділігін жоғарлату, екіншіден балаларды толғандыратын ситуацияда шешім қабылдай білуге үйрету, өзін өзі басқару дағдыларын қалыптастыру және де релаксациялық жаттығулар арқылы бұлшық еттің қатаюын шешу, босансыту.

Жоғарыда айтылғандай, мектепке дейінгі жаста өзін-өзі бағалаудың негіздері туындай бастайды. Өзін-өзі бағалау мен алаңдаушылық деңгейінің байланысын зерттегенде, алаңдаушылығы бар балалар өзін өзі төмен бағалайтыны анықталды, және көптеген авторлар өзін -өзі бағалаудың алаңдаушылық деңгейіне тәуелді екендігін дәлелдеді. Сол себептен түзету сабақтарында біз өзін-өзі бағалауын жоғарлатуға байланысты әртүрлі ойындар мен жаттығуларды: "Қоян мен піл", "Сиқырлы орындық", «Жұлдызқұрт» т.б. жүргізу арқылы, баланың өзіне деген сенімін қалыптастыруға, әр баланы айналасындағылардың назарында болуға мүмкіндік жасаймыз. Баланы атымен атау, аздаған жетістігі үшін басқа балалардың көзінше оны мадақтау жұмыстары жүргізіледі. Мадақтау шын жүректен болуы тиіс, себебі, мадақтау шынайы болмаса балаға ол қатты әсер етеді және де міндетті түрде бала не үшін мадақтағанын білуі тиіс. Үлкендер балаларды бір-бірімен салыстыруға болмайтындығын біледі. Алаңдаушылығы бар балалармен жұмыс жасауда, бұл әдіс мүлдем рұқсат етілмейді, мүмкіндігінше балалардың жетістіктерін салыстырудан аулақ болуымыз керек. Әрине, аз уақыт ішінде өзін-өзі бағалауды жоғарылату мүмкін емес. Міндетті түрде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Балалардың өз мінез-құлықтарын басқаруға, реттеуге үйрету. Сенімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Әдетте алаңдаушылығы бар балалар өздерін толғандырып жүрген мәселелерді жасырады. Егер бала үлкендерге «мен ештеңеден қорықпаймын» десе, оның сөздерін шындық екен деп қоя салмау керек. Алаңдағыш қасиеттерінің пайда болғанын бала мойындағысы келмейді. Бұндай жағдайда баланы мүмкіндігінше мәселені бірігіп шешеуге тарту қажет. Жұмыс барысында біз ата-аналарға, педагогтарға алаңдаушылығы бар балалармен қарым-қатынас жасау ережелерін ұсындық:

- Жылдамдықты қажет ететін ойындарды барынша ойнатудан аулақ болу;
- Ортадағылармен баланы салыстырмау;
- Жиі денелік қарым-қатынасты, релаксациялық жаттығуларды қолдану;
- Баланы жиі мадақтау арқылы өзіне деген сенімділігін арттыру;
- Баланы атымен жиі-жиі атау;
- Сенімді мінез-құлық үлгісін көрсету;
- Балаға жоғары талап қоймау;
- Тәрбие беруде бірізділікті сақтау;
- Балаға ескертулерді аз жасау;
- Жазалауды қажетті жағдайда ғана қолдану
- Жазалау барысында баланы жәбірлемеу, төмендетпеу;

Жоғары алаңдаушылық баланың өз мүмкіншіліктерін толық көрсетуіне кері әсерін тигізеді. Алаңдаушылықты мектепке дейінгі жаста түзетпесе, есейген сайын бала түрлі кедергілерге тап болады, кейін баланың кедергілерден өте алмауы, қиындықтарға төтеп бере алмауы мүмкін. Сондықтан зерттеушілер атап көрсеткендей, балалар мекемесі аясында түзету шараларды кешенді ұйымдастыруды аса назар аударуымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте (психологическое исследование) М., Просвещение,
2. Выготский Л.С. Проблема возрастной периодизации детского развития. //Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. –
3. Имедадзе И.В. Тревожность как фактор учения в дошкольном возрасте / Психологические полследования – Тбилиси, изд-во: Мецнисреба,

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

АМИРБЕКОВА А.Б., БЕЙСЕМБИНОВА Г.Ж

КМҚК «Гууһар» бөбекжайы
Akerke15061993@mail.ru

Үштілділік-заман талабы. Қазіргі таңда жаңарған заманға сай білім саласында көп тілді меңгерту өзекті мәселелердің бірі болып, соған жан-жақты назар аударылуда. Елбасы өзінің «Жаңа әлемдегі- жаңаҚазақстан» атты Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлылығы мәдеи жобасын кезендеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар-қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі»[2].деп баса айтқан болатын. Сонымен бірге Елбасымыз: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»-дегенді баса атап айтты. Қазіргі таңда әлемдегі дамыған елдердің қатарына ену үшін билік «үш тұғырлы тіл»саясатын қолға алу болып тұрғаны баршамызға аян. Ақпараттық техниканың қарыштап дамыған заманында үштілді үйрену меніңше қиындық тудырмайды.«Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы»[1, 48 б.],-Б. Хасанұлы анықтама бергендей, бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынууда.

Осы орайда құрылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты:

- Қазақ тілінің мәртебесін көтеру;
- мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу;
- ағылшын тілін меңгерту;
- орыс тілін жетік білу;
- әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау;
- тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу[3].

Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілдерін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып отыр.Біз – балабақша ұжымы ынтымақтастық орталығын құруды жөн көрдік. Өйткені, балабақшамыздың ерекшелігі: өз ұлтымыздың балаларымен қатар, өзге ұлт өкілдерінің балаларына да есік ашып, мемлекеттік тілдегі оқу-тәрбиеге ынталандырудамыз.Мемлекеттік мәртебе алған ана тіліміздің абыройын асқақтату, біздің балабақшамыздың есігін ашқан әрбір өзге ұлт баласына тіл үйретіп қана қоймай,қазақтың ұлттық құндылықтарымен қатар, барлық ұлттың салт-дәстүрлерін таныту, әр баланы отансүйгіш, елжанды жеке тұлға етіп қалыптастыру – ынтымақтастық шағын орталығымыздың басты мақсаты.

Мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиеленушінің меңгеруіне түсінікті, әр түрлі тіл материалдарын қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі баланың тілдерді үйрену уәждемесінің жоғары деңгейін қалыптастыруға жағдай құру Шет тілін оңтайлы үйреніп, түйсінуге және сөйлеу аппараты дамуы мен қалыптасуы кезінде, мектепке дейінгі кіші жаста, яғни 3 жастан бастап балаларды тіл үйренуге тарту. Баланы тіл құралымен басқа тіл мәдениетіне және өз мәдениетін сезінуін қалыптастыру, өз тіліне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. Мектепке дейінгі балаларға үштілді білім берудің инновациялық тәсілдерді қолдану үлкен маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен және тағы басқалары жатады.

Біздің, №134 «Гууһар» балабақшамызда балаларға қазақ, орыс сонымен қоса ағылшын тілін үйрету басты назарға алынып отыр. Балалар ағылшын ұйымдастырылған оқу қызметінде белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысады. Балаларға ағылшын тілін үйрету барысында аудио- видео құралдары арқылы өлеңдер, сергіту сәттері, тақпақтар үйрету өте қолайлы. Балалар видео құралдарынан тақырыпты еркін меңгеріп, тез

қабылдайды және өте қызығушылықпен қарайды. Күнделікті оқу қызметінде үштілділік компоненті қолданылып, күнделікті тақырыпқа қатысты сөздер қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде қайталанып үйретіледі. Үйрету барысында инновациялық тәсіл «Кім тапқыр?», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» ойындары, «Матрица» сынды әдістер, «MEDIA» нұсқаушы, электрондық оқулықтар мен инновациялық сөйлейтін қаламдар өз алдына үш тілді меңгерулеріне айтарлықтай маңызы айрықша. Тәрбиеленушілерді ойната отырып, үш тілде жүргізілген сұрақ-жауаптар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды.

Инновациялық тәсілдерді шағын орталықта кеңінен пайдалану оқу қызметтерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу қызметтерін өткізу барысында мультимедиялық құралдарды жиі пайдалана білуі тиіс.

Ал мультимедиялық құралдар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын. Мультимедиялық құралдар ,біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-қызметінде белсенділігін арттыра түседі. Балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі таңда, басты назарда болып отырған мәселе бала тәрбиесінде инновациялық тәсілдерді қолдану мен үштілділікке үйрету болып отыр. Осы мәселе барысында біз күнделікті оқу қызметтерінде, серуенде, ойын барысында қарапайым ағылшын тіліндегі сөздерді қайталап, аудио арқылы әндер тындап, видео арқылы ағылшын тіліндегі сергіту жаттығуларын орындату арқылы балалардың қызығушылықтарын арттырып, ағылшын тіліне балалардың ынтасын арттыру біздің міндетіміз.

Балаларға үш тілді қатар меңгерудің маңызы зор. Осы жобаның құрылымымен ұйымдастырылған оқу қызметтері барысында әрбір баланың жүйелі ойлауына және шығармашылықпен еңбектенуіне асыл қасиеттерді игеруіне жол ашады. Баланың жалпы азаматтық, жан-жақты дамыған тұлға және ішкі жан-дүниесі қалыптасып өзін-өзі танып, оның негізінде айнала қоршаған ортаға деген өз көзқарасын дамытатын білім беру өте қажет деп есептелінеді.

Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуде, яғни жан-жақты көп мәдениетті, шығармашыл, көп тілді білетін әлеуметті бейімделген тұлға қалыптастыру үшін ұстаз өзі де шығармашыл тұлға болуы тиіс. Сондықтан жаңа стандарт негізінде баланың танымын қалыптастыру бағытында педагогтардың өз білімі мен кәсіби деңгейін жетілдіру кезек күттірмес мәселе. Олай болса келешек ұрпағымыздың жан жақты, терең білімді, яғни интеллектуалды деңгейін жоғары болуына қойылатын талап зор. Заман талабына сай жаңашыл тұлға тәрбиелеу нәтижелі жұмыс жасау алға қойған басты мақсатымыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әлметова Ә.С. «Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» пед. ғыл. доктор. дисс автореф. Алматы, 2007.-48б.
2. - Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы» - Егеменді Қазақстан газеті. 19/І-2010. №16
3. Қазақстан Республикасындағы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазіргі кезде МДҰ педагогикалық ұжымының жұмысына жаңашыл технологияларды қарқынды түрде енгізуде. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі міндеттерінің бірі – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен түрлерінің жаңашыл педагогикалық технологияларын тиімді таңдау болып отыр. Сонымен қатар балалардың жеке тұлғасын дамыту міндетін де алға қою қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі «Үкіметке әлемдік үздік тәжірибелер негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен білімнің заманауи әдістерін енгізуді тапсырамын. Бұлар инновациялық білім беру технологиялары, кретаивті болуы шарт» деді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи білім беру технологиялары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Заманауи білім беру технологияларына төмендегілер жатады:

- денсаулық сақтау технологиясы;
- жобалық қызмет технологиясы
- зерттеушілік қызмет технологиясы
- ақпараттық-коммуникациялық технология;
- тұлғалық-бағдарланған технология;
- мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиешінің портфолиосы
- ойын технологиясы
- «ӨТТШ» технологиясы
- заттық-дамытушылық орта технологиясы.

Ойын технологиясы – ең белгілі педагогикалық технологияның бірі, ол балаларға қосымша білім беруде қолданылады. Бұл технологияның негізіне педагогикалық ойын жатады, ол қоғамдық тәжірибені меңгеру мен қайта жандандыруға бағытталған әдіс.

Көбінесе педагогикалық ойындар жүйесі барлық білім беру саласында қолданылады: денсаулық, әлеуметтік, коммуникативтік, психологиялық және т.б. Ойын әдістемесі бойынша педагогикалық ойындар: сюжеттік-рөлдік, ұйымдастырушылық-қызметтік, іскерлік, имитациялық, драмалық және т.с.с болып келеді.

А. Макаренконың айтуы бойынша «Педагогикалық үрдісте ойынды дұрыс пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады, балаларға қуаныш сыйлайды. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек бейімделуге мүмкіндік береді. Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді» дейді. Заманауи педагогикалық әдебиеттерде ойын түрлерін әрқалай топтастырады. Соның ішінде жиі қолданылатындары:

- шығармашылық және әртүрлі ойындар: драмалық ойындар, құрылыс ойындары, рөлдік ойындар, режиссерлік ойындар;
- қимылды ойындар;
- дидактикалық ойындар;
- табиғи және жасанды ойындар.

Педагогтың алдында тұрған басты міндеттердің бірі – баланың жеке тұлғасына әсер ететін адамгершілік әдістерді тауып, тиімді қолдану. Ал ойын бала өміріндегі басты орында, ойын кезінде ол өзін қауіпсіз, жайлы сезінеді. Педагог үшін ойын кеңістігін, ойын жағдаятын ұйымдастыру аса маңызды болуы керек.

Ойынды ұйымдастыру барысында әрбір баланың жеке бас ерекшелігіне мән беріп, оның ар-намысына ешқашан нұсқан келтірмеу керек. Ойын кезінде баланың өміріне қауіп төндіретін заттар болмағаны жөн. Ойын балалардың жас ерекшелігіне сай, ойында қолданылатын атрибуттар гигиеналық, қауіпсіз, ыңғайлы және эстетикалық болуы, әрбір ойын, жеңіліс тапқан балаларға да эмоционалдық көңіл-күй туғызуы қажет.

Ойын барысында педагог пен балалар арасында диалог болуы керек. Сөздік ойында педагог баланың жауабы дұрыс не қате болса да аяғына дейін тыңдап, содан кейін ғана

қорытынды жасауға міндетті. Бұндай жағдайда балалар болып жатқан жағдаятты мұқият бақылатын болады.

Ойынның қарқынын реттеп отыру маңызды, үзілістерді болдырмай, ойынды жақсы көңіл-күймен жүргізген жөн.

Педагог жеке қатысушыларды немесе топты «рахмет», «жарайсың», «керемет», «тапқырларым» сияқты сөздермен мадақтап отыруы керек. Ойын тапсырмасын дұрыс орындаған қатысушыларға шапалақ соғып, сыйлықтармен марапаттаса да болады.

Ойынның түрлері өте көп. Атап айтсақ:

- бөлмедегі аз қимылды ойындар («Доп кімде?», «Ұшты-ұшты», «Даусынан таны», т.б.);
- үстел үсті ойындар («Табиғат күнтізбелігі», «Төлін тап», «Не?Қайда?Қашан? т.б.);
- интеллектуалды-танымдық ойындар («Математикалық планшет», «Геометриялық мозайка», «Қауіпті заттар», т.б.);
- тренингтік ойындар («Келіндер амандасайық», «Досыңды сипатта», «Сен өзінді қалай сезінесің?» т.б.);
- сюжеттік-рөлдік ойындар («Мейрамханада», «Супермаркетте», «Емханада», «Шаштаразда», «Театрда», «Зообақта» т.б.);
- драмалық ойындар («Аулада», «Мақта қыз бен мысық», «Бауырсақ» т.б.); т.с.с.

Мектеп жасына дейінгілердің әлеуметтік-адамгершілік тәрбиесінде ерекше орын алатын драмалық ойындарға ерекше тоқталып өтсек. Драмалық ойындар балаларды әдеби сюжеттердің ішкі, эмоционалдық жағдайына қарай баурап алады. Әдеби шығармалар баланы әдеби кейіпкерлермен жақындастырып, қайғыру, аяныш білдіру, көмектескісі келу сезімдерін қалыптастырып, адамгершілікке тәрбиелейді.

Балалар ертегілерді сахналағанда қызығушылықпен қатысады, кейіпкерлерге костюмдер элементтерін таңдайды, ертегілерге атрибуттар дайындайды, өз іс-әрекеттерін бір-бірімен талқылайды және т.б.

Драмалық ойындар театрландырылған ойынның бір түрі. Драмалық ойындар алдын-ала дайындалған қойылым бойынша ұйымдастырылады, оның мазмұнына тақпақтар, әңгімелер, ертегілер кіреді. Спектаклдерге қарағанда драмалық ойын рөлдерді бөлу мен дайындықты қажет етпейді. Оны топ бөлмесінде немесе ойын алаңында да өткізе беруге болады.

Көркем шығарманы дұрыс таңдап алу өте маңызды, ол балаларға қызықты болуы шарт. Міндетті түрле диалогтар болуы керек.

Балалардың өмірден алынған тақырыптарға (күлкілі жағдай, қызықты жағдаяттар, жақсы істер) өзіндігінен импровизация жасау мүмкіндіктері болуы үшін, дайын қойылымдардың тақырыбын театрландырылған ойындарда шығармашылық тұрғыда қолдануға болады. Болашақта өз ісінің нәтижесін көріп, жемісін жеу үшін, әбір тақырыпты дамытудың әртүрлі нұсқаларын табуға болады.

Драмалаудың түрлері: жан-жануарлардың, адамдардың, әдеби кейіпкерлердің бейнесін ұқсату ойындары; мәтін бойынша рөлдік диалогтар; шығарманы сахналау; бір немесе бірнеше шығармалар бойынша спектакль қою, алдын-ала дайындық жасалмаған сюжетті импровизациялау ойындары.

Драмалық ойындар баланың әрбір даму кезеңдерінде маңызды орын алады. Ересек мектепке дейінгі жаста драмалық ойындар бойынша іс-тәжірибелері тереңдейді, балалар белсенді болып, ойын мазмұнын өздері таңдап, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Осы драмалық ойындар кезіндегі балалармен жұмыстың маңызды бөлігі болып табылатын шығармашылық пен импровизацияға деген қызығушылықтарын ынталандыруға бағыттау көзделеді. Ойын барысына бірте-бірте театрлық қуыршақтармен қарым-қатынас жасау, одан соң үлкендермен бірге «Танысу», «Көмек көрсету», «Жануардың өз төлдерімен әңгімесі» және т.б. тақырыпта импровизация жасау енгізілді. Балалардың еркін тақырыптағы «Күн мен жаңбыр», «Орманда», «Көңілді маймылдар», «Марғаулар ойнайды» және т.б. драмалық ойындарға деген қызығушылықтары артты.

Жоғарыда аталған ойындардан басқа, балалармен жұмыста қолданылғандар:

• көп кейіпкерлері бар жануарлар туралы ертегілер және қиял-ғажайып ертегілер («Қасқыр мен түлкі», «Қасқыр мен жеті лақ», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Алтын құс» т.б.);

• «Балалар және олардың ойындары», «Балалар мен аңдар», «Үлкендер еңбегі» тақырыптары бойынша әңгімелер;

• көркем шығармалар бойынша қойылым қою.

Драмалық ойындарда басқа да халықтардың ертегілерін, көркем шығармаларын қолдануға болады («Тырна мен түлкі», «Үйшік», Л.Толстойдың, И.Крыловтың мысалдарын, Г.Х.Андерстің ертегілерін, т.б.).

Драмалық ойындарда қолданылатын декорация мен костюмдер қарапайым әрі ашық болуы керек. Костюмдер мен декорацияны балалармен бірге таңдаған өте тиімді әрі қызықты. Костюмдер мен декорацияларды таңдап болған соң, орындаушылар таңдалынады. Балаларға аталған ертегіні бірнеше ойнауға болатынын, сондықтан бірнеше баладан таңдалып отыратынын түсіндіріп алу керек.

Драмалық ойындарды балалар қатты ұнатады, онда әндер, әдеби мәтіндер, мақал-мәтелдер, өлеңдер, такпақтар айтып, өздерін шығармашылық жағынан көрсете алады. Балалар ойынға асқан қызығушылықпен қатысады.

Театрландырылған іс-әрекет балалардың сезім, сезіну, эмоция, ойлау, елестету, қиялдау, зейін, ес, жігер сияқты қабілеттерін, тілдік, шешендік, ұйымдастырушылық, қимылдық, безендіре алу сияқты іскерліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.

Қорыта айтқанда кез-келген ойынның талабы: ұжымды біріктіру, танымдық маңыздылығы болуы, қатысушылардың ақыл-ойын белсендіру, балалар шығармашылығы үшін жағдай туғызу болып табылады.

Заманауи жаңашыл технологияларды мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалды деңгейі жоғары ұрпақ тәрбиелеп шығатынымыз анық.

Әрбір педагог – жаңашыл технология тудырушы. Ал технологияны туғызу үшін шығармашылық керек. Заманауи технология деңгейінде жұмыс істеуді үйренген педагог үшін ең бастысы даму, алға қарай жылжу, мақсаттарына қол жеткізу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бұзаубақов К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз.2003 ж.
2. Белая К.Ю. Инновационная деятельность в ДОУ. М.: Творческий центр «Сфера».2004 ж.
3. Жаңа технологияларды оқытудың тиімді жолдары. Бала мен балабақша/ республикалық журнал. 2011ж.
4. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу:әдістемелік нұсқаулық.Астана.2013ж.

ПРОЕКТНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ – КАК ОДНА ИЗ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ

ӘБІЛДИНА А.С.

Колледж экономики, бизнеса и прав Карагандинского экономического университета

Казпотребсоюза

zh.bope@mail.ru

Появление и развитие активных методов обусловлено тем, что перед обучением встали новые задачи: не только дать учащимся знания, но и обеспечить формирование и развитие познавательных интересов и способностей, творческого мышления, умений и навыков самостоятельного умственного труда. Возникновение новых задач обусловлено бурным развитием информатизации. Если раньше знания, полученные в школе, техникуме, вузе, могли служить человеку долго, иногда в течение всей его трудовой жизни, то в век

информационного бума их необходимо постоянно обновлять, что может быть достигнуто в основном путём самообразования, а это требует от человека познавательной активности и самостоятельности. Познавательная активность означает интеллектуально-эмоциональный отклик на процесс познания, стремление учащегося к учению, к выполнению индивидуальных и общих заданий, интерес к деятельности преподавателя и других учащихся. Познавательная самостоятельность - стремление и умение самостоятельно мыслить, способность ориентироваться в новой ситуации, находить свой подход к решению задачи, желание не только понять усваиваемую учебную информацию, но и способы добывания знаний; критический подход к суждениям других, независимость собственных суждений. Познавательная активность и познавательная самостоятельность - качества, характеризующие интеллектуальные способности учащихся к учению.

Основные виды интерактивных образовательных технологий:

1. Работа в малых группах (команде) - совместная деятельность студентов в группе под руководством лидера, направленная на решение общей задачи путём творческого сложения результатов индивидуальной работы членов команды с делением полномочий и ответственности.

2. Проектная технология – индивидуальная или коллективная деятельность по отбору, распределению и систематизации материала по определенной теме, в результате которой составляется проект.

3. Анализ конкретных ситуаций (case study) - анализ реальных проблемных ситуаций, имевших место в соответствующей области профессиональной деятельности, и поиск вариантов лучших решений.

4. Ролевые и деловые игры - ролевая имитация студентами реальной профессиональной деятельности с выполнением функций специалистов на различных рабочих местах.

5. Модульное обучение – использование знаний в виде: а) отдельных модулей, автономных частей курса, интегрируемых с другими частями курса; б) блоков взаимосвязанных курсов, которые можно изучать независимо от другого блока дисциплин

6. Контекстное обучение - мотивация студентов к усвоению знаний путём выявления связей между конкретным знанием и его применением.

7. Развитие критического мышления – образовательная деятельность, направленная на развитие у студентов разумного, рефлексивного мышления, способного выдвинуть новые идеи и увидеть новые возможности. 13

8. Проблемное обучение - стимулирование студентов к самостоятельному приобретению знаний, необходимых для решения конкретной проблемы.

9. Индивидуальное обучение - выстраивание студентом собственной образовательной траектории на основе формирования индивидуальной образовательной программы с учётом интереса студента.

10. Опережающая самостоятельная работа - изучение студентами нового материала до его изучения в ходе аудиторных занятий.

11. Междисциплинарное обучение - использование знаний из разных областей, их группировка и концентрация в контексте решаемой задачи.

12. Обучение на основе опыта - активизация познавательной деятельности студента за счёт ассоциации их собственного опыта с предметом обучения.

13. Информационно-коммуникационные технологии - обучение в электронной образовательной среде с целью расширения доступа к образовательным ресурсам (теоретически к неограниченному объёму и скорости доступа), увеличения контактного взаимодействия с преподавателем, построения индивидуальных траекторий подготовки и объективного контроля и мониторинга знаний студентов.

Технология проектного обучения является совокупностью самых современных подходов к обучению. Задача преподавателя – с учётом возрастных и индивидуальных особенностей студентов, их интересов, потребностей, планов на будущее – создать такую рабочую атмосферу, которая бы стимулировала их мыслительную, коммуникативную и творческую деятельность. Проект – это самостоятельная, оригинальная работа, выполняемая

студентами в соответствии с избранной ими темой-проблемой и включающая в себя отбор, распределение и информатизацию материала. Результатом этой деятельности всегда должен быть какой-то продукт: программа, комплект технической документации, брошюра, альбом, сценарий, радиопередача и т.д. Проект - это совокупность определенных действий, документов, предварительных текстов, замысел для создания реального объекта, предмета, создания разного рода теоретического продукта. Студенты: – самостоятельно и с желанием получают знания из разных источников; – учатся пользоваться этими знаниями для решения новых познавательных и практических задач; – приобретают коммуникативные умения, работая в разных группах; – развивают свои исследовательские умения (выявление проблемы, сбор информации из литературы, документов и т.д., наблюдение, эксперимент, анализ, построение гипотез, обобщение); – развивают аналитическое мышление. Функция преподавателя: На подготовительном этапе - инициировать идеи проекта или создать условия для появления идеи проекта, а также оказать помощь в первоначальном планировании. На этапе реализации проекта - роль помощника, консультанта по отдельным вопросам, источника дополнительной информации. Существенная роль отводится координации действий между отдельными микрогруппами и участниками проекта. На заключительном этапе - подведение итогов работы в качестве независимого эксперта (контрольно-оценочная функция). Требования к реализации технологии: Наличие значимой в исследовательском, творческом плане проблемы, задачи, требующей интегрированного знания, исследовательского поиска для ее решения. Практическая, теоретическая, познавательная значимость предполагаемых результатов. Самостоятельная (индивидуальная, парная, групповая) деятельность учащихся.

Одним из важнейших условий формирования проектной культуры и проектной деятельности является дифференциация образовательного пространства. Образовательное пространство должно включать в себя, помимо учебных кабинетов места для самостоятельной работы студентов и их исследовательской деятельности – например, обширную библиотеку, медиатеку, доступные компьютеры с выходом в сеть интернет, лаборатории для проведения опытов.

Таким образом, умение использовать в своей педагогической практике проектный метод является показателем высокого мастерства педагога.

Метод проектов может применяться при изучении различных дисциплин, что обеспечивает высокий уровень формируемой профессиональной компетентности студентов.

Литература:

1. Брыкова О.В., Громова Т.В. Проектная деятельность в учебном процессе. М.: Чистые пруды, 2006. 32с.
2. Кравченко Г.В. Организация проектной деятельности студентов в системе Moodle// сборник трудов. Барнаул: изд-во АлтГУ, 2014. С.148-152.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫ

САТЫВАЛДИНОВА Г. А.

«102 мектеп-гимназия» КММ, Қарағанды қаласы,

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының

басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Мектеп жасындағы балаларды сөйлеуге үйретудегі басты мақсат- сөздік қорды байыту. Балалардың күнделікті өмірде қолданатын сөздерінің құрамына жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, олардың сөздік қорын молайту көзделеді. Қоршаған ортаны танып - білудегі заттар мен құбылыстар, адамдар өмірі мен тіршілігі, табиғат құбылыстарының ерекшелігі мен өзгерістеріндегі жаңа сөздерді меңгертіп отыру басты міндеті болып табылады. Сөздік қорды дамытуда ескерілетін мәселелер: Балалардың белсенді сөздік қорындағы сөздердің мағынасын қаншалықты түсінетінін айқындау.

Бұл қазіргі кезеңдегі білім беру жеке адамды қалыптастыруға және дамытуға бағытталса, оқушылардың жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру-адам дамуының негізгі қаланатын бастауыш сатыдан басталады деген сөз.

Бастауыш мектеп кезеңіне 6-10 жас аралығында балалар жатады. Бұл кезде баланың қабылдау қабілеті жетіліп, таным процесі дамиды. Ақыл-ой әрекетінің жетілуі нәтижесінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі жоғарлайды. Сөйлеудің коммуникативтік функциясын қолдана алады. Тыңдау, әңгімелену, пікірталас сияқты қарым-қатынас түрлерін игереді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың жеке басының дамуына өзгелермен қарым-қатынас жасау белсенділігінің әсері көп. Қарым-қатынас қоғамда үлкен рөл атқарады. Қатынассыз оқу үрдісі, жеке адам дамуы, адамдар арасындағы қатынас және басқа іс-әрекет мүмкін емес.

Қарым-қатынас түрлері көп, солардың ішіндегі ең бастысы-тілдік қатынас. Өйткені тілдік қатынас-адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс. Бастауыш сынып мұғалімдері балаларға табиғат, қоғам, адам туралы жалпы түсінік қалыптастыра отырып, әр түрлі нәрселер мен құбылыстарды саналы және дұрыс қабылдауына мүмкіндік беруі қажет. Ең бастысы, бастауыш мектеп жасындағы бүлдіршіндерге ана тілінің құдіретті күшін ұғындыруда. Оларды ана тілінде еркін де таза сөйлейтіндей етіп дағдыландыруда. Ана тілінің заңдылықтарын бала сөзбен әрекет жасау үрдісінде меңгереді.

Сондықтан бастауыш сыныпта ана тілін құрметтеп өскен әр оқушы тіліне деген құрметпен қарайтын саналы азамат болып өседі. Ана тілін дұрыс меңгермеген оқушы бар алған білімін дұрыс жеткізе алмай қиналады. Білгенін не сөз тауып айтып бере алмай, не ойын қағаз бетіне түсіре алмай қиналады.

Ана тілін оқытудағы негізгі мақсат-баланың ой-өрісін, тіл байлығын дамыту. Ол үшін бала айналадағы затты, құбылыс-болмысты танып білуі тиіс, соған байланысты оның тіл байлығы да артады. Баланың өмірде көргені, танығаны көп болса, оның тілі де байи түседі. Оқушының тіл байлығы ауызша түрде де, жазбаша түрде де қатар дамытылуы тиіс. Оқушылардың сөздік қорын дамыту үшін өздіктерінен жазба жұмыстарын, шағын шығарма, суретке қарап әңгіме жазу, мақал-мәтел, шешендік сөздерді жаттау, әр түрлі тақырыпқа шағын баяндама жазу сияқты жұмыстарды жаздырту керек. Оқу мен жазуды үнемі байланысты түрде жүргізу арқылы оқушыларды сауатты жазуға, мәдениетті сөйлеуге үйретуге болады.

Оқу мен тіл дамыту жұмыстары ойын элементтерін пайдалану арқылы жүргізілгенде, балалар жаңалықты мүлтіксіз қабылдайды, әрі сабақ үстінде шаршамайды, жалықпайды, қайта білуге құштарлығы арта түседі.

Бастауыш сынып мұғалімдері баланың тілін дамыту мақсатында «Кім жылдам?», «Орын тап», «Тез алмастыр», «Кім тапқыр?», «Ойлан тап» сияқты дидактикалық ойындарды, сол сияқты сөзбен ойналатын ұлттық ойындарды ойнатумен бірге халқымыздың өнері, салт-дәстүрлері туралы әңгімелесу, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, тыйым сөздер, бата-тілектерді жатқа айтуға үйрету бала тілін дамытып, сөздік қорларының молаюына көмектеседі.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынандай төрт бағытта жүргізіледі: бірі-мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту, тілдің лексика және фразеология бөлемдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздерді байланыстырып, сөйлем құратып үйрету, сөйлемнің құрлысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жазу, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

10. Интернет материалдары: <http://www.tarbie.kz/>, // www.google.kz/

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ СЫРБАЕВА Н. Б., МАКЕТОВА М.Р.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Қызығушылық деген не?

Қызығу-шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі. Сонымен қатар,

қызығуда бір нәрсені ерекше таңдап, соған зейін қойылады. Адамды еліктіріп, өзіне тартқан нәрсенің бәрі қызығудың объектісі болып табылады. Қызығудың физиологиялық негізі-«Бұл не?» дейтін рефлекс. Қызығушылық-адамның бір затты немесе бір құбылысты білейін, көрейін деп айрықша ықылас қоюы.

Қызығулар да бейімдіктер тәрізді балалардың кішкентай кездерінде ерекше байқалады. Мәселен кейбір балалар кішкентайында автомобильге, тракторға, жалпы техника атаулыға әуесқой келеді. Мұндай балалардың есілдерті машина болып, уақытының көбін соның айналасында өткізеді, олардың маркасын жақсы айыра алатын болады. Кейін осы бала мектеп қабырғасында физика, география, қол еңбегі сияқты пәндерді бар ықыласымен оқиды, ал мектеп бітіргеннен кейін сол балалардың біразы жасынан өзі жақсы көретін техника саласында нәтижелі жұмыс істеп, өз қабілеттерін жақсы көрсетеді. Қызығу құбылысының табиғаты күрделі.

Адамда сан алуан қызығулардың болуы мүмкін. Бірақ, осылардың ішінде басты біреуі, ең басыңқы қызығуы болады. Мұндай қызығулар әсіресе, оқу әрекетіне аса қажет. Оқу қызығуларының әсерлі, күшті, тұрақты, мазмұнды болуы баланың сабақ үлгеруіне, білімді терең алуына көп жәрдем тигізеді. Оқу қызығулары балаларда оқу мотивтерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады.

Адамда қызығудың жөнді көрінбеуі оның өмірін мазмұнсыз етеді. Мұндайда ол енжар болып, іші пысады, зерігіп, берекесі кетеді. Қызығудың мазмұнды, әрі кең, өрісті болуы-оның басты ерекшеліктерінің бірі. Мұнсыз адамның рухани өмірі дамымайды. К.Маркс бір сөзінде «Адамға лайықтың бәрі де маған жат емес» деген екен. Бұл қызығуы шар тарапты дамыған адамның ғана айтатын сөзі. Қызығуы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады, ісі әруақытта да берекелі болады. Кейбір адамдар кез келген нәрсеге қызығады да, сайып келгенде, оның бірде біреуіне тұрақтамайды. Мұндай «көрсен қызар» әуесқойлық адамды тұрлаусыз, тұрақсыз етеді. Егер осы әдет бойға сіңіп кеткен болса, бұл-үлкен кемшілік. Қызығуы тұрақтанбаған адам қызметтің қай саласында болмасын, пәрменді еңбек ете алмайды. Тек тұрақты қызығу ғана адамның бүкіл бойын билеп, қандай бөгеттер болса да, жеңе білуге, небір ауыртпалықты көтере білуге жәрдемдеседі.

Адам объектіге түрлі мақсат көздеп қызығады. Осы тұрғыдан қызығу тікелей және жанама болып екіге бөлінеді. Тікелей қызығу айналадағы нәрселердің тартымдылығынан туады. Жанама қызығу-бұл әрекеттің түпкі нәтижесін қажетсіну. Мұндай қызығуда адам көздеген мақсатына біртіндеп, сатылап жетеді. Мәселен, оқуға, еңбек етуге қызығу осындай қызығулар. Жанама қызығу тұрақты, тұрлаулы болып келсе, адамның ісі оңға басып, ол нәрсені білген үстіне біле түсуге ықыласы кетіп отырады.

Қазіргі кезеңде әлі де болса, орта мектеп оқушыларының білімдерінде формализмнің элементтері кездесуде. Физика және география пәндерін игеру, олар үшін тек кітап материалын оқу ғана болып отыр. Шын мәнісінде, физика, география, жалпы айтқанда жаратылыстану пәндерінде оқушылар табиғат заңдарын оқып, білуі тиіс.

Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады.

Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу процесінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім қойған мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс.

Оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі-сабақта ойын элементтерін қолдану.

Атақты француз ғалымы Луи де Бройль былай дейді: «Ең қарапайым мәселені қозғайтын ойындардың өзінде ғылыми жұмысқа ұқсас жалпы элементтер көп кездеседі. Екі жағдайда да (ойын мен ғылыми жұмыс) ең бастысы қойылған мақсаттың болуы, сонан соң

қиындықтың болуы, оны жеңу, жаңалықты ашу қуаныш. Міне сондықтан да, бар адамдарды, жасына қарамастан ойын өзіне тартып тұрады».

Мұғалімнің ең басты мақсаты- сабақ мақсаты мен қолданылатын ойынның мақсатын ескере отырып, сабақтар мен сыныптан тыс сабақтарда оны орынды қолдана білу. Оқушылар мен мұғалімнің ойынға ынтасы болған жағдайда ғана ойын жүруі мүмкін. Ешқандай ойынды формальды ойнауға болмайды. Әрбір дидактикалық ойынға, бір жағынан дидактикалық есептерді шешу тән, мысалы: затқа немес құбылысқа жалпы сипат беру, олардың ерекшеліктерін табу сияқты жұмыстар, оқушыларды ұқсастықты, айырмашылықты т.с.с. құбылыстарды табуға, байқауға баулиды. Бұл мағынадағы ойындардың үйрету қасиеті бар. Ендігі бір жағынан дидактикалық ойындарға тән нәрсе ойнау. Оқушының назары біріншіден соған ауады, ал ойын барысында ойынның білім беру мақсатының қалай орындалатындығы байқалмай қалады. Сондықтан, сабақтарда өтілетін ойындар оқушыларға жәй сабақ ретінде емес, жәй алданыш ретінде де емес, қызықты жұмыс ретінде беріледі. Ойынды жүргізу үшін сынып командаларға бөлінеді. Команда құрамын қалаулары бойынша жасауға болар еді, дегенмен топ құрамы аралас және топтардың күштері тең болуы керек.

Қазіргі мұғалім әр сабаққа, тақырыпқа және әр сыныптың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын таңдай білуі қажет. Сонымен қатар оқушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын таңдай білуі керек. Бір сабақтың өзінде қолданылатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.


Ойынға педагогикалық басшылық жасау оқушылардың ұжыммен қарым-қатынасын жетілдіріп, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатын көздейді. Ойын барысындағы оқушылардың әрекеті достық, жолдастық, өзара түсіністік қарым-қатынастарды қалыптастыруға әсер етеді. ұжымдық ойындардың орны оқушы әрекетінде ерекше, оның өмірінде де айтарлықтай мәнге ие, яғни оқушының ойында атқаратын ролінен туындайтын мазмұнмен сипатталады. Сонымен, сабақта ойын элементін қолдану әрі білімділік, әрі тәрбиелік мақсаттарымен ұштастырылады.

Білімділік мақсаты: оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырады. Жаңа сабақты түсіндіргенде ойын элементтерін қолдану сабақтың тартымды өтуіне ықпалын тигізеді. Өткен сабақты немесе тарауды қайталағанды оқушы ойында, санасында мықтап бекиді.

Тәлім-тәрбиелік мақсаты: оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, байқампаздығын жан-жақты арттыру, ойын қабілетін дамыту, дүниеге көзқарасын, білім деңгейін арттыру. Ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, өз бетімен еңбектенуге, ұлттық сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Енді біраз ойын түрлеріне тоқталып кетейік:

1– ойын. «Шеңберден өтіп шығу».



Ұлттық ойын. Бірінің ішіне бірі орналасқан шеңберлер сызылады. Әр шеңбердің ішіне оқушылар қол ұстасып тұрады. Музыка үнімен бірге барлық шеңбердегі ойыншылар қарама-қарсы жаққа жүріп отырады. Бастаушының белгісі бойынша қолдарын жоғары – төмен түсіреді. Тең ортадағы бала, қолдарын жоғары көтергенде бір шеңберден екіншіге, одан үшіншіге өтіп кетуге тырысады. Барлық шеңберден өтіп шықса, айлашыл ойыншы деп аталады. Ойын ептілікке үйретеді.

2– ойын. «Байқап қал!».

Бұл ойынға балалар екі топқа бөлініп қатысады. Екі топ өздеріне басшылар тағайындап алады. Олар стол үстіне 15 – 20 ұсақ нәрселерді қойып, (мысалы физикалық құралдарды) балаларға бір минут қаратқаннан кейін, өздері көрген нәрселердің тізімін жазуларын тапсырады. Қай топтың балалары көп жазса, сол топ ұтқан болып саналады. Ойын көру, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіре түседі.

3 – ойын. «Жүйріктер жеңеді».

Ойынға қатысушылар қызыл және сары топ болып екіге бөлінеді. Әр топтың алдында қызыл және сары түсті жұлдызшалары бар қорапшалар болады. Үй

тапсырмаларын қайталағанда, жаңа тақырыпты бекіту кезеңдерінде сұрақтарға жауап берген сайын әрбір оқушы өзіне қызыл және сары жұлдызшаларды ала отырып, өздеріне ұпай санын жинайды. Сабақ аяғында жұлдызшаларының санына сәйкес ұпайлары саналып бағаланады. Ойын оқушыларды белгілі бір мақсатқа ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

4 – ойын. «Орамал тастау».

Жастардың сүйіп ойнайтын ойындарының бірі. Ол жазда, көгалда, алаңда шөптесін жерде ойналады. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын соншалықты қызықты болады. Ойыншылар тең екі топқа бөлінеді де, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарласа тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың оң жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да: «қа» деп дауыстайды. Ол қағып «ғаз» дейді, болмаса «ла» дейді. Сонда «қағаз», «қала» т.б. сөздер шығады. Бұл ойын жастардың ойын дамытып, ана тілін жетік білуге, тапқырлық қасиеттерге үйретеді.

Осы ойынды қолданып, физикалық шамаларды, өлшем бірліктерін жаттап алуға дағдыландыруға болады. Мысалы: оқушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың бір оқушысы «т» әрпін көрсеткенде, екінші топ оқушысы «масса» деп жауап береді. Ойын осылайша қайталанады. (Әр топ оқушыларының алдында физикалық шамалар мен өлшем бірліктері жазылған парақтар болады.)

Осындай ойындардың түрлері өте көп. Бұл ойындар білім алушылардың сабақта қызығушылықтарын арттырады.

Бұл ойынды сыныптан тыс физикалық кештерде қолдануға болады. Мысалы: бірінші топтың бір оқушысын екінші топтың бір оқушысына сұрақ қояды. Егер жауап бере алса ұпайлары екі есе артады. Жауап бере алмаса, сұрақ қойған топқа екі есе артық ұпай беріледі. Ойын осылай жалғаса береді. Ұзаққа созылып кетпес үшін, сұрақтың санын және уақытын белгілеп алу керек. Ойын оқушылардың алған білімдерін тереңдетуге көмектеседі.

Қызығушылықты арттыруда пәндік кештердің маңызы.

Физика кештері-физикадан көпшілік кластан тыс жұмыстың тартымды да пайдалы түрінің бірі. Жақсы ұйымдастырылып өткен кеш көбінесе оқушыларға ұмытылмас әсер қалдырады да, олардың кейбіреулерінің физика мен техникаға шынайы еліктеуінің бастамасы болады.

Қызықты физика кеші әсіресе, төменгі сынып оқушылары үшін ерекше орын алады. Бұл түсінікті де. Кештің негізгі принципі оның мазмұндылығында болуы керек, әйтпесе кеш тек сыңар жақ көріністермен ғана шектеліп, өзінің танымдық маңызын жоғалтуы мүмкін.

Оқушылармен істелген жұмыс формасының әртүрлілігі-қызықты физика кешінің табысты болуының қажетті шарты. Дәстүрлі қызықты тәжірибелер, атракциондар, викториналардан өзге де жұмыс формалары оқушылардың қызығушылығын тудырады, мысалы қысқа ғана қызықты физикалық әңгіме-жұмбақтар, физикалық қатесі бар әңгімелер, сұрақтармен берілген сурет-жұмбақтар.

Егер залда отырған оқушылар тек көрермен болып қана қоймай, олар да кешке белсенді араласып отырса, онда жұмыстың мұндай формасы әдістемелік жағынан аса құнды болмақ.

Қызықты пәндік кештерде орындалатын қызықты тәжірибелердің орны бөлек. Ол тәжірибелер мүмкіндігінше техникада және тұрмыста кең қолданылатын, сондай-ақ табиғатта жиі байқалатын құбылыстың практикалық қолданылуы туралы қысқаша әңгімеленіп тұрса, кештің мазмұны арта түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жарықбаев Қ. Психология. –А., «Білім», 1993.
2. Орехов В.П., Усова А.В. Физиканы оқыту методикасы.-А., «Мектеп», 1978
3. Әлімбаева Г.Ә. Физика пәнін халықтық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту /Оқу құралы/. -А., «Литера», 2001.
4. Нұрбатырова Қ.Т. Физикалық оқу экспериментін жетілдірудің әдістемелік негіздері.-А; 2004.

5. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. –А., «Рауан», 1998.
6. Алексеева М.Н. Физикаға құмар өренге... –А., «Рауан», 2001.

КҮН ЭНЕРГИЯСЫ

ҚАЙРБЕКОВА К. Н., СЫРБАЕВА Н.Б.
Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында айтылған энергетикалық тапшылық – өзекті мәселелердің бірі. Жер қойнауында қазба байлықтардың мол болғанына қарамастан, адамзат оны жылдан жылға игеріп жатыр. Сондықтан еліміз, бүкіл әлем энергия өндірудің жаңа әдісі мен үнемдеу жолын іздестіріп жатқаны бәрімізге мәлім.

Энергия қорларын үнемдеу бүгінгі күннің аса маңызды міндеттерінің біріне айналды. Өнеркәсібі дамыған әлемнің барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу шаралары дұрыс жолға қойылуда. Өйткені көмірмен және көмірсутегімен жұмыс істейтін жылу электр станциялары түбі бір экологиялық проблемалардың асқынуына әкеп соқтырады. Сондықтан әлем қайта қалпына келетін жергілікті энергия көздерін энергия үнемдеудің басты қайнар көзі ретінде қабылдап отыр.

Соңғы жылдары елімізде де қалпына келетін энергия көздеріне энергетикалық кешенді дамытудың бір тармағы ретінде қарай бастады. Мемлекет пен бірқатар бизнес құрылымдар тарапынан оны қолданысқа енгізуге зор күш салынып жатыр. Оның өз жөні бар. Ең алдымен, қайта қалпына келетін қуат көздерін тиімді пайдалану энергияны үнемдеуге мүмкіндік берсе, екіншіден экологиялық мәселелердің түйінін тарқатады.

Күн энергиясы планетамыздағы ең маңызды тіршілік көзі. Ол Жер ғаламшарының атмосферасы мен беткі қабатын әрдайым жылытып отырады. Күн энергиясы арқылы желдің соғуы, табиғаттағы судың айналымы, өсімдіктер дамуы, жануарлардың азықпен қамтамасыз етілуі жүзеге асады. Сонымен қатар, тікелей Күн энергиясының әсерінен Жер қойнауында қазба байлықтар түзіледі. Күн энергиясын жылуға немесе суыққа, электр энергиясына немесе козғалтқыш күшке айналдыруға болады.

Қазақстанның климаттық жағдайы күн энергиясын пайдалануға қолайлы болып табылады. Елімізде күн энергиясын өндіру мүмкіндігі жылына 2,5 млрд кВт/сағатқа бағалануда. Қазақстан солтүстік ендікте орналасқанына қарамастан, республика аумағындағы күн радиациясының күші өте жоғары. Сонымен қатар, өңірде күн энергиясы электр қуатын өндіру үшін ғана емес, жылу алу үшін де пайдалануға болады.

Ендеше, баламалы энергетиканы қолдану ел экономикасын жаңғыртудың маңызды факторына айналатын күн де алыс емес деген сөз.

Күн сәулесі- сарқылмас энергия

Күннің сәулеленуі– Жердегі энергия көзінің негізгі түрі. Оның қуаттылығы Күн тұрақтысымен анықталатындығы белгілі. Күн тұрақтысы – күн сәулесіне перпендикуляр болатын, бірлік ауданнан бірлік уақыт ішінде өтетін күннің сәуле шығару ағыны. Бір астрономиялық бірлік қашықтығында (Жер орбитасында) күн тұрақтысы шамамен 1370 Вт/м²-қа тең. Жер атмосферасынан өткен кезде Күн сәулеленуі шамамен 370 Вт/м² энергияны жоғалтады. Осыдан Жерге тек 1000 Вт/м²-қа тең энергия ғана келіп түседі. Бұл келіп түскен энергия әр түрлі табиғи және жасанды процесстерде қолданылады. Күн сәулесі арқылы тікелей жылытуға немесе фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады.

Күннің жерге түсетін мол энергиясының бір бөлігі атмосфераға, мұхит пен құрлықтарға сіңеді. Екінші бөлігі сулардың булануына және олардың айналып, қайта түсуіне шығындалады. Үшінші бөлігі теңіз және атмосфералық ағындарды туғызады. Ал төртінші – бір кішкене ғана бөлігін өсімдіктер бойына сіңіреді. Сөйтіп, жер бетінде ғажайып фотосинтез реакциясы жүреді.

Шындығында, қазіргі заманды электр энергиясынсыз мүлдем елестету мүмкін емес. Сол себепті де, электр энергияны алудың шығыны аз, экологиялық таза көздерін табу бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналып отыр. Әлем бойынша электр энергиясын ең көп өндіретін елдерге АҚШ, Қытай жатады. Бұл елдерде электр энергиясының өндірісі әлемдік өндірістің 20%-ын құрайды. Соңғы кездері экологиялық проблемалар, пайдалы қазбалардың жетіспеушілігі және оның географиялық біркелкі емес таралуы салдарынан электр энергиясын өндіру желэнергетикалық құрылғыларды, Күн батареяларын, газ генераторларын пайдалану арқылы жүзеге аса бастады.

Жалпы алғанда, Күн сәулеленуінен электр энергиясы мен жылу алудың әдістері бар. Олар: 1) Электр энергиясын фотоэлементтер көмегімен алу.

2) Күн энергиясын жылу машиналарының көмегі арқылы электр энергиясына айналдыру (Жылу машиналарының түрлері: поршеньдік немесе турбиналық бу машиналары. Стирлинг қозғалтқышы.).

3) Гелиотермальдық энергетика – Күн сәулелерін жұтатын беттің қызуы мен жылудың таралуы және қолданылуы.

4) Термоэуелік электр станциялары (Күн энергиясының турбогенератор арқылы бағытталып отыратын ауа ағыны энергиясына айналуы).

5) Күн аэростаттық электр станциялары (аэростат баллоны ішіндегі су буының аэростат бетіндегі күн сәулесі қызуы салдарынан генерациялануы).

Күн батареялары

Қазіргі таңда күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыратын құрылғы күн батареясын ойлап тапты. Күн батареялары – күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыратын жартылай өткізгіш құрылғы.

Күн батареясы жартылай өткізгіш фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ(фотоэлектрлік түрлендіргіш)-тер Күн батареясын қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші 0,5-0,55 В-қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см² ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – 35-40 мА). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Яғни күн сәулелері Күн батареясы бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі Күн батареяларының пайдалы әсер коэффициенті – 8-10%, олай болса 1 м² ауданға тең келетін қуат шамамен 130 Вт-қа тең. Температура жоғарылаған сайын (25°С-тан жоғары) ФЭТ-тегі кернеудің төмендеуіне байланысты Күн батареясының пайдалы әсер коэффициенті кеміп, Күн батареяларының жиынтық қуаты ондаған, тіпті жүздеген кВт-қа жетеді.

Күн батареяларының өлшемдері әр түрлі болады. Мысалы: микрокалькуляторда орнатылғандарынан бастап, ғимараттар шатырлары мен автокөліктер төбелеріне орнатылатындарына дейінгі өлшемдерде. Сондай-ақ Күн батареялары ғарыш кемелері мен аппараттарында энергиямен жабдықтау жүйесіндегі негізгі электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Ал тұрмыс пен техникада қолданылатын көптеген бұйымдарды – калькулятор, қол сағаты, плеер және т.б.

Тұрғын үйлердің шатырларына орналасатын Күн батареясының тұрғындарға зияны жоқ, тұрмыс-тіршілікке кедергі келтірмейді. Үйдің шатырына орнатылған Күн батареясы жиі ауыстыруды, орнынан қозғауды қажет етпейді.

Күн батареяларында шикізат ретінде кремний қолданылады. Күн кремнийінің жоғары құны қол жетімсіз болғандықтан, әр түрлі елдердің ғалымдары оның құнын төмендететін кремнийді алудың жаңа технологияларын әзірлеуде.

Күн электр стансасы – экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы, оның үстіне өз құнын 100 па-йыз ақтайтын тиімді қондырғы. Жұмыс істеу мерзімі шамамен 30 жыл. Осы 30 жыл ішінде жасалуына небәрі 1 кг күн кремнийі жұмсалған элемент.

Қазақстан үшін Халықаралық Энергетиктер Қауымдастығы ұсынған формула бойынша, алдын ала жасалған есептеулерге сәйкес шағын күн электр стансасын орнату нәтижесінде көмірқышқыл газы шығарындылары жылына 750 кг-ға азаятын болады.

Күннен алынған энергияның тиімді және тиімсіз жақтары

Күннен алынған энергияның артықшылықтары көп болғанымен, оның тиімсіз жақтары да бар.

Артықшылықтарын атап өтсек:

- а) Күн энергиясы бәріне бірдей қолжетімді;
- ә) ол сарқылмайды;
- б) қоршаған ортаға қауіпсіз;

Ал кемшіліктері:

- а) ауа райы мен тәуліктің уақытына тәуелді;
- ә) Күн энергиясын алу үшін қолданылатын құрылғылардың қымбаттылығы;
- б) Оны шағылдыратын бетті периодты түрде тазалап отыру қажет;
- в) электр станциясының жанында атмосфера ысып кетеді;
- г) энергияны аккумуляциялау қажет.

Соған қарамастан Күн энергетикасына деген сұраныстар жыл сайын артып келеді. Әр елдің ғалымдары осы қосымша энергия түріне ерекше мән беріп, оны дамыту жолдарын қарастырумен айналысуда.

Қазіргі уақытта халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін өте көп энергия жұмсалуда. Ал ресурстар азаюы себебінен, энергия алу қиындық туғызуы мүмкін. Сол себепті сарқылмайтын энергия көздерін күнделікті тұрмысқа пайдалану басқа да пайдалы қазбалардың үнемдеудің негізгі тәсілдерінің бірі. Күн энергиясын пайдалану қоршаған ортаға қауіп төндірмейді, сонымен қатар, бәріне қол жетімді болып табылады. Яғни, Күн энергиясын күнделікті тұрмыста пайдалану-болашағы бар энергия түрі.

Ғалымдардың болжауынша 2050 жылға қарай Күн энергиясы адамзаттың электр энергиясына деген 20-25%-дай қажеттілігін өтей алады. Сол сияқты Халықаралық энергетикалық агенттіктің мәліметі бойынша 40 жылдан кейін Күн энергетикасы көмегімен атмосфераға көмірқышқыл газының түсуін жылына 6 млрд тоннаға дейін қысқартуға болады екен. Осындай тұжырымдар негізінде Күннен өндірілетін энергияның адамзат үшін сарқылмайтын байлық екендігіне әбден көз жеткізуге болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет желісі:

- ikaz.info
- kk.m.wikipedia.org
- bilim-all.kz
- www.bnews.kz
- www.azattyq.org сайттарынан алынды.

2. “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 9-том, 227-228 беттер. Алматы, 2007 жыл.

3. Электроника, радиотехника және байланыс. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007

4. Экология және табиғат қорғау – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет.

5. Өнеркәсіп экологиясы, 2011. -262 бет.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ РЕФЛЕКСИЯ

ТУСУПБАЕВА А. А., АБЕЛЬДИНОВА А. А.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы — ұстаз қолында. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына қойылып отырған талап жоғары.

Ұстаз ең алдымен білімді ақпараттық құралдарды жетік меңгерген, үнемі өзі үшін ізденуі қажет. Оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын меңгеруін жетілдіру, ой-өрісін кеңейту, мәдени деңгейін көтеру, танымдық қабілеттерін дамыту, оқу процесін ізгілендіру, демократияландыру, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеру, даралап және саралап

оқыту сияқты қағидалар жетекші орынға шығарды. Бұл оқушыларға өз әрекетінің барысын, нәтижесін тексеру әдіс- тәсілдерін меңгертуді талап етеді. Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып қоршаған ортаны қорғауға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу – ұстаздардың басты міндеті болмақ. Ол үшін әрбір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, білім алушы деңгейінің дамуы төмендейді. Осының бәрі бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Қазіргі қоғамымызда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу үшін алған білімнің сапалы да, жүйелі болғаны дұрыс.

Сондықтан, білім беруші мұғалімге де, білім алушы оқушыға да ізденіс пен шығармашылықта жұмыс істеу талап етіледі. Мұғалімдер үнемі даму үстінде болып, өз идеяларын оқытудың барысында жаңашылдықпен жетілдіріп отырғаны дұрыс. Ал, жаңашылдықтың артуына байланысты рефлексияның педагогикадағы алатын орнының мәні артып отыр.

Рефлексия - адамды, білімді дамытудың шарттарының бірі. Сондықтан бұл қазіргі кездегі білім саласындағы көкейтесті мәселелер қатарына жатады. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексивтік іс-әрекет оқушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты. Шығармашылық рефлексия – мақсатқа жету нәтижесі, қорытынды ғана емес, жаңа білім мен жаңа мақсаттарға бастама бола алады.

Сонымен, шығармашылық рефлексия – жеке тұлғалық құндылық сапаларын қалыптастыруда және өзіндік даму бағытын айқындауда, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған, шығармашылық іс-әрекетте ішкі жан-дүниесі ресурстары арқылы ой қорытуы. Рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады [1].

Оның мазмұны баланың өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін-өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау, өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады. Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

Көрнекті ғалымдар Ш.А.Амонашвили, В.И. Загвязинский т.б. педагогикалық рефлексияны жаңаша ойлау стиліне жатқызады. В.А. Кан-Калик, А.В.Мурдик, т.б. маманның педагогикалық әрекетке дайындығының құрамына даралық, шығармашылық, авторлық ізденістер мен қатар жетілген педагогикалық рефлексияны да жатқызады. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы [3].

Рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан адам өзінің тұлғалық және кәсіби стереотиптерін шығармашылықпен өзгерте алады. Бұл - өзіндік сана, өзі-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі іске қосу, өзін-өзі бағалау сияқты кәсіби мәнді сапалармен сипатталады. Рефлексиялық қабілеті дамыған ұстаз өз оқушыларында осы сапаны дамытуды, дарытуды есте есінен шығармайды. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, ол-сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Сабақ барысында мұғалім де, оқушылар да рефлексия жасауды үйренеді. Мұғалімнің басты міндеті:

– оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне

байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді.

Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Мысалдар келтіре кетсек: көп жағдайда оқушылар өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру сияқты рефлексифті жұмыс түрлерімен айналыса алады. Онда оқушылар алған білімдеріне, тапсырмаларына қорытынды жасап, пікір айтуға дағдыланады, ойын ортаға салды. Нәтижесінде оқушылар өз-өздерін реттейді. Жүйелі сөйлеуге, ойын ашық жеткізе білуге, талдау жасауға үйренеді. Сабақтың жақсы не жаман, мағыналы не мағынасыз, көңілді не көңілсіз өтуіне байланысты оқушылар эмоцияларын білдіріп отырды. Осыдан мұғалім өзіне қорытынды жасауына, өзіне баға беруіне болады. Рефлексияны әр түрлі жүзеге асыруға болады, сабақтың соңында әр тақырыптың соңында, сабақ этаптарының арасында келтіруге болады. Ол ақырындап оқушының ішкі рефлексиясына ұласуыкерек. Рефлексияның төмендегідей түрлері бар:

- оқу материалының мазмұнының рефлексиясы, көңіл-күй және эмоционалдық жағдайдың рефлексиясы, іс-әрекет рефлексиясы.

Рефлексияның бұл түрлерін жеке, топтық, жұптық түрде өткізуге болады. [2]

Білім алушылардың рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді. Мұғалімнің басты міндеті – оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе, баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді. Оқушылардың әрекеті - зерттеушілік әрекет болу үшін мұғалім нақты мақсаттар қоя білуі керек, ал ашып айтатын болсам, оқушыларға ғылыми зерттеудің әдістерін, формаларын, принциптерін, нені ашу керектігін, қандай әдіс арқылы, қандай нәтиже алу керектігін үйренуге жетелеу. Танымдық әрекет шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл - ой әрекеті. Танымдылығы мықты оқушыда өзіндік мақсат, нәтиже болады. Яғни, қазіргі заманғы сындарлы оқытудың талабы оқушы бойында «мен» болуы. Оқушының адами әлеуетінің өсуі. Нәтижесінде «Мен» тұжырымдамасы бізді алға жылжитатын және біздің мінез- құлықтарымызды бағыттайтын, өзін -өзі реттеуге жетелейтін әлеуметтік стимул екендігі айтылған. Осы сындарлы оқытудың жүйелі жүзеге асуының нәтижесінде заман талабына сай білімді ұрпақ қалыптастыру мүмкіндігі жеткілікті болады.

Ғұлама ғалым Әл - Фараби «Адам мақсатына өзін - өзі жетілдіру арқылы жетеді және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез - құлыққа байланысты» деп ой түйген екен. Ғалымның бұл пікірі оқушы мен мұғалімге тікелей қатысты деуге болады. Шынымен де, мұғалімнің жақсы мінез құлқы оқушыға дариды және әсер етеді. Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады. Мұғалім оны оқыту үрдісінде, қолданған әдіс-тәсілдерінің барысында және іс- әрекетінің нәтижесінде байқатуы мүмкін. Оқу барысында оқушы оны бойына сіңіреді. Егер оқушыда жақсы мінез - құлық болса, ол онда өзінің оқудағы жетістігін тұрақты ұстап тұра алады және өзін - өзі жетілдіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Н.Д.Хмель. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы, «Ғылым», 2007ж.

2. Ұстаздық шығармашылық – Б.А.Тұрғынбаева Алматы 2014ж.

3. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары – К.С.Құдайбергенова Алматы 2015ж.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

АБИКЕЕВА З.К., СҮЛЕЙМЕНА.Е.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Бүгінде білім — қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына ерудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз — бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар — мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аммарин Б. А. «Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі» М. 1999.
2. Ашмарин Б.А. Дене тәрбиесіндегі педагогикалық ізденістің ілімі мен әдістемесі. - М., ФиС, 1978
3. Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қамтамасыз етудегі дене тәрбиесі Республикалық ғылыми әдістемелік тұтас жинақ бағдарламасы 2001-2005 жылдарға. Алматы 2001.
4. Дене тәрбиесі іліміне кіріспе дене тәрбиесі институттарына арналған оқу құралы. Матвеев А. Т. редакциясы М. ФИС. 1993.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

ЖАРКЕНОВА С., АБИЛЬДИНА Б.К.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Сонымен қатар оқушылардың оқуға мүмкіндіктерін арттыруда критериалды бағалау да тиімді. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

- *Оқыту сапасын жоғарылату;*
- *Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.*

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- *Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;*
- *Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;*
- *Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;*
- *Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;*
- *Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;*
- *Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;*
- *Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге*

Критериалды бағалаудың маңызы: Мұғалімдер үшін:

- *Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;*
- *Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;*
- *Сабақ берудің сапасын арттыруға;*
- *Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;*
- *Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;*
- *Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге*

Оқушылар үшін:

- *Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;*
- *Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;*
- *Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;*
- *Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге*

Ата-аналар үшін:

- *Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;*
- *Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;*
- *Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.*

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;
- Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса,

жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты–оқытудың қиындықтарын анықтау, оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру [1].

Білім саласындағы оқыту нәтижелерін бағалау ұстаздардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қазақ тілі сабағында бұл бағалау мәтінмен жұмыс, диктант, мазмұндама, мәнерлеп оқу, тест, шығармашылық жұмыстарды бағалау кезінде өте ыңғайлы. Берілген мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, мәтін бойынша өз пікірін айту, суретке қатысты өз ойын жеткізу үдерістерін бағалауда да жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер мұғалімге баланың білім деңгейін анықтауда зор мүмкіндік береді. Сонымен қоса, тыңдаған мәтіннің мазмұнын айтуда, сурет бойынша шағын әңгіме құруда, заттарды сипаттайтын сөздерді жазуда, берілген ертегінің үзіндісін, оқиғаның жүйесін сақтай отырып әңгімелеуде тиімді. Мұндай критерийлі бағалау нәтижесінде оқушылар өз білімдерінің нақты бағасын алуға дағдыланады. Сонымен қоса бір-бірін бағалауда бағалау өлшемдеріне сүйеніп бағалайды. Сабақтарымызда бағалаудың түрлерін де, тәсілдерін де қолдана отырып, оның көптеген артықшылықтарын байқадық. Қалыптастырушы бағалау кезінде бұрынғыдай «неге маған төмен баға, оған жоғары баға қойдыңыз?» деген оқушылар болмады. Сабақ соңында оқушылар өздерінің қаншаға жауап бергендерін біліп, бағаларын айтып шығып, «Табыс баспалдағы», «Алақан тренингісі» арқылы кері байланыс жасау арқылы өздерінің білім дәрежелерінің қай деңгейде екенін ұялмастан айтып, келешекте неге көңіл бөлу керек екенін де түсінді. Сыныптастарын бағалау оқушылар арасында маңызды рөл атқарады, себебі олар ынталандыру деңгейін көтереді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шығуға мүмкіндік береді. Сондықтан «Екі жұлдыз, бір тілек» және «Мадақтау сэндвичі», тіпті кейде сабақ үрдісінде «Керемет», «Тамаша», «Ризамын саған» сияқты мадақтаулармен де бағалауды қолданамыз. Бағалауға оқушылардың өздері де қатысады: өздерін бағалайды және сыныптастарын бағалайды. Әрине, бала болғаннан кейін үнемі объективті бола бермеуі мүмкін, дегенмен, солай бағалауға үйренеді. Критериалды бағалау оқу процесін де қызықты ете түседі. Мұндайда баланың сөйлеу қабілеті ашылады, зейіні шоғырланады, тыңдай білетін болады, сөзіне және әрекетіне жауап беруге үйренеді, ой қорытады, сыныптастарының пікіріне келісіп немесе қарсы шыға алады [2].

Сонымен қатар, «Үш тұғырлы тіл» мемлекеттік бағдарламасына сүйене отырып, қазіргі уақыттан бастап сабақтарда үш тілділікті ақырындап енгізуді жөн көріп отырмыз. Үш тілде оқытудың тиімділігіне тоқталуды жөн деп санап, осы тақырыпта жинақтаған іс-тәжірибемізді ортаға салмақпыз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Ол - үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы болып қала береді» - деген ескерту айтқан болатын. Соған сәйкесінше, қазақ тілі сабағында өз тілімізге басымдық бере отырып, орыс және ағылшын тілдері мұғалімдері қатысқан арнайы сабақтар өткізілді. Мұны интеграциялық сабақ деуге әбден болады. Интеграцияланған сабақ - бірнеше пәннен білімдерін біріктіріп жинақтап сабақтың мақсатына жететін, бірнеше пән бойынша мәселелерді қарастыруға мүмкіндік беретін арнайы ұйымдастырылған сабақ. Бұл сабақтарда берілген ақпарат ағыны жоғары, тапсырмалары нақты, жинақы, мұғалімдер тарапынан дұрыс ұйымдастырылған, қатысқан мұғалімдер берілген тапсырмаларды нақтылып бөлісіп алған және жоспарланған болуы тиіс. Мұндай сабақтарда оқушылардың назары әр түрлі тапсырмалар мен әрекеттерде болғандықтан, олар шаршамайды. Мұнда оқушылар үшін қызықсыз пән деген болмайды, керісінше, балалардың шығармашылық, танымдық әрекеттері дамиды, логикалық ойлау қабілеті, коммуникативті қабілеттері артады, оқушылармен қоса

мұғалімдердің де шығармашылық белсенділіктері артады. Тағы бір артықшылығы – оқушылар мемлекетіміздің бағыты мен ұстанған саясатынан да хабардар болады. Яғни, еліміз үш тілділік саясатының жүзеге асып жатқанын біліп қана қоймай, аталған сабақтар арқылы оның артықшылығын да, қажеттілігін де түсінетін болады. Аталған сабақтар түрлі заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушыларды белсендіре отырып жүргізеді. Мысалы, қазақ мақалдары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі баламаларын үйрену арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеті, ұшқыр ойды жүйелі түрде жеткізе білу шеберлігі арта түсті. Мақал-мәтелдерді үш тілде үйрену адамның ой-өрісі мен сөйлеу мәдениетінің көркемдік дәрежесін арттыруға көмектеседі, тілін байытып, ақыл-ой деңгейін кеңейтіп, бір жүйеге түсіреді. Оқушылар үш тілдегі мақал-мәтелдерді қызыға отырып, зор ынтамен жаттап үйренеді. Оларды шығармашылық ізденіске дағдыландыру үшін мұғалімдер үш тілдегі мақал-мәтелдерді тиімді пайдаланады. Сонымен қоса, оқушылардың тіл байлығын арттыру мақсатында мәтінмен мынадай жұмыс жүргізіледі:

- орыс, ағылшын тілінде берілген мәтінді қазақ тіліне аудару;
- қазақ тіліндегі мәтінді орыс тіліне аудару;
- мәтіннен етістіктерді табу, оларды өткен шақтағы формаға қою;
- мәтінді таңдаған тілінде мазмұндап беру және т.б.

Сабақтарда педагогтар оқушылар жасырылған сөздерді тауып, ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде аудармасын айтатын «Полиглот» ойынын, әр топқа қазақ, орыс, ағылшын тілінде берілген сөздерді пайдалана отырып, бірнеше сөз құрастыратын «Сөзді тап» ойынын ойнатуға болады. Осындай шығармашылық жаттығулар пайдалану және топпен жұмыс жасау арқылы оқушылардың салыстыру дағдысы қалыптасады, олар жүйелі сөйлеуге дағдыланады, қазақ тілін білуімен қатар орыс, ағылшын тілдеріне деген қызығушылығы оянады. Грамматикалық тақырыптар бойынша білім, білік дағдыларын қалыптастыру мақсатында үш тілде шақтардың жасалуын және жіктелуін, ережелерін салыстырмалы түрде үйренеді. Сабақ соңында балалар өзін өзі бағалайды және ол да үш тілде бағаланады. Мысалы, «Бағдаршам» әдісінде баланың тақырыпты түсіну деңгейін анықтау үшін қолданылатын берілетін түстер үш тілде көрсетіледі. Қызыл түс – «қолымнан келмеді», «ничего не получилось», «nothing succeeded», сары түс - «жартылай қолымнан келді», «почти получилось», «it succeeded almost», жасыл түс - «қолымнан келді», «все получилось», «everything succeeded» немесе қазақша «нашар», «жақсы», «өте жақсы», орыс тілінде «плохо», «хорошо», «отлично», ағылшынша «bad», «good», «excellent» деп көрсетуге болады. Әрине, оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы да бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

Критериалды бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлерімен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Критериалды бағалау арқылы сабақтарда оқушылардың ынтасын арттыруға, оларды қорытындылауға, оқушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ең шешуші фактор деп есептейміз. Сондықтан бағалауды тек қана баға қою деп түсінбегеніміз жөн [3].

Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деген сөзі бар. Мемлекет қойған бір міндет бар, ол – болашақта саналы да сапалы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, келешектің кілтін осы жас буынға беріп отырмыз. Оларға артар үмітіміз де мол. Ұрпағымыздың ойы озық болса, бәсекеге қабілеттілігі де артады. Еліміздің табысты, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына енуі – біз үшін үлкен жеңіс. Сол жеңіске аяңмен адымдап келе жатқанымыз белгілі. Бағытымыз айқын, мақсатымыз анық. Ұрпағымыз білімді болса, мемлекетіміз ешқашан ұтылмайды. Сауатты ұрпақ, жарқын болашақ үшін барымызды салудан ешқашан шаршамаған жөн. Себебі, бүгінгі дарынды ұрпақ – елдің ертеңі екенін, оқушы жастан бастап белсенді азаматтық ұстанымымен ерекшеленетін бала қоғамымыздың ертеңгі зиялы қауымы екенін есімізден шығармайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық III деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. 12-б

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» , 55-бет, 107-бет

3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

ИСАНГУЛОВА А.А., САЗАНБАЕВА Г.Е

КГУ ОСШ №64

alynja1978@mail.ru

В современном мире остро ощущается потребность во всесторонне грамотных людях, свободно владеющих навыками устной и письменной речи. Профессиональные, деловые, личностные контакты требуют от современного человека разнообразных высказываний, как в устной речи, так и в письменной. Жизнь показывает, что очень немногие из нас умеют правильно и эффективно общаться, за

вязывать дружбу и поддерживать прочные и долгосрочные отношения. Это говорит о том, что развитие коммуникативных способностей личности – одна из главных задач современной школы.

Задача учителя начальных классов – научить школьников выражению собственных мыслей. Учителя начальных классов должны с первых шагов приучать детей к содержательным, подготовленным, четким, ясным и правильным высказываниям. С первого класса должна вестись борьба с пустословием, с неорганизованной речью, с повторениями, с большим количеством речевых ошибок. Решение этой задачи требует от педагога творческого подхода. Это возможно, если в системе применять новые педагогические технологии: личностно-ориентированное, дифференцированное, проблемное обучение, технологию эффективной речевой деятельности, использовать разнообразные приемы развития коммуникативных способностей.

На каждом уроке русского языка необходимо формировать у учащихся различные коммуникативные умения и навыки:– умения понять тему сообщения и её основную мысль;– полно или частично извлечь нужную информацию;– умения строить монологическое высказывание;– умения вести диалог;– умения отбирать языковые средства;– умения совершенствовать своё устное или письменное высказывание.

Учителя начальных классов при подготовке к уроку и при его проведении обязательно учитывают возрастные особенности учащихся, продумывают различные варианты индивидуальной, групповой, фронтальной работы на уроке.

В каждом классе среди детей есть визуалы, аудиалы и кинестетики, поэтому на уроках используются разные способы подачи учебной информации. Учащиеся, у которых ведущий канал аудиальный, работают в быстром темпе, хорошо воспринимают информацию на слух, а вот кинестетики медлительны, им нужно все ощутить физически, усвоение учебного материала, у них сильно зависит от эмоционального фона. Визуалам мало рассказать материал, им нужно его показать, создать образ. Важно, чтобы учитель четко представлял возможности каждого ученика. Задания творческого характера стимулируют познавательную активность учащихся с разным уровнем понимания. Для детей с низким

уровнем понимания подбираются задания, позволяющие повысить интерес к предмету и ощутить уверенность в своих силах. Работа по формированию коммуникативных навыков ведётся по таким направлениям: работа над развитием речевого аппарата; уточнение и обогащение словарного запаса; формирование грамматического навыка; работа над связной речью; формирование умений воспринимать высказывания. (видео)

Для создания эмоционально-благоприятной ситуации на уроке используются: игровые приёмы; групповая и парная формы работы; (видео) занимательный текстовый материал; задания, направленные на развитие литературных способностей и творческого воображения.

Для развития речевого аппарата предлагаются такие упражнения. Например,
-назовите звук, который изменил слово.

СЫЧ-СЫТ-СЫР-СЫН-САН-СОН-СОР-СОМ-СОК-СУК-СУП-СУД-САД-САМ
КАСКА-МАСКА-МИСКА-КИСКА-ЛИСКА-ЛЕСКА-ЛАСКА-БАСКА;

-замените первый звук в слове на звук [х]. Прочитайте новые слова.

САЛАТ, ГОЛОД, ПОЛКА, ШМЕЛЬ, ГЛЕБ, ГОД, СОР, ШРАМ, ГУДЕТЬ, ГРИБ, СВАЛИТЬ;

-с помощью звука [й] совершите «волшебные» превращения слов

МАКИ, РЕКИ, ЛАКИ, СОКИ, СТРОКИ, БАКИ (майки, рейки, лайки, сойки, стройки, байки);

-распутайте слова БОСАКА, ПОСАГИ, ЛЕКОСО, КОСЫНКА, МОСАВАР, МОСАЛЕТ;

-игра “Договори слово”

СИ... (РЕНЬ) СИ... (ТО) СИ... (НИЦА) СИ... (НИЙ)

СИ... (РОП) СИ... (ЛА) СИ... (РЕНА) СИ... (НЯК)

Для формирования правильной речи педагоги используют такие упражнения:

-договорить слова в рифмовках (Лучше нас лесных ... (ежей) нет на свете ... (сторожей) и т.д;

-согласование существительных и местоимений – “Чья вещь?” (мой карандаш, моя книга);

-употребление прилагательных – “Из чего предмет?” (деревянный карандаш).

Уточнение словарного запаса возможно через: -беседы о рассматриваемых предметах (название, назначение, детали предмета, особенности внешнего вида, характерные действия с ним); -этимологический анализ слова.

Для этого используются упражнения в слоговом и морфемном анализе и синтезе слов; организуется наблюдение над явлением многозначности, синонимии, антонимии и омонимии слов и морфем. Например, -назвать действия (перекидывая мяч):

Метель (что делает?) - метет, гром - ..., ветер - ..., снег - ..., солнце - ..., ливень - ..., молния - ..., мороз - ...;

-назвать другой предмет с тем же признаком: Мел белый (и снег белый), пояс узкий (и лента узкая), дыня желтая (и тыква желтая), речка быстрая (и ручей ...);

-указать четвертое “лишнее” слово. Обосновать свой ответ.

грустный, печальный, унылый, глубокий;

храбрый, звонкий, смелый, отважный;

слабый, ломкий, долгий, хрупкий; крепкий, далекий, прочный, надежный;

понять, разобраться, запомнить, уразуметь;

думать, ехать, размышлять, соображать.

-в следующих словосочетаниях указать близкие по значению слова:

свежая пища, запас корма, вкусная еда;

наружность незнакомца, внешность человека, облик героя, вид гостя;

неизвестный кустарник, незнакомый почерк, безвестный поэт;

ценный груз, тяжелая ноша, ручная гладь, громоздкий багаж.

-объясните, какое слово из каждой строки употребляется чаще в разговорной речи, какое – в книжной речи. Указать слова, имеющие неодобрительный оттенок:

приехал, прибыл, прикатил;

пришел, пожаловал, заявился;

бросился, ринулся, накинулся;

ворвался, вторгся, вломился;
отскочил, отпрянул, шарахнулся.

-вставить в пословицы пропущенные слова: большой, маленький.

... пенек опрокинул ... воз. ... дело лучше ... безделья. Самое ... дерево выросло из ... семени. В ... лодку ... груз не кладут. ... крючком ... рыбу не выудишь.

-указать значения каждого из слов.

шашки, овсянка, коса, норка, лисички.

-какими словами описывает автор дождь?

"Дождь уже не лил, а сонно шептал. Пошептал, пошептал и умолк". (Н. Сладков)

Какими еще словами можно охарактеризовать дождь? (капает, крапает, стучит).

-заменить глагол бежит близким по смыслу:

время бежит, река бежит, зерно бежит из мешка, молоко бежит из кастрюли.

Важное место в развитии устной и письменной речи учащихся на уроках русского языка отводится работе с художественным текстом. Можно использовать следующие формы работы с текстом:- комплексный анализ текста;- синтаксические «пятиминутки»;- лингвистические «почемучки»;- нестандартные задания по лексике или стилистике текста;- создание подобного текста;- редактирование текста;- создание миниатюры.

Развитию коммуникативных творческих способностей учащихся на уроках русского языка содействуют и дидактические игры. Например,

1. «Диктор». Прочитать текст, соблюдая орфоэпические нормы.

2. «Редактор». Исправить все речевые ошибки в тексте.

3. «Переводчик». Заменить в тексте все иноязычные (устаревшие) слова русскими (современными).

К творческим заданиям, которые активизируют мыслительную деятельность учащихся, можно отнести и такие, как:

1. Угадай слово по его описанию. Объясни, как это удалось сделать.

«Архитектурные строения» пчёл (ульи). «Глаз» автомобиля (фара).

2. Какая пословица зашифрована? Объясни.

Продукт, который маслом не испортишь. (Кашу маслом не испортишь).

Когда можно смело гулять? (Сделал дело, гуляй смело).

3. «Узнай слово по описанию».

4. «Я задумала слово».

Творческие упражнения имеют целью свободное составление предложений по предложенным учителем или самостоятельно взятым ситуациям; при этом выполняются грамматические задания по теме урока.

Варианты упражнений:

а) задается тема, предлагается картина: это облегчает работу школьников и исключает шаблон:

б) даются опорные слова или сочетания, фразеологизмы:

в) задается жанр или тип речи: загадка, пословица, художественное описание, определение грамматического понятия и т.п.

Проводятся специальные упражнения:

1. Подобрать слова, которые имели бы по 2—3 значения; на каждое значение составить предложения. Объяснить значения слов ножка, спинка, горлышко, язычок, нос, ушко, гребешок, молния, идёт, льёт, летит и пр.; голова, земля, мир, язык, Волга.

2. Сравнить значения слов в сочетаниях: идут часы — идут дети —идёт строительство; стоят часы — стоят машины — стоят высокие дома; камень на дороге — камень на сердце (заметим, что работа над многозначностью слов переплетается с работой над словосочетанием и над фразеологическими единицами).

3. Подобрать близкие по смыслу слова к каждому значению данных слов, т. е. синонимы: сырой - влажный, мокрый (влажная, мокрая земля после дождя), незрелый, зелёный (например, виноград, помидор)

4. Подобрать противоположные по смыслу слова к каждому значению данных слов, т. е. антонимы: сухой (песок), сырой, зрелый (виноград)

От многозначности слов дети переходят к омонимам, которые обычно им даются в занимательных, игровых материалах: “Несет меня лиса за темные леса...”; “Не хочет косой косить косой, говорит: “Коса, коса”.

Кто вы?

Мы лисички, дружные сестрички.

Ну, а вы-то кто же?

Мы лисички тоже!

Как, с одной-то лапкой?

Нет, еще со шляпкой!

Большие возможности для развития коммуникативных навыков предоставляет организация групповой деятельности на уроках русского языка. Работа учеников в группе помогает созданию учебной мотивации, пробуждению в них познавательного интереса, стремление к успеху, формированию умения общаться и взаимодействовать с другими учениками. Работу в группе эффективно применять при проведении учебных игр на уроках русского языка. В качестве примеров групповых игр, направленных на формирование коммуникативных способностей учащихся, можно провести следующие :

1. Игра «Необычные словари». Класс делится на творческие группы, которым предстоит самостоятельно разработать несуществующие словари. Возможные варианты:словари любимых слов,словарь добрых слов,словарь вежливых слов, спортивный словарь, «овощной» словарь, словарь школьной слов и т.д.

2. Игра «Дерево мудрости» (её лучше проводить в начале или в конце урока при повторении изученного, а так же во время закрепления материала после изучения темы). В качестве дерева мудрости может быть использовано дерево, нарисованное на бумаге, или любое самодельное дерево. Учащиеся с помощью учителя составляют вопросы по изученному материалу, записывают на листки. Листки складываются и прикрепляются к «дереву мудрости». Затем класс делится на группы, каждая группа срывает листочки с дерева (по количеству человек в группе) и отвечает на вопросы. Учитель выступает в роли эксперта, который оценивает ответы.

Развитию коммуникативных навыков способствует проблемное обучение. Для создания проблемной ситуации используются жизненные явления, факты, их анализ с целью теоретического объяснения: задачи межпредметного характера; исторический или занимательный материал; организуется практическая работа исследовательского характера, в ходе которой учащиеся приходят к выводам; исследовательские задания, при выполнении которых нужно обнаружить некоторые закономерности, требующие теоретического обоснования.

После создания проблемной ситуации совместно с учащимися определяются проблемы, находятся пути решения проблемы, путем выдвижения гипотез, проверяются гипотезы на основе полученных знаний. Например, при изучении темы “Роль прилагательных в речи” детям предлагается попутешествовать по удивительной стране “Имя прилагательное” и провести исследование, самим сформулировать проблемный вопрос: какова роль прилагательных в речи? Учащиеся объединяются в группы для совместной работы. Каждая группа получает дифференцированное задание.

Чтобы уровень развития коммуникативных умений и навыков возрастал, учителю начальных классов необходимо тщательно продумывать содержание урока русского языка, систематически и целенаправленно включать в учебный процесс речевые задания. Содержание всех упражнений на уроке должны быть подчинены одной теме, что позволяет обогащать словарный запас детей, группировать слова по темам.

На каждом уроке русского языка обязательно:- введение новых слов (минимум – одно, максимум – семь), так как ученику, прежде всего не хватает речевого арсенала для выражения понятий, мыслей, чувств -введение в урок пословиц, поговорок и упражнений с фразеологизмами, что необходимо как для воспитательного воздействия, так и для запоминания;-упражнять детей в произвольном перемещении слов внутри предложения можно, предлагая различные коммуникативные установки (распространение,дополнение неоконченных предложений; изменение порядка слов; восстановление деформированного

предложения; составление предложения по аналогии; увеличение количества слов в предложении и усложнение содержания достигаются перечислением предметов, восприятием на слух синтаксической конструкции (чтобы, если, поэтому), наблюдением и выделением главного, установление причинно-следственных связей.

Совершенствование речевого общения, коммуникативная адаптация возможны через:

-развитие внимания к звуковой стороне слышимой речи (повторение вопроса, хоровое повторение вывода, послоговое похлопывание, чередование индивидуальных ответов с хоровыми); -понимание речи окружающих и своей собственной способствует учебное общение в паре; -развитие слуховой памяти (так как многословие рассеивает внимание и утомляет слушающего, необходимо продумывание хода изложения материала, подбор точных формулировок; выделение голосом главного, проговаривание хором запоминаемого), построение ответа на основе слов вопроса.

Чередования различных упражнений поднимает интерес к русскому языку, культуре общения, способствует развитию языкового мышления и коммуникативных умений. В формировании коммуникативной компетенции учащихся принципиально изменяется и позиция учителя. Он перестает быть носителем "объективного знания", которое он пытается передать ученику. Его главной задачей становится мотивировать учащихся на проявление инициативы и самостоятельности. Несомненно, развитие коммуникативных навыков и умений является приоритетным в обучении младших школьников.

Список литературы

- 1.Епишина Л.В. Педагогические аспекты развития речи коммуникативных свойств личности // «Начальная школа» №11, 2008.
- 2.Кузнецова М.И. педагогическая диагностика готовности детей к обучению в школе и методические рекомендации по преодолению выявленных трудностей // «Начальная школа» №8,1999.
- 3.Лагузова Е.Н. Фразеологическая работа в начальной школе // «Начальная школа» №3,1994.
- 4.Макорова Н.Н. Коммуникативная игра в младших классах // «Начальная школа» №7, 2008.
- 5.Немов Р. Психология, учебник // Т.1 – 2. – М.: Владос, 1999.
6. Нечаева Н.В.: Обучение грамоте. Методические пояснения к Азбуке и рабочим тетрадям по чтению (система 1 – 4) – Москва: «Центр общего развития», 1999.
- 7.Обучаем по системе Л.В.Занкова: 1 кл.: Кн. Для учителя / З.И.Романовская, А.В.Полякова, Н.Я.Дмитриева, И.П.Товпинец. М.: Просвещение, 1996. – 144с.
- 8.Оклендер в. Окна в мир ребёнка: Руководство по детской психотерапии/ Перевод с англ. – М.: независимая фирма «Класс», 2001. – 336с. – (Библиотека психологии и психотерапии, вып.20).
- 9.Перцева Н.В. Диалог как способ обучения чтению // «Начальная школа» №7,1997.
- 10.Ставская Г.М. Работа с фразеологизмами в системе развития речи и общего развития учащихся // «Начальная школа» №12, 2000.
- 11.Чернова Г.Б. Развитие речи учащихся – одна из основных задач начального образования // «Начальная школа» №7, 2000.

САБАҚТА ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АБИЛОВА Р.Т.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Адамның болашағы, оның қазіргі алған білімнің сапасы мен көлеміне, оның ойлау деңгейіне байланысты. Заман талабына сай оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақта пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі - оқу орнында арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі - өмірді оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу мен оқыту - егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту - тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілігін, т.б. айқындап толықтыруға болады. Оқыту - тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды қолдана отырып, жоғары білікті, білімді маман дайындау - біздің, яғни оқытушылардың, міндеті. Оқыту үрдісі тиімді өту үшін біз оқытудың ұйымдастыру түрлерін дұрыс таңдауымыз қажет. Ескі тәсілмен оқыту, түсіндірмелі - кескіндемелік (иллюстративтік) оқытулар қазіргі заман талабына сай келмейді. Қазіргі таңда студент - ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, оқытушылар жан-жақты қаруланған болуымыз керек. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» - деп М.Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді.

Қазіргі таңда педагог мамандар да қазіргі заманғы озық педагогикалық технологияларды меңгеріп, оны оқыту-тәрбиелеу барысында тиімді қолданып, алдындағы студентті жан - жақты тұлға етіп дамыту үшін қандай педагогикалық технологияны пайдалануы керек екенін анықтап алуы тиіс. Бұл орайда оқыту үрдісін барынша тиімді етіп ұйымдастыру көзделеді. Яғни, студенттерге білімді жеңіл әдіс - тәсілдермен меңгерте білу керек. Сондай технологиялардың бірі - **деңгейлеп оқыту технологиясы**.

Деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша студенттердің білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқу іс - әрекетінің негізгі түрі студенттердің өздігінен орындайтын жұмысы болып табылады. Өзіндік жұмыс - студенттер білімін жетілдірудің қайнар көзі, олардың рухани бай жеке тұлға болып қалыптасуының негізгі бір шарты .

Ж.А.Қараевтың деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдана отырып, студенттердің теориялық білімін кеңейтуге болады. Бұл әдісте студенттердің оқу материалын меңгерту деңгейі 4 түрге бөлінеді:

- 1.Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда студенттер алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.
- 2.Алгоритмдік деңгей. Мұнда студент оқытушының түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.
- 3.Эвристикалық деңгей. Студент өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда студенттің ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.
- 4.Шығармашылық деңгей. Студент таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді .

Жылдар бойы сабақ жүргізу нәтижесінде студенттің білім сапасын көтеруге, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру барысында жан-жақтылыққа ұмтыламыз және ізденеміз. Алдында отырған студенттің білім деңгейі, білімді меңгеру дағдысы барлығында бірдей болуы мүмкін емес жағдай. Сондықтан Қараевтың насихаттап жүрген деңгейлеп оқыту технологиясында студенттің жан-жақты мүмкіндігін ескере отырып, жеңілден ауырына қарай деген принципті қолдана отырып, жүйелі түрде қойылатын мақсат - білім, білік дағдыларының тұрақты болуына, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету керек.

Деңгейлік тапсырмаларды жүргізудегі негізгі мақсат:

- студенттердің қабілетін ашу;
- пәнге қызығушылығын арттыру;
- шығармашылыққа іздендіру.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет:

- студенттердің өздігінен білімін толықтыру;
 - берілген білімді пысықтау;
 - шығармашылық қабілетін арттыру.
- Осындай мәселелерді жүзеге асырар болсақ, онда осы технология арқылы:
- студенттерге пәндік ғылыми негіздерін меңгертуге болады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:

- әр студенттің қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындауы;
 - оқытуды әр студенттің ерекшелігіне сәйкес бейімдеу.
- Сонымен қатар, деңгейлеп оқыту технологиясы топ ішінде дарынды студенттерді анықтауға көмектеседі. Студенттердің өз бетінше деңгейлік тапсырмаларды орындауына қарай топтың білімінің қаншалықты төмен немесе жоғары екенін анықтауға болады.

Деңгейлеп оқытудың тиімді жақтары:

- Әр студент өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- Студенттің жеке қабілеті анықталады;
- Іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;
- Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес студенттің ойлау қабілеті артады;
- Әр студент өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады .

Деңгейлеп оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты - студенттерді «қабілетті - қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай студент болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды, І деңгейді орындаған студент «3» деген бағамен бағаланады. Әр студент І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен баяу» студент жақсы оқитын студентке ілесе алмай жатса не істеуге болады? деген сұрақ туады, І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек.

Деңгейлеп оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен студенттердің өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында студент тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Осы мақсатта күнделікті сабақты бірсарынды өткізбей, студенттерді пәнге байланысты әртүрлі деңгейленген тапсырмалар көмегімен бағалау керек, яғни студенттер берілген тапсырманы өзінің деңгейінде орындайды да әр тапсырмалардың деңгейіне қарай белгіленген ұпайға сәйкес бағаланып, бағалау қағазында барлық тапсырманың ұпай санын қосып, нәтижесінде тиісті бағасын алады. Бұл әдіс, бір жағынан, уақытты үнемдеуге тиімді және студенттердің шапшандығын көрсетеді. Сабақта өтілетін бағдарламаларды теория жүзінде ғана өтіп қоймай, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыратын, бағдарламаны белгілі бір салада қолдануға болатын тапсырмалар беріп жүрміз, яғни деңгейлік тапсырмалар беруде оқытушы ең алдымен тапсырмалардың мазмұндық жүйелігіне аса назар аударуы қажет. Студенттер тапсырмаларды орындау кезінде көмекші құрал ретінде тапсырмаларға сәйкес бейне жазбаларды ұсынған дұрыс, яғни бұл жерде «Естідім- ұмыттым, оқыдым - есімде, жасадым - білемін» деген қытай жазбасын басты назарға алу керек. Себебі студенттің есінде ауызша айтқаннан гөрі, бейне жазбамен баяндап көрсету жақсы сақталады. Деңгейленген тапсырмаларды орындатудың студенттерді жан-жақтылыққа және бағдарламаның мүмкіншіліктерін меңгертуге тиімділігі зор. Алайда, бағдарламалармен тапсырмаларды тек сабақ кезінде ғана орындау жеткіліксіз. Сондықтан бағдарламаларды тек сабақ кезінде өтіп қана қоймай, студенттерге сабақтан тыс тапсырмалар беру арқылы ізденімпаз, бағдарламаға қызығушылығы бар студенттердің бар екенін айқындаймыз және сол студенттердің одан әрі ізденуіне көмектесуге тырысамыз. Сабақтан тыс берілген бірнеше тапсырмаларды сынақ немесе аттестация кезінде оқытушы студенттерден қабылдап,

деңгейіне қарай бағалау керек, яғни күнделікті сабақта қолданылатын бағалау қағазын қолданған дұрыс.

Деңгейлеп оқыту технологиясын жүзеге асыруда студенттің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, пәнге деген сүйіспеншілігі артуы ерекше орын алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Бағдарлы мектеп және кәсіптік білім», №4, 2013ж.
2. «Қазақстан жоғарғы мектебі» журналы, №3, 2006 ж.
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №12, 2004 ж.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ИЛЬЯШОВ М.Б., АБИКЕЕВА З.К.

Қарағанды «Volashag» жоғарғы колледжі

Зерттеудің көкейтестілігі студенттердің жеке басының дене мәдениеті мәселелерін жүзеге асыру ерекшеліктерін ғылыми негіздеумен байланысты. Адамның жеке басының дене тәрбиесін жетілдіру процесі кең ауқымды мәселе болып табылады және ол жас кезеңнен басталып, адамның бүкіл ғұмыры бойы жетіліп отыруы қажет. Адамның жеке басы дене мәдениетінің қалыптасуын оқушылар мен студенттердің дене шынықтыру сабақтарына деген көзқарасымен және адам өмірінің барлық кезеңдеріндегі дене дайындығын дамыту деңгейімен айқындауға болады.

Ресей оқымыстыларының зерттеулері негізгі қимыл – бұлшық ет сапаларын айқындайтын, зерттеу нәтижелерімен бағаланған бірінші курс студенттерінің жалпы дене дайындық деңгейі «Дене шынықтыру» пәні бағдарламасында берілген көрсеткіштерден әлде қайда төмен. Шапшандықты- күшті сапалардың, ептіліктің және күштің даму деңгейі зерттеу нәтижелері бойынша орташа деп, шапшандық - орташадан төмен, ал төзімділік- төмен деп бағаланды.

Томск университеті студенттерінің дене шынықтыру сабақтарына деген теріс көзқарастарын білдірді. Мұны жалпы дене дайындығын оқып жүргендерге арналған дене шынықтыру сабақтарының шектеулі сипаты мен байланыстырылады. Ал бұл шұғылданатындардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын, сұранысын ескеруге мүмкіндік бермейді де, осы процестің нәтижесінде студенттердің қимыл белсенділігі төмендейді. Бұдан басқа, созылмалы аурулары бар, арнайы медициналық топқа енгізілген бірінші курс студенттерінің саны алдыңғы кезеңдегімен (1977-1985) салыстырғанда біршама (1992 жылы 23%) артты. Қазақстандық зерттеушілердің алған мәліметтері де осыған шамалас.

Оқытудың кредиттік жүйесіне өтуге байланысты студенттердің дене шынықтыру сабақтарына деген көзқарастары келеңді әлеуметтік маңызды педагогикалық мәселеге айналып отыр. Мұны әрбір студенттің жеке басына қатысты және қоғамдық деңгейде қарастыру қажет. Политехникалық университеттегі дене тәрбиесі адамның жеке басының дене мәдениетін қалыптастыруға және денсаулықты нығайтуға бағытталған.

Берілген жұмыстың мақсаты; студенттерде дене мәдениетіне деген дұрыс көзқарас қалыптастырып, дене дайындығын жетілдіруге деген қызығушылық туындату.

Студенттердің дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылығын жетілдіру мақсатына жету үшін және оны ары қарай жетілдіру үшін оқыту барысында кейс-әдісі қолданылды.

Зерттеудің гипотезасы (алғы шарттары). Кейс-әдісі қолдану қызығушылықты арттырады, студенттердің берілген тапсырмаға назар салуын көтереді, денсаулықты дене шынықтыру құралдарымен сақтау маңыздылығын түсінуге деген танымдық қасиеттерін жетілдіреді. Студенттік өмірдегі оқуға деген қызығушылық, көпқырлы және тосын сипатты екендігі белгілі. Студенттер сұрақтар қойып, белсенділік танытады. Бірақ, қызығушылықтары барлық уақытта тұрақты болмайды, тез өшеді, сондықтан оларды дағдыға айналдырып, бекітіп, тұрақты қызығушылық дамыту қажет.

Психологиялық-педагогикалық бағыттағы «қызығушылық» түсінігінің заманауи мағынасы әрқалай, мұның өзі қызығушылықтың өзінің күрделілігімен түсіндіріледі. Қызығушылық оның объективті-субъективті сипатты мәніндегі танымдылықтың себепті түсіндірілуінің бір категориясы ретінде қарастырылады. Қызығушылық қандай да бір қызметке ұмтылдырып, мотивациялық кеңістік туындатады.

Біздің зерттеулерге ҚазҰТУ техникалық мамандық (Экономика және бизнес институты, Информациялық технология институты, Тау кен институты) бойынша оқитын бірінші курс студенттері және дене шынықтыру пәнінің оқытушылары қатыстырылды. Дене шынықтыру мәселелері және оларға деген көзқарас бойынша студенттердің және оқытушылардың пікірлерін сұраунамаға енгізу нәтижесі бойынша, берілген пәнді оқыту кезінде бірқатар жағдайларды ескеру қажет, атап айтқанда; шұғылданушылардың пікірі бойынша қосымша сабақтарды енгізумен студенттердің қызығушылығын ескеру, дене шынықтыру сабақтарына деген мотивацияны арттыру. Студенттердің пікірі бойынша оқытушының кәсібилік деңгейі- дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік беретін фактор болып табылады. Оқытушылардың көпшілігі дене шынықтыру сабақтарын студенттерге таңдау мүмкіндігін бере отырып, дене шынықтыруға спортқа қызығушылығын ескере отырып, жекелей өткізу қажет деп есептейді.

Студенттердің пікірін ескере отырып, жүргізілетін сабақтарды енгізу бойынша студенттердің пікірін жүзеге асыру үшін кейс-әдісті қолданумен тәжірибе жүргізу шешімі қабылданады.

Кейс-әдісі (Case study) дене шынықтырудағы мәселелерді шешу әдісі ретінде, біздің пікіріміз бойынша, оқытылатын пәндерге деген қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді. Айта кететін жағдай, бұл әдістің қолданылуы – қарапайым. Бұл әдіс нақты ғылымдар бойынша білім алуға емес, көптеген мәселелерді шешу жолдары қарастырылған пәндер бойынша білім алуға арналған. Кейс-әдісті оқыту техникасының мәні – оны шешуге арналған құралдарда. Шұғылданушылар мәліметтерді талдап, мәселенің мазмұнын түсініп, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Нақты материалдарға негізделген тиянақты жағдайлар және ойдан шығарылған кейстер. Негізгі шарт – шұғылданушының теориялық білімді өмірлік жағдайлармен байланыстыру және алынған мәліметтерді оқыту процесінде қолдана алу қабілеті.

Топтарға бөлінген студенттерге кейс-әдістің талаптарына сай, дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылықты арттыру бойынша мәселені шешу ұсынылды. Кейс-сұрақтар төмендегідей:

- күш, шапшаңдық, төзімділік сияқты сапаларды сипаттайтын нормативтерді тапсыру қорытындысы бойынша дене дайындығының деңгейін анықтау;
- дене дайындық деңгейін бағалау, төмен дайындық себептерін айқындау;
- студенттерге қызығушылықты туындататын жаттығуларды қоса отырып, кейсті жасау жолымен қойылған мәселенің шешімін табу;
- өз кейсті топта сақтап, сабақтарда қолдану;
- топта жақсы кейсті талқылау отырып, қорытынды жасау.

Кейсті жасаған кезде дене тәрбиесіндегі таныс мәселелерін шешу үшін, оның шынайылық деңгейін анықтау үшін бірнеше сұрақтар дайындау қажет. Оқытушының міндеті

– студенттердің бір ғана жауап алуға емес, оның жан-жақтылығына көңіл бөлуге бағдарлану керек.

Ұсынылған жоспар бойынша, дене дайындығымен және дене тәрбиесіне деген қызығушылықтың қалыптасуымен байланысты тиянақты бір жағдайдың моделі жасалында. Ол студенттер алатын қажетті білім және тәжірибелік дағдылар жиынтығын айқындайды. Бұл «кейс» деп аталатын модель бірнеше беттен бірнеше ондаған беттерді алатын көлемді тақырып. Студенттер алдын ала кейсті зерттеп, дәріс курсының материалдарын және басқа ғылыми әдебиеттердің ақпаратын қарастырып, мазмұнын тиянақты талқылады. Оқытушы диспетчердің, модератордың, жүргізушінің, сұрақ қоюшының, жауаптарды белгіленушінің, пікірталасты қолданушының қызметін атқарды.

Педагогикалық бақылаулар көрсеткендей, студенттердің кейсті орындауы бірқатар

жағдайларға мүмкіндік береді:

- студенттердің дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді; қызығушылықты тәрбиелеудің логикалық кезеңдері бар дидактикалық мәселелерді, атап айтқанда, дүниетанымдықты – зерттеушілердің пәнінің мазмұнын талдап, сұрақтарын қоюын, сараптауға қатысуын шешеді;

- студенттер өз мүмкіндіктеріне оң баға беріп, дағдыларын жетілдіреді, оларды тиімді деңгейде ұстануға тырысады;

- жеке бастарының дене мәдениетін дамыту процесін педагогикалық тұрғыдан сақтауды ұйымдастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бальсевич В.К. Лубышева Л.И. Физическая культура: молодежь и современность // Теория и практика физической культуры. – 1995, № 4. - С.2-7.

2. Щербаков В.Г. Тенденции развития системы среднего и высшего профессионального образования в области физической культуры // Физическая культура и спорт на рубеже тысячелетий: Материал Всероссийской научно-практической конференции / Под общ. Ред. В.Ю.Волкова, Г.Н.Пономарева, В.Г.Щербакова. – М., 2000, Ч. 2.- С. 3-4.

3. Егорывич А.О. Здоровье студентов с позиции профессионализма // Теория и практика физической культуры.-2003, № 2.-С. 53-56.

4. Ильинич М. Физическая культура студента. - М.: Гардарики, 1999. – 448 с.

5. Копыл А.Н. Сидельникова М.. Управление знаниями в вузе // Технологическое образование: содержание проблемы, перспективы. – Ростов на Дону: РГПУ, 2001. - С. 137-144.

БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ, ЕРЕЖЕСІ, ТҮСІНІГІ

АБИКЕЕВА З.К., СҮЛЕЙМЕН А.Е., ИЛҶАШОВ М.Б.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Баскетбол (ағылш. basketball, basket - себет (торқалта), ball - доп) — ептілікті қажет ететін қызу тартысты спорт ойын. Оған бес ойыншыдан тұратын екі команда қатысады. Баскетбол алаңының қарама-қарсы екі шетіне орнатылатын қалқаны бар тағандарға кәрзеңке бекітіледі. Ойынның мақсаты- допты қарсыласының кәрзеңкесіне түсіріп, ұпай жинау. Ойыншылар допты лақтыруға, пас жасауға, домалатуға немесе жерге жиі-жиі ұрып дриблингпен алып жүруіне болады. Доп өзіне тигеннен кейін ойыншы оны мен тек екі адым ғана аттай алады. Баскетболды таза 20 минуттан екі тайм ойнайды. Таймдардың арасындағы үзіліс 10 минуттан тұрады. Ойынның басталуында төреші алаңның қақ ортасында командалардың екі ойыншысының арасында тұрып допты тіке лақтырады. Олар секіріп, допты командасындағы әріптестеріне тартып әперуге тырысады.

Тарихы

Баскетболдың отаны Америка Құрама Штаттары болып есептеледі. Алғашқы ойын 1891 жылы Массачусетс штатының Спрингфилд қаласында құрылған Христиан жастар қауымдастығының оқу жаттығу орталығында ұйымдастырылған. Сол кезде Канададан қоныс тепкен жас мұғалім, доктор Джеймс Нейсмит гимнастика түрін ары қарай жетілдіру мақсатында жаңа ойын түрін ойлап тауыпты деседі. Баскетболдың этимологиясы (basket – себет, boll -доп) деп жіктеледі. Алғашында ойынды футбол добымен өткізген. Арада бір жыл өткен соң Джеймс Нейсмит арнайы доппен қоса, баскетболдың алғашқы 13 ережесін ойлап тапқан. 1893 жылы баскетболға қызығушылар саны бірден көбейген.

Баскетболдың болашақ құрушысы 1861 жылы Канадада дүниеге келді. Балалық шағынан бастап, Джеймс спортқа жақын болған.Ол көп уақытын көшеде өткізеді. Оның сүйікті ойындарының бірі — «рокедегі үйрек». Оның ережелеріне сәйкес, ойыншы тастан басқа тастың үстіне соғуға мәжбүр болды.Асыққа қатты ұқсас ойындардың бірі. «Рокедегі

үйректің» ойнауында Джеймс тасты басқа тасқа қарағанда әлдеқайда оны жоғары лақтырған тиімді екенін анықтады. Баскетбол ойынының тарихы осылай басталады.

Баскетбол добы

Командадағы ойыншылар допты сақиналы торқалта себетке дөп түсіруі қажет. Қақпа жерден кем дегенде 3 метр биіктікте орнатылады. Тор қалтаны жақын жерден дәлдесе 2 ұпай беріледі. Ал, егер доп 6,25 метрден сәтті лақтырылса онда ұпай саны бірден 3-ке көбейеді. Бір матч 20 минуттық үш кезеңнен тұрады. Осы аралықта ойында есеп тең болып тұрса, төреші тарапынан қосымша уақыт қосылады.

Ұпай санау

Егер лақтырылған доп кәрзеңкеге дәл тиіп, кәрзеңкенің ішінен сырғанап жерге түссе, нысанаға жеткен болып саналады. Ойын уақытында доп дұрыс лақтырылса, команда екі ұпай алады. Мұндай лақтыру үш ұпайлық сызықтың ар жағынан жасалса ұпай саны үшеу болып саналады. Айып добын лақтыру (ереже бұзылғанда рұқсат етіледі) кезінде әрбір сәтті тигізуге бір ұпайдан есептелінеді.

Баскетболшы киімі

Сол кездері АҚШ–та алғаш рет ресми ережелер тіркелімге алынды. АҚШ–тан бастау алған баскетбол ойыны бірте-бірте Шығыс елдеріне таралды. Атап айтар болсақ, Жапония, Қытай, Филиппин, солай-солай Еуропа елдеріне, Оңтүстік Америкаға бет алды. Араға он жыл салып АҚШ–тың Сент-Луис аумағында американдықтардың қолдауымен бірнеше қаладан құралған командааралық турнир өтті. Сондай-ақ баскетбол 1924, 1928 жылдары олимпиада бағдарламасынан орын алды. Жиырмасыншы жылдары алғашқы әлемдік кездесулер ұйымдастыра бастаған ұлттық баскетбол федерациялары жұмыс жасады. Осылайша, 1919 жылы АҚШ, Италия мен Францияның әскери командалары арасында турнир өткізілді.

1923 жылы Францияда әйелдер арасындағы халықаралық кездесу тұсауын кесті. Оған Англия, Италия, АҚШ–тың командалары қатысқан. 1932 жылы Халықаралық баскетбол федерациясы (FIBA) құрылды. FIBA–ның алғашқы құрамына 8 мемлекет енді. Атап айтса, Аргентина, Грекия, Италия, Латвия, Португалия, Румыния, Швеция, Чехословакия. 1935 жылы халықаралық Олимпиадалық комитет баскетболды олимпиада ойындары қатарына қосу жөнінде шешім шығарды. 1936 жылы Берлинде өткен олимпиада ойындары аясында баскетболдың бағдарламасы дайындалды. Онда аталмыш ойын түрін ойлап тапқан азамат Д. Нейсм доданың құрметті қонағы болды. Теннис алаңында өткен матчқа 21 ел қатысты. Олимпиада өтіп жатқан кезде FIBA–ң алғашқы конгресі өтті. Онда халықаралық ойынның ортақ ережелері айқындалды. Ал, Ресейде баскетбол 1906 жылы қалыптасты. Сол жылдары Петербор қаласында "Маяк" қауымдастығы жұмыс істеген. Қауымдастықтың гимнаст шеберлері алғаш рет баскетбол командасын құрып, кейіннен "Богатырь" қоғамына айналған. Алайда, 1917 жылы орнаған Қазан төңкерісіне дейін баскетбол ойыны тек сол кездегі Ресей астанасы - Петерборда ғана танылған. Ал, 20 жылдары бұл ойын қарқынды дамыды. Бастапқыда әскери мектептерде жаттықтырылған еді. Көп ұзамай Мәскеу институты баскетболды денешынықтыру факультетінің бағдарламасына енгізілді. Бұл оқу ошағының түлектері кәсіби баскетболшы атанды. Ресей құрамасы алғаш рет 1923 жылы Бүкілодақтық денешынықтыру мерекесіне орай кездесу өткізді. Сәл осы кезде КСРО құрыла бастаған еді. КСРО–ның екінші біріншілігі 1924 жылы өткізілді. Ал, 1934 жылдан бастап КСРО–да баскетбол спартакиадасы өткізіліп тұрады.

1946 жылы FIBA шеңберінде жалпы одақтық баскетбол секциясы қабылданып, бір жыл өткен соң ерлер командасы Еуропа біріншілігінде бақ сынап, чемпион атанды. Ал, баскетболдан әйелдер құрамасынан олимпиадалық ойын 1976 жылы сарапқа салынды. Олимпиадалық ойынның чемпиондары төмендегідей: 1976 ж. - КСРО, 1980 ж. - КСРО, 1984 ж. - АҚШ, 1988 ж. - АҚШ, 1992 ж. - Тәуелсіз достастық мемлекеттерінің құрама командасы, 1996 ж. - АҚШ.

Әлем бойынша АҚШ–ң спортшылары мықты баскетболшылар деп саналады. Олар 1936 жылдан бері өткізіліп келе жатқан барлық олимпиада ойындарында жеңімпаз атанған. Ал, соңғы жылдары ұтылыс тапқан тұстары саусақпен санаралықтай. Мәселен, 1987, 1988, 1990 және 1991, 1992 жылдары американдық ойыншылары сәтсіз ойын көрсетіп, ұтылыс

тапқан. 1992 жылы олимпиада ойындарына тек білікті спортшылардан жасақталған ұлттық баскетбол қауымдастығы шеңберінде алғаш рет ұжымдық құрама құрылды. Бұл Америкада "Dream Team", «ұжымдық арман» деп аталған. Оның құрамында Барселон ойындарында 40 ұпайдан жинап, жеңімпаз атанған Майкл Джордан, Мэдрик Джонсон, Чарльз Баркли және Ларри Берд алынды. Олар 1994 жылы әлем чемпионатында, 1996жылы Атланта олимпиадасында тұғырдан көрінді.

Ал, АҚШ-тың әйелдерден құралған баскетбол командасы 1992 жылғы сәтсіздіктен кейін, олимпиадалық чемпион атағын 1996 жылы қайтарып алды деген болатын. Ең алғашқы баскетбол сайысы өткен күн деп 1891 жылдың 21 – желтоқсанда Сприч- филд колледжінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Джеймс Нейсмитке қолайлы көңіл күй көтеретін қимылдар ойлап тауып гимнастика сабағын жандандыру тапсырылды. Нейсмит “ойлап тапқан” ойынның ең алғаш рет өз сыныбында өткізілді. Орналаласқан болион ернеуіне яғни 3 метр биіктікке ол өзі шабдалы салынған карзиноларды бір-біріне қарама-қарсы орналастырды. Бұл корзиналарға доп лақтыру қажет. Сүйтіп баскетбол ағылшын тілінде “карзина доп” деген сөзден құралған. Ойын үшін футбол добы қолданылды және оған әр командаға 9-ойыншыдан бөлінген 18-адам қатысқан. Кейін бұл сан 7-ге 1897 жылдан 5-ке дейін қысқартылды. Себебі ойыншылардың көп болуы алаңда тек кедергі – кесір әкелетін еді. Ойыншылардың үнемі қақтығысып қалып отыруы ойын ережесін жасауды талап етті. Олардың ең алғашқысы 13 бөліктен құралды.

Ойын АҚШ- та тарала бастады, баскетбол спорттық ойындар қатарына ене бастады. 1894 жылы ең алғаш рет ойынның заңды ережесі басылып шығарылды және соның негізінде жарыстар өткізіле бастады. Біртіндеп ойын тактикасы мен тәсілі қалыптасты. Тәсілдік қолданыстар белгілене бастады, қағып алу, әрі жіберу және баскетболшылардың ойындағы қызметі анықталды – шабуылшылар мен қорғанушыларға бөлінді. 1936 жылы баскетбол ең алғаш рет XII олимпияда ойындары бағдарламасына енді. 1921 жылдары баскетбол Орта Азия елдеріне тарай бастады. Біздің Қазақстанда алғаш рет 1928 жылы Қызылорда, Ташкент қалаларында алғашқы жарыстар өткізілді. 1946 жылдан бастап жергілікті жарыстар өткізіле бастады. Ал оның жеңімпаздары республика чемпионы атағы үшін жарыста 1947 жылы алғаш рет КСРО біріншілігіне қатыса отырып қазақстандықтар 10 команда ішінен 6-шы орынды иеленді .

Баскетболшы тәсілі үлкен екі бөлімнен тұрады, шабуыл және қорғаныс тәсілі. Тәсілдің қолданыстар қорғаныс және шабуыл әрекеттерін міндетті түрдегі бірлігі негізінде ғана үйретілуі және жетілдіру керек. Ал бұл бірлікке қол жеткізу үшін қолданыстардың кең қорына ие болуы және оларды ойында қолдана білуі керек, ұтымды тәсілдің болуы баскетболшының дене қабілеттерін барынша толық және тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Баскетболшылардың тәсілдік дайындығын сатыға бөлуге болды және оған сәйкес міндеттер шешіледі.

Бірінші сатыда негізгі қолданыстармен оларды орындау, негізгі амалдары сонымен қатар бұл қозғалыстардың негізгі бірліктері қолданылады. Қолданыстардың қозғалыста жасалуына және оларды бағытты өзгерте отырып орындауға оң жаққа, сол жаққа, оң сол қолмен жасауға баса назар аударған жөн.

Екінші сатыда, бұрын үйретілген қолданыстардың басқаша жаңа амалдар мен біріктіре отырып қолдану тәсілдері жетілдіріледі.

Үшінші сатыда бұрын үйретілген қолданыстар кешені жетілдіріледі, кеңейтілдіреді және қайталанады сонымен бірге әр ойыншы мен жеке –жеке дайындық жүргізіледі. Тәсілдік қолданыстардың әртүрлі бірлігін үйретуде оларды орындаудағы реттіліктік болуын қадағалаған жөн , бұл үшін әдетте негізгі тәсілдің қолданыстары бірлігі жататын кешенді жатығулар қолданылады.

Баскетбол ойынында допты қағып алу – доппен ойнауда ең көп тараған қолданыс. Допты екі қолдап қағып алу үшін бір орында тұрып допқа қарап қолды түзу еркін созу керек. Мұнда бес бармақтар бірбіріне бағытталып үш бес сантиметрге дейін жақындатылады. Доп саусақтарға тиген кезде қолды сәл бүгіп допты кеудеге қарай жақындатады. Әперу және басқа қолданыстармен бірлікте ғана қағып алуды жетілдіруге болады. Жүгіру кезінде допты қағып алу үшін қолды допқа қарай алға созған сәтте, жүгіруде кезекті қадамды жасаушы

аяқпен барынша кең-кең қадам жасалады. Допты қағып алып денеге қарай тартады келесі қадамды жасап сүйеусіз жағдайда екінші қадамды жасап үшіншісін жасамас бұрын доп жіберіледі. Қозғалыста қағып алуда қате жібермес үшін аяқпен қол жұмысында дұрыс ырғақты бекітуге көмектесетін жаттығуларды қайталаған жөн. Түзу сызық бойымен жүгіргенде, сол аяқпен итерілгеннен кейін бір кең қадам жасалады да жүгіру жалғастырады. Мұндай қадамды алдын ала дайындаған жерде дұрыс болады. Допты саусақпен итерілгеннен кейін, екі кең қадамды қатарынан жасау. Жоғарыдан төменнен ұшып бара жатқан допты қағып алуда қол алға қарай жоғары төмен созылуы керек. Троектория бойынша доппен амартизация қимылдары жасалады.

Қарсыласкомандаларының негізгі мақсаты: орын алмастырулар, әперулер айла қимыл сериалары арқылы ойыншылардың бірін лақтыруға ыңғайлы жерге шығарыпқарсылас торына допты дәл түсіріп ойнау. Допты торға лақтырарда ойыншыдан бұлшық ет күшін дәл есептепқол, дене, аяқ қимылдарын сәйкес келуі талапетіледі. Екі қолдап жоғарыдан лақтыру, көп жағынан алғанда лақтырудың кеудеден екі қолмен жасалатын түріне ұқсас, бастапқы қалыпта доп маңдайдан жоғарыұсталады, ал бүгілген қол шынтақтары бет деңгейіне дейін көтеріліп алға қарай бағытталады. Лақтырудың бұл түрін секіріп жасағанда айрықша тиымды себебі, доптың жоғары болуы оның ұшып бара жатқанда ұстап алуды қиындатады. Иықтан бір қолмен лақтырғанда дайындық қимылдарымен аяқпен жұмыс істеу. Сипатына қарай кеудеден екі қолмен лақтыру түріне ұқсас. Бастан бір қолмен лақтырғанда орындауда доп қолдың бірінің саусақтарын ұстап тұрады. Бұл жағдайда допты екінші қолмен ұстауға болады. Басқа қимылдар бастан екі қолмен лақтырғанмен бірдей. Секіріп лақтыру – қазіргі заманда баскетболдыңмаңызды және тәсілдік жағынан ең ауыр түрі. Мұнда секіруді лақтырумен үйлестіру керек. Лақтыруда бастапқы қалыпты қабылдаудың екі амалы бар. Ойыншы допты жоғарыдан лақтыру үшін бірден оны бастапқы қалыпқа әкеледі, сосын итеріле секіріп ең жоғары нүктеге допты нысанаға қарай жібереді.

Баскетбол ережесі

Нейсмит «Үшбұрыш» газетінде жарияланған баскетболдың 13 негізгі ережесін анықтады. Сол кездегі ережелердің кодексі көптеген қазіргі ережелерден біршама ерекшеленді. Заманауи қағидалардан негізгі айырмашылықтардың бірі — допты ұстап тұру, яғни допты ұстап қалу (дриблинг) сияқты жоқ болатын. Ережелердің біреуі былай деп айтылады: «Ойыншы доптан өтуі керек немесе допты себетке түсірген нүктеден лақтыру керек, жоғары жылдамдықта ойнайтын ойыншы үшін ерекше жағдай жасалады».

Қазіргі заманғы ойында 200-ден астам ереже пайда болды. Олар ұзындығы 28 м және ені 15 м болатын алаңда ойнайды. Команда 5 ойыншыдан тұрады. Олардың мақсаты допты себетке лақтыру. Себеттің сызығының арғы жағынан допты салса, 3 ұпаймен есептеледі. Барлық басқа лақтырулар үшін 2 ұпай беріледі. Допты себетке әкелу үшін ойыншы оларды еденге ұруы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесінде “Салауатты, денсаулықты сақтау бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру” тұжырымдамасы. – Валеология, дене тәрбиесі, 2003. №1.
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика, ЖШС «Нұр-пресс»,2005
3. Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері". Алматы, "Кітап", 2001.
4. 4. Газимова Х. Шынықсаң шымыр боласың. – Бастауыш мектеп. 2005ж.
5. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. //Ізденіс-Поиск. 2009. № 2(2) -Б.262-264.
6. Денетәрбиежүйесініңмазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005. – Б. 28-31.
7. Денешынықтыружәне спорт психологиясыпәнібойыншатәсттіктапсырмаларжинағы. Оқу-әдістемелік құралы.-Кентау, 2007. «Еркін и К-XXI» ЖШС баспаханасы. -150б.
8. Жеке тұлғанынруханидамуындағыденемәдениетінірөлі //«Шоқантағлымы 14» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Т.6.- Көкшетау, 2009. – Б.222-224.
9. Қуаныш Т.Ш. Денетәрбиесініңілімі. Алматы, 2005.

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖЕКСЕНОВА Б.О., ТАСБУЛАТОВА М.А., БАХШИЕВА Ф.А.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Қоғамдық жаңару кезеңінде, еліміздегі әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Себебі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына тұлғалық құндылықтарды дарыта отырып, қалыптасыру қашанда қоғамымызды алаңдататын өзекті мәселе. Осы орайда жасөспірімдерді қоғамдық қайнаған өмірге даярлау жалпы мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік- психологиялық мәселе. Өскелең буынның келешегінің жарқын болуы бүгінгі таңдағы отбасы ошақ қасы және әлеуметтену институттарына ерекше жауапкершілік жүктейді.

Жасөспірімдердің арасындағы әр түрлі қоғамға жат жағдайлардың орын алуы: нашақорлық, алкогольді пайдалану, адам өлтіру, ұрлық сияқты жағымсыз іс-әрекеттер т.б. өте жиі кездеседі. Статистика бойынша жасөспірімдердің мұндай жағымсыз әрекеттері жылдан-жылға күрт өсуде. Осыған байланысты «девиантты мінез құлықты» мәселесі ең өзекті мәселе болып қалуда. Осындай категориядағы жасөспірімдердің қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді деген сұрақ баршамызды мазалайды.

Мінез –құлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Ұғым бастапқы да ғылымда емес, күнделікті өмірде қолданып жүрді. Біраз уақытқа ұмытылып, XX ғасырдың 50-60 жылдарында қайтадан қолданысқа енді. Алғашқылардың бірі болып бұл салада зерттеу жүргізгендердің бірі - П.П. Бельский. Проблеманы алғаш болып көтерген Ресей педагогы П.П. Блонский. Ғалым қиын балалардың жеке бастылық ерекшеліктерінің өмір жағдайларымен, тәрбиемен өзара әрекеттестігін есепке алып, кешенді түрде зерттеулер жүргізіп, оны тәжірибеде қолдану жолдарын анықтады.

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикалық әсерін Т.В. Лодкина, А.В. Захаров, В.С. Мухина, З. Матвейчик, Е.О. Смирнов атап көрсеткен. Біз негізге алып отырған тақырыбымыздың мақсаты девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің ата-аналарымен қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін қарастыруға бағытталады. Осыған орай жасөспірімдердің мінез-құлықтың ауытқушылығы оның пайда болуына отбасындағы психологиялық ахуалдың әсері қаншалықты деген сұрақ туындайды. Әрбір бала жасөспірімдік шаққа дейін алдымен отбасында әлеуметтенетіні анық.

Өйткені, балалардың алғашқы өсіп-өнуі, қалыптасуы, әлеуметтік қарым-қатынасы, байланыстары, іс-қимылдар мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі отбасынан басталады. Отбасы баланың адамгершілік, тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытып, белсенділікке, шығармашылыққа жігерлі, қайратты, адал болуға тәрбиелейді.

Біздің тақырыбымызға арқау болып отырған девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің ата-аналарымен қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу үшін біз Марковская И.М. «Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас» сұрақнамасын жүргіздік. Бұл сұрақнама жасөспірімдердің ата-анамен қарым-қатынас ерекшеліктерін зерреуге бағытталған.

Қорыта келе бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылып отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Жыл сайын жаз маусымы басталып, оқушылар демалысқа шыққанда жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы екі есе көбейеді.

Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар каникулға шығып, мектеп сабағы мен үй

тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқықбұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі. Тәртіп сақшылары қанша жерден жұмыс істеп жатырмыз десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту күнтәртiбiнде тұр. Девианттылық жасөспірімдердің гиперопекасынан басталады.

Тұлғаның деформациялануы отбасының әсерінен, оның психологиялық тұрақсыздылығы кішкентай жасынан басталады. Девианттылық пен девианттық мінез-құлық бойынша. Психологтардың зерттеуінде: көптеген отбасылар психологтардың, ұстаздардың, дәрігерлердің, наркологтардың, заңгерлердің көмегіне зәру. Көптеген девианттылық көрінетін жастарда анасымен қарым-қатынасы қанағаттанарлықтай емес және түзетулерді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Воспитание трудного ребенка: Дети с девиантным поведением: Учеб.-метод. пособие / Под ред. М.И. Рожкова. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. – 240 с.
2. Гишинский, Я. Социология девиантного поведения / Я. Гишинский. – СПб.: СПбФ РАН, 1999. – С. 12–27.
3. Девиантное поведение подростков: причины, тенденции и формы социальной защиты / Под ред. В.А. Никитина. – М., 1996. – 147 с.
4. Дети с отклонениями в поведении / Под ред. И.А. Невского. – М.: Наука, 1987. – 182 с.
- 5.
6. Курбатов.В.И. Конфликтология / Феникс, 2007.-445 с.

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЖЕКСЕНОВА Б.О., ТАСБУЛАТОВА М.А., БАХШИЕВА Ф.А.

Қарағанды «Volashaq» жоғарғы колледжі

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бұйда ұстар тұсында тұрады десек, қазіргі кезеңде еліміздегі білім саласында жүріп жатқан реформаларға байланысты білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістермен сипатталады. Қазіргі ғылыми-техникалық өрлеу ғасырында жоғарғы деңгейде сапалы білім беру мәселесі-ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын- мектеп. Бүгінгі өркениетті қоғамда білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің тиімді жолы - білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы жолдаулары жақсы дәстүрге айналды. 2008 жылғы Жолдауында «... Білім беру саласының басты міндеті – 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту» керек екеніне назар аударды. Инвестиция жұмсаудың ең тиімді, ең ұтымдысы – білім беру саласын инвестицияландыру», - дейді.

Елбасы Н.Назарбаев ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Өйткені, оқушы мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар іс жүзіндегі білімінің алғы шарттарын меңеруі тиіс. Ал теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз.

Мектептегі білім беруді ақпараттандыру – бұл заман талабы, ғасыр ағымы. Ұрпағымыздың кемеңгерлікке ұласқан ақыл-ойының, парасат – пайымының және жаңа арнада өріс алған мәдениетінің асқар шыңы болып табылады.

Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану қызметі дайындығынан келесіні байқауға болады:

– педагогтардың компьютерлік техниканы пайдалануға қызығушылықтарының артқандығы;

– оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау.

Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады:

а) осы оқыту құралын пайдаланудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігі;

б) үйренушілердің оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (компьютерлік техниканың жеке-маңызды қызмет құрылымына кіруі, үйренуші мен компьютерлік техниканың ұтымды диалогын орнату, өзіндік қызметті дамыту арқылы оқу-танымдық қызметті жандандыру, оқу үдерісін өз бетімен бақылауды ұйымдастыру, компьютерлік техникамен өзара іс-қимыл барысында үйренушілердің шығармашылық дағдыларын қалыптастыру);

в) педагогтарды жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби-педагогикалық даярлау үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (АКТ) кешенді пайдалану.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің пайда болуы ақпараттардың мазмұнын адамның түрлі сезім мүшелері арқылы және аудиториямен интерактивті өзара әрекетке түсуі арқылы қабылдауды, түрлі техникалық құралдардың көмегімен іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Міне, осыған байланысты оқулық, дәптермен салыстырғанда электрондық құралмен оқыту дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатады.

Жаңа технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

– оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;

– танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;

– әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;

– оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;

– оқытушының уақытын үнемдейді

– қосымша мәліметтер береді.

– жаңа технологияны пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

– барлық баланы оқыту;

– оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;

– білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;

– оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену;

Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділіктің технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне: оның іргерлілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады. Бұл өскелең ұрпақты ақпараттық қоғаммен зиялы қарым – қатынасқа оқытып тәрбиелеуге және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Ақпараттық технология (Информационная технология; information technology) –

1. объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс;

2. ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Ақпараттық технология (немесе көпшілікке IT атымен танымал ұғым) – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Қазіргі таңда оқушы- ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек.

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек»-деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек.

Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді.

Мұғалім жұмысын жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру әлеуметті-белсенді, бәсекелесуге барынша қабілетті, құзыретті түрде жетілген, дербес тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

“Кез- келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да, оқу жоспарын да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал мұғалімнің кәсіби дәрменсіздігі істі құлдыратады”. Осы орайда педагогикалық ұжымға білім бағдарламасының табысты орындалуына, оқу жоспарын биік деңгейде жүзеге асыруға, нәтижеге бағытталған білім беруге –тек кәсіби шеберлік пен шығармашылық ізденіс қажет екендігін айтқым келеді. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу — оқыту мақсатына жетудің бірден — бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологиясынан ерекшелігі мынада:

— білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

— білім алушы мен мұғалімнің белсенділігінің сәйкес болуы;

— мұғалім мен білім алушының өзара қарым — қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқытудың дамыту функциясы білім алушы тұлғасын жетілдіруге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар: «Дамыта оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы» т.б. жатады.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты- оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай-ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр:

компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Ақпараттық –коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле-конференция телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

1. үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту;

2. оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындыландыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;

3. қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет.

Ақпараттық технологиямен оқыту барысында оқушылардың дайындық деңгейін анықтау, келесі деңгейге өткізу сияқты жұмыстарды мұғалім орнына компьютердің басқару мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, оқушылардың дайындық деңгейлерін компьютер анықтап, егер оқушы білімі қанағаттандырса келесі тапсырмаға өтуге рұқсат береді, яғни мұнда оқытуды тікелей компьютер басқарады.

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

1. Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;

2. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;

3. Оқушының компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;

4. Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютерді жұмыс істеуге үйренеді;

5. Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;

6. Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді;

Ақпараттық технология негізінде оқушы ақпараттық кеңістіктен өз бетімен білім алып, өзін-өзі дамыта алады. Компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын бір бөлік ол – Ғаламтор желісінің қызметін пайдалану. Ғаламтор желісінде көп мұғалімге де, оқушыға да қажет көптеген сайттар бар. Қашықтықтан ұйымдастырылған әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысу балалардың дүниетанымын кеңейтіп, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Біріншіден, Ғаламторда қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай-ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері; екіншіден – компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға да болады. Оқу-тәрбиелеу үрдісіне ғылым негіздерін тереңірек оқытуға, оқушылардың танымдарын кеңейтуге, түрлі бағдарламаларды меңгеруге бағытталған үйірмелер, факультатив пен курстар енгізу компьютерлік техниканы тиімді қолдану жағдайының бірі болып табылады.

АКТ - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Оқыту бағдарламасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген жөн. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдығы дәрістік сабақтарды бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);

- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Қорыта келгенде ХХІ ғасыр компьютерлік ақпараттар заманы. Жер бетінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер туралы спутник арқылы, интернет арқылы күн сайын, сағат сайын мағлұмат алып отырған жас жеткіншектерді басқа нәрсемен таңдандыру жаңа сабақты айтып, тыңдата білу мұғалімге оңай емес.

Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазіргі таңда жаңа әлеуметтік жағынан қорғанған адам-ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты - оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Ұлт болашағы, өркениетті елдер қатарына жету үшін білім алу, жас тұлғаның ғылымды игеруге, имандылыққа, адамгершілікке, өнерлі болуға тәрбиелейді. Болашақта ақпараттық технологияны жекелеген пәндерді оқытуға білім технологияларын интеграциялау мұғалімнің қарқынды дамуына, өзара байланыста белсенді қолдануына өте қажет деп түсінемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000.
2. Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы. – М., 1970 (11).
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. - Алматы, 2004. – 21
4. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. - Алматы, 2006.
5. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. - Алматы, 2001.
7. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. - М., 2002. - С. 12.

КӨПТІЛДІЛІК - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

ЖАНАХМЕТОВА А

ғылыми жетекші: **АБЕЛЬДИНОВА А.А.**

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ... көптілділік, белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік.

Көптілділіктің үштілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар жетілдіруде.

Сол себептен ақпараттық- коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды[1].

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра. Егемендігіміздің арқасында еңсесі тіктеп, күретамырын тереңнен бойлаған төл тіл. Мемлекеттік тілді білу - парыз, өзге тілдерді үйрену - құқық. Тіл – кез-келген қоғамды біріктіретін негізгі күш. Мемлекеттің саясаты, идеологиясы, болашағы тілге немесе тілдерге құқықтық мәнімен де өлшенеді. Сондықтан да қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл толеранттық ортаны қалыптастыратын тіл ретінде қолданыста болуы заң жүзінде айқындалған.

Бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік. Көптілділік - кез келген қоғам үшін, кез келген формация үшін тұйықтықтан шығудың, интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған өткен жылғы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деді. Бұл, шынында да, қарқынды дамып келе жатқан ел үшін өзекті мәселе. Жолдауда әр тілдің ел өміріндегі орны мен мәртебесі айқын көрсетіліп тұр: олар тең емес[2].

Конституцияда жазылғандай, маңыздылығы жағынан бірінші тұрған - қазақ тілі. Орыс тілінің мәртебесі дәл конституцияда жазылғандай көрсетілмесе де, оның мемлекет өміріндегі орны, ТМД-да, халықаралық қатынаста, БҰҰ-да қолданылатын қарым-қатынас тілі екендігі айтылады. Ағылшын тілі - әлемдік экономика тілі ретінде көрсетіледі, яғни мәртебесі жағынан қазақ тілінен де мүлде бөлек, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан анықтағанда «білім беру» деген ұғым береді. Тереңдетіліп оқытылса экономикамен, ғылыми технологиямен шектес салаларда мамандарға қажеттілігіне қарай оқытылады.

Қазіргі әлем - жаңалықтар мен өзгеше технологиялар, өзгерістер заманы. Заманның ендігі тетігі бүгінгі күнмен тірлік ететін адамды емес, болашақты кеңінен ой елегінен өткізетін тұлғаны, келешекті кемел ойлай білетін, дүние өзгерістерінің себеп-салдарын жекелік талғаммен емес, жалпы адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды қажет етеді.

Қоғамның көптілді мұғалім-маманды қажет етуінің себептерін бірнеше аспектіде белгілеген жөн. Оның бірі - бүгінгі жаһандық өзгерістерге бейім, сол өзгерістер мен жаңалықтарды ел мүддесіне ыңғайлай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеу міндетінен туындаса, екіншісі әлемдік ғылымның мүмкіндіктері ғаламдық мәнімен өлшенетін кезең екенін ескеруден келіп шығуы шарт. Қазақстан кейінгі 20 жылда оқу-білім саласында көптеген реформаларды таразылап, оларды ел болашағына қатысты маңызына қарай салмақтап, саралай түскені мәлім.

Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Бұған дейін тілдерді қатар дамытуда Қазақстан тәжірибиесінің аз екендігі де ескерілген болуы керек, аталған бағытта нақты іс-шаралар қоғамда өз нәтижесін берерліктей жүзеге асырыла қоймады. Кеңестік кезеңге дейінгі бай дәстүрі, мол лексикалық қоры бар қазақ тілінің кейінгі кезеңдерде әдебиет тілі ғана болып, ғылым мен экономика тіліне айнала алмауы да, қостілділікте (билингвизмде) орыс тілінің басымдылығы ғана емес, үстемдігіне әкелді.

Қоғамдық саяси жағдай, ішкі, сыртқы экономикалық қалып пен қатар тілдердің теңдік дәрежесінің басты шарты - сол тілде сөйлеушілердің әлеуметтік белсенділігін көтеру мәселесі. Қазақ тілінің ғылым мен экономика тіліне айнала алмауының ең негізгі себебі - қазақ тілді ортаның белсенді әрекетінің төмендігінен де болғаны сөзсіз. Ендігі міндет көптілділік мәселесінде өткенді екшеп, тілдердің теңдік мәселесін анықтаудың маңызы зор. Бұған дейінгілерден төмендегідей ескерер тұстарды бөлектеп алу қажет.

Тілдерді дамытудың 2011 – 2020 ж.ж. арналған бағдарламасы аудармаға көп мән берді. Аталған іс-шаралар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін жасалғанымен, беделін де түсіргенін атап өткен жөн. Аударманың жүйесіздігі, терминдердің мағына берудегі мәнінің солғындығы - қазақ тілінің негізгі қалпын, көркем әдеби қалпын бұзды. Тілдің қоғамның өзгерістеріне қарай өзгеріп, жанарып отыратыны да белгілі. Бірақ тілдің ата-тектік қалпынан ажырауы тілдік қатынас ортасының шегін де азайтатынын көрсетті. Бұл тұрғыда аударма көптілділікте басымдықты сөйлеушісі көп ортаға бейімдейтінін де ескеру қажет. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алған жылдардан бергі қоғамда өз ұстанымын төмендетуі де аудармамен тығыз байланысты. Жолма-жол аударма, мағыналық аударма, түпнұсқалық аударма, т.б. аударманың кез келген түрі бірінші тілді көтеріп, екінші аударылып отырған тілдің беделін ғана түсіріп қоймайды, лексика-грамматикалық сипатын, стилистикалық қалпын, танымдық жүйесін бұзады, бұзды да.

Көп тілді меңгеру - бұл өте күрделі психологиялық үрдіс. Бүгінгі таңда бізге ана тілінің уызына қаныққан, ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да шабытты тұлғаның қажет екені белгілі. Әл-Фараби бабамыздың 76 тіл білгені біз үшін мақтаныш. Елбасы Н.Назарбаевтың төрағалық етуімен Қазақстан халқы Ассамблеясының ХҮІІ сессиясында: «Елдің түрлі өңірлерінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыта отырып, үш тұғырлы тіл қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс» - делінген болатын. Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген[3].

Қазіргі инновациялық процес ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана емес, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Когнитивтік лингвистика - тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен рөлінің күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, сана мен ойлау, таным мен тілдік қарым-қатынас процестерінің бірлескен әрекеті нәтижесінде тілші-ғалымдар алдында жаңа идея, тың ізденісті қажет ететін

сала. Бұл - жалпы тіл білімі мәселерімен де, сондай-ақ жеке тіл білімі мәселелерімен де тығыз байланысты сала. Когнитивтік лингвистика - көптілділікті қарастыратын тіл ғылымының бір саласы.

Көптілділік - ұзақ жылдардың жемісі, қазіргі заманға сай адамдар бір тілмен ғана шектелмей, бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі - бірнеше тілді ұғып, үйренуде. Біреуге бөтен тіл үйреткіміз келсе, алдымен оған тілдік үлгілер мен тілдік орамдардың көмегімен әлгі тілді сөйлеуді үйретіп алуымыз керек. Қиындықтан қорықпаған қамалды алады демекші, жаңа ұрпақты жасампаз жылдармен келген жаңа заман талабына сай оқу құралдарымен қамтамасыз ету - қашан да ұстаздар қауымының басты міндеті болып қала бермек.

Көптілділік адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік туады. Алайда, көптілділік адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуде ерекше қызмет атқарады. Көптілділік қоғамда да, өмірде де өзіндік орын алады. Көптілділік - тек адамзатқа ғана тән әрекет; тек адамдар ғана тіл арқылы сөйлей алады, ұғыныса алады.

Көптілділік адамзаттың ойлау, пайымдау процесімен бірге жүзеге аса отырып, тілдік қатынастың негізі, басты құралы болып табылады. Осы қарым-қатынас құралы болып табылатын көптілділікті ғалымдар әрқилы ерекшеліктеріне қарай жан-жақты зерттеп келеді. Көптілділік әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететін, адам мен адамның қай тілде болса да түсінісуіне мүмкіндік беретін сала ретінде оқу жүйесіне енгізілді. Бұл сала қоғамдық әлеуметтік өмірді және ғылым мен білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой пікір түйіндеуге үйретеді.

Көптілді білім- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Қолданылғын әдебиеттер тізімі:

1. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
2. Полиязычное образование в Республике Казахстан: стратегия и развитие.
3. ҚР-нің президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы, 2019 ж.

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

АБЕЛЬДИНОВА А.А.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Білім беру ісіндегі басты тұлға – педагог екені ақиқат. Сол педагогтың мәртебесін арттыру, абыройын көтеру – көп қырлы үдеріс. Бұл білім беруді дамытудың жаңа бағдарламасынан орын алған [1].

Педагог – деп жалпы білім беретін мектептегі бір немесе бірнеше пәнді беретін маманды айтады.

Өртүрлі білім беру қызметпен айналысатын адамдарға қолданылатын жалпы термин [2].

Бүгінгі заман талабына сай педагог – ол рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр-сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы тиіс.

"Педагогтың кәсіби құзыреттілігіне не жатады?" деген сұраққа жауап бермес бұрын, кәсіби құзыреттілік терминінің мәнін ашып алайық.

Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы адамның қайсыбір қызметті атқаруға дайындығының құймасын сипаттайды. Қазіргі кезде жалпы және кәсіби білім берудің теориясы мен практикасында жиі қолданылуда.

А.К.Макрова кәсіби құзыреттіліктің бірнеше түрін бөліп көрсетеді де, олардың болуы адамның кәсіби жетілгендігінің көрсеткіші деп санайды:

Арнайы құзыреттілік;

Әлеуметтік құзыреттілік;

Тұлғалық құзыреттілік;

Даралық құзыреттілік;

Педагогикалық қызметтің ерекшелігі тек бір тар мамандық бойынша құзыретті болуына жол бермейді, оқытушының кәсібилігі кәсіби құзыреттіліктің барлық түрінің бір тұтастығымен анықталады. Кәсіби құзыреттіліктің құрылымын анықтаудың бірнеше жолы бар. Олардың біреуі оқытушының кәсіби құзыреттілігінің құрылымын педагогикалық ептілік жүйесі арқылы ашумен байланысты болса, басқасы педагогтың түрлі кәсіби саладағы құзыреттілігіне бөліну құрылымы арқылы анықталады, олар: өзіндік білім беру және оқытушылық; тәрбие беру қызметі; ғылыми-әдістемелік және мәдени-ағартушылық; коррекциялық-дамытушы қызмет; басқарушылық қызмет.

Педагог қызметінің түріне қарамастан олардың әрқайсысында құзыреттілік екі негізгі компоненттен тұрады:

1. Оқытушының теориялық дайындығын анықтаушы білімдер жүйесі.

2. Оның кәсіби қызметін іс жүзінде атқаруға дайындығының негізгі құраушысы болатын ептілік пен дағдылар жүйесі.

Педагогтың мәртебесін көтеретін басты күш - оның кәсіби құзырлылығы. Кәсіби құзырлылық маманның әлеуметтегі қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби-педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер мен дағдылар жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама.

Кәсіби құзырлылық - мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етуі. Білімнің сапасын қамтамасыз ететін педагогтар болғандықтан, ең алдымен олар сапалы қызмет көрсетуі тиіс.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал педагог маманның кәсіби құзыреттілігіне мұғалімнің оқу-тәрбие үдірісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыруда, яғни оқушыларымен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі. Осыдан кәсіби құзыреттілік ұғымына педагогқа тән болуы тиіс барлық қасиеттер мен қабілеттер кіретіндігін аңғару қиын емес. Яғни, мұғалімнің білім-білік, дағдылары, өз мамандығына қатысты білімдер жүйесі, жұмыс істеу шеберлігі, мәдениеті, психологиялық қасиеттері, қарым-қатынас стилі, педагогикалық такт, әдеп т.б жатқызамыз.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне байланысты зерттеушілер О.А. Абдулина, Ю.К. Бабанский, В.В. Краевский, И.Я. Венер, Р.В. Овчарова, И.Ф. Харламовтар болса, мұғалімнің мәдениетіне байланысты зерттеу Б.С. Гершукский, Ш.Таубаева сияқты ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты.

Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі маманның кәсіби құзыреттілігіне берілген анықтамаларды саралай келе, педагогтың кәсіби құзыреттілігін төмендегідей деп танып отырмыз. Олар: педагогтың бойынан табылатын субъектілік, нысандық, пәндік компоненттер.

Егер аталған компоненттердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ, онда:

- субъектілік компонентке: мұғалімнің мақсат қоя білушілік, шығармашылық және өзін дамыту барысында өзіндік диагностиканы, өз ісіне талдау жасай отырып, өзіне сыни тұрғыдан қарай ашу шеберлігі жатады;

- нысандық компонентке: кәсіби іс-әрекет жүйесін және мұғалімнің әрекетіндегі қойылған міндеттерді шешудегі стратегиялық іскерлік.

- пәндік компонент: өз білімін жетілдіру мақсатында қажеттіліктерін қанағаттандыру[3].

Егер біз педагогтың кәсіби құзыреттілігін тек жоғарыда аталған компоненттер құрайды дейтін болсақ, онда маманның кәсіби құзыреттілігі ұғымының мағынасын тарылтқан болар едік.

Біздің пайымдауымызша, мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрамына келесі педагогке тән кәсіби, даралық, қасиеттер болуы керек деп есептейміз:

- ірелі және кіріктірілген білімдердің жоғары деңгейінің болуы;

- түйінделген іскерлікті, дағдыны, қабілетті меңгеруі;

- кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы;

- инновациялық технологияларды меңгеруі;

- педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашылық іскерлігі;

- шығармашылық шеберлігі.

Мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін төмендегідей ашып айтар едік:

- ірелі және кіріктірілген білімдердің жоғары деңгейінің болуы яғни педагогика, тәрбие теориясы мен әдістемесі, дидактика, барлық пәндерді жүргізу әдістемесі, сол пәндер арқылы оқушыларға берілетін білімдерді терең игеру;

- түйінделген іскерлікті, дағдыны, қабілетті меңгеруі – дидактикалық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік, шығармашылық, өз білімін дамытуға деген қабілет, теория мен практиканы байланыстыра алу қабілеті, диагностикалық іс-әрекет. Ғылыми – зерттеу іс-әрекетімен айналысу;

- кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы – бұрыннан қалыптасқан "мұғалімнің айтқаны әрқашан дұрыс" деген қағидадан аулақ болып, мұғалім тек ақпарат таратушы ғана болмай, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуының басты көмекшісі болуы керек, оқушының, даму деңгейіне қарамастан, оның тұлғасын құрметтеу, авторитарлық биліктің орнын өзара бірлескен қызмет, көмек, оқушының аз да болса да жетістігіне қуана білушілік басым болуы керек.

- инновациялық технологияларды меңгеруі – мұғалім өзінің шығармашылық іс-әрекетінің арқасында тұтас педагогикалық процесі тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі бар инновациялық технологияларды меңгеруі тиіс. Жаңа инновациялық технологияларды ғылыми ізденіспен тәжірибеге енгізуде өз үлесін қосуы қажет;

- педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашылық іскерлігі;

- педагогикалық міндеттерді шешу барысында шеберлік танытып, өзінің білім, білік дағдыларын пайдалана отырып, оқушыларға тиісті білімдер жүйесін меңгерту. Оқушылардың білімдерін тексеруде мұғалімнің жүргізетін диагностикалық іс-әрекеті;

- шығармашылық шеберлігі – мұғалім оқушыларды оқытып қана қоймай, оларды тәрбиелеумен айналысатыны белгілі, мектеп өмірінде небір қиын жағдаяттар кездесіп жатады, сондай жағдаяттарда өзінің шығармашылықпен ойлай білетіндігін, шеберлігін танытуы тиіс. Сонымен қатар оқушылармен, сыныппен жүргізілетін түрлі мәдени шараларды ұйымдастыруда дайын жоспарларды пайдаланбай, сол сыныпқа, сынып ішінің құрамына, сипатына тән жоспарлар жасап, оқушылар үшін, ата-аналар үшін, мұғалімнің өзінің өз ісіне қанағаттануы үшін қызықты іс-шара өткізе білуі шарт.

Жоғарыда аталған құзыреттілік құрамынан әр мұғалім өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін мойындай алады.

Өзіне-өзі сын көзбен қарай отырып, кемшілік болса, түзеп, артықшылықтарымен өз әріптестерімен бөлісе алады, олай ету әр маман үшін өте тиімді .

Мұғалімнің құзыреттілігі оның сабақты нәтижелі жүргізуіне де тікелей байланысты. Сабақ нәтижелі болуы үшін мұғалімдер төменгі ережелерді ескергендері дұрыс:

- өте жинақы болу, оқушылардың алдына қоятын мақсат нақты, айқын болуы және мақсатқа жетудің жолдарын ретімен, бірізділікпен жүргізе білу;

- оқушыларды төмендетіп, жөнді-жөнсіз ұрыспау, олардың білмегеніне ренжімеу, мейірімді болу.

- оқушылардың сөзін бөлмеу, соңына дейін сөйлеуге мүмкіндік беру, оқушының жауабы дұрыс болмаса, ол қойылған сұрақтың нақты болмауынан;

- тапсырма мен нұсқау анық, оқушы мұғалімнің талабын анық түсінетін болуы шарт;

- сабақ барысында оқушылардың зейінін тұрақтандыру, егер ауытқулар болса, тақырыпты өзгерту немесе қосымша материалдарды пайдалану, оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылықтарын қадағалап отыру;

- сабақты дәл уақытында бастау, уақытты үнемдей білу, тәрбиелік ақыл-кеңесті ұзақ уақыт айтып тұрудың қажеттілігі аз;

- оқушыларға қойылған талап міндетті түрде жүзеге асуы керек;

- сабақтың өткізілу темпі интенсивті, бірақ оқу материалдарын оқушылар толық меңгеруіне жағдай жасалуы шарт;

- оқушылардың жауабын мақұлдап, ынталандырып, қоштап отыру қажет[4].

Мұғалім қызметінде өз кәсіби құзыреттілігін жетілдіре отырып жетістікке жетудің алғы шарттары: сырт кескін-келбеті; пәндерді сабақтан тыс ақпараттармен қамтамасыз ету; мінез-құлқы, пайымдау мүмкіндіктері, оқу процесінде қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі; әзіл-қалжыңға мән бере білуі; оқушылардың жеткен жетістіктерін мақұлдай, қолдай білуі; шыдамдылық және төзімділік; басқалардың пікірін сыйлай білу; еркіндік, икемділік; кез - келген жағдаятты оңтайлы бағытта шешуге арналған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алу; балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы .

Егер мұғалім жоғарыда аталған шарттар мен өзін-өзі жетілдіруге арналған мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, онда мұғалім өз жұмысының нағыз шебері болатыны даусыз. Қазіргі қоғамға сәйкес жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі де сай болар еді.

Қолданылған әдбиеттер

1. Педагог журналы, 2013ж. №5 .

2. Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2010 ж.

3. Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011 ж.

4. Таубаева Ш. Педагогикалық кәсіптік қызығушылықтың қызметі., 2001ж.

ВОСПИТАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА МЕТОДОМ НАБЛЮДЕНИЙ В ПРИРОДЕ

БАДЮКОВА И. М., ДМИТРИЕВА С. В.

КГКП «Я/с «Мөлдір»

Берегите эти воды, эти земли.

Даже малую былинку любя,

Берегите всех зверей внутри природы.

Убивайте лишь зверей внутри себя

Экологическое воспитание – это воспитание нравственности, духовности, интеллекта. Человек и природа: философы, поэты, художники всех времен и народов отдали дань этой вечной и всегда актуальной теме

«Наглядности при обучении никак не отделить от обучения родному языку, что главную цель наглядного обучения составляет упражнение наблюдательности, логического мышления и развитие умения выражать свои выводы и наблюдения в словах».

Уроки наблюдения, понимаемые в смысле систематически проводимых приемов, клонящихся к развитию наблюдательности и речи детей, должны иметь место уже в первые

годы их жизни, когда их речь начинает формироваться. Внешний мир вторгается во внутренний мир ребенка главным образом посредством зрения и слуха»

Виды наблюдений

По характеру мыслительных операций:

- **констатирующие** (позволяющие увидеть какое-то одно состояние объекта или одно явление вне связи с другими объектами и явлениями).
- **сравнительные** (позволяющие увидеть динамику процесса или отметить изменения в состоянии объекта);
- **обобщающие** (эксперименты, в которых прослеживаются общие закономерности процесса, изучаемого ранее по отдельным этапам).

Формы наблюдений:

1. Индивидуальные
2. Групповые (4-6 человек)
3. Фронтальные (вся группа)

- **Кратковременные** наблюдения организуются для формирования о свойствах и качествах предмета или явления (дети учатся различать форму, цвет, величину, пространственное расположение частей и характер поверхности, а при ознакомлении с животными – характерные движения, издаваемые звуки и т.д.
- **Длительные** наблюдения организуются для накопления знаний о росте и развитии растений и животных, о сезонных изменениях в природе. Дети при этом сравнивают наблюдаемое состояние объекта с тем, что было раньше.
- I этап: Подготовительный.
- II этап: Начало наблюдения.
- III этап: Основной.
- IV этап: Заключительный
- **Объекты неживой природы:** ветер, иней, дождь, гроза, снег, облака, сосульки, ручьи, солнышко, снежинки.
- **Растения:** деревья, кустарники, травы, цветы, листопад, овощи, цветущие комнатные растения, цветущие растения на клумбе, цветущие фруктовые деревья.
- **Объекты живой природы:** сорока, синичка, птицы на кормушке, галка, собака, грачи, божья коровка, муравьи, пчелы.
- **Люди:** одежда в разные сезоны, труд людей,

Требования к наблюдению

- Цель и задачи - поставлены четко и конкретно.
- Для каждого наблюдения воспитателю необходимо отбирать небольшой круг знаний.
- Системность наблюдений.
- Для активизации умственной деятельности использовать разнообразные приемы: постановка конкретной и доступной задачи наблюдения, привлечение детского опыта, проговаривание результатов наблюдения, сравнение одного объекта с другим.
- Использование специальных приемов: задать вопрос, предложить обследовать, сравнить объекты между собой, устанавливать связи между отдельными объектами и явлениями природы.
- Регулировать наблюдение по времени, объему и содержанию.
- Определение места наблюдения, выбор объекта и подготовка его к наблюдению, размещение детей, чтобы они чувствовали себя свободно.
- Подготовка всего необходимого для наблюдения: если наблюдают растения, то понадобится лупа, если птицы – корм.
- Использование художественного слова: стихи, загадки, песни, потешки, пословицы, поговорки, народные приметы, дидактические упражнения, подвижные игры
- «Наблюдения на прогулке. Творческие задания»

В настоящее время мы являемся свидетелями того, как в системе дошкольного образования сформировался ещё один метод познания закономерностей и явлений окружающего мира – метод экспериментирования. Главное достоинство метода экспериментирования заключается в том, что он даёт детям реальные представления о

различных сторонах изучаемого объекта, о его взаимоотношениях с другими объектами и со средой обитания. Детское экспериментирование свободно от обязательности. Во время любого эксперимента у ребёнка должно сохраниться ощущение внутренней свободы. Как и при игре, не следует жёстко регламентировать продолжительность опыта. Во время проведения опыта, дети не могут работать не разговаривая, они **проговаривают свои действия вслух**. Потребность поделиться своими открытиями, выяснить, нет ли у других чего-либо нового и интересного, является потребностью любого **творчески** работающего человека независимо от возраста. В процессе детского экспериментирования дети **учатся**: видеть и выделять проблему, принимать и ставить цель, решать проблему, анализировать объект или явление, выделять существенные признаки и связи, сопоставлять различные факты, выдвигать гипотезы, предположения, делать выводы и т. д. Большую радость, удивление, восторг дети испытывают от своих маленьких и больших «открытий», которые вызывают у них чувство **удовлетворения** от проделанной работы. В ходе такой работы дети лучше и быстрее умеют находить выход из создавшихся ситуаций, легче справляются с возникающими проблемами.

НАБЛЮДЕНИЯ НА ПРОГУЛКЕ.

- На **прогулке** обратить внимание на песочницу во время дождя и в сухую погоду. Чем отличается песок? Попробуйте слепить замок из сухого и мокрого песка. Что означает «Строить замки из песка?»

- Пройти сначала по влажному песку, а затем по сырой глине. Где остаются более чёткие следы? Что произойдёт, когда песок и глина высохнут?

- После дождя на обувь прилипает грязь. Откуда она берётся? Пройти в резиновой обуви по песчаной дорожке и по глинистой. Какую грязь легче отмыть? Почему? После проведения опыта помыть руки. Что быстрее отмылось – песок или глина?

- Внимательно исследовать участок, где после дождя скапливается вода и подолгу стоят лужи. Где чаще появляются лужи – на песчаной или глинистой почве?

- В ветреную погоду **понаблюдать** за песком – уносит ли его ветер?

- Во время игр в песочнице аккуратно ссыпать с совочка сначала мокрый, а затем сухой песок. Какой песок более сыпучий?

ТВОРЧЕСКИЕ ЗАДАНИЯ

1 – Древние люди лепили тарелки, кувшины, чашки из глины. А если посуда была из песка?

2 – Рассмотреть песочные часы. Можно ли сделать такие же из глины? Объясните свой ответ?

3 – В пустынях и полупустынях, где часто бывают пыльные и песчаные бури, обитают звери с необычайно большими носами – верблюды и сайгаки. Как вы думаете, для чего им нужны такие носы – противогазы?

4 – Почему растениям трудно расти на сыпучих песках (песчаных холмах) – барханах? (Он может совсем засыпать растение или, наоборот, открыть его корни палящему солнцу).

5 – Представьте, что нам нужно быстро выкопать нору, чтобы спрятаться от жары или врагов. В каком месте это лучше сделать? В песчаной или глинистой почве? А если нужно, чтобы нора была прочной и не осыпалась, тогда где?

Қазақстан Республикасының білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген. Сонымен қатар, 14 желтоқсан 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: ««Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.Біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілдік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек.» деп айтылғандай, қазіргі қоғам мәселелерінің бірі тек қана экономикалық жағдайға бейімделген тұлғаны тәрбиелеу емес, сонымен бірге нақты заманға лайық белсенді жеке тұлғаны қалыптастыру.Қазақстан әлемдік қауымдастыққа екпіндеп басып келеді және өзінің алдына жоғары даму мақсатын қояды. Әлем барынша әртүрлі және көптілді болып келеді, және көптеген балалар бір тілден артық тіл қолданатын ортаға түседі. Уақыт талабына сай, саясы тар мақсаттағы сапалы білім емес, шет тілдерді үйренуге дәл осындай қырынан қарау керек. Балаларды қазіргі замандағы оқыту барысында, мәселелердің бірі әсіресе шетел тілін меңгеру болып табылады.

Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың ағылшын тілінде қарым - қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту сәбилердің коммуникативті даму біліктілігін арттырады, қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Ағылшын тілінде қатынас жасау мақсатқа сай болуы тиіс. Баланың шет тіліндегі сөздерді қабылдауының оң ыңғайын жасау керек. Сол оң жағдай жасаудың бірден - бір тәсілі ойын болып табылады. Ойын - баланың білім - білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы. Мектепке дейінгі жаста ойын әрекеті жетекші әрекет екенін ескере отырып, балалар өзінің жеткен нәтижесін ертерек көру үшін ұйымдастырылған оқу - іс әрекеттерін көбіне сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған ойын формасында өткізу өте тиімді.Ойын тілді әр жаста тез меңгеруге өте жақсы жағдай жасайды әрі көмектеседі.Мектепке дейінгі жастағы балаларға ағылшын тілін үйрету барысында ойын арқылы олардың қызығушылықтарын оята отырып, ауызша сөйлеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыруға болады.Оқыту әдісінің бастапқы кезеңінде сұрақ-жауап әдісі қолданылады, себебі диалог балаларды қарапайым ауызша сөйлеуге үйретіп қана қоймай, сонымен қатар, тыңдай отырып ұғынуына және өз ойын жеткізе білуге үйретеді. Сонымен қатар, балаларды алғашқы оқыту сатысында сөзді жаттау, тілдік үлгідегі ұғымды түсіндіру, өлең және т.б. қолданылады. Бұл жаттығулардың мақсаты балалардың өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік береді.Балалармен жұмыс тәжірибесінде ағылшын тілін оқытуға бағытталған әр түрлі ойындарды кеңінен қолдануға болады: ережеге негізделген ойындар, рөлдік, білім тереңдету ойындары, лингвистикалық ойындардың әр түрлі нұсқалары. Сондықтан, сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалы өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі.Сондай-

ак, ерте кезден оқыту тілдік кемшіліктерді жоюға және болашақта тілді тез игеруге көмектеседі. Бала тез есте сақтау үшін ойындар, тез жатталатын сөздері ұйқас тақпақтар, өлеңдер үйреткен тиімді. Балаға ойын барысында тіл үйрену қызығырақ болады. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай тілді меңгерту басқа халықтың мәдениетін білуіне жол ашады. Сондай-ақ, ойын арқылы балалар оңай қарым-қатынасқа түсіп, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады.

Ерте жастан ағылшын тілін оқыту балалардың:

- шетел тілін үйренуге қызығушылығын;
- танымдық қабілетін;
- өзіндік шығармашылық әрекетін;
- ұйымда қызмет жасай алу қабілеттілігін;
- үйірмділік қабілетін;
- елестету мүмкіндігін;
- есте сақтау қабілетін;
- мектеп өміріне бейімделушілігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған қасиеттерді балабақшадан, бастауыш мектептен бастап оқытуды бастау қажеттілігі дәлелдей түседі. Мектеп жасына дейінгі балаларға оқыту сатысында ауызша сөзді дамыту одан арғы ауызша базаның дамуында әсерін тигізеді. Ауызша сөз басқа да іскерліктердің дамуына негіз болып табылады. Ағылшын тілін оқытуды мектепке дейінгі мекемелерден басқа, отбасы ортасында да жүзеге асыруға болады. Бұл үшін педагогикалық білімнің болуы міндетті емес, жай ғана үй жағдайында балалармен дидактикалық ойындарды ұйымдастырып өткізу ғана жеткілікті, мысалы ас дайындау, немесе серуен кезінде белгілі бір заттарды ағылшын тілінде атауын қайталау. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата - аналармен байланыста ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттеріне, ертеңгіліктерге, пікір алмасу мақсатында дөңгелек үстелге шақырылады, сауалнамалар жүргізіледі, ақыл - кеңестер және үйге жеке тапсырмалар беріледі. Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т. б. түрінде де ойналады.

Қорытындылай келе, мен ұсынатын жаңашылдық болашақта мектепке дейінгі ұйымдарда «ТК» технологиясы яғни «Technology new Kindergarden» мағынасы «Балабақшадағы жаңа технология» «ТК» технологиясының мақсаты: балалардың ақыл-ойын дамыту, ағылшын тілін еркін меңгеру, қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды пайдаланып, тәрбиелеу мен білім беру істерін дамыту.

«ТК» технологияның ерекшелігі:

Әрбір мектепке дейінгі ұйымдарды интерактивті тақтамен жабдықтау. Қазіргі балаларды жаңа технологияларды қолдана отырып сабақты өткізу. Яғни ХХІ-ғасырдың балалары қазір ұялы телефондар, компьютер барлығының тілін біледі, сондықтан оларды заман талабына сай жаңа технологияларды пайдалана отырып оқытудың маңызы зор. Интерактивті тақта арқылы әр түрлі бейнежазбаларды, суреттерді көрсете отырып, баланың ағылшын тілін меңгеруге деген құлшыныстарын арттыруға болады. Оқу іс – әрекеті қызықты өту үшін интерактивті тақтадан түрлі дидактикалық ойын түрлерін жасақтап, балалармен бірге ойнау арқылы олардың ойлау қабілетін дамытуға болады. Сонымен қатар түрлі заманауи бейнежазбаларды да сергіту сәтінде қолдануға болады. «Интерактивтік» деген сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады, ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады. Ол үйрету кезінде балаларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой - өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс балаларды жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, ойнап отырып жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді:

Біріншіден, ағылшын тілін үйретуде интерактивті тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың үйрету процесіне сай болуы керек.

Екіншіден, жұмыс түрлері, онда қолданылатын үйрету құралдары, жаттығулар, сергіту сәті бейнежазбалары балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Үшіншіден, балалар жіберген қателіктерін мұғалім көмегімен өздері табу керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін оқу іс – әрекетін заманауи технологиялық ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ағылшын тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану баланың шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуге әсер етеді. Заманауи технологиялық ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым - қатынас жасай алады және ойын кезінде шаршағандығын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады. Оқыта-үйрету ойындары: дидактикалық, ситуациялық, сайыстық, қимылды, ырғақты-музыкалық және көркемдік және т. с. с көптеген түрлері бар. Балалардың шет тіліне қызығушылығын оятқан кезде ғана кез келген жетістіктерге жетуге болады, яғни оқытудың ең бастысы әр түрлі заманауи дидактикалық ойын арқылы балалардың тілге деген құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру. Бұл дегеніміз қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылыми құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілігі ол – үш тілде оқыту. Тіл мәдениетін игеру – әр баланың сәби шағынан басталып, ары қарай біртіндеп жетіліп отыратын үрдіс.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдени аралық қарым - қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін жетік меңгеруді талап етеді. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Сондықтан да бүгінгі өскелең уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілген барлық білімнің бастамасы әрі жан – жақты дамыту түпкі негізінен қалайтын орын. Сондықтан да, балалардың ой өрісін үздіксіз дамыту үшін оқу іс - әрекетін қызықты заманауи ойын арқылы өткізудің маңызы зор. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Тиімді қолдана білген кез келген технология білім сапасын арттыратыны хақ. Дамыған елу мемлекеттің қатарына кіру үшін білімді ұрпақ тәрбиелеу керек. Себебі, Қазақстанның болашағы білімді ұрпақтың қолында. Қазіргі жастар - ертеңгі Қазақстанның болашағы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстан 2050» Стратегиясы 14 желтоқсан 2012 жыл
2. [<http://bilimdiler.kz/ustaz/21594-ooyun-arkyly-mektep-zhasyna-deyingi-balalarga-agylshyn-tilin-uyretude-zamanaui-tehnologiyalardy-koldanu.html>]
3. [<http://engime.org/mektep-jasina-dejingi-balalarfa-afilshin-tilin-oitudi-erekshel.html>]

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

СПАНБЕТОВА А. Е.

БМ-18-3(11) тобының 2 курс студенті

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ : ЖЕКСЕНОВА Б. О.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

"Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де, зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек" Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты халыққа жолдауынан.

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі өзгерістер мен жаңалықтар соның нәтижесі. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Ал, жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», - деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді. Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастауыш сатысында білім беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастыру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жеке тұлғаны дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етеді. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, сонда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамсыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Президент жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Сонымен қатар бастауыш мектепте ақпараттандыру мәселесін зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, бастауыш мектепте ақпараттандырудың міндеттерін шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қабылданудың төмендегі бағыттарына сүйену керек.

1) оқу процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану

2) бастауыш мектептерде электрондық оқулықтарды оқыту.

3) кәсіби - педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз ету.

4) оқу – тәрбие процесін басқару

Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Осы ретте ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігін ашып айтуға болады. Қазіргі таңда жаңа технологияның жетістіктері интерактивті тақта мен электрондық оқулыққа тоқталар болсақ...

«Активті экран» кешені білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады. Бағдарламалық-техникалық кешенді дидактикалық мақсатта пайдалану барысында олардың негізгі қызметі – жалпы ақпаратпен кәсіби біліктілікті жетілдіру бағытында қолданып, сонымен қатар бұл құралдың оқушылардың, ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатыны белгілі болды.

Бағдарламалық-техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивті тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т.б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгерту;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін – өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Жаңа технологияның бізге ұсынып отырған тағы бір жетістігі бұл әрине мультимедиялық оқулығымыз - электрондық оқулық. Білім берудің кез келген саласында танымдық белсенділікті арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын – электрондық оқулық. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық , бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып тұратын

ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жай түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады.

Компьютерлер мен интерактивті тақта оқушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” –деп Б.Момышұлының сөзімен аяқтаймын.

Әдебиеттер

1. А. Асқарбаев, М. Жазыбаев, С. Рахметова. “Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру”: Алматы-1975, 6-47 б ет
2. Бастауыш мектеп методикасы. Алматы.- 1987, 6-12 бет
3. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде үргізілетін тіл дамыту жұмытарының әдістемесі.- Алматы.- 1994.- 3-9 бет
4. Молдатаева М. Тілді дамыта оқыту: Бастауыш мектеп:- 2000, №3-4-9 бет
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы: Ана тілі.- 1995.- №5.- 54-59 бет
6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2014. – 23-б.
7. Қалым Г.М.. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Педагогикалық альманах, 2011. – 1.
8. Түсіпова А. Компьютер-оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы. – Қазақстан мектебі, 2004. – №7.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

На современном этапе развития в Республике Казахстан происходят глубокие социально-экономические преобразования, которые требуют новых подходов к системе дошкольного образования и поиска новых эффективных форм организации учебного процесса. Это своевременно нашло отражение в Стратегической программе «Казахстан-2030». В Послании Президента Н.А. Назарбаева большое внимание уделяется необходимости кардинально повысить качество дошкольного образования. «Основы мышления, умственные и творческие способности, новые навыки формируются в самом раннем детстве. Акценты в образовании смещаются в сторону модели 4К: развития креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде».

Дошкольное образование — это фундамент всей образовательной системы, так как именно здесь закладываются основы личности, определяющие характер будущего развития ребенка .

Дошкольное воспитание и обучение обеспечивает :охрану жизни и укрепление здоровья ребенка ; развитие речи и родного языка, культуры общения, подготовку к овладению основами грамоты; формирование ценностных, нравственных ориентаций дошкольника на народных обычаях и традициях воспитание любви к Родине, родному краю, уважения к государственной символике, гуманного отношения к окружающему миру, семье, людям разных национальностей; формирование у ребенка целостной картины окружающего мира, первоначальных представлений о себе, ближайшем социальном окружении; познавательное и творческое развитие ребенка, формирование способов интеллектуальной деятельности, развитие любознательности.

Право ребенка на образование и полное развитие своих способностей имеет важнейшее значение для жизни детей и благополучия общества. Развитие системы дошкольного воспитания и обучения является важным направлением государственной политики нашей страны.

Дети Казахстана дошкольным воспитанием и обучением обеспечивается различными типами и видами дошкольных организаций, таких как: ясли-сад, детский сад, семейный ясли-сад, санаторный ясли-сад, комплекс «школа-детский сад», дошкольный мини-центр. Количество дошкольных организаций 8590 , том числе 3128 детских садов и 5462 мини-центров, 644,3 тысяч детей посещают дошкольные организации.

В новом Государственном общеобязательном стандарте дошкольного воспитания и обучения предусмотрен охват дошкольным воспитанием и обучением детей с ограниченными возможностями. Ранняя, полноценная социальная и образовательная интеграция воспитанников с отклонениями в развитии в среду нормально развивающихся сверстников. Целенаправленно организованная предметная среда в инклюзивной группе играет большую роль в гармоничном развитии и воспитании особого ребёнка. Такая мера позволит охватить специальным образованием более 15 тысяч детей.

В связи с поручением Главы государства в республике проводится работа по модернизации дошкольного образования. В этих целях разработаны и утверждены Стандарт и Типовые учебные планы дошкольного образования. Обновляются образовательные программы дошкольного воспитания и обучения. Внедряются инновационные технологии воспитания и обучения и триединства языков.

Образовательные программы и Стандарт дошкольного воспитания и обучения содействуют эффективному решению проблемы преемственности между дошкольным и начальным школьным образованием. Предшкольная подготовка является связующим звеном между дошкольной организацией и школой. Она обеспечивает психологическую и моральную готовность детей к обучению, играет значительную роль в безпроблемном вхождении ребенка в образовательный процесс, адаптации его в школе. Основным условием предшкольной подготовки является: охрана и укрепление физического и психического здоровья детей, обеспечение интеллектуального и личностного развития, забота об их

эмоциональном благополучии, коррекция нарушений в развитии детей, взаимодействие с семьей. В связи с переходом на 12-летнее образование в республике принимаются меры по пересмотру программ и учебно-методических комплексов, используемых в настоящее время в предшкольных группах.

Для вхождения в пространство 12-летнего образования необходимо: создать условия для полного охвата всех детей 5-6-летнего возраста предшкольной подготовкой, привести в соответствии с требованиями ГОСО действующие программы предшкольной подготовки, учебно-методические комплексы, обеспечить преемственность семьи и детского сада, психолого-педагогическое просвещение родителей внедрить в образовательный процесс инновационные технологии.

Развитие и формирование детей дошкольного возраста зависит от квалификации педагогов. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отмечает, что «Знания и профессиональные навыки- ключевые ориентиры современной системы образования»

В республике в рамках «Программы занятости 2020» ведется совместная работа органов образования и органов занятости населения по подготовке и переподготовке кадров для организаций дошкольного образования из числа безработных граждан и незанятого населения. Разработка программ профессионального роста педагогов с учетом индивидуально-дифференцированного подхода к каждому воспитателю для повышения профессиональной и методической компетентности. Воспитателю вверен неповторимый, не с чем несравнимый по своей сложности и красоте процесс становления человеческой личности. Стандарт предъявляет особые требования к статусу педагога, который формирует социально-духовные качества ребенка, способствующие самореализации и успешности, готовности к креативному и критическому мышлению, ориентацию на уважение культурных ценностей как общечеловеческих, так и национальных. Большие надежды возлагаются на педагога-профессионала, его ответственность за качество результатов своей работы.

Для большинства стран сегодня очевиден тот факт, что наиболее успешно ребенок развивается, воспитываясь в двух институтах - в семье и дошкольной организации. Семья, на основе привития семейных традиций и обычаев создает комфортный, благополучный фон воспитания. Дошкольное учреждение создает условия для организации детского сообщества, без которого невозможно успешное социальное развитие ребенка.

Вот почему стандарт предоставляет семье возможность активного участия в планировании, принятии решений и рекомендаций, создаются благоприятные условия для создания партнерских отношений семьи и дошкольной организации, что является гарантом комфорта и безопасности пребывания детей в детском коллективе. Новый стандарт является продуманным документом, связывающим воедино социальные, программно-методические, физические, когнитивные и эмоциональные аспекты, так необходимые для личностного развития ребенка, с учетом достижений отечественной и зарубежной педагогической науки.

Механизм улучшения качества дошкольного воспитания и обучения. Нормы, предусмотренные Законом РК «Об образовании» от 27 июля 2007 г.:

- предусмотрена норма государственных гарантий на получение бесплатного дошкольного образования.
- введен государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание;
- дошкольное воспитание и обучение установлено как уровень образования;
- введена статья 15 «Общеобразовательные учебные программы дошкольного воспитания и обучения», определяющая цели образования и развития детей дошкольного возраста, установлена обязательная и бесплатная дошкольная подготовка пятилетних детей;
- определена педагогическая нагрузка воспитателей дошкольных организаций в размере 22 часов в неделю. Данная нагрузка является самой низкой в странах СНГ: воспитатели детских садов в России, Прибалтике и других странах СНГ работают 36 часов в неделю.

В связи с этим возможно выделить приоритетные направления развития дошкольной сферы в Республике Казахстан.

1. Инициирование деятельности дошкольных учреждений по внедрению опыта работы с использованием полиязычного и поликультурного компонента обучения и воспитания личности ребенка.
2. Создание условий для многовариативного пространства дошкольного воспитания и обучения.
3. Подготовка и переподготовка дошкольных кадров на основе современной методологической, технологической, дидактической базы в преддверии перехода на 12-летнее обучение.
4. Формирование информационной компетентности воспитателей новой формации, способных работать в системе 12-летнего образования.
5. Реализация технологии повышения квалификации педагогов с целью совершенствования качества дошкольного и начального образования.
6. Формирование модели руководителя новой формации с опережающим, прогнозирующим стилем управления.

Использованная литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева октябрь 2018г
2. Джадрина М.Ж. Научные основы построения содержания вариативного образования в школе. Монография. Алматы: Дәуір, 2000.
3. Коллективная монография Института философии РАН: Модернизация и глобализация: образы России в XXI веке. М., 2002.
4. Батибаева С.Г. Обновление содержания образования дошкольных организации через новые технологии. Білім. Образование, 2005.

КОНТРОЛЬ, МОНИТОРИНГ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА, ОБУЧЕНИЕ УЧАЩИХСЯ

ПОНАРЬИНА А.С

КГУ «ОСШ №20»

alena_mmm1996@mail.ru

При новом подходе у школьника есть возможность оценить себя, свои достижения и полученные результаты. В его задачи входит научиться контролировать, устанавливать и устранять причины возникающих трудностей. При традиционном подходе учитель являлся главным и единственным, кто определял успешность учащегося на уроке, решал, что ему поставить «5», «4», «3» или «2».

Главное отличие нового оценивания – это оценивание работы школьника на конкретном уроке, а не его личности; работа ребенка сравнивается не с работами других учеников, а с эталоном (образом отлично выполненной работы), который известен им заранее.

В течение нескольких уроков школьник может не получать оценку в виде определенной цифры, но это не значит, что оценивание не происходит, учитель осуществляет в это время «формативное», то есть безотметочное оценивание в виде комментариев, советов, суждений. При формативном оценивании обучающийся имеет право на ошибку и ее исправление. Это позволяет определить возможности школьника, выявить трудности, помочь в достижении наилучших результатов, своевременно корректировать учебный процесс.

Благодаря наличию четко определенных и известных всем критериев обучающиеся будут понимать:

- На какой стадии обучения он находится?
- Куда он стремится в своем обучении?
- Что необходимо сделать ученику, учителю или родителю, чтобы помочь ему достичь ожидаемых результатов обучения?

Школа в обучении детей успеха не добьется без активного участия родителей. Они должны оказывать необходимую моральную поддержку ребенку, регулярно отслеживать результаты, но не через вопрос: «Какую оценку ты получил?», а спрашивая его: «Что ты сегодня на уроке выучил и что усвоил?». Новая система оценивания возвращает ответственность родителей за

обучение их детей, и если они будут выстраивать доверительные отношения с учителями, регулярно беседовать с ними о результатах обучения, участвовать в школьных тренингах и консультациях, то успех к школьнику придет незамедлительно.

В обучении учащихся я использую активные методы преподавания:

- **Метод «Карусель»**- Ученики работают в небольших группах, размышляя, в поисках ответа на конкретно поставленный вопрос. Им предоставляется возможность для совместного оценивания идей других групп и использования их в качестве потенциальной основы для окончательного формирования своих собственных ответов на вопросы.
- **Метод «Факт или мнение»**- Сущность метода состоит в создании условий для размышлений учеников и формулировки заключений о том, является ли полученная ими информация *фактом* или *рядовым мнением*, основанным на системе ценностей. В плюралистическом обществе разграничение *факта* от *мнения* на основе доказательств является важным навыком. Это непростое задание требует от учеников рассмотрения природы знаний (возможны случаи отсутствия одного конкретного ответа). Ученики работают в группах для обсуждения своих позиций. Результативным подходом к данному заданию станет опрос после выполнения задания.
- **Метод «Воздушный шар»** -Метод используется в качестве инструмента в процессе планирования. Метод позволяет формировать у учеников навыки сопоставления проблем, прогнозирования всех возможных последствий и реализации структурированного подхода в вопросах организации и планирования каких-либо мероприятий.
- **Метод «Пазл»** -Метод рекомендуется использовать в качестве командного задания, средства сбора информации, введения к определенной теме, или как первый шаг для предстоящего планирования, принятия решений или детальной дискуссии. Метод может активизировать интерес и мотивировать учеников в решении задач.

Все методы, используемые на уроке способствуют развитию критического мышления, учат детей правильно находить информацию и использовать ее.

Мониторинг - это постоянное наблюдение за каким – либо процессом с целью сопоставления наличного состояния с ожидаемыми результатами, отслеживание хода каких – либо процессов по четко определенным показателям. Главное назначение мониторинга – обеспечить всех участников образовательного процесса обратной связью, которая позволяет вносить последовательные изменения в ходе реализации учебной программы для повышения качества ее результатов. Основным принципом мониторинга качества образования является систематичность в проведении исследований и наблюдений, доступность и открытость в полученной информации. Поэтому в своей работе я использую мониторинг базовый, тематический, по каждому разделу.

Анализ индивидуальных результатов позволяет решить несколько важнейших задач:

- 1) помогает выявить, какого рода задания вызывают у ребенка большие трудности.
- 2) помогает определить приоритеты в работе с тем или иным учеником.
- 3) работа с индивидуальными данными дает возможность посмотреть на темп выполнения ребенком диагностических заданий.

Если использовать мониторинговую систему определения достижения учащихся, то процесс обучения становится более осмысленным и целенаправленным, что приведет к повышению качества знаний учащихся, повлияет на рост творческой активности.

Литература

1. <https://izdatelstvo-sk.kz/news/obnovlyonnaya-programma-obrazovaniya-daleko-ne-vsem-prishlas-po-vkusu/>
2. «Активные методы преподавания и обучения учащихся»
3. Дж. Коул (2006 г.) *101 список основных предметов для использования ИКТ в классе*. Международная издательская группа Continuum.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

ФАЙЗОЛЛАЕВА Н. М.
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІ: ИЛЬЯШОВА Б.Ф.
Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Адамның екі ең маңызды өнертанбасы бар:
Тәрбиелеу өнері және басқару өнері.

И.Кан

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол -педагогтың басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері. Заман талабына сай білімді, мамандығының қыр-сырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор. Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шындауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады.

Білім – теңіз, оның тереңіне құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын, білім, тәрбие беретін бала жанының бағбаны – тәрбиеші. Ал ұстаз білімді бала санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол – ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу - тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен

табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша түрғыда ұйымдастыруды талап етеді».

Үздіксіз білім беруге көшу, компетенцияға негізделген білім, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, білім берудің ашықтығы, көкейкестілігі, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру; білім берудегі инновациялық әдістер.«Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың 30 жылдары И.Шумпетер, Г.Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Осы кезден бастап, «инновация», «инновациялық процесс», «инновациялық потенциал» терминдері жалпы ғылымдардың терминологиялық жүйесін байытты. Инновациялық үдерістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асыру.«Технология» ежелгі гректің «techno» - өнер, шебер, білгір және «logos» - білім, ғылым деген сөздерінен шыққан. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. «Технология» сөзі көптеген ұғымды білдіреді, олар:

Белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі).

Белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер (В.М. Шепель).

Белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі (И.Г. Зайнышев).

Адамның әрекетін, біліктілігін, тәжірибесін еңбекке қажетті заттарды, әлеуметтік шындықты сапалы өзгертуге бағытталған әрекеттер жүйесі (Р.В. Овчарова).

В.П. Беспалько: «Педагогикалық технология - оқу мен тәрбие процестерінің еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді».

«Жаңа» деген түсінік, жақында пайда болған. Ашылмаған, ғылым аймағына және практикаға қатысты, жаңалық әртүрлі түрде қолдануы. Практикалық идея, лабораториялық іс - тәжірибе, мекемелер мен ұйымдарда жаңа идеяны іске асыру. Соңғы кезде жаңалық «новация» ұғымы ретінде кездеседі. Новация дегеніміз - бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да, практикада негізделген. Жаңалық енгізу - ұйымға және жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновацияда, жаңалық енгізу, новация бір – бірімен тікелей пән ретінде байланысты. Инновациялық процесс түсінігі, ол барлық динамикалық процестерді қамтып, жаңалық аймағында процесуалдық аспектілер, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты.

Лапиннің инновациялық процеске байланысты екі бөлімі қолданылады:

- 1) қарапайым түрде қолдану, ол яғни ашылу – жаңалық енгізу (новация) – қолданушылардың арасындағы бөлінуі – көпшіліктің қолдануы;
- 2) кеңейтілген түрде қолдану – ашылу – новация – таралуы – меңгеруі және модификация – рутинизация, яғни дәстүрге айналуы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, мектепке дейінгі ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым - қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да қазіргі кезде әр мұғалім өз іс - әрекетінде қажетті өзгерістерді әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс - тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар балабақшадағы оқу - тәрбие жүйесі, тәрбиеші-бала арасындағы қарым - қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің бірі.

Инноватиканың басталуы: инновациялық процесс - инновациялық іс-әрекет - инновациялық потенциал - инновациялық процестерді басқару. Инноватика үш ғылыми пәннен тұрады: социология, психология және басқару теориясы. Жалпы инноватика - инновациялық процеске белгілі бір бағытта жаңалықтардың ашылуын тексеру ғана емес, сонымен қатар кеңейтілуі және бағыт пайда болады, яғни спецификалық әлеуметтік бағытта болуы. Оқу процесін ақпараттандыруды жаппай қолға алу, оның ғылыми - әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау.

Жаңалық ғылыми - зерттеу құралы болып көріну үшін, олар ұйымдасқан, көпшілік қолдану, қарама - қайшылық болып қоғам өміріне өзінің қажеттілігін көрсету.

Білімділік деңгейде бала тәрбиеші көмегімен амал-әрекет жасайды. Мұнда тапсырмалар алдыңғы сабақты нысықтауына мүмкіндік беретіндей, жаңа тақырып үшін тиімді, өмірмен байланысты болуы керек.

Алгоритмдік деңгейде тапсырма балалардың ойлау қабілетін жетілдіру үшін беріледі. Мұндай іс-әрекетте келтіретін тапсырмалар: мәтінмен берілген кері есептер, кері байланыс функциясын атқаратын тексеру тапсырмалары, логикалық есептер, ребустар, сөзжұмбақтар.

Эвристикалық деңгей - өнімді деңгей. Танымдық іздену түріндегі тапсырмаларды орындау барысында қарапайым білімдерін жетілдіріп, жаңа білімді меңгеріп, жаңалық ашады.

Шығармашылық деңгейде балалардың іздену нәтижесінен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қияли мен белсенді ой-еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына бағытталған тапсырмалар. Оқыту технологиясы педагогтардың эмперикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс - әрекетін ұйымдастыру және бала тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетті бақылау. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңашыл орта құру үшін инновациялық технологияларды енгізу болып табылады.

Инновациялық процесті болжау барысында қолданылатын инновациялық іс-әрекеттер тереңдетіліп, кеңейтіледі. Сонымен қатар, оқыту мен тәрбиелеу қорытындылары талданады. Жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық іс - әрекеттің негізгі заңдылықтары мен қағидаларын дұрыс қолдана білуге, шығармашылық ойлауға, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің құндылық қарым - қатынасын қалыптастыруға, ұстаз шеберлігіне жету жолдары мен шараларын жете түсінуге үйренеді. Оқытудың жаңашыл әдістері мен тәсілдерін сөз еткенде, оқылып отырған материалдың ерекшелігі мен құрамының нақты ерекшелігіне сәйкес әдістемелік құралдарды шығармашылықпен пайдалану қажет екеніне назар аударту көзделді. Сонымен қатар, оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасуы керек.

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайын кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі. Келешек - ел басқарар, жер - суына иелік етер, ел - халқын гүлденетер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя – балабақша. «Аулына қарап, азаматын таны», дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иманжүзді, білімді азамат болып өсуі, ең алдымен, ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша - бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамытыпқұнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны

дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «әр адам - өз заманының баласы». Сәбиді есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір парызы. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет-мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр. Балалар мен педагогтардың іс-әрекетінің жемісті болуын қамтамасыз етіп, ұжым шығармашылық, ізденіс үстінде үнемі болуына, заман талабына сай бағыт-бағдар болуы керек. Осы тұрғыдан балабақшаларда оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізіп жатыр, оқу-тәрбие процесінің жан-жақты ізденіс жұмыстарының жүргізілуімен қатар, жалпы балабақшаларда жүргізілетін іс-шаралардың сапалы болуына байланысты ізденіс жұмыстары үнемі жүргізіліп отырылуы алға қойылған.

Жаңа технология үрдісінің талабы- балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен жол атқарады, яғни балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі.

«Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде»-деп, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев текке айтпаған шынымен де, тіл жоғалса ұлттық дін жоғалады. Қазақ тілі-өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл. Қазақ тілінің тарихы әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Осы тілімізді бүгінгі ұрпаққа жоғалтпай жеткізу үшін талай ақындарымыз жырлап өткен. Қазақ тілін дамытуда әр адам өз үлесін қосуы керек. Тек сонда ғана әр қазақстандық қазақ тілін игеріп, еркін ойын жеткізіп, сөйлесе алатын болады. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді құрметтемейді. “Тіл-халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі” Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сол себепті де өзін Қазақстан Республикасының патриотымын деп есептейтін әр адам мемлекеттік тілді көтеруге, құрметтеуге тиісті.

Өзімізге белгілі биыл қазақ жерінде аталы оқиға Азиада-2011 өтті. Бұл Қазақстан үшін мақтаныш болып саналады. Қазақстан қоржынына отыз екі алтынды түсірді, ал еліміздің намысын қолдан жібермеген спортшыларымыздың басым көпшілігі Қазақстан жерінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің азаматтары, ел намысын таптатпаған шынайы патриоттар десек қателеспеспіз.

Қазақ елінің бір тудың астына жиылып, біртұтас ел болуын армандаған қазақ елінің ұлы ұлдары Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов, Әлейхан Бөкейхановтар және тағы басқалар бар еді. Олар қазақ елінің тәуелсіздігі үшін өмірлерін қиды. Алаш ұлдарының арман тілегі сол кезде жүзеге аспай қалғанымен, ұлттық сананы оятуда қазақ тарихында рухани түрткі болды. Олар қазақ елінің тәуелсіз болуы мен өркениетті ел қатарына қосылуын қалады.

Қазақ халқының басынан не өтпеді? Өткен ғасырдың басында саны 1,5 млн-дай Қытай, Ауғанстан, Түркияға шекара асты. 1928-1955 жылдары зиялылар репрессияға ұшырады. Қазақтың саны үш есеге дейін кеміп, 1 млн-ға дейін азайды. Одан Ұлы Отан соғысы жылдары 700 мыңдайы өз еліне оралмады. «Не азапты бауырым көтермедік, соны жырлап өмірім өтер менің» дегендегідей желтоқсан оқиғасының намысты таптатпаған қайсар құрбандары, сол бір ызғарлы желтоқсанның желі қазақ көкейінде әлі жатыр. Сол 1986 жылдары талай жастарымыз елім деп, жерім деп ұран тастап қыршыннан қиылып кетті. Бірақ сол ерліктер ақталып бүгінде тәуелсіз мемлекет болып отырмыз. Тәуелсіздігімізге қол жеткізгелі жиырма жыл болды.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата Заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырған жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің бар екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белестен белеске көтерілуде. Өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.



Ұлттық патриотизм-дегеніміз ең алдымен, өз ұлтына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Салт-

дәстүрге құрметпен қарау, тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану - ұлттың әрбір азаматының борышы. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам-рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет-тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын-мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. “Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды” деген ұғымды негіз етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

тілді құрметтеу;

ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;

елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;

ата-бабалар өсиетін орындау;

жер байлығы мен табиғатты қасиеттеу.

Қазақстандық патриотизм-деген ұғымды педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Құсайынов: “Қазақ елін шексіз сүйе деп түсінемін”, -дей келе, “Отан сүйе” сезімі-халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен қабысып жатқан сезім, Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шамашарқы келгенше аянбай еңбек етуді мен Қазақстандық патриотизмнің бүгінгі шынайы көрінісі дер едім”, -дейді. Өзге ұлт өкілі Қазақстанның азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады дей келе, Қазақстанның патриоты қандай болу керек екенін белгілесек, онда оның ерекшеліктері мынада:

1. Қазақстанда 130–дан астам ұлт өкілдері тұрады, көп ұлтты мемлекет. Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарайды, шын ниетімен қадірлейді. Қазақстан азаматының Конституциялық құқығын сақтайды. Әрбір ұлттың Қазақстанды ортақ үйіміз деп санай білуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы. Қазақстан халқы Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдердің іске асуына өз септігін тигізуі.

3. Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.

4. Қазақстан халқын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш еткізу.

5. Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің әскері қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімін тудыру.

6. Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сай Қазақстан халқы бұрынғы өткен заманда бабамыз Абылай армандаған қазақтың Сарыарқадай сайын даласының Есіл жағасына ел қондырсам деп еді, елімді-жерімді біртұтас жүз жүзге бөлінбейтін мемлекетке айналдырсам деген арманы орындалып, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, 130-дан астам ұлтты ұйыған айрандай бірлікпен жүзеге асырып, мемлекетімізді бейбітшілікте басқарып отырған жайы бар. Бұл «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының сан ғасырлық аңсаулы асыл арманы еді.

Қазіргі таңдағы жастар егеменді елдің бақытты ұл-қыздары, біз ата-апаларымыз секілді сұм соғысты, жоқшылықты көрген емеспіз. Сол себепті болар, көп жастар патриотизм жайлы аса толғана қоймайды. Ең алдымен жастарды патриоттыққа тәрбиелеу үшін, тарихқа, осындай бейбітшіл бақытты заман қандай қиыншылық жолмен келгенін ескерте отырып қол жеткізуге болады. Патриотизм өз-өзімен қалыптаспайды, халықтық дәстүрге негізделген батыр-бабаларымыздың ерлік дәстүрін насихаттау негізінде нығайып келеді.

Отанды сүйе имандылықтың белгісі: жоғарыда келтірілген маңызды мәселелерді шешуде, қасиетті Отанымызды ішкі және сыртқы қауіптерден қорғауда әскерлердің атқарар рөлі аса маңызды. Әскерлік қиын да қасиетті кәсіп. Осының мән-маңызын жақсы білуіміз керек. Өйткені, әскерлік-Отан деп аталатын ұлттың киелі ата-мекенін қорғауды, қажет

болған жағдайда өз жанын Отан үшін құрбан етуді, шәһидтікті ең жоғары рухани дәреже деп білуді талап ететін кәсіп. Қарулы күштеріміз тәуелсіздігіміздің, азаттығымыздың, еліміздің тұтастығының, болашақ ұрпақтарымыздың амандығының мызғымас қорғаушысы екенін естен шығармайық. Әскери қызметтегі азаматтарымыздың Отанды қорғау бағытындағы мақсаттарды толыққанды орындауы Отан деген ұғымды дұрыс түсінуіне және Отанды өз жанынан артық сүйе білуіне тікелей байланысты.

Қазіргі таңдағы азаматтардың Отан сүйгіштік қасиетін қалыптастыру жолдары Патриоттық тәрбие жүйесі білім беру мекемелерінің барлық типтері мен түрлеріндегі оқыту мен тәрбиелеу процесінде әлеуметтік маңызды құндылықтарды, азаматтылық пен патриотизмді қалыптастыру мен дамытуды; еңбек ұжымдарында, әскерде, қоғамдық ұйымдарда бұқаралық саяси-тәрбие жұмысын жүргізуді; бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтарға патриоттық тәрбие беру тақырыптарын талдауға, зерделеуге және көрсетуге бағытталған қызметін жүзеге асыруды көздейді.

Қазіргі таңдағы азаматтардың Отансүйгіштік қасиетін қалыптастырудың бірнеше жолдарын бөліп көрсетуге болады: білім беру орындарындағы білім беру мен тәрбие жұмыстары арқылы, от босындағы тәрбие арқылы, имандылыққа баулу арқылы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және т.б. Патриоттық сезімді қалыптастыру мемлекет азаматтарының рухани қауіпсіздік мәселесімен де тығыз байланысты. Ал рухани қауіпсіздік бүгінгі әлемді жаулаған жаһандану жағдайында білімділікпен, тәрбиелілікпен, имандылықпен тығыз байланысты боып табылады.

Отансүйгіштік сезімін қалыптастыру адам дүниеге келгеннен бастап отбасында, одан соң бала бақшада, мектеп қабырғасында, орта және жоғары оқу орындарында үздіксіз жалғасын таба беруі қажет процесс. Тұтастай алғанда білім берудің мақсаты азаматтардың Отанның мүддесіне жасампаздық қызмет атқаруы, мемлекетті нығайту, оның ұлттық мүдделерін қорғау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажет маңызды қасиеттерін дамытуға арналған.

Оқу орындарындағы Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша патриоттық тәрбие: Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде қызмет ету—оның әр азаматының міндеті. Бұл-бейбіт еңбекті қорғаушы ретінде әскери қызметшілерге білдірген халықтың сенімі.

Елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету-бүкілхалықтық іс, сондықтан қазақстандықтарға жаңа мұраттар негізінде білім мен тәрбие беру міндет. Олар қазақстандық патриотизм, көп ұлтты Отанына деген сүйіспеншілік, еліміздің қауіпсіздігі мен гүлденуіне деген жеке жауапкершілікті сезіну.

Қазіргі уақытта, армия мен флоттың жаңа қарумен және техникамен жарақтануына байланысты жас жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу міндеті едәуір күрделенді. Қысқа мерзімде қазіргі қаруды меңгеру, өзіңнің Отаныңның лайықты қорғаушысы болу-күрделі іс; сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке дайындауға, өз Отаны Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін кәміл ұғынуға тиіс. Орта оқу орындарында «Алғашқы әскери дайындық» курсы мен жастарға Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қатарында қызмет етуге дайындалуына көмектеседі.

Қазіргі жастарда патриотизм сезімі тіпті жоқ деп айтылып жатады, бірақ бұл, біздің ойымызша, қате пікір. Әр адамның бойында бұл сезім бар, бірақ соны ояту қажет. Егемен ел жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ұлтын пір тұтатын, өжет өр тұлға азамат болып өсуін қамтамасыз ету алғашқы әскери дайындық пәнінің басты мақсаты деуге болады. «Іштен ешкім патриот болып тумайды. Қазақстандық патриотизмді өсіріп өркендету үшін, байыпты, байсалды тәрбие керек», – дейді тарихшы ғалым М.Қозыбаев. Мінекей осыдан келіп алғашқы әскери дайындық пәнінің патриотизмдік тәрбиеде тигізетін септігі көп екендігін түсінесің. Ел өміріндегі бірқатар проблемаларды шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты. Алғашқы әскери дайындық пәнінің тәрбиесі-патриотизмді адам бойына сіңіруде үлкен үлес қосады. Бұл пән өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелейтін мектеп деуге болады. Өйткені, бұл пән-Отан

деп аталатын ұлттың киелі ата-мекенін қорғауды, қажет болған жағдайда өз жанын Отан үшін құрбан етуді, шәһидтікті ең жоғары рухани дәреже деп білуді талап ететін, ер азаматты нағыз ержүрек қылатын әскер екендігін айқын қылады. Ал қарулы күштеріміз тәуелсіздігіміздің, азаттығымыздың, еліміздің тұтастығының, болашақ ұрпақтарымыздың амандығының қорғаушысы. Ал адам бойында патриотизм сезімі болған жағдайда ғана, ол шын мәнісінде қарулы күштер қатарына отанды қорғау мақсатында кіріп, ел тыныштығына қауіп төнген жағдайда “Отан ана”-деп ұран тастап аянбай жауға төтек бере алады. Көпшілік адамдардың санасында өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру тек әскери борышын орындау деп ұғынылуы патриоттық тәрбие түсінігінің мазмұн аясын тарылта түседі. Алғашқы әскери дайындық пәнінің алдында тұрған мақсат тек әскер алды дайындыққа жататын психологиялық, жаттығулық тәлім, мәселен сапта жүру, атыс дайындығы, азаматтық қорғаныс қана емес, сонымен қатар басты Қарулы Күштер қатарына кірудің маңыздысы рухани тәлім, яғни патриотизм сезімі болуы. Әскери борышты әскери құжат үшін ғана емес, шынайы отансүйгіштік қасиетпен өтеу нағыз адамгершілік қасиет екендігіне тәрбиелейді. Өз отанымызға сүйіспеншілік-парыз деген сөзді жиі естиміз. Бірақ, кейбір адамдар оны өз марапаттарына жиі пайдаланады. Қарулы күштер қатарына кіру алғашқы әскери дайындық пәнінде меңгерілген психологиялық дайындық, жаттығулық шыныққандықтан емес жүректегі Отанға деген шынайы сүйіспеншілік-патриотизмнен басталады. Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық әскер құрамында адал қызмет атқаруға, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Ең алдымен патриоттық тәрбие Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын, саяси және рухани жағынан пайымдаудан басталады. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтардың еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезімі табандылықпен тәрбиелене түседі. Оқушыларға мемлекеттің белгілердің аса маңызды екенін, оны ерекше құрметпен мақтан тұту керектігін түсіндіре отырып, ой-өрісін кеңейту және сана-сезімдерін, Отанды сүю, халқымыздың игі дәстүрлерін құрметтеу рухында тәрбие береді.

Патриотизмнің адамгершілік сипаты-керек уақытта адамның өзіне «керек» деп бұйрық беріп, ауыр сын сәтінде «істей алмаймын» дегенді жеңе білуі.

Қазір патриот болу дегеніміз-республиканың экономикалық, қорғаныстық әлеуетін нығайту, оны кез келген сыртқы қастандықтан қорғауға дайын болу, әскери міндетке жауапкершілікпен қарау деген сөз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.Ғ.Тәжібаева. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. Алматы: “Қазақстан мектебі № 3”, 2007.
2. Н. Ә. Назарбаев “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Егемен Қазақстан
3. Н. Ә. Назарбаев “Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялогиялық бірлігінде 1993 Егемен Қазақстан
4. “Қ. Р. Азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылға арналған мемлекеттік бағдарлама” Егемен Қазақстан 2008
5. Құсайынов А. “Білім және Реформа” Алматы 2010
6. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2006-2011 жылдарға арналған кешенді тәрбие бағдарламасы
7. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
8. С.А.Мұсаева, Т.Б.Бегалиев. Жас ерекшелік педагогикасы. «Фолиант» баспасы, Астана, 2006 ж.
9. «Қазақстан мектебі» журналы. №1, 2006 ж.
10. «Тәрбие құралы» журналы. №5, 2001 ж.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒЫТЫНДА ТӘРБИЕ БЕРУ

ШОТАЕВ Т.Д.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі

Халқымыздың басынан қилы да қиын кезеңдер өтті. Ата-бабаларымыз ту ұстап, тұлпар мініп өзгеге бодан болмас үшін, келешек ұрпағы үшін шыбын жанын шүберекке түйген өзінің Отанының кең-байтақ жері үшін аянбай күресті. Олардың аңсаған армандарына біздер жетіп қана қоймай, оның босағасын бекітіп, шаңырағын шайқалтпай нығайта бастадық. Жасыратыны жоқ тәуелсіздік алғалы, Қазақстан Республикасы болғалы көп қиындықтар болды. Республика тәуелсіздікке жетіп экономикалық жағдайы оңала бастаған шақта қоғам мүшелерін отансүйгіштік рухта тәрбиелеу мәселесін бірінші кезекке қойып отыр. Ел тәуелсіздігі қолға конған бақыт құсы екенін тілге тиек ете отырып, оны ұшырып алмаудың қамын жасап, жастарды да сол бақыт сақтау жолында ат салысуға тәрбиелеуіміз қажет. Әрбір адам, әр азамат елін, Отанын сүюді өзінің қасиетті борышы деп санаса бізге одан артық еш нәрсе керек емес. Сондықтан да, дене мәдениеті пәні оқытушысы ретінде осы істі берік қолға алып, уыстан шығармай ары қарай жастар бойында патриоттық сана-сезім қалыптастыруымыз қажет. Сол кезде ғана еліміз, жеріміз, халқымыз деген азаматтар көбейіп, еліміздің өркендеуіне ат салысатын жастардың өсіп шығатыны хақ. Біздің мақсатымыз бүгінгі қоғамды ұлттық болмысымыздан алыстатпай, құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру [2].

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат – мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық кодымызды жаңғыртып, халық мұраларын қалпына келтіру керектігін атап айтқан болатын.

«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - деді Нұрсұлтан Назарбаев [1].

Онда Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Мақаланың негізгі өзегі – ұлт мәселесі. Материалдық құндылықтар бірінші қатарға көтерілген қоғамда енді «ұлттық құндылық» деген түсінік өзекті дүниеге айналды. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, заңы берік, тәртібі мықты ел ғана алға озады. Еліміздің әрбір азаматы өз құқығын, бостандықтарын, міндеттерін білуі тиіс, әрбір азамат құқық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы керек.

Қай заманда болсын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат, міндеттердің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол тәрбиенің бір түрі рухани байлық десек, артық айтқандық емес. Адам бойындағы жақсы қасиеттері мен игі істерінің қайнар көзі осы рухтан бастау алады. Рухани бай адам дегеніміз - өз тілін, өз тарихын, салт-дәстүрін жоғары бағалап, жан-жақты, өзін-өзі басқаратын, өмірдің ағымына дұрыс көзқараспен қарай алатын, мейірімді, әділ, қанағатшыл адам. Ол өзін тану арқылы өзгені танитын артықшылыққа ие болады. «Дүниедегі ең оңай нәрсе - кісіге ақыл айту, ең қиыны - өзіңді-өзің түсіну» - деген екен ғұлама ғалым Әл-Фараби. Осы рухани байлықты жастардың бойына сіңіріп, сана сезіміне жеткізу - біздің міндетіміз. Бүгінгі күнгі ең маңызды мәселенің бірі - салауатты өмір салтын қалыптастыру, яғни, адамның денесінің саулығы, бірқалыпта сақталуы, нығаюы, ширауы, сергуі еңбекке қабілеттілігі, құлшынысы, құштарлығы, ниеттілігі, ынталылығы биологиялық үрдістен мәлім.

Бәсекеге қабілетті елдің болашағы тек жалаң адамдар тобынан ғана емес, сонымен бірге денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні таза, танымдық белсенділігі мен өзіндік білім алуға деген ынтасы және шығармашылық қабілеті ерекше тұлғалардан тұруы тиіс. Салауатты өмір салты - келеңсіз жағдайлардың алдын алу, адамдардың денсаулығын

күшейту мен олардың жан-жақты үйлесімді дамуына қалыпты жағдайды туғызуды көздейді. Салауатты өмір салты - ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. «Денсаулық – зор байлық» - дейді қазақ. Халықтың денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу мен оларды емдеу бағыттары мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық, медициналық және биологиялық мәселе. Адамның еңбек пен тұрмыс жағдайын жақсарту беру, аурулардың алдын алу, халықтың дене және рухани күшінің жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар туғызу-тәуелсіз мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі [3].

Ғалымдардың зерттеулерінің қорытындыларына сүйенсек, еліміздің соңғы жылдары денсаулық көрсеткіштері нашарлап, халықтың өсу деңгейі және туу көрсеткіштері төмендеп, ауру мен жетім деңгейі артып, демографиялық көрсеткіштері нашарлауда. Келешек маманды кәсіптік жұмысына даярлап, өз кәсібінде дені сау, патриот азамат болуына оқу орнында оқыған уақыты өте қатты әсер етеді. Келешек маманды кәсіптік жұмысына даярлайтын оқу, тәрбие жүйесінде әр түрлі пәндер қатарындағы дене тәрбиесі пәні мен спорттық сауықтыру жұмысының маңызы зор. Дене мәдениеті сабағы дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген, моральдық жағынан табанды жеткіншек ұрпақты қалыптастыруға, адамның денсаулығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, шығармашылық қабілеті мен өмірін ұзартуға бағытталған педагогикалық үрдіс.

Дене тәрбиесі арқылы студенттің болашақ өмір тіршілігі және қоғамда алар орны қамтамасыз етіліп, өзіндік негіз қаланады, қалыптасады.

Дене тәрбиесі кәсіби еңбектің көпшілік саласына қажет және күш қуатын дұрыс қалыптастырып және жетілдіріп қана қоймайды, сонымен бірге мінез-құлыққа әсер етіп, әлеуметтік белсенділік, табандылық, көпшілік, ұлтаралық достық, қиындықты жеңе білу және т.б. қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіреді. Дене мәдениеті үрдісі оған қоса студенттерді жетік білуге, қозғалыс жүйелерінің икемділігін арттырып отыруға және дене тәрбиесінің сан-саналы түрлері мен тәсілдері арқылы ғылыми негізінде еңбек өнімділігін арттыруға, өз балаларының немесе достарының дене тәрбиесін белгілі дәрежеде дамытудың әдістерін жасап және таңдауға мүмкіндік туғызады.

Дене мәдениеті сабағы төмендегідей міндеттерді орындайды: Отан қорғауға, еңбек етуге дайындау үшін қажетті өнегелілік және қимыл-қозғалыс қасиеттеріне студенттерді тәрбиелеу. Студенттерді жан-жақты үйлесімді дамыту, денсаулықтарын сақтау және оқу үрдісі кезінде қажетті жұмыс қабілеттерін жоғарылату. Жоғары оқу орындарының бағдарламасының талаптарына, нормаларына сай қимыл-қозғалыс қасиеттерін дамыту және президенттік сынақ нормаларына дайындау, тапсырту. Келешек мамандықтарының ерекшеліктеріне сай кәсіптік-қолданбалы дайындық өткізу. Студент спортшылардың шеберліктерін жетілдіру. Дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыруға қажет дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінен теориялық білім беру. Спорттық жарыстарда төрелік етуге, спорт нұсқаушылары ретінде жұмыстар атқара білуге үйрету.

Студенттердің дене жаттығуларымен, спортпен тұрақты жаттығуға деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Дене мәдениеті сабақтарында студенттерді дене тәрбиесінің әдістері арқылы патриотизмге тәрбиелеуге болады. Дене тәрбиесінің әдістері арнайы және жалпы болып екі топқа бөлінеді. Арнайы әдістері қатаң шектелген жаттығулар, ойын әдісі, жарыс әдісі. Жалпы әдістерге: сөз қолдану әдістері, көрнекі қолдану әдістері жатады. Дене тәрбиесі ойнату арқылы жеңіске жетуге деген үмтылысқа, бәсекелестік қабілеттерін арттыруға, студенттердің көңіл күйлерін көтеруге, өз беттерімен шешім шығаруға, дене қимыл-қозғалыс сапаларын дамытуға, ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынастарын дамытуға, адамгершілік секілді, т.б. көптеген жақсы қасиеттеріне тәрбиелеуге болады. Дене тәрбиесі жаттығуларын жарыс, бәсеке түрінде орындауды жарыс әдісі дейміз [4].

Жарыс әдісінің ең негізгі белгілі-қарсыласынды, команданы, топты жеңіп алу үшін бәсекелесу, күрес, күш сынасу жағдайында қимылдың ептілігі мен дағдысын жетілдіру. Жарыс әдісі адам ағзасының мүмкіншіліктеріне жоғары талаптар қояды да, оның әрі қарай тез дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар бұл әдіс студенттер жаттығуды орындау кезінде

пайда болатын міндетке өз шешімін тез қабылдауын талап етеді. Денсаулығы мықты жас ұрпақтың тәрбиесі мен кәсіби дайындығы орта және жоғары кәсіби оқу орындарындағы оқытуды жүзеге асыратын, қазіргі білім беру процесін әлеуметтендірудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Егемен Қазақстан» 2017 жылғы. 26 сәуір.
2. С.Ғ.Тәжібаева. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. Алматы: «Қазақстан . мектебі № 3», 2007.
3. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері - Алматы «Атамұра» 2005.
4. Қуаныш Т.Ш. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2002

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

ЖАРМАКАШЕВА А.Т.

№68 мектеп- интернат КММ, Қарағанды қаласы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу - тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша түрғыда ұйымдастыруды талап етеді».

Үздіксіз білім беруге көшу, компетенцияға негізделген білім, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, білім берудің ашықтығы, көкейкестілігі, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру; білім берудегі инновациялық әдістер.«Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың 30 жылдары И.Шумпетер, Г.Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Осы кезден бастап, «инновация», «инновациялық процесс», «инновациялық потенциал» терминдері жалпы ғылымдардың терминологиялық жүйесін байытты. Инновациялық үдерістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асыру.«Технология» ежелгі гректің «techno» - өнер, шебер, білгір және «logos» - білім, ғылым деген сөздерінен шыққан. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. «Технология» сөзі көптеген ұғымды білдіреді, олар:

Белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі).

Белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер (В.М. Шепель).

Белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі (И.Г. Зайнышев).

Адамның әрекетін, біліктілігін, тәжірибесін еңбекке қажетті заттарды, әлеуметтік шындықты сапалы өзгертуге бағытталған әрекеттер жүйесі (Р.В. Овчарова).

В.П. Беспалько: «Педагогикалық технология - оқу мен тәрбие процестерінің еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді».

«Жаңа» деген түсінік, жақында пайда болған. Ашылмаған, ғылым аймағына және практикаға қатысты, жаңалық әртүрлі түрде қолдануы. Практикалық идея, лабораториялық іс - тәжірибе, мекемелер мен ұйымдарда жаңа идеяны іске асыру. Соңғы кезде жаңалық

«новация» ұғымы ретінде кездеседі. Новация дегеніміз - бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да, практикада негізделген. Жаңалық енгізу - ұйымға және жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновацияда, жаңалық енгізу, новация бір – бірімен тікелей пән ретінде байланысты. Инновациялық процесс түсінігі, ол барлық динамикалық процестерді қамтып, жаңалық аймағында процесуалдық аспектілер, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты.

Лапиннің инновациялық процеске байланысты екі бөлімі қолданылады:

1) қарапайым түрде қолдану, ол яғни ашылу – жаңалық енгізу (новация) – қолданушылардың арасындағы бөлінуі – көпшіліктің қолдануы;

2) кеңейтілген түрде қолдану – ашылу – новация – таралуы – меңгеруі және модификация – рутинизация, яғни дәстүрге айналуы.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығын Н.В. Горбунова, М.В. Кларин, А.В. Лоренсов, М.М. Поташник, Л.И. Романова, В.И. Загвязинский, А.Я. Найн, Т.И. Шамова, О.Г. Хомерики, Н.Р. Юсуфбекова және тағы басқа зерттеулерінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, мектепке дейінгі ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым - қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да қазіргі кезде әр мұғалім өз іс - әрекетінде қажетті өзгерістерді әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс - тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар балабақшадағы оқу - тәрбие жүйесі, тәрбиеші-бала арасындағы қарым - қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің бірі. Оқу процесіндегі инновациялық модельдің құрылымын былай көрсетуге болады:

жалпы инноватикадағы инновациялық процесс идеялары;

инноватиканың пайда болуы, таралуы, педагогикалық жаңалықтарды меңгеру;

оқу процесі кезінде теориялық талдау, жасау, немесе іс - әрекет ретінде.

Инноватиканың басталуы: инновациялық процесс - инновациялық іс-әрекет - инновациялық потенциал - инновациялық процестерді басқару. Инноватика үш ғылыми пәннен тұрады: социология, психология және басқару теориясы. Жалпы инноватика - инновациялық процеске белгілі бір бағытта жаңалықтардың ашылуын тексеру ғана емес, сонымен қатар кеңейтілуі және бағыт пайда болады, яғни спецификалық әлеуметтік бағытта болуы. Оқу процесін ақпараттандыруды жаппай қолға алу, оның ғылыми - әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау.

Жаңалық ғылыми - зерттеу құралы болып көріну үшін, олар ұйымдасқан, көпшілік қолдану, қарама - қайшылық болып қоғам өміріне өзінің қажеттілігін көрсету.

Білімділік деңгейде бала тәрбиеші көмегімен амал-әрекет жасайды. Мұнда тапсырмалар алдыңғы сабақты нысықтауына мүмкіндік беретіндей, жаңа тақырып үшін тиімді, өмірмен байланысты болуы керек.

Алгоритмдік деңгейде тапсырма балалардың ойлау қабілетін жетілдіру үшін беріледі. Мұндай іс-әрекетте келтіретін тапсырмалар: мәтінмен берілген кері есептер, кері байланыс функциясын атқаратын тексеру тапсырмалары, логикалық есептер, ребустар, сөзжұмбақтар.

Эвристикалық деңгей - өнімді деңгей. Танымдық іздену түріндегі тапсырмаларды орындау барысында қарапайым білімдерін жетілдіріп, жаңа білімді меңгеріп, жаңалық ашады.

Шығармашылық деңгейде балалардың іздену нәтижесінен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қияли мен белсенді ой-еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына бағытталған тапсырмалар. Оқыту технологиясы педагогтардың эмперикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс - әрекетін ұйымдастыру және бала тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетті бақылау. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңашыл орта құру үшін инновациялық технологияларды енгізу болып табылады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет: «Бала біздің болашағымыз, қоғамымыздың азаматы». Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

-Денсаулық сақтау технологиясы. -Жобалы-іс шығармашылығы. -Ізденіс-шығармашылық технологиясы.

-Қатынастық-ақпараттық технология

-Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы. -Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы.

-Ойын технологиясы.

-Триз технологиясы және т.б.

Денсаулық сақтау технологиясы.

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттік жүйесіз мүмкін емес. Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясын мына төмендегілермен тығыз байланыста болады:

-Мектепке дейінгі мекемелермен.

-Ондағы балалардың күнделікті қатынасуы.

-Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламасы

-Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шаралар.

-Педагогтың кәсібі күзіреттілігі.

-Балалардың денсаулық көрсетілімі.

Денсаулық сақтау технологиясы мынадай топтарға жіктеледі:

Әдістемелік-профилактикалық: медбикенің жетекшілігі мен медициналық талаптардың нормасына байланысты. Медициналық құралдарды қолдану және балалардың тамақтануын қадағалау, алдын алу іс-шараларын жүргізу.

Сауықтыру-шынықтыру: бұл балалардың денсаулығын нығайтып, шынықтыруға бағыттау. Физикалық дамуының сапасын жақсартуда шынықтыру, тыныс алу жаттығулары жатады.

Баланың әлеуметтік-психологиялық сәттілігін қамтамасыз ету. Денсаулықты сақтау және денсаулық нығайту. Педагогтардың денсаулық мәдениетін дамытуға бағыттау. Сонымен қатар мәдени кәсіби денсаулық. Салауатты өмір салтына қажеттілікті дамыту: денсаулықты сақтау және оған жағдай жасау (спорттық және қимылды ойындар технологиясын қолдану, көзге арналған және тыныс алу жаттығулары т.б.) (динамикалық үзіліс, релаксация, ритмопластика) Білім беру:

- Мектепке дейінгі баланың мәдени денсаулықтарын тәрбиелеу.
- Оқытуда және тәрбиелеуде жекешілдікке оқытуға тұспалдау.
- Салауатты өмір салтын үйрету.

Денешынықтыру сабақтарының техникасын қолдану, қатынастық ойындар, кедергі ойындар (ойын тренингтер, теропиялық ойындар, өзін өзіне массаж жасау). Денсаулық сақтау технологиясына сенсорлық дамыту ортасын ендіру. Жобалау шығармашылық технологиясы. Мақсаты: Әлеуметтік тұлғалық тәжірибені дамыту және байыту. Тәрбиешілер өз іс әрекеттерінде жобалау технологиясын қолданады. Жобалау классификациясы «Ойын түрінде» барлық топтың қатысуымен өткізілетін сабақтар (ойындар, ұлттық билер, драматизациялау, әр түрлі көңіл көтерулер) «Саяхаттау» қоғамдық өмірдегі айналамен танысудағы қиындық мәселесін шешуге бағытталады. «Баяндау» Балалар өз сезімін көркемдеп, музыка арқылы, ауызша, жазбаша, жеке дауыста жеткізуді үйренеді. Ізденіс-шығармашылық технологиясы. Ізденіс шығармашылық технологиясының мақсаты - балалардың ізденіс күзіндеттілігін дамыту. Триз технологиясы міндетті түрде қолданылады. Экспериментті-ізденіс әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру.

-Шығармашылық.

-Эверистикалық әңгімелер-қиындық туғызатын сұрақтардың шешімі мен құрылымы.

-Бақылау.

-Модульдік (жансыз табиғаттың өзгерістерінің модульін құру)

-Тәжірибелер.

-Қорытындысына баға беру. Бақылау, тәжірибе, эксперименттер, еңбек іс-шаралары. «Жүктеу» бояуға, дыбыстауға, табиғаттың бейнесі және иістер. -табиғаттың дыбыстарына, дауыстарына еліктеу.

-көркем сөздерді қолдану. -дидактикалық ойындар, үйретуші ойындар және шығармашылық даму жағдайлары.

-еңбек ету Ақпараттық

-қатынастық технологиясы Ата аналарының өскен ортасынан заманауи бала түбегейлі бөлініп тұрады. (қазіргі кездегі компьютерлерді қолдану технологиясы) Қоғамдық ақпарат педагогтар мен балалар алдында мынандай міндеттер қояды:

Міндеттері: -жаңа заманға қадам басу-жаңа технология әлеміне балаға жол серік болу.

-компьютерлік бағдарламаға тәлімгерді таңдау.

-Ақпараттық мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

-педагогтардың профессионалдық деңгейін және ата-аналардың құзыреттілігін көтеру. Бағдарламаны жіктеу-ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту-шет тілінде сөйлейтін сөздік-қарапайым графикалық редактор-ойын-саяхаттар.

-оқуды, математиканы үйрету. Триз жүйесі бойынша шығармашылық әңгіме барысында қалыпсыз тәсілдерді қолдану. Триз технологиясының мақсаты: баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда 3 негізгі мақсат қарастырылған.

1. Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту. Айналадағы дүниені табиғатты бақылау, таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту, баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап, өзіне қойылған сұраққа жауап беруге үйрету: Заттың атын (ойыншық, гүл, жапырақ т.б) заттың сынын, сапасын, түр түсін, пішінін білдіретін сөздерді меңгерту. Заттың іс-әрекетін білдіретін (жүрді, жүгірді, келді, келеді, епті т.б) сөздерді әрі қарай меңгерту. Үстеу сөздерді (қасында, үстінде, осында, жоғарыда, төменде) қосып айтуға үйрету.

2 Сөз дыбыстарын дұрыс айту. Сөйлеуде ауыз қуысы арқылы дұрыс дем шығара білуге үйрете отырып, дауыссыз қатаң, ұяң дыбыстарды естілуіне қарай дұрыс, анық айтуға үйрету, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрату.

3. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Күнделікті сабақта естіген, білгенін, ойын, серуен кезінде көрген түйгенін, сурет және оқылған ертегілер мазмұнын ұнатқан ойыншықтары жайында ауызша сұрақ қоя отырып, әңгімелей отырып, қысқа ертегілердің кейіптендіре білуге үйрету. Мысалы: «Түлкі мен ешкі» ертегісінде: Түлкінің терісі қандай? (үлпілдек) тағы нелер үлпілдек болады? (қар, шапан, тымақ, мысықтың жүні, кілемнің беті) Ешкінің түсі сұр болған, тағы нелер сұр түске жатады? (сұр бұлт, сұр бас киім, сұр ішік, сұр қоян) -

Құдықтың суы қандай болады? –Мұздай. Тағы нелер мұздай болады? (мұздай су, мұз, суық жел, қар, су, мұз жатады) Балалардың шығармашылығын дамыту жолында:

-Сурет салу

-Мүсіндеу

-Жапсырма

-Музыка. ұйымдастырған оқу іс –әрекеттер өткізіледі. Сурет салу оқу іс-әрекетінде қалыпсыз тәсілдер қолданылады. Мәселен: Бала сурет салуда тек қана қыл қаламмен сурет салып қоймай неше түрлі түтікшелерді;жіптерді картоп қималарын:трафареттерді: тіс пастасы мен тіс щеткасын,қайнатылған ас бояғыштарын қолданады. «Бақ-бақ гүлі» тақырыбы бойынша іс-әрекетті ұйымдастыру үшін ең бірінші қайнатылған азық –түлік бояғыш заты керек.Одан кейін түс қағаз желімі қажет.Бүкіл параққа түс қағаз желімін жағып тіс щеткасы мен бояуды алыпБақ-бақ гүлін саламыз.Ал шөптерді салу үшін, тағыда тіс щеткасын жасыл бояуға батырып алып саусақ пен тіс щеткасының тістерін қағу арқылы шашыратамыз.Соңында керемет «Бақ-бақ» гүлі өскен алаңқайды бейнелей аламыз.Және де түтікшелерді қолданып, үрлеу арқылы бейнелеуге болады. Қағазға алдын ала желім жағып жарма ұнтағын мсеуіп оның үстіне кереметбейнелер жасауға болады.Алақанды бояуға батыру арқылыбастырмалап сурет салуға болады. Мәселен : кактус салуға болады.Мұндай қалыпсыз тәсілдерді қолдану баланың қиялын дамытады.Өзіне-өзі риза болып одан да керемет жұмыс жасауға талпынады.Оқу іс-әрекеттерін кіріктірудің тиімді жағы өте көп.Біріншіден бала жалығып кетпейді:Екіншіден бір саладан екінші салаға ауысу арқылы олардың қызығушылығы артады.Берілген тапсырмаларды орындау,балаларды, еркін қиялдарға шығармашылық пен айналысуға кедергі келтіретін психологиялық селқостықты жоюға ықпал жасайды. Балада танымдық қызығушылықтың болуы-олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді,білімінің сапалы болуына,басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі байқалып өз нәтижесін көрсетті.

Қорытынды : Мен өзімнің баяндамамды қорытындылай келе «Кез-келген адам басқалардың және оның білімін кемеліне келтіруіне көмектеспесе, өзінің де білімін кемеліне келтіре алмайды» Чарльз Диккенс деген сөзімен қорытындылаймын. Өзіміз , өз қолымызбен , өз қиялымызбен жасай білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ю. Белая «Инновационная деятельность в ДОУ» әдістемелік құралы. М. 2005ж.
2. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы,2001.
3. Қ.М.Нағымжанова «Бастауыш сынып мұғалімнің оқу процесіндегі инновациялық іс-әрекеті». - Өскемен: Медиа–Альянс, 2004.
4. Н.Асанов «Университеттік білім беру жүйесіндегі оқу үрдісін басқарудың педагогикалық негіздері». – Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2004.
5. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002ж.
6. Қ.Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003ж.
7. М.Ж.Жадрина «Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы, 2002 ж.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУ ТҰРАЛЫ

ДИНАСИЛОВА Ж.Қ.,ЕСКАЗИНОВА Б.А.

Қарағанды қаласы, №68 мектеп- интернаты КММ, тәрбиешілер

*«Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы жоқ,
және олай болуы мүмкін емес»*

В.А. Сухомлинский.

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау,... оқытудың жаңа технологияларын енгізу,білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. [1, 96-б]

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды,қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды,мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Кез келген бала, адамның мәдениеті ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында , оқу- тәрбие процесінде ойын алдыңғы қатарда. Яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру-маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш.Қаланованың, Ж.Қараевтің, Ш.Таубаеваның, Қ.Қабдықайровтың, С.Көшімбетованың, т.б ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады. [2]

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан 2030» Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді.Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады.Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр.Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, абат, жылдам өркендету үстіндегі, күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады»[3,96-б.] деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға апаратын құдіретті күш –білімге тән.Жас мемлекетіміздің болашағы-бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуді. Я.А.Коменскийдің, И.Гербарттың дәстүрлі объект- субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін - өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін - өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілар – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар – бұл білімнің; басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру (УДЕ) технологиясы, Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті – тұлғалық технологиясы В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың,

В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Қазақстанда Ж.А.Қараевтің, Ә.Жүнісбековтың, Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Дәстүрлі сыныптық – сабақ жүйесінің барлық элементтерінің және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: Ойын технологиялары, проблемелерді оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар. Осылардың ішіндегі ойын технологиясы туралы сөз қозғамақпыз.

Педагогикалық ойын – белгілі бір педагогикалық нәтиже беретін, алдына қойған айқын мақсаты, танымдық бағытына сәйкес айқындайтын сипаты бар маңызды көрсеткіш болып табылады. Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады.

Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Ойынның сабақ барысындағы басты мақсаты: білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

- қисынды ой – қабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры дамып, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;
- тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген сенімдері артады, достыққа, ынтымақтастыққа баулиды;
- сабаққа деген қызығушылықтары артады.

Ойын - балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. («Мен оқушымын», «Мен және менің отбасым», «Мен жолаушымын», «Біз жолаушымыз», «Адамдардың кәсібі», «Мен кәсіпкермін», «Біз қонақтамыз») Мұндай ойын түрлерінің ерекшелігі - жоғары көңіл-күйде ойналатын рөлдер шынайы сезімге, ойға, ниетке толы болады және бала үлкендер сияқты дәрігер, эколог, жол көрсетуші болғысы келеді. Бұл ойындарда балалардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, таңдау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді. Сонымен, ойын арқылы келесі маңызды міндеттер : баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі; баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Мұғалім ойын технологияларын пайдалана отырып, баланың әр қырынан көрінуіне (интеллектуалдылық, шығармашылық, эмоционалдылық, коммуникативтік) және оның мінез-құлқында, қарым-қатынасында, оқуында пайда болатын әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.[6] Оқушылардың білімге ынтық болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу процесінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім қойған мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс.

Ойынды жүргізудегі мұғалімнің маңызды орынын атап өтейік. Педагогикалық бірлестік жүзеге асқан жағдайда жақсы нәтижеге жетуге болады. Ойынның идеясын, көбіне,

мұғалім ойлап табады. Оқушылардың ойынды ойлап-құрауы өте пайдалы, өйткені қандайда да біртақырыпқа ойын ойлап табу үшін, сол тақырыпты оқушы терең білуі керек. Сондықтан, мұғалім, әсіресе осы жұмысты орындаған оқушының еңбегін бағалау тиіс. Сондай - ақ бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн. Өзара қатынасқа және сөйлесуге құрылған оқу процесінде белсенді формаларды қолдану арқылы іске асырылады. Олар:

- топтық
- жұптық
- ұжымдық

Оқытудың бұл формалары жалпы немесе құрылымдық деп аталады. Бұдан басқа нақты немесе арнайы формалары бар. Олар:

- семинар
- оқу конференциялары
- топтық пікірталас
- диспут т.б

Қандай да болмасын ойынды өткізу үшін мұғалім алдын-ала жоспар құрып алуы қажет. Ол жоспар әдістемелік тұрғыдан алып қарағанда мынадай шарттарға жауап беруі қажет:

- ойынның өткізілетін сабақтың тақырыбына сәйкес келуі;
- ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- ойынның ойналу түрі нақтылануы қажет;
